

Ә. С. Тарақов

КЕМЕҢГЕРЛІК КЕРЕМЕТІНДЕГІ КӨРКЕМДІК

(М. Әуезовтің «Абай жолы»
роман-эпопеясының
құндылықтарын
жаңаша пайымдау)



Ә. С. Тараков

КЕМЕҢГЕРЛІК
КЕРЕМЕТІНДЕГІ КӨРКЕМДІК

*(М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының
құндылықтарын жаңаша пайымдау)*

Монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

T 21

Пікір жазғандар:
ф.ғ.д., профессор **З. Сейітжанов**
ф.ғ.д., профессор **А.Ж. Жақсылықов**
ф.ғ.д. **Г. Орда**

«Қазақстандық аударматанудың әлемдік мәдениетаралық кеңістегі заманауи мәселелері: зияткерлік әлеуеті мен даму болашағы. МҚ 482/4 Қормен қаржыланды»

Тарақов Ә.С.

T 21 Кеменгерлік кереметіндегі көркемдік. (М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының құндылықтарын жаңаша-пайымдау): монография / Ә.С. Тарақов. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 388 бет.

ISBN 978-601-04-4065-4

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы кеңестік кезеңде біршама зерттелді. Тәуелсіздік жылдары тарихи туынды жан-жақты зерттелуде. Романды жаңа уақыт көзқарасымен пайымдау, талдап, бағалау қажеттілігі зор. Зерттеуші әр кездегі ғылыми еңбектерді сараптап, саралап, шығармаға жаңа-жаңы талдау жасаған. Шығарманың жазылу тарихынан бастап, автордың Абайдың ақындық, ойшылдық, қайраткерлік тұлғасын және Абай дәуірінің басты ерекшеліктерін бейнелеу әдістеріне, тарихи құжат-деректерді пайдалану шеберлігіне, романдағы көркемдік ізденістеріне, тілдік, стильдік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталған. Абай заманындағы ұлттық салт-дәстүрдің, өнердің, діннің халық өміріндегі басты сипаттарын, сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігін, басты оқиғалар мен жағдайлардың шынайы суреттелуін талдап пайымдайды. Абайдың халықты білім, ғылымға, өнерге үндеген, елді жаңа заманның бағыт-бағдарына нұсқаған күрескерлік, қайраткерлік, ағартушылық ой-мұраттарының бүгінгі тәуелсіздік рухымен сабақтастығы нақты мысалдармен тұжырымдалады. Роман-эпопеяның композициялық, сюжеттік құрылымына, авторлық түрлі көркемдік шешімдерге, бейнелеу үлгілеріне, портрет, пейзаждық суреттемелердің берілу ерекшелігіне талдау жасалынады.

Монография әдебиеттанушыларға, тіл мамандарына, жас зерттеушілерге, қалың көпшілікке арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-4065-4

© Тарақов Ә.С., 2019

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2019

КІРІСПЕ

М. Әуезовтің әлемге әйгілі эпопеясын талдап, сараптап, бағалаудан бұрын көптеген зерттеу еңбектерге, ғылыми мақалаларға көңіл аудардық. Роман-эпопеяның жазылуы туралы әйгілі классиктің қызы Л. Әуезованың «М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деген үлкен еңбегін қарап шықтық. Осынау еңбектен «Абай жолының жазылу тарихы туралы қаншама құнды мәлімет, дерек алдық. Ләйла Мұхтарқызы «Абай жолы» эпопеясын осы уақытқа дейін көптеген әдебиет зерттеушілері жан-жақты алып қарастырса да, олардың еңбектерінде халықтың жарты ғасырлық тарихының түрлі салалары бұл эпикалық полотнода қаншалықты толық та шынайы бейнеленгендігі туралы арнайы сөз болған емес» деп әдебиетші қауымға ой тастапты [1].

Ф.ғ.д., профессор Т. Жұртбайдың эпопеяның жазылу тарихын, кейіпкерлер сомдаудағы т.б. қырлары туралы тың зерттеулерін де қарастырдық. «Абай жолын» әркім өз таным-түсінігімен бағалауда. Эпопеяның көркемдік кеңістігін ой-танымымызбен қайта саралап, сараптап шығу – қажеттілігі уақыт талабы. Кемеңгер классиктің көркемдік бойлау үшін де, М. Әуезов зерттеу еңбектеріне және «Абай жолының» жазылу тарихына мұқият, жан-жақты зер салу қажеттілігі туды. «Абай жолына» қатысты әр кездегі пайымдауларды қайта ой көзінен өткіздік, талдау тұжырымдар айырықша. Ең негізгісі М. Әуезовтің «Абай жолының» стилистикалық құрылымдарын, мәтіндерін, сөйлемдерін, сөз тіркестерін, сөз саптауларын, герменев-

тикалық талдау міндеті тұрды. Қайта оқып, талдап, саралап, тұжырымдау барысында ғаламат сөз өрнегінің түрлі үлгілерін, биік мәдениетін, алуан сөз саптау тәсілдерін, бояулы, бедерлі бейнелеу сипаттау шеберлігін, тереңге тұнған тұңғыық ойлардың көркемділігін, кереметтілігін сездік, түйсіндік, сүйсіндік. Оқырман «Абай жолын» оқумен бірге, ұлы таланттың қалам құдіретіне көз жеткізсін, тіршілікке қажетті тағылымын алсын деген тәтті бір тілек те туындаған.

Ғұлама Әуезов алдымен Абай шығармашылығын ғылыми ізденіспен жан-жақты зерттеп, ақынның ұстанымын, дүниетанымын айқындап білді. Ақын өмірі жайлы деректерге сүйеніп, ұлы тұлғасын, заманының алуан қайшылықтарымен, тартыстарымен, қоғамдық құрылыстың өзгерістерімен көркемдік-тарихи негізде шебер бейнеледі. Абай бейнесін драма мен операда да халыққа таныту мақсатын көздеді.

Ұлы таланттың ұланғайыр ізденісіне, жанқиярлық керемет еңбегіне тәнті бола отырып, оны жана уақыт көзімен сараптап, сараладық. Кезінде советтік идеологияның партиялық, таптық кереғар көзқарастағы, қайшылықты қағидаттарын, кейбір теріс ой-пікірлерді де ескердік. Роман-эпопеяның өмір мен өлімнің тартысында жазылғанын еске алсақ, ерен еңбекпен келген ерекше туындыны әдебиеттегі өшпес ерлік деп бағалар едік.

Г. Бельгер «Әуезов туралы жүздеген қазақтар томпиған кітаптар жазды, үйеме диссертациялар қорғады, мыңдаған мақалаларды нәсерлетті. Ал Әуезов туралы кітапты «Тамаша адамдар өмірі» сериясымен америкн әдебиетін зерттеуші Николай Анастасьев жазды. Абай туралы қазақтар жүздеген кітап құрастырды, тау-тау диссертациялар қорғады, небір мақалаларды төпеледі, қаншама мемлекеттік сыйлықтарды қармады. Ал «ТАӨ» сериясына арналған Абай туралы кітапты тағы да сол Анастасьев жазды. Сонда қазақтар қайда? Намыс қайда, ойбай?! Бірдене, жетпей тұр, айналайыншыларым менің» деп жаны күйе жазғанындай, ғұлама суреткердің өмірі мен шығармашылығын толық қамту бірнеше кітапқа жететін ыждаһатты да ықыласты жұмыс. «Намыс қайда, ойбай?», «айналайынчики» деп белгілі аудармашы, жазушы, әдебиеттанушы осылай ғалымдарымызға дабыл қағады. [2]

Расында да М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын әдебиетші, акын-жазушылар, аудармашылар, одан қалса қоғам қайраткерлері, түрлі саланың ғалымдары, тіл мамандары әркім өз түсінігімен, ойымен талдап, саралап, бағалауда. Қазақ әдебиетінде мұхтартану саласы абайтанудың асыл арнасымен жалғастық тапты. Алайда Абайды да, М. Әуезовті де жаңа заман, уақыт тынысында қайта қарастырып, жаңа талант қырынан, ұлылық ұлағатынан, даналық даралығынан пайымдау қажеттілігі де аса маңызды. М. Әуезовтің «Абай жолын» қайта оқу барысында алдымен Абайды, сонан кейін Мұхтар Омарханұлының даналық даралығында ғажайып эпопеяның қайталанбас құндылығын сезініп, танып, тағылымдық-тәрбиелік асыл қырларына қанықтық. Сол таңданыс сезімі ғаламат кітаптың көркемдік ерекшеліктерін жарқырата ашуға құлшындырды.

«АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ» АЗАПТЫ ЖОЛЫ

К. Алтайский «Мұхтар Әуезов жайлы жазу өте қиын. Кезінде замандастарына Лев Толстой, Рабиндранат Тагор, Анатоль Франс туралы жазу да оңайға соқпаған болса керек. Мұхтар тек қазақ әдебиетінің ғана классигі емес, бар әлемнің оқырман қауымына мәшһүр жазушы» [3. 39.] – деп бағалапты. Әйгілі суреткердің «Абай жолы» эпопеясын оқығаннан алаулаған жалынды құштарлық ақыры осынау зерттеуді жазуға әкелді. М. Әуезовтің «Абай жолы» туралы зерттеу еңбегімізді жазу туралы ой Абай мұраларын қайта оқып шыққаннан кейін келді. Әлем әдебиетінің көркем аудармасы туралы дәрістер жүргізу барысында қаншама классикалық шығармаларды оқып, қаншама зерттеулерге зер салдық. Биік бағаланған туындылармен танысу арқылы М. Әуезовтің талант мықтылығы, қуаттылығы еріксіз өзіне тарта берді. Халықаралық мәртебедегі сыйлығын алған әлем әдебиетінің кейбір танымал суреткерлерінің атак, айбынына жұртшылық жаппай жүгінген кезде: «Апырау, біздің Мұхтар Әуезов солардың қай-қайсысынан да ілгері тұратын ұлы классик қой» деген түбірлі тұжырымға тірелдік.

Н. Погодин М. Әуезовті «Шығыстың Шолоховы» деген «Абай жолына» қатысты пайымдауында. Біздің көптеген ғалымдарымыз, жазушыларымыз осыған жиі бас ұрады. М. Шолоховтың атақты «Тынық Донының» аясында қалдырғысы келеді. Совет үкіметі кезінде қай салада болмасын, орыс халқын, оның таланттарын қандай да бір тізімнің басында атау, алдынғы қатардан, жоғары орыннан көрсету идеологияның басты бағыты еді. Абайды А.С.

Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың көлеңкесінде қалдыру немесе кез-келген ұлттық ақынның алдына орыс ақынын ұстаз-тәлімгер етіп көрсету, барлық одақтас республикалар әдебиетін бір ғана орыс әдебиетінің қанатының астынан шығару коммунистік жүйенің айла-амалдары болды. Алайда «Абай жолы» арқылы М. Әуезов талантын таныған әлемнің әйгілі қаламгерлері, айтулы ғалымдары жүрекжарды лебіз-тілектерін, бағалау-пайымдауларын ықыластана білдірді. Жазушының аса талантты шәкірттерінің бірі Ш. Айтматов «Ұстаз туралы сөзінде» атақты туындының адамзаттық абыройын асқақтатты. «Өз халқына тән парасаттың, ғұрып пен рухтың кескін-кейпі ретінде Абай, сөз жоқ, дүниежүзілік дәрежедегі ұлттық жетістік!» [3. 34]. Ірі, іргелі суреткер екендігін сүйсіне жеткізді. Академик Қ. Сәтбаев «Әуезовтің «Абай» романы аса көрнекті көркем шығарма ғана емес, ол сондай-ақ үлкен бағалы ғылыми еңбек» деп биік деңгейін даралап көрсетті [3. 38.]. Байыптап байқаған адамға ұлы туынды бірнеше ғылымның, сан-салалы білімнің жиынтығы, мәдениеттің мол миуалы жемісі, асыл айшығы. Мұнда ғылымның сан алуан саласы тоғысқан. Тіл өнері, шешендік өнер, поэзия, аударма, көркем әдебиет, философия, этика, лексикология, тілтану, этнография, мәдениеттану, ән, күй, музыка, би, саятшылық, кол өнері, статистика, медицина, әлеуметтану, астрономия, биология, логика – бәрі бар. Эпопея – әр ғылымның арнасын тоғыстырған алып өмір оқулығы.

«Эпопея – (*грекше* – эпос – туындату, шығару сөзінен шыққан) эпикалық сипаттау көлемі бойынша үлкен көркем шығарма» делінген терминологиялық сөздікте. М. Әуезов – жанрлық жағынан аса ауқымды, көлемді де күрделі дүниеге батыл барған бірден-бір қазақ қаламгері. Әлем әдебиетінде романның түрі көп десек те, эпопеяға қалам тартқан суреткер сирек, санаулы. М. Әуезов сол санаулылардың арасындағы саңлағы. Сөз өнерінің асқан айтулы шебері. «Абай жолы» – суреткерлік таланттың үздік үлгісі. Адамзаттық асыл мұра.

Көркемдікті көретін көреген көз, кемеліне келтіре айтатын сөз де керек. Көрнекті мемлекет қайраткері І. Омаров орталық газеттердің бірінде М.Әуезовтің «Абай жолы» жайлы жансүйсінтерлік мақала жазған. Орысша жазылған мақаладағы пікірді тәржімелесек: «Қымбатты Мұқтар! Тарихтың қырағы қарашығының

тартуында ықыласқа кенелетін, өмір сахнасында маңызды рөл ойнай алатын қазақтар бізде онша көп те емес» деп халқымыздың небір оқымысты, зиялыларының сталиндік жазалау құрбандығына ұшырағанын егіліп еске алып, ендігі үміт-сенімі өзіне жүктелгенін ойына салған. «Сіздің Абайыңыз» адамзат мәдениетінің тереңдігімен өлшенетіндігі сондай, адамзат ақыл-ойының ұлы туындылары тәрізді тарих қазынасының қатарына қосылады» деп көреген көңіл кесімін түйіндейді [4]. Ұлы ой ұлағатымен құнды да қуатты. «Абай жолы» – расында да әлемдік мәдениеттің жасампаз жауһарларының жұлдызды шоғырында жарық сәулесін молынан шашып айырықша жарқырап тұр.

Жазушы 1949 жылы «Пионер» журналының 5 санындағы сұхбатында Абай жөнінде кітап жазу үшін студент кезінен көптеген тарихи материалдар жинағанын, жазушы ретінде акынның өмірі мен еңбектерін тексергенін, басқа шығармаларынан гөрі көбірек ізденгенін, жиналған материалдардан Абайды жақынырақ көрсететін, таңдаулыларын ғана іріктегенін айтады. Ол «Абай» романын 1937 жылы А.С. Пушкиннің 100 жылдық мерекесіне сәйкестіре бастаған. Алдымен романның «Татьянаның сахарандағы әні» соңғы тарауын жазған. Мақсаты «Абайды, Абай дәуірін толық көрсету болған». «Бірінші кітаптан екіншісі тез жазылды. Оған көмекші болған акын Абайдың еңбектері» деп романның жазылу тарихы жайлы баяндаған. Екінші кітапта М. Әуезов Абай өмірінің соңғы 11 жылын қамтыған «Ақындар ағасы» деген шартты атпен жаңа кітап жазып жүргенін, онда ойшыл, ақындық мектебінің жетекшісі әрі орыс мәдениетінің өз сахарасындағы өкілі, адамгершіл, алысушы қайраткер» Абайды көрсетпек ойын білдірген [3. 78.].

Сталиндік жазалаудан ұлтымыздың ұлы тұлғаларын, небір білімді талантты-оқымысты азаматтарын жаппай қырып-жойған әрі Абайдың ақындық әлеміне қатысты коммунистік саясаттың түрлі таптық жіктеулері, керағар көзқарастары кезінде тарихи туындыға қалам тарту – керемет батылдық. Байқауымша, романның ең маңызды, ең сүбелі, яғни кертартпа кесірлі топты қайта-қайта сынап мінеген тұстарын кейіннен жазған. Сұм саясаттың көркем әдебиетке қатаң, ымырасыз идеологиялық майданы суреткер ойын жарқырата көрсетуге мүмкіндік бермеген. Романды соңынан бастап, алғашқы екі кітабын жазғаннан кейін, қалған екі кітапта Абайдың ақындық, қайраткерлік болмы-

сын дәуір шынайылығында көрсетуге құлшынғанымен, кей тұста амалдауға тура келген. Қалам еркіндігі мен ой дербестігіне қатаң тыйым салынған сол бір сұрқай заманда осындай ғаламат туындыны жазу да қандай қиын еді.

«Абай жолын» жазу балалық шақтағы Абайдың ақындық талантына, адамгершілік болмысына деген зор махаббаттан басталған. Жазушының өмірбаянына үнілсек Абай дүниеден өтерден бір жыл бұрын Мұхтардың 6 жасында атасының қоңыр қозысы екен ғой деп бата беріпті. Ұлы ақынды бала шағында көзі көрген батасын алған М. Әуезов жас кезінен-ақ әкесінің айтуындағы халық жырларына, өлеңдеріне қанығумен бірге, Абайдың өлеңдері мен дастандарын әжесінен тындап, құлағына құйып өскен. 1920 жылдардан Абай туралы материалдар жинай бастаған. 1934 жылы эпопеяны жазуға кіріскен. 1937 жылы романның алғашқы қолжазбасы «Татьянаның қырдағы әні» үзіндісі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланады. Жазушының әрі сақтығы, әрі үнемі ентелеп төнген қауіптен сескенгені болар, Абай туралы не жазылды екен деп аңдысын аңдығандарға әдейі осы үзіндіні ұсынған тәрізді. Жазушының 1936-1937 жылы Абайдың бірінші толық жинағын баспаға дайындауы да зерттеушілік талантының айқын айғағы еді. 1940 жылы Л. Соболевпен бірігіп төрт актілі «Абай» пьесасын жазуы, оның сахнада қойылуы да – эпопеяның алдындағы әзірлік іспетті. 1940 жылы роман үзіндісінің «Абай» атауымен жариялануы да шығармашылық ізденістің бір қуатты ұшқыны. 1940 жылы Абай өлеңдерінің орысшасын Мәскеуден шығарғанымен, Шәкәрімнің еніп кетуіне байланысты өрескел саяси қате жібергені үшін айыпталды. 1941 жылы роман трилогияның 2-і кітабы «Жігіт Абай» да дайын болған. Алайда «Абай» романының баспадан шығуы оңай болмады. Қаншама қиындық көріп, азапты ауыр арпалыстармен жазылған туындының жұрт қолына тиюі тағы бір батылдықты күтті.

М.Әуезовке Абай туралы зерттеу де, шығарма жазу да қандай қиындық туғызды. Өйткені, Абайдың жеке басына, өлеңдеріне қатысты советтік идеологияның айыптаулары да аз болмады. Өткен тарихты, әйгілі тарихи тұлғаларды қаралап, фольклорлық мұраларды таптық жікке бөліп, сұрыптаудан өткізген шақта, қазақ әдебиетінің классигі А.Құнанбаевтың шығармашылығына да кара бұлт үйірілді.

Кезінде республиканың идеологиясын басқарған, мемлекет қайраткері І. Қабыловтың «Философия казахского поэта Абая и ее критика» дейтін «Советская степь» газетінің 1928 жылғы 2 шілдедегі нөміріндегі мақаласы Абайды қаралаудың басы болған. Мақала Абайдың азаматтық және адал қызметін ұлттық буржуазия жаршысы сипатында көрсетіп, түрлі айыптауларға барған. Мақала соңындағы «одна из первоочередных задач партийной организации Казахстана на идеологическом фронте состоит в том, чтобы покончить с абаизмом как с обычным буржуазным хламом» деп Абай ілімінің сол кездегі жақтастарына қарсы күреске шақырады [5].

Буржуазиялық сарқыншақ ретінде абайшылдықты құртып жою республика партия ұйымының бірінші кезектегі міндеті саналды. Оның ізі суымай-ақ, тағы да бір дүрбелең шықты. Бұл да сол жылдардағы республикадағы басшылық қызметтегі азаматтар аузынан айтылды. Өз ағайындарымыз Абайдың әдеби мұраларының кітап болып шығуын да көре алмады.

1935 жылғы белгілі әдебиетші, сыншы, журналист Ғ. Тоғжановтың Алматы мен Қазанда басылған «Абай» кітабында ақынның қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығын атап көрсеткенімен, «Абайдың өлеңіндегі қайшылықтар», «Абайдың ұлтшылдығы», «Абайдың реализмі», Абайдың кедейге, бұқараға көзқарасы» бөлімдерінде ұлы ақынды жөнсіз қаралауы ұлы ақын шығармашылығы жайлы көсіліп дұрыс пікір айтуға бөгет жасады. Бұл жөнінде көрнекті ғалым Ж.Ысмағұлов «Абайдың асыл құндылықтарын қорлап, қиянаттаған ағайын келешекке «күл шашқанын» кітабында жан-жақты көрсетті [5].

Советтік коммунистік жүйе ұлтты бір орталыққа бағындыруда оның жазуын, дінін, әдебиетін, әдет-ғұрпын өзгертіп, бұрмалап өткенін жоқ етуге өршелене кірісті. Мұндай жағдайда Абай жайлы көркем шығарма жазу басты өлімге тігумен тең екені мәлім. М.Әуезов саясаттан да сескенбей батыл байлам жасады. Абайдың жеке басын арашалауға, ақындық, азаматтық, ел жанашыры бітіміндегі тұлғасын әдебиетте бейнелеуге нартәуекелге барды.

«Тарихи романның атасы» саналған В.Скоттың «Айбынды батыр Айвенго» романына жазған алғысөзінде Темпльтон мынадай шарттарды ескеруді өтінеді: «Жазушы өз кейіпкерле-

рінің сезімі мен құштарлықтарын анағұрлым нақты суреттетеуге мүмкіндік жасауы мүмкін. Ол дәуірдің әдет-ғұрпына сәйкес келмейтін ештеңе де енгізуге тиіс емес, бірақ дәуірдің сипаты бұлжымастай қалуы тиіс... Тіл тұтастай көнерген және ретсіз болуы қажет емес, бірақ та, мүмкіндігінше, жаңадан енген орамдардан аулақ болғаны жөн» [б. 4]. М.Әуезов тарихи туындылардың осындай талап-шарттарын қатаң ұстанды. Тарихи романның әлемдік әдебиеттегі үлгісін, жетістігін, жазылу мәнерін, ерекшелігін жете зерттеп, біліп, теориялық әрі тәжірибелік терең ізденістен соң жазуға кірісті.

Мұның алғашқы бастамасы «Қилы заман» туындысы еді. Жазушының тарихи тақырыпқа жасалған батыл бетбұрысы бірден қолдау тапқан жоқ. Шығарма жарық көрмесе де, қайсар қаламгер алған бетінен қайтқан жоқ. Абайды көркем прозада сомдауға ұмтылды. Өйткені «Абай жолындағы» заман шындығын айнытпай бейнелеуі өз алдына, қаншама кейіпкердің сөйлеу тілін сол дәуірдің тынысына, оқиғалар мен жағдайларына сәйкестіру, заман рухына әрі кейіпкердің жасына, біліміне, ой-өресінде беру үлкен шеберлік. М.Әуезовтің кейіпкерлер сомдау жүйесі мен тілдік ерекшелігі аталған шарттардың биігінде тұр. Оған эпопеядан келтірер дәлелдер де жеткілікті.

1930 жылдары «Абай феодал заманының ақыны, совет өкіметіне жәрдемдеспейді, қайта идеологиямызды бұзады» деген мақалалардың жазылуы да ұлы классик шығармашылығы туралы көзқарастың ала-құлалығына әкелді.[5]. Мұндай жағдайда Абайдың тұлғасын дәріптеп, көркем туынды жазу аса қиын еді. Бірақ ұлттың әдебиеті, мәдениеті, ең бастысы ар-намысы, болашағы үшін қалай да шығарма жазылуы қажет еді. Егер роман жазылмай қалғанда, онсыз да арыстарымыздың небір құнды мұралары советтік идеологияның тас қамалында бұғауланғанда біздің әдебиетіміздің бүгінгі кемелденген күйіне жетуінің қандай қиын боларын елестете беріңіз. «Абай жолы» қазақтың ұлттық әдебиетінің жаңа да сара жолы, берік бағдары болып қалды. Ол әдебиеттің біраз кідірген көш керуенін ілгері бастаған керуенбасы міндетін атқарды. Абайды ардақтап, алқалап, алты алашқа танытқан ғажайып туынды. Ең бастысы қазақ халқын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғатын алты құрлыққа жарқырата жайды.

«... Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті» – деп М. Әуезов сонау 1930 жылдарда әдебиетті ұлттық өмірге бетбұруға шақырған.[7]. Ұлт өмірінің алуан қырына қалам тартып, көркем шығармаларда халықтың өткен дәстүрін, заманның заңғар тұлғаларын бейнелеп дәріштеп, ұрпақ санасына сіңіруді көздеген. Бұл ой жалпы қазақ әдебиетінде айтылғанымен, майталман сөз шебері қилы да қиын уақытта өзі бастап кетті. «Абай жолы» эпопеясы арқылы қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру идеясын енгізді. Бір дәуірдің тарихи қоғамдық тынысын сездіртті. Егерде Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы шығармашылығында көз көрген заманның сұмдықтары мен шындықтары суреттелсе, М. Әуезов өзінен бір ғасыр бұрынғы қазақ халқының тарихи жағдайына, әлеуметтік өміріне тереңдей енді. Қазақ өмірін кең ауқымды, көркемдік кеңістікте кеңінен көрсету аса ауыр міндет еді. Қаншама материал жинау, жиналған материалды көркемдік сұрыптаудан өткізіп, саралап, мұқият пайдалана білу де – шеберлік. Әрі өмірлік шындықтың қалтарыс, көлеңкелеріне қиял әлемімен бойлау да оңай болмаса керек. Көркемдік қиял мен шығармашылық елестетумен келген кейбір жанама эпизодтардағы «өмір шындығы, тарих шындығы терең сенімділікпен берілгені» жиналған материалдардың молдығын және олардың байыпты көркемдік сұрыптаудан өткізілгенін айқындайды.

Алайда «Абай жолын» жазу барысында тарихи шығармаларға тән қағидаларды толық қолдану мүмкін болмады. Басты кедергі – көркем әдебиеттің социалистік реализм әдісінің таптаурын талаптарынан шықпауы. А. Нұрқатовтың тұжырымдауынша, «Тарихи роман өткен замандарға қазіргі күннің тұрғысынан, социалистік революция көтерген биіктің дәрежесінен қарауға тиіс» болды [7. 229.]. Мұндай жағдайда тарихи шындықты толық қамту да, оны өз дәуірімен саралап, бағалау да қиын еді. Бұл әсіресе отарлық жүйедегі ұлттық әдебиетке қатты зиянын тигізді.

Т. Жұртбай: «1939 жылы батыл қолға алынған «Абай» романы 1940 жылы толықтай енгізіліп, күзге қарай Семейге тағы да барып, көркем шығармадағы оқиғаларды Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың елегінен өткізіп, қажетті мұрағат құжаттарын Қайым Мұхамедхановтың септігімен қайтадан екшеп, жыл аяғында тамамдап, оның араб қарпіндегі нұсқасын қырық бірінші жыл-

дың басында баспаға ұсынды» – деп жазады [8]. Мұндағы «көркем шығармадағы оқиғаларды Әрхам Ысқақов елегінен өткізу» және «мұрағат құжаттарын Қ. Мұхамедханов септігінен қайтадан екшеу» нені білдіреді? Бұл М. Әуезовтің ұлы Абайға деген үлкен махаббатын, аруағына адалдығын, данышпан тұлғасына зор құрметін көрсетеді. Күні ертең роман жазылып біткеннен кейін ағайын-туыс арасында әлдебір түсінбеушілік болмас үшін материалдық мұраны сұрыптап, саралап, айырықша ұқыптылықпен екшеп, сараптаған, оның маңыздылығына, тартымдылығына зер салған. Артық деген дерек, құжаттарды пайдаланбаған, ұлы Абайдың халқы сүйіп, табынып, тамсанып оқитын тұлғасын көрсету мақсатында әр дерекке ар-ұятымен, көңіл тазалығымен барған.

Жазушының «Абай жолын» жазып бітіруге деген жанталасы ойда, санада пісіп-жетілген ұлы ақын өмірі мен заманы туралы шындықты еліне жеткізуге үлгеру еді. Алайда қайта-қайта жала жауып, құртуға құмар зұлым ниеттілердің қасақана қатыгездіктері жүйелі ойды толық жүзеге асыртпады. Көкейдегі көсіліп айтар небір шындықты жеткізуге кедергі келтірді. М.Әуезовтің шығармашылығын зерттеуші Т.Әкімнің ашына жазған пікірлері сол уақыттың бұлтартпас ақиқаты. «Ертеректегі жазған дүниелерінен бастап, соңғы романы да ұлтшылдық идеология тұрғысында жазылған еңбектер санатына жатқызыла салды. Ендігі уақытының көбі сондағы сөйленген сөздер мен арыз-шағымдарға жауап қайтарумен, айтыс-тартысты жиындарда ұзақ-ұзақ пікірталастармен өтті. Осындай күн, осындай жағдайларда жүріп жазылған романның алғашқы нұсқасынан кейінгі кітап болып шыққандағы нұсқасына дейінгі аралықта ұдайы өңдеп, жөндеп, жетілдіріп отырды. Сонда журналдық басылымынан кейінгі нұсқасына тұтас абзацтар мен сөз-сөйлемдер, ұзақ-ұзақ қосымшалар қосқан. Қосымшалардың бір ғана «Достықта» тарауының өзінде жиырмадан асса, қысқартуларының бір алуаны кезіндегі идеологияның әсерінен болған» [9].

Жазушыны қолдап, қорғау орнына қиянат, қорлық көрсеткен ағайындар қандай кесір келтіргенін сезінбеді де, білмеді де. Қайран Мұхтар дана сан күйініп, сан қиналып, қаншама аласапыран шақтарды бастан өткерді. «Ақын аға» романын орыс тіліне әзірлегенде, небір қысқартылған үзінділерді қайта қосып,

басқа да тыңнан мазмұндаған мәтіндері тарихи туындыны бүгінге бүтіндей жеткізудегі жанкешті әрекеті еді. Мығым талант қоғам мен сол заманның солақай саясатымен, тар түсініктегі түйсіксіздерімен үздіксіз арпалысты. «Абай жолы» халқымыздың киын да күрделі, тар жол тайғақ кешулі тағдырындай, аса ауыр жағдайда, қалам мен ой еркіндігі тежеліп, идеологияның қатан талап-шарттары шырмауында жазылды. Жанталаспен жарыққа да шықты. Әуезов шебер көкейдегі ойды тегіс ақтаратын да еді, бірақ қайшылықты қоғам оған мүмкіндік бермеді.

1941 жылы «Абай» романының алғашқы кітабы баспаға берілгенін ескерсек, бұл кезде М. Әуезов туындыны тәмамдап та қалған. М. Әуезовтің пайғамбарлық жастан сәл асқан ғұмырының біраз бөлігін оқумен, ізденумен, жазушылық, ғылыми шығармашылықпен, сонан соң болашақ кітаптарға материал жинаумен кетті. Ол коммунистік қоғамның сұм саясатының қауіп-қатерінен, азабынан да құтыла алмады. 1920 жылдың соңында оны «феодализмнің жыршысы» деп кінәласа, 1928 жылы «Қаракөз» пьесасын әдебиеттен сызып тастау тапсырылды. 1930 жылы Ташкенттегі үйінде тұтқынға алынды, 1932 жылға дейін «ұлтшыл, буржуазияшыл, теріс пиғылдағы жат адам» ретінде түрмеде де отырды. 1934 жылы «Хан Кене» пьесасының қойылымы үшін тағы да айыпталды. 1937 жылғы «Алма бағында» пьесасы «шығаруға болмайтын саяси зиянды кітап» саналды. 1949 жылы 6 қыркүйекте Қазақ ССР Министрлер Советінің бұйрығымен «Еңлік-Кебекті», Әуезовтің пьесасын барлық облыс, колхоз, совхоз театрлары репертуарынан алып тастау жүктелінді. Жазушыға осының бәрі оңай тимеді. Бұл да бір бастан өткен жай десек те, нағыз жай түсірген 1953 жылғы 30 қаңтардағы П. Кузнецовтың, З.С. Кедринаның «Мұхтар Әуезов» атты кітабына қатысты «Ұлылықтың орнына сын» атты мақаласындағы теріс пікірлері, «Буржуазиялық ұлтшылдық қателері» үшін ғалым республиканың Тіл және әдебиет институтынан қудаланып, университеттегі барлық атак-дәрежесінен айрылды [10].

1930 жылдардан соң Абайдың шығармалары түрлі айыптауларға ұшырағанда, М.Әуезовтің талантты да қайсар шәкірті Қ. Мұхаметханов мәтіндік талдау әдісімен жоғалуға шақ қалған ұлы ақын мұраларын ақтап алып қалған, редакциялардың теріс түсініктерін, қателіктерін түзеткен. Осыдан басқа Абай пайдаланған

кітаптар мен қолжазбаларды, 500-ден астам экспонатты Семейдегі Абай мұражайын ашу үшін тапсырған. Сөйтіп ұлы ұстазы М.Әуезовтің Абай мектебін ашу, түпнұсқалық туындыларын сақтау, алғашқы Абай мұражайын ашу аманаттарын алғыр шәкірт табысты орындаған. Тіпті Абай поэзиясы туралы қорғаған диссертациясы да басына пәле болып табылып, 1951 жылы 1 қаңтарда 25 жылға сотталып, барлық мүлік-заттары тәркіленген. Қ. Мұхаметханов басына қасірет бұлтын үйірген зұлымдар М. Әуезовті де тұтқындап, түрмеге жабуды ойластырғанда, ұлы жазушы жасырын Мәскеуге кетіп аман қалған. Абай мектебінен бас тартуға күштеп, неше түрлі қысым көрсеткенде де қаймықпаған қайсар Қайым ұстазын да сатпаған, қорлыққа да төзген[11]. Осының бәрін қайталау себебіміз де, М.Әуезовке «Абай жолын» жазудың қаншалықты қиын, қаншалықты қатерлі болғандығы. Табандылығы мен ұлы талантқа тән тегеурінділігін танытты. Ең бастысы ұлы Абай поэзиясына, шығармаларына керемет құштарлығы мен ғаламат сүйіспеншілігін өмірінің соңына дейін сақтады. Қасиетті қасиеттінің қасиетіне жете білді. Бұл М. Әуезовтің зор ұлылығы, данышпандығы, айырықша асылдығы еді. Сонымен де ол қазақ әдебиетінде, қазақ тарихында талай дәуірлер бойы және болашақта асқақ тұратын ғажайып ғұлама, дара талант.

Академик З.Ахметов романның жазылу тарихы туралы ойын былай бөліседі «Мұхтар Әуезов о бастан Абай туралы романын үш кітап етіп жазып, «Телғара» деп атамақшы болды. Жас кезінде өз анасы мен кіші шешесі екеуінің тәрбиесін көріп, тел өскен деп Абайды осылай атаған екен. Жазушы «Телғара» деген сөзге Абай екі халықтың мәдениетінен сусындап, нәр алып өскен деген кең мағына бермекші болады. Алайда, 1942 жылы жарық көрген бірінші кітапты, 1947 жылы шыққан екінші кітапты да «Абай» деп атаған. Ал үшінші кітап 1950 жылы «Ақын аға» деген атпен жарық көреді де, жазушы оны жұртшылық пікірін ескеріп, жаңадан түзеп, редакциялап, 1952 жылы қайтадан шығарғанда, «Абай жолы» деп атайды, кейін төртінші кітапқа да осы ат беріліп, эпопея түгелдей «Абай жолы» аталып кетеді» [12].

Осыдан кітап атауының қойылу себептері айқындалумен, бірге шығарманың жазылу уақытына, сол кездегі қайшылықты жағдайларға байланысты түрлі өзгеру сипатын көреміз. Әрине

үшінші кітаптың «Ақын аға» аталуы да автордың өз байламы болса керек. Абайдың ақындық талантының кеңінен танылып, халқының қамқор тұлғасы немесе жастардың ақылшысы, ұстазы ғана емес, ел ағасына айналғанын айғақтайды. Дегенмен, әлемдік әдебиетті дүрілдеткен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының атауы орынды қойылғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Романның екінші кітабы 1947 жылы шыққанымен, алдыңғысындай қаскүнемдік пен қызғаныштың қара бұлты тағы да, төнді.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының вице-президенті С. Бәйішевтің 1947 жылғы 14 наурызында «Социалистік Қазақстанда» «Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» мақаласы жұрт мойындаған романға жасалған көреалмаушылықтың сойқан соққысы еді. Роман мазмұнын талдаудан феодалдық қоғамды аңсау, сағыну, оны насихаттау деген желеулер тарихи туындының талап-шарттарын түсініп, білмеудің кесірі еді [13].

«М. Әуезов жолдастың ғылыми еңбектерінде де, әдеби шығармаларында да үстемдік еткен таптардың адамдары мен ісі, салты мен мінез-құлқы баяндалады, сөйтіп нағыз тарих жасаған адамдардың, еңбекшілердің өкілдері мен ісі мүлде ауызға алынбайды» деп айыптауы да еш ақтауға келмейді. Дегенімен, таптық жіктеу туынды тағдырын таразылайтын кенестік идеологтарға тән таптырмас тұжырым еді. Ол аздай, «қайдағы бір кертартпа адамдарды, халыққа жат нәрселерді тыққыштайды» деуі «көрмес, түйені де көрместін» кері еді. Эпопеяны жазу суреткерге сұрапыл майданға кірумен бірдей болды.

М. Әуезовтің «Абай» романының жолын ашып, қалған кітаптарының қым-қуыт, қатерлі уақытта жанталаспен жазылып бітуіне де Б. Кенжебаевтың батыл әрекеті, табандылығы мен тектілігі, тегеурінділігі мен терең түсінігі өз нәтижесін берген. Жарқ етіп жасындай жұрт қолына тиген роман романға ұласты, рауанды жолдар, сан күйлі сараланған сөйлемдер, сап күмістей дараланған ұлы да ұлағатты ойдың, телегей теңізіндей терең білімінің, ғаламдық денгейдегі әлемнің сан алуан жемісіне тұнды да кетті.

Роман шыққаннан кейінгі тағы бір жасалған ерлік – сүйінші мақаланың жазылуы. Профессор Қ.Ергөбекке берген сұхбатында Қ. Шаңғытбаев: «Сүйінші данасы» келмей тұрып, «Қазақ өмірі-

нің энциклопедиясы» деп атап жазған мақаламыз «Социалистік Қазақстанда» «Абай» деген атпен жарқ ете қалды, мақала жарық көргенге дейін «Абай» романының жарыққа шыққанын пенде баласы білген жоқ» депті [14]. Содан кейін не болды дейсіз ғой? Біз халық қуанып, сүйіншілеп оқыған шығар деп ойлаймыз. Сөйтсек, жақсылыққа қуанатын, қалың қазаққа басына қонатын бақты бұйыртпауға бекінгендер бар екен. Баспа директоры А. Өтеев Бейсенбайдай батыл баспагерді «жүндей түткен» Арыз жазып, «Абай» романы үшін қызметтен босаған. М. Әуезовті қуанытып, толқытқан Б. Кенжебаевтың қатаң советтік идеология қысымында әдебиетке жарық жол ашқанын білді ме екен?! «Абай» романы осыдан кешігіп мезгілінде шықпағанда нендей күй кешер еді? Түбі бір шығар еді-ау. Бірақ одан жазушы да, оқырмандар да, қазақ елі де ұтылар еді! Орны толмас мәңгі өкінішке қалар еді. Ол батылдықты қазақтың біртуар тұлғасы, көрнекті әдебиетші ғалым Б. Кенжебаев жасады.

Ғалым ерлікке парапар іс жасаса да өз естелігінде қарапайым ғана баяндапты. «1941 жылы май айында Алматыға ауысып келіп Қазақтың Мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып тағайындалдым: ... 22 июнь күні Ұлы Отан соғысы басталды да, кейбір жабдықтар мен қызметкерлердің жетіспеу салдарынан, оның бұрынғы жоспары өзгертіліп, біраз шығармаларды тоқтата тұруға мәжбүр болдық. Бірақ біз, баспа қызметкерлері, әрі ойласып, бері ойласып «Абай» романын ертерек шығару керек деп таптық. Көп кідіртпей машинаға жаңа әріппен қайта басқызып (кітап алғашында ескі латын әрпімен терілген еді), баспаханаға жібердік» [15].

Б. Кенжебаевтың естелігіндегі «баспа қызметкерлерінің әрі ойласып бері ойласуы» әркімнің қолдай бермейтіндігін байқатады. Сөйтіп соңғы сөзді бас редактордың өзі айтқан. Баспа директоры А. Өтеевтің Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің секретары Н. Скварцовқа «М. Әуезовтің «Абай» романы шықпайтын болды. Құрттық!» деп рапорт беруі де 37-інші жылдардың ұлттың озық ойлы оқымыстыларын сталиндік жазалауға құлшынған ескі сана қалдығы еді. Топас, санасыз тобырлар М. Әуезовтің жеке басына қандай қатер төрдірді, қауіпті, қиын уақытта жанұшыра жазылған үлкен туындысына да дұшпандық пиғылын жасады. «Абай» романы жыртылмады да, құртылмады да! Алдымен бір

Алла, сонан соң Б. Кенжебаевтай басын қатерге тіккен өжет-өткір ұлтжандылардың арқасында, жарық көрді-ау, ақыры. Қудаланса да құтты, қуатты іс тындырды. Жатқан жерін жаннатта болғыр!.

М. Әуезов «Бейсенбай аға! Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айрықша сүйсініп бағалаған жүрепкен сыйлаймын» деп 31.08.1942 жылы датасын көрсетіп ықыласты шынайы ризашылықпен қолтаңбасын қойып беруіде көкірегін кернеген ризашылығының, сәулелі сыйластығының белгісі. Баспада бір жарым жылдай жатқан кітапты «қырағы көздерден» таза ұстап, араб қарпінен жаңа латын жазуына ұқыптап түсіріп, баспаханадан шығарып жіберуі де нағыз нартәуекелдің жарқын үлгісі, азаматтық ерліктің асқан үлгісі. Олар «Абайды» ғана жарыққа шығарған жоқ, қазақ поэзиясының шұғылалы күнін аспанға шығарды. Сонау әлімсақтан келе жатқан ғажайып, бай көркем сөзінің қыруар қазынасы бар халықтың әдебиет әлеміндегі жолын ашты.

«Абай жолы» – тарихи шындықты таразылап, талғап, көркемдік таныммен зерделеп, зерттеп, екшеп пайдаланған ғажайып туынды. Осыдан-ақ әйгілі жазушының шығармаға асқан сүйіспеншілікпен кіріскенін сезінеміз. «Абай жолы» – тарихи шындықты көркем шындыққа ұтымды ұштастырған ұлағатты туынды.

«Абайдың шығармашылығын туғызған түрлі себеп пен жағдайдың, қайшылықтар мен тартыстардың табиғатын тереңдеп тану арқылы акынның өмір жолын, дәуір шындығына сәйкес бейнеледі», деп академик Р.Бердібай атап көрсеткендей, эпопея өн бойы тарихи шындықтың, деректердің тұтастығын құрайды[16]. Сондай-ақ «Абай» жолының ерекше табысты болуының түбірлі себебі, әдеби шығарманың тағдырын шешетін сюжет пен характер бірлігін жазушының шебер үйлестіре білуінде» деп эпопеяның бір дәуірлік композициялық-архитектоникалық құрылымын даралайды.

Зерттеушілер өз заманынан бұрынғы кейбір оқиғаларды жаңа сюжет ретінде енгізуі Абай тұлғасын неғұрлым ұнамды жағынан сомдау мақсатына көздеуімен ұғындырады. М. Әуезов мол материал жинаған. Әлем әдебиетіндегі тарихи туындылардың атасы В. Скотт ең алғаш шотланд халқының жыр, балладаларын құрастырса, М. Әуезов те 1926-27 жылдары Абайдың екі томдық шығармалар жинағын құрастырады. Ол 1922-23 жылдары І.

Жансүгіров қолдауымен шыққан Абайдың ұрпақтары Тұрлығұлдың, Кәкітайдың жазбалары бар, басқа да ел ішін аралап ақын өмірі туралы көрген-білгенін көне көз қарттардан жазып алды, басқа да Абайға қатысты шыққан мақалалар, пікірлерді, архивтік мұрағаттарды т.т. соншама мол дерек, құжаттарды жинаған.

Ф.ғ.д., профессор Т. Жұртбай «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясында бірде бір жалған көркемдік шындық жоқ, барлығы да өмірлік тарихи шындыққа негізделген көркем шындық. Яғни өмірлік тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыруда бізде Әуезовке жеткен тұлға жоқ» – деп ғұлама суреткердің қыруар материалдардың қиюын келтіріп, ұқыптылықпен кәдеге асыруын айқындайды.[11]

Тарихшы тарихи еңбекті мазмұндауда деректердің, құжаттардың дәлдігін сақтай білсе, тарихи шығарма авторы сол тарихи жағдайды, құбылысты тарихи деректер дәлдігіне негіздей отырып, көркемдік шындықта айнытпай береді. Мұны біз «Абай жолындағы» сол кезеңдегі әлеуметтік, саяси оқиғалардың бейнеленуінен аңғарамыз. Бұл – тарихи романның шарты. Жазушы тарихи романның жанрлық ерекшелігін, теориялық негізде талдап, сараптап, әлемдік классикалық үздік туындылардың жетістігінен үйрене келе, оны өз ізденісімен дамытып байыта түскен.

«Абай жолы» эпопеясы арқылы тарихи туындының әлемдік биіктегі үлгісін жасады. 1970 жылдардан бастап тарихи тұлғаларды бейнелеу, халықтың өткен тарихын көркемдік негізде жинақтап жазу әдебиетімізде зор құлшыныс туғызды. Бұл құлшыныс коммунистік саясаттың қазақ тарихына, тарихи тұлғаларға идеологиялық қиянат-қысымына қарамастан, тарихи проза мен поэмаларда, драмаларда бейнелеуге ұмтылыстан байқалды. Егер «Абай жолы» жазылмаса бүгінгі күнге дейін оқырмандардың тарихи санасын оятқан, ұлттық тарихқа құштарлығын арттырған басқа туындылардың дүниеге келуі оңайға соқпас еді. Шынын айтсақ, ол – қазақ тарихи роман жанрының Темірқазық жұлдызы. Ш.Айтматовтың «Орыс әдебиеті үшін Лев Толстой қандай болса, Мұхтар Әуезов біздер үшін сондай болады». – деуі де ақиқат. Орыс әдебиетінде тарихи романның классикалық үлгісін жасаған ғұлама суреткер әдебиет әлеміндегі айырықша жарқын құбылыс болып қалса, Әуезов қалам қарымы жағынан Толстоймен бәсекелеседі: «Заман талабы қанша шектесе де, М.Әуезов әде-

биеттің әр жанрында, ғылымда әрі қоғамдағы қайраткерлік қызметі бар, бір басынан әлденеше есе асатын арпалысты тірлікті арқалады. Толстой болса жайбарақат Ясная Полянада тынығып жүріп жаза берді» [17].

Ш.Айтматов бұл пайымдауын Л.Н. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» роман-эпопеясына қарата айтты. Олай дейтініміз, аталған шығарма орыс тарихындағы аса маңызды кезеңдегі халық тағдырын, тарихи оқиғалардағы тарихи тұлғалар мен түрлі кейіпкерлердің мінез-қылықтарын, іс-әрекеттерін бейбітшілік пен соғыс жағдайындағы адамдар іс-әрекеттерін кеңінен суреттеді. XIX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін «Соғыс пен бейбітшілік» шығармасы тарихи жанрдағы бірден-бір үлгі болды. М.Әуезов Л.Толстойдың тарихи құжаттармен жұмыс істеу тәжірибесін саралады, бір ғасырдағы қоғамдық өмірді, саяси-әлеуметтік өзгерістерді, қазақ халқының тарихи тағдырын талдап, жүйелеп ұлы ойшыл-ақын Абай бейнесін шынайы сомдады. Араб әдебиетіндегі тарихи роман шебері Зейдан осыған қатысты: «М.Әуезовтің әйгілі «Абай» және «Абай жолы» романдары нақты тарихи деректілігінен гөрі – суреткердің сұлулық қиялына мейілінше кең ерік беріліп, қоғамдық, әлеуметтік құбылысты бейнелі қорытқан, өмір шындығын еркін, көркем түйіндеген кескіндімелік шығарма» деген тұжырым түйіндеді [18].

Жазушы тарихи деректер негізінде, қоғамдық-әлеуметтік құбылысты нақты баяндады. Тарихи шындықты еркін де шебер суреттеуімен ерекшеленді. Суреткердің сұлулық қиялы да, кең қарымды көркемдік елестетуі де, таным тереңдігі мен сезімталдығы эпопеяның бүкіл табиғатынан айқын танылады. Тарихи шындығының нақтылығы роман композициясымен шымыр қабысқан.

Тарихи туынды тарихи құжаттарға негізделгенімен, мол материалдың бәрі кейде пайдаға аса бермейді. Жазушы оны санамен сараптап, талғам таразысынан өткізді. Көз көрмеген дәуірдің шынайылығын қатаң сақтаумен бірге, кейде көркемдік қиялдан жанама оқиға көріністер қосады. Бұл тарихи шындықпен біте қабысады. Ал оны тұтастыру нағыз мықты талантқа тән қасиет. Скотт, Толстой, Купер – осындай шеберлер. Осыған М. Әуезов те қосылады. Әр құжатты қисынын тауып, соншама көлемді эпопеяның композициялық құрылымына сабақтастыра білген. Бұл жағынан келгенде сонау В. Скоттан бастап, әлемдегі тарихты

жазушылардың бай тәжірибесінен алған тағылымы көрінеді. Дәл осы В. Скотт – тарихи деректер мен құжаттарды, материалдарды жинау, меңгеру, туындыда пайдалануды үйреткен ұлы ұстаз. Осы жағынан келгенде Л. Толстой да, А.К. Толстой да, Ф. Купер де, Стендаль да, В. Шишков та т.б. тамаша тағылым алған. М. Әуезов оған өзіндік көзқараспен барды. Бір халықтың бір дәуірден екінші дәуірге алмасардағы аласапыран тарихи жағдайын, ел өмірінің алуан күрделі мәселелерін, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, патшалық биліктің халыққа жүргізген сұрқия саясаттарын, қысқасы бодандық бұғауының түрлі түйткілдерін көрсету оңай емес еді. М. Әуезов қалам алған уақыт О. Бальзак, В. Скотт, Ф. Купер, Л. Толстой, Э. Хемингуэй қоғамындай барынша еркін, ойды кеңінен толғап, көсіле жазатын, шешіле әңгімелейтін кез емес еді. Таптық жікке бөлген қоғам қаншама қатер, қауіпті төндірсе де, әйгілі суреткердің Абайға деген ұлы махаббатын сөндіре алған жоқ. Тағдыр тауқыметін тарта жүріп, алдыңғы асыл ойлы ардақты ағаларының сталиндік жауыздық жазалаудың, қатыгездіктің құрбаны болғанын бір сәт естен шығармаған қайсар тұлға көкірегіндегі көкейтесті ойларын асау арынды ағыстай армансыз ақтара алмады. Түрлі тосқауыл, кедергіге қарамастан, алған бағытынан қайтпады. Халыққа Абайдай ұлы ақын тұлғасын сомдаған кесек туындыны тағдыр тартысында әкелді.

«Абай» эпопеясы – бұл біздің көркемдік және әлеуметтік энциклопедиямыз, бұл біздің жалпы мандатымыз» дей келе... өзіндік көркемдік және адамгершілік әлемімізді, өзіндік көшпенді мәдениетімізді, өзіндік ұлы жырымызды қалыптастырып, көтеріле білген биіктеріміз үшін беретін жалпы есебіміз Әуезов бізді әлемдік деңгейдегі жалпы көркемдігі тарихи ойлау жүйесіне көтерді» деген Ш. Айтматов тұжырымы да ақиқат. [3].

Ж. Аймауытов, М. Дулатов романдары – қытымыр қоғамның қиянатында қалған кезде М. Әуезовтің эпопеясы тарихи тағлымды тереңдетіп, өткеннің өнегелі жолына зер салуды міндеттеді. Сұмдық-қатерлі заманда ұлттық тарихи жадыны қайта жаңғыртты. Ұлттық әдебиет жоқ, бәрін орыс әдебиеті жасап, қалыптастырды деген сынаржақ көзқараста М. Әуезовтің «Абай жолы» барлық өркениет атаулыдан шеткері ығыстырып тастаған, шекеден қараған қазақ өткеніне, халықтың ғасырлардан сабақтасқан мәуелі мәдениетінің, бай да сұлу тілінің ешкімнен қалыспайтын әдебиетінің

барын батыл дәлелдеді. Қазақ әдебиеті үшін бұл күтпеген олжа болды. Айтматовша айтсақ, «көркемдік және әлеуметтік энциклопедия».

Кітапты орыс тіліне кейінгі жылдары тәржімалаған белгілі жазушы, аудармашы А. Ким де: «әлеуметтік салмағы ауыр тарихи шығарманы» кеңестік әдебиеттанушылардың «таптық күреске арналған» деген біржақты топшылауына қарсы «... шын мәнінде бұл әлемдегі көшпенділер өркениетіне арналған алғашқы роман. Мың жылдықтар бойы қалыптасқан көшпенділер өркениеті, қазақтың жаратылыс болмысы осы романда жан-жақты көрініс тапқан» деп бағалаған [17]. Тек көшпенді мәдениет қана емес, егіншілікке бет бұрып, отырықшылыққа бейімделе бастаған халықтың қоғамдық құрылыстың алмасу алдындағы күрделі де қиын ахуалын, алуан қайшылықты жағдайын күмәнсіз дәлелдеп шыққан шындығы шымыр шығарма.

Патшалық Ресейдің бұратана халықтарды шоқындыру саясатын М. Әуезов 1951 жылы “Ақын аға” романында Абайдың генерал-губернатормен жүздесуінде батыл айтқаны кезінде сынға ұшырады. Оны жазушы “Абай жолында” орыс достарының аузынан баяндайды. Бұл жазушының дәуір шындығын бейнелеудегі ұлы мақсат жолындағы амалдары еді [19].

Ю. Мейер «Талантты адам бізге қиын болып көрінетін тәрізді, бұл нысанаға дөп тигізетін мерген, кемеңгер, тіпті бізге көріне бермейтін нысанаға дәл тигізе алады. Сонылық-данышпандардың жаратылысына тән» деп кемеңгер тұлғаның ерекшелігін атап көрсетеді [20]. Бұл ұлы таланттарға тән ерекшелік. М. Әуезов – классик суреткер ғана емес, кемеңгер тұлға. Ол қазақ өмір тұрмысының, әдет-ғұрпының, тарихи мен этнографиясының керемет білгірі, «Абай жолында» не суреттесе де, дәл де айқын, дәлелді де дәйектілігін көрсете білді.

Әр кейіпкердің сөйлеу тілінен бастап, жас, кәсіп, мінез ерекшелігін қапысыз, шынайы, нақты бейнелейді. Артықтау, шындықтан алшақтау дейтіндей деталь, эпизод, көрініс таба алмайсыз. Рас тарихи туындыға тән көркемдік қиял не болмаса бұрынғы оқиғаларды бергі уақытқа көшіріп пайдалану, ретроспектива жасау кездеседі. Бірақ оның өзі де эпопеяның көркемдік тарихи шындығымен астасып кетеді. Сонан соң Мейер меңзеген, бізге көріне бермейтін нысанаға дәл тигізетін қабілет,

шеберлігі талант даралығы – ұлы Әуезовке тән қасиет ол қиын уақытта үлкен эпопеяда өзінен бұрынғы бір дәуірді соншалықты шынайы нақтылы бейнелеумен бірге, алдағы уақыттың да тынысын болжамдап байқап отырады. Көрегендік кереметтері кеменгер таланттарда кездеседі. Қоғам қайраткері Мұрат Әуезов «... Жазушының бүкіл шығармалары күреске үндейді. Себебі Әуезовтің өзі күрескер болған... Әуезов қатал заман тұсында өмір сүргендіктен, тағдыр оны күрескер тактик, стратег етіп тәрбиеледі», – дейді сұхбатында [21].

Мұхтар Омарханұлы шын мағынасында қажымас, қайсар күрескер еді. Ол кертартпа қоғамда қиянатпен қаламымен де күресті, азаматтық айқын үнін де білдірді, елдің елдігін, ертеңін ойлап, ауыр ойлардың азабымен арпалысты. Оны жалғыз «Абай жолы» немесе «Қилы заманнан» ғана емес, күллі шығармашылығынан, мақала, очерк, жол жазбаларынан, ғылыми зерттеулерінен айқын байқай аламыз. Ұлттың, болашақ ұрпақтың тағдыры, тілі мен діні, ділі – бәрі де толағай талантты талай толғандырды.

Тағдыр қандай қатыгез. М. Әуезов қолына қалам алып, әдебиет әлеміне араласқаннан бастап, қысым мен қудалау, қиянат пен айыпталудан арылмады. Түрме азабын көрді. Көреалмас, қызғаншақ топас тобырдың да сойқанына да төзіп бақты. Әр жазған шығармасын қуана құптап, қолдап жарыққа шығарудың орнына, қайдағы бір саяси астар іздеп, ойын тежеп, қаламын қағып, қағажу көрсетті. Қадірін түсінбеген, мәдениетті милаулардың мүйіздегеніне қосылып, біржолата үнін өшіруге тырысқан өзге ұлттың ұрдажықтары да аз болмады.

Мұрат Әуезов әкесінің қилы да қиын тағдыры туралы айта келіп: «1956 жылдан бастап қуғын, сүргін құрбандары ақтала бастады. Әкемнің жаймашуақ өмірі де сол кезден басталды. Әкем өмірінің тек бес жылын ғана, алаңсыз шығармашылыққа арнады», – дейді [22]. Бел шешіп, білегін сыбана кіріскен сол бес жылда қаншама дүние жазылды. Қоғам қайраткері ретінде шетелдік сапарларын, ел, жер аралап, халықпен кездесулерін, басқа да шараларын ескерсек, қысқа уақыта ерен еңбек еткен. Қалай десекте, М. Әуезов шығармашылығында ұлтының мұң-мұқтажын, тіршілігін ойлап, қайтсек іргелес мемлекеттермен терезесі тең ел боламыз деп армандап, аңсағаны аңғарылады. Соның бір ұлағатты ұшқындары «Абай жолында» да жарқырап тұр.

К. Паустовский «Елестету – зердеге негізделген, ал зерде – шындықтың құбылыстарына негізделген», деп пайымдағандай, М. Әуезовтің зерек зердесі, сергек сезімталдығы, айқын елестетудің көркемдік ойлау әлемімен тығыз ұштасып шығарманың шынайылығын анықтай түседі.

М. Әуезовтің роман-эпопеясынан аңғаратынымыз – көркемдік елестетудің күштілігі. Бұл шығармадағы бірімен-бірі сабақтаса өрбіп отыратын сюжет, эпизодтардағы, пейзаж бен интерьер, авторлық баяндаудағы неғұрлым бай, алуан ұғымдар мен зат, бұйымның атауы, түр-түсінен де байкалып отырады. Әрбір құбылыстың, жағдайдың, оқиғаның шынайы себебін ашу мақсатында автор сол замандағы барлық кәсіп, тіршілік, зат бұйымдарын, құрал-саймандарын молынан енгізген. Кез-келген заттың сипаты, іс-әрекет бәрі де туындының өнбойында ұшырасып отырады. Олар кейіпкерлер әрекетіне, дәуір шындығына сәйкестікте берілген. Л.Н. Толстой елестетуді жазушыға айрықша қасиет деп біледі. М. Әуезовтің төрт кітаптық эпопеясында қаншама кейіпкер бар. Олардың әрқайсысының білім, таным, түсінігіне, жас ерекшелігіне сай сөздері, іс-әрекеттері, еңбектің түрлі саласындағы құрал-жабдықтары, тұрмыс-тіршіліктегі заттар, бұйымдар, қару, саймандар бәрі шынайы сипатталған. Әр зат-бұйымының аталуы, түр-сипатынан бөлек, еңбек үдерісіндегі қолданылуы да ғұлама суреткердің таным тереңдігін, көркемдік елестетудің кендігін, асқан білімдарлығын көрсетеді.

М. Әуезов әңгімелерін орыс тіліне аударған А. Пантиелев: «Ол үнемі, бүкіл өмір бойы уақытпен санаспай, қажымай талмай жұмыс істеді. Әуезовтің жұмыс істемеген кезін байқап көрмеппін. Қонақтарды қабылдап жүріп-ақ, ол жұмыс істейтін. Ол өте көп оқыды және де мұның бәрі әркез жұмыстағы оқу болатын. Әуезов нағыз көп станок болатын» деп керемет білімділігін, қажымас еңбекқорлығын ерекшелейді. [15] Расында да, М. Әуезовтің алып мұхиттай алуан зор білімі ұлы тұлғасын, өнегесін де өзгешелесе, әр шығармасында да білімнің сарқылмас байлығы айқын көзге ұрып тұрады.

М. Әуезов 5-7 түркі тілін еркін білген, тарих, әдебиет, фольклор, педагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, философия т.б. пәндерді жетік меңгерген. Табиғат тілін, жаратылыстың сан алуан сырын, жеті қат аспанның, жұлдыздар әлемінің

құпия сырына қанық ата-бабаларының табиғи білімінен де нәрленіп, оны да жаратылыстанудың жаңа заңдылықтағы ілімдерінен толықтырып отырған. Мұны эпопеядағы түнгі, кешкі әр мезгілдегі табиғат суреттемелерінен сеземіз. Исаның жапан түзде аязы қатты, суық қыста ызғарлы борандағы малмен бірге ығып кеткен жанкешті арпалысы да өз басынан өткен оқиғадай бейнеленеді. Дәл жанында жүргендей аянышты күй кешеміз. Әр оқиға құбылыс, деталь, эпизод, көрініс, суреттеме, сюжет нық сендіреді. Өйткені, онда шынайылық бар. Шынайылық үлкен білім мен зор талант тұтастығында айқындалады.

Әдебиетші, журналист Ә. Рахымжанов бір сөзінде «Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын Абайдың қасында Абай боп отырып жазды» деген екен. [23] Абайдың ақындық талантының ұлылығына, адамгершілігіне, болмысының ерен біліктілігіне көзі жеткен М. Әуезов жасынан оқып, түйсінген қазақ поэзия патшасын суреттеуге аса құштарлық танытқан. Абайды жан тәнімен сүйгені сондай, шығармасының алуан құпиясына терендей еніп, оны айқын ашуға құлшына кірісті. Мол материал жиналғанымен, социалистік реализм шеңберінде бар шындықты еркін жайып салу соншалықты ауыр да азапты еді. Оның үстіне қоғамдық құрылыстың қиянат-қыспағы да, саясат сойқаны да арындап, ағындап тұрған шабытты тежеп тастады. Абай болып ойланып, толғанып, соның арман-аңсарына бойлау, мұң-шеріне шырмалу, елінің елдігі мен ертеңі үшін жан азабына түсу де оңай емес. Абайдың заманын алуан қайшылықты тартыстарымен, шымыр шындықтарымен бүкпесіз жеткізу де коммунистік идеологияның ұлт әдебиетіне қойған қатал шектеуінен, түрлі тосқауылынан тоқтамай өтіп, өз дегеніне, көздегеніне ұмтылғанын да сеземіз. Ол Абайды адамзаттың ақындық, данышпандық әлемінің ірі тұлғасы етіп көрсетуді дiттеді, соған жетті де!

Көрнекті әдебиеттанушы, академик С. Қирабаев «... Әуезовтің шығармасына да бірқатар сындар айтылды «Абай» романының бірінші, екінші кітабы шыққанда, мақтаулар да, сын, ескертулер де айтылып жатты. Ғабит Мүсірепов, Темірғали Нұртазиндер мақала жазды. Мұхтар соның бәрін ескерді [24] депті.

Жазушының өмірінің соңында естеліктер кітабына редактор болған ақын, аудармашы Н. Скальковская да автормен жұмыс істеудің жеңілдігін, «түзетулеріміз тек қана мәтінді жақсартты» деп

құптап колдауы да Әуезовтің жазу өнеріне, мәдениетіне асқан ұқыптылығын білдіреді.[25]

Сынды мойындау, айтылған ой, пікірді сараптап, саралап талғам мен таным таразысына салып, шығармасын қайта қарап, түзетіп, жөндеу нағыз ұлы талантқа тән еңбекқорлық. Әлем әдебиетіндегі небір классиктер шығармаларының жетістіктерімен бірге айтылған сындарды да ой талқысына салған. Тарлан талант бәріне байыппен, ақылмен қараған. Ең бастысы өз туындысына тура бидей қатал, әділ сыншы болған. Көркем сөздің өрнек-оюын, түс бояуын, сән-сымбатын үйлестіруде тынбай ізденіп, тапжылмай еңбек еткен. Жемісі – күллі әлем құштарлықпен ықыластанған қазақ көркем өнерінің асыл құндылығы – «Абай жолы» эпопеясы.

Шығарманың халықтық ұғымы оның шынайылық деңгейін анықтайды. Бұл өлшемге «Абай жолы» дәл келеді. Өйткені, роман-эпопеяның басты жетістіктерінің бірі – тарихилығы, яғни, Абай өмір сүрген заманның оқиға, жағдайларымен шынайы бейнеленуі. Дәуірдің тарихи шындығы көркемдік шындықпен сабақтасып, байланысады. Ә.Кекілбаев сөзімен топшыласақ: «Өнерді өмірлі ететін шындық, шындыққа адал қызмет ететін таланттан ғана кемел суреткер шықпақ. Осы бір даусыз қағиданы жүзеге асыру үлкен таланттың өзіне де оңайға түспейді. Суреткерлік дарынмен қоса азаматтық ерлікті де қажет етеді» [26]. Осы бір жүрек тереңінен туған тұжырым М. Әуезов талантына дәл бағытталғандай. Басқасын айтпағанда, М. Әуезов өмір сүрген заман қандай еді? Алдыңғы толқын алыптардың бәрі қудаланып, атылып, елге ес боларлық дарынды, жалынды тұлғалар қатары сиреген кезде осындай ауыр да азапты тақырыпқа басын қатерге тікті.

Ұлы классик деп асқақтатқан Абайдың өз болмысынан да кір іздегендер аз болған жоқ. «Ақындар ағасы» аталған шығарманың алғашқы нұскасынан шикілік іздеп шүйілгендер қаншама. Айтуға тыйым салған Абылай, Кенесары заманы дәріптелді, хан, сұлтандар бейнеленді т.б. деп жалалар жауып жатты. М. Әуезов бұған мойыған жоқ. Партияның әдебиетке қойған қатаң талабынан айналып өте алмады. Басқаша мүмкін емес еді. Әбден ойда пісіп жетілген идеяларды да инеден өткізген жіптей асыл туындының алтын арқауына сабақтады. Бір дәуірді, бүкіл тарихи, саяси элеуметтік, қоғамдық ахуалымен кең тыныста көрсетудің алуан жолын іздеді. Ізденіс игілігін берді.

М.Әуезов кезекті бір дәрісінде «Менің бақытым феодалдық қоғамды көргенім» депті. Жазушы мұны бекерден-бекерге айтып отырған жоқ. Балалық шағынан өткен уақыттың тынысын сезіп, біліп-байқап көкейе түйе келе, Қазан төңкерісінен кейін бұрыңғының бәрін түкке жарағысыз етіп, таптық қайшылықты ұстанған, небір саясат сойқандарының залым пиғылдарына қарсы жүректен шыққан шындығы еді. Ол заман шындығы көлеңкесінде қалып қоймай, оның қатпарлы қырларына, тарихына тереңдеп еніп, құжаттық материалдармен және тынбай ізденіп жинаған деректерімен дәуірдің кең тынысын жеткізді.

А.С. Пушкин «Өткір ақыл-ой мен талғам тек қана ең жақсы қоғамда тәрбиеленеді, демек шынайы талант кез-келген жерде, кез-келген бағытта, кез-келген ықпалмен жарқырайды», – деп таланттың тірегі мықты, білімді, өрелі орта екенін айқындайды. [27] Бұл – ақиқат. Пушкиннің даңқы дүрілдеп шығуына, сол кездегі әдеби орта айырықша ықпал тигізді. М. Әуезовке де өзінің алдындағы әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, майталмандары, алып арыстарымыз Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Қ. Кемеңгерұлы, М. Дулатов т.б. айтулы тұлғаларымыздың ғажайып шығармаларының әсері тиді. Одан бөлек әлем әдебиетінің классиктерінен, шығыс пен батыстың бай фольклорынан, қазақ ауыз әдебиетінің асыл қазыналарынан қаншама дүние үйренді. Сөз өнерінің інжу-маржандарын терді. Өрнекті сөздің мол үлгісін көркем туындыда жарқырата жайып салды.

Әлем әдебиетіндегі небір таңдаулы таланттар тағдырына зер салыңызшы, көпшілігі бірыңғай жазушылықпен айналысқан. Ал ғұлама М. Әуезов араласпаған сала кемде-кем шығар. Әдебиеттің барлық жанры, газет жанрлары, алуан қоғамдық істер, жол сапарлар, ел аралау материал жинау, халықпен жүздесу т.б. Қоғамның, халықтың қат-қабат мәселелері. Одан қалса адамзаттық мәселелер. Осының бәріне уақыт тауып үлгеріп (50 томды құрап отырған қыруар дүние қалдыру) – Құдайдың берген қуаты десек те, ұлы таланттың ұланғайыр еңбегі, ерлік өнегесі, еңбекқорлық қасиеті. Жайланып демалып, қажет кезде шетелді еркін шарлап, шаттанып, шалқып жүріп, қалауынша қалам тербеп көсіліп сөйлеп, ойын еркін ашық айтқан М.Твен, Дж.Лондон, В.Скотт, Р. Стивенсон, күні кешегі Г.Г. Маркес, т.б. тағдырын

бастан кешкен жоқ. Қатал тағдыр, қиын өмір, күрделі де қайшылықты қоғам, саясаттың сан өзгеріп, сан толқып, тірі пенде тұрмақ тіршіліктің тұрлауын кетірген, зиялы, оқымыстыларын жойып, қолдан жасаған аштықтан халықты қырып, одан қалса сұм соғыстың аранына апарып тығып, «уһ енді тыныс алдық-ау» деген де тың деген желеумен түрлі ұлттарды тоғыту, оның соңынан жаппай қарулану, дүниежүзінде қуатты империя болу бағытын алға қойып, Семей өңірінде, атом, сутегі бомбаларын жару, жерастында, үстінде ядролық сынақтарын жасау, байтақ қазақ даласының полигонға айналуы елім деп елжіреген ер тұлғаның етжүрегін езбеді дейсіз бе? Тіпті талайдан талмай жиып зерттеген қазақтың Абайдай ұлы ақынын әлемге танытуға қарманып, қолға батыл қалам алғанда, бірде балағына, бірде қаламына жармасып, жазған туындысын саясат шырмауында жоқ еткісі келген, басына қауіп төндіріп, өмірін қорлаған керенау қоғамның кесір-кесапатты, топас, тоғышар тобыры қаншама кесе көлденең тұрды. Сондай шақта, бас сауғалап жүріп Абайдай асқақ тұлғаны аласартушы азғындардың алдында жауаптаса жүріп, жолынан қайтпады. Абай жүрген жол да қандай ауыр болғаны заманына аян.

М.Әуезов 1930 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып жүрген әрі Орман шаруашылығы техникумында қазақ әдебиетін сабақ беріп жүрген кезінде 16 қыркүйекте НКВД қызметкерлері тұтқындаған. Сол жылы күзде Алматыдағы Тастақ абақтысында «мемлекетке қарсы және контрреволюциялық қызметі, басмашылықпен байланысы» деген 58-баппен айыпталып, екі жыл тергеуде жүрген. Осынау бап әпербақан саясаттың халық жауларын әшкерелеу саясатының қандай зұлымдықпен жүргізілгендігін байқатады. Құбылған саясат ұлы тұлғалардың асыл арманына, жарқын ой-мұратына қаншама кедергі жасады. Халқы үшін, ұлт болашағы үшін көкейдегі ізгілікті істерін уақытында бастауға да мұрша бермеді. Қайсар құрыш тұлға, табанды талант заманның қаншама сұрқиясына төтеп берді. Қаншама қауіпті қиын күндерде қаламын тастаған жоқ. Елінің ертеңі үшін ұлы күрес жолындағы ұлы мұраттарынан айныған жоқ.

1932 жылдың 20 сәуірінде «үш жыл концлагерге қамауға» бұйрық берілген, ол үш жылдың, 1943 жылы ғана алынғанын ойласақ, сол кездегі қауіпсіздік комитеті де, ішкі істер басқармасы

да қайта-қайта мазалап, жанына тыныштық бермепті, «Абай жолы» роман-эпопеясын жазып бітіп, оны аудартып, Мәскеуден бастырып шығарып, бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлықты алып, қаншама қудалау, қорлау, қиянаттан енді ғана құтылып, жайланып ойдағы жана дүниелерін жазуға кірісерде тағы бір қауіпті бастан өткерген. 1953 жылы мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қазақстан КП Орталық Комитетіне жазушыны тұтқындауға сұрау салғанда, жанашыр ағалар қолдауымен Мәскеуге жедел аттанып кеткен. Сонда МГУ-де 1953-54 жылдары КСРО халықтары әдебиетінен дәріс оқығаны да М.Әуезовтің өміріндегі қиын да құйын кезендердің бірінен саналады. Әрине А.Фадеев сияқты талантты тұлғалардың қамқорлығымен М.Әуезов тағы бір үлкен қатерден дер кезінде бас сауғалап, аман қалды.

М. Әуезовтің «Абай жолы» – азапты жолмен, арпалыспен, айқаспен жазылған құнды, қымбат қазына. Қазақ деген халықта мәдениет те, әдебиет те жоқ деген кемсітуге қарсы тұрды, коммунистік идеологияның озбыр саясатында халқының ар-намысының туы бола білді. Қорлық-зорлығы мол, қиянат қудалауы зор, қырық құбылған қоғам саясатында қаламгер қарақан басын күйттеп, бас шұлғып өткендерге ұқсаған жоқ. М. Әуезов «батыр болып өтті». Ерлік істер жасады. Басқа үлкенді-кішілі көркем туындыларын былай қойғанда, бір ғана «Абай жолының» жазылуы – шығармашылық ерлік. Ой еркіндігі, қалам дербестігі тежелген кезде, ұлтшыл космополит, феодалдық ескі заманды көксеуші, «алашордашы» т.б. айыптаулар мен қайраткерлерімізді қаралап, саясат сойқаны оқымыстыларын жаппай жазалауға ұшыратқан қиын замандағы санаулы қайсар, батылдың бірі М.Әуезов болғанын ұрпақ білсе игі.

«Туған жерге туынды тік» дегендей, «Абай жолына» сәт сапар тілеп, алғашқы жоралғы ақ тілекті ағынан ақтарған әдебиетіміздің алыптарының бірі Ғабит Мүсірепов еді. 1943 жылы жиналыста сөйлеген сөзінде «Абай» романы ерекшелігі туралы әлденеше рет тоқталған «Абай» – әрі шын мағынасында қазақ халқының асыл өмірінің шын бейнесін көрсете алған ұлттық роман әрі мәдениеті елдердің жақсы деген қай романымен болса да салыстыруға болатын роман» [3.13]деп аса биік бағалады. Бұл парасатты пайымдау нағыз талант ірілігіне тән еді. Әрі мәдениетті елдердің жақсы деген қай романымен де салыстырса,

аспаса, кемімес еді. Эпопеяның әлемдік деңгейін айқындады. Бұл – парасатты пайымдау «...бүгінге дейін дүниежүзілік әдебиеттің жақсы үлгілерімен жазған... Бірақ ешбір үлгіні көшіріп те алған жоқ, еліктеген де жоқ» – деп әдетте бір елдің озық дүниесіне еліктеп, өз туындысын жазған американ, ағылшын, орыс т.б. елдер қаламгерлерінен даралап алды. Енді бір тұжырымда «жазушының өз өзегін өртеп, өз жүрегін тербетіп шығарған өз еңбегі» деп сүйсінді.

Романның жарыққа шығуынан кейінгі тағдыры да қиын болды. 1947 жылы 14 наурызда С. Бәйішевтің «Профессор М. Әуезов өткендегі қателердің шырмауында» мақаласында қазақ халқының өткен дәуіріндегі рухани мәдениетіне күмән келтіріп «қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілі бұдан ғасырлар бойы, 80 жыл, 150 жыл бұрын Абай заманында болмады» деген кереғарлыққа барды [11.115]. Сонау сұрапыл соғыста ерлік істерімен ел құрметіне бөленген танымал ғалымның аузынан мұндай сөздердің шығуы да жанға жай түсіргені айқын. Сталиндік жазалаудың зардабын әбден тартып, тұла бойын қорқыныш қысқан зиялы қауым өз халқының әдебиетін, тілін жоққа шығарғанда, өзгелер не демесін. Осыған байланысты Ғылым Академиясында арнайы талқылау да өтіпті. Оны жоғарыда қысқаша атап кеттік. Қазақтың қайраткер азаматтары. М. Әуезовті жөнсіз қаралап, шығарманың тарихи шындығын теріске шығарғанда өзгелердің өзіншіл көре алмас пиғылдылары шет қалсын ба?! Энциклопедиялық ерекшеліктегі эпопеяны одақтас республикалар, көптеген шетелдердің әдебиетшілері, қаламгерлері, ғалымдары, бағалап, байыпты, байлам білдірді. А. Марченко 1971 жылы «Вопросы литературы» журналының № 9 санында «Еркін романының «мүмкіндігі» мақаласында «Абай жолын» шын мәніндегі роман емес, аңыз-әңгімелер жиынтығы және «житие» деп кекесін білдірген [28]. М. Әуезов романымен Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен терін» салыстырып, қарама-қарсы коюы да – ұлы құндылыққа қисапсыз қиянат. Мемлекеттік және Лениндік сыйлық алған роман-эпопеяны тіпті роман деп мойындамауы сорақылық еді.

Әйтсе де «Мұхтар Әуезов немесе ұлылық үлгісі» атты 1970 жылғы мақаласында Ә. Нұрпейісов: «Әуезов қазақ әдебиетінің абыройы ғана емес, айбары да еді ғой. Жасыратыны жоқ, Әуезов барда әуесқойлардың бәрі өзін әдебиетші санап қоймайтын»

– деп ұлы суреткердің өзіндік дара тұлғасын, айырықша таланттылығын айғақтайды [3. 10]

Мақалада Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиетіне енгізген үлкен жаңалығын, зор еңбегін атап көрсетеді.«Әуезов Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде алғаш рет лирикалық психологиялық биік өрелі прозаны жазуды үйретті» деп классик жазушының әдебиетімізге алып келген жаңа бір бағытын бағалайды.[10. 12]Осылайша ұлы таланттың қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуындағы көшбасшылық келбетін даралап, мәдени өміріміздегі ерекше рөлін айқындап береді. Ә.Нұрпейісов ұлы талант М.Әуезовке, шығармашылығына деген құрмет сезімін мақалаларында, сөйлеген сөздерінде, сұхбаттарында үнемі білдірді.

«Менің халқым туралы» мақаласында «ғасырлар бойы түгінді киіз үйде көшпенділердің қиын өмірі мен ұзақ тарихы өткен болса, міне енді Мұхтар Әуезовтің әйгілі эпопеясы арқылы менің халқым үлкен дүбірлі дүниеге терезе аша алды» деп жазды. [29]Сөйтіп «Абай жолының» қазақ әдебиетінің әлемдік кеңістікке құлаш сермеуіне жарқын жол ашқанын айқындап көрсетеді. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Қ.Кемеңгерұлының ғажайып туындылары кеңестік кертартпа идеологияның құрсауында жарық көрмеген кезде әрі қаламгер қауымды қудалап, жазалап, қаламын қолынан қакқан заманда М.Әуезов жанталасып, арпалысып жүріп, осынау кітапты дүниеге әкелмегенде, қазақ әдебиетінің бүгінгі дәрежесін елестету де қиын ау.

Марченконьң жазу мәдениеттілігін қайдам, тарихи шығарманың талап-шарттарынан хабары жоқтығы да білінеді. Әйтпесе, аузына келген мынадай сандырағын «Но как бы ни был совершен тот или иной фольклорный «мотив» ритмический, словесный образный, перенести его и современный роман невозможно...» деген пікірсымағы еш ақтауға келмейді.[10. 42.]

Апырау, басқасын былай қойғанда, шығармаға шүрегейдей шүйлігіп «Еңбекші адамдардың өкілдері мен ісі ауызға алынбайды» деу тарихи туындының мазмұнын, кейіпкерлердің сомдалу сипатын жете түсінбеуін білдіреді. Әйтпесе Дәркембай, Базаралы т.б. малшы, жұмысшы қаншама еңбеккер жандар сомдалғанын аңғармаған ба? Не керек «қазақ халқында

тіл тұтастығы, жер тұтастығы, экономикалық тұрмыс тұтастығы болмапты, қазақ халқы Октябрь революциясына дейін тұтас бір ұлт болып біріге алмапты». Осындай советтік идеологияның ұлт тамырына балта шауып, өткеннің бәрін теріске шығарып, тек Октябрь революциясынан кейінгі кезенді санатқа алған керітартпа идеология зардабы зиялылар санасын шырмады. «Олай болса, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілі бұдан ғасырлар бойы, 80 жыл, 150 жыл бұрын, Абай заманында болды деп кім кесіп айта алады?» дегені қай сандырақ? Әрине, коммунистік партияның елдің өткен тарихы мен мәдениетінің бәрін феодалдық ескілік ұғымына телуі «бізде ештеңе жоқ, бәрі Ұлы Октябрь революциясы арқасында совет өкіметі әкелді» немесе «партияның әкелік камкорлығы» деп санаға әбден сіңірген сыңаржақ пікірінен асып қайда барсын? Қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілі ғасырлар бойы болмады, енді ғана жасалды деген коммунистік саясат жасандылығының салдары жай сауаты жоқ адам тұрмақ, оқыған ғалымның түйсік-танымын тұмшалағанда, басқалар не айтсын? Осының бәрін тере келіп, М. Әуезовтің «ұлтшылдық қателігіне» саяды.

«Абай» романын қаралаушылар тарихи шығарманың көркем прозадан өзгеше екеніне жетесі жетпеген. Туындының тарихи құжат, деректерден бөлек, бейнеленген замандағы халық ауыз әдебиетіне сүйенетіндігін білмеу және Абай өмір сүрген кезеңнің сөйлеу ерекшелігін, мәнерін, кейіпкерлер тілінің сақталуын сезінбеу үлкен қателік. В. Скотт, А.С. Пушкин, А. Толстой, В. Шишков т.б. тарихи шығарма жазу шеберлерінің халық фольклорын қалай ұқыпты пайдалануын пайымдап алмай, парықсыз сын айтуға қалай дәті барды екен?! Ал осындай шалағай, шикі дүниеге суырыла шығып әдебиетші ғалымдарымыздың қарсы уәж айта алмауы қандай дәрменсіздік?! «А. Марченко «Абай» романын даттаған. Соған бір пенде жауап берген жоқ, ақтау кереметі жоқ Әдебиет институтынан сыншылар үн қатпады» Ғ. Мүсірепов кезінде осылай өз өкінішін, ренішін жеткізген екен. Жалғыз Әдебиет институтына жүктеп қойғаннан гөрі, барша қазақ қаламгерлері, қайраткерлері қанаттаса, жұмылып «Абай жолын» қорғауға міндетті еді. Бұл жөнінде Р. Бердібай «Алтынды тот баспайды» мақаласында толығырақ тоқталған [16. 141-168.]

“...Ал шындығында келгенде кемеңгерді кемеңгер таныған шақта, олар бір-біріне әсер-ықпал жасаған тұста екеуі ғана

жарқырап қоймай, елдің мәртебесі өсіп, шығар төбесі биіктейді екен” – деп көрнекті әдебиеттанушы ғалым Т.Кәкішұлы пайымдағандай [30, 162], М.Әуезовтың тарихи романы кемеңгерлік пен кемелденудің айрықша үлгісін танытты. Бұл шығарма қаншама кедергілер мен тосқауылдардың тегеурініне төтеп берді. Түрлі қиындықтар мен негізсіз айыптауларды батылдықпен жеңіп шықты. Уақыт өте келе Абайдың атын айдай әлемге асқақтатып, қазақ халқының абыройын асырды.

Ғ. Мұстафиннің «Қазақ әдебиетіне» берген сұқбатында: «Мен тарихи тақырыпқа, Мұхтар Әуезовті айтпай, басқа ешкімнен кем жазбас едім... Мұхтар Әуезовті айтпайын дейтінім – Мұқанның жөні де, жосығы да бөлек еді ғой. Мұқан өткен өмірді өте терең және жан-жақты білді, ол энциклопедиялық мағлұматты ғұлама-ғалым болатын» – деп бағалауы да соншама мол материал жинап, игеріп, бір халықтың дәуірлік тынысын, рухын, мәдениетін, қоғамдық жағдайларын айнытпай бейнелеуі талант тегеурінділігі еді [31]. Тарихи туынды жазуда В. Скотпен иықтасып тұратын бір талант болса, ол – Мұхтар Әуезов, Толстойлармен тендесер тұлға болса тағы да ол. Бірақ Әуезовтен асып түсу үшін «Абай жолындай» ұлы дүние әкелу керек қой!

Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты мен Жазушылар одағының 1951 жылғы 14 маусымда Абайтану мәселелеріне байланысты бірігіп өткізген ғылыми пікірталасының кешкі стенограммасымен танысқанда М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жарық көргеннен кейін де қаншама теперіш, тосқауыл көргені айқындалады. Жиынға қатысушы жазушылар мен ғалымдардың көпшілігі «Көкпайдың орысқа қарсы Абылай мен Кенесары жайындағы ұлтшыл дастанын енгізді» деп бір айыптаса, «Абай шәкірттерінің қатарына 1934 – 1940 жылдар халық жауы Шәкәрім мен ақынның ұлы Тұрағұлды қосты» деп суреткерге саясат қара бұлттын төндірген. Мұхтар Омарханұлы саяси қысым мен қудалау қаупінде кейде амалсыз «өрескел саяси қатем болған» деп ақталған немесе «Маған жұртшылығымыз өз талқылауымен және Кенесары жөніндегі қателігіміздің бетін ашуға көмектесті» деген сөздері де романды қалай да аяқтаудың айралы амалы еді. [27] Егерде жазушыны түрлі айыптаулармен ұстап кетсе, әбден көкейінде пісіп-жетілген шығарманы бітіруі ұзаққа созылар еді. Ол – ол ма, қаламдас әріптестерінің

қызғаныштан қайта-қайта шығармасынан ши іздеуі де әбден зығрданын қайнатты.

Сонда қайсар қаламгер «Әзір кітапты аяқтағанша менің қаламыма жармаспандар» деп жанұшыра жанайқайын жеткізді. Сонан соң «Абай» романының алғашқы нұсқасының 1950 жылы бір ғана орыс тілінде жарты миллионға жуық данамен басылуын алға ұстанып, «Менің әділ әрі бұра тартуы жоқ, большевиктік арына адал сыншыларымның қайсысы бұл кітап кесепат сеуіп, кеңес жұртшылығын, еліміздің жастарының санасын улап жүр деп айтар екен?!» деп тайсалмай өткір жауап қайтарған [13]. Бір қаламгердің М. Әуезовті ұнатпаған сөзіне Ә. Кекілбаев «...таланттылардың таланттарға тарылғаны тақсырет» деп күйіне айтқан екен. Өзге елдің дарындары бірін-бірі қолдап, қорғап, жақсы лебізін жолдап, керек кезінде, сын-ескертпесін білдіріп бәйек болып жүрсе, біздің аға буын өкілдерін бейшаралық береке таптырмай қойды-ау. «Абай жолын» жазуда Мұхтар Омарханұлына осындай оспадар «айтыстар» қандай қиындық туғызды.

Коммунистік идеологияның ұлт тарихын бұрмалап, ежелгі әдеби мұраларын таптық жікке бөліп, тарихи тұлғаларды қаралап, халықтың санасынан өшірге бастаған кезде Абай заманынан қайшылық іздегендер болды. Солардың ішінде әдебиеттің де, ғылымның да беделді өкілдері жүрді. Оқымысты, ойшыл, талантты, білімді ұстамды тұлғаларды 1921 жылдан басталған қудалау 1937 жылғы жаппай құртып-жою саясатына ұласты М. Әуезов Абай өмір сүрген ғасырдың әлеуметтік-саяси жағдайын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін кеңінен бейнелеудің қаншалықты қатерлі екендігін біле тұра, табандылықпен батыл бет бұрды. Кейде түрлі әдеби амал-айлаға барды. М. Әуезов Абайдың ақындық ұлылығын күрескерлік тұлғасын азаматтық парасат, ұлттық мәдениет кеңістігінде ғана емес, адамзаттық асыл тұлға ұғымында бейнелеуді көздеді. Заманның қиын қыспағында, қоғамның ой, қалам еркіндігін тежеген кезеңінде қаншама қарсылыққа карамастан, алған мақсатынан қайтпады. Абайдың данышпандық даралығын эпопеяның жұмыр да шымыр композициялық арқауындағы әр сюжет, эпизодтан айқындап көрсетті. Абайдың ақындық даралығынан, ойшылдық даналығынан гөрі, азаматтық саралығын, қайраткерлік қарымын көрсетуге батыл бет бұрды.

Оза шапқан өз таланттарыңды «ұртоқпақпен» төпелеп жатқанда, басқалар бас шұлғып отыра ма? Өзін-өзі аямаған соң, советтік идеологияның біріне-бірін түртпектетіп, өр істі теріске шығарып, түрмеге жапқызып, қудалатып, қуғындатып, қорлық пен қиянаттың қысымында қалдырған қараңғы, қапас заманда не болмады десеңіші!

Сол кездегі орыс басылымдары да мұны іліп алып, арандату шоғын үрлесін кеп. «Казахстанская правдаға» шыққан мақалада М. Әуезовтің ұзақ уақыт, бойы халық жауларының идеясын үгіттеуге ұмтылғаны, ол үшін ешқандай жауапкершілікке тартылмағаны да ашықтан ашық айтылған. Мұндай арандату айыптаулары сталиндік жазалаушылардың қаперіне ілінген мезетте, құр қойсын ба? Жазушының жүйкесіне тиді, жан ұшырып басын аман сауғалау амалын іздеттірді. Ол аздай қазақ әдебиеттануында сын мен өзіндік сынның әлсіздігі «бетке басылды». Қорытындысы да қатал да қорқынышты болды! «Националистические взгляды в казахском литературоведении еще не разоблачены до конца и являются большим тормозом в деле его успешного развития». [25] Осындай сұмдық кінәлаулардан кейін, онсыз да ауызға алар алаш ардақтыларының алды ажал құшқан шақта, қалған санаулы саңлақтарының да басы дауға түсті. Адалдықты арамдық аяқ асты еткен дүлей дәурен-ай.

Ақыр аяғында осының бәріне шыдай алмаған Мұхтар Омарханұлы Сталинге хат жазуға мәжбүр болды. Онда 30 жылдық жазушылық әрі ғылыми зерттеушілік және 15 жылдық педагогтық қызметін жоққа шығарып, ауыр айыптаған Бәйішевке, оны қолдаған сол «адамдарды ісіне қарай бағалай алмаған». Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы Шаяхметовтің және Әбдіхалықовтың бүкіл қызметін қатал сынға алуына байланысты жаны шырқырап хат жазды. Хат соңын «...Я и прошу Вашего внимания и моему столь затруднительному, обезоруживающему меня в труде безвыходному состоянию» деген өтінішпен аяқтады. [25] Ел басқарған отырған қайраткерлер өзі ұлтының абырой-намысын арқалап, қалам ұстаған жазушысына осындай қиянат көрсеткенде, басқаларға не жорық десеңші?!

Жаратқан ием жар болып, онсыз да сан қудаланып, қиянат құрсауына тап келген талайлы таланттың тағдырын тәңір қолдады, әділетті іс ақыры жеңді. Ақиқат айғақ болды. Жалған

жала бықсыған шалаға айналды, жауыздықтың жазықсыз жазушыны жәбірлеуге желпінген жымысқы әрекеті желге ұшты. Мұхтар Омарханұлы қайта қолға қалам алды.

1948 жылы «Қазақ халқының XIX ғасыр ортасындағы өмірін бейнелеген қазақ совет әдебиетінің таңдаулы шығармасы» ретінде қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы-ақын Абай Құнанбаев бейнесін айқын әрі шынайы сомдаған «Абай» романы Сталиндік (кейіннен Мемлекеттік) сыйлыққа ұсынылды. Әрине, мұнда А. Фадеев т.б. көрнекті орыс қаламгерлерінің, әдебиетшілерінің еңбегі елеулі еді. Ақиқат адал да алғыр перзентінің осылай бағын жандырды. М. Әуезовтің «Абай» романы орыс тіліне, одан одақтас республикалар тіліне, шет тілдерге аударылып, атағы алысқа, алты құрлыққа тарала бастады. Қазақ деген жер бетінде халық барын, онда адамзат ардақ тұтқан Абайдай алып барын білді. Осыншалық ғаламат кітап жазған М. Әуезовтей ғажайып талантын таныды. Қазақты таныды. Елді, жерді көруге құлшынды, құштар болды.

1953 жылы Ғылым Академиясының хабаршысының №4 санында С. Нұрышевтің сандырағы басылды. М. Әуезов жалған айыптауларды теріске шығарып, «Литературная газетаға» ашық хат жариялады, Мәскеудегі Жазушылар Одағының басқармасы Секретариаты мәжілісінің стенограммасында (төрағасы атакты орыс ақыны К. Симонов) осынау жауыздық қаралауларды дұрыс деп тауып, М. Әуезовтің Абай шығармасы туралы дұрыс іскерлік сын жазуды аталған газет редакциясына тапсырған. Осынау қызғаншақтық, жауыздық М. Әуезовтің жан-жүрегін жаралап, шығармашылық шабытты шақтарынан ара-тұра айырғаны да белгілі. Шар болаттай шындалған қайсар тұлға қаншама қиянат-қорлық көрсе де, сорақы сынсымақтардан сағын сындырмады. Табанды қарсылық көрсетті. Аяусыз айыптап, кінәлап күстәнәласа да, арының таза, ісінің ақиқат, жанының кіршіксіздігін дәлелдеді. Адалға Алла жақ. Небір қатерлі шақтарда Жаратқан ием қолдап, қорғады. Жанашыр жарқын тұлғалар да қолдау көрсетті. Олардың алдыңғы қатарында КСРО мәдениет министрі П. Пономаренко Мәскеуге шақырып, А. Фадеевті сағалатқан. 1951 жылы тұтқындамақ болғанында оны дереу сезе қойған. Қазақстан ОК-інің идеология хатшысы І. Омаров т.б. азаматтар құтқарып қалды. Осындай қудалау, қиянаттар қаншама қымбат уақытты алды. Қанша асыл ойды бұғаулады.

Шығарманың тарихи шындығына, деректік-құжаттық материалдарды пайдаланып, менгеруіне байыптап бармай, оны біржақты бағалауға, кемшіліктерін көрсетуге де болмайды. Профессор М. Сильченко «Роман о классике казахской литературы» атты 1948 жылғы мақаласында романның жақсы қырларына тоқталғанымен, кейіпкерлердің сомдалу шеберлігіне күмән келтірді, жас акындардың бейнелеу деңгейіне қатысты «Ақын аға» романындағы қатені концепциясынан іздеу керек» деген пікірге барды.[10] Ол – ол ма «Абайдың баласы Әбдірахманның (Әбіштің) образы шынайы емес және прототиптен соншалықты шалғай. Әбдірахман өзінің ішкі дүниесінің ізгілігімен тартымды» – деп бағалаумен бірге, «Бірақ Әбдірахманды Ресейдегі азаттық қозғалысының күрделі мәселелерін айқын түсінетін етіп көрсетіп, тарихи шындықтан, көрінеу ауытқып кеткен» деген сын айтты. Кейіпкер өмірінің тарихи негізін зерттеп, білмей, кітапты оқып шыққандағы көзқарасымен ғана пікір айту қашан да ұшқарылыққа апарады. Осыған Л.М. Әуезова эпопеяның тарихи-материалдардық негізін ашатын зерттеуінде нақты дәлел келтірген: «Әбдірахманның дербес іс қағазынан белгілі болғанындай, Петербург студенттерінің арасында оның достары болды, ол әкесінің демократтық көзқарасын білді және Семейдегі саяси көзқарасы үшін жер аударылып келгендермен әкесі арқылы байланыста болды. Сондықтан да ол ХІХ ғасырдың 80 жылдарында елдің қоғамдық өмірінде маңызды орын алған «Народная воля» ұйымының қозғалысына көңіл бөлмеуі мүмкін емес» дейді [1.208]. М. Әуезов те «мен романда Әбіштің Морозов стачкасы, Россиядағы шаруалар қозғалысы жөнінде білетіндігін жазамын» деп ол уақыттағы және алдыңғы қатардағы жас жігіттің бұл оқиғаларға белгілі бір көзқарасы болмауы және ауылға қайтып келгенде ол туралы әкесіне айтпауы мүмкін еместігін атап көрсетеді.

Оның үстіне Абайдың да Семей өңіріне жер айдалып келген Е.П. Михаэлис, С. Гросс, Н.Е. Коншин, Н.И. Долгополовтармен тығыз араласуы, достық қарым-қатынастары Ресейдегі әрбір саяси оқиғалар мен революциялық көзқарас жайлы жеткілікті хабардарлығын көрсетеді. Демек, әке мен бала әңгімесі ел ішінің жағдайымен шектелмеген, Ресей және басқа мемлекеттерге қатысты мәселе қозғалған, көркемдік шындыққа авторлық қиял да қосылған.

Профессор М. Сильченко 1952 жылғы ақпандағы «Қаз правда-дағы» мақаласында: «Әлеуметтік қайраткері – Абай жеткілікті дәрежеде терең көрінгенімен, жаңашыл ақынның бейнесі романда толық ашылмаған» деп Абайдың ақындық талантының даму, өсу, өрлеу сипаты «өз образынан да, оның айналасындағы жас ақындардың образдарынан да таба алмайды» деп жазушы Ю. Лебединскийдің 1951 жылғы 13 желтоқсандағы «Литературная газетадағы» «Ұлы ағартушының жолы» атты мақаласындағы «Абайдың төңірегіндегі жас ақындар жадау бейнеленген» деген пікірін жалғастырады. [10] Алайда «Абай жолы» романының бірқатар жақсы қырларын да бағалап өткен. Атақты орыс жазушысы А. Фадеев те «Абай» романының кейбір жерлері шұбалаңқы» деп сынаған. Әрине, суреткер мұндай ескертпелерді романның кейінгі тарауларында ескерсе керек.

Л. Озеровтің бір айтқаны бар: «Талант ешкімнен жатырқамауы да, оқшауланбауы да тиіс. Ол әрине, кез келген жағдайда десекте, тек бір ғана негізде, өзі көзі тірісінде көріне алады. Бірақ, достық түсіністік, ыстық пейіл мен қолдау атмосферасында талант өзінің күш-жігерін арттырады, кемеңгерлікке, дейін көтеріледі. Соның үлгілері – қайта өрлеу суретшілері, Пушкиндік кезеннің ақындары» [32.211]. Егер де американың, ағылшын, орыс, жапон, француз т.б елдер әдебиетінің қалыптасу, даму жағдайына зейін аударсақ, жазушылары бір-бірін қолдап, қуаттап, қажет кезде бағалап, кемшіліктерін көзге көрсетіп отырған. Әдебиетке мүлде жолатпауға тырысқан қараниеттілік болмапты. Бірін-бірі жақтаған, бірін-бірі мақтаған. Қысқасы жазу өнеріне баптаған. Біздегідей оқып, түсінбей, талдап сараптамай, ілік іздемеген.

Алайда адалдыққа ақ жүрегін ұсынған ұлағатты ағаларымыз да болды. Ұлттың ұлы құндылығын қашанда зиялылары, қайраткерлері бағалайды, байқайды. «Абай жолы» жазылып, жарық көрген алғашқы жылдардан-ақ әдебиетші ғалымдар, тіл мамандары ғана емес, қазақ ғылымының сол кездегі көшбасшылары өздерінің игі тілегін ақ жүрегімен жолдады. Қазақ халқының өмірінде бұрын болмаған бітімі бөлек көркем туындының келуіне шын көңілмен қуанды. М. Әуезовтің жолына кесе көлденең тұрып, түрлі кедергілер жасағанда мұндай бағалаулар талантқа айырықша құрмет еді. Жақсыны көре білу де қасиеттілік. Сан қырлы ғалым, қайраткер, академик Қ. Сәтбаев эпопеяның ерекшелігін дүниетанымымен

пайымдаған. «Әуезовтің «Абай» романын тек қана аса әдемі көркем шығарма деп ұғынуға болмайды, сонымен бірге ол аса бағалы ғылыми еңбек болып табылады. «Абай» романы ғылымның әртүрлі салаларындағы ғылыми қызметкерлердің назарын аудармақ. Бұл кітапты Қазақстанның өткенін зерттеуші тарихшылардың бірде-бірі оқымай өтпес: ғалым-филолог мұнан ауыз әдебиеті жөнінде, қазақ әдебиет тілінің қалыптасқан кезеңі жөнінде көптеген деректер табар. Ғалым-этнограф бұл кітаптан әлдеқашан өтіп кеткен мезгілдердегі әдет-ғұрып туралы қызғылықты мәліметтер алар. Ғалым-экономист ХІХ ғасырдағы халықтың мал шаруашылығы құрамы, ол кездегі таптық күрестің ерекшелігі жөнінде әрі айқын, әрі шынайы көріністерді сезінер. Заң ғалымдары сол кезде өріс алған шарифат пен би билігі сияқты дала заңы жөнінде бағалы деректер табар».[3].

Нақтылай түйіндесек, «Абай жолы» роман-эпопеясы – энциклопедиялық үлгідегі ерекше шығарма. Әдебиетшілер Рабленің «Пантагрюэль мен Гаргантюасын» энциклопедиялық роман деп бағалаған. Біз айтар едік, М. Әуезовтің бұл туындысы бір дәуірдің тынысын кеңінен жеткізген, бір халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен өнерінің, әлеуметтік жағдайы мен рухани өмірінің шындық шежіресі, бір ғасырлық тарихы, қоғамдық құрылысы суреттелген кең тынысты көркем полотносы.

Қ. Сәтбаев салмақтап, саралағандай, бұл – сан ғылымды бойына сіңірген, ұлттың тұрмыс-тіршілігі, тарихы, дәстүр-салты, діни танымы, мәдениеті, әдеп-үлгілері, эстетикасы, өмірлік дағдылары барынша шынайы, нақты сипатталған, тарихи деректерді молынан қамтыған аса сүбелі тарихи туынды. Зерделей білсек, М. Әуезовтің «Абай жолы» – әлем мәдениетіндегі ірі ізгілік үлгісі, ұлы суреткердің энциклопедиялық білім-білігінің зор биігі.

Ағылшын классик жазушысы С. Мозм «Сөз өнері» кітабында: «Әрбір мәдениетті адам оқып шығуға тиісі шығарма бар, олар – біздің жалпы мұрамыз, әр мәдениеттің бір бөлігі іспетті, демек онда ол білім берудің қажетті элементі саналумен бірге, адамзаттық білім беру болып табылады. Мұндай шығармалар сирек» деп жазыпты. [20. 59.] Ондай адамзаттық білімге әрі рухани өмірдің байлығы мен әралуандығына толы туындылар әлем әдебиетінде санаулы да сирек. Егерде «Абай жолы» тілдік байлы-

ғы, бейнелеу үлгісінің әмбебаптығы, кейіпкерлердің сомдалу сипатымен бір ерекшеленсе, шетсіз-шексіз буырқанған толқыны тыншымаған алып мұхиттай ұшан-теңіз білімді тоғыстыруымен тағы да ерекшеленеді. Әлемнің әр елін, жерін шарлаған саяхатшыдай М.Әуезов эпопеясының кереметтілігі өткен заман сипатының ақиқат, айғағымен айқын бейнеленуінде, мазмұндық, сюжеттік сабақтастығының тартыстылығында, кейіпкер дүниесінің молдығы мен жүйелі сомдалуында.

«Маған, кемеңгер адам дегеніміз бұл табиғи дарын мен әлемді мүлде өзінше көре білудің суреткерліктегі айырықша қабілетінің үйлесуі...Оның жеке әлемі – бұл кәдімгі адамдардың әлемі болғанымен, тек қана одан ауқымды әрі бай» [20. 359.] деп С. Моэм айнала қоршаған ортаны, кеңістікті, ғаламның ерекшелігін өзінше сезініп, танып, оны қалам құдыретімен көркем де шынайы бейнелеудегі талант кереметтілігін атап көрсетеді. Мұндай кемеңгерлік қасиет санаулы таланттарға тән. М. Әуезов ғаламат шығармаларында даналық даралығымен көрінеді. Ұлы талант, классик суреткер М. Әуезовтің әдеби әлемі шын мәнінде қандай кең, қандай шалқар, ғажайып та әлемі. Біз Иран бағын көрген жоқпыз. Бізге оның көркем туындылары сөз өнерінің Иран бағын елестетіп тұрады.

Ғ. Мұстафин: «Ұлы қасиет үлкен тау тәрізді; ішіне кірсең, көп шоқы, сыртына шыққанда ғана зорлығын, айбынын айқын көрсетеді. «Абай» романы маған дәл осы секілді көз алдында ғана биік емес, тарихи көші ұзаған сайын көркейе, зорая беретін секілді байқалады» деп, сонау 1949 жылы «Абай» романы әдебиетіміздің мақтаны» мақаласында көрегендікпен ыстық лебіз білдіріпті. [3]

Л. Әуезова пайымдауы: «Абай жолы» эпопеясының тағы бір айрықша ерекшелігі суреткердің сол суреттеп отырған дәуірді өзінше зерттей тани білуінде» [1.258.]. Абай өмір сүрген дәуірдің жарты ғасырлық тарихын, халықтың әлеуметтік саяси жағдайын әбден зерттеп, талдап, романға нені енгізу, нені енгізбеуді таным талқысынан өткізген.

М.Әуезов «Абай жолына» ұлы ақын өміріне қатысты оқиғалардың бәрін енгізбеген. Әкесі Құнанбайдың жылқыны аралап жүріп, Абай сатып алған құнанды айтқызбай танып, өзі үйірден таңдап ұстатқызған құнанмен жарыстырып, құнанының құлап қалу қаупін сезіп, жүз қойлық жүйрігі қалың қарда етпеті-

нен түскенін көріп, «Халық мені ақылды, әкесінен артық дейді. Ақылдылығым қайда?... Бала қандай ақылды болса да, әкесінен бір басқыш төмен болады екен деген түйінге келдім» деп әкесінің ақылдығын мойындаған оқиғаны Б.Момышұлы айтып бергенінде;

– Пәлі, Бауыржан... «Абай жолы» романына енбей қалған оқиға бір бұл ғана емес, толып жатыр. Мен мақсатыма қызмет етпейтін деректерге көңіл аудармаймын. Суреткерлік талғам дегеніміз, бәлкім осы шығар –депті [33].

Классик жазушының Құнанбай қажыға қатысты мол деректері болғанымен, қытымыр коммунистік идеологияның феодалдық қоғамды айыптап, тап тартысын, халықтың тұрмыс-салтын, мәдениетін ескінің қалдықтары деп сынап, дінге қарсы атеистік ағымда ұстанған кезде оны дәріптеуі партиялық әдебиет талабына сай келмес еді. Мұндай жағдайда, романның шығуы былай тұрсын, жазушының өз басына қатер төнетіні айқын еді. Сөйтіп әке мен ұлдың арасындағы тартысты амалсыз екі заманның, ескі мен жаңаның күресі етіп алды.

Ағылшын әдебиет зерттеушісі А.Беккет «Роман қалай жазылады» мақаласында жазушыға міндетті екі басты қасиетті атайды: «Біріншісі – сұлулық сезімі, онсыз суреткер туындылары тіршілік ете алмайды. Романшы үшін қажетті және де барлық сурткерге тән екінші қасиет бұл көре білу құштарлығымен ықыластану...Оқырман бастан өткеретін сезімнің реңкін әрбір суреткер анағұрлым ауқымды, қарқынды ең алдымен өзі бастан кешіруі қажет» дей келе, сұлулық сезімі мен көрудің құштарлық ықыласына қосылатын тағы бір маңызды қасиет рух нәзіктігі беп біледі [20. 245]. Ғалым сараптап шыққан ерекшеліктер «Абай жолында» молынан кездеседі. Сұлулық сезімі табиғат көріністерін суреттеуде ғана емес, жастар махаббаты да, сыйластық, достық қарым-қатынастарда, адамгершілік қасиеттерді дәріптеуде де көркемдік құралдармен ұтымды қабысқан. Ал көре білу, байқампаздық пен сезімталдық өз заманынан бұрынғы уақытты суреттеуде романның композициясынан айқын аңғарылады. Бұл жекелеген көркем детальдардан бастап, оқиғаларды, жағдайды, құбылыс, көріністі суреттеуден сезіледі.

«Романның рухы да ұлы болуы тиіс. Ол қайырымды, кішіпейіл, батыл, адал, жайдары, эзілқой, нәзік әділетті, мейірімді болуы тиіс.

Қысқаша айтқанда, оның рухына ізгілік енуі тиіс. Онсыз нағыз ұшар биігіне ешқашан жете алмайды»– дейді ғалым.[20. 246.] «Абай жолында» ұлы суреткердің данышпан Абайға әрі халқына іңкәр құштарлығы, сүйіспеншілігі, мейірімі мен пейілі айқын білінеді.

Орыстың талантты жазушысы К. Федин де жас кезінде Қазақстан даласында болған, қазақтардың көшпелі тұрмыс-тіршілігін көрген, осыны айта келіп: «Әйтсе де, Мұхтар Әуезов қана өзінің Абайы арқылы менің қазақ халқы туралы білімімді толтырды. Маған далада еркін соққан салқын самалы мен таза ауасының жақындығы сондай, бір түрлі мен қазақ болып кеткендеймін» деп ағынан ақтарылды. Ал А. Фадеев болса, «қазақ даласының хош иісіне суарылған туынды» деп таниды.[3]

Бенжамен Матип «Мен тіпті қазір де өзімді солармен бірге жүргендей, сіздердің далаңыздың кәусар ауасымен дем алғандай сезінемін. Шынында, бұл қазақтар неткен ғажайып халық! Осы керемет «Абай» романында қандай тамаша суреттелген!» деген таңданысын білдірді. [3. 132.]

Эпопеяның ең басты ерекшелігі Абайдың ақындық, азаматтық, күрескерлік болмысынан бөлек, қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, өнерін, табиғатын әсерлі, шынайы жеткізе білуінде. Бұл қазақ халқын жан-жақты көрсететін шынайы, құнды шығарма. Қазақты әлемге танытқан, жарқын жол ашқан күндей нұрлы мұра.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына берілген бағалауларда, халық жүрегінен жалындаған жылы лебіздерде тамаша туындыға деген зор ризашылық рауандайды. Әйгілі классик суреткерлер, талантты ақын-жазушылар, ғұлама ғалымдар, танымал қайраткерлер білдірген ой-тұжырымдар, – шынайы көңіл ықыласы. Көрнекті ақын, аудармашы Н. Тихонов: «Бұл тамаша эпопея бізге тұтас бір әлемді сыйға тартты, табиғаттың, сипаттауымен тәнтті етті. Әуезов қаламымен тарих қайта тірілді», – деп биік бағалады. [3]

Шындығында да төрт кітаптан тұратын ғаламат көркемдік әлемінде бір халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік, қоғамдық жағдайлары, өмір өзгерістері, адамдар арманы-ансары мен үміт-тілектері, жауыздық пен арамдық бәрі-бәрі орын алған. Көрнекті драматург Н. Погодиннің: «Батыр боп өтті деу – Мұхтар үшін, жаңа болмаса да, қажет теңеу. Өйткені оның өз халқы үшін

жасағаны батырдың аңызға айналған ерлігі деп атау қажет» деген пікірі де М. Әуезовтің болмыс-бітімін, әсіресе, қаламгерлік қуат-қарымын, талант ірілігін мойындау. [3] Қалай десек те, әйгілі суреткердің «Абай жолы» – қатаң идеология қысымында түрлі кедергілер мен қат-қабат қиындықтармен келген, бітімі бөлек, кесек көркем туынды. Аңызға айналған ерлік десе дегендей. Қайсар, қажырлы, табанды тұлға социалистік қатал қоғамның ұрдажық идеологиясымен қаншама арпалыса жүріп жазғанын айтсаңызшы. Қаламға жармастырған, талантпен арбастырған кайран заман-ай! Қандай қиын, қандай құйын еді!

Сараптай қарасақ, М. Әуезовтің «Абай жолына» қатысты пайымдаулар, лебіздер қаншалықты мол болса, ой-тұжырымдар да алуан, бір-біріне ұқсамайды, әр жазушы, әдебиетші, қайраткер, ғалым өз таным табиғатымен таразылаған. Көрнекті француз жазушысы Андре Стилль «Мұхтар Әуезовтің романы, ең алдымен поэзия сазына толы, сиқырлы, сұлу алыс жағалауға жетелейді. Ол алыс жағалау – біз үшін-кеңістік пен уақыт қойнауындай...» депті. [3] Эпопеяның поэтикалық сөз өрнегі мен әуездік-ырғақты құрылымын айқындай келе, поэзия сазына толы сиқырлы, сұлу жағалауға, кеңістік пен уақыт қойнауына жетелейтін кереметтілігін ерекшелейді. Өміршең, өнегелі, өркенді өнер туындысы – мәңгілік қартаймайтын, уақыт ағынында жаңа қырынан ашылатын құндылық. Бүгінгі жаңа ғасыр биігінде де уақыт пен кеңістік қойнауында өзінің ғажайып қасиетімен ерекшелене береді.

«Абай жолының» ХХІ ғасырдағы жаңа аудармасын жасаған А. Ким ұлы өркениет жайлы Л. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік», Сервантестің «Дон Кихоты» секілді тұтас бір дәуірді суреттеген романдармен салыстыра саралап, М. Әуезовтің «идеологиялық жүйе мен мейірімсіз репрессияның қауіпті тұсында» дүниеге әкелген – эпопеяны оқығандағы әсерін: «Менің жаным бұған дейін мүлде белгісіз болған адамзат тұрмысының құндылықтары туралы біліммен байыды. Ең бастысы, қиыншылығы және көркемдігі жағынан аса ауқымды еңбектің арқасында халықтың жаны деп аталатын құпиялы әрі бағасыз дүниеге жақындай түстім деп ойлаймын» деп пайымдады [17].

Л. Соболев «Мұхтар Әуезовтің «Абайы» – бұл нағыз роман, басқаша айтқанда, өмірдің тұтас қыртыстарын копарған, тұрмыстың, адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпен-

діліктің айқын бояулы картиналарын жасаған және ең бастысы, есте қаларлық жарқын образдар арқылы халық тарихының өмірлік пропестерін жинақтаған, құлашы кең кітап» деп эпопеяның құнды ерекшеліктерін көрсетеді.[3]. Бір дәуірдегі ел өмірінің алуан көріністері арман-ансарлары, махаббат, достық, сыйластық қатынастары, жауыздық, аярлық, арамдық пен қатыгездік, қиянаттары – бәрі-бәрі де сол заманның айнымас шындығы болып қат-қабат өріліп отырады

Есте қаларлық жарқын образдар да мол. «Мен осылай болсам» деп еліктейтін тағылымды тамаша кейіпкерлер де жетерлік. Жамандығы жирентіп, жеріндіретін жеккөрініштілер де аз емес. Ғибрат аларлық өнеге өрістері шығарманың өнбойында өркен жайған. «Абай жолын» аударуға атсалысумен бірге «Абай» операсын жазуға қатынаскан әдебиетіміздің нағыз жанашыры Л. Соболев биік пайымдаған. Ал түркімен әдебиетінің классигі Б. Кербабаев бағалауы ғаламат еңбекке шынайы сүйіспеншілікті, сыйластықты білдіреді: «Менің досым, қаламдас інім Мұхтар Омарханұлы Әуезов адамзат өмірі мәдени тарихының төрінен аса үздік қайраткерлерімен бірге құрметті орын алды. Оның майталман қаламынан туған өмір суреттері кербез сұлудың алма мойынын асыл тастың жарқылындай нұр-сәуле шашады. Шешен де өміршең өрелі сөз, терең ой, суреткерлік арлылық пен адалдық оны дүниенің бар түкпіріндегі оқушыларының ыстық ықыласына бөледі... Ол өз халқы мен ел-жұртының ғұлама білгірі, сөз зергері болды».[3] М. Әуезовті әлемдегі аса үздік, мәдениет қайраткерлерінің бірі санайды.

«Абай жолы» – әдеп пен әдемілік әлемін өрнекті де көркем тілмен ғажайып мазмұндаған. Төрт томдық тамаша туындының композициясының шебер құрылуы, сюжеттердің бір-бірімен ширға өріліп, мазмұнымен шымыр сабақтасуы жазушының үлкен таланттылығын айқындайды.

Академик Е. Букетов «Қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов тумысынан тек қана сұлу сезімнің адамы, сондықтан өмірдің болмыстың, табиғаттың кез-келген құбылысын ол сезімсіз түйсінбеген, тек қана сұлу ой мен образ арқылы ғана қабылдайтын адам болған. Бұл шынында да керемет қасиет» деп суреткер ерекшелігін жіті байқай білген. [3]

Шын мәнінде, М. Әуезов тарихи туындыда Абай туған Шың-

ғыстау өңірінің табиғатын қандай көркем, келісті сипаттаса, адамдар портретін әсіресе, арулар дидар келбетін кескіндеуі суреткерлік сезімталдығымен, сыршылдығымен, сұлулықты сезіну, түйсіну қабілетімен дараланады. Кез келген құбылысты, жағдайды бейнелеуде тың тіркестер, тосын теңеулер, образды орамдар, көркемдеу, айшықтаудың тілдік алуан үлгілері, сыңғырлай келісім тапқан небір әдемі, әсерлі сөйлемдер алуан шоғыр. Прозалық тіл кейде философиялық ойларға ұласады, қанатты қағидаға айналады. Түйдек-түйдек төгілген тамаша тілдің сонылығы сондай бір әуезді, әуен әлеміне ендіріп жібереді. Б. Кербабаевтың «Оның үні ынта қойып тыңдайтын бұлбұлдың әсем даусындай әуезді еді» деп сөйлеу мәнерін, мәдениетін даралап көрсеткендей, сол әуенді, әдемі дауыс, әсерден әсерге ұласар сұлу сөйлемдерден сезіліп тұрады. Бір ерекшелігі, көркем тілдің, бояу-бедерінен, реңінен поэзияның салқын да жылы көңіл тербер, жүрек кернер керемет лебі еседі. Шығарманың соншалықты қызықты, ықыластана оқылуының бір себебі де осында. Техника ғылымының маманы, қайраткер ғалым Е. Букетов роман эпопеяның тағы бір ерекшелігіне тоқталған: «Тегі, бұл эпопея үшін ұлы акынның ғажайып шығармалары негізгі арқау, «ең басты документ» болған, ал, эпопея болса, Абай творчествосының күллі акындық қасиетін, ойшылдық тереңін жан-жақты аша білген сыр сандық дәрежесіне жеткен».[3]

Б. Момышұлының: «Мұқаң халқымызға бұдан да көп мұра қалдырар еді, бірақ дарынсыздар қол-аяғын матап, кесір келтірді. Салыстырар болсақ, Мұқаң – күн, дарынсыздар – көлеңке...» деп біржағы ашына айтуы, бір жағы айырықша бағалауы да ұлы классиктің еліне сіңірген ерен еңбегіне құрмет лебізі. [33]. Бір ғана «Абай жолының» шығуына дейінгі кедергі аздай, шыққаннан кейінгі кейбір қара ниеттілердің шығарманың халық өміріне және әдебиетіне, ертеңгі ұрпағына тигізер айырықша ықпалын сезінбей, қиянат келтірді. Тағдыр қаншама тосқауыл қойса да, табанды тұлға тайсалмады.

«Мен Мұқана қатты риза болатыным, басына қандай күн туса да, шындықты, тек шындықты жазды. Бұл – үлкен ерлік!» деп халық батыры Б.Момышұлы ықыласпен атап өткендей, М.Әуезов өмірлік шындықты әдеби шығармада дәл бейнеледі, түрлі кедергілер жасаса да, алған бағытынан қайтпады.[3] «Абай жолында»

молынан жиналған тарихи құжаттарды шашауын шығармай, эпopeяның композициясына ұқыпты пайдалана білді. Ақиқатты айту саясатқа қайшы кезде де, жөнін тауып астарлап жеткізді. Шығарма шындықтың қайнар көзімен нәрленген кезде ғана қуатты.

Мұхтар Омарханұлы қуғын-сүргін, қиянат-қорлық, қудалауды азап, сорды аямай-ақ тартты-ау. Қалам ұстамақ түгілі, бас қайғысы қинаған кездерді еске алсақ, ғұлама жазушы ұлы мұраттары жолында уақытының әр мезетін мүлт жібермей, оқу мен жазуға жұмсады.

Расында, Абайдай бір халықтың ұлы ақыны, ойшыл, күрескер тұлғасының биік болмысын ұлағатты істерімен, өнегелі қасиеттерімен сомдау да ақын жанын түсіне білетін, өмірінің қыр-сырын бүге-шігесіне дейін зерттеген, шығармашылық қызметін бес саусағындай білетін, көркемдік, философиялық, эстетикалық, этикалық әлемін жан-жақты меңгеріп, сол дәуірге тереңдей енген нағыз суреткер қолынан ғана келеді. Ол – ғұлама ғалым, үлкен ойшыл, сырлы суреткер, арқалы ақын Мұхтар Омарханұлы еді. «Абай жолын» француз тіліне тәржімалау арқылы осынау ғажайып туындының құндылықтарына көзі жеткен атақты жазушы Луй Арагон «...Мұхтар Әуезов – біздің заманымыздың ең ұлы ақындарының тілі» деген тұжырым жасаған. Бұған белгілі ғалым, жазушы И. Андрониковтің «Мұхтар Омарханұлы біздің өмірімізге тең тамаша жазушы ретінде ғана кіріп қана қойған жоқ. Оның өзі бір құбылыс еді, ол – біздің өміріміздің ұлы символы болатын, ол – жаңа заманның ақылгөй данасы, шын мәнінде ақын, әрі адам, қандай мәселені болса да түсіне білетін сезімтал, аңызға айналған жарқын да жайдарлы жан еді» деген ыстық ықыласты пайымдауын қосайық.[3] Осындағы «біздің өміріміздің ұлы символы болатын... жаңа заманның ақылгөй данасы» – талант бойындағы ұлылықты даралауы. М. Әуезов Абай тұлғасын, ақындық талантын бір дәуірдің ұлы символы, жаңа заманның көреген данышпаны, ғұлама ойшылы, мәңгілік ардақталар кемеңгер тұлғасы деп таныды, солай сомдауға ұмтылды.

Шын мәніндегі ақын деп ұлағаттауы да ақиқат. «Абай жолындағы» сөйлемдерге зер салыңыз, ұйқасы жоқ демесеңіз, ырғақ, әуені үйлескен, сараланған сөздермен, терең-тұжырымды ойлармен, бояуы құлпырып ажарланған, ашыла түсетін бейнелеулермен құлпырып тұр. Өлең үлгісінің бір түрі. К. Паустовс-

кийдің «Ең бастысы проза қашан кемеліне келгенде ғана нағыз поэзия болып қалады» деген тәжірибелік түйіні «Абай жолына» арнап айтылғандай [34]. Жазу өнерінің бар құпия-сырын меңгеріп, сөз қазынасының қат-қабат қатпарларын ақтарып, көркемдік көкжиегіне еркін самғаған М. Әуезов «Абай жолына» ұзақ материалдық, моральдық, рухани дайындықпен келді. Мұқағали тілімен туралағанда «ақынды – ақын оятты». Сәл өзгертсек, ақынды ақын ашты, ардақтады.

В.Г. Белинский бір мақаласында: «Әйтсе де, жаңа рухпен, жаңа өмірмен желпінген қарапайым да әдемі туындыны әлемге танытуға кеменгер керек, ұлы талант керек» деп жазғанындай [35], А.С. Пушкиннің даңқы бірден дүбірлемеді. И.Гете де төрткүл дүниеге бірден танылып кеткен жоқ. А.Пушкиннің әлемге әйгіленуіне бірге жүрген әдебиетші, ақын, ғалым достарының ықпалы зор болды. Абайды да заманында бүкіл қазақ даласы тани қойған жоқ. Тек елде жазу-сызу дамып, жаппай сауаттанып, кітап оқуға ықылас артқан кезде ғана халық ұлы ақынымен қауышты. Әйтсе де Абайдың дүние жүзіне танылуына өз поэзиясынан бұрын, М.Әуезовтің ғажайып роман-эпопеясы жол ашты. Бұл Абайдың алты құрлыққа аттанар ақ жолы еді.

Алып эпопеяның дүние жүзіне танылуы да оңай болмады. Ақ жол сайрап жатпады. Ұлы Абайдай «соқтықпалы, соқпақты» жермен жүрді, тарлан талант тағдыры «тар жол, тайғақ кешуден» өтті. Романның жазылуы да, жарық көруі де, орысша аударылып, басқа халықтарға таралуы да тауқыметті тірлік болды. М. Әуезовтің соңғы 50 томдық жинағындағы әсіресе архивтік құжаттар мен хаттарды оқу барысында «Абай жолының» қандай қиындықпен, дүниеге келгенін ұғынамыз. Құбылған қоғамда зиялы, жазушы жолына қаншама тосқауыл қойылды, қиянат жасалды.

М. Әуезов – ұлы талант, қажымас күрескер. Саясаттың сан түрлі шырмауында Абай атын ардақтау арқылы қазақ халқының бір дәуірлік тарихы мен тіршілік-тұрмысын, мәдениеті мен дәстүрін мол мұралар мен құжаттармен тарихи туындыда бейнелеу ғұлама суреткердің қолынан ғана келді. Халқымыздың маңдайалды майталмандары, ұлтымыздың небір талантты тұлғалары сталиндік зұлымдық жазалаудан жапа шекті, атылды, қудаланды. Небір керемет шығармалары, еңбектері тәркіленіп, социалистік қоғамның құрсауында қатпарланды. Ұлан-байтақ жер-

ді мекендеген қазақтың еліндей дарқан әдебиеті барын әлемге дәлелдеп берген қажымас, қайсар, рухты суреткер, ғаламат ғұлама М.О.Әуезовке мәңгі тағызым етеміз.

Құдайға шүкір, социализм заманында қазақ мәдениеті, әдебиеті дәрежесін, қуаты мен мүмкіндігін айқын көрсетті. Бұрынғы КСРО халықтарын, шет мемлекеттердің оқырмандарын қызықтырған туындылар да аз жазылмады. Бірақ М.Әуезовтің «Абай жолынан» асары да, озары да жоқ еді. Ол Аспантаудың көкке шаншылған мұзарт шындарының бір асқағы Хан Тәңірідей дара бітіммен мәңгілік өзгешеленіп тұрады. Бір өкініштісі, дәл суреткер қаламынан жазылған, керемет кітаптың әлем тілдеріне қазақшасындай құндылығымен, қазына, құт-байлығымен аударылса деп армандайсыз. Сонда «Абай мен Әуезов үздік жүздікке неге енгізілмеген» деген мақалада заңгер Н. Сәдуақасов қазақ классиктеріне шет елдердің, соның ішінде Ресей баспаларының қандай көзқарас ұстанатынын жеткізеді. Мәскеудегі «Вече» баспасынан «Әдебиеттегі 100 ұлы есім», «100 ұлы жазушы», «100 ұлы ақын», «100 ұлы кітап» «100 ұлы роман» шыққан кітаптар атауларын атай келіп, бірде-біреуінде Абайдың, М.Әуезовтің есімдері енбегенін, шығармалары мүлде кірмегенін қынжыла айтады. Ол «кітапты шығарып отырған баспалар мен ойы жүйрік деген Ресей ғалымдары ғаламат әдеби туындыларды жазып, адамзат рухани қорына қалдырған ұлы Абай мен ұлы Әуезовті көздеріне ілмей, тізімдеріне енгізбегені қандай критерийді басшылыққа алып, қандай себептерге сүйенген?» деген баршамызды толғандыратын мәселені көлденең тартады.[36]

Автор айтқандай, бар кінәні аудармаға бұрамыз-ау. Әйтсе де М.Әуезовтің «Абай жолы» кеңестік кезеңдегі аудармасымен-ақ талай елге таралғанын ескерсек, мұны өзінен басқа ешкімді көзге ілгісі келмейтін империялық әрі шовинистік пиғыл деп түсінеміз. Әйтпесе әлем әдебиетінің ең үздік 100 кітабына «Абай жолы» енгізілгенін көрмеуі, білмеуі «көрмес, түйені де көрместін» кері. Бұдан ұлы жазушының атақ-абыройы, асқақ таланты кеміп қалмайды. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын және басқада әңгімелерін, повестерін, романдарын көркемдік құндылығымен, бейнелеу үлгілерімен тілдік, байлығымен әдемі аударсақ, әлі-ақ әлем оқырмандары ғұлама суреткердің асыл қазынасына құлшына деп қояды.

Эпопеяның көркем де келісті, керемет тілі туралы «ақын туралы ақын жанының нәзік құлпырған ғажап құбылыстары туралы тек ақын ғана осылай жазуы мүмкін!» деген танданысын Б. Матип те сүйсініспен жеткізеді. [18. 135.] «Абай жолының» толық мазмұндық көркемдігінен, халықтың бейнелі де бояулы тілінің байлығы жарқырап тұр. Расында да, авторлық баяндауда ғана емес, монологтарда, диалогтарда өрнегі өзгеше, бояуы, бейнелі де мәнерлі, әдемі тіл төгіліп кетеді. Кей сәтте түйдектеліп, тиянақ таппайтын арыны зор, сарыны сырлы поэзия тілінің айшығы жалт-жұлт жайнап шығады.

Ой пікірлердің ортақ арнасы – осынау ғаламдық ғаламат кітапты поэзия тілінде жазылды деп бағалауы. Бір қызығы мұны әдебиетші де, ғалым да, жазушы да, ақын да айтқан, әрқайсысы М. Әуезовтің эпопеясының көркемдік әлемінен алған әсерін осылай түйіндеген.

Башқұрт әдебиетінің классигі М. Кәрім Мұхтар Әуезовке жолдаған хатында «Мен Сіздің «Абайыңызды» сүйемін, оған қайран қаламын. Ол қазақ халқын асқан ақындық шабытпен ашып берді» деп эпопеяның ерекшелігін айқындап көрсеткен. Мұндай кітаптар арқылы халық өз бойында соны қасиеттерді тәрбиелейді. Абайдың маған қымбат болатыны, ол мені туған халқым туралы әлемге кеңірек, тереңірек, батылырақ сыр шертуге шақырады» деп әсерін ілтипатпен білдірген.[3] Башқұрт әдебиетінің ірі өкілі осылай толғанады. М. Әуезовтің «Абай жолын» оқыған әрбір басқа ұлт жазушысы (әсіресе, шығыстыкі) нағыз ұлттық туындының болмыс-бітімін байқап қайран қалады. Советтік партиялық ұстанымдардағы әдебиетте ой еркіндігі, қалам еркіндігі тежелген кезде табандылықпен жазылған керемет классикалық туындыдан тың ой түйді, жаңа ерекшелік айқындады.

«Абай жолын» французша аударған Луй Арагон да романға танданысының арта түскендігін де жасырмайды. «Арманның өзгеруі» мақаласында М. Әуезовті советтік тарихи романның шеберлері А. Толстой, Ю. Тынянов, Айнимен қатар атайды. Арагонның бағалауын француз журналистері де жалғастырды. Клод Фрио роман «класиканың маңыздылығын меңгерген» дейді. М. Әуезовтің оқырмандарға танылуына Ж. Марр мен П. Гошер аударып, суретімен қоса жариялаған «Өмірбаяны» да үлкен рөл атқарды. Француздар Әуезовті ғалым, тарихшы, линг-

вист, прозаик, драматург сияқты сан қырлы суреткер әрі советтік ең ұлы жазушылардың бірі деп таныды. Ал Арагон М. Әуезов шығармашылығын әлемдік әдебиеттің алғашқы қатарына қойып, романды ХХ ғасырдағы әлемдік маңыздағы кітаптар санатына қосты. Кітап шыққаннан кейін де Луй: «Мұхтар Әуезов... біздің уақыттың ұлы ақындарының бірі» деген лебізін білдірді.

Расында да француздар поэзияны прозамен аударатындықтан да, туындының өнбойында өрілген өлеңдік үлгілерді де жете сезінген. Абай өлеңдерімен, әндерімен танысқан, Қазақстанда болып қайтқан Арман Гатти де «Абай өмірбаяны орасан зор көркем полотноға» айналғанын, кітаптан алған әсерін «... өткен бірнеше жүздеген жылдарды кейін қалдырып, кейіпкерлермен бірге шалқар даланы кезіп жүрген көшпенді қазақтай сезінесін, бірде жанталасқа енсең, бірде болашақтан әлде бір үміт сәулесін іздеуге ұмтыласың» деп тебірене толғады.

Әдеби сыншы Режи Бержерон да «Мұхтар Әуезов – жанымен ақын. Ол суретші тәрізді өз даласын, өз тауларын және өз елінің адамдарын қайта сомдайды. Әуезов үлкен эпик ақындай біздің алдымызда бір-біріне қарсы шыққан дау-жанжалдардың картинасын ашып береді. Әуезовтің үніндей сондай ұлылық пен махаббат үнімен жырланып отырса, бақытты халық болғаны да» деп бағалайды.

Жан Спанчаро «Қытайдан Каспий теңізі жағалауына дейін келіп жатқан осынау киыр дала туралы, Франциядан бірнеше рет ауқымды Қазақстан туралы бізге не белгілі?.. Міне енді біз бұл халық туралы кітаптан, алайда не тарих, не география бойынша кітап болып табылмайтын, алайда өзін роман арқылы көрсететін кітаптан біліп отырмыз» – деп биік пайымдады. «Өткен күндерді – ащы да баурап алатын жұпарына толтырған Мұхтар Әуезовтің тарихи романы тұтасымен болашаққа ұмтылған» деп тағы бір қырын даралайды.[37] Әлем әдебиетінде шоқтығы биік француздық әдебиеттанушылар мен қаламгерлердің пікірі бір-бірінен өзгешеленіп тұрады.

А. Стиль «ең бастысы бұл адам бостандығы мен ұлылығын және өткенді шеберлікпен жеткізетін романның бір қыры Гомерді еске түсіретін айқын стиль мен сөз орамдары» – деп бұл ойын білсе, «Кітапта басты рөлді жырлар айтпайды. Біз ақындар еліндеміз. Бұл роман поэтикалық сайыстар мен ғажайып мақалдар

өлкесі туралы роман... адамның жасай алатын ең асқақ та сұлу дүниесі жыр болса, роман осы сипатымен ерекшеленетінін көрсетеді» деп таңданады[37]. Бұл – М. Әуезовтің сан құбылып, төгіліп тұрған керемет поэтикалық мәнерлі тіліне деген сүйсініс.

Ита Гассель кітаптағы махаббат, адамгершілік тарихы мен керемет пейзаждың және өмірдің Абайды ұлы ақын жасағандығын атай келе, «осыны оқырмандарға нәзік атмосферасымен жеткізген» аудармашыларға да алғысын жолдайды [37].

Әттең, француздар қазақ тілінен аударғанда әйгілі эпопеяның күдіреттілігіне құштарлығы арта түсер еді. Өйткені, талантты аудармашы Ғ. Мұқанов аударған «Қилы заман» француз оқырмандарын ықыласқа бөледі. Толық құндылықта, шынайы тәржімаланса, М. Әуезовтің «Абай жолы» жаңа ғасырда өзінің тағы да өміршең құндылығын, қазақ әдебиетінің қуатын әлемге тағы бір паш етер еді. Набоков, Фолькнер, Хемингуэй тәрізді американ әдебиетінің классиктерінің шығармаларын зерттеп талдаған мәскеулік танымал әдебиетші ғалым А. Анастасьев «Абай жолы» романы әлем әдебиетінде өзінің лайықты орнын алып, еркін сезіне алады» деп бағалай келе, орыс тіліндегі тәржіма сапасының төмендігіне қынжылыс білдіреді. [38].

Расында да, біздің бағымыз – «Абай жолының» жазылуы, сорымыз – осындай әлем әдебиетінің әйгілі туындысын ел болып, көркемдік-эстетикалық мазмұнымен, тілдік байлығымен бейнелеу сұлулығымен түпнұсқалық құндылықта аударма алмауымыз. А. Кимнің аудармасы бірқатар кемістіктері болса да, бұрынғы ұжымдық аудармаға қарағанда табысты шыққан. Бірақ бұған мастануға бола қоймас, өйткені ағылшын, неміс, араб, испан, т.б. тілдеріне тікелей аудару керек.

Әдебиеттің барлық талап-шарттарына сай жазылып, барша халықтың мәдени өмірінің жарқын құбылысына айналып, адамзаттың ортақ қазынасына қосылған классикалық туынды көркемдік ашылым ретінде әр уақыт сайын өзінің жаңа қырынан мойындата береді. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы түпнұсқадай көркемдік мазмұндық, мағыналық-стилдік сәйкестігімен, тілдік бейнелілігімен, байлығымен, баламалы аударылуымен өзінің өлшеусіз қымбат құндылығын тағы да қасиеттей түсері анық.

Көрнекті жазушы З. Шашкин «Мұхтармен кездесулерім» атты очеркінде «Мұхтар Әуезов, қазақ прозасында бұрын ешкім

басаған тақты игерді» – деп әдебиет әлемінің жаңалығы ретінде сезінді. Ол досы «Абай» колхозының төрағасы А. Ивановпен әңгімелескенде: «Окымын да тамашалап, танданам. Ғажайып. Ал осы кітап ана тілінде қалай оқылатынын айтшы?» деп романның көркем мазмұны мен тамаша тілінен алған әсеріндегі таңданысын жасырмады [3]. Шындығында, «Абай жолының» аудармасын түпнұсқасымен қайта салыстыра бір оқып көріңізші. Сюжеттердің тартымдылығы да, суреттемелердің сонылығы да, бейнелеулердің қайталанбас бояулары да, тілдің байлығы мен сұлулығы да, ойдың тереңділігі де ана тіліндегідей сезілмейді. Ғұлама ғалымдар, атақты қаламгерлер ғажайып эпопеяның ғаламат көркемдігіне танданып әрі сүйсініп, қаншама парасатты пайымдауларын білдірді. Аудармада туындының талай тамаша құндылықтары кеміп кеткені де белгілі. «Абай жолын» түпнұсқада тұшынып, түсініп, түйсініп оқып, қабылдағандай аудармасы сол биіктен табылса игі. Барға қанағат етсек те, әрі қазір кітап құндылығы мен қасиеті түскен кезде, «Абай жолын» М. Әуезов қаламының кереметіндей, түпнұсқамен сәйкестікте бірқатар шет тілінде сөйлесек, адамзаттық эпопея қазақ халқын таныстырудың заманауи жаңа қуатты құралы болар еді.

Ш. Айтматов әрбір кездесуде сөйлеген сөзінде, әр мақаласында, сұхбатында ұлы ұстазы, талантты тәлімгері Мұхтар Әуезовтің есімін айырықша атайды. Тіпті «Қилы заман» повесі кеңестік идеологияның керітартпа саясатының кесірінен жабық күйінде қалған» деп алғаш «Новое время» журналында жарық көргенде де қуанышын алғысөзде білдірді. Ол «Абай жолы» туралы әр уақытта да сүйсіністі лебіздерін айтты. Соның бір куәсі мына бір тұжырымдауы: «Абай» эпопеясы біздің көркемдік және әлеуметтік энциклопедиямыз. Бұл – біздің ортақ мандатымыз, біздің ұлан-байтақ Евразия кеңістігіндегі бүкіл бастан кешкен заманымыз үшін, біздің қайғы-қасіретке толы тарихымызда бастан кешіруге тура келген бүкіл тауқыметіміз үшін, өз қазынамыздың жүйесін, өзіміздің көркемдік және адамгершілік дүниемізді, өзіміздің ұлы поэтикалық сезімін жасап қол жеткізе алған бүкіл игіліктеріміз үшін берілген есеп. Әуезов біздің осы мағынада алғанда жалпы жұрт үшін маңызды көркемдік тарихи ой-пікірдің дүниежүзілік деңгейіне көтерді. Дүниені көз алдына келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының кадр-қасиетін асқақтата көтеріп, жар

салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болу керек. Біз еліміз жайында Мұхтар Әуезов көтерілген биікте тұрып ой түйеміз және басқа халықтармен сол биік арқылы араласамыз». [3].

Қырғыз классигі атақты шығарманы түркі тілдес халықтарға ортақ құндылық санайды. Расында да «Абай жолы» әлем әдебиетшілерін, оқырмандарын мойындатқан кезде, өзбек, тәжік, түркімен ақын-жазушылары да оның жетістігіне өз ниеттерін жеткізді. Өз уақытында және кейіннен айтылған мәнді пайымдаулар, жүрекжарды тілектер де жетерлік. Соның бірінде академик М. Шукуров тәжіктер мен тәжік әдебиеті үшін М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының үлкен маңызы барын, ондағы бейнеленген оқиғалар мен мінез-құлықтардың тәжік халқына да жақындығын айтады. Зерттеушілер туындының биік көркемдік құндылығы тәжік халқын тәрбиелеуге белсенді рол атқаратынын, ондағы адамгершілігін мәселелерінің айрықша ықпалын бағалайды [3. 64.].

Осынау жарқын лебізде әйгілі эпопеяның ел жүрегін елжіреткен елеулі еңбек екендігі ерекшеленіп тұр. Бұдан Шыңғыс Төрешұлұлы да туыстық тілегін тебірене тоғыстырады. Ол «Әуезовтің күдіретті талантынан туған тамаша шығармалар даланың ақ арай таңындай жайнап, қазақ халқымен қатар қырғыз халқын да шүлен шұғыласына бөледі» деп классикалық романға ризалық ниетін білдірді. [3]. М. Әуезовтің сан салалы шығармашылық қызметіне шат сезімімен шынайы ықыласын жолдады.

Өзбектің көрнекті жазушысы Л. Каюмов, «Әуезовтің тамаша таланты ауыл мен дала өмірін бұдан бұрын ешкім суреттеп көрмегендей әдебиетіміздің көптеген картиналармен байытты. Ол оны Абай өміріне соншалықты сүйіспеншілікпен жеткізгені сондай, адамзат есінде мәңгілік жатталып қалды. Жазушының эпопеясы бұл туған халқына және оның дана перзенті Абайға арналған ең жақсы ескерткіші» – деп романның дара бітімін бағалайды. [3].

М. Әуезовтің бейнелеу, бедерлеу бітімі бөлек. Ой жүйріктігі, қиял шалқарлығы, сезім сұлулығы, елестету кеңдігі, таным тереңдігі бәрі де эпопеяның көркемдік әлемінде айқындалып тұрады. Сыршыл да сұлу суреттер бояуы қандай қанық, ажары қандай ашық. Ол кітаптағы Абай өміріне сүйіспеншілікпен енгізілуінде ғана емес, елге, жерге талантқа деген зор құрметінің айырықша белгісі. Қазақ халқының өмірі эпопеяда көркемдік сипатта шынайы көрінген.

«Абай жолы» қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстарды, елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынап отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты қараңғылықтан жарыққа сүйреді» деп академик С. Қирабаев ұлы ақынның ел өміріндегі алуан асыл істерін айқындап көрсетеді [39]. «Абай жолында» осы айтылған тұжырымдарды түгел таба аламыз. «Абай жолындағы» көтерілген ең елеулі мәселелердің бірі – халықтың әлеуметтік жағдайы, патшалық отарлық үстемдіктің халыққа көрсеткен түрлі қиянат қорлықтары, елді қатаң билікті ұстаудағы алуан айла-амалдары, зорлық-зомбылықтары сол қоғамдық құрылыстағы басты сипаттар ретінде көрінеді. Атақамінерлер мен болыстардың сайлауға түскендегі партия болып жік-жікке бөлінген алауыздығы, жауыздықтары да сол кезге тән көрініс. Қарапайым халық басына төнген ауыр азаптары, кедейшілік, күн көрістің қиындықтары заман шынайылығында сипатталған. Эпопеяның көтерген жүгі зор. Басқа да елдік мәселелердің түйінін табуға тырысқан тартыстар қаншама.

Қазақстанның халық жазушысы Ә. Кекілбаев роман эпопеяның көркемдік құндылықтарын кесімді бағалаған: «Тек түркі тілдес әдебиеттерде ғана емес, күллі Шығыс әдебиетінде бүгінгі әлемдік кітапхана да ұлттық болмысты ғана емес, көшпелі өркениет пен шығыстық психологияны, оның философиялық төркіндері мен әлеуметтік астарларын «Абай жолындай» кең қарымды жеткізген басқа шығарманы әлі күнге таба алмайсыз. Ол тек эстетикалық сындарлығымен ғана емес, әлеуметтік өрнегімен де батыс классикасының ең үздік туындыларымен үзегілес тұра алады» [26].

Шын мәнінде жоғарыда есімдері аталған әлем әдебиетіне әйгілі классиктердің қай-қайсысының да шығармалары көркемдік әлемімен, тарихилық табиғатымен ерекшеленгенімен, қанша бай материал пайдаланса да, «Абай жолынан» озып кете алмайды. Өуезовтің көркемдік әлемі кейде соларды он орап кетеді.

«Абай жолы» қазақты әлемге танытып қана қойған жоқ. Ең бастысы, қазақ халқы «Абай жолы» арқылы өзін тереңірек түсінді,

жақсырақ таныды. Өзінің адамзат қауымындағы өзгеше болмысын қадір-қасиеттерін пайымдады» деген Ә. Кекілбаев байламы да эпопеяның маңызды көркемдік ерекшелігін айқындайды. [26]. «Абай жолынан» кейінгі қазақ әдебиетіне келген қаншама талантты туындылар бар. Сөз жоқ, ғаламат эпопеяның ұланғайыр әсері ұлт әдебиетінің толассыз дамуына әкелді. Әуезовтің көркемдік әлемінің көкжиегін барған сайын кеңі берді. Ол әлемдік әдебиеттің көкжиегіне тұтасып кетті.

1942 жылы «Абай» романының бірінші кітабының шығуына байланысты көрнекті әдебиетші ғалым А. Нұрқатов: «өзінің терең патриотизмімен, халықтығымен тарихи дамудың өршіл тенденциясын тап басып, дәл көрсеткендігімен және ғажайып көркемдік қуатымен бүкіл әдеби қозғалысқа ерекше зор ықпал етті», – деп зерттеуінде айрықша атап өтті. [7].

Расында да ол ұлттық әдеби қозғалысқа ғана емес, орысша аударылуымен советтік одақтас республикалардың жас әдебиетіне де берік бағыт берді. Жазу өнерінің жаңа үлгісін көрсетті. Әлемдік әдебиеттің классикалық үлгілерімен теңдесетін мұндай бітімі бөлек, кең қарымды шығарма сол кезде сирек те, санаулы еді.

М. Әуезовтің «Абай жолы» қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейге көтерілу мүмкіндігін көрсетті. Ұлттық прозаның, әсіресе, тарихи роман жанрының жарқын да жаңа үлгісі ретінде қаламгерлерімізге шығармашылық серпіліс берді. Қазақ тілінің сұлулығы мен байлығы тұнып тұрған туындының тәрбиелік тағлымы да, ғылыми танымы да зор еді. Мұны байқаған жазушылар да, ғалымдар да пайымды пікір білдірді. Академик жазушы Ғ. Мүсірепов: «Абай» романдары қазақ кеңес прозасының қалыптасуына көмектесуімен бірге, шығарма алдына қойылар талап дәрежесін жаңа бір биікке көтерді. Жазушылық өнерден үміті бар жасамыз да, жасамысымыз да «Абайдан» үйрене де, сүйсіне де отырамыз» «Әдебиет және искусство» журналында [1954 ж. №11] ұлттық проза туралы мақаласында ақиқатын айтты.

«Абай жолының» үшінші кітабы 1952 жылы жарық көрсе, төртіншісі 1956 жылы жазылып бітті. 1959 жылы екі кітап үшін автор Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. Совет әдебиетінің ең биік атағына ол кезде санаулылардың санаулысы, саңлақтарының салмақтысы ұсынылғанымен, көркем шығарма талай талқыдан, небір електен өтіп барып, мәртебе тұғырына кө-

теріледі. М. Әуезовтің «Абай жолы» қазақтың ұлы ақынын, ой-шыл данасын тағылымды туындысын кеңбайтақ даламыздан жер жиһанға даңғыл жол салды. Әдебиетіміздің бағы көтерілді. Түгіміз жоқ деп түлейленіп тұратын түйсіксіздерге танымдық түрткі болды. XX ғасырдың 2-жартысынан бастап қазақ әдебиеті жоғалғанын жаңа тапқандай, соны леппен, жарқын бағытпен, қарқынды дамуымен өрлей бастады. Ғажап туынды арқылы М. Әуезов десе Абайды ауызға алатын болды, Абай десе қазақты құрметтеп атайтын болды. Абайы бар қазақтың абырой-айбыны да барын, Мұхтары бар халықтың сөз өнерінің мықтылығын, мәдениет, тарихының теренге тамыр тартқанын сезіне бастады. Егерде бүгін қазақ әдебиеті әлемдік мәдениетте талай мемлекетті мойындатса, бұл сөз жоқ М. Әуезовтей ұлы таланттың, ғұлама ғалымның, кемеңгер суреткердің ұлағатты, ұланғайыр еңбегінің нәтижесі. Әлем әдебиетінде Әуезов әуелей береді, әуелеп келеді әлі. Өйткені, ол – көркемдік кеңістігіндегі, көкжиегіндегі жарығы зор, жарқын да жасампаз жұлдыз. Сөз өнерінің мәңгі өлмес өміршең өнегесі. Әлемнің әйгілі Әуезові, ұлтымыздың мерейлі, мәртебелі мақтанышы, мәңгілік Мұхтары.

ТАРИХИ ТУЫНДЫНЫҢ ТӘЛІМДІК ҚЫРЛАРЫ

2.1. Сыйластық пен әдеп әлемі

О. Уайлд «Әркім тарихты жасауы мүмкін. Тек ұлы адамдар ғана оны жазуға қабілетті» деп тұжырымдағандай, Абайдың заманын, бүкіл бір қоғамның тарихын, әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс-кәсібін, мәдениеті мен өмір дағдыларын, тәлім-тәрбиесін, таптық күрестер мен билік арасындағы тартыстар, халық тағдырын аяққа басуы, патшалық өкіметтің отаршылдық, озбырлықтарын, бай-болыстардың зұлымдығы, елдікке, бостандыққа деген ұмтылыс нышандары М. Әуезовтің төрт томдық тамаша туындысында қат-қабат өріліп отырады. «Абай жолының» талдап, таразылар, бағалар бір ерекшелігі – ұлттық тәрбиенің туындыда халықтың ежелден қалыптасқан ізгілік мектебі, өнегелік қағидалары, адамгершілік мәселелерінің үнемі көтерілуі. Үлкен туынды атауы – «Абай жолы». Бұл ұлы жол – оның азаматтық болмыс-бітімінің қалыптасуы, айналасындағы адамдардың ықпалымен, әр ортаның тәлім-тәрбиесімен сана-сезімі, ой-өресі өсуі сан салалы соқпақтармен тармақталып жатыр. Абай жолы – оның акындық дарын-талантының үздіксіз шындалу жолы немесе күрескерлік, қайраткерлік тұлғасының ширығып, шындалу жолы ғана емес, бұл адамгершілік-имандылық келбетінің кемелденіп, кемеңгерлікпен ұштасуына дейінгі ұзақ та ұлағатты, қиын да қилы жол.

«Абай жолының» тағылымдық тамаша бір қыры – адамгершілік құндылықтар мен имандылық қасиеттері дәріптеледі. Адам бойындағы жат қылықтарға, жағымсыз әдеттерге қарсы қойылады, шынайы бейнеленеді. Бұл өмір заңдылығы десек те, оқырман, ең алдымен, қоғамдық түрлі жағдайларды көріп, біліп өскен, рухани жетілген жас Абайдың алуан жарқын ұмтылыстарын сезеді. Ең бастысы ақынның кісілік келбетін таниды.

Абайдың Семейден оқудан ауылға оралғандағы эпизодтта тәлім – тәрбиесі, ізгілік өнегелері көрініс тапқан.

Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып.

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ынғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырлылық мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды [40. 9].

Балаға қашанда ана жақын. Алайда әке – басты тұлға. Абай алдымен анасы Ұлжанға қарай беттегенде ниетін сезінген анасының әкесіне сәлем бергізуі де ежелден келе жатқан дәстүр. Ананың «шырағым балам» деген жылылық мейірімінің өзі де тектілігін, аталы, ардақты жердің қызы екендігін көрсетеді. Авторлық баяндау арқылы жазушы Абайдың салқын сабырлылық мәнін ұғып, әкесі Құнанбайға амандасу әрекетін жеткізеді. Қанша айтқанымен елден жырақтап, жатжерде, қалада оқып келген баланың тосырқап қалатыны да анық. Абайдың шешесіне қарай жақындауының тағы бір сыры – жасынан әже тәрбиесін көріп өскендігі, шежіре көңілден ертегілер мен аңыз-әнгімелерге, өлеңдерге, тарихи жырларға қанықкандығы.

«Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген» – бәрі де айтылды. Оның әнгімелерін түсте де, кешке де, тіпті, көш бойы да Абай айтқыза беретін болды».

Бұл сөйлемдерден Абайдың әжесінің ертегісіне қызығуы, құштарлығы байқалса, сонымен бірге білуге түйсінуге деген айрықша ынта-ықыласын да байқатады. Ақын сөзімен айтқанда «білмекке құмарлық» – Абай болмысындағы ерекшеліктердің бірі

«Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол осы ел ішінде Зеренің жасынан бергі көргені, естігені жайында әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты...» [40. 41.].

Өсе келе Абайдың әжесінің көрген, естігені туралы әңгімелер тыңдауы мен ел, жер тарихына, халқының өткеніне қызығушылық сезімін қалыптастыруын сезінеміз. Халық басынан кешкен тартыс, шабыстарды естіп, білу арқылы Абайдың өз ортасына, айналасына белгілі бір көзқарас орнықтыруы аңғарылады. Яғни, Абайдың ақындық қабілет, дарынының түлеуіне, әжесі Зеренің зеректігі мен зерделілігі айырықша ықпалын тигізген. Абайдың ақындық дарынының шыңдалуына әжесі Зере мен анасы Ұлжанның ұдайы ел тарихынан, ел ішіндегі түрлі оқиғалардан, өткеннің өнегесінен хабардар етуі әрі ел ішіндегі білімдар көне көздермен әңгімелесуі зор ықпалын тигізген.

«Тағы бір күндер Мамыр, Енліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол көбінесе өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, білдірмей сақтап жүрген зейініне таңқалады.

Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып береді» [40. 41].

Әжесі ескінің естен кетпес әңгімелерімен баурап алса, анасының өлең-жырмен, айтыспен, өсиет, әзілдермен ауыз әдебиетінің жанрларымен ой-санасын жетілдіруі де, яғни дәстүр-салты бай елдің әдебиетінің байлығынан, асыл қазыналарының алуан түрінен нәр алғандығын сезіндіреді. Бір жағынан Абайдың әдебиетке құштарлығын оятқан рухани мектеп іспетті.

«Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білген ең бір сұлу, ең бір әсерлі күшті жыры осы еді». [40. 42]. Бұдан зерек ұғымтал баланың эпостық мұраларға ден қоюы, батырлық жырлармен рухтануы Абайдың жыр оқиғасына деген қызығушылығы, кім шығарғанын білгісі келуі, жыр тарихымен танысу ниеті көрінеді. Абай анасынан, әжесінен және ел аралаған ақын-жыршылардан ауыз әдебиетінің небір құндылықтарына бала кезден құмартумен бірге, ақындық талантын шыңдаған.

Осылайша ақындық мектептегі алғашқы қадамдарын бастаған. Ол әжесі Зеренің ақылын тындап, небір аңыз-әнгімелерін көкейге түйіп өсті. Есейген ержеткен шақта да үнемі әжесін есіне алуы да Зеренің парасатты болмысына деген сүйіспеншілікті сездіртеді.

Ата-ананың балаларын тәрбиелеуі – эпопеядағы ұлттық педагогиканың басты ерекшелігі болып табылады. Ана мен ұл қарым-қатынасы, баласының әже, ана сөзіне құлақ асуы, ақылын тындап, қате-кемшіліктерін айтса, түзеуге ұмтылу әрекеттері нанымды, танымды, тағылымды қырларымен бейнеленеді. Абайдың анасына деген махаббаты тұла бойына адамгершілік ізгілік қасиеттерді тоғыстыруынан айқындалады. Зере мен Ұлжанның аузынан небір өткеннің асыл мұраларын тындап өскен перзенттің тағы бір тағылымды қыры – ер азаматқа тән емес, жамандықты бойына жолатпау. Соның бірі әлде бір айтылған артық сөздерді өз ішінде қалдыру. Арадағы татулыққа еш кір келтірмеу.

«Абай бұл шешесімен дауласпайды. Айтқанын үндемей салқын ғана тындайды да, сол арада ұмытуға тырысады. Өйткені, шешесі Күнке айтқанды, оның баласы Құдайбергенді айтпайды. Ол әрқашан Абай келгенде қуанып қарсы алып, аса қатты бауыр тартады. Күнкенің сөздерін Абай өз шешесіне жеткізген емес...» [40. 165.] деп оны Ұлжанға айтпай іште сақтап, онашада әжесімен ақылдасады, әжесі ешкімге білдірмейді. «Күндестік деген сұм мінездің ызғары ғой!» деген Зере сөзі – зердеге түйетіндей ой кесімі. Осыдан ақ аналардың бала тәрбиесіне ерекше мән бергені және кез-келген сөзді бірден – бірге айтып, сол арқылы бір-бірін араздастыру сияқты жат пиғылдан бойын аулақ ұстауы байқалады. Ақынның бала шағынан мінез ірілігіне, ізгілік өнегесіне тәрбиеленгендігін сездіртеді.

Абайдың білмекке құмарлығы, әр нәрсені зерделеп көңілге тоқуы атшабар Қарабаспен кездесуде көрінеді. Жазушы мұны «Бұл жөнде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен. Сәуір – бұл айдың арабша аты. Қазақша мамыр. Одан соң маусым... Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды» деп баяндайды.[40.106]

Абайдың арабша ай аттарын білуге ынта-ықыласын, сол арқылы ана тілінің ерекшелігін сездіртеді. Көкірек көзі білмекке құштарланған талапты жастың сауалы мұнымен тынбайды.

«Осы отамалы» немене? Не деген сөз өзі? – деп, сұрауымен бірге, автордың сөзімен баяндасак:

«Осыдан соң: Айдың тоғаны» деген не? «Өліараның не мәні бар? «Қыркүйек неден қойылған? Абай осыларды да сұрастырып, көп қызық әңгімелер есітті» [40. 106.].

Осының бәрі де Абайдың зейін, қабілетін шыңдап, өлең жазу үшін көп білу қажеттігін ойға түйгендігін байқатады. Ай аттарының зердесіне тоқуы арқылы жазушы жас талапкердің білімнің бір көзі халықтың өзінде екендігін дәлелдейді. Абайдың ақындық дарынының қалыптаса бастауының нышаны ретінде Байкөкшемен батыл жыр қақтығысына түсуімен көрсетеді. Және Абайдың сирек кездесетін қауындап сөзін қолдануымен ойын, сөздік қорын байытпа түскендігін де байқатады.

Абайдың қатты дауыстап:

Ойпаң жерге қауындап шөп бітеді,
Кей жігітке мал мен бас көп бітеді –

деп өлеңдетуіне Байкөкше жауабы:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсақ,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді... [40].

Байкөкшемен осылайша қаймықпай өткір жыр жолдарымен қақтығысуы Абайдың тұла бойындағы ақындық қабілетінің ұштала бастауы. Екі жол өлеңде елдің жағдайын, билік басындағыларын тілге тиек етсе, Байкөкше оның ойын ұғынып, мағынасын ашып, айқындап жеткізген.

Байкөкшенің болыстарды сынаған өлеңіне Тәкежандар кеңесін білдіргенде «ел көргенді бірге көріп, ел айтқанды бұрын айта тын сыншы болар!» деп қостауы да ниеттестігін аңғартады.

«Абайға ағашты таулар қазірде ақ шидемін айналдырып киген, қыс көрінің өзіндей көрінді. Шытқыл аяз бар. Терісінен ескен болымсыз ғана жел лебі білінеді. Абай түлкі тымағының бауын байлап бастап, әжесін есіне алды. Жүрерде, тұмағыңның бауын байлап жүр. Құлақтан тиген шаншу жаман болады. Көресіні көріп отырмыз ғой, міні» деп, өзінің мүгедектігін мысал еткен. Суықтан сақтана жүруді көп айтқан» [40. 97.].

Қыстың қысқаша суреттелуде акынның «Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» деген жыр жолдарымен мазмұндас. Таудың табиғатын сипаттау мен Абайдың түлкі тымағының бауын байлауды сабақтастыруы әжесінің суықтан сақтандырған ескертпесін есіне түсіреді. Айтушы әжесінің қамқор ниетін Абай ойына салады. Мұнда әжесінің немересіне деген мейірімі, қамқорлығы сезіледі. Балалық шағымызда талай көзіміз көрген ақ кимешекті әжелеріміз алдыдан шығып амандасқаннан кейін, тұлға-тұрпатымызға көз салып, әлдебір ескертулерін жасайтын, ақылын айтатын, мінеп те алатын. Әрі Зере әжесінің өзінің мүтедектігін мысал етуі – денсаулыққа жасынан көңіл бөлгізуі. Осынау эпизодтан әже мен немеренің арасындағы жарасымды қатынас та өрбіген. Бір жағы бұл көшпенді халықтың туған табиғаттың сырына ежелден қанықтығын әрі өз денсаулығын күтудің қам-харекетін жасап келгенін де аңғартады.

Абайдың балалық шағын суреттеуде автор адамгершілік қырларына тоқталады. Кейбір балалық мінез-қылықтары да болашақ акынның өсу, есею кезеңдеріне тән ерекшелік ұғымында берілген. Жиреншенің Абайға қойған аты – Текебай тентек. Осынау әзілдік сипаттағы есім Абайдың балалық мінез бітіміндегі ерекшелікті тап басып танығады. Кез келген балаға тән еркелік, тентектікті тізбелеп көрсетуден гөрі, оның есею, ержетуге ұмтылыстарын қасиеттерін, дағдыларын көрсетуді көздесе керек. Мұның өзі Абайдың жас шағынан өзгелерден болмыс, табиғатының даралана түсуін айқындайды. Балалыққа тән кейбір қылықтар көркем қиялдан туындаса да, өмірлік шындықпен үйлесім тауып отырады.

«Жасы Абайдан кішірек болса да, Есентай Абайға сен деп сөйлейтін. Атын әсте «Абай» демей, «Ыбырай» деп атайтын осы Есентайдан шыққан мінез-ді. Бұның үлгісімен соңғы кездерде Абайды Оразбайлар да, барлық араз топтарымен «Ыбырай» деп, «Құнанбайдың Ыбырайы» деп атайтын [41. 356].

Мұнда бір авторлық амал жасалған Абайдың шын аты – Ибраһим. Пайғамбар есімі Ыбырай деп бекерге атамағанын көрсетеді.

Сармолланың аузынан Абай атына айтылған сөзде оның есімінің Ибраһим екендігін ілтипатпен, құрметпен ауызға алуы да халық ішіндегі абыройының, қадірінің арта түскенін білдіре-

ді. Хазіреттің Абай туралы білгісі келгенде ол: «Мырза, сіз менен Абай жайын сұрадыңыз. Мен ол кісіні білмейді деп ойлаған шығарсыз сізге мағлұм болсын мен Ибраһим мырзаның қазақ халқына ұстаздық, өсиет етіп жазған сөздерін де білемін. Және аса зор құрметтеймін. Ол заманымыздың асылзада адамдарының бірі деп білемін» деп жауап береді [41. 315.]. Бұл – Абайдың ағартушылық ұстаздық, азаматтық келбетіне қызметіне берілген бағалау.

Абайдың жасынан әжелерінен, ата-анасынан бойына сіңірген өмірлік өнегелерін, әдептілігін, адамгершілік қасиеттерін жазушы әр қырынан айқындайды. Абайдың айрықша бір ізгілік ерекшелігі – үлкендерге сәлем беру әдеті. Бұл Ескожа ауылына барғандағы сәлемдесуінен көрінеді. «Өз ауылындай, Абай ауылының бар үйін жағалай аралап, үлкендеріне сәлем беріп, бірталайдан соң қайта оралып келді» [41.437].

Абайдың үлкендерге сәлемдесіп біраз уақыттан кейін қайта оралуында мән бар. Әрқайсысының денсаулығын, отбасылық жағдайын сұрап қана қоймай, уақыт бөліп аз да болса әңгімелесіп қайтуы – мықты тәрбие негізі. Ескожа ауылындағы Үмітейдің ұзатылуына бару қажеттігін қозғаған да Абай. Өйткені тойға Әмірдің бастауымен салдардың келетіндігінен хабардар. Абайдың бұл ауылға келуінің ерекшелігі баяндалмайды. Автор ауылға келгенде Абай алдымен не істеді деген мәселеге тоқталды.

«Абайлар әуелі той қылып жатқан ауылдың үлкен үйіне кіріп Ескожаға сәлем беріп, «қайырлы болсын» айтты. Асты да осы үйден ішкен» [41.437].

Ауылдың үлкен үйі, той иесі Ескожаға сәлем беруден бастап, одан кейін тойға келген қауыммен жүздеседі. Асты да сол үйден ішуі – үлкенге құрмет белгісі. Осы бір сөйлемдерде Абайдың жасынан әже-анасының айтқан ақыл-кеңестерін зейінімен тыңдап, көкірегіне зерделеп өскенін, жақсы тәлім-тәрбие алғандығын айғақтайды. Абайдың сәлем берудегі ізгілігі өз алдына, әркімнің хал-жағдайын, денсаулығын сұрап ілтипат танытуы, жөн-жобаны жақсы білетіндігі. Автор Абайдың саналы, әдепті, ақылды, парасатты азамат болып өскенін өнегелейді.

Тәкежан мен Қаражанның ұлы Өзімбай Семейден келе жатқан жолында алдынан шығып, анасының «Базарлығын қимай өткен несі!» деп кейіп, реніш, назын білдіргенде, әрі шешесінің зілімен

Абайларды мұқатқандай кекесін жүзін білдіріп, атының басын іріккенде, ақынның ілтипатын, көргенділігін, кісілігін автор әдемі баяндайды.

«Қатарласып келген Әзімбайға ол ағалық жылы жүзбен сөз қатты.

– Қарағым, қалқам базарлық болса, осы арбадағы тәттінің бәрі сенікі болсын. Өзің бізбен ере жүріп, біздің ауылға қон да, таң ертең бәрін алып қайт. Әкең мен шешеңе бүгін амандаспай бара жатқаным – күн кешкіріп кетті. Алдымызда бәріміздің де үлкеніміз – үлкен шеше мен әке бар. Ауыл жатпай тұрып, ең алдымен соларға сәлем бермекке асығып келем. Ол бір бөлек сөз! – деп, Баймағамбетке атты біраз ақырын жүргізді. Арбаның салдыры бәсеңдеген кезде, балаға тағы біраз сөз айтты» [40. 324.].

Абайдың үлкендердің өнегелі тәлім-тәрбиесін алғанын осынау сөздері айғақтайды. Алдымен үлкеннен бастап, бұрынғының дәстүрін сақтап, әркімнің жолына қарай сәлем беруге ниеттенгенін көреміз. Базарлық дәметкен Әзімбайдың да көңілін тапқандығы – Абайдың ақылдылығы, парасаттылығы.

«Әбдірахман жол жүрер алдында, Абайдың үстіне кіріп, қасынан қымыз ішіп, жеңіл шапан, қазақша тымақ киген қалпында енді жүруге бейімделіп отыр» – деген жазушы сипаттамасында Әбіштің әкенің ұлағатты тәрбиесін алғаны білінеді. Абайдың қасынан қымыз ішуі әкесіне деген ықыласы болса, қазақша тымақ киюі де, қанша оқыды десе де, ұлттық келбетін сақтағанын аңғартады. «Баласының жүзіне анық ата мейіріммен қараған Абай көз алмай, қадалып қалған еді. Ішінде осы баласы үшін мақтан еткен қуаныш және шүкірлік бар. Бір кездегі өз сөзі есіне түседі.

«Баламды медресеге «біл» деп бердім, Қызмет қылсын сен алсын деп бермедім, – деген жолдар текке кетпегендей. Бүгінгі Әбіш сол ата мұратын ақтап келе жатқан жас боп көрінеді. Атаның ғана ұлы емес «Өзімді ғана сүйсіндірмес, тірі болып, сау болса, халқын да сүйсіндірер қараңғы сахарасына жарық сәуле әкелер, алғашқы адал буын сен болармысың! – деп Әбіштің нұрлы, сұлу жүзіне бата бергендей қарайды». [40]

Автор Абай мен Әбдірахманның жол жүрер алдындағы жүздесуін, үшінші жақтан қысқаша баяндайды. Абайдың мақтан ететіні – Әбіштің текті, тәлімді ұл болып өсуі, алдағы арманын жүзеге

асыратын халық камқоры болатындығына шүкірлік етеді. Баласын медресеге қызмет, шен алып, билікке құмартып бермегенін, оқып білім алып, білген, түйгенін, ел келешегіне жұмсауына ынтық әке ықыласы бар. Осында ата сөзінің үш рет қайталануы, ата мейірімі Әбдірахманның кісілік келбетіне сүйсінуі, ризалық, ата мұратына беріктігіне сенім арту бар.

Абай Әбіштің ғылым мен тәрбиені ұштастырған зиялылық бейнесіне, жарқын, таза жүзіне деген әкелік махаббат сезімін алаулатады. Оған өзін ғана емес, халқын сүйсіндірер, қараңғы сахарасына жарық сәуле әкелер келешек ұрпақтың өкілі ретінде үміт артады.

Заманның сұмпайылығы мен зымияндылығынан, зорлығы мен қорлығынан, қиянаты мен қаталдығынан қалған көңіл енді артынан ерген көзі ашық перзентінің адал болуын қалайды. Атаның баласы болма, адамның баласы бол деген халықтық даналыққа қосылады. Абайдың Әбдірахманның нұрлы сұлу жүзіне бата бергендей қарауы да әкелік сүйіспеншіліктің сипаты. Эпизодта әке мен баланың рухани тілдесуінде дәстүр сабақтастығының жаңаша бір заңдылығы байқалады. Заманына қарай адамын танып, олардың білім-ілімге ұмтылысына қызыға қарауымен бірге, ел ертеңіне деген сенім де сезіледі.

Романда әдебиетте, тілде қолданылатын рөлдік қатынастардың берілуі де ұлттық салт-дәстүрге, тәлім-тәрбиеге негізделген. Үлкен мен кішінің, әке мен баланың арасындағы сыйластық, әдеп, өнеге ата-бабалардың ғасырлар бойы сақталған ұлттық ғұрыптарының, жоралғыларының заңды жалғастығы болып сезіледі. Бұл Абай мен балаларының, Әйгерім мен қайындарының қарым-қатынастарына берік бағытталған өзара татулық, сыйластық, құрмет сипатынан аңғарылады.

Абай мен Әйгерім арасындағы диалогты саралап, талдап көрелік.

«Абайды ендігі Рахила шамалас немерелерінің бәрі «аға», «ата» демей, «әке» деп атайтын болған.

– Әке деймін, көп-көп ұрылар келді? Сойылдары бар. Олар кіммен төбелеседі.

Абай әлі де сескенген жүзімен Әйгерімге бұрылды.

– Олар кім, сен білдің бе? Әйгерім онша сескенбеген тәрізді.

– Араларында Шырақ бар! – деді.

Абай оның қай қайнысын «Шырақ» дейтінін есіне түсіре алмады.

– Қай Шырақ?

– Мына кіші Қасқабұлақтағы Әйнекемнің баласы! – деп Абайды тыныштандыра, жымия қарады,

Қоныс атын атаған соң ғана Абай Әйгерімнің Әйнекесі Тәкежан екенін, «Шырағы» оның баласы Әзімбайдың аты екенін есіне алды» [41. 446.].

Абайдың Рахима қатарлас немерелерінің «аға, ата» деуден гөрі «әке» деуі – балаларға деген зор мейірімі, ықыласы. Балалар Тәкежан, Әзімбай бастаған қарулы тобырды ұрылар деп ұғынады. Сойылдарына қарап кімді ұрғалы жүргендеріне алаңдайды. Көңілге күдік алады. Абай анық-қанығына жету үшін олардың кімдер екенін сұрайды.

Әйгерімнің сескенбей айтуы ешқандай жамандыққа жорымайтын таза, ақ ниеттілігін танытады. Қайнысының атын атамауы да баяғыдан орныққан берік сыйластық салты. Әзімбайға қойған жанама аты – Шырақ. Абайдың мұны есіне түсіре алмауы да мынау оқыс жағдайдан сескеніп қалуын байқатады.

Әйгерімнің екінші қайтара «Қасқабұлақтағы Әйнекемнің баласы» деп жауап беруінде қайнысына ғана емес, аталарына да үлкен сыйластығын, ізеттілігін көрсетеді. Әрі кімнің қай жерде қоныстанғанын білуі де, Тәкежан ауылына құрмет сезімі. Бұл сөзді ерекше ілтипатпен атауы әрі Абайды тыныштандыра, жымия қарауы ағайын арасындағы татулықтың қаймағы бұзылмауына деген шынайы пейілін көрсетеді. Қоныс атынан соң Әйнекемнің Тәкежан, Әзімбайдың Шырақ екенін Абай есіне алады. Осында тағы бір көңіл аударлық жай – Тәкежанның қонысы Қасқабұлақтың аталуы. Бұл арқылы автор жерді кімнің иеленіп отырғанын емес, Әйгерім арқылы жерге құрмет, елге құрмет ұғымын да сездіреді.

Бірғызбайлар тобының екі шалы сәлем бергенде, түс жылытып амандаспаған эпизодқа назар аударалық. «Жиын ішінде бүгін көрмеген үлкендері болса да, Абай сәлем берген жоқ. Аузында папиросы. Екі қолын жеңіл сұр шапанының сыртынан арқасына қайырып ұстапты» [40. 542.].

Жазушы папирос деген сөзді де 3-4 рет қайталаған. Мұндағы ойы қазақ халқына жат әдеттің орыстармен араласудан енгенін

айғақтайды. Бұл – бір. Екіншіден, осындай жағымсыз нәрсеге әуестенген қарттардың бұл қылығын Абай жек көреді. Екі қолын шапанының сыртынан қайыра ұстап әдепсіздігін көрсетеді. Осылайша үлкендік қасиеттен жұрдай қарттардың жағымсыз әрекеті бейнелеген. Абайдың оларға кішілік танытып, сәлемдеспеуі де, авторлық ұстанымда айқындалады. Яғни, қарттық қасиетін сақтай білмегендігі, сонымен бірге аузына папирос салып, ел ішіне жағымсыз нәрселерді әкелуі. Әдетте, жас та, жасамыс та қартына қарайды. Соның ақылына жүгінеді. Жақсы қасиетінен өнеге алады. Өнегелі тәлім-тәрбиесіне еліктейді. Авторлық ұстаным Абайдың қарт ретінде қадірлеп амандаспауы да ақсақалдық қасиеті жоқ мұндай адамдарға жоламаған жөн дегенді білдіреді. Жаттың жұртшылыққа жағымсыз жаман нәрселерін әкеліп жүрген жандардың мынадай түр-келбетінен жирену ұғымын да байқаймыз.

2.2. Өнер өнегесі – өмір өнегесі

«Абай жолында» қаламгер ұлы ақынның композиторлық дарындылығын суреттеумен бірге, қазақ халқының әншілік, жыршылық, күйшілік өнерін әсерлі де әдемі бейнелеген. Роман-эпопеяның композициялық бітімінде Абайдың жасынан өлең-жыр, ертегі, әңгіме, эпостарға қанық болуымен бірге, ел ішіндегі небір жезтаңдай, күміскөмей әншілердің әнімен де сусындап өскені баяндалады. Жай баяндалып қана қоймайды, ұлы өнерге деген халық махаббаты, құштарлығы айқын танылады. Өн тыңдау немесе ән салу адамның жандүниесін сезім, көңіл-күйімен нәзік сабақтасып жатады.

«Аз уақытта, жылдағы уақыты бойынша жұрт жайлауға көшті. Абай әжесінің қырқына шейін, тысқа шықса да, ертелі-кеш анасын жоқтап, зар өлеңдер айтады. Тау басына шығып, даланы кезіп жүрсе де, анасына бағышталған мұнды ойлардың қасірет жырлары орала береді» [40. 237.]. Осы бір баяндаудан Абайдың ән арқылы әжесіне сағынышы, аңсары ашылады.

Әжесі Зереге құрметін, перзенттік ыстық махаббатын бірде әруағына бағыштап құран оқумен білдірсе, енді бірде анасын жоқтап зар өлеңдер айтады, тау басына шығып, даланы шарлап жүріп те әуезді әнмен жандүниесін мазалаған ойлардан арылмақ

ниетін байкатады. Ән – шығармада бала Абайдың жандүниесінің сыры ғана емес, көңілінің де мұңы. Өйткені, өмірдегі ең кимас, қадірлі жаннан, асыл әжесі, аяулы анасынан айырылып отыр. Ол осылайша өзін-өзі жұбатады, өзінің ішкі қайғы-мұңын көз жасымен емес, жүрегін жылатар әнмен ғана жеңілдетеді. Өнді ән үшін емес, қымбатты тұлғаның қадірін сезіну үшін айтады.

Абайдың ақындық дарынының қалыптасуына әже, анасының әңгіме, ертектері, жырлары бір әсер етсе, ауылына Байкөкше мен Барластың келуі өлең өнеріне деген құштарлығын арттырады. Ал композиторлық қабілетінің дамуына ел ішіндегі өнерпаздардың, әнші, домбырашылардың, қобызшылардың игі әсері тигені анық.

Біржан салдың Шыңғыстауға келуі елдің ішін өнер думанымен дүбірлетіп, той, мерекеге айналдырған керемет бір күндер ретінде романда ерекше бейнеленген.

«Баласы Қожағұлдың Біржан салмын»... деп әуелете, асқақта салған атақты әнді Абайдың тыңдауы – сондай әсерлі суреттеме.

«Әншінің «Біржан сал» атты осы бір әні өзінің майда қоңыр, сырлы сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі Абай.

Қадірлі ақын, құрметті қонағына Абай қадалып карап қапты. Ақ-қарасы әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше боп телміре түсіп, шарасынан асып үлкейіп қарайды. Бірақ қазіргі сәтте, кірпік қақпай қарағанмен, бұл көз – әнші жүзін көріп отырған көз емес. Ән мен өлең сөзді, өнерлінің өзін түгел қосып, бір бітім, бір тұтас тұлғадай қиял суретімен елестетіп, көріп отырған көз.

Ерекше әсері бар күй менен аса ұнаған ән тыңдаған уақытта Абай сол сарын сөзбен қатар өзге бір дүниені жарыса ойлап кететін. Өмір қиял суреттерін, уақиға тасқындарын, жаратылыс, құбылыс толқындарын көріп, соған шомып кетеді». [40,324]

Авторлық сипаттаудан Абайдың ән тыңдау мәдениетімен танысамыз. Жақсы әнге көңілі ұйып, жан сезімімен тыңдаған Абайдың кірпік қақпай қарауы, яғни бет-жүзі, қимыл-қозғалысынан әнші, ақын, композиторға сүйсінісі ғана емес, әннің сырлы, сұлу әуеніне, әнге деген сезім құштарлығы, ынта-ықыласы сезіледі. Өнді жай адам әуені мен сөзін көкейге, санаға сіңіре білсе, ақын үшін ән тыңдау мәнері бөлек, қиял, елестету, түйсіну сезіміне ұласады. Шабытына алау шарпиды. Абайдың «Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдағанда көңілдің өсері бар» деген

ән өнерінің қасиет, құндылығын бағалаған жыры оқырман ойына ұялайды. Осынау ән құдіретін сезіндірер сөйлемдер еріксіз Абай өлеңін тіл ұшына оралтады. Ән құдіреті арқылы атакты композиторды тұлғалау да жазушының эстетикалық танымының кендігіне көз жеткізеді.

«Қазірде міне, белгілі өр киялы бар ән, ірі туысты әншіні мынау ортадан бөліп, жырып, аулаққа әкетті. Шырқау алыс кияға әкетті. Тұлғасы ерен, кең кеуделі асқақ үнді әнші, сахараның ғажайып бір алыбы боп апты.

Сол алып, өнер алыбы, Сарыарқаның ең заңғар биігі Көкшенің басына шығып тұрып, бар ұлан ұзақ Сарыарқаға, сахараның салқын бел, самал көліне қонған елі-жұртына көз тастайды. Жуансып күштісі, артықсып асқағы, күңіреніп көбі жүрген жонжотаға көз тастап қоймай, үн катады. Ән тіл катады. Ескек, асқақ атойдай қып, зор кеуденің алып күйін азынатып төгеді [41. 325.].

Бұл – Абайдың ой-танымымен бағалау. Әнге деген махаббат, әншіге құрмет сезімі Абайдың көзімен, ақындық сезіммен осылай мадакталады. «Асқақ үнді әнші, сахараның ғажайып бір алыбы, өнер алыбы, Сарыарқаның ең заңғар биігі» деп бейнелі сипаттайды. Біржан салдың әншілік дарындылығы өнерді түсінген, өнерді қадірлеген, соны жанына серік еткен парасатты тұлғаның танымымен дәріптеледі. Бір сәт осынау ішкі жан дүние тебіренісінен өрілген ойлар Біржан әндерінің мұратына, ұстанымына ұласады.

«Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, аңдамай бакшы! Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші!...» деп, бас идіре ән төккенде, ән емес нұр төккендей. Әлемнің жүзінен жауыздық зұлымдығын қуып әкетіп, қиялда болса да дүние бетін, Арқа жүзін сан сұмдықтан тазартып бара жатқандай... Ол ән, асқақ есіп соққанда, Көкшенің калың сыпсың қарағайы – мынау әнші басындағы оқалы тақияның жібек шоғындай болып, теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді... Арқаның қара түні де мынау ақын үстіндегі қара мақпалдың бетіндегі майда, мейір түні болады... Сонда ел жүзі де осы ақын жүзіндегі жылтырап көрінген нұрға толғандай болады. Ел жүзінде, қазіргі ақын түсіндегі, ән үстінде езу тартқан жарастық күлкідей боп, шат қуаныш күлкі көрінеді Абай көзіне» [41.325].

«Ән емес, нұр төккендей» – бұл әсерлеу емес, әннің халық көңілінен, ойынан табылған ғаламат әсері. Айтушының баянда-

уында осынау көркемдік, эстетикалық деталь поэтикалық бейнелеу үлгісіне де үйлеседі. Сонан соң Біржан әнінің, жалпы қазақ ән өнерінің ерекшелігі мадақталады. Егерде Ф. Достоевский «Сұлулық әлемді құтқарады» деп пайымдаса, М. Әуезов пайымдауында алдымен ән «әлемнің жүзінен жауыздық зұлымдығын қуып әкететін» адамзаттық құндылық ретінде қасиеттеледі. Оның кереметтілігі – «кияда болса да дүние бетін, Арқа жүзін сан сұмдықтан тазартып бара жатуы». Ән – ақын ұғымында көңіл-күйдің мерекесі, сезім шарпыған алау ғана емес, ән – әлемді, адамзатты жамандық, жауыздық атаулыдан арылтатын асыл өнер. Романда әннің қасиеті де айрықша айқындалады. «Ол ән, асқақ есіп соққанда, Көкшенің қалың сыпсың қарағайы мынау әнші басындағы оқалы тақияның жібек шоғындай болып, теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді...».[41.325]

Мұнда әннің керемет әуені, әуені ғана емес, сол әнді әудем жерден әуелете шырқаған Біржан салдың дарын даралығы да аңғарылады. Көкшенің қалың сыпсың қарағайы мен оқалы тақияның жібек шоғы, қалың үкісімен салыстырылуы да сезім суретінің таным суретіне ұласуы. Ән көңілге, ойға, сезімге нұр төкті. Ел жүзіндегі жарастық күлкісі, шат қуаныш күлкі – ән әсерінің барша жұртты баурап алған кереметтілігі. Жазушы ән құдіретін сара сарапшы Абай көзімен айқын бағалайды. Ендігі сәтте әнді ұйып тындап отырған Әйгерім әсерімен де бағаланады. Әнге Абай нықты ой көзімен емес, нағыз тындаушы көңілімен әсерленеді. Өйткені ол әнді тындай да, айта біледі.

«Бұның өзін жақсы бағып, жақсы ұғып отырғаны үшін сезімтал Әйгерімге сүйсіне қарап қалды да, енді Біржанға бұрылды: – Өзге-өзгенді не қылайын, Біржан аға, – деп бастап, қонағына жаңа бір қуаныш жүзімен қарады. – Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап, тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді. Үн түзеген бір әнші болушы еді. Кім көрінгеннің қосшысы. Әр кез, әр мырзаның қосалқысы. Ән қадірін түсіріп, бір атым насыбайдай арзан етіп еді. Сен әнді босағадан, өрлетіп төрге шығардың, соныға ғана қуанам. Шынында, қазағым, елім дегенде осы елдің асыл ақын сөзінен, әсем әні сазынан артық қай қазынасы бар еді? Соларын асқақ үнмен аспанға көтеріп барып: ол мен міні, мен келемін дегізіп еліңді өнеріңе бас игіздің. Осының-ақ қадір-қасиетінді тануға жетіп тұр!.. – деді.

Біржан құп тындап, өзі де сүйсіне көтеріліп:

– Шірік, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! – деді. Әйгерім де, өзге жиын да екеуін дәл ұғынғандай, түгел қостап күлісті.» [41. 326.].

Салдардың келуі романда ел ішіндегі бір ерекше оқиға, тосын бір жаңалық болып сезіледі. Алдымен Ескожа ауылында ертең той болатыны, күйеу келетін той екендігі, көркі де әсемдігімен даңқы шыққан Үмітей бұрыннан қайындап жүрген күйеуі Алатайдың баласы Дутбайға ұзатылатыны, оған Ербол, Баймағамбетті алып Абайдың келгені хабарланады. Салдардың Ескожа ауылына келуі де есте қаларлық сәт. Сырттан жеткен дабырдың өзі елдің есін шығарғандай соншалықты қызықты.

Автор осы сәтті ерекше уақиға деп даралап, оған әркімнің қалай көңіл қойғанын қысқаша баяндаған. Бұрын салдарды көрмеген елдің таңданысы, қызығушылығы, құмартушылығы диалогта әсерлі берілген

«Тыста ерекше уақиға болғандай. Есік алдынан жүгірісіп өтіп жатқан жастар білінеді. Балалар шулайды. Кейбір ересек, кексе әйелдер, еркектер де сол уақиғаға қызыға көңіл бөліпті. Даурығып сөйлеп, асығып, алқынысып айтып тұрған хабарлары естілді.

– Уа! Салдар келеді!

– Мынау не деген сән?

– Жаным-ау, өздері қалай киінген?

– Ана біреу, сал ағасы. Бәрінің қолында үкілі домбыра.

Мынау бір елден ерек жүріс екен.

– Жүрсен осылай жүр. Сал сері деген топ осы да!

Арада балалар да қызығып, тамаша ғып, күле айқайлайды:

– Бөріктері сәукеледей!

– Шалбарын қара, шалбарын!

– Балағы қатынның көйлегіндей шұбатылып жүр.

– Бұзаулаған сиырдың шуындай шұбатылады және біреусінікі.

– Иттерді қосар ма еді өздеріне. Қандай дал-дал қылар еді, шалбарынан алып! – деп күліседі» [41. 437-438].

Автор бұған балалардың да көзқарасын білдірген. Балалардың пікірлерін даурыға ортаға салуы да олардың өң-жүздеріне емес, бұл ауылға тән емес, көз үйренбеген киімінде. Балалар сөздеріне юморлық рең бере отырып, іштей кекесіндерін де жазушы ұтымды жеткізген.

Бұдан кейін үлкендердің салдардың келу салтанатына әбігерін, мұны әлдекімдердің жақтырмай карағанын да Ызғұттының ой-пиғылымен сездіреді.

«Даладағы жұрттың бәрі: «Салдар, серілер келді» десіп, түгел әбігерге түсті. Ескожа үйінде отырған үлкендер арасында Ызғұтты бар-ды. Ол: «ауылды басынып келіп жүрген бейбастақтар кім?» дегендей, «сал» деген атты ұнатпай:

– О кімдер өзі? Қайдан жүрген немелер? – деп еді. Ескожа бұлардың келер хабарын естіген сияқты.

– Бөтен емес, бәрін бастап жүрген өзіміздің Әмір көрінеді! – деді» [41. 438.].

Ызғұтты олардың келгенін жақтырмайды, оған сал ұғымы – «бейбастақ немелер». Мұнда салдарды менсінбеушілік әрі кейіпкер бітімінің тәкәппарлығы да көрінеді. Өнерге де теріс пиғылы да бар. Ескожаның осыларды бастап келген Әмір екенін естігенде оны жақтырмайды. Сақтану қажеттігін де ойға алады.

Автор Әмірдің де өнерлі, дарынды азамат екендігін, бір топ жастармен ел арасында жиын-тойда сауық құрып жүргендерін, бірақ дәл Біржан, Ақайдар сияқты «сал, сері» атағын иеленбегенін мәлім етеді.

Абай мен Ерболдың Әмірдің бүгінгі қылығын көзбен көрмек ниеті де Үмітейдің ұзатылуына қатысты ғана емес, салдардың алдында қандай өнер көрсетпек ниеті де бәсекелестікке бәс тігу есебі тәрізденеді. Салдардың ауылға таяп келуі Абай, Ербол көзімен сипатталады.

«Әмір бастап, үлкен сауыққа салынып жүрген бір топ жігіттердің хабары Абай мен Ерболға бұрын да мәлім болатын. Бірақ «сал», «сері» деген атақтары шықпаған-ды. Енді Әмірдің бүгінгі қылығын көзбен көрмек болды. Үйден шығысқан еді.

Дала да бұлар көзіне түскен көрініс екеуін де таңғалдырды.

Салдар күйеуге тігілген үш отауға қарай тақап қалыпты. Ол отаулардың ортадағысы – сегіз қанат. Сырты қызыл-жасыл манатпен оюланыпты. Дөдегелерге қалың қызыл жиек бастырылған. Есік алдында кәмшат бөрікті, үкілі, үлкен шолпылы, өңшең әсем, сәнді бойжеткендер тұр. Кейде қатарланып, кейде топтанып, өзгеше қонақтарын тосады. Осы қыздар ортасында үлгісімен, киім сәні ерекше бөлінген, қара кәмшат бөркін шекесіне таман киген бір қыз бар. Ол топ жұлдыз ортасында шолпанындай,

той иесі – қалыңдық Үмітей болатын. Қонақтарын қарсы алуға әдейі шыққан. Салдар отау үйге тура тартып, жақындап қалғанда, Үмітей қасындағы қыздарын бастады. Қанат жайған сәнді, сылдырлы, әзіл сыңқылды майысқан қатар салдарға қарсы басты.

Жаяу салдардың қастарында өңшең ірікті сұлу келіншектер келеді екен. Баймағамбет Абай мен Ерболға жалтақтап, дегбірсізденіп, таңдана сөйледі.

– Еркек салдар емес, арасында қатын салдар да бар ғой! Бұлары кімдер? – деп еді.

Ербол олардың кім екенін аңғарған екен.

– Сал қатындар болса, бірі-өзіміздің «Әйгерім сал» боп шықты ғой. Келіншектер әдейі алдынан шығып, тосып алған күтушілер емес пе? – деп күліп тұр» [41. 438.].

Мұнда салдарға тігілген сегіз қанат отаудың сыртқы түр-сымбаты, сәнімен бірге қыздардың киім кию үлгісі қоса суреттелген. Автор «кәмшат бөрікті, үкілі, үлкен шолпылы өңшең әсем, сәнді бойжеткендер» арасынан Үмітейді даралайды. Оны даралап көрсеткенде де үлгісімен, киім сәнінің ерекшелігін бір дараласа, кара кәмшат бөрігін шекесіне таман киюінде мән бар, өзгелерден бөлек келбет-көркін бейнелейді. Содан соң «топ жүлдіз ортасындағы – шолпандай» деп поэтикалық образды көркем сипаттама жасаған. Салдардың алдынан Үмітей бастаған қыздардың қатарласа шығуы қанат жайған құстарға баланады. «Сәнді, сылдырлы, әзіл-сыңқылды майысқан қатар» – қандай көркем, айшықты деталь! Сәнділігі – әсем көйлек, қамзол, кәмшат бөріктері, сылдырлығы – ұзын, қос бұрымды шаштарындағы шолпы, сырғалары, әзіл-сыңқылы – бірге өскен құрбылардың көңілді отырысы, майысқаны – жастығы, қылықтылығы. Алайда оқырман назарын аударатын бір жай бар. Ол салдардың қасында сайланып шыққан, ірікті сұлу келіншектердің жолдан ілесе келуі, Баймағамбеттің жалтақтап, дегбірсізденіп, тындауы «Еркек салдар емес, арасында қатын салдарда бар ғой» деген әзілімен де жетеді. Ербол мұны әлдебір кекесін деп қабылдамайды. Әзіл астарынан шындық іздейді. Өз ұғымында сал қатындар арасында Әйгерім барын, әдейі алдынан шығып, күтіп алған келіншектер екенін күліп айтуы да, «Әйгерім сал» деп даралауы да Абайдың қытығына тию емес, Әйгерімнің әншілік, өнерпаздығын көрсету мағынасында. Әйгерімнің әншілік қабілетін бағалаудан бөлек, мі-

нез-кылығының әдемілігін, жан сұлулығын, көркінің әсемділігін әрі киімнің де сәнді де сымбаттылығын ерекшелеген ықыласты ой.

Құнанбай қажының ауылына Біржан сал бастаған өнерлі жігіттердің келуі, халықтың айырықша құрметтеуі атақты әнші композитордың талантына ғана құрмет емес, ән-музыкаға аса сүйіспеншілікті айғақтайды. Екінші жағынан, атақты әншінің алдында өнер көрсету кім-кімге де айрықша сын. Біржан салдың ауылға келуі әркімнің бойындағы өнерге құштарлық сезімін алаулатып, дарын-қабілетін үкілетіп бір өнер мектебінің келуіндей дәріптеледі.

«Біржанның әнін жұрттың бәрінің құмарта тыңдауының сыры бар. Өйткені ол жастық жалынын сүйіспеншілік сезімін ғана емес, халықтың азаттық аңсаған арманын да жырлайды. Автор Біржан әнінің осы қасиетін де аша кетеді» дейді белгілі әдебиеттанушы А. Нұрқатов [7. 105.].

Біржанның Абай ауылына, Семей жеріне келуі романда халықтың ұлан-асыр қуанышына айналған мереке тәрізденеді. Өйткені, әйгілі әнші-композитордың әніне, сәніне сүйсінген жұрт, оның алдында өнер көрсетуді айрықша бір бақыт санайды. Әсіресе жастардың жан-жүрегі жарасым тауып, асыға бас қосуы да – әсерлі, әдемі ән тыңдаудан бөлек, елдік елеулі мәселелердің ойға қозғау салуы. Сал-серілердің атын естіп, өзің көрмеген көпшіліктің танданыс сезімін туғызып қана қоймай, өнердің өркен жайған өнегесін бойға дарытуға деген құлшынысқа да қызу леп береді.

Музыка зерттеуші Ж. Ордалиева «Абай жолы» романдағы музыка әлемі зерттеуінде «Тема музыка в романе многоликое – она широко представлена в образном плане, где воплощены многие виды и жанры музыкального искусства. Эти развернутые этнографические картины наиболее полно характеризуют казахскую традиционную музыкальную культуру» деп эпопеядағы халық музыка өнерінің алуан қырларымен суреттелгенін, көптеген түрлері, жанрлары қамтылғанын орынды атап өтеді.[42.] Кітапта қаймағы бұзылмаған халық өнерімен бірге, скрипка сияқты батыс музыка аспабының ел мәдениетіне қосыла бастағаны да тартымды сипатталады.

«Абай жүрегі де сыр мен жырға толы. Жеңіл тымақтың бір құлағын жымырайта киіп, сары жорға аттың жайлы бір жүрісіне салып, Ботақанға қарай беттеп келе жатып ән бастады».[40]

Абайдың ән шырқауы да Тоғжанмен табысып, тілдесіп, жүз-десіп, сырласып көңілі жайланғандығы. Ауылдан бірталай ұзап кеткен соң, Абайдың барлық ашық сұлу даусымен аса бір сезімді ырғаққа салып, көп жырлауы да мазасыздық машақатынан, құтылып, көңілі орнына түсіп, махаббат сезімдерінің мәңгілік мұрат тапқанын айғақ етеді.

Абай Ботақан ошағында ауыл көрінгенде ғана әнін тоқтататын эпизодта әннің көңіл-күйдің сәулелі сәтімен сәйкесуімен сүйіспеншілік, ғашықтық сезімнің сырын жаятын қасиетін танытады.

Тоғжанға Абайдың сағынышты көңілін жазушы «Топайкөк» әнімен жалғастырады. Ербол мен Абайдың ауылға тақау қалған шағындағы әнге елтіген көңілдің әсері тартымды сипатталған. «Осы өлкенің бойында барлық ұйқылы ауылдардың үстінен қалқып, ән келеді. Жігіттер ілгері басқан сайын, ән айқындап, шақырып тұр. Өлкенің дәл ортасын қақ жарып өтетін кішкене өзен бар. Соның екі жағасы селдір біткен аласа тоғай Абайлар сол тоғайды құлдилап төмен тартты. Ербол енді аңғарды, ән Сүйіндік ауылының тұсынан шығып жатыр екен. Сол ауылдың ар жағында Ерболдың аулы. Бұлар ән айтқан ауылдың үстінен өтетін болды. Жүрістері бәсеңдесе де, әлі де ақжал аттың сумандаған жол жорғасымен келе жатқан. Жалғызаяқ жолмен кеп, өткелден өтіп, тоғайдың ар жағына шығысты. Кеңірек алаң бар екен. Сүйіндік аулы көрінді. Ән енді тіпті жақын естілді. Шырқап естіліп жатқан «Топайкөк» әні. Абай мен Ербол Бошаннан үйреніп келген жаңа ән бұл өлкеге жайылып қалған екен. Нәзік сұлу дауысты әйелдер «Топайкөктің» кейбір ырғағын теріс айтады.» (40. 241).

Айтушы ұғымында – ұйқылы ауылдардың үстінен қалқып келе жатқан әннің ілгері басқан сайын жігіттерді айқындап, шақырып тұрғаны. Қайдан шығып жатқан ән? Кім шырқаған? Автор баяндауынан Сүйіндік ауылының тұсынан естілген әнге елтіген екі дос ән айтқан ауылдың үстінен өтуге мәжбүр. Жақыннан естілген ән – «Топайкөк» – Абайдың сүйікті әні. Тоғжанның да сағынышты әуені. Бошаннан Абай мен Ербол үйреніп елге таратқан. Тіпті сұлу дауысты әйелдердің теріс айтуы сағынышты көңілге бөгет емес.

Романда ән – ғашықтық сезімнің, ықыласты, сүйіспеншілік сезімнің, өрісін тапқан махаббаттың, қосылған қос құштар көңілдің алауы, арқауы, арнасы. Енді бір сәтте сағынышты, аңсау

мен арманға толы, жабырқаған көңіл мен қаяулы жүректің мұң-шері ұғымында беріледі. Сюжеттік желісін ширатып, ширықтырған ән әлемі оқырманды да қызықтырып, құлшындырып әкетеді. Автор әннің қазақ өмір салтындағы мән-маңызын сүйініспен сипаттайды.

Біржан салдың Абай аулына келуі суреттелген сюжетте Әйгерімнің ән шырқауы әдемі бейнеленеді. Біржан төңірегіне жиналған көпшілікте Әйгерімнің аса нұрлы жүзінің баурап алуымен басталған динамикалық портрет дидар көркінің аса сұлулығын айқындайды. Сипаттауда «кішілеу кара көзі» дараланады. «Аса сыпайы қарайтын, ойлы, нұрлы көзінен бөлек бір шұғыла» айқын танылады. «Аса сыпайы қарау» – Әйгерімнің инабатты, ибалы, имандылығын аңғартса, ойлы, нұрлы көзіндегі шұғыла өнерге, білуге құштарлық сезімі.

Біржан, Базаралыларда, Балбала, Үмітейлер де Әйгерімнің аса нұрлы жүзінен көз алмай қарап қапты. Бұның жас, сәулелі жүзінде кішілеу кара көзі әсіресе естен кетпестей. Аса сыпайы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғыла бар. Жаңа жеткен жастық, тазалық шағында ақ жүзді, ақ сұр жүзді кара көз әйелдерде окта-текте кездесетін осы шұғыла кейде қонырқай көленке ренденіп, көзінің астына ұялап тұрады. Кірсіз, мінсіз тазалықтың, нәзік жастықтың шақ қана бір дәурені сақталып тұрып, кейін ұшып кеткендей – өшіп кететін бір нышаны еді ол. Кара көз сұлу көп болса да, бұл бітім, қасиет анда-санда біреуде ғана болатын. Абай Әйгерім жүзіндегі осы бір, өзгенің бәрінен бөлек нысанаға әркезде көп қадалып, қызығып қарайтын. «Ұялы кара көз», «Нәркес көз» деп осыны айтса керек деп» деп, ішінен ойлаушы еді. Сондайлық нұрлы, шұғылалы көзі төрдегі Балбалаға қарап, Әйгерім ән шырқады. Мұнын айтуында, ең алғашқы ұзақ «ахаудың» өзі де нақысты ырғақтай. [40]

Осынау шұғыланың «ақ жүзін, ақ сұр жүзді кара көз әйелдерде окта-текте кездесетіні», ал Әйгерім жүзінде «қонырқай көленке ренденіп, көзінің астына ұялап тұруы да» – өзгеше көріктілігін байқатады. Ол «кірсіз, мінсіз тазалықтың, нәзік жастықтың» бір жарасымындай ерекшеленеді. Әйгерімнің басқа кара көз сұлулардан даралығы да осында. Мұны Абай Әйгерім жүзіне қараған сайын байқайды. «Ұялы кара көз», «Нәркес көз» деген бағалау да Әйгерімнің сұлулығына сүйсіну. Балбалаға қарап,

«Сондайлық нұрлы, шұғылалы көздің төрдегі ән шырқауы да» Әйгерім келбетіндегі ізеттілікті, әдептілікті, тектілікті танытады. Ал ұзақ «ахаудың» нақысты ырғақтай болуы – әнді баяу, баппен, байсалды шырқау ерекшелігі. М. Әуезов Әйгерімнің ән шырқау мәнерін дидарындағы әдемі ерекшеліктерімен сәтті ұштастырады. Әйгерімнің әнді әсерлі, мәнерлі шырқауы бағаланады.

Татьянаның әнін жаттап алып, әуеніне салған Әйгерімді сипаттауында сыршылдық бар. «Бұның әні шыққанда, Татьяна сазын осы күнге шейін айтып жүрген жігіт әншінің бәрі «шын Татьяна осы! Алғұл жанған ақ жүзді, өзгеше нұрлы Әйгерім» деп, «дәл өзі» деп таныды. Таныды да қыбыр етпей, сілтідей тынды» [41. 584.].

Жаңа әннің көпшілікке кеңінен таралуы баяндалса, автор әнші жігіттердің шырқауынан бөлек, Әйгерімнің Татьянаның әнін аса бір құштарлықпен салуын айқындап көрсетеді. Әйгерім әніне жігіттер сүйсінісі де оның сұлулығына жарқын лебіздерімен бірге берілген «Алғұл жанған, ақ жүзді Әйгерім өзгеше нұрлы» деп айрықша сипатталған.

Әнді жиналғандардың ықыласпен тындауы да, «қыбыр етпей, сілтідейтынды» етістігімен айшықталған «Алғұл жану» – ақ жүзді айқындап ажарлап тұрған әдемі деталь. Тың тенеу. Суреткердің тіл шеберлігінің өзгешелігі.

Ән романда халықтың құдіреті, қуатты өнері, өмір-тұрмысының шаттығы мен шуағы, көңіл көкжиегінің таңы мен күні болумен бірге, көп эпизодтарда жастардың бір-біріне деген ыстық сүйіспеншілігін, ынтық көңілін жеткізудің қасиетті рухани құралы ұғымында айқындалады.

Қыдырбай үйіндегі кеште Қуандықпен жүздескен Абайдың ғашықтық сезімдерін әнмен, әзілмен сабақтастыра келе, жазушы екі жастың ынтық көңілін, сезімдік әрекетімен сабақтастырады. «Абай Қуандықтың он саусақтарын қатты қысып отырып, екі бірдей жүректің жан тамырлары бір сокқанын сезді» деп жеткізеді [41. 319.]. Мұнда екі жастың жүрек лебізін жеткізуге ықпал еткен әдемі ән мен әзілдің жастар жанын жарастыруда жаңаша бір арна тапқанын аңғартады. Психологиялық суреттемеде екі ғашықтың бір-біріне құштарлығы, ықылас сезімі, махаббатты бейнеленеді. Мұнда кейіпкерлердің жандүниесі, сезімі сырлары, ішкі толғаныс-тебіреністері, сүйсіністері мен әсерлері әдемі суреттелген.

М. Әуезов – адам сезімінің қалтарыстарына тереңдеп бойлап, ішкі сезім әлемін әсерлі жеткізе біледі. Кейіпкер психологиясы мен эмоциясын сипаттауда, бейнелеуде суреткер тілі де айшықты, ажарлы. Ең бастысы, әрбір сөзді талғаммен, кестеге төгілген ою-өрнектей бедерлейді. Кейіпкерлердің әнді қалай қабылдап, тыңдап, әсерленуін сол ән әсерімен тоғысқан тілектерін, сезім-сырларын соншалықты нәзік иірімдеріне дейін бейнеленген.

Ән – романда адам жанының жұбанышы, мұң-уайымнан арылтып, жабыққанда жанына демеу, зарыққанда көңіліне медеу. Абайдың әжесінің қайғысынан қамығып іштей қайғы-шерін тарқатудың құралы болса, енді бірде жалындаған жас жүректің сезім қызуын, лапылдаған сүйіспеншілік алауын жеткізудің дара дәнекері сипатында баяндалады. Оралбай мен Керімбаланың үнсіз, тілсіз ғашықтығының сырын ашқан да – «түстей таза, тұнык кеште ырғатылған ән». «Жарастың нұрында балкытып қосқан» қос ғашықтың бір-бірімен тілдесіп, құшақтасып, сүйісуі де іңкәр сезімнің әнмен алаулауынан.

«Керімбала мен Оралбай көп ән салды. Сағынысып, зарығып қалған жүректер сөзбен айтыса алмас шер, сырларын әнмен үзбей айтады. Біресе кезектеп бірін-бірі тыңдап алып, біресе айырылыса алмай, қызық шаққа қана алмай қысылып айтады. Сол әндер екеуін елтітіп, ақыл мен еркін де алды... Барлығы алдағы өмір байлауын да жасатты» [41. 97.].

Керімбала мен Оралбайдың алғашқы ғашықтық сезіміне ұшқын болған ән – екеуінің жас жүрегін мәңгі табыстырған сыйластық, сүйіспеншілік дәнекері. Екі жастың алғашқы да тілдесіп, құшақтасып, сүйісіп, бір-біріне ынтықтығын жеткізуге себеп болған ән енді сөзбен айта алмас шер, сырларын тарқатуымен жаңа қуатын танытады. Ән – махаббаттың мәңгілік маздар алауындай болып, қос ғашықтың жүрегін шарпыды. Ән – екі жастың ой санасын билеп, жүректегі жеткізе алмас сүйіспеншілік сезімдерінің жарасымды сыйластық қарым-қатынасына ұласуымен қасиет, құндылығын арттыра түседі. Ән жастық ақыл мен ерікті билеп, елітіп, екеуінің мәңгілік өмірлік серік болуына, серт беруіне соқпақ салады.

Ән өнерінің кереметтілігі, құдіреттілігі эпопеяда әр қырынан, адамның жандүниесі мен сезімінің сиқырлар қуатты күші ғана емес, адамгершілік асыл қасиеттерін таныстырушы ерекшелік ретінде бейнеленеді.

«Абай бір уақыт Салтанат тілегімен Мәкіш айтып берген: «Жарқ етпес қара көңілімді» еске алып өтті. Қыз бұл тұста басын жиі шұлғып, көздерін сәл жұма түсіп, әнді есіне алып қалғандай болды. Құлағындағы ұсақ шілтерлі алтын сырғасының әрбір нәзік әшекейі «Біз білеміз, куәміз, естігіміз» дегендей. Қыздың бас июімен бірге бой изесіп, көп ырғалып көп құптады. Абай әлі де әңгімесін айта түсті» [41. 200.].

Абай мен Салтанаттың жан жарасымын тапқан әңгімесіне, ішкі жүрек сырларына да ән куә. Екеуінің ғашықтық сезімінің ынтық көңілінің алтын кілті де осы ән тәрізденеді.

Әйгерімнің әншілік қабілеті романда ән өнеріне деген құштарлық қана емес, Абаймен махаббатының, сыйластығының сипатына айналуымен де шынайы.

Біржанның аттанар алдында Абаймен қоштасар кеште оның қолқа салуымен Әйгерімнің ән шырқауы да қонаққәде ұғымында болғанымен, әйгілі әнші-композитордың алдында өзінің жеткен биігін көрсету ғана емес, әнмен Абаймен арадағы сүйіспеншілік сезімді сәулелендіреді. Абайға үлкен үйде айтылған наразылықтан Айғыз бен Ділдәнің оның осылай еркін жүріп, ән салуына іштей қызғанышы да аңғарылады. Байшорадай, кедейдің қызы екенін бетіне басып, «кеуденді керме, аяғыңды аңдап бас... көзіңді ашып қара» деген зілді сөздер өктемсу, өрекупдің Әйгерім бойындағы дарынды ғана емес, Абайға деген сүйіспеншілік жалынды сөндіруді білдіреді. Әйгерімнің адамгершілігі – күндестері қанша жат мінез, тәкәппарлық танытып, жала жапса да, сағын сындырмайды. Жазушы осы сәтті қысқаша баяндайды.

«Әйгерім көзіне жас келіп, жүдеп, аппақ боп, жанып сөнгендей, отқа түсіп шыққандай болған. Бойындағы әдеп пенен тәрбие, Абай достығына арналған адал жар жүрегі және өзінің әнді сондай сүйегіндігі – бұған ешбір ақталу сөз айтуға рұқсат бермегендей еді. Әйгерім бір ауыз тіл қатпаған. Ән жазықсыз. Әсіресе, бұның Абай бұйрығымен айтқан әні кіршіксіз де жазықсыз» [41. 440.].

Әйгерімнің Біржан салды алдынан күтіп алуға шығуы, қасына еріп, өнерлі топпен бірге жүріп, отаудағы өнер думанында ән шырқауын жазушы екі-ақ детальға сиғызған. Бірі – Абай достығына арналған адал жар жүрегі. Екіншісі – әнді керемет сүйетіндігі. Ол абысын-ажынның әлдебір қанқу сөздеріне, келемеж күлкісіне еш мән бермейді. Маған керегі осы ән ғой дегендей ши-

рыға, шамырқана ән салады. Мұны Абай да түсінеді. Кіршіксіз ақ жүрегіне қалай сенсе, Әйгерім әніне де адал көңілімен ықылас білдіреді.

Автор әнді нақышына келтіре әсерлі шырқаудың үлкен өнер – ән тыңдаудың да адам бойындағы өзгеше қасиет, бір ерекше сезімді құбылыс екенін де айқындайды.

«Әйгерім әнді соншалық ықыласты, ынталы тыңдаудан басқа, өзі айтуды да жақсы көретін. Құлақ қойып тыңдайтын, ұғарлық саналы жиын арасында әдейі қанаттанып, сүйсіне құмартып жырлайтын. Соңғы айлар ішінде, қасында Абай тыңдап отырса, ән салуы сол Абайдан алған жарастық, рақат, шаттық жалыны сияқты болатын.

Біржан мен Абай қоса тыңдаған уақыттарда екеуіне ғана арнап, әр нақысына бар ынтасын, бар құрмет, қызметін бағыстап айтқандай болады. Таң сәріде өз бұтағын тауып қонған, өзі туып-өскен ұясының жанында өскен гүлдерге арнап отырып, шімірке-не жырлаған ән құмары – құмар бұлбұлдай болатын-ды» [41.85].

Алдымен Әйгерімнің ән салу мәнері сипатталады. «Әдейі қанаттанып, сүйсіне құмартып жырлауы да» – әнге ынтық, құштар көңілдің, әнді сүйетін жанның өзгешеліктері. Әнді Абайдың тыңдауы да сүйген жүректің бір-біріне деген інкәрлік сезімінің сәулелене түскенін білдіреді. Абайдан алған «жарастық рахат, шаттық жалыны» екеуінің арасындағы берік махаббаттың, сыйластықтың, татулықтың бір-біріне деген құрмет белгісіндей көрінеді. Оның үстіне Біржан алдында ән шырқау – аса бір жауапты сын, айрықша құрмет. Өйткені, ән айтқанда көптің қоштап, көңіл лебізін сүйсіне ақтарғаны бөлек те, атақты салдың және акынның алдында ән салу абыройлы да ауыр іс. Сондықтан ол ән нақысына бар ынтасын, бар құрметін, қызметін, яғни бар өнерін, жайып салады. Әйгерімнің әншілік дарынын жазушы ән құмары – құмар бұлбұлға сәтті балаған. М. Әуезов халық өнерін жастан сүйіп, қадірлеп өсті. Ол өнердің әр саласын жақсы білді, әр өнердің табиғатын тереңнен танып, әлем музыкасынан жеткілікті хабардар болған. Халық өнерінің ғаламат бір түрі әннің қасиет, кереметтілігін, әншілік дарын қабілетін романда эстетикалық танымдылығымен аша білді.

Ал осындай сезім сырын ашатын ән Әмір мен Үмітейдің жан сезімін махаббат лебімен шарпыса да, екеуінің Оралбай мен Ке-

рімбаладай ынтық көңілі ғашық жүрегін баян ете алмауының сыры бар. Екеуінің тағдыры да осынау сезімді сабақтар нәзік те нақышты әнге телінгендей. Суреткер шеберлігі осы тұста үлкен психологтық танымынан айқын көрінеді.

«Сол кеште... жарық айлы сырқұмар кеште Мырзағұл мен өзге жолдастарын ілгері жіберіп, Әмір мен Үмітей ат үстінде жүре алмай ілбіп қалды. Аталас жақын бұл екеуіне бұйырылмаған жалын жанады. Тыйым салған тағдыр салмағының астында қатар келе жатқан екеуі біріне-бірі ашыла алмай, іштерін толық тани алмай үздігеді... Екеуінде де күрсінуге соққан ыстық толқын, жан толқыны бар. Жігіт қуатын алған, тынысын бұған, бар сүлдерін әкеткен осы құдірет салмағы әннен ғана көмегін алғандай. Екеуі де өздерінен бұрын өткен құмар, құштар жандардың әндерін соншалық жібек талдай жіңішке сырға жеткізіп, ерекше нақыстап айтады» [41. 87.].

Автордың талант даралығы Үмітей мен Әмірдің ғашықтық сезімін, көңіл, ниетін әнге телуі. Екеуінің ат үстінде жүре алмай, ілбуі, бір-біріне ашыла алмауы, ішкі сырларын толық ақтарып, ағынан жарылып, сезімдерін бөлісе алмауы жастардың жандүниесінің жарастық таба алмай мазаланғанын байқатады. Жазушы әдемі өңжүздің бір нәзік ерекшелігі ретінде жан толқынындағы сөзін бұл жолы ыстық жан толқынымен алмастырады. Бұл ыстық толқын сүйіспеншіліктің, ынтықтықтың ықыласты толқыны ғана емес, көкіректі қарс айырған өкініштің, күрсіністің толқыны. Екеуінің күрсінісінде, мұң-шерін де басатын ән. Бұл бұрынғы заманда бір-біріне ғашық, арманшыл жастардың жүрек жалынымен жеткен ғашық ән.

«Жібек талдай, жіңішке сырға» жеткізуі де – талай заман қалыптастырған дәстүр-салттың бұлжымас қағидасы. Ата салттан аттап кетудің қандай қорлық екенін екеуі де біледі. Әдептен озбай, әдеттен азбай, іштей қамығады, әнді нақыстап айтудан басқа амалы қалмаған. Ән көңілдегі мұңды, шерді тарқататын дуа іспетті. Жазушы жастардың арасындағы нәзік сезімдік қатынасты, сүйіспеншіліктің сырлы сипатын бір ғана тірек сөзбен бастайды. «Сол кеште» тіркесін қайталауымен бір емес, бірнеше үміт-тілектің алаулағанын айғақтаса, Әмір мен Үмітей арақатынасындағы кедергіні көрсету мақсатында осы тіркеске көп нүкте қойған. Автор бұл арқылы қос мұңлықтың тағдырынан хабар береді. Кейінгі сөйлемдер осыны анықтап тұр.

«Сол кеште Әнетке қарай беттеген Базаралы ат үстінде ән салып келе жатқан Балбаланың сымбатты сұнғақ бойына, кыпша беліне тамашалай қарайды» [41.339]. Сол кеште Керімбала мен Оралбай қосылып ән салады.

Әмір мен Үмітейдің, Оралбай мен Керімбаламен қатар келе жатып, окшауланған сәті де – жарасымды жастықтың ғашықтық ғаламатының бір әсерлі көрінісі.

«Кешке лебіздері қосылумен қатар ат үстінде иықтары тиісіп келеді. Маңайға келген, әлі толып жетпеген жаңа айдың жарығынан екеуінің ақ сұр, ақ қызыл сұлу жүздері жарқырайды. Жанасып келе жатқан үзенгілері, таралғылары күміс үнмен қактығысып шын-шын етіп, кейде сол күміс таралғылары қатарымен ай жүзіне шағылысады» [41.339.].

Жазушы «кешкі лебіз» деп екеуінің сырласу сәтінің мезгілін атаумен бірге, әлі толып жетпеген жаңа айдың жарығын бернелеп алған. «Маңайға келген, әлі толып жетпеген жаңа ай» – екеуінің қазіргі ғашықтық жайын, соңы белгісіз сүйіспеншілік тағдырын сездіргендей.

М. Әуезов түсті портреттік суреттемеге ғана емес, сезімнің, жан дүниенің құбылып, өзгеруіне де сәтті шендестіреді. Ақ сұр жүз Әмір болса, ақ қызыл сұлу жүз – Үмітейдікі. Екеуінің күміс үнімен үзенгі, таралғыларының қактығысып, шын-шын етіп шығуы да, кейде сол күміс таралғының қатар ай жүзіне шағылысуы да екі жастың сезім-сырларын ынтыға ақтаруын айғақтайды. Қош ғашық махаббатын қуә ететін әдемі поэтикалық детальдар. Ақ сұр, ақ қызыл сұлу жүздің жаңа ай жарығына жарқырауы, күміс таралғылардың ай жүзіне шағылысуы – бір жағынан пәк те шынайы сүйіспеншіліктің көркем көріністері. Алайда ынтық көңіл, пәк сезімді су сепкендей басатын бір кедергі бар. Жазушы осы сәтті эмоциялық, психологиялық түрде сипаттайды. Сол кештегі жастық жарасымдылығының бір көрінісі – Базаралының Балбалаға ғашық болуы. Бұл ғашықтықтың дәнекері – Балбаланың әні. Ат үстінде ән салып келе жатқан Балбаланың әсем даусына бір ынтықса, көңілін, көзін кыпша белі, сымбатты сұнғақ бойы ынтызар етеді. Жаңа ғана қауыз жарған гүлдей екі жастың біріне-біріне ғашықтығы жарасымды көңіл-күйінің сыры да бір сөйлемде айқындалып тұр. Әннің ғашықтық сезім сырын жария ететін әрі өнерді сүю арқылы өмірді, адамды сүйетін керемет ерекшелігін, әнінің рөлін биіктетеді.

2.3. Дәстүр-салт, ұлттық ерекшеліктер

Шығармадағы заман тынысы дәуір жылнамашысының, шешен шежірешінің бүкпесіз әңгімелеуіндей сезіледі. Коммунистік идеологияның әдебиеттегі таптық тартысты басты нысана етіп, социалистік реализм әдісіне қатаң сүйену талап етілсе де, сұңғыла суреткер сол қысымға да көнбей қаламын көсілте, еркін сілтегісі келеді. Алайда ой, ұстаным еркіндігі тежеліп, шектелген тоталитарлық кеңестік жүйеде кеңінен толғанып айту қиындығын ескерген ерен сезімтал талант кей тұста амалын тауып, астарлап жеткізеді. Қаншама кең қарымды ұлттық ұстанымдағы ойлардың қысаңнан шыққан тау өзеніндей қыстығып, қысылып, жеткізілгенін туынды өнбойынан аңғарасыз.

Көркем шығармада әрбір зат, бұйымның суреттелу мәні бар. Ол шығарманың ішкі сюжеттік және драмалық қуатын арттырады «Суреткер пейзаж бен дүниені (зат, бұйым) кейіпкер мінез-құлығына, туындының түпкі ойына мәжбүрлейді» [43]. М. Әуезов сол дәуірдің болмысын көрсетуде қолданған кәсіптік, тұрмыстық, шаруашылық зат– бұйымдарын құрал-жабдықтарын нақты көрсеткен. Әсіресе бұл халықтың тұрмысын, салт-дәстүрін, өнер түрлерін, ерекшеліктерін көрсетуден байқалады. Бұған мол материалдық құжаттар мен суреткерлік байқампаздық, білімділік, ізденіс те өз септігін тигізген.

Романның тағы бір көркемдік-поэтикалық құндылығы – ұлттық колориттердің молдығы. Бұл сол заманның рухы мен тыныс-тіршілігін тұрмыстық, шаруашылық-кәсіптік, әлеуметік әрі экономикалық, саяси сипатта кеңінен қамтуымен де байланысты. Қазақ өмірі, дәстүр-салты мен мәдениетінің бай суреттері көңілді баурап алады. Өйткені, роман уақыт шындығын бойына терең сіңірген.

Өнердегі ұлттық колорит ұғымы – зерттеушілер тұжырымында өз уақытының әдет-ғұрпы мен әдеп-салтын шынайы бейнелеп беру. Әдебиеттің осынау қуатты күші саналатын ерекшелік – М. Әуезов эпопеясының өзегі. Ұлттық колорит дегенде жергілікті колорит, яғни, онда белгілі бір өңірдің, жердің тұрмыс-тіршілігінің, адамдарының қарым-қатынасының өзгешелігі көрініп отырады. «Абай жолындағы» оқиғалар мен жағдайлар сол кездегі бір ғана Семей, Шыңғыстау өңіріне ғана емес жалпы қазақ

даласына тән тарихи әлеуметтік көрініс болатын. М. Әуезов терең талантымен, суреткерлік сезімталдықпен бір дәуірлік халық өмірін эпопеяда көркем тілмен шебер бейнеледі. Кезінде Гораций «Гомер заманының басты оқиғаларын көрсетіп қана қоймай, сол кездегі халықтың тірлігін, ахуалын, салт-дәстүрін де оқырманға жеткізеді» деп бағалаған. «Абай жолындағы ұлттық колорит белгілі бір кәсіпке, тұрмысқа, өнерге, мәдениетке, адамгершілік қарым-қатынастарға байланысты ұлттық ұғымдағы айрықша кәделі, қадірлі сөздермен айшықталынады.

Тарихи роман сол заманның тұрмыс-тіршілігін шынайы бейнелеуімен оқырмандарды иландыра алады. Әрбір бұйымзат, тұрмыс жиһаздары, үйдің интерьері мен экстерьері, бәрі де сол уақыттың белгісін білдіруі тиіс. Бұл жағынан келгенде М. Әуезов бейнелеген әрбір деталының нақтылығына, шынайылығына ерекше мән берген. Мысалы, Семей қаласындағы Мұсабай үйінің қонақ күту рәсімі қалай әдемі әрі шынайы көрсетілген.

«Қонақтар кірген үлкен үй есігінен төріне дейін қызыл-қоңыр кілемдермен, құндызды тұскиіздермен безелген, файы шымылдықтармен шымқалған. Іші үлкен, дөңгелек залдай. Әрі биік, әрі жайлы салқын екен. Жағалай қалың жібек көрпелер жайылған. Қала кестесімен безелген үлкен ақ жастықтар үй іргелерінде мол-мол орын алысқан. Қонақтар төрге жайғасты. Ауыл иелері, орта жасты қара сақалдылар мен селдір сұйық мұртты жігіттер, қонақтардың төменгі жақтарын ала екі шеттен, екі сүйек төсектің алдарынан отырысты.

Қонақтардың ішінде Ақылбай, Мағаш, Кәкітай құндыз бөріктер киген. Қала тігіншілері тіккен бешпет-шапандары бар, сәнді болатын:

Ауыл иелері де киім үлгілеріне қарағанда, шеттерінен кербез киініпті» [41. 138.].

Қонақтар кірген үйдің бар жиһазы сипатталған құндызды тұскиіз. Тұскиіздің бірді-екілі түрін көргенімізбен, мұндай түрін онша білмейміз. Әдетте шымылдық шәйі жібек атлас, мақпал т.б. пұлдардан жасалады. Біздің лексиконымызда тұскиізді ілу, шымылдықты ілу ұғымы бар. М. Әуезовтің сөздік қорының байлығы бірден көрінеді «тұскиіз безенген, шымылдықтармен шымқалған».

Мұхтар Әуезов – тілді ұстартудың шын мәніндегі тамаша тәлімгері. Ақ жастықтардың қала кестесімен безелуі – өзіндік ерекшелік. Демек сол дәуірде ауыл мен қаланың кесте тігу өнерінде үлкен айырмашылық болғаны айқын. Одан кейін екі шеттегі екі сүйек төсек үйдің сәндік жиһазы ретінде дараланады. Ауыл қонақтарының жас ерекшелігі қара сақалдары мен селдір сұйық мұрты арқылы көрсетілген Ақылбай, Мағаш, Кәкітайлардың құндыз бөріктері мен қала тігіншілері тіккен сәнді бешбет-шекпендерінің сәнділігі сипатталады. Абай заманына тән тағы бір өзгешелік – кез-келген той-мерекенің, бас қосқан жиынның өнермен өзектесуі.

«Мұсабай өзі өнерпаз болмаса да неше алуан эзілқой, күлдіргі, әнгімеші, сауықшыл адамдарды аса жақсы көретін. Қысы-жазы айналасынан, ауылынан сондай сауықшылар топтарын өтегелді сияқты қызық, думан адамдарын жібермей жолдас етіп жүретін» [41. 139.]. Автор Мұсабай үйінің сән-жиһазын айтумен бірге, өнерді жанындай сүйетіндігін, неше түрлі сарынды сауықшыл адамдарды жанына жинап, көңіл көтеру дәстүрін атап өтеді.

Мұсабай үйіндегі ән-күй өнерінің бұл жолғы ерекшелігі – ауылда ең алғаш сызылып, созыла шыққан скрипка үні.

«Ымырт жабылып, ел орынға отырып кешкі шай ұзақ ішіліп болған соң, Мұсабайдың үйінде ән-күй өнері басталды. Айғай-шуы басылған, тыным алған ауылға ең алғаш сызылып, созыла шыққан скрипка үні естілді. Қызықты өнердің сағаты басталғанын сездірді. Көршілес үйлерге тыста жүрген күтуші жігіттер мен келіншектер ән-күй басталғанын мәлім етісіп жатты. Үй иесі әйел өзінің жас абысындарына, қайын сіңлілеріне тегіс хабаршылар жіберді. «Келсін!» деп, «Кенже-аған шақырды» дегізіп, Мұсабайдың атынан Мағрипаға арнап та сәлем айтты.

Бұл уақыттарда скрипкада орыстың әсем сырлы, сұлу сезімді «Лесная сказка», «Над волнами» сияқты вальстері сызылған. Кейде ойнақшып қыздырған марштар кетеді. Қызықтыра құбылған мазуркалардай би-күйлері де кезектесе түсіп, тамылжи төгіліп жатқан-ды.

Әзір скрипканы жалғыз тартқан Әбіш. Ол мынандай бөтен, сый ауылда түрегеліп тұрып тартуды ыңғайсыз көріп, төрден тұрып келіп оң жақтағы биік төсекке сүйеніп тартады» [41.139].

Скрипкада орыстың әсем сырлы, сұлу сезімді «Лесная сказка», «Над волнами» вальстері орындалады. Тағы да Әуе-

зовтің тіл байлығы таңдандырады. Біз скрипканы тартты, ойнады дейміз, жазушы сызылған етістігімен әсерлі жеткізген. Ойнақшып, қан қыздырған марштардың, қызықтыра құбылған мазуркалардай би күйлерінің тамылжи төгілуі де скрипканы сызылтып отырған өнерпаздың осы аспапты жете меңгергенін аңғартады. Скрипкашының Әбіш екенін даралаумен бірге, скрипка тартудағы мәдениеті мен әдептілігін де сабақтастыра көрсетеді. Әбіштің сыйлы қонақ ретінде үйде скрипканы түрегеліп тұрып тартуды ыңғайсыз көруі парасаттылығын, үлкен мәдениеттілігін танытады. Түрегеліп, бойын көтеріп тұруы бұрын мұны тыңдап көрмеген адамдар үшін ыңғайсыз екенін жанымен сезген Әбіш төрден тұрып келіп, оң жақтағы биік төсекке сүйеніп тартады. Осының өзі білімділігін, үлкен мәдениетті бойына сіңіргенін сезіндіреді. Осылайша қаламгер кез келген өнерпаздың бойындағы қабілет-дарынымен бірге, елді тартып, елітіп алатын ішкі мәдениет қалыптасуын өнеге етеді. Жат елдің өнерін скрипкада ойнаған Әбіштің баршаны баурап алған сызылған сұлу саздары ғана емес, жанының тазалығы мен сұлулығы.

Абай қазақ өнерінің үлкен жанашыры, қамқоры болған. Абай жүрген жер ойын-сауық, ән-жыр, күй кешіне айналған. Мұны Әрхам Ысқақұлы «Абай өнерпаздарға көмекші. Сыбызғышы, домбырашы, құмалақшы, дойбышылдарды қатты сүйген, ұсталықты, іскерлікті қатты қостаған» деп ұлы ақынның ұлт мәдениетіне айырықша ықыласын көрсетеді. [44.] Мұның бір жарқын дәлелі – атақты музыкант, скрипкашы Мұхаметқали Әділханов өнері жайлы деректерді Мұқа бейнесін сомдауға пайдалануы. Абайдың атамекенінен шыққан ауыл таланты скрипкада ойнаудың шебері болған, орыс және Батыс Европа классиктерінің әуендерін орындаумен бірге, Абайдың «Татьянаның хаты» және басқа ән әуендерін бабымен келісті тартып берген Мұхаметқали Абайдың қамқорлығының арқасында ауылда тұрған, бірнеше жыл ақынның жанында жүрген, дарынды жастарға ақыл-кеңес айтқан, өнерге баулыған. [45]

Абайдың мұқтаждарға, малшы, шаруа адамдарына қамқорлығы, қайырымдылығы, ағайын-туыс, халқына тигізген мейірім-шарапаты ел мерейін өсірген, ризашылыққа бөлеген. Ол ақын-жыршыларды, әнші-күйшілерді, өнерпаздарды сыйлап, мадақтап, мүмкіндігінше тарту-таралғымен қошеметтеп отырған. Осының бәрі де оны өрісті өнерді өркендетудегі мәдениеттің

нағыз қолдаушысы, ақылшы ұстаз іспетінде көрсетеді. Уақытты пайдалы нәрсемен өткізгенін көрсетеді. Тұрағұл: «Мәжілісі қызықты, сауықшыл, дастарқаны аса мол еді. Бір іспен қызықтамай, жай сылбырап, шаруасын істеп отырмаушы еді. Маған десе малай, малшы, қызметкер қатыннан да болса бір тәуір мінезін, қылығын тауып жақсы көріп, ойлап, қалжыңдап отырар еді...» деп еске алады.[45]

Абай адамдарды бөліп-жармай, тең тұтып, бауырына тартып, сыйлап, қадірлей білген көпшіл кеңпейілді жан болған. Осы қасиеттер де романда Абайдың ағайын арасының береке-бірлігін сақтап, татулығының ұйытқысы сипатында дараланады. Кітапта Абай мен Әйгерім отауынан қонақ үзілмеуін олардың береке-бірліктерін ғана емес, Абайды жұрты ел ағасы санап, білігіне жүгініп, ақылына ден қоятындығын аңғартады. Әйгерімнің меймандостық мейірімі, ілтипат-ықыласы да соншалықты сүйіспеншілікпен суреттеледі. Мұны Ақшоқыдағы Абай ауылының қысқы тірлігі жайлы сюжеттен байқаймыз.

«Биылғы қыстың басы адамға да, малға да эзір аса жайлы боп тұр. Декабрьдің ортасына тақалса да, әлі қар қалыңдаған жоқ, күн аяздап суытқан да жоқ. Шағырмақ, бұлтсыз ашық күндер көп. Қыс белгісі жақында түскен күпсек қардан және кей күндерде болатын сәл шытқыл аяздан ғана білінеді.

Қыс кешен басталғандықтан Ақшоқыдағы Абай аулы биыл соғымды жай соя бастаған. Кілет, шошала, зәуезнәй атаулыға Әйгерім қыс азығын ертеңді-кеш жиғызып жүр. Бір әредікте күле түсіп, Зылиқа мен Баймағамбетке күдік айтты.

– Тек осы әбігер күндерде ғана қонақ саябыр бола тұрса екен! Азық қоятын жерлер, ас пісіретін үйлер аузынан шығып жатқанға Абай ағаң қарай ма? Қонақтың қыркы келсе де жібермейді ғой, – деген.

Бірақ Әйгерімнің тілегі болған жоқ. Уәделескендей, дәл осы бүгінгі күн, ойдан, таудан, тұс-тұстан қонақтар кеп жатты.

Бір топ жолдасымен Байғабылдан Ақылбай келген. Абайдың сәлемімен осы соңғы жылдарда «ақын» деген атқа шыққан: Керей-Уәйіс, Топайдан Бейсембай деген ақындар да келіпті. Түстен бері осы қонақтар Абайдың үстіне келіп, сәлем берісіп түстік астан, күндізгі шайдан ішісті. Отаулар, қонақ үйлер, көрші үйлердің бәрінде эзіргі жататын орындарын анықтасты.

Кеш «қонақ келмесе екен!» деген Әйгерім, бүгін осы қонақтарды өзінің дағдылы, сыпайы жүзімен қарсы алды. Күйлі көркем күлкісі үзілмей қабылдады. Зылиқаға шынын айтады: «Қонақ келмесе екен деп нем бар еді!. Айтқаныма қарама-қарсы болғанын көрмеймісің. Тек сыр бермей бапты ғып мол-мол ассын. Атап тапсыр!» деген.

Бүгін келіп жатқан қонақтармен бірге қызық сауық, көңілді өнер қоса келетінін Әйгерім жақсы біледі.

Шын бүгін Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер, табыстарын асығып әкелген өнерпаздар аз емес» [41. 285.].

Автор биылғы қыстың адамға да, малға да жайлылығын, дегенімен желтоқсандағы қыстың белгісі, күпсек қар мен шытқыл аяздан байқалатынын сипаттайды. Күпсек қар, шатқыл аяз, шағырмақ күн-қысқы мезгіл көрнісі. Әрі жазушының тіл байлығының ерекшелігі.

Абай ауылының соғымды кеш союды да қыстың жайлылығымен түсіндіреді Әйгерімнің қыс азығын ертеңді кеш жиғызып қорлана бастауы шаруақорлығын, ұқыптылығын, пысықтығын білдіреді. Тіпті қонақтың осы күндерде аз келуін тілеуі әрі Абайдың қонақтың «қырқы келсе де жібермей күткізеітіндігін» айтуы да көңіл кендігі, ықылас-пейілі. Азық қоятын кілет, шошала, зәуезнәйдың, ас пісіретін үйлердің аузы-мұрнынан шығып жатуы да тату тірліктің, молшылықтың, береке-бірліктің белгісі.

Автор Байғабылдан Ақылбай, Керейдей Уәйіс, Топатайдан Бейсембай ақындардың келуін, Әйгерімнің әзіл тілеуін ойдан, таудан, тұс-тұстан қонақ ағылуымен астастыра келіп, қонақтарды сыпайы, дағдылы жүзімен қарсы алуын сипаттайды. Бұл Әйгерімнің өзіндік қасиеті, ерекшелігі ретінде айшықталады. Күйлі көркем күлкісі үзілмей қабылдауы – мәдениеттілік, сыпайылық сипаты. Сондай-ақ Зылиқаға «қабак шытпай қабылдауды» айтумен бірге, ас пісіретін келіндерге «жас малдардың жылы-жұмсағын, тәтті-дәмдісін мол ғып асуды» тапсыруы да келген қонақтардың аса қадірлі екендігін, ақындар екендігін айғақтайды. Оның үстіне отырыстың қызық сауық, ән, өнер думанға айналатынын да сезеді.

Әйгерім мен Зылиханың татулығы, ынтымағы шай жасау кезінде де аңғарылады. Оның үстіне ақындар келгенін естіген ағайын жұрттың тайлы-таяғы қалмай өлең-жыр, ән тыңдауға ағылатынын білген Абайдың да ықыласы кең. Мұны автор

қысқаша ғана сипаттайды. «Жаңа көк дастарқан жайылды. Үлкен қамыс тегенеден, сылдырмақты күміс ожаумен құйылған көп сары тостағандағы қымыз Абайдың өзінен бастап, үй ішіндегі қонақтың бәрін жағалады. Күздің ақшыл тартқан қою қымызы бүгін ерекше жақсы ашылған екен» [41.19].

Мұнда кезекті қымыз ішу сәті бейнеленген. Көк түсті дастархан, оған қойылған үлкен қамыс тегене, сылдырмақты күміс ожау, сары тостаған – ұлттық ыдыс-аяқ түрлері. Ожаудың күміс екені, оған сылдырмақ тағылуы да сәндік үлгісін ерекшелейді. Сылдырмақтың нәзік үні қымызға деген тәбетті ашады. Ақшыл тартқан қою қымыздың ерекше жақсы ашылуы да әбден пісіліп, бабына келгенін байқатады.

«Отауға барған соң, қонақтар қасына көп қыз-келіншек пен жас жігіттер жиылды. Ойын-сауық аса қызу боп басталып, таң аппақ атқанша солғындаған жоқ. Бұл түнде ұзақ әсем ән де шырқалды. «Орамал тастау», «Хан жақсы ма?», «Мыршым», «Белбеусоқ», «Ләппай тугәлә» сияқты күлдіргі ойындар да тегіс ойналды» [41. 246.].

Жазушы жастар арасындағы ұлттық ойын түрлерін атау арқылы олардың әнмен ғана көңіл көтеріп қоймай, ұлттық ойындарды ойнауымен сауық кештің сәнін келтіргенін еске салады. Жай ойындар ғана емес, күлдіргі ойындарды ойнауы отырыстың жарқын, жарасымдылығын көрсетеді.

«Абай жолының» тағы бір алтын қыры – қазақ тұрмыс-тіршілігін көшпенділер өміріне тән дәстүр-салтты жан-жақты бейнелеумен бірге, үйлену тойлары, қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, балаға ат қою, т.б. халқымыздың әдет-салттары, дәстүрі шынайылығымен көрінеді.

Роман-эпопеяда Абай өмір сүрген Семей, Шыңғыстау өңірінің әсем табиғаты ғана емес дала, қала халқының тұрмыс жайы, кәсіп өнері, бәрі де айшықты да айқын көрініс тапқан. Ел көшінің суреттелу мәнері де тартымды.

Әйгерім мен Мәкеннің неше түрлі ою ойып, өрнек жасап, текемет тоқитыны, басқа да колөнер түрлерімен шұғылданатыны, іскерлігі эпопеяның тағылымдық қырларының бірі және Абайдың халық өнеріне деген сүйіспеншілік пен құрметін білдіреді.

Әйгерім мен Мәкеннің қонақ күтудегі және басқа да үй шаруаларындағы абысын-ажындық ынтымағы жарасымды сый-

ластықтың, әпкелі-сіндідей татулықтың терең тамыр жайғандығын айғақтайды.

Романда Әйгерім Абайдың аяулы жары, ақылшы серігі, қамқор тілеулесі ғана емес, оның шығармашылық көмекшісі, жанашыры сипатында дараланады. Абайдың кезекті өлең жазғанынан кейін оны Мәкеннің оқып беруі ақынның өзіндік дағдысы екенін аңғартады.

«Ол соңғы күндерде Абайдың өлең жазып, Мәкеннің соны бұған оқып беруін өздері үшін айтылмаған, бірақ ерекше бір қызық, қымбат, ыстық шақтай біледі.

Күн ұзын ұзақ сарылатын еңбектерінің бас кезін, не орта шағын Абай өлеңдерімен, жаңа жазулары мен бөліп отыру, бұл есті әйелдің екеуіне де енді бір саналы қуаныш, рақат болып алған» [41. 411.].

Абайдың өлеңдерін Мәкеннің оқып беруі айтушы бағалауында өздері үшін айтылмаған, аталмаған, бірақ ерекше бір қызық, қымбат, ыстық шақ болып ерекшеленеді. Екеуінің күн ұзақ сарылатын еңбегі – ою-өрнек пен текемет тоқу, басқа да қол өнерінен босаған шағында Абайдың жаңа өлеңдерін оқып, оған ой бөліп, әсерін бөлісу екеуіне «саналы қуаныш, рақат». Мұнда шығармашылық еңбектің қиындығын, қуанышын бөлісу ұғымы бар. Бір жағынан адам жандүниесі рухани тазарып, екінші жағынан тынығып, бір өнер шабытынан екінші өнер құштарлығына ауысу үдерісі аңғарылады. М. Әуезовтің кереметтілігі дене еңбегі мен ой еңбегінің өзара сабақтастығы арқылы адам уақытын пайдалы іспен өткізу қажеттігін өнегелейді.

«Жаңа Әйгерім Абай отырған бөлмеге барып, алып келген екі табақ қағазға жазылған сөздер Мәкенге тиісімен, ол әдемі қоңыр үнімен оқи бастады. Әйгерім өзінің дағдылы орны Мәкеннің жоғарғы жағынан орналасқан. Мәкен бірде оған жүзін тура қаратып, біресе сәл қырындай түсіп оқып отыр.

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалаң
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалаң!» –

деген өлеңді демін үзбей, түгел бір оқып шыққан Мәкенге Әйгерім қайтадан, басынан түсіріп тағы да оқытты» [41. 411.].

Автор алдымен Әйгерімнің Абай отырған бөлмеге барып, алып келген екі табақ қағазға жазылған сөздерін Мәкенге апарып беріп, оның әдемі қоңыр үнмен оқи бастағанын баяндайды. Осыдан кейінгі сөйлемде Әйгерімнің дағдылы орны Мәкеннің жоғарғы жағында екені көрсетілген. Бұл да қалыптасқан мәдениеттілік, әдептілік, сыйластық өнегесін білдіреді.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің Әйгерімге қалай ұнағандығын жазушы «қайтадан, басынан түсіртіп оқыды» деп түйіндейді. Абай жырларының әдемі әсерге бөлеуін ұғынамыз. Мәкеннің оқу мәнерімен ақын өлеңдерінің сырының, табиғатының айқын ашылып, жүрекке жылы тиюі – әдемі жырдың көңілге ұнамдылығы.

Қазақ қашанда жылқы малын қадірлеп өскен. «Абай жолының» 1-ші кітабында Абай мен Ербол алыс сапарға шығып адасып қалған сәтінде қиыншылықтан аттары құтқарады. Авторлық баяндауда Абай мінген күреңтөбелдің алдымен екпінді жүрісі, содан соң елге жетуге асыққан ақынның сары желіске басуы суреттеледі.

«Омыраудан соққан салқын жел күреңнің белін көтеріп, желігін арттыра түсті. Шалдыққаны білінер ме екені деген күдік кезде Күреңтөбел, тіпті, егесе түскендей. Ауыздығын шайнай беріп, басты да шұлғып, пысқыра жер сүзіп те қояды. Абай басын қатты тартып тежеп отырмаса, өршелене түсіп, шаба жөнелгісі кеп, оттай жанып келеді» [40.302.].

Омыраудан соққан желдің күреңнің белін көтеріп, желігін арттыра түсуі де жасынан жылқы малымен етене өскен жазушының байқампаздық пен білімділігінің көрнісі. «Өршелене түсіп, шаба жөнелгісі кеп, оттай жанып келеді» етістіктерінің қолданылуы да Күреңтөбелдің жүрістілігін, бабының келістілігін көрсетеді. Мұны ол Ерболға сүйсіне айтуымен тағы да нақтылай түседі.

«Абай да күреңді аса бір сенімді, берік дос танып, сүйсініп келе жатыр еді.

– Тіпті, білмеймін, Ербол. Қайран боп келем. Белінің беріктігі сонау Тінібек қақпасынан шыққандағы қаз-қалпы. Тегі, адам шыдаса, ат жүретін жерде түп жоқ екен-ау! – деді» [40.302.].

Аталған авторлық баяндау мен диалогта Күреңтөбелдің жүрістілігі, жүйріктігі әрі мініске төзімділігі дараланады. Алыс жерге барарда жақсы, жүрісті, міністі, атты таңдауы да Абай көңілінің қошын арттырып, жанын сүйсінтіп, сезім-қиялын шарықтатқан әсерлі сәт.

Авторлық баяндауда межелі жерге асыққан жолаушылар алдынан қатқыл жел соғып, күн күркіреп, қалың жауын жақындағаны хабарланады. Абай осыны аңғарып, «көз байланбай елге жетуді» жөн көріп, жүрісті қатайта, яғни үдете жылдамдата, ширата түседі. Жолаушыға межелі жерге түн ішінде жету өзі үшін де, барар үйіне де ынғайсыз. Түн тыныштығын бұзған мұндай жүрістен елдің мазасы кетеді. «Көз байланбай елге жету», яғни ел ұйқыға жатпай, баруды білдіреді. Жүрісті қатайта түсудің астары да мәтінде айқын ашылады. Ол – күрең төбелдің сары желісі. «Омыраудан соққан салқын жел күреңнің белін көтеріп, желігін арттыра түсуі, шалдыққаны», яки шаршай бастағаны білінер ме екен деген күдікті ойға алғанда да егесе түскендей, ауыздығын шайнай беріп, басты да шұлғып, пысықра жер сүзуі» – ұзақ жортуылдың, әбден сенімді жүріске берік жылқы тұқымы екенін сездіреді. Абайдың «басын қатты тартып, тежеп отырмаса, өршелене түсіп, шаба жөнелгісі келіп, оттай жанып келуі де» – жүрген сайын бойы қызып, тұяғын созыла сермеп, бауырын жазып, бұлқына ілгері тартқан тұлпар ерекшелігін танытады. Жасымыздан жылқы мініп алыс – жақын жерлерге жиі жүргендіктен, кітап бетіндегі сипатталған көріністер өмір шындығындай көз алдыда тұрады.

М. Әуезов жылқы малын бала шағынан жақсы көрген. Атқұмарлығы, сәйгүлік, тұлпар тұқымына аса қызығушылығы сапарды тартымды, танымды суреттеуден анық байқалады.

М. Әуезов жылқы малына ерекше қызыққан. Абай да бала кезінен төрт түлік малды бағып өскен халықтың тіршілік– тынысына қанығып өскен. Жылқыны жақсы көргендіктен «Аттың сыны» өлеңін жазды. Роман – эпопеяда жылқы туралы суреттемелер көп. Соның бірінде, Әбіштің қарт әжесі Ұлжанның дүниеден өтуіне байланысты анасы Ділдеға көңіл айтуға атанасы суреттеледі. «Кеше қонақтар келерде кермеде ерттеусіз тұрған кара жал, кара құйрық ақ сары ат бүгін әсем ерттеліпті. Күміс жүген, құйысқан, тартпа, таралғы, үзеңгіге дейін тегіс кавказдалған кара ала нақысқа толы. Жұқа көкшіл шұғамен қапталған тоқымның тебінгісі қызғылт сафьян. Сырлаған ердің үстінде көкшіл барқыт ат көрпе» [40].

Алдымен кермеде тұрған ерттеусіз кара жал, кара құйрық ақ сары аттын түсі, сұлулығы сипатталады. Айтушы аттың әсем ерттелуіне көңіл аудартады. Күміс жүген, құйысқан, тартпа, таралғы

үзенгіге дейін тегіс кавказдалған қара ала нақысқа толуы, ат әбзелдерінің ою – өрнекпен әшекейленуі әрі қара ала түсі ат түсімен үйлесім тапқан. Одан әрі көкшіл шұғамен қапталған тоқым, қызғылт сафьян тебінгі, сырлаған ердің үстіндегі көкшіл барқыт ат көрпе жылқы сұлулығына сән қосады. Ат пен әбзелінің өзара үйлесімділігі, жарасымдылығы көз тартады. «Осындай әбзелінің бәрі де, құлан атқа айқындай қонып жақсы жарасып тұр. Ақ сары ат дом болып, ішін тартқан, сартап боп жақсы жараған».

«Құлан атқа айқындай қонып жарасып тұруын» көзі қарақты, төрт түлікпен өскен жан бірден сезе қояды. «Ақ сары аттың дом болып, ішін тартуы, сартап боп жақсы жарауы» әбден бабына келгенін, ұқыпты, жақсы күтілгенін айқындайды. Ат пен әбзелінің түстері әдемі үйлесімді: қара, ақ сары, қара ала, көкшіл, қызғылт. Күміс жүген ер тоқым, бәрі аттың сәніне сән қосып, көңілді желпінтеді. «Әй, мынау ат менде болса шіркін!» деп іштей тамсанасыз, сүйсінесіз. Бұл – көркем шығарманың жан дүниеге, сезімге тигізер ерекше әсері. Суреткердің сезімталдықпен, көркем елестетумен, дара таныммен суреттеген сырлы сөйлемдерін оқып отырғаныңда, соны көргендей күйге енесіз.

«Қазір Әбіш мініп алған жерде аз ойнақшып, бұлаң қакқан қамыс құлақ ұзын сары ат, нағыз бозбаланың аты екенін аңғартады». Нағыз бозбаланың аты екені айтылмаса да, Әбішке деген жылқышы ағайындарының ерекше құрметі, ықыласы сезіледі. Әбіш мінгенде сәйгүліктің «аз ойнақшып, қамыс құлағын бұлаң қағуы» көптен бері тақым тимегенін, ешкім мінбегенін, әбден бапталып, күтілгенін көрсетеді. Жүрісті, жүйрік жылқы екенін әрі тебінбей-ақ сауырына тақым тисе серпіліп, бүлкілдеген қимылға басуға әзірлігін аңдатады.

Абай туралы Көкбай естеліктерінде ақынның аңшылық, саятшылық өнерге құштарлығы, алғыр құс, жүйрік тазы, жүрдек жылқы және қазақтың тоғызқұмалақ, дойбы ойынын жақсы көргені әңгімеленеді.

Көкбай «аңшылық қылу, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап өнерді қызықтау сияқтының барлығын өзі де көрді, бала, інілеріне де толық көрсетті. Осындай маңайының көп әдеттері барлығына үлгі боп жайылды» – дейді. Абай ұлттық өнері түрлерін жақсы көрген, құрметтеп өнегелеген.

Аңшылық, саятшылық – халқымыздың байырғы кәсібі. Алайда сол кәсіпке бейімделіп, төселіп, нағыз аңшы, саятшы болу әркімнің қолынан келмейді. Біреу тумысынан соның жолына түссе, тағы біреулер атакәсіп ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырады. Аңшылықтың барлық айла-амалдарын, әдіс-тәсілдерін меңгерген жандардың мергендігі мен айлакерлігін, самдағайлығы мен шеберлігін қаламгер қызықты суреттеген.

«Қазір міне, таң жаңа ғана қылаңдап атқан еді. Қос ыстық істейтін қамына енді ғана кірісер шақ болған. Әлі аттар да әкелінбепті. Киізі қосқабаттап жабылған кеңдеу, жылы қоста Абай қатты ұйқыда жатыр еді. Қатарында жатқан Ербол оны иығынан қозғап, түртіп оятты. Абай селт етіп, басын жастықтан көтере беріп, жалт қарады. Ербол:

– Абай, мына қызықты қара! Бұл неғылғалы тұр? Аңғардың ба? – деп, иегімен қостың ортасына қарай нұсқады. Абай енді бұрылып, солай қараса, мерген Бәшей аласа қостың азғантай ашылған түндігінен мылтығының ұшын аспанға беттетіп, бірденені көздеп тұр.

Қос ішінен аң атқан мергендікті әлі бұл аңшылар көрген де, естіген де жоқ еді.

– О не?

– Не көрдің? – десіп, екеуі де бастарын жастықтан жұлып-жұлып алысты.

Сол кезде Бәшейдің ұзын қара шитісі күрс етіп, қос ішіне бір будақ көк түтін таратты. Бәшей мылтығының түтіні айықпастан:

– Құлады! «Тақыр қолтықтан!» – дей сала, тысқа қарай атки берді. Абай мен Ербол Бәшейді етегінен тартып қалып:

– Уа, жөніңді айтшы, кімді аттың?

– Нені құлаттың? – десіп тұра берісті. Бәшей бұлардың барын енді ғана аңғарып, тағы да ұмтыла беріп:

– Арқар! Үйдей құлжа... Құлап келеді, жүгіріңдер тысқа! – деді де, өзі төрден есікке дейін бір-ақ қарғып, лып етіп шығып кетті. Осы кезде жаңа оянып тысқа енді шығып, от жаққалы жүрген Баймағамбет, бақыршы Масақбай тыста даурыға қоя берісті.

– Кім атты?

– Мылтық қайдан атылды, ойбай-ау!?

– Домалап үстімізге келеді. Қостың үстіне құлар ма екен? – деп қатты әбігерленіп, тарпылдап жүгірісіп жүр. Дәл осы кезде ауыр

салмақты бір нәрсе қостың іргесіне, сырт жағынан кеп былқ етіп, дүбірлей құлады. Өлеусірей тыныс алып, пысылдап жанталасқан аң белгісі білінді. Ербол мен Абай кең етіктерін аяқтарына сұғасұға салып, бастарына күпі тондарын көтеріп жамыла бере, тысқа атқып шығысқан еді. Бәшей арқарды бауыздап жатыр» [40. 454.].

Осы бір сюжетте, диалогта Бәшейдің мергендігі әрі аңшылық тәжірибесі байқалады. Шиті мылтығымен көздеп атысымен-ақ, өзінің арқарды құлатқанына сенімді. Аңшылардың әңгімеге өтірікті қосып-қосып айтатын бөспелілігі, мақтаншақтығы тағы бар. Біріншіден, «тақыр қолтықтан» тигізуі, екіншіден, арқар деп алып, одан кейін «үйдей құлжа» деп әспеттеуі – осының дәлелі. Сонан соң аңшыға тән самдағайлық, яғни «төрден есікке дейін бір-ақ қарғып, лып етіп шығуы» ерекшеленеді. Қосқа қарай құлап келе жатқанын аңғарып, әбігерленіп, тарпылдауы да байқампаздығы мен сезімталдығын көрсетеді. Ербол мен Абайдың аңшылықпен жақсы таныс болса да, әлі тәжірибесінің жоқтығы білінеді. Біріншіден, Бәшей көздеп жатқанда, екеуінің қос ішінде жатқан жерінен бастарын көтеріп, не көргенін, екіншіден, атып болысымен нені атып құлатқанын сұрауы және бұған қосыла Баймағамбет пен Масақбайдың дүрлігіп, даурығуы да арқарды атқан Бәшейдің әрекетінің жылдамдығы мен ептілігін білдіреді.

Романдағы аңшылық, саятшылыққа, осы бір ел тірлігіне етене енген кәсіпке қызығушылығының артуын және оны көңіл көтеру әдетіне айналдырғаны байқалады. Келе-келе бұл өнерге бой үйретуі, сөйтіп оны ермек етіп қана қоймай, қыр-сырына терең бойлап, оны өз шығармашылығына өзек етуі аңғарылады.

Аңшылық кәсіптің сыр-сипаты осы бір эпизодтан айқын танылады. Аңшыға тән алғырлық, байқампаздық, ептілік, ел-гезектік және де көрген-білгендігін көтеріңкіреп, асырып айту дағдысы – романда шынайы бейнеленген. Мұның бір түйіні М. Әуезовтің аңшылық кәсіпті жақсы көргенінде, бос уақытында, аңға шығып, сейілдеп, серуендеп қайтқанында. Замандастары, араласқан қаламдастары естелік-әңгімелерінде ұлы суреткердің аңшылық кәсіпке өте жақындығы, қызықты оқиғалары әсерлі әңгімеленеді. Дәл осы аңшылық эпизод өмір шындығынан еш ауытқымаған, кәдімгі аңшылық өмірден хабар береді.

Абайды аңшылыққа біреулер шақырмаса бармайтыны, ел ішіндегі түрлі жағдайдың, бас қатырар, түйінін шешер істердің

көбейіп кетуінен мезі болғанда, әрі Әйгерім сөзі демеу болып Ер-болға «құла түзге кетіп, бір сілкініп қайту» тілегінен туындайды.

Абай бастаған топтың салбуырынға шығуы, Шыңғыс тауының екі үлкен үңгірінің бірі – «Әулиетас», кейде «Қоңырәулие», екіншісінің шағындау екені – «Кіші әулие» аталатыны, аңшылардың үш қосы Бақанас тауына баруы әсерлі әңгімеленеді. Екі үңгірдің сипатталуы арқылы автор осы ғылыммен айналысатын спелеолог мамандарының назарын аудартады. Бұдан әрі «Кіші әулие» табиғаты, ауа-райының жайы баяндалған.

«Мынау Қырғыз шатындағы үңгір кішілеу болғандықтан «Кіші әулие» деп аталатын. Қостар сол Кіші әулиенің дәл етегінде. Алдын өзен мен қалың қайың, мойыл, терек өскен сайға беріпті. Арты биік жартастың тамағының асты. Соған кіре қоныпты. Бұл күнде сыртта бірнеше рет қар жауған, түн асса сонар болады. Әлі қалыңдап қар түскен жоқ, бірақ келте сонар боп таңға жақын жауатын, не жұқалаң қырбақ қар, не қылау күн сайын болады» [40. 453.].

Осынау аң-құсы мол өңірдің бір ерекшелігі қалың қайың, мойыл, терек өскен тоғайынан байқалса, екіншісі сонарға сәттілік тілегендей жұқалаң қырбақ қар мен қылаудың түсуі.

«Аңшылар он күннен бері бүркітпен, тазымен көп түлкі алды. Бәшейдей, Шәкедей мергендер сирақты шитілерімен арқар атып, қос-қостың ішін аң терісіне, арқар етіне толтырып тастаған.

Аңшылардың бұл күндегі тұрмысы сол аң аулау ыңғайына қарай бейімделген. Бұлар ымырт жабыла ерте жатып, таң қыландай бере ерте тұрып, өзгеше ынталы қаракет соңында.

Ширақ, сергек тіршілік кешеді» [40. 454.].

Кіші әулиедегі аңның, түлкі мен арқардың көптігі де – сол заманның бір ерекшелігі. Саятшылық, аңшылық кәсіпті халықтың қалай меңгергендігі, сол уақыттағы қалыпты тіршілік әрекеті сипатталады.

«Биыл да көшу солай. Жолдағы белгілі қоныстар! Талды-бұлақ, Барлыбай, Қызылқайнар. Кей қонысқа таңертең кеп қона сала, кешке тағы көшеді. Үдере көшу. Кей қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан кетеді, үлкен үйлер тігілмей «ұранқай, «абылайша», «жаппа», «итарқа» деген неше түрлі кішкене, тар, аласа, күркелер тігіледі. Әркім өзі сүйген үйшігін тұрғызады. Жалпак ел, бар ауылдар осы жайлауға көшу сапарында

балалардың «ауыл-ауыл», «күрке-күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияктанады».

«Абай жолының» бірінші кітабында елдің көшу дәстүрі осылай сипатталған. Көштің кейде қоныста таңертең қонып, аз уақыт дамылдап алып, кешкі салқынмен ілгері жылжуы да табиғи заңдылығы. Кей қоныста бірді-екілі күн отырмастан, қайта ілгерілеуі де жайлауға жетіп жайлануды көздеген малды ауылдың мақсатты қаракеті. Рас, қашан жайлауға жеткенше үлкен үйлер тігілмейді. Арнайы өгізге не түйеге артылған көрпе-жастық, ыдыс-аяқ теңдері ғана шешіледі.

Романда көш эпизодтары, сюжеттері де сол заманның, шындығын көрсетеді. Алдымен көштің бағыт–бағдары баяндалып, одан кейін мақсаты айқындалады. Әр көштің өзіндік ерекшелігі сипатталады.

«Көштер үздік-создық болмай топтанып иіріліп алып, қалың нөпір боп қозғалды. Әншейінде көш деген қаз, тырнадай тізбек-тізбек болушы еді. Қазір де, алғаш жөнелгенде мынау ел тобына лашын түйілген шүрегей үйректей ұйлығып, қарбаласып, ұйқы-тұйқы боп кетті. Құнанбай таң атар – атпастан асығыс бұйрық беріп:

– Малтықпай тез көшсін! Шұбалмасын! Қатар қозғалсын! Қауырт жөнелсін! – деп қысқа-қысқа әмірді ауыл басы сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан. Дағдыдан тыс көштің, дағдыдан тыс көрінісі де осыдан еді» [41,48].

Бұдан бұрынғы көштің асықпай, сән-салтанатымен аттанысы суреттелсе, мына көштің ерекшелігі–жеделдігінде, асығыстығында. Жазушы шеберлігіне сүйсінетініміз, көшті құстардың келіп, қайтуына сабақтастырады, бұрынғы көштерден ерекшелігі – «үздік создық болмай, топтанып, иіріліп алып, қалың көпір болып қозғалуы» бағаланады. Қазақы көштің әдеті – қаз, тырнадай тізбек-тізбек болатындығы». Жайлап сокпаққа түсіп алып, бірінің соғынан бірі тізбектеле жүру немесе жол қатарласқанда қабаттаса жүру – көш дағдысы. Мына көштің өзгешелігі – «ел тобына лашын түйілген шүрегей үйректей ұйлығып, қарбаласып, ұйқы-тұйқы боп кетуі». Бұлай болу себебін автор Құнанбай әмірімен астастырады. Әр ауыл басы сайын кісі шаптырып, бұйрығын жеткізген бұл көш айтушы түйіндеуінде «Дағдыдан тыс көштің, дағдыдан тыс көрінісі де осыдан». Ертерек жерге жетіп, жайы-

лымды иелену. Арадағы жер дауынан туған қызғаныш көштің осындай қарбалас әрекетіне ұласқан.

Дағдыдан тыс көштің, дағдыдан тыс көрінісі авторлық баяндаумен берілген. «Әлі күн шыққан жоқ, елең-алаң еді. Жиырма ауыл жүктерін артып жатқанда жым-жырт, үнсіз кимылдаса, енді түйелерін тұрғызып, жөнеліп бергенде жамыраған қозыдай неше алуан үнге боздайды. Біресе жүк батқан түйе бақырады. Енесінен адасқан бота боздайды. Әр ауылдың өш иттері бір-біріне арсылдасады. Айқай салып шапқылаған аттылар, жүкші жігіттер көрінеді. Бала жылайды, шешелер ұрысады. Қи-қулап айқай салып, мал қайырған малшылар, жас-кәрілер үндері әлсін-әлі келеді.(41.48).

Көш таң атысымен қозғалады. Мына көш дәл жау шабардай елең-аланда, күн шықпай аттанады. Бұл адамдар үшін ғана емес, малға да жайсыз көш, яғни, түйелерін тұрғызып жүре бергенде, біресе жүк батқан түйе бақырып, енесінен адасқан бота боздап, әр ауылдың өш иттері бір-бірімен арсылдасып, жамыраған қозыдай неше алуан үнге басуы. Шапқылаған аттылар мен жүкші жігіттердің айқай салуы, жылаған балалар, ұрысқан шешелер, қи-қулап, айқай салып, мал қайырған малшылар, әлсін-әлсін шыққан жас-кәрілер үндері – көңілсіз көріністері. Осынау жүйкеге тиетін, көңіл жабырқататын көріністер бір жағы қаталдық пен өктемдіктің де нышаны. Осы арқылы Құнанбайдың қатал шешімі сарапталады. Автор көштің «мынау ел тобына лашын түйілген шүрегей үйректей ұйлығып, қарбаласып, ұйқы-түйкі болуын» қатал әмірмен сабақтастырады, асығыс көшудің айналаға қандай жайсыз тигенін баяндайды.

М. Әуезов – көшпелі қазақ өмірінің, этнографиясының үлкен білгірі. Жаппа, абылайша жайлы білгенімізбен, ұранқай, итарқа туралы естігенімізбен, көрмеген баспана түрі. Автор олардың бәрі кішкене, тар, аласа күркелер екенін ұқтырады. Бұл күркелер уақытша қоныс жайлары, дереу тігіліп жиналуға әбден қолайлы. Көшпелі тұрмысқа қолайлы уақытша баспаналар. Әркімнің қалауындағы үйшіктерін тұрғызуы – дағдылы тіршілік заңдылығы. Балалардың ауыл-ауыл, күрке-күрке ойнауы өзара ынтымақ-бірліктің, берекелі тірліктің тәрбиелік негізі. Көшпелі халықтың жоғарыда аталған баспана, күркелерінің кейбіреуі жаугершілік замандарда жорықтарда пайдаланылған. М. Әуезов романда

халық тіршілігін, кәсібін, өнерін бейнелеуде ғұламалық дарынмен дараланады. Қазақтардың көшіп-қону ерекшелігін М. Әуезов айшықты жеткізген. Кітапта этнография, халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі де кеңінен бейнеленген.

Жазушы қазақ ауылының көктеу, күздеу жайлау, қыстаудағы жай-күйін, үйіне, қора-жайына тоқталып қана қоймай, үйдің ішкі жиһаз-жабдықтарын, интерьерін де қамтыған. Мысалы, Семейдегі Білеубай қажының үйі, оның ішкі жабдықталуы авторлық баяндауда нақты сипатталған.

«Сонымен төңіректеп көптеп көтерген сөздерін енді арнаған өрісіне қарай бұрады. Сөйтіп, қалада бер жақта Білеубай қажы дейтін екі қабат темір шатырлы үлкен үйі бар, бай қажының үйіне Абайдың қалада жүрген жақындарын қонаққа шақырады. Білеубай қажының қонақ жайға арналған төрт бөлмелі үстінгі кең үйлеріне есіктен төрге шейін дастарқан жайғызыпты. Мол дастарқанды айнала ұзын көрпе, құс жастықтар салғызып, көп қонақ күтеді. Әр үйде, бірнеше шелек қымыз бірақ сиятын «тайжүзген» дейтін сары қамыс тегенелер беті шүпілдеп, сары қымызға толып, көп жерге қойылады. Қалың қонаққа тынымсыз құйылып, сапырылып жатады. Арнаулы сырлы тостағандар дамылсыз әрлі-берлі қалқумен бір толып, бір солып ұдайы жағалайды.

Сарбұға салып асқан семіз қойдың еттері табақ-табақ тартылады.

Мағаш пен Кәкітай бұл жиынның мәнін әуелде ұғынбаған. Оларға тосын бір сөз, сол ет жеп, қымыз ішіп болған соң кешендеп келген палаудың, шие суының үстінде айтыла бастады» [41. 518.].

Алдымен Білеубай қажының үйінің ерекшелігі айтылады. Жазушы үйдің сыртқы сәнін, сәулеттік бітімін тәттіштеп кескіндемеген. Абайдың қалада жүрген жақындарын шақыру мақсатындағы қонақ күту әзірлігін сөз етеді. Қонаққа арналған дастархан, төрт бөлмелі үстінгі кең үйге есіктен төрге дейін жайылған. Сонан кейін дастарханды айнала ұзын көрпе, құс жастықтар салынғанын яғни үйге көп қонақ келетінін, әзірленіп жатқан дастархан мәзірін де хабардар етеді. «Тай жүзген» дейтін сары қамыс тегенелерге бетін шүпілдете құйылған қымыз – келген қонақтарды алғаш сусындатып, шөлін қандыруға арналған. Қымыздың сырлы тостағандармен қонақтарға дамылсыз

жөнелтіліп тынымсыз құйылып, сапырылып жатуы да әбден пісіліп, бабына келіп әзірленуін байқатады. Одан кейінгі ас түрлері: сарбұға салып асқан семіз қойдың еті, ет жеп, қымыз ішілген соң, біраз уақыт салып палау, шие суы берілетіні де мұндағы береке-лілікті, қонақжайлылықты, кеңпейілдікті әрі мәзір әралуандығын көрсетеді.

«Абай жолы» – бір халықтың бір дәуірдегі тарихы, дәстүр-салты, өнері, мәдениеті, кәсіпшілігі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық формациялардың ауысуы кезіндегі сана-сезімі, өмірге, заманға, ертеңге деген көзқарасы, адамгершілік-имандылық нормалары, эстетикасы, этикасы, әлеуметтік жағдайы. Бар ғылымның, барлық білімнің басын қосқан ерекше энциклопедия. Тұнып тұрған тілмен төгілген шежіре. Осында жазушы Абай заманындағы халықтың саны жөнінде статистикалық мәлімет бере кетеді. Халықтың өсіп-өну демографиялық деңгейін саралап шығады. Мұны айтушы баяндауында емес, Әзімқан төре Оразбай, Шұбарлар жиналған болыстар мен жуандардың әңгімелесуінде беріледі.

«Әзімқан бар қазақтың санын айтып бір кетті. «Пәлен миллион» деп, мөлшер емес, Оразбай ғана емес, тіпті көзі-қарақты дейтін Шұбарлар да естімеген деректі айтты. «Ресейге қараған қазақ пәлен миллионнан астам» – деп, оны бір қайырып тастады. Содан әрі, бұл отырған қазақ, қайдан білсін, 1895 жылы Петербургта басылып шыққан «Энциклопедический словарьдің» 15-томында, қазақ деген халықтың әр болыстағы санын айтқан цифрларды үсті-үстіне төпей түсіп, Әзімқан айтып жатыр.

– Астрахань губерниясында екі жүз он алты мың қазақ бар. Орал облысында – төрт жүз он екі мың қазақ! Торғай облысында – үш жүз отыз сегіз мың. Ақмола облысында – үш жүз қырық бір мың. Мынау өздерің отырған бес ояз Семей облысында бес жүз қырық жеті мың. Жетісуда – алты жүз мың. Анау Сыр бойында, Түркістан, Ташкент жағында жеті жүз отыз мың қазақ бар! Бұл шоғыр, тұтас, құйқалы қалың отырған жерлері!» – деп үй ішінде қымызға қызып алған ақсақал, қарасақалды, би-болыстар, анкылдақ, мактаншақ үркөппе байларды «қазақ не деген көп еді», «қайдан білген», «шіркін, білсең осылай біл!», «қазаққа ие болған, қамқор болған кісінің жиғаны ғой мынау!» – дегізеді. [41.473]

«Бұндай білімді кімнен көрдік», «қай қазақтың ділмәрі мен білгірі осындай қып бар қазақтың басын түгелдеп беріп еді»,

«мынау анық ақ Оразекен айтқандай, ендігі қазаққа бас болғалы тұр екен», «өзі де тектіден шыққан ғой», «бұның ойы тегі қазақтың бәрін санап алып, содан іргелі ел құрайын деп жүр екен!» – десіп, кең үйдің екі жақ деңгейінде созыла отырған Жанатай, Сәмен, Әзімбай, Шұбар, Жиреншелер кейде төреге естіртіп, кейде өзара қызып алып, қымыздың желігімен дәуірлей түсіп, мақтанға да басып гу-гу етісіп қалады.

Әңгімелерін мынау отырған жұрт өзгеше таңырқап, тамашалап тыңдағандықтан Әзімқан төре «Энциклопедический словарьдан» жақсы жаттап алған қосымша деректерін тағы да айтып кетті.

– Жаңағы қалың отырған қазақтан басқа анау Орал, Торғай облыстарының қырық мыңға жуық елі сонау Орал тауына кіре жайлайды. Верхне-Орал, Челябині, Тройцкий дейтін ояздарды мекен етіп те кетеді. Одан басқа талай мыңдаған қазақ Хива хандығында өмір кешеді. Теке-Түрікпен мен аралас Амудария бойында қырық мың қазақ бар. Самарқан облысында жиырма мың қазақ. Каспий атырабында қырық мыңнан аса қазақ тағы бар. Одан қала берсе Қытай жерінде, сонау Қара-Ертістің басында, Алтайдың түстік жақ сілемінде, Тарбағатай, Сауырдың іші-тысында, оң-терісінде тағы талай қазақ бар, – дейді [41. 473].

1895 жылы Петербургтен шыққан «Энциклопедический словарьдың» 15 томына сүйеніп Ресейге қараған қазақтың пәлен миллион екенін айтуы, қазақ өлкелерімен болыстарындағы ұлт санын нақты деректермен жеткізуі – байқап, түсінгенге керемет батылды! Әлдебір сыншылар мұның қажеті қанша еді деуі де мүмкін. Жазушы мұны әдейі енгізіп отыр. Мақсатты түрде осынау ғалымдар біле бермейтін, зерттеуге зейін-құлық танытпайтын, халық болашағы үшін ұлт санының мәліметтерін романда көрсеткен. Әзімқанның қазақ санын айтуын қымызға қызып алған ақсақалдары, би-болыстары, мақтаншақ үркөппе байларының аузындағы «қазақ не деген көп еді», «қандай білген», «шіркін, білсең осылай біл», т. с. с. қазаққа қамқор кісінің жиғаны деп ұғыну да артықтау көрінері анық. Мұны тіпті Жанатай, Сәмен, Әзімбай, Шұбар, Жиреншелердің қолдап, қоштауындағы: «Бұндай білімді кімнен көрдік» деп, немесе қазақтың басын қосып, осындай қып түгелдеп берген ділмәрі мен білгірі есебінде тану, қазаққа бас болғалы тұрған игі жақсы деп сезіну, «өзі де тектіден шыққан ғой» деп төре тұқымынан екенін мойындау – Әзімханға беріл-

ген бағалау. Ол аз десеңіз, «бұның ойы тегі қазақтың бәрін санап алып, содан іргелі ел құрайын жүр екен!» деп мадақтауға ұласуы да бекер емес. Осынау дәуірлей түскен мақтанның шегі қойылуына мұқият зер салыңызшы. Әсіресе, соңғы сөйлемге назар аударалық. Цензура қалай байқамаған, қалай жіберіп алған. Егер сызып тұрып оқыған қырағы көздердің бірі: «Қазақтың басын косып, түгендеп, іргелі ел құралуы несі. Мынауы сұмдық қой. Совет үкіметінен Қазақстанды бөліп алғысы келе ме?» деп бірде алашордаға, бірде ұлтшылдық идеяға, түрлі «измдерге» таңып, жазушы басына әпербақан ойнатары анық еді.

М. Әуезов – нағыз ұлтжанды, біртуар талант, жаратқанның қазақтың маңдайына берген мәңгілік бағы, бақыты, айырықша қадір-қасиеті ғой. «Қазақтың бәрін санап, алып іргелі ел құру» деген сөздің астында, астарында тәуелсіздік, егемендік барын ұғыну қиын емес. Басын шабуға қылыш маңдайына мылтық кезеніп тұрғанда, осыны ұлы Мұхтар айтып кетті. Бірде бір кенестік одақ жазушысы айтпақ тұрмақ, қаламы тайсақтап, ойы жетпеген көзсіз батылдыққа барды. Сонан соң ұлтымыздың осыншама санын келтіруіндегі жатқан ой астарын сездіңіз бе? 1921-1932 жылғы ашаршылықты, 1937 жылғы сталиндік жазалау құрбандарын, 1939-1945 жылғы Ұлы Отан соғысындағы шейіттерді есептегенде, қалған қазақтың санын саралатып, бұрын қандай мол едік, енді қандай күйге жеттік деген сауал тұспалданады.

Мына кереметті қараңыз! Әзімқан төренің бірде энциклопедиялық сөздікті бетке ұстанып енді бірде қосымша дерек деп Ресейдің Астраханын, Верхне Орал, Челябин, Троицкий уездерін, Өзбекстанға еніп кеткен Ташкент, Хиуа, Самархан, Түркменияда Амудариядағы, Каспий атырабындағы қазақтар тұратынын атай келіп, Қытай жерінде Қара Ертіс басында, Алтайдың түстік жақ сілемінде, Тарбағатай, Сауырдың оңтүстік, солтүстік, шығыс-батысында қазақтар мекендейтінін айтып жеткізуі де бір қарағанда болыс-билерге халықтың демографиялық жағдайынан мәлімет беру сияктанады.

Жазушының Әзімқан аузынан айтылған дүниелерді қымыздың желігіне телуі де тапқырлық. Әрине, болыс, атқамінер, би, байларға халықтың қоныстану жайының түкке керегі де жоқ. Олардың аузына осыны салып қазақ санын сөз етуі – автордың ойлап тапқаны. Қазақтың санының көптігін көрсету, осыншама

аумақты алып жатқан алып ел ретінде көрсету ұстанымында ұлттың бірлігі мен жерінің тұтастығын көздегені анық. Және мұны жай елден естіген, білген әңгіме негізінде емес, Әзімқан төренің белгілі бір басылымдағы дерекке сүйене жеткізуі де ғалымдарға ой салары анық әрі оны болыс, билерге «қымыздың желігімен» гу-гулеткізіп қостатуы да логикалық айла. Мұны мәлімдеу жазушының көкейіндегі ізгі мақсаты болса керек. Осы арқылы сол кездегі билік иелеріне, саналы, ойлы, білімді ел азаматтарына кеше халқыңның саны осынша еді, мұншама жерді мекендеген, бүгінгі жайын мынау, зертте, тарихыңды, этнографияңды, демографияңды, мәдениетіңді таным таразысымен таразыла деген тұспал сезіледі. Әзімқан төренің сандарды төпелеп айтуы да оның түбінде ел тағдыры, тарихы барын түсінген түйсік түйсінер.

Мұндағы Әзімқан төре – «қазақтың көрнекті қайраткері, экономист, публицист, аудармашы. Абайды көзі тірісінде орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам Әлихан Бөкейханұлы» [45.166]

Мұхтар Әуезов Әзімқан атымен – Әлихан Бөкейханұлына ігі жақсы ортасында ұлттық демография мәселесін көтеріп, оны басқаларға құпталуы мен мол білімділігін, оқымыстылығын танытады, төре тұқымы Абылай хан ұрпағы екенін де мақтаншыппен атайды. Ең бастысы алаш арыстары, сталиндік жазалаудың құрбаны блып, есімдері ел аузында аталмай жүргенде, осылайша амалдап тарихи романға енгізуімен де алдыңғы алыптар тобына, асыл ағаларына құрмет сезімін білдіреді.

2.4. «Қақтығыста» тарауының тұспалды тұстары

Совет үкіметі жылдары халықтар достығы, интернационализм көркем өнерде, әдебиетте басты мұрат болды. Әдебиеттің партиялығы мен таптығы негізінде көркем шығармаларда ұлттардың достығы, ынтымағы бейнеленумен бірге, Ұлы Октябрь революциясының советтік халықтарға теңдік әперіп, бақытқа кенелуі орыс халқының аркасында деген сыңаржақ көзқарас идеологиялық сипат алды. Бұдан кез келген ұлт әдебиеті, өнері айналып кете алмады. Социалистік реализм жүйесіндегі әдебиетте халықтар достығы басты бағдар болды, кез-келген ақын-жазушы үшін бұл міндетті саналды. М. Әуезов роман-эпо-

пеяда Абайдың орыс зиялыларымен, оқымысты, ғалымдарымен арадағы достық қарым-қатынастарын тарихи шындыққа сай шебер бейнелеген. Ресейдегі крепостнойлық құқыққа байланысты орыс мұжықтарының, шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы, екі халықтың арасындағы сыйластық, түсіністік мәселелері – композициялық арқаудың ажырамас бөлігі.

Сол кездегі тарихи жағдайды сараптай келе, бір-бірімен тұрмыс-тіршілігі бөлек екі ұлттың бір-бірімен қарым-қатынасы, араласуы жайлы сюжеттерге көркемдік қиял қосылғанымен, шынайы берілген. Бұл тақырып сол кездегі коммунистік идеологияның талабы болатын. Жазушы қазақ-орыс шаруаларының ынтымақ-бірлігін алғашқы қарым-қатынасынан бастап көрсетеді. Әзімбайлардың жатақтардың егініне жылқыны қаптатып таптатқан қиянатына жұмыла қарсы шығып, қақтығыста кедейлерге көмектесуі т.б. сюжеттер арқылы автор қазақ даласындағы төңкеріс дүмпулерін, кедей табының санасының ояна бастауын қоғамдық тарихи алғышарттар аясында кескіндеген.

– Бұл ауыл сөйтіп сізге бүлік, ауыл болған екен ғой! Жоқ, туысқан! – деп Әбіш ойындағы орысша сөзді қазақшылап айтты. – Бұл ауыл қыбласынан адасқан емес, осы сахараның анық қалың халқына шын қыбланы іздеп, соны көріп отырған жалғыз ғана көзі – қаракты ауыл. Сіз орыспен үркіткіңіз келеді. Ал өзіңіз ғой сол патшалығының қолынан кеше болыстықты алып, талай жыл қызығын да, олжасын да таттыңыз.

– Ол күн үшін! Күнім түскендіктен.

– Жоқ, сіздің өз басыңыздың күні еш уақытта түскен жоқ-ты. Жалғыз сіз емес, қазақ даласында кешегі заманда, бүгінгі заманда да дәл осы сіздей жуан мықтылар болған. Бір жағынан әкімдікті алып, елін зарлатып отырады. Екіншіден мұсылман, ислам, атабаба жолы деп ескіге, баяғыға тартып кері жүреді. Сіздей кісілер өмірі жалған жолда екіжүзді мінезде жүретін топ әрі халқына алдамшы, әрі ұлығына алдамшы, ешкімге де шын достығы жоқ. Баққандары өзінің ғана құлқыны мен бақ-дәрежесі. Міне, бұл ауылмен тағы басқа жаңа жолдағы қазақ қамқоры болса, ең алдымен осы сіздей адамды елдің соры деп білу керек.

– Ой, не деп кеттің?

– Дейтінім сол – Оразбайлардың, Тәкежандардың ойы түгел жетпегенге сіздің тіліңіз жетіп осындай сұмдық сөзді айтып

отырғанда, менің де қатты айтпасқа шарам жоқ! – деп, Әбіш әділ ашудан аппақ сұр боп кетті» [41. 240.].

Шұбардың ауылына қатысты айыптау сөзіне қарсы пікірін білдірген Әбіш орыспен жақындасуынан күмән-күдік келтірген Шұбардың қателігін бетіне басады. Олардың орыс патшалығының қол астында қызмет еткенін, болыстық мансапты иеленіп, айтқанын орындап халықты қалай қорлап, қиянат шектіргенін, солардың шен-шекпеніне бөленгенін жасырмай жеткізеді. Ол осының бәрін күн түскендіктен жасадым деп жалтарғанда да, Әбіш жауабы әзір. Қазақ даласында кейбір болыстардың билікке қол жеткізіп, елді зарлатқанын және мұсылман, ислам, ата-баба жолын бетке ұстап, ескіліктің небір салт-әдеттерімен халықты уысында ұстағанын батыл жеткізеді. Әбіш сөзінде туралық, шымыр шындық бар. Халқын да, ұлығын да алдап жүрген екі жүзділігін бетке басады. Өз құлқынын, қара басын, алар мансабын, ойлап, соның жолында елін сорлатып жүргендерді ел соры деп айыптайды. Ол жанына батқан уәжге шыдамай қарсылық білдірген Шұбарға осының бәріне өзінің елді кінәлаған, қаралаған сұмдық сөзіне бола айтқанын тағы да есіне салады. Осы тұста Шұбар да шыдамай Әбіш жүрегіне қаяу түсіретін аяусыз сөзін айтады. Әбдірахманды орысшылсың деп кінәлайды. Жалпы автор Әбіштің орысша ойлап, ойын қазақша жеткізіп әрі Шұбардың орысшыл деп айыптауында, оның Санкт-Петербургта оқып білім алуымен емес, орыс халқына тән тікмінезділікті, шындықты бетке айтатын турашылдықты, қайтпайтын табандылықты көрсеткісі келгенге ұқсайды. Екінші жағынан Әбіштің де Абай кітаптарынан рухани қуат алғаны, жасынан діни білімді бойға жинақтауы да байқалады. Оған дәлел – қыбланы атауы, мұсылман, ислам, ата-баба, жолын еске салуы. Шұбардың орысшылсың деп кінәлауына Әбіш өз байламын білдіреді. Ол орыстың өзін жіктеп бөліп, қайсысымен дос болған жөн деген мәселе қояды. Ол тек болыс, атқамінерлердің колпаштауында жүрген ұлық, жандарал, ояз сияқты орыстарды емес, қараңғы халықтың сауатын ашып, білім, өнер жарығын әкелетін прогресшіл еңбекші орыс халқымен жақындасуды ұйғарады. Әбдірахман осы бағыттағы Абайды, Дәрменді үлгі тұтады, мүдде-мақсаттас санайды.

Алайда, Әбіш аузынан орысты не үшін сүйетіні айтылатын сөйлемнен кейінгі «анық содан басқа дос та жоқ, қыбла да жоқ»

деген мәтіндегі қыбла білімге, ғылымға, мәдениетке бетбұру іспетті. Бір жағы кеңестік атеистік қоғам дінді теріске шығарып, оны мемлекеттен бөлектенген кезде сол заманға ыңғайлы көргендіктен, осы сөзді батыс немесе солтүстіктен деген ұғымның орнына қолданса керек. Әрине бұдан ой олқы тартып тұрған жоқ. Дәркембай «Іргелі де ел, үлгілі де ел ғой осы орыс! Абай өнерді орыстан аларсың», «орыс деген өріс» деп «кейінгі нәсіл ұғады» – дейді. Текке айтпайды танып айтады ау осыны» – деген Абайға ризашылық лебізі қара сөздердегі ойға негізделген. Жазушы сол кезде тарихи аса маңызды оқиға саналған Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы мен Қазан революциясы, совет үкіметін орнауы сияқты қоғам құрылысының өзгерісіне өткеннен мензеу жасаған. Сол кездегі коммунистік идеологияда орыс халқы барша кеңестік республикалардың өркениетке, өнерге білімге тартқан аға халық ретінде дәріптелді.

– Ырысы жоқ сорлы ел, орыс емес біз-дағы. Менің елім,... Қалың көрпе астында, қалың қараңғылық ішінде жатқан қазақ елі! – деп тоқтады [41. 308.].

Диалогтағы осынау аянышты да ащы айтылған сөздер Абайды елінің нағыз күрескері, қайраткері бітімінде көрсетеді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртын» деп өзекті жарған Абай өкінішімен үндеседі «Қалың көрпе, қалың қараңғылық ішінде жатқан» елінің сауатсыздық пен момындықтың шырмауында қам-қарекетсіз тірлік кешуіне қынжылысы сезіледі «Ырысы жоқ, сорлы ел» – Абай аузынан айтылғанымен, суреткердің ішкі ашу-ызасын да қоса жеткізіп тұр. Абайдың осынау сөзі қиын заманда барар бағытын білмеген еліне деген іштей ыза жалыны. Қазақ елін басқа халықтармен қатар қою арқылы жазушы жаңа қоғам бейталысын байқаған Абайды даралайды.

Коммунистік саясат орыс тілін, Ресей тарихын мектептерге күштеп таңған кезде, оны басқаша өзгерту заман шындығын әрі идеология талап, шартын бұрмалау болар еді. Автор Абай, Әбдірахман ғана емес, қарапайым халық данасы Дәркембайдың тілегі аясында мұны барша жатақтың арман-мұраты етіп көрсеткен. Әр сөзге, әр сөйлемге қала қарап, саяси қателік іздеген сол кезеңнің идеологтарының қырағы көздерінен айналып өту үшін осындай шегіністерге, мәжбүрліктерге жазушы әдейі барды. Мұндай айла-амалсыз «Абай жолының» жазылуы да қиын еді.

Соқтықпалы, соқпақсыз тірлік кешкен Абайдың шығармашылық тағдырын, арман-мұратын бейнелеуде қаламгер де «тар жол, тайғақ кешуден» өтті.

Романда өткір көтеріліп отырған мәселе – орыс халқымен жақындасу, екі халықтың арасындағы достық қарым-қатынас, орыс білімінен, мәдениетінен үйрену т.с.с. Мұның өзі жана мен ескіліктің көзқарас, ұстанымдарындағы таласқа айналды. Әбіш пен Шұбар арасындағы диалогта заманның өзгерісі, елдің жана қоғамға ауысу ұғымы пікір-таласқа, ашық қайшылықты көзқарасқа ұласады. Диалогта осы тартыс Әбіш білімінің тереңдігін дәлелдейді.

Жазушы осынау сюжетте қазақ ауылының қарапайымдылығын, қонақжайлығын, ақпейілділігін, аңқылдақ адал көңілін балалар тілімен, олардың қабылдау, сезіну, түсіну сипаттарымен дәл берген.

Орыс жатақтарын ауылға бастап келгеннен кейінгі орыс әйелдері мен қазақ әйелдерінің алғашқы араласып, құраласуы – өмір шындығының көркемдік шындыққа ұтымды ұласуы.

«Ауылда үйлер көп. Азын-аулақ сүттерін алып шыққан әйелдер, кемпірлер жана келген орыс әйелдерімен араласып жатыр. Орыс әйелдерінің ішінде зор денелі, ажымды, қайратты жүзі бар, қолы, кеудесі еркектей кесек, орта жасты шеше жүр. Оның өні өзгелерден көрі күнге көбірек күйіп, қара тартқан. Өзін барлық обоздың әйелдері «Мать Дарья! деп сөйлейді. Өзге әйелдер атынан сол Дарья, қазақ әйелдеріне еркін сөйлесіп, сухарь-нан беріп, сүт-айран алдыра бастады.

Ақылды, салмақты жүзді Дарья бір жағынан қазақ кемпірі Иіске, тағы сондай қартаң әйелдерге орысша қалжың айтады:

– Меніңкі-сенікі, – деп, қазақшыламақ болды. Иіс пен Базаралының әйелі – Өдек және Дәркембайдың әйелі Жаңылдар күлісіп жылы ұшырап сөйлеседі. Олар «Сүтті тегін ал – қонақсыздар!» деді.

Кейбір орыс әйелдері ақша шығарып еді, Жаңыл күліп, екі қолын сілкіп, басын шайқады.

– Керек емес, ақша керек емес!.. Біз сәудегер емес... Ал!.. Мә сүт! – деп, тегін беретінін білдіріп, қолындағы шүмекті шелегінен бір топ әйелге сүтті өзі құйып берді. Ақшаны созған қолды қайта итерді, басын шайқады.

– Жок, жоқ...

– Қарашы, өздері кедейлер... Ал ақша алмайды. Бізді қонақ деп тұр. Киргиз қонақты жақсы көреді... Солай ма? – деп Дарья Жаңылға және соның істегенін істеп жатқан кемпір Иіске, Өдекке де өте ырзалық көрсетіп тұр» [41. 186.].

Әр елде бәрінің басын қосатын ақылшы анасы немесе өмірлік тәжірибесі көрген-білгені мол ел ағасы не ақсақалы болады. Өңгімелеуші «Мать Дарья» атанып кеткен обоздағы әйелдерді ертіп келген Дарьяға портреттік сипаттама береді. Оның денесінің ірілігін, қайраттылығын, жасының үлкендігін, қоныс аударушы, әйелдердің бәрі оны тыңдап, ақыл-кеңесіне құлақ асатынын атап өтеді. Орыстар сухарь-нанымен қазақтар сүт-айранымен өзара алмасқан осы бір алғашқы қарым-қатынасы, тілі, түрі бөлек болса да, тілегі бір жатақтар мен шаруа әйелдерінің ықылас-ниеті нанымды бейнеленген. Дарьяның Иіске қалжыңдап «Менікі-сенікі» деп оны саудаға айналдырмақ болуын, Өдек пен Жаңылдың сүтті тегін беріп, елге келген қонақ екенін айтуы – ата-бабадан қалған сыйластық, қонақжайлық қасиеті. Күлісіп, жылығушырай сөйлесуі де – ақ пейілді, кең көңілді, ақ жарқын қазақ әйелдерінің ұлттық ерекшелігі. Жаңылдың «ақша керек емес» деп орыс әйелдерінің ақша берген қолын кері қайтарып, сүтті тегін алуына ниет білдіріп, ыдыстарына толтыра құйып беруі де қазақ ауылдарының тектілік табиғатын, дәстүр даралығын танытады. Жазушының саудагер сөзін Жаңыл аузынан «сәудегер» деп дыбыстық өзгеріспен жеткізуі де, қазақ әйелінің жанының кеңдігін, жомарттығын, жарқын пейілін айғақ етеді. Яғни саудаласу қазақ жанына жат, қанына сіңбеген тірлік. Қазақ халқының табиғатына саудагерліктің тән еместігін айғақтайтын қарапайым көңілден шыққан риза сөзі. Оның бұл сөзді жіңішке дауысты дыбыстармен жеткізуі де бойдағы ұяндық пен сыпайылықты да байқатқандай.

Ақша созған қолды, кері қайтарып, алмауы қанға сіңген ана қасиетінен, ата дәстүрінен аттамау. Бұл диалогта әйелдердің ақылман анасы Дарья тарапынан бағаланады. Өздері кедей болса да, ақша алмағанын, қазақтың қонақты жақсы көретінін, яғни, қонақжайлығын, меймандостығын ризалықпен Иіс, Жаңыл, Өдекке білдіруі де қазақ әйелдерінің өздеріне көрсеткен ықылас, пейіліне, сүйіспеншілік айғағы.

Автор сол заманның тіршілік-тынысын жеткізуде уақыт, кеңістік дәлдігін көрсетуде әрбір детальға мұқият мән берген. Ол – Дарьяның аузына киргиз сөзін салуы. Өйткені, Қазан төңкерісіне дейін, тіпті одан кейін де қазақты қырғыз деп атау орыс және басқа славян халықтарына тән әдет болған еді. Егер де Дарьяға қазақ сөзін айтқызса, онда шығарманың шынайылығына көлеңке түсері анық. Сөз майталманы, тіл зергері, ой алғыры М. Әуезов әр кейіпкердің ойына, кәсібіне, мінезіне, сөйлеу дағдысына лайықты сөздерін сәйкестіре берген. М. Әуезовтей үлкен классиктің тағылым алар тамаша бір қыры – кейіпкер сөйлеу тілін дәл бере білуі.

1861 жылғы Столыпін реформасынан кейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы, бұдан бұрын басталған Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатының жалғасы еді. Бұл – тарихи деректерде айтылғанымен, көркем шығармаларда көріне қоймаған, арнайы ізденісті қажет ететін тақырып. Классик суреткер Абай заманының шындығын ашуда орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы туралы қалайда жазбасқа амалы қалмады. Кеңестік коммунистік жүйедегі тарих Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуын жаппай дәріштеп, оның қазақ халқы үшін прогресстік маңызы бар дегенді айқайлап айтумен болды. Міне осындай тұста М. Әуезов одан айналып кете алмады. Шығармада орыс-қазақ достығын, интернационалдықты көрсетуге міндетті еді.

– Сүт бар...

– Біздікінде, әжемде сүт бар.

– Жүр сүт бар... Әне ауыл! – деп ауылдарына шақырып тұр. Әйелдер ере бастады. Алдыңғы әйелдердің жол тапқанын көріп тағы бірнеше шешелер мен кемпір әжелер нандарын, сухарларын алып ере бастады. Ақыры бір топ әйелді жас балалар бастап, өздерінің көп үйлі ауылына әкеле жатыр.

Әйелдердің артынан жаңағы бидай алған шал мен тағы бір крестьян ерді. Бастары жалаңбас, ауыздарын қалың мұрт, беттерін ұзын, тығыз сары сақал басқан үлкендер. Балаларға әлі де аса суық түсті көрінеді.

Бұл ергендер обоздың басшылары. Алғашқы бурыл шал – Афанасийч, қалған екеудің зор денелі, балуан кеуде сары мұрттысы – Федор, екіншісі, кішілеу денелі, өткір шүңірек көк көзді, түксиген қабақты акбас шал Сергей.

Балалар бұл топты ертіп келе бере үйлеріне, әке-шешелеріне:

– Сүт сұрайды, мына кісілер... нан береді...

– Сукәр береміз! – дейді. Әже, сүт беріндер! – десіп шешелерін шақырып, жүгірісіп жүр [41. 186.].

Диалогта орыстармен шүйіркелесуінде қазақ балаларының аңкылдақ адал көңілі көрінеді. Алғашында үркектеп қараған олар ұлты басқа болса да ата салтына беріктігін білдіріп, әйелдерді, кемпірлерді үйлеріне шақырады. Әйелдермен бірге Афанасий шал мен шаруа Сергей мен Федор ереді. Балаларға олардың түсі аса суық көрінсе де, арып-азып келгенін жас жүректері түсінеді. Әке-шешелері шақырып сүт беруін өтінуі де екі халықтың шаруа, кедейлерінің мұндас, мүдделес, тілектестігін көрсетеді. Орыс коныс аударушылары мен қазақ ауылының алғашқы таныстығы, алғашқы араласуы осылайша бір-бірімен азық түлік алмасумен, дәм татумен басталса, бұдан кейінгісі тұрмыс-тіршілікті көріп, екі халық арасындағы өзгешеліктерді байқап, көрумен жалғастық тапқан. Автор үш крестьян Өдекке еріп Базаралыныкіне кеткенде, Дарья бастаған әйелдер және арбалардан ыдыстарын алып келген жас балалары бар аналар, әжелер осы ауылдың бар үйлерін жағалап келеді. Көп үйдің есіктерінен қарап, қазақ әйелдерімен ыммен сөйлеседі де екі жағы да тек күлісе береді. Бір топ тамашаласып жүр. Бірінің бірі киімдерін таңырқайды. Орыс әйелдері қазақ әйелдерінің бас киімдерін сөз қылысады. Бұл диалогта әсерлі суреттелген.

– Кәрі қатындары да жалаңбас, о несі? – деп қазақ әйелдері күңкілдесіп, тамашалайды.

Дарья әр есіктен қарап, көп әйелді ертіп тәжірибелі көзімен нашар күйлерді танып жүр.

– Қандай жалаңаштар... Үйлері жыртық... іштерінде өншен шокпыт, киім де жоқ, бұйым да жоқ, – дейді. Кейде от басында құр бидай қуырып отырған шешелерді, жас қыздарды көріп, – тамағын қарасаңшы, жалғыз бидай, – деп, бас шайқап келеді. Қазақ әйелдері Дарьяның атын қолма-қол өзгертіп, Жария қойып алды. Дарьяның сөздерін орыстың өзге әйелдері қостап сөйлеп келеді.

– Бір тамшы май да жоқ.

– Бұлардың сүттен басқа тамағы жоқ.

– Аш болу керек. Ал өздері ақша алмайды.

– Киргиздің деревнясы ғой бұл. Сорлы жоқшылық деревнясы! – десіп, әр әйел Дарьяны костап жүр.

– Біздің Пензадағы деревнялардың жоқшылығындай.

– Дәл біздегі аш-жалаңаштың үйі! – деп, Дарьяға бойы тақау, бірақ одан да балғын, балуан денелі Фекла қатқыл үнмен кесіп сөйлейді. Әлдекімге қарғыс айтып жіберді. Дарья да бағанадан бас изеп, ойланып келе жатыр еді.

– Ит кедейлік, бар жерде сенің сұмырай тұмсығың біреу-ақ! ... – деп, қасындағы әйелдерді ащы мысқылмен күлдіріп қойды [41. 187.].

Орыс әйелдері мен қазақ әйелдерінің ыммен сөйлесіп, күлісуі – тіл білмеуден. Бір-бірінің ойын түсінбей, болжамдап ортақ түсіністікке ұмтылу қиналысын сездіртеді. Әйелдердің бас киімді сөз етуі де нанымды. Әдетте кез келген адам бас пен аяққа қарайды. Қазақ әйелдері орыстың кәрі әйелдерінің басына жаулық салмай, жалаңбас жүруін мінейді. Өйткені, қазақ ұғымында жас та, үлкен де басына жаулық салып жүргендіктен, жаулықсыз көзге өрескел көрінеді. Алайда орыс шаруа әйелдерінің қазақтардан гөрі байқағаны да мол. Үйлерінің жыртықтығын, киімдерінің тозғанын, тұрмыс-тіршілігінің нашарлығын, бұйым заттарының жоқтығын аңғаруы да – сол дәуір тіршілік– тынысынан хабар береді. Қанша дегенімен, орыс халқының жиі қоныс аударуы өз алдына, түрлі кәсіпшілікпен айналысуы арқылы танымы да, көзқарасы да кеңдеу екендігін көрсетеді. Олар қазақ әйелдерінің, қыздарының бидай қуырып отырғанын көріп, жағдайының ауырлығын сезінеді. Сүттен басқа тамағы жоқ деп іштей налиды. Аш болса да ақша алмағанын, меймандос қасиетін таниды. Жоқтықта жүрсе де, қолдағы барын алыс жерден арып азып келген түрі де, тілі де басқа шаруаларға ақ көңілмен ұсынған қазақ халқының кеңпейілділігі, жомарттығы, қонақжайлығы бағаланады. Осылайша жазушы орыстарға ғана емес, кең байтақ қазақ жеріне совет өкіметі жылдарында Сталиндік жазалау, жаппай қудалау және соғыс жылдарында күштеп көшірілген басқа да сан түрлі ұлттарға қазақ елінің жомарттығын, қонақжайлылығын, кеңпейілділігін, ақ жүректігін түйсігіне ұялатады.

Ресей патшалығының отарлау саясаты, 1761 жылғы Столыпін реформасының жүзеге асырылуы, орыс ішкі аймақтарынан шаруаларының қазақ жеріне жаппай қоныстандырылуы «Абай

жолы» эпопеясында Абай өмір сүрген заманның нақты бір тарихи шындығы, қазақ халқының басына түскен ауыртпалық болғанын ұрпақ жадында жаңғыртады. Әрине, отарлаудың өзге де озбырлықтары, шұрайлы, шалғынды жайылымдарды тартып алуы, орманды, сулы өңірлерге деревня салуы, қазақтарды мал бағудан ысыруы, балаларды шоқындыруы, руаралық жік салуы, небір салық түрлерін, салуы т.б. мәселелерді де айтар еді. Бірақ ұлт әдебиеті, тарихына қатаң тыйым салған кеңестік коммунистік идеология бұған ерік те, еркіндікте бере қойған жоқ. Кітапта ондай жайды қозғаудың өзі де, онсызда 1921-1937 жылдары сталиндік сұрапыл сойқаннан ойран болған озық ойлы асылдардың тағдырын кешумен бірдей еді. Амал жоқ, жазушы қалың жатақтың пісіп тұрған егініне мал қапталған Оразбай, Тәкежандардың тағылық қылығына қазақ-орыс шаруаларының бірлескен қарсылығын қарсы қойып, оны сол заманның аса ірі оқиғасы Қазан революциясына дейінгі кедей табының бас көтеруіне ұтымды ұштастырды.

С.Мұқановтың «Абай» пьесасына және «Абай» романында орыс адамы шешілген жоқ «Абай» романында, орыс-қазақ достығы кең көрсетілмеген – деген пікіріне романды пьеса дәрежесіне апарып қоюға, екеуін қатар салыстыруға болмайтынын, әйтсе де аталған сын-ескертпелерді ескеріп пьесаны түзетуге ниеттенген [10].

Міне осыдан-ақ романда сол кездегі коммунистік идеологияға ауадай қажет халықтар достығы тақырыбының күштеп қосылғанын аңғарамыз. Бұған тағы бір дәлел, В.Кожевниковтің жазушыға орыстардың қазақ жеріне қоныстануын тарихи құжатқа сүйеніп кеңейтіп жазуды тапсыруы. Бұл да сол кездегі әдебиеттегі идеологиялық қысым екені аян.

М. Әуезов – қазақ халқының тарихын терең білген ғұлама суреткер. Осынау эпопеяда көп жайды жеткізгісі келгенімен, қатал қоғам талабында кейде айналып өтті. Өйтпеске амалы болмады. Советтік цензурадан бұрын өз ағайындарымыз солақай саясаттың сойылын сермеуге тасүйін әзір еді.

Т. Ахтанов «Әдебиет және искусство» журналында [1953. №10] М. Әуезовтің «Абай және «Абай жолы» романдары туралы мақаласында»... жатақтар мен орыс шаруаларының кездесуі тым тез суреттеледі. Небәрі бір тәуліктің, ішінде орыс қазақ шаруалары достасып үлгереді» деп, сондай-ақ «орыс шаруаларының біреуі-

нің тағдырын айдауда жүрген Базаралы тағдырымен байланыстырып, оқиға желісін молырақ дамыту керек» деген уәж айтқан. Жазушыға тарихи деректер негізінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының жаңа кезеңін яғни орыс шаруаларының қоныс аудару саясатын қалай да бейнелеуді талап етті. Коммунистік саясаттың талабы да орыс халқының басқа ұлттарға ықпалын көрсету еді. Мұндай жағдайда басқаша жасау мүмкін емес еді.

2.5. Дін жолындағы берік бағыт

Абай Семей медресесіндегі байлар, чиновниктер хазірет, молдалар, қала халқы жиналған жиында сөйлеген сөзінде, қазақты муфтиге қарату жөніндегі ұйғарымдарына үзілді-кесілді қарсы шығады. Батыл да байыпты ойларын білдіреді. Онда орыс халқымен араласып кеткендіктен де кәсіп, шаруашылық, өнер жағынан үйренері бар ел екенін ескерте келіп, одан алыстауды жөн көрмейді. Мұны ол елдің болашағы үшін аса қажет деп табады. Бұл – муфтиге қазақ халқы қарамауының бірінші себебі.

«Екінші, біз қараңғыда жатқан, қалың тұман басқан, надандық тұманы басқан, соры басынан асқан қараңғы елміз. Бізге ең алдымен не керек? Білім жарығы керек. Өзіміз надан өскен, ендігі кәсібімізді болса да тез оқытып, дүние танытып, көзін ашуымыз керек, асығуымыз керек бұл жолда! Сол жөнде де, бар жарығын ала білсең аямай беретін досымыз – орыстың өнері, орыстың үлгі қауымы!» [41. 549.]

Абай қалың қазақтың санасын сауатсыздық қараңғылығы тұмшалағанын, надандықтың соры басқанын ашына, аяусыз айту арқылы сол кездегі адамзаттық ірі мәселеге қосылады. Қараңғы қазақтың санасын ояту үшін ең алдымен білім жарығы керек екенін, сол үшін де жас ұрпақтың көкірек көзіне, ойына білім сәулесін себуді мұрат етеді. Ағартушылық ағымды алға қояды. Көзі көріп, куә болған орыстың өнер, білімін, зиялы қауымын өнеге етеді.

«Үшінші, муфтиге қарамайтын себебіміз, әйеліміз, үй тірлігіміз тілемейді. Біздің әйел жынысымыз онсыз да сорлаған қауым. Ал мұсылманшылықтың анық орнап, шарифатымен түгел баурап алған елдерін ойлайықшы! Ондағы әйелдер жайы қазақтың қаралы әйелінен де қалың сорда, қараңғы көрде. Бүгінгі қазақ

әйелінің басындағы базар малындай «ақ ноқтаның» өзі де жетерлік қаза. Енді апарып оған «жадыра мен шашуан», «перде мен пәрәнжі», «желек пен шапан» жауып тағы да тұмшалай түсудің қажеті жоқ» [41. 549.].

Абай үшін асыл мақсат – өткеннің қараңғы тұманын қажырып шығып, ұрпаққа білім мен тәрбие беру. Келешек жеткіншектердің сауатын ашып, қараңғы санасын білім жарығымен нұрландыру. Бұл тек Абайдың ғана емес, сол кездегі қазақ оқымыстыларының да игі идеясы. Автор сол замандағы санаулы ғана қазақ оқымыстыларының ортақ ой-мұратын жақсы көтерген. Абайдың екінші бір ірі мәселеге атсалысуы арқылы жазушы кейде бүгінгі уақытты болжатып тұрғандай көрінеді. Сол кездегі муфти, халпелердің елге діннің ықпалын күшейтіп, сол арқылы өз білімін жүргізу мақсатында мұсылмандық дәстүр-салтпен ұстау мақсатын көздегенде, Абай бұған ашық қарсы шығады. Ол муфтиге қараудың еш негізі жоқтығын, тіршілік дағдылары сай келмейтінін, шариғатпен елді билеген бірқатар ислам мемлекеттерін көлденең тартады. Ондағы әйелдердің жағдайының қазақ әйелдерінен төмендігін айта келіп, басындағы базар малындай «ақ ноқтаны» кияуін, яғни, бас бостандығы, теңдігі болмауын алға тартады. Бұл – нағыз шындық, заман шындығы. Әйелдерге шадыра мен шашуан, перде мен пәрәнжі кигізіп, желек пен шапан жауып тұмшалау қорлыққа қосылған қорлық деп ұғады. Шын мәнінде, бұл жазушының сол замандағы әйел, аруларға Абай ұстанымын білдірудегі көркемдік қиялдан қосылған эпизодтар мен диалогтар десекте, бүгінгі кезеңге де үйлесіп тұр. Қазіргі уақытта кейбір қазақ арулары хиджап киіп немесе бет-аузын иран және басқа араб қыз-келіншектеріндей тұмшалап алатыны белгілі жай. Оның қазіргі егемен елімізге қаншама зияны тиіп отыр. Мұсылман елдеріне кейбір салт-дәстүріне еліктеу өз алдына, басқа діни секталарды айтпағанда, түрлі исламдық діни ағымдардың ықпалында адасып қалып, небір қылмыстық оқиғаларға тап болған жастар аз емес.

Абай муфти билігінде болатын халықтың болашағын батыл көре біледі. Мұндай ойдағы діндарларға аяусыз тойтарыс береді.

– Қазақтың қара заңынан, ата-баба нағандығынан алыса жүріп құтылу оңай. Ал «муфтиге қарап, дін-қарындас іздейміз» – деп қараңғы түнекке тағы апарып, өзі жабайы жұртты қамау, ол бұл күнде адасқандық. Аяп айтсам адасқандық, қадап айтсам

қастық!» – деп қалың жұртты бұл жолға ермеуге батыл шақыруы да көңіл көрегендігі ғана емес, нағыз ұлт жанашырының сөзі. Абайдың бұл сөзі халық ойымен үндес, көкейкесті сөз ретінде Сейіл, Сейт сияқты қала азаматтарынан лайық бағаланады. Осылайша Абай қазақты надандықтан, ескінің қалдықтарынан арылту оңай болғанымен, діннің қараңғы тірлігінен құтқару ең қиын дүние екенін көпшілік алдында батыл айтады. Осы арқылы суреткер Абай заманындағы қараңғы халықты надандықтың қапас шырмауында амалдап ұстағысы келетін кертартпа діндарлардың зымиян ойын, зұлымдық пиғылдарын әшкерлейді.

Халпе, мүфти, хазірет софылармен әңгімелесу барысында Абайдың діни білімінің тереңдігі де айқындала түседі. Оның осыншама білімді көкірекке жинауы Құнанбай қажының баласы болуынан ғана емес, арабша оқып менгеріп, шығыс ғұламаларының ғибратты ойларымен таныс болуы, жасынан санасына жатталған қасиетті Құранның сүрелерімен сусындап, пайғамбарлардың өнегелі өмірі, еңбектері туралы әкелген кітаптарды молынан оқуынан да байқалады. Көкірек көзі қараңғы жұртты енді діни теріс түсінікте ұстаудан ұлт аяусыз жапа шегетінін өткір айтады. Абайдың шығыс пен батыстың әдебиетінен мол сусындағаны өз алдына, философиясы, эстетикасымен, өнерімен, мәдениетімен жете таныстығы да осынау қызу таластан айқын аңғарылады. Әсіресе бұл мәселеде дін басыларының сөзін қостап, жарымсақтанып, жағымпазданып, өздерінің оқып-тоқығанын көрсеткісі келген бір топ қазақ шенеуніктерімен пікірталаста да Абайдың білімділігі мен парасаттылығы, дүниетанымы дараланып тұрады. Олардың Абайды мұқату пиғылынан ештеңе шықпайды. Халпе, мүфтидің халықтың бағытын басқа жаққа бұратын арандатуына аяусыз соққы береді. Абай Сақып Сақпаев сияқты чиновниктердің «Жақсы елдің бәрінде дін бар! Діні бола тұрып өнерлі болады» деген орыстың князь, дворян, оқымыстыларын мысалға келтірген сөзіне батыл байламын білдіреді. «Жаңа буынның зоры болар десем, соры болар сырларың бар ма еді, қазақтың қалтандаған қаратаяқ чиновниктері, қаратаяқтары!» деп оларды тойтарып тастайды. Абай мен халықтың осылайша «анықтан жеңіп шыққан жайымен тараған» жиын ақынның ел алдындағы зор абыройын көрсетеді.

«Абай жолы» кеңестік коммунистік идеологияның дінге, қалам еркіндігіне тежеу салған әдебиетті партиялық және

таптық жүйемен жіктеген кезде жазылды. Социалистік реализм деген таптаурын тәсілдің жетегіндегі әдебиетте дәуірдің шындығын ашу да оңай емес еді. Дінге атеистік көзқарас, ұстаныммен қоғамды діннен бөліп алған «Құдайсыз өкіметте» дәуірдің қандай да бір жағдайы мен оқиғасын бейнелеу аса қиын еді. Осы тұрғыдан келгенде М. Әуезов шеберлігімен бірге суреткерлік шешімділігі де биік тұрады. Өйткені, Абайдың діни философиясын насихаттады деген кез-келген пікірлер туындамас үшін тамаша тапқырлық танытқан. Қала дін басыларының қазақ халқын ислам дінін сылтау етіп, өзінің арамза ой-ниеттерін жүргізуіне батыл қарсылық жасаған тұлға ретінде бейнелейді. Нақты дерек көзіне сүйенсек, бұл – өмірлік шындық.

Дала генерал-губернаторы Сухотиннің Абай жөнінде барынша толық мәлімет жинап, жеткізу бұйрығына Семей генерал-губернаторы оның «ақылды, фанатик емес, адам... сенімді және мұсылман басшыларының қандай да бір айла-шарғыларына қосыла қоймайтын адам» екендігі жөнінде мәлімдеген. Ол Абаймен әңгімелесу барысында: «оның мемлекеттік мүддені толық түсінетіні және Россияның Азиялық иелігіндегі цивилизациялау миссиясына көзқарасының дұрыстығы көрінеді. Мұсылман фанатиктерінің үкіметке қарсы әрекет етуге ұмтылушылығына үлкен наразылық білдіріп отыр» – деп ақын ұстанынымына да көзі жеткен. Осынау дерек шығармада кеңінен баяндалуымен бірге, Абай болмысының шындығына айналғаны айқын.

Романда Абай ақыл-кеңесін көңіліне тоқып санасына ұялатқандардың жандүниесіндегі өзгерістерді де жазушы қалыс қалдырмаған. Абай халпе, имамдармен дін туралы айтысында, олардың адамдарды азғырып жүргендігіне батыл қарсы шығады. Аралтөбедегі Абай қыстауына келген Әлпейіммен ақынның жүздесуінде өзінің айтқан ақылынан қандай қортынды шығаруы диалогта сипатталған.

«Қатты аяз да, күннің суығында тоңып келген жүргіншіні алғашында танимаса да, сәлемін алған Абай мұрт, сақалына қатқан мұздан беті аршылған кезде кім екенін тани қояды.

– Уай, сен Әлпейімсің бе? Жайыңды айтшы, әлі Наху оқып жүрсің бе? Жок, жөніңді басқаша тауып пе ең?

Қонак ебі кеткен аузымен сүйсіне күліп, бөгеле тұрып жауап берді.

– Нахуды қойғам, Абай аға! Анада айтқан жалғыз ауыз ақыл сөзіміз ем болды ғой. Өзіңіз айтқандай елге барып, Тақырдың бойында әкем істеген кәсіпті істеуге айналыстым. Сондағы айтқаныңыздай «егін егіп, еңбек сауып» қаракет адамы болғанмын!» – деді.

Абайдың «бәрекелде» деп риза болып, Әлпейімнен қайдан жүргенін сұрауын айтушы толықтырады. Онда Әлпейімнің екен егінінің біразын қалаға тасып, диірменге тарттырып, жарым-жартысын базарға сатып, қысқа керек-жабдық: қант, шай, киім, бұйымға айырбастағанына әрі бидайдың жарымын ұн ғып тарттырып қаладан келе жатқаны әңгімеленеді. Абайдың елдің көп кедейіне оны үлгі етіп сөйлеуі де, сөзін жерге тастамай, ақылына құлақ асып, ел тірлігіне етене араласуына ризалық ниеті. Әлпейімнің өзге ауыл адамдары сияқты діни сауаты жоқтығынан, діндар халпе, молдалардың жетегіне еріп, жас уақытын босқа өткізіп алуынан қатты қауіптенген. Одан гөрі «егін егіп, еңбек сауғанын» тепсе темір үзетін зінгіттей жігіттің қолынан келетін кәсіппен айналысуын дұрыс көреді. Автор Абайдың қара сөздеріне өзек болған ойлардың жайдан-жай туа салмағанын, ел ішіндегі жағдайларға араласумен байқалғаны сезіледі.

Эпопеяның бір ерекшелігі Абай поэзиясы мен қара сөздерін сол заманның өмірлік шындығы сипатында мазмұндық құрылымына қажетінше енгізуі. Кейбір классикалық шығармалардай ақын өлендерінен үзінділер келтіру немесе оны диалогқа енгізу байқалмайды. Жыр мазмұнын роман эпизодтарынан, айтушы баяндауынан табасыз. Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген нақылын шығарманың көркемдік шындығына ұтымды ала білген.

С. Қирабаев Абай туралы естеліктерді талдай келе:

«Жалпы ол дінді заман іске жамылғы қылмай, имандылықтың жолы деп түсінген. Ескі әдет-салт, ғұрыптардың бәрін ақылға салып, оның тәлімдік жағына көңіл аударған» – деп жаңа түскен Кәмәлияның «бетін аштырып, еркін жүруге, өздерін ата-ана деп сыйлауға үйреткенін» өнегелеп көрсетеді. Шығармада да шынайы көрініс тапқанын тұжырымдайды [39.208-209].

Ол бала шағын дінге берілген. Имандылық пен ізгілікті Құнанбай әжесінен де, Зере әжесінен де, Ұлжан анасынан да бойына терең сіңіре білген. Әжесі мен анасы Ұлжанды елжіреп

еске алып, Ботақан ошағынан өте бергендегі қонысын көріп, жолына ақсарбас айтып сойған қойдың басын тартып, жас ұланның ер азамат болғандығына ғазиз батасын берген кәрі әжесі мен анасының арқасынан қағып, маңдайынан сипаған саусақтарының табын сезінген сәтін, аналық мейірімге ықыласқа сусаған көңіл-күйін жазушы әсерлі сипаттайды.

«... Тамақ кебісіп, көзіне бір түйір жас келе бере, Абай әулиедей анасының аруағына арнап, ақырын күбірлеп құран оқып, бата кылды.

Діндар жұрт құранды зират басында, дастархан үстінде, арнаулы сәтте, айт сияқты күндерде оқитын болса, Абай өз әжесін осы күнге шейін, осындай бір айқын есіне түсіп, қатты сағынып, жоқтап кеткен кездерінде осылайша әр кезде оқып жүретін. Құран оқып, бет сипады» [40. 263-264.].

Кеңестік коммунистік жүйе дінді халықтан алыстатып, атеизмді күштеп таңса да, авторлық баяндауда сезімтал суреткер ислам ілімінің қуаттылығын санаға сіңіре білген. Ең бастысы Құранды оқудың белгілі бір заңдылығы болса да, Абайдың әжесін жоқтап, аңсауын, қамығып-көз жасына ерік бермей, сағынған сәтінде Құран оқып, бет сипауы дінге беріктігі әрі адамгершілік ізгілігі. Ақынның әжеге сағынышын Құранмен жеткізуі – аяулы асылының аруағына айрықша құрметі.

Авторлық баяндауда Абайдың анасын әулиеге теней отырып, оның қадір-қасиетін биіктете түссе, ақырын күбірлеп құран оқып, бата жасауы да – дағдылы әдебі. Соңғы сөйлемде Абайдың құран оқу себебі айқындалып, құран оқып, бет сипағаны әрекет түрінде тағы да қайталанған. М. Әуезовтің суреткерлік мықтылығы да осында. Кеңестік кезеңде дін саясатқа қарсы қойылып, атеистік насихат белең алған кезде де Абайдың ислам дінін білгенін, құрметтегенін танытады. Әрі батыл байлам жасаған. Абайдың дін тақырыбындағы өлеңдерін негізге алған. Алғыр шешім!

Жазушының ислам дініне деген берік ұстанымы әр эпизодтан аңғарылады. Мәселен, қанша жақын болса да, ішкі араздықтан Бөжейдің өлімінде жаназасына шақырылмаса да, Зере мен Ұлжанның осынау қайғыны жан-жүрегімен қалай көтергені, елдік намыс санап, қандай қаракет жасағаны шығармада сәтті шешім тапқан.

«Жаназаға, Бөжейдің жаназасына шақырылмаған Зере, Ұлжандар өлердей күйіп, өзгеше шерлі боп қалған еді. Бірақ іс-

тер шара жоқ. Кінәсіз екі мейірбан, жазықсыз екі жан Бөжейге деген көз жастарын үйлерінде отырып төкті. Бөжейге арналған құрандарын, «тие берсін» өз үйлерінде, өз балаларына, Абай мен Ғабитхандарға оқытты. Шелпектерін пісіртіп, дастархандарын жайғызып, бір жеті бойында өз үйлерінде аза кылып отырысты» [40. 135.].

Бөжейдің өліміне хабаршы келмесе де, өлімде өкпе жүрмейтінін сездіріп, аруаққа құрметін білдіреді.

Абайдың әже аруағын қанша қадірлеуін жазушы бірде құран оқумен, бірде құран аударумен баяндайды.

«Әжесінің артын күтетін кезде мұншалық көп қарақұрықтың болғанын Абай өзі ұнатпаған. Бұл күнде ешкіммен сөйлескісі де келген жоқ. Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, құран аударуға кірісті. Анасының аруағына арнайтын дағдылы құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқитын болды» [40. 237.].

Бұдан нені байқаймыз? Біріншіден, бала шағынан аялы алақанында ержеткен, өнегелі сөздері мен өткеннің небір аңыз-ертегілерін, халықтың асыл мұраларын тыңдап өсіп, бойына біткен қабілет, дарынын жетілдіруі оның қара құрым халықтың Зерені жерлеуге келгені арқылы әжесінің ел ішіндегі құрметіне, қасиеттілігіне көзі жетеді, ардақты әжесіне ықыласын, мейірім-махаббатын құранмен бағыштайды. Құранды өз төсегінде немесе төрде отырып емес, дәл Зеренің төсегіне отырып аударуы да әже мен немере арасындағы айырықша сүйіспеншілікті сездіртеді. Тағы бір сүйіспеншілігі – құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқуы. Абайдың бұл діни сауаттылығын ғана емес, оң-солын танитын үлкен азамат болуының айғағы. Келесі штрихта Абайдың құран оқуына әкесі Құнанбайдың көзқарасы ұтымды ұштастырылған

«Бір жұмада құранды екі рет аударып шыққан Абайға Құнанбай – Жай аударарды екенсің! – дегеніне де жауап қатпауы, үш-төрт аударып тастайтын сыдыртқыш молдаларды есіне алып айтқан» [40. 236.]. Бұл арқылы автор Абайдың Құранның қасиетін сезініп, сүрелерін санаға сәулелендіріп, көңілге токи білуін пайымдатады. Оқудың жөні осы деп судыратып шығатын сыдыртқыш молдаларға теңеуі де Абайдың Құран аударуы әрекетіне берілген оңды жауап. Егер де суреткер Абайдың жауабын диалог

түрінде берсе, онда әкеге деген ішкі қарсылық тәрізденер еді. Абайдың Құранды жай аударуы астарында дінге сенімі, имандылықты, адамгершілікті, ізгілікті бойға сіңіруі ұғындырылады. Осы әрекеті арқылы ислам дінінің шапағатын, қасиетті Құранның даралығын, даналығын сезінеді.

«Абай анасына сауап болсын деп, Құранды өзгеше ықыласпен, асықпай, соншалық мүлгіп, мінәжат қып оқиды. Құранның кей-бір парасының үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз, жасырын ойлар да ойлайды». [40.236.].

Абайдың анасының аруағына ықылас-ниеті, құрметі ерекше. Ол аруағына сауабы тисін деген пейілін құран оқу мәдениетінде көрсетеді. Алдыңғы эпизодтарда акынның құран хатымды жайлап асықпай аударуы сөз етілсе, енді анасының аруағына бағыштап құранды «ықыласпен, асықпай, соншалықты мүлгіп, мінәжат қып оқуы» баяндалады. Осынау детальдар тізбегінде Абайдың дінге беріктігі ғана емес, әжесін жан, жүрегімен іздеуі және немерелік ұлы махаббаты байқалады. Құран оқуында қасиеттілігін сезіну байқалады. Соңғы сөйлемде немересінің Құран сүрелерін беріле, мейірлене, бар ниетімен оқуы және қалың ойға берілуін жеткізеді. «Онысы әсерлі әжесінің адамшылық, аналық қасиеттерін жоқтау еді. Өз ішіндегі адал алғысын бағыштау да дұғалық, тілек есепті көрінетін» [40. 305.]. Сөйлем Абайдың ұзақ отырып жалғыз, жасырын ойлар айтуымен аяқталса, келесі сөйлем оңаша ой кешу себебін түсіндіреді. Яғни әжесінің адамгершілік, аналық қасиеттерінің тәлімі сана-сезіміне терең дарыған дарынды азаматтың адал алғысын осылай Құран оқумен дұға, тілек түрінде білдіреді.

Кеңестік социализм заманында қазақ әдебиетінде қаншама көркем туындылар жазылды. Бірақ ешқайсысы дінді осылай дәріптей алмады. Негізінен діндарларды сынау мақсатында әлдебір деталь, штрих енгізгенімен, шығарманың өн бойында осылай құран оқу, құран-хатым аудару ерекшелігін М. Әуезовтей ешкім батыл жаза алмады. Оның үстіне дәл Мұхтар Омарханұлындай діни білімді сирек еді. Болса да, коммунистік идеологияның ислам дініне деген шектеу, тыйымдарынан сескеніп, үрейленіп, еркін қалам сілтей алмады.

Ислам дінінің қағидалары мен заңдылықтарын, қасиетті Құранды, Мұхаммед пайғамбар хадистерін жақсы білетіндіктен

де жазушы Абайдың діни білімділігін дінге идеологиялық қысым жасаған кезде де айқындап көрсете білді. Абайдың діни-философиялық поэзиясының табиғатына терендей бойлаған әйгілі суреткер оны заман шындығы ретінде шығармада нақты бейнеледі. Эпопеяда Абайдың ислам дініне деген кеменгерлік көзқарасы егерде дәл бүгінгі тәуелсіздік уақытындай, қалам еркіндігі, ой дербестігі болғанда бұдан да терен, бұдан да айқын көрінер еді. Мұхтар Әуезов – ұлы талант, кеменгер ойшыл тұлға. Ең бастысы, батыл суреткер. Қайсар да табанды қаламгер коммунистік қоғамның әдебиетке деген қаншама қатал қысым-қиянаты, шектеулі шарты-талабы, идеологиялық бұлжымас заңдылығы болса да тайсалған жоқ. Діни дүниелердің бәрі ескішіл, бай феодалдық тіршілікке таңылған кезде, оны дәріптеу басты өлімге тігумен бірдей кезде қаламын тежемеді.

М. Әуезов Мұхаммед пайғамбар өмірі, жалпы пайғамбарлар туралы діни әңгімелерді жақсы білген. Діни білімі керемет болған. Советтік солақай саясат дінді қоғамнан бөлген кезде, оны қозғау қатерлі де қауіпті еді. Алайда М.Әуезов болмысы батыл тұлға екенін романда дінге де қатысты сюжеттер енгізуімен айқын байқатты.

Эпопеяда Абай ел басы қосылған кез-келген отырыстарда, жиындарда ой-ұстанымы жауыздыққа, екі жүзділікке, арамдыққа, азғындыққа қарсылық танытуымен күрескерлік бітімін айқындайды.

Семейде халфе, молдалармен әңгімелескен кезінде де алдына қойған мақсатынан тайынбайды. Абайдың Юнус халфемен әңгімесінде де басты бағыты – адамгершілік иман ұғымы.

«Абай сұрауларының салмағы бата бастаған Юнус халфе жүгінген қалпында, жорғақтай түсті.

– Қалай, қалайша? – деп қалып еді.

Абай оң қолын жай салмақпен, бұйрық ете қозғай берді.

– Сабыр, сабыр... солайша! – деді де, жылдам ғана бастырмалатып, қадала сөйлеп кетті.

– Риялық, екі жүзділік дейтінім: сіздер кеше мен бүгін, барлық мешіттердің ұстаздары, имам-қазіреті болып, ең алдымен патшалық кеңсесінің, орыс чиновниктерінің, бөтен дін адамдарының, яғни кәпір қауымының ұлықтарына бардыңыздар! Бар ажар, назарларыңызды салып неше алуан айла, дәлелмен жалынып

та, жалбарынып көрдіңіздер. Жағынып, мақтап сөйлеп, өтініштер айтып шықтыңыздар. Мешіттеріңіздің мөрлерін былшита басып, нелер шебер жазылған хұснихат, ғаризаларыңызды өбектеп апарып, жағына кіргіздіңіздер! Енді сол махкамалардан қарға адым жерге шықпай, менің үстіме келіп, үйіме кіре бере жаңа ғана өздеріңіз мадақтай шыққан патшалық әкімдерін хақараттап, иянаттай келесіздер. Бұның аты не? Барып тұрған екіжүзділік, жалғаншылық, маскаралық емес пе? Жеке адам жалғыз басымен, өз бетімен осындайды істесе, біз соны көре тұра жерге түкірер едік! Жиренгеннен өртенгендей болар едік. Осы қаладағы ноғай, қазақ халқының атынан, сан мыңдаған қауым атынан, сол қауымның ұстазы, тәрбиешісі, рухани басшысы аталған көп жандар, яғни ишан, имам, халфе, казірет, молла, мәзін, шәкірттер атынан сөйлейтін сіздердің мінездеріңізді не деп ауызға аламыз? Қайтіп жиренбей, ренжімей атаймыз? Жалғаншылар, екі жүзділер, қор мінезді, адамгершілік қайыршылары демей, сорлылары демей қайтіп шыдаймыз? Мен сіздер шығып келген сол мешіт, сол дін атынан намыс етер едім әуелі! Қорланар едім осындай мінездерің үшін! – деді. Екі халфенің енді аузын ашырмады, үстеріне, олардың өздері айтатын: «жаһаннаманың жаһилдерге шашылатын әділ ғазап отын» төккендей болды [41. 388.]. «Абай ғұмырының салмағы бата бастауы» – діни білімділігі, ой тереңдігі ғана емес, жанға батар ащы шындықты жария етуінде.

Юнус халфенің жорғақтап, жүгінуі де ақтарылар ойдың мән-мағынасын білу пиғылы. Абай халфе бастаған қала дін басыларын ең алдымен патшалық кеңсеге, орыс чиновниктеріне, бөгде дінге барып өздерінің арам ниеттерін айлакерлікпен де, жалынып-жалбарынып жағымпаздықпен де жүзеге асырмақ болғаны үшін айыптайды. Абай олардың мақтап, неше түрлі хұснихат, ғариза жазып, мөр басып, алуан амалға барғанын ашық айтады. Енді зымиян арамдықтары қолдау таппағанда, патша әкімшілігін қаралап, екіжүзділігін айғақ етеді. Яғни олардың қазақ, ноғай елі мен діни өкілдерінің атынан сөйлегенін сынға алады. Сөйтеді де батыл байлам білдіреді, Оларды өтірікші, екі жүзді, қор мінезді, адамгершілік қайыршылары, сорлылары деп аямай айыптайды. Өз дінін өзі қорлағанына намыстанады, аяр мінездері үшін қорланады. Жазушы қор мінез деген тіркес арқылы мінезін сан құбылтып, түсін өзгерткен хамелеонға ұқсаған сұмырай,

сұмпайылығын дөп басады. Абайдың турашылдығы, бет-жүзге қарамай тіке айтатын батылдығы, табандылығы дараланады. Халпеге айтқан сөздерінің дені Абайдың жазып, қағазға түсірген ойлары екені Әбішпен оңаша әңгіменің ортақ арнасына айналады. Әбіш те жазғандарының мәнісін білмекке ниеттенеді. Авторлық сипаттау мен диалог әке мен бала ойталқысына ұласқан.

Алдымен айтушы Әбіштің әкесін тосын, окшау ойларымен, соны сөздерімен сүйсінітіп, таңқалдырып қуантуын жеткізеді. Көңіліндегі күдік алып жүрген жай сөздері мен өлеңдеріндегі дін тақырыбынан туындағанын аңғартады. Әбіш пайымдауында Абай ойларының қиындығы білімді адам болмаса көпшілікке түсініксіздеу көрінетіндігі. Көңілін мазалаған жайлардың себебін өз түсінігімен ұғындырады. Абайдың діни тақырыптағы өлеңдерінің ойы, мән-мағынасына көзін жеткізеді. Көңіліндегі күдігі – халфе, молдалардың осыны қаперіне алмауы, түп негізіне мән бермеуі. Әбіш Абай өлеңдерінің рухы мен қара сөздерінің ойы елді имандылыққа, адамгершілікке шақыру екенін біледі. Сөз үлгісі деп бағаланады.

Дінге қатал қысым жасаған коммунистік идеологияда жазушының Абайдың имандылық ілімдеріне қатысты Алланы ұлықтайтын, ислам дінінің қасиеттілігін көкейге қондыратын ізгі тұжырымдарына құрмет сезімін байқатады. Абайды құдайды дәріптеген, халықты ислам дініне үгіттеген өлең жазды деп айыптайтындар атеистік насихат өршіген социалистік қоғамда аз емес еді. Сондай кезде ақын жырлары мен қара сөздеріндегі діни-философиялық ойларды қозғап, ислам дінінің маңыздылығын айту тұрмақ, шығармадан әлдебір ілік іздеген кезде амалын тауып айтты. Кітаптың әр әрпінен, сөзінен қателік іздеп шұқшия қарап, сызып оқитын цензурадан өту де бір азап. Шыққан күнде қара ниеттілер андысын аңдып, аттандап шығатын. Бірақ жүрегінде Абай тұлғасы тұрған, ойында ақынның ғажайып жырлары мен құнды қара сөздері алаулаған ғұлама суреткер мұны айналып өтті. Амал-айласын іздеді. Тапты! Абайдың діни ойларына қатысты халфе, молдаларды сынап отыр деген ойды Әбіш таным-түсінігімен білдірген. Онда да тағылымды-танымды ой-тұжырымдары демей, сөз үлгісі деп сыпайылаған. Яғни өлең жырдағы, қара сөздегі құнды ой-толғамдарды айналып өтіп, кітаптағы араби сөздерге оқырман зейінін аударта қояды. Теңдесіз талант тағы да

тапқырлық танытады. Танытқанда қалай? Мұны Юнус халфеге қайтарған жауабынан анық аңғарамыз. Ұлы суреткердің терең діни білімі романда дін тақырыбын өткір қозғауынан байқалады. Жазушылардың қай-қайсысы да дін жайын әңгімелеуге келгенде тоқырап қала беретін. Бір жағы коммунистік идеологияның атеистік саясаты болса, екінші жағынан діни сауаттылық жетісе бермейін. Болса да социалистік қоғамның дінге қатал ұстанымынан шыға алмайтын. Юнус халфе иман мәселесіне қатысты Абайдың ойын білмекке және осы сөзбен діни білімін сынамақ пиғыл білдіргенде ақын тереңнен толғайды.

«Абай ендігі сөзінің соңын иман деген жайға, Юнус халфе бұны өзінше тұсамақ болған жайға соқтырды. «Шархы Ғабдоллаға» дейін жетіп қалдық, «үлкен кітапқа орай біліміміз бар» деп жүрген моллаларды енді Абай сол кітаптарының тілімен сөйлеп, таңдандыра бастады.

– Екі түрлі иман бар еді – якини иман, тақлиди иман. Жұртқа сол иман атымен өсиет, хұкім айтпақ боласыздар. Осы отырған екеуіңізді мен не дейін?! Якини иманы бар деуге сіздерде ғылым жоқ. Тақлиди иманы бар деуге әуелі өздеріңізде беріктік жоқ, яғни, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаңызға қарай дархал осы сағаттың өзінде «ақты – қара» деуге, «қараны – ақ» деуге әзірсіздер. Сол терістіктердің бәріне ант етуге әзір отырған сіздерді не дейміз? Жоқ, бүгін мынандай дау мен пәле шығып тұрған шақта, «қылыш үстінде серт тұрмайды» десеңіздер, сіздерден не күтейік? Патша әкіміне кіргенде тағзым ете жалынасыз, жалған айтасыз. Үйге қайтып киізші Сейсекедей байға барғанда, бет сипап фатиха қыла отырып, жаңағы өзіңіз кірген ұлықты қиянаттайсыз. Маған келе бере жаңа ғана өзіңіз екі жерде екі түрлі жүз көрсетіп, өздеріңіз сатып қорлап келген иманды маған қарсы құрал етесіз. Қылыш етіп суырасыз. Яғни менің қолыммен қазақтың онсыз да қорлық астында қан жылап, сор кешкен бишара қызын дарға астырмақ, қанға былғатқан боласыз. Солай ма? Осылайша, иманы мен арын саудалап жүрген сіздердей жандардың сіздерді жіберіп жұмсап отырған иман ұстаздарыңыздың «жалғаншы, қиянатшы жүзі құрысын!» демеске не шарам қалды? Барыңыз, жөнеле беріңіз! Менен осыдан өзге естір сөз, алар сыйларыңыз болмас! – деп соңғы сөздерін бұйрық ретінде айтты. Екі халфені өз алдынан айдап сала сөйледі» [41. 389.]

Авторлық баяндауда Юнус халфе «Шархы Ғабдоллаға» дейін оқып, үлкен кітапты меңгергендігіне сеніп, Абай не білер екен деген сынай танытады. М. Әуезовтің пайғамбарлар өмірі жә-не жалпы ислам діні туралы көптеген кітаптар оқығанын айқын аңғарамыз. Абайдың әр сөзінде діни білімінің тереңдігі көрініп тұр. Абай иманның екі түрін бөліп, оларды тарата келіп, әрқайсы-ның мәніне тоқталады да, сол иманнан өздері не алып отыр деген мәселе қояды. Иманның екі түрінде бірінде ғылым, екіншісінде беріктік жоқтығына тоқталып, оларды сынға алады. Халықты алдап, азғырып жүргендігін, дінді бас пайдасына пайдаланатын екі– жүзділігін, залымдығын аямай әшкерлейді. Патша әкіміне кіргендегі жағымпаздығын, ал екінші Сейсеке бай үйіне барғанда фатиха сүресін оқып, діни сауаттылығын білдірмек болып, талап-тілегін орындамаған ұлықты жамандаған екі жүзділігін бетке басады. Иманды қылыш етіп небір жауыздыққа баратынын, елге көрсеткен қиянат, зұлымдығын жайып салады.

Оның хазіретке тайсалмай, қылығын бетіне басып, X-XI ғасырда жасаған арабтың атақты ақыны Әбіл Ғала Мағри-дің даналық қағидаларын еске алуы да діни тараған араб елінің ақындар мен данышпандарға бай екендігін, соңына құран сөзінен қуат алған ғибратты даналықтар қалдырғанын да санасына түйін-дейді. Осының бәрін Юнус халфеге қатал айтады. «Жалғаншы, қиянатшыл жүзі құрысын!» деген Абайдың зілді кесімі – халфе, моллаларды осындай азғындықтан аулақтату талабы. Екі халфе-нің жағымсыз, жат, қиянат қылық-істерін айыптап, біржолата бет көріспеу байламын білдіруі де өз ұстанымына беріктігін, ді-ни көзқарастағы мүддесінің үйлеспейтінін көрсетеді. Абайдың ислам дінінен білімінің тереңдігі де, сөзге шешендігі де, ой алғырлығы да, батылдығы да, байсалдылығы да, өз ұстанымына беріктігі де, шыншылдығы да эпизодта нақты сипатталған. Автор Абайдың батыл да жарқын ойларын қара сөздерімен, діни тақы-рыптағы жырларымен сәтті астастырған.

Абай халық мүддесі үшін қаладағы дін басшыларының екі жүзділігіне, жымысқы әрекетіне аямай тойтарыс береді. Абайдың диалогтарда сөзге шеберлігі, шешендігі өз алдына, діни білімінің тереңдігі аңғарылады. Қос халпенің аузын аша алмай үнсіз қалуы – Абай сөзінің өткір де өжет айтылуында. Осылайша халпелермен қақтығыста да олардың жанына батыра

айтуымен шындықты ашады. Абай сөздері Сократтың айыптау сөзіне ұқсағанымен, мұнда діни білімі мен ілімінің өзгелерден озықтығы да байқалады.

Юнус халфеге қаладағы ноғай, қазақ халқы атынан сөйлесе, бірде орыс чиновниктеріне бөтен дін адамдарына, яғни көпір қауымының ұлықтарына барып, былай шыға жамандайтын қылықтарын, екі жүзділігін бетке басады. Абай Шәріфжан халфе екеуі айтатын «жаһаннамның жаһилдерге шашылатын әділ ғазап отын» төгіп, аузын аштырмайды. Абайдың білімділігі, дүниетанымының кеңдігі, парасатылығы жайшылықта ешкімді бет қаратпайтын, ешкімнен ықпайтын қаланың дін басшыларын да ықтырады. Абайдың діни білімдарлығы да халфе, ищандармен сөз, ой тартыстарында басым түсіп жатады.

Халфелер қанша білгенін айтып, Абайды райынан қайтарғысы келгенімен, ол сөзін орнымен, жүйесімен, мағынасына салмақ сала нақты жеткізеді.

«Абай ендігі сөзінің соңын иман деген жайға, Юнус халфе бұны өзінше тұсамақ болған жайға соқтырды» деген сөйлемде халфенің сөзден сүріндірмек әрекетіне қарсы иман мағынасының аясын айқындап, оған адамгершілік, ізгілік, парасат ұғымындағы тәрбиелік-тағылымдық мәнін түсіндіреді. Осылайша Абай арамза пиғылдарымен келген халфелерді жөнге салады. Ақынның діннен бөлек, әр саладағы білімі диалогта дараланады.

«Заман өзгеріп, қағида ауысып отырса да алланы тану, яғни тағрифолла мәңгі-бақи ауыспайды деп білеміз» [41. 391.]. Абайдың сөзінде Ислам дініне, Алла тағалаға деген асқан сүйіспеншілікті сезінеміз. Бұл автордың дінге деген берік ұстанымы. Осы бір сөйлем дінді бұрмалап, халықтан алыстатқан партиялық билік жүйесінде жазылғанымен, суреткердің сана, ой батылдылығы тәнті етеді. Дінді мемелекеттен бөлектеген заманда дәл осындай өміршең пайымдау жасаған.

Семейде індет тараған кезде Абай өлім-жітімнің көбеюіне байланысты қолдан келген амалын жасайды. Жүрген жерінде, базар ішінде жиылған жұртқа обадан сақтанудың жолдарын айтып, кеңес береді. «Жаназаны хатім садақаны көпті-топты жимай, аз адаммен өткізу» жайын батыл көтереді.

Сармолла сияқты құлқын қамын ойлағандардың зымиян пиғылдарын әшкерелейді. Абайдың елге жанашырлығы, қамқорлығы осынау қиын-қыстау кезеңде ерекшелене түседі.

«Абай өзін молда, хазірет дағдарысынан бөлек ұстады. Ол өзі ашық, білім қасиетіне сүйенген адам боп ашыла бастады. Сол себепті тазалықты қатты айтады. Әрдайым, қолды ыстық сумен жуған дұрыс дейді. Суық су, суық асты ішпеу керек екенін айтады. Қарбыз-қауын тәрізді, қала қазағы, әсіресе қала балалары құмар келетін көкті жемеу керек дейді. Тек қатты қайнаған ас, қатты қыздырып қуырып берген тамақты ғана жеу дұрыс екенін айтады.

Су суыған соң ауру тыйылатынын да сөйледі. Қысқасы Александра Яковлевнаның өсиет, кеңесінің бәрін де бұлжытпай, ұғымды, байыпты етіп салмақты қоңыр даусымен жақсылап айтып берді» [41. 340.]

Абай тұрмыс ауыртпалығынан айналадағы тазалықтың сақталмауынан адамдардың лас-кір жүргенінен қауіпті дерттің жұғып жатқандығын сезінеді. Ел қамын ойлап обаның жаппай тарاماуы үшін күреседі Александра тәрізді маман дәрігерлермен сөйлесіп, ақыл-кеңестерін жұртына жеткізеді. Ақын сөзі қашанда өтімді. Халық сыйлағанның құлы. Абай ақындығынан гөрі арқалы, абыройлы азамат деп танитын халқына оның сөзі шипадәрудей құнды. Семейде оба жайылған кезде Абайдың жаны жай таппайды, қалайда елді аман алып қалуда жанталасқа түседі. Ол үшін халық қымбат. Халқының қырылып, құрып кетпеуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға даяр. Бірақ ол елді емдеп жазатын дәрігер де, дауасы тиер шипагер де емес. Елдің арқалы азаматы, жүректі, тілекті тұлға. Жазушы романда Абайды қалың елі қазағының басына қиындық түскенде ортасынан табылған ақылшысы, аяулысы, жанашыры деп тұлғалайды.

«Дәл осы обаның тұсында Абай «мешіт медресенің, дінұстазы, шарапатты ишан, имам» дегендердің сұмдық салмағын ғана көріп қойған жоқ. Оларды әсіресе ен деп, тереңдеп күшті тамыр жайған, алған қара қуат күдіретін көрді. Сол күдіретті халық соры, қалың соры, арылмас соры екенін аңдады.

Енді көрсе, қаладағы қазақ халқын торлаған дерт түнек, түн-түнек қандай қазалы да кәрлі... Қанша ата-ана күніреніп өлді, кешегі күндері. Нелер қыршын жас кетті! Арманға толы кеудемен кетті талай ыстық жүректі жақсы жар. Сан кеудеде ашылмай, айтылмай кетті ащы зар!... Қырғын көрді қараңғы ел. Бірақ бәрінен ауыр, бәрінен ащы, бәрінен улы қайғы не?...» [41. 351.].

Абай қатерлі дерттің халыққа әкелген соры мен сұмдығын сезіп, аурудан арашалап қалудың амалын жасайды. Бірақ «жалғыздың үні шықпас» деген, қанша ақыл-қажырын жұмсаса да көлденең кедергілерден аттап өте алмай қиналады. Мешіттегі, медреседегі жұрттың жиналуы дертті бір-біріне жұқтыруға әкелетін зор қауіп. Әрине ол халқын діннен аулақтатайын демейді. Көптің шоғырланып, бас қосуынан аурудың жаппай таралуы онсызда күн сайын қаншама үйде қайғы-қасірет әкелуде. Обадан қаншама ата-ананың күңіреніп өлгені, небір қыршын жастың кеткені қабырғасын қайыстырады. Жанына аяздай батады. Осынау ел ішіне төнген зобалаң жүрегіндегі ащы, улы жырға айналғандай.

М. Әуезовтің суреткерлік таланты керемет. Абайдың ішкі жантүршігерлік толғанысы тәрізденген. «Арманға толы кеудемен кетті талай ыстық жүректі жақсы жар. Сан кеудеде ашылмай, айтылмай кетті ащы зар. Қырғын көрді қараңғы ел»... деген жан жүректі тербетер жолдарда Абай заманындағы халық басынан өткен нәубетті көргендей боласыз. Енді бір сәт осынау тебіреністі толғамдарда қазақ халқының басынан өткен екі бірдей ашаршылық, апаттың да елесін сезінгендейміз. Абайдың жанын жай таптырмайтын бір сауал бар, Бірақ «бәрінен ауыр, бәрінен ащы, бәрінен улы қайғы не?....» деген сұрақтың шешімін іздейді жұрт жанашыры.

2.6. Құнанбай бейнесінің беймәлім сырлары

Құнанбай мен Қаратайдың арасындағы диалог Меккедегі қажылық сапар әсерін оймен бөлісу іспетті. Екеуінің әңгімесін ислам дініне құрмет, пайғамбарлар мен сахабаларды ардақтау өзек болған.

– Мәдинеде Ресулалланың, хәзрәті Әбубәкір, Ғұмардың және хәзіреті Фатиманың жатқан жайларын зиярат қылдым! Кейін тағы бір күндерде – хәзіреті Ғаббас, хәзрәті Хәмзә, хәзрәті Ғұсман қабырғаларын я қылдым! – деді.

Қаратай ынталы, діндәр мұсылман жүзіне еніп:

– Ол жерде бұл аталған әруақтардан басқа сахабалардан жан бар ма екен? – деді.

Құнанбай бұл сөзіне де ынталы бейілмен жауап қатты:

Сағды бин Уақас, Ғабдырахман бин Ғауф және хәзрәті Ғайша да сонда жай тапқан екен. Бұларды пайғамбарымыздың

дос-жарандарының жайлары дейді, – дегенде, Ғабитхан молда құраннан бетін бұрмай отырып:

– Ғашраи – Мұбашшара десе лазым? – деді де, құранын аудар берді.

Құнанбай молдаға тағзым еткендей бас иіп: «дұрыс айтасыз, молда, мен өзіміздің тілімізде айтып жатырмын» деді. [40.373].

Осынау әңгімеге құран аударуға қатынасып отырған Ғабитхан молданың Құнанбайға сахаба есіміне байланысты түзетуін қажының ықыласпен қабыл алуы да ортақ әңгіменің өзара жарастық тапқандығы. Жазушы Құнанбайдың қажылықтағы көрген-білгенін Қаратай, Ғабитханмен ой бөлісуін діндар жандардың бас қосып, ықыласты сұхбаттасуымен астастырады. М. Әуезов қасиетті құранды, ислам дінінің қағидаларын, пайғамбарлар мен сахабалар өмірін, жақсы білген. Жазушының діни білімінің тереңдігі диалогтарда ғана емес, авторлық баяндаулардан да аңғарылады. Айрықша атап өтерлігі ислам дінінің, жалпы дінді кеңестік үкімет қоғамнан бөлектеп тастаған кезде М. Әуезовтің табандылығы, ұстамдылығы Құнанбай қажының Меккеге сапарын дін туралы ортақ әңгімеге сабақтастыруы. Мұның өзі ұлы тұлғаның суреткерлік батылдығы, ерлігі дерсіз.

Романда дін мәселесі Құнанбайдың қажылық сапарға барып қайтуымен байланысты жаңа арнада жалғастық табады. Құнанбай мен Қаратай арасындағы диалог діни білімнің бәсекесіне де ұқсайды. Қаратайдың сауалдарынан ислам дінінің білгірі екенін байқатса, Ғабитхан молданың оқшаулана түсетінін аңғарамыз. Жазушы тапқырлығы қажылық сапарын жеткізу тәсілінде де байқалып отырады. Мұны ортақ әңгіме өзегіне айналдырып, диалог түрінде берсе, атеистік насихат ұстаған кеңестік идеологияға қайшы келер еді. Автор осынау қасиетті сапарды тұжырымдап баяндайды. Меккеге барғандағы мұсылмандарға ортақ атқаратын парыз, міндеттерді ғана атап өтеді.

«Осыдан кейін әңгімеде Құнанбай Мәдине мен Мекке арасындағы сапарын баян етіп, Шамнан шыққан керуенге ілесіп, 13 күн бойына түйемен Арабстан шөлін кезгенін айтты. Қаратайдың сұрауымен Меккеге кірер алдында қай орында ихрам байлағанын, арафаға қалай шыққанын, содан қайтыс сапарына шейін, тағы бір еске алып өткен еді. Бұл жөнінде Қаратайдың сұрауы талай күндерді үнсіз кешкен Құнанбайға қазір тіршіліктің

бір жайлы сұқпат, рахат сағатындай. Асықпай ішкен шай кезінде де, түс ауа келген түстік кезінде де Құнанбай Қаратайға зор құрмет көрсетіп отырды» [40. 374.].

Құнанбайға Мекке сапарын әңгімелеудің «ең бір жайлы сұқбат, рахат сағаты болып сезілуі де» – діни білімді, көкірек көзі ояу Қаратайдың келуі. Құнанбайдың ойын сүйсіне жеткізуі де – оның білгірлігі, діни танымдылығы, зерделілігі. Автор Қаратай тысқа шыққаннан кейінгі Ұлжан мен Абайға қажының ризалық сөздерін жеткізеді.

«Абайлар аттанар кезде Қаратай тысқа шығып кеткен-ді. Құнанбай күн ұзынғы мәжілісінің артын қорытқандай боп, Ұлжанға қарап:

– Оқымаған қазақты Қаратай көкірегіндей жүйрік көкірек азу. Сұрап отырса да, сол мен көрген көп жайды өз көзімен көргендей көкейіне қондырған! – деді

Ұлжан Қаратайдың сөз бастап, бүгін қажыға көп жайларды айтқызғанына іштей алғыс айтып отырған. Қазір ерінің сөзін қостады.

– Тілеуің бергір, жүйріктігінің пайдасын жаңа көрдім. Сіздің бізге көп шешіліп айтпайтын әңгімелеріңізді айтқызды. Соншаны көріп, біліп келіп, ішке тығып тастағандай едіңіз. Қоймадағы теңдей, көңілде жүргеніңізді айтқызып, сізді де жадыратты ғой! – деді» [40. 375.].

«Қаратайдың жүйрік көкірегі» тіркесі астарында оның ақыл-парасаты, таным-түсінігі де айқындалады. Құнанбайға орынды, қонымды сауалдар тастап, Меккедегі көрген білгенін шын көңілінен ақтаруында Құнанбай да қажылық сапардың бар әсерін онымен ықыластана бөліседі, риза пейілін танытады. Әрі Құнанбайдың шешіліп көп адамға әңгіме шерте бермейтінін, білімді жандармен ашыла сөйлесетін болмысын баса көрсетеді. Бұл Ұлжан сөзімен берілген. Бір жағы Қаратайға ризашылық ниетін білдірсе, екінші жағынан осындай пайдалы, имандылық мағынасындағы сұхбат-әңгіменің өз орталарында айтылмауына білдірілген наз. Ұлжанның Қаратайды мақтап, Құнанбайды әзілмен сыпайы шаншуы да, Абайдың езу тартып шешесіне қарап күлуі де отбасылық өзара сыйластықты білдіреді.

Кеңестік идеологияның әдебиетті таптық жікке бөлуі, ежелгі әдет-ғұрыпты феодализмнің қалдығы деп санап, бәрін теріс-

ке шығаруы, оған жастардың қарсылығын көрсету және дінді халықтан бөлектеу көркем шығармада кейбір өмірлік шындықты бұрмалауға әкеп соқты. Жанама эпизодтар, оқиға, жағдай қосуға мәжбүрледі. Романдағы оқуға да ауыр эпизодтың бірі – Абайдың Құнанбайдың Әмірді өлтіруге әрекеттенген қаталдығына қарсы тұрып, өлім шеңгелінен арашалап аман алып қалуы.

«Дәл осы кезде киіз есікті жұлқып ашып, Абай кіріп келген еді, Нұрғанымның Әмірге болысып жаза шеккенін көрді. Құнанбай жас жігітті шеңгелінен босатпаған күйде, тағы қатты буындыра жөнеліп еді. Абай есіктен төрге қарай бір-ақ аттап ырғып түсе бере:

– Токтат!.. деп саңк етті.

Әкесінің қан басқан көзі бұған жалт бұрылғанша, қатты серпінмен Құнанбай қолын қағып жіберіп, Әмірді өлім шеңгелінен бір-ақ жұлып, сүйреп алды.

– Арам! – деп Құнанбай ақырды.

– Өлтіртпеймін! – деп Абай да қарсы, қатты ақырып жіберді.

Құнанбайдың қолын қағып, өлтіртпеймін деп Абайдың айғайлауы әкенің қатал қылығына қарсылық қана емес, өтіп бара жатқан заманға лағнет тәрізденеді» [40.448].

Абайдың әкесіне деген жандүниесін кернеген ашу-ызасы авторлық баяндауда сипатталған. Жиренішті ыза, долы көзін тік қадауы, кешірім, кішілік танытпай, ызасын оқтай суық атуы, қанжар сермегендей өктем айқайлап, шапшаң сөйлеуі – осының бәрі жас Әмірдің өмірін қиюға бетбұрған қатыгез әкеге қарсылық. Бұл уақыт қарсылығы. Мұны автор әке мен перзент арасындағы қатынастың мәңгілік үзілгені ретінде көрсетеді.

«Енді екі долы көздер бір-біріне тіп-тік қадалыпты. Жұлқысардай қарасып қапты. Абай көзі тайған да, жібіген де жоқ. Әкеге түк кешірім, кішілік жоқ. Жиренішті ызасын оқтай қып, суық атып тұр. Қанжар сермегендей сөз қатты. Айқайлап, шапшаң сөйлеп, суырыла жөнелді.

– Аузында алла, шеңгелінде қан! Тағы қан!.. Бұларды шарифат та қосады. Бір кезек сол шарифат жолы деп, бір нахак қан төгіп ең...

Абайдың он үш жасында жүрегіне оқ боп тиген Қодар өлімі, қазір ғана болған әке қылмысындай, көз алдына сап етіп кеп еді» [40.449].

Құнанбайдың Абай мен Әмірге шұғыл қатал кекке бетбұруы, қолын теріс жайып, теріс бата беруі – романдағы ең ауыр эпизодтардың бірі. Әкенің туған баласы мен немересіне деген ашу-ызасы осындай қатал әрі өте ауыр шешімге әкеп тірейді. Осынау жан-жүреппен қабылдауға аса қиын сәтті оқу да ауыр.

Нұрғаным мен Ізғұттының «Я, құдай, қабыл етпе!», Жаратқан, елең алма!» деп екі жақтан жалынғаны Құнанбайды «шұғыл, қатал ойлаған кегінен», теріс батасынан қайтара алмайды. «Көпсінгенің тірлік болса, өзі берген құдай алар. Бұйырар өліміне бұйырдың ғой, бірақ өкінбеймін. Отқа өртенсемде өкінбеймін! – деп Абайдың Дәрменді сүйеп тұрғызып, ертіп алып кетуі де сұмдық трагедияның бейне соңғы шымылдығы тәрізді көзге де, көңілге де ауыр. Абай әкеден бір жолата безініп, біржолата күдер үзген кесімін білдірсе, Әмір атасының аяусыз, ауыр шешіміне еріксіз көнеді. Бірақ жалынып, жалбарыну енді кеш. Құнанбайдың теріс бата беруі қаншалықты қатал, сұмдық әрекет, аяусыз пиғыл болса да жазушы заманның өзгерісін сезінген жастар әрекеті мен оған ескілікті әдет-ғұрыптан шыға алмауды қарсы қойған. Кеңестік идеология әдебиеттегі таптық мүддемен бірге, дін мен салт-дәстүрді ескінің қалдығы санап, оны қалай да халықтан аулақтатты. Абай мен Әмірді туған әкесі мен атасына қарсы қойып, оны заман, қайшылығы ғана емес, өткен мен жаңаның арасындағы бітіспес тартыстың шарықтау шегі етіп көрсетуді көздеген. Сонау бір өткен кезеңнің қасіретті оқиғасын Құнанбай мен Абайдың арасындағы әке мен баланың арасындағы қатыгез қарсылыққа, аяусыз тартысқа әрі әке тарапынан жасалған қатал кесім мен зілді үкімге негіздеу қаламгерге қандай қиын болды. Басқаша жасауға амалы да қалмады. Егер Құнанбайды дәуір болмысында бар өнегелі қасиеттерімен бейнелесе, онда әдебиеттен таптық тартысты күтіп отырған социалистік реализм талаптарына қарсы шыққандық еді. Мұндай жағдайда шындықтан амалсыз ауытқып, басқа бір заманда болған сұмдық оқиғаны эпопеяға енгізіп, амалсыз тығырықтан шығудан басқа жол да жоқ еді. Басқа көркемдік шешім іздеуге бәрібір жазушының әр сөйлеміне шүйлігіп, аңдушылар жібермес те еді.

Абай он үш жасында Қодар мен Қамқаны өлтіргеннің есіне салып, екі қылмысқа да Құнанбайды кінәлі етеді. Абай аузымен айтылған сөздер өте ауыр. Ол Құнанбай ісін Аллаға, шарифатқа

қарсылық деп біледі. Меккеге қажылыққа барып қайтқан әкесінің құлшылық сапарынан кейін жақсылыққа бет бұру орнына, осындай қатыгездікке баруын жөн көрмейді. Абай айыптауы – қатал. Ол мұны сұмдық жыртқыштық деп сезінеді. Қанша әке қылығы ұнамасада бетіне батыл айтқанымен, дәл осындай шариғатқа сүйене сөйлеу қанша ашынған, ашуланған ойдан шықса да, Абайдың Құнанбайға бағытталған сөздері өте ауыр.

Құнанбайдың оны азғын деуі, Абайдың әкесіне «Неге өлмейсің тынышыңмен сен! Заман сенікі емес, менікі!...» деуі әбден тұлабойда қайнаған ашудың долы бұрқасыны болғанымен, ұлының әкеге деген қатал кесімі. Өте ауыр кесім. Онан соң сен деп зілденіп сөйлеу де оқырманның қабылдауына да тым қиын. Алайда мұндай көркемдік шешімге Мұхтар Әуезов әдейі барған. Таптық жікке бөліп, заманы мен адамдарын ескі мен жанаға бөліп, сол кездегі социалистік қоғамның қатал заңдылықтарына, әдебиеттегі қатан социалистік реализм тәсіліне сүйеніп жазуына еріксіз мәжбүрледі. Осы бір эпизодтарды жазу қаламгерге қаншалықты қиын тигенін бір құдайым білер. Бірақ түрі ұлттық, мазмұны социалистік партиялық әдебиет көркем шығарманы жазушы ақыл-ойының көкжиегінде емес, идеология билігіне бағыттап, соған күштеп көндірді. Абайдың елін сүйген азамат және мұның, сырын тереңнен түсініп жырлаған, елдігінің ертеңін ойлаған кемеңгерлік бітімдегі кесек тұлғасын сипаттауда ой мен қалам еркіндігі тежелген кенестік жүйеде бұл өте қиын еді. Егер бүгінгідей көсіле қалам сілтеп, ойды еркін ақтаратын кендік пен мүмкіндік тигенде, қайсар қаламгер мұндай шешімге бармас та еді. Әрине партиялық әдебиет шартында, соның ішінде «бұрын жазу-сызу болмаған» дегені бар, патшалық Ресейдегідей «бұратана, тағы халық» ретінде қарағаны бар қазақ ұлтына қатысты кез-келген шығармадан елдік мүлдеден гөрі «аға халықты» ардақ тұтуды талап еткен қатал уақыттағы М. Әуезовтің эпопеясы көркемдік құндылығын бір елі түсірген жок.

Профессор Т. Жұртбай «Абай жолы романның бірінші кітабында қамтылған оқиғаның барлығы да Абай қатыспаған, ол тумай тұрып болған оқиғалар. Қодар мен Қамқа оқиғасы Абай туардан 15-20 жыл бұрын өтіп кеткен»... деп эпопеяға пайдаланған кейбір оқиғалардың сол заманға тән емес екендігін, алайда жазушы Абай өмір сүрген кезеңдегі шындықпен мақсатты түрде сабақтастыруын айғақ етеді [8].

Құнанбайды қажы деп дәріптепті, оны Абайдың рухани ақылшысы етіп бейнелепті деп т. б. толып жатқан айыптаулармен алқымға алатынын Мұхтар Омарханұлы білмеді дейсіз бе!? Онсыз да аяқталуына мұрша бермей, тұс-тұстан шүрегейдей шүйлігіп, шалқар ойлы шабытпен тыныстаған үлкен эпопеяның әр жерінен қалай да қапысын тауып, «қателік» іздейтінін көріп те білді. Құдай өзі кешірсін, Абай өмірінің шындық шеңберінен шығып, Құнанбайдай қадірлі де құрметті, елге беделді, билігі әділ, жүрегі таза, иманды, ақыл мен мейірімді асыл әкенің ұнамсыз бейнесін жасауға мәжбүрледі. Мәжбүрлеген коммунистік жүйенің қатал идеологиялық ұстанымдары, социалистік реализмнің әдебиетті таптық жікке бөліп, өмір шындығын аяусыз бұрмалатқан солақай, солқылдақ заңдылығы еді. Одан аттап өту де, айналып-бұлттару да мүмкін болмады. Сондай қысылшан әрі қатал уақыт ағымында түбі бір заманның ақтап аларын сезінді ме, сезбесе де Құнанбай жайлы ақиқаттың ақыры бір ақтарыларын аңғарып, жазушы қатал шешімге барды. Барды дегеннен гөрі, соған сол бір солақай социализм саясаты еріксіз итермеледі. Басқаша амал да, айла да құтқара алмас еді.

Ақын туралы үлкен туынды болса да өлеңдерінен үзінділер жиі берілмейді, шығу тарихы мен себептері қысқаша баяндалады не диалогтарда беріледі. М. Әуезовке ақын, азамат Абайдан гөрі, ел күрескері, қайраткер Абайды бейнелеу қажет еді. Ол тарихи шығарманың талап-шарттарын мұқият ескеріп, дәуірдің ұлы тарихи тұлғасын сомдады. Абай өмірінің шындығын ашуда сол замандағы оқиғаларды, жағдайларды құжаттық негізде көрсете білумен бірге, поэзиясын да ұтымды пайдаланды. Зерттеушілер анықтап дәлелдегендей, Құнанбай, Бөжейлерге қатысты сюжеттердің қайсы бірі бұрындары болып өткен оқиғалар. Суреткер мұны әдейі Абай өмір сүрген кезеңнің қайшылықтары мен тартыстарын толықтыру мақсатында сол ғасырдағы қазақ қоғамын сипаттауға пайдаланады. Еліне өнеге болған Құнанбай қажының бейнесін сомдауда кереғар жайларға баруы да әдебиеттегі социалистік реализмнің таптық тартысты көрсету талабынан туындады.

Құнанбайдың басына советтік коммунистік идеология да қатердің қара бұлтын төндірді-ау, аямай. Үстем тап өкілі ретінде небір жалған жалалар жабылғанда, дінге қарсы атеистік ағым ұстанған партиялық әдебиетте жақсы қырынан сомдау комму-

нистік идеологияға қарсы сілтенген сойыл болып табылар еді. Одан бөлек болыс-байлардың мүддесін қорғады, ескі феодалдық қоғамды дәріптеді, т.с. сан алуан айыптаулар кезегін күтіп тұрды. Ондай жағдайда Абайдың бейнесіне сомдауға да қауіп төнері айқын. Адамды қаралауды арғы тегінен іздейтін советтік сұм саясат Абайдың өмір жолынан да коммунистік қоғамға қайшы небір кереғарлықтар іздеді. Мұндайда амал жоқ шығармашылық айла керек еді.

Кәкітай Ысқақұлы Абай өмірі туралы мақаласында: «Өз әкесі Құнанбай, жұрт аузына қараған қатты, есті кісі болып, бөтен елдерді де басып, ел ішіне бір ғана төре тұқымы сұлтан болып жүрген кезде, солармен таласып, Қарқаралы өкірігіне әуелі қазақтан сұлтан болған кісі еді» деп таныстырады [44]. Құнанбай туралы зерттеушілердің ортақ тұжырымы ол болыстыққа жеке басының мақсаты үшін емес, халқының қамы үшін түскен. Бұл игі дәстүрді өз заманында Абай да жалғаған. Айналасындағы болыс, атқамінерлердің қалың елге қысым-қиянат, зорлық-зомбылығын көрген Құнанбай жасынан әділ, мейірімді болып өскендіктен де жүрек жылуын халқына беруге ұмтылған. Осындай ұмтылыс ұлы Абайдың да көкейіндегі арман-тілегі болды. Құнанбай бейнесі өзінің тарихи шындығына сай сомдалмауы туралы жазушыға түрлі айыптаулар тағушылар романның қандай саяси жүйеде, қандай қоғамдық жағдайда жазылғанын ескере ғой.

Т. Жұртбай «Абай жолы» романы эпопеясы, яғни көркем шығарманы өмірдегі Абай Құнанбаевтың өмірбаянын деп қабылдауға болмайды» деп реализм, социализм атты әдеби әдістің қолданылуымен байланыстырады. Расында да жазушы үшін басты мақсат – ұлы ақын, қажырлы күрескер, абзал азамат Абайдың өнегелі тұлғасын жарыққа алып шығу еді. Егер Құнанбайды өмірлік ақиқатына сай бейнелегенде, онсыз да сынықтан сылтау іздеген коммунистік саясаттың әпербақандары жазушы шығармасына небір жала жабары айқын. Алдыңғы асыл ағалары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтың қайғылы тағдырынан кейін, көркем туындыда аса сактық қажет еді. Өйткені, бұрынғының бәрі бай, феодалдық, реакцияшыл, панисламдық, т.б. таптық жіктеуге бөлген кезде, өткенге өте байыппен қарау талабы тұрды. Әйтпесе М. Әуезов Абай туралы қаншама мол материал жинағанда, Құнанбай жайлы

білмеді дейсіз бе? Кәкітайдың, Ахаттың жазғандары бұлтартпас тарихи айғақ екенін естен шығармаса керек.

Құнанбайдың жолаушылап келген досына өлендетіп айтқандағы мына жолдар ақындық дарындылығын да айғақтайды:

Кер заман келсе адам жаңылмай ма?

Кемеңгер келелі істе танылмай ма?

Айнымас таза жүрек, секілді дос,

Тарығып қалған кезде табылмай ма?

Құнанбайдың өзі де елі үшін небір келелі істер ұйытқысы болды. Абай асыл, алғыр әкенің өнегелі істерін жалғады. Құнанбай туралы Кәкітай Ысқақұлының жазғандары заманның шындығы, аталарына деген шынайы сүйіспеншілік құрметі.

«1874 жылы Құнанбай 70 жасында Меккеге бармақ болады. Елін жиып алып, батасын алады. Халық Құнанбайдың оң сапарын тілеп, аман келуін сұрасады.

Құнабайдың Меккеге жүретінін естіген соң. Шәкәрімнің шешесі Төлебике өзінің күндесі Ботантайды, балаларын жиып алып ақылдасып, қалаға мал саттырып, Құнанбайдың жол қаражатына деп ақша апарып береді».[44]

Міне осындан-ақ Құнанбайға деген отбасының, ауылының, ағайындарының айрықша сыйластығын аңғарамыз. Құнанбайды Тәте деп келіні мен балалары айрықша сыйлап, құрматтеген. Құнанбай Меккеге жүрерде екі келіні балаларын ертіп, батасын алуға келгенде, ол бір жағынан шымылдық құрғызып, екі келініне рұқсат бергізіп айтқаны.

– Қарағым келіндерім, мен сендерге үлкен борыштымын. Сендер бірін 34 жаста, бірін 29 жаста Құдайбердіден жесір қалдыңдар. Одан қалған бес баланы ержеткізіп, тәрбиелеп өсірдіңдер. Балаға деген аналық мейірімдерінді басқа ешбір өмірге айырбастамай, тек мына немерелерімді адам етіп шығаруға жұмсадыңдар. Міне, сол еңбектерің бүгін өтеліп, ешкімге көзтүрткі болмай ержетті. Екеуіңнің осы қарыздарың менің мойнымда, екеуің не қаласандар да берем деп еткен уағдам бар еді. Және мынау отырған балаларым мен немерелеріме өлгенше сендерді сыйлап өтіндер деп көзбе-көз тапсырмақ едім. Құдайберді менің төл басым еді. Ол бір анадан жалғыз болып, жастай қайтыс болып, артына жас балаларын қалдырып кетіп еді. Сол ақ үрпек балаларын аялап өсірген сендер Құдайберді өлгенде, балалары

жетімдік көрмей, ержетер ме деп арман еткен едім. Сол арман орындалды оған құдайдан соң екі келінім, сендер себеп болдыңдар» [44].

Құдайберді балаларын тату-тәтті өсіргенін өз мойнына қарыз деп алып, соны өтеген келіндеріне ризашылықпен ақ батасын беруі де – көрегендігі, парасаттылығы. Бұрын көрмеген, аяқ баспаған алыс араб жеріне алғаш сапарға шыққандықтан, анауынау жағдай болса, көкірегімде қалады-ау деп мейірімін, ақ пейілін білдірген Құнанбай болыстың имандылығы осыдан-ақ көрінеді.

Дәл қазіргідей бағыт-бағдар айқындалып тұрмаған кезде айшылық алыс жерге аттану да асқан батылдық еді. Бір жағы жасынан ширақ, шымыр, зерек, алғыр, адуынды болып өсуі де алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы мен табандылығын танытады.

Ахат Құдайберді жазбасында Құнанбайдың жасынан әке тәрбиесін алғаны, ел билігіне ерте араласқаны, турашылдығы, адамдығы, қарапайым халыққа көрсеткен қамқорлығы әкесін жоқтатпай өз шаруасымен жүрген кезде де келген адамдарды өзі қарсы алып, шаруасын реттеп, бітіріп аттандыратыны сөз болады [46]. Әкесі Өскенбайдың елдің дау-шарын реттеуінде, алғырлығы, әділдігі, шешім білігі Құнанбайға қалай дарыса, бұл ерекшелік Абай бойына да жұғысты болғанын тарихи деректерден де, романдағы қалың еліне жасаған игіліктері мен ірі істерінен де пайымдай аламыз. «Зере өте есті, адал момын, тақуа жомарт болған ана» делінген. Зередей әженің Құнанбайды тәрбиелеуімен бірге, өрісті өнегені Абайға да бергені белгілі.

Романда Абайдың балалық шағынан әже тәлім-тәрбиесін көргені, оның ана сүтімен енген қабілеті, дарындылығын ұштаудағы ықпалы шынайы сипатталады. Абайдың қасиеттілігі мен көрегендігі де киелі ортада өскендігін көрсетеді. Бұл «Құнанбайдың денесі өте сымбатты толық, бойы зор, жүзі нұрлы, бота көз, маңдайлы, қыр мұрын, сұлу болған. Балғын, зор денесі балуандыққа, өткір көзі ерлікке, басы ақылдылыққа біткен» деген сипаттамадан мінездеуден де көп нәрсе аңғаруға болады.

Өскенбайдың арғы ата-бабаларын баласының дене тәрбиесіне, мықты, шымыр, ширақ болып өсумен бірге, ақыл-ойының, білімінің, діни ілімінің тереңдігіне, имандылыққа жасынан баулығанын байкатады. Құнанбай туарда анасының түс көруі,

дүниеге келгеннен кейін дәретін алып емізуі де бойына қасиеттілік дарытудан туған ізгі ниет. Қасиетті әкенің ұлы да қасиетімен халқының зор қадіріне бөленді.

Анасы Зеренің «бісмілләлап» жуған омырауынан ақ сүтін еміп өсіп, адамдық пен туралыққа бала шағынан дағдыланған Құнанбай бойында имандылық зор еді. Тағы да Кәкітайға зер салайық:

«Құнанбай діншіл адам болған. Ол балгерсіген бақсы құшынаштарға, қисынсыз ырымға нанбаған. Пара алуы, пара беруі, өтірік айтып, ұрлық кылуды, адамға табынуды жаны түршігіп жек көрген. Ол тек құдай мен көпке ғана бағынуды лайық деп санаған. Бұрын зекет беруді білмейтін байларға малынан зекет беруді орындатып, оларды нағыз нашар, кемтар, жетім-жесірге бергізген. Арам өлген мал етін қан безді жейтіндерді де тыйған. Бірлі-жарым көнбеген ұрыларға аямай дүре салдырып, ұрлығын қойғызып өз қолына ұстап жұмыс істеткен. Жұртқа құдайға құлшылық қыл, қиянаттан аулақ жүр деп, бұрын намаз оқымайтындарға да намаз оқытқан. Құнанбай өзінің атшабарларына біреудің бір тал қылын рұқсатсыз алма деп қатты тапсыратын болған» [44].

Осы жазылғандар Құнанбайдың қандай ізгілікті тұлға екендігін айқындайды. Тұлабойында адамгершіліктің асыл қасиеттері молынан сіңген оның діншіл болуы да елді имандылыққа бет бұрғызудың игі нышаны еді. Сондықтан да қажылыққа баруға батыл бел буғанда, бүгінгілер сияқты атақ-абырой үшін емес, ұрпағына қасиетті жол салуды мансұқ еткені анық. Құнанбай – заман ағымын әріден сезіп-білген ақылды билік иесі. Көреген көңілі елін оқуға, білімге, мәдениетке бет бұру мақсатынан көрінеді. Медресе, мешіт салуы да – жарқын мақсатқа ұмтылыстың баянды бастамалары. «Қазақ балаларының оқуын арман етіп көк-сеген Құнанбай өзінің күзегінен ең алғаш там салдырып, сауын мал жинап беріп, айналасындағы қазақ балаларын, өз балаларын оқытқан» [44].

Ешкімнің ойына келмеген қасиетті іс Меккеге үй салуды жүзеге асырған Құнанбайдың қажылыққа дейін-ақ халқына жасаған жақсылықтары жетерлік. Әрине, болыс болып, ел билеген соң ара-тұра қаталдық та жүреді. Құнанбайдың елге тигізген шапағатын әркім жүрегінде сақтаған. Соның айқын айғағы – талантты сатирик ақын Ш. Смаханұлы Д.А.Қонаев туралы жазған шығармасына

пікірін білгісі келгенде «Ата-бабаларының тарихы мен шежіресін жетік білетін Димекен: «Кітабының ішінде Құнанбай қажы туралы айтыла ма, егер айтылмаса, ол кісі кітабыңа кіретін болсын» деп Абайдың әкесі Құнанбайдың Қонайға жасаған жақсылықтары жөнінде біраз әңгімелейді» [47.]. Демек, қайраткер тұлға Құнанбай қажының әкесіне жасаған жақсылығы жайлы сан рет естіп қаныққан болар. Шығармаға енгізуді талап етуі де Абайдың әкесіне деген ізгі құрметтің берік белгісі.

Б. Момышұлы семейлік соғыс ардагері Мизәміл деген кісіден естіген Құнанбай мен Абайдың арасындағы бір қызықты жайды әңгімелеген. Мизәмілдің әкесі Абаймен жақсы араласқан. Бірде жолыққанда – Сен әкеңнен артықсың – депті. – Сірә, ақындығын, алғырлығын, даналығын ерекшелесе керек. Абай: – Жоқ, мен әкемнен артық емеспін – деп жақсы жылқы тұқымын үйірден таңдаудағы әке мен бала арасындағы бір оқиғаны айтып берген. Қысқасы Құнанбай Абай 100 қойға сатып алған құнанды алдымен жазбай танып, жылқышыларға ұстатқан да, өзі таңдаған құнанды ұстатып, екеуін жарыстырып сынаған.

Әңгіме былай тәмамдалады:

Жақындағанда тәтем:

Мырзажігіт, қазір құнаның қалай болар екен, құлап қалмас па екен? – деп күлді. Езуін жиып алғанша болған жоқ, жүз қойлық жүйрігім етпетінен түсті. Анау тұсымыздан құйғытып өте шықты.

Тәтем:

Ал, Мырзажігіт, сау бол – деді де, атын бұрып ап, өз жігіттерімен жүрді де кетті. Мен әкемнен артық болсам, өз жылқымның ішінен жүйрік құнанды таңдай білмес пе едім?... Бала қандай ақылды болса да, әкесінен бір басқыш төмен болады екен – деген түйінге келдім, – деді Абай [33].

Б.Момышұлы мұны «Абай жолынан» сюжетіне неге енгізбегенін сұрағанда, автор «Мен мақсатыма қызмет етпейтін деректерге көңіл аудармаймын. Суреткерлік талғам дегеніміз, бәлкім, осы шығар» деп жауап берген.

Бұдан нені аңғарамыз? Жазушы өзі мәлімдегендей, «романға мұндай толып жатқан оқиға еңбей қалған». «Мақсатқа қызмет етпейтін» деуі де сол кезеңнің әдеби бағытына келмеуін білдіреді.

Құнанбай заманында жүйрік жылқыларға зор көңіл бөлген.

Қ. Кемеңгерұлы сол кездегі өзі білетін бір деректі алға тартады.

«Құнанбай дәуірі жүріп тұрған кезінде ат жетер жерден жүйрік, сұлу айғыр алғызып жылқысын түзеген» деп жазғаны да осынау оқиғаның бұлтартпас дәлелі. [48.160.]

Суреткер ұстанымы Абайдың тарихи, көркем тұлғасын сомдау еді. Оның үстіне Құнанбайдың болыстығы, қажылығы бар, оның бәрін қалт жібермей қадағалайтын коммунистік идеология мүддесінде бейнелеуді негізгі мақсат еткендіктен, қатаң шарттарынан да шыға алмады. Құнанбайдың қасиеттілігін, адамгершілігін, ақылды істерін, білімділігін, ілімділігін әбден пысықтап зерттеді. Аруақтың алдында қиянат болса да, амалсыздан Абайды социалистік әдебиеттің ауқымында сомдаудан ауытқымау да, Құнанбайды бейнелеудегі қатал көзқарас та мәжбүрліктен туындады. Басқаша жасауға жол жоқ болатын. Көлденен кедергілер аз емес еді. Бәріне көнді Әуезов.

Құнанбайдың бала-шағынан алған тәлім-тәрбиесі де, имандылық пен мейірім, шапағат шуағына бөленіп өскені, білім, ілім бойына жинақтауы да ата-бабаларынан қалыптасқан ізгі, өнегелі дәстүр. Мұны К. Ысқақұлы былай баяндайды.

«Бала кезінен бастап, Құнанбай өте ұғымды, зерек, алғыр, бір естігенін, оқығанын ұмытпайтын болған. Ол ес біле бастағанынан әкесінің қасында отырып, көп әңгіме, оқиғаларды, биліктерді есітіп, қазақтың өмір сөздерін, мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін, батырлар, эпостық жырларды тарихи оқиғаларды жадына сақтап алатын болған.

Жас кезінен ол шешендік өнерге сөз тапқыш әдіске бейім болды. Адамдық борышты қалай ақтау керек деген сұрақ Құнанбайдың ойынан ерте кезден орын алған. Өз әкесі Өскенбай халыққа еңбек етіп, адал болу керек, арын, адамшылығын сатпау керек деген ақыл айтқан» [44].

Ел билеу билік жасап, әмір берумен бітпейді. Халықпен етене араласу ел ішінің тіршілігін көзбен көру мен жағдайына жәрдемдесумен жалғасады. Мұны нақты деректен таба аламыз.

«Асқан балуандарды, ел жауын женген батырларды, ел қорғаған ерлерді сүйетінін аңғарған. Және ел үшін дауға түсіп, ел намысын жоқтап, елін білім-өнерге бастаған адамдарды

сүйетінін байқаған. Қайткенде туған елге, арысы халыққа адал еңбек еткен адам-адамдық борыштан құтылып, шын адам атына ие болады деген байламға келеді. Құнанбай ел алғысын алмай адамдыққа қол жетпейтінін сезеді». Абайтанушы Т. Ибрагимов Құнабайдың мықты балуан, найзагер болғанын айтса, Б. Исабай бір жиында жығылып қалған соң. «Аллдан дұға етіп, ел басқаруды сұрағанын» жеткізеді [49]. Ол кілемдегі күресте қандай мықты болсын, өмір күресінде де адуынды, қатал да қайсар ел басқарушы, аға сұлтан болғаны мәлім. «Егер еліме әділетсіздік етсем, туралықта туысқандықта жағыма шықсам, жұртқа мені мазақ ете гөр деп жалбарындым. Осыдан кейін өмірімнің соңына дейін әділ болуға өзіме сөз бердім. Алла тілеуімді қабыл етті» деген екен Құнанбай [50].

Осыдан-ақ Абайдың болмысында асыл әкесінің ұлылығы мен ұлағаты арайланып тұр емес пе? Бұл адамның өзін-өзін тануы, өзін-өзі меңгеруінің өміршең өнегесі. Сонан соң Кәкітай айтқандай: «Қартаң тартқанда, халық Меккеге барғанды білмейтұғын уақытында әуел бастан Мекке барып, онан келген соң ешбір дүние сөзіне кіріспей, бір ғана ғибадатын қылып, өлгенше үйінен шықпай өтіпті» [44].

Қасиетті қажылығын өтеген соң, билікке араласпай, ел-жұртына ақылын, ғибадатын, ғибратын айтып өткен Құнанбайдың кісілік келбеті, парасат-пайымы үлгілі қартаюдың мағыналы мысалы. Құнанбай қандай әділ, тура, ізгілікті тұлға болса, «Ғибадаттың ең үлкені көңілдің тазалығы, адам баласында жаны ашырлық» деп мұны өмір жолына шамшырақ етіп кеткен Абай да – ұлы әкенің ұлы ұрпағы. Құнанбайдың сан алуан ізгілік істері, жақсылықтары, адамгершілік қасиеттері жайлы Т. Жұртбай, Б. Сапарәлі т.б. зерттеулерінде жеткілікті жазылған.

М. Әуезов «Абай жолын» қалай жазғандығы туралы мақаласында, әке мен бала арасындағы тартысты негізге алғанын, «Абай – жаңа заман, Құнанбай – ескі заман, екі заман тартысын әке мен баланың тартысы арқылы суреттедім» деп екі ғажайып тұлғаны бір-біріне қарама-қайшылықта бейнелеу сипатын айғақ етеді. Бұл – ақталу емес, ащы ақиқат. Егерде әкенің өнегелі тәлім-тәрбиесінен түйген талант тағдырын кескіндегенде, онда роман советтік қатал коммунистік идеологиядағы қатаң қағидаларға,

социалистік реализмнің өткір талап-шарттарына сай келмес еді. Ондай жағдайда өткенді өнегелеп, көне дәуірді дәріптеді деген түрлі сылтау да, ол аз десеніз өмірін қиып жіберуге даяр үкіметте аямас еді-ау. Амалсыз өмірлік шындықты көркем шындыққа бұрмалауға баруы, түбі ертең таным-түйсігі бар буын ақтап шығарына үміттенсе керек. Өйткені қыруар құжаттық материалды салмақтап, саралау барысында Құнанбай мен Абайдың ара қатынасын, әкелі-балалы сыйластық дәстүрін саналы түрде пайымдап, анық-қанығына бір жетерін сезінген шығар. М. Әуезовтің Абай өмірбаяны туралы төрт зерттеу мақаласында Құнанбайдың өмірлік іс-әрекеттері шынайы көрсетілген.

СУРЕТКЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ (шығармадағы психологиялық пейзаждық бейнелеулер)

1961 жылы Мәскеу маңында ауруханада жатқан М.Әуезовтің халін сұрап барған әдебиетші-ғалым И.Брагинский біраз әңгімелескен. Жазушы сөз арасында орыс әдебиетінің өзіне тигізген ұланғайыр әсерін, әсіресе, Тургеневтің айырықша ықпалын атаған. Расында И.А.Тургенев туындыларын шебер тәржімалау барысында М.Әуезов орыс классикасындағы ғаламат стилістің мәтін мәнерлеудегі түрлі тәсілдерін меңгерген. Жазушы сөйлемдеріндегі ырғақтық-интонациялық, әуезділік қырларын жете зерттеген. Әрі табиғатты суреттеудегі сыршылдығын, лирикалық пейзаждары мен психологиялық толғаныстарын, табиғат пен адам сезімін, ішкі дүниесін сабақтастыра бейнелеу ерекшелігімен терең танысқан. Мұны біз М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында көркемдік-психологиялық тәсілдерді молынан қолдануынан айқын көз жеткіземіз.

Н.Г. Чернышевский Л. Толстой туындылары туралы «Кімде-кім өзіндегі адамды зерттемесе, онда ешқашан адамдар жайлы терең білімге кенеле алмайды. Олай болса, граф Толстойдың ерекшелігіне келсек, ол өзіндегі адам жанының құпия өмірін соншалықты мұқият зерттеді» деп тоқталады.[51] Ол жазушының адам ойының ішкі қозғалыстарының картинасын бейнелеу шеберлігінің кілті – «адамзат жүрегін білу, біздің көз алдымызға, оның құпияларын ашу қабілеттілігінде» деп біледі. «Бұл дегеніміз

туындыларын біз таңданарлықпен қайта оқып шығатын әр жазушының мінездемесіндегі бірінші сөз».[51.]

Чернышевский Толстойдың адам жандүниесінің қалтарыстарына тереңдейтін суреткерлік талантына сүйсінеді. Адам жандүниесінің құпиясын жұмбақ сырларын сипаттауда М.Әуезов теңдессіз шеберлігімен дараланады.

«Абай жолында» Н.Чернышевский пайымдаған «адамгершілік сезім тазалығы», «жоғарғы адамгершілік мұрат» роман-эпопеядағы Абай және басқа кейіпкерлер жандүниесін бейнелеуден табылады. М.Әуезов Л.Толстой мен И.Тургенев туындыларының тіліне терең бойлаумен бірге, кейіпкерлер әлемін сомдау сипатын жете сезінген.

Г.Чернышевскийдің «Граф Толстойдың туындыларындағы сұлулықты бағалауға көп талғамға ие болу керек, әйтсе де шынайы сұлулықты, шынайы поэзияны түсіне білетін адамның граф Толстойдан нағыз суреткерді көре алады, ол дегеніміз тамаша таланттағы ақындық» – деген ақ жүрегінен ақтарылған байыптауында ұлы жазушы шығармаларының эстетикасы мен поэтикасының айырықша биіктігін, үндестігін байқатады. [51]

Суреткердің соны сипаттауларымен, бай тілінің бейнелелігі мен ой шалқарлығының поэзиялық мәнерлілікпен, көркемдікпен іштей тұтастық табуы да өзінің қажырлы, табанды ізденісімен әрі үздік үлгілерден үздіксіз үйренуімен сабақтастырамыз. Толстой тілі бай, сұлу, сыршыл болғанымен, бәрібір поэтикалық көркемдік қуаты жағынан Әуезовтің мерейі үстем екендігі анық. Ақындық шабыттан ағыл-тегіл ақтарылған алуан бояулы тіл алуан түсті, хош иісті жұпар гүлді қыр-даланы елестетеді. Ғажайып бір әсемдік әлемі. Тіл тереңдігінің түпсіз тұңғиығы.

Л.Н.Толстой «Мен тарихи шығарма жазғанда әрбір ұсақ-түйегіне дейін тұтастай шындыққа дәл келуін ұнатамын» деп жазған.[52.4] М.Әуезов толстойлық тиянақтылық пен ұқыптылықтан үйренген. «Абай жолындағы» көркем әрі тарихи детальдың дәлдігі де жазушының тарихи шығармаға құжаттық-деректік жағынан да, теориялық негізде де мұқият дайындалғанын көрсетеді. Ол тарихи туынды шындығынан ауытқымауына күш салды. Әлдебір бұлтару, ауытқу, өзгертулер авторлық ұстанымнан емес, сол кездегі коммунистік идеологияның қатаң талабынан жасалды. Өмірлік шындықты көркемдік шындыққа ұтымды

ұштастыру ерекшелігін Ә.Нұрпейісов «Тарихи тақырыптарды талқылағанда» атты мақаласында «Қалай десекте Мұхтар Әуезов Абайдың ұлы бейнесін сомдағанда бірде-бір тарихи деректі бұрмаламады, өз кейіпкеріне балшық жағудан алыс болды. Ал өзінің өлмес қаһарманының ұлы адамгершілік қуаты зор интеллектісін қалай аша білген» деп пайымдапты [3].

3.1. Портреттік суреттемелер сонылығы

«Абай туралы романдардың ерекше құндылығы тек олардың идеялық қуатының молдығында, әлеуметтік тынысының кеңдігінде ғана емес. Өздерінің көркемдік жетілуі, суреттеу құралдарының молдығы мен алуан түрлілігі жағынан да бұл романдар ұлттық әдебиетімізде шоқтығы асып, окшау көрінеді» [53.194]. А. Нұрқатов биік пайымдай келе, романдағы портреттік суреттемелердің, сипаттамалардың өзгешелігін де атап көрсетеді.

«М. Әуезов үшін портреттік сипаттау – кейіпкердің жан-дүниесін айқындап аша түсудің де құралы» [53. 198].

Романда портреттік мінездеулер мен сипаттаулар мол әрі сан алуан. Әр кейіпкердің келбет-көркін, түр-тұлғасын, болмыс-бітімін айқындауда психологиялық ерекшелігімен көрінеді. Әр кейіпкердің портретінің көркемделуі де бір-бірін ұқсамайды, дара да сара

«Қияда» тарауында Абайдың 17 жасында әке атануы, Ділдәдан Ақылбай мен Күлбаданың дүниеге келуі, үшінші балаға аяғы ауырлығы баяндалады. Сондай-ақ, Ділдә отауын таныстыруда автор Абайдың портретін бейнелейді. «Бұл кезде Абайдың да денесі іріленген. Жауырынды, сүйекті болып қалған екен. Бойы ортадан биіктеу. Сүйегі ірілеумен қабат, бұлшық еттері де толып, бар мүсіні балғын, кесек тартыпты. Бұл пішіні де денесіне лайық дөңгеленіп, ірілеп қалған. Ұзынша қырлы мұрны көтеріңкі, үлкен. Жазық биік маңдайы шекесіне таман келгенде дөңкілдене түсіп, кең көсілгендей. Қыс суығынан бет, мұрны тотықса да келбетті маңдайы ақшылданып, айқындап тұр. Отты сұлу көздерінің ақ – қарасы әлі де тап-таза. Көзінің сыртқы шарасы томпақтау және ұзынша біткен. Жіп-жіңішке боп, кең соылған ұзын қастары мен ойшыл, отты көздері Абайды өзге жұрттың ішінен окшауырақ етіп тұрады. Жақсы туыс белгісі сияқты. Әлі

ұзармаса да, теп-тегіс боп, тебіндеп шығып келе жатқан қоңырқай мұрты бар. Барлық тұлғасы сай келген қара сұр жігіт. Сонау сұлу болмаса да, ұнамды, сүйкімді». [40. 217].

Отбасын құрып, әке атанған Абайдың алдымен денесіндегі, бет-пішініндегі өзгерістер берілген. Сүйегінің ірілігі, бұлшық еттерінің толысуы, бар мүсіні балғын кесек тартуы – жастықтан есейіп, ересек жасқа қадам басу нышаны. Ұзынша қырлы мұрыны, жазық биік маңдайы да келбеттілігін байқатады. Жазушы кейіпкер өң-жүзін кескіндей келіп, жанарының өзгешелігін, «Отты, сұлу көздерінің ақ, қарасының әлі де тап-тазалығы» тіршілік бейнетіне көп араласа қоймауын көрсетеді. «Жіп-жінішке боп, кең созылған ұзын қастары мен ойшыл отты көздері» – Абайдың үнемі ойланып, ізденіп, әр нәрсеге алаңдап тынбайтын ерекшелігін танытады. Теп-тегіс боп, тебіндеп шығып келе жатқан қоңырқай мұрты да жігіттік белгісі. Осынау портреттік анықтаудың түйіні – «барлық тұлғасы сай келген қара сұр жігіт, сонау сұлу болмаса да, ұнамды, сүйкімді». Абайдың түр -тұлғасы әдемі бейнеленген. Әуезов суреткер Абайды бала кезінде көргендіктен, оның түр – тұлғасының, болмыс-бітімінің ерекшеліктерін жақсы есте сақтап қалған. Көркемдік елестетуімен есейген, оң– солын таныған жігіттік жылдардағы келбет -көркін шынайы бейнелеген..

«Дәмежан сұнғақ бойлы, көтеріңкі кесектеу мұрны бар, жадыраған үлкен, әдемі қара көзді әйел еді. Ақ, қарасы айқын көз – тұнжырай біткен анық бота көздің өзі. Ашық дауысты Дәмежан сөйлеген сайын оның үлкен, аппақ тістері кең ашылады. Жұқа еріндерінің қызылына жарасып жиі көрініп отырады. Күйеуі үнсіздеу, аз сөзді бұйығы кісі болғанда, Дәмежан мүлде басқа. Ол керісінше, шапшаң, ашық сөйлейді. Адамға тез қабысатын жол мен жөнді өзі біліп басқаратын көшелі кісідей. Бұл үйдің еркегі ері емес, өзі тәрзіді. Жаңа отыра бере, үлкен баласына самауыр қой деп бұйрық еткен. Баласы сол шаруаға айналысқанда күйеуіне де іс тапсырған. Тұрып қазан астына отын жарып әкел деген еді» [40]

М. Әуезов арулар, әйелдер портретін бейнелеуде көз, жанарын ерекшелеп, одан ақыл мен сұлулық сәйкестігін даралайды. Дәмежанға берілген портреттік мінездеуде де алдымен «жаудыраған үлкен әдемі қара көзі» сипатталады. Сол жанардың тағы бір ерекшелігі – көзінің ақ, қарасының айқындалады. Сұлулықтың бұл да

бір жанардағы айрықша сипаты.. Дәмежанның сұңғақ бойына, көтеріңкі кесектеу мұрнына жарасып ақ, қарасы айқын, бота көзі әдемілігін даралай түседі. Автор ашық даусын айтуы арқылы жандүниесінің кіршіксіз тазалығын еске салады. «Үлкен кесек аппақ тістерінің кең ашылуы да» дидарындағы әдемілікті әспеттейді. «Жұқа еріндерінің қызылынан жарасып жиі көрінуі де» келіншектің келбет-көркіндегі тағы бір әсемдігін ашып тұрғандай әсер қалдырады. Күйеуінің үнсіздігі мен аз сөзді бұйығы кісі екендігіне тоқтала отырып, үйдегі бар тірлікті ақылға салып, жөнге келтіретін Дәмежанды оқырманға ықыластана таныстырады. Осынау психологиялық мінездеуде оның «адамға тез қабысатын жол мен жөнді өзі біліп басқаруын көшелі кісідей» келбеті де кескінделіп, одан әрі ол нақты іс-әрекетке ұласып кетеді. Үлкен баласына самаурын қойғызып, күйеуіне қазан астына отын жаруын тапсыруы жарасымды отбасының сыйластығын көрсетеді. Осының ұйытқысы болып жүрген Дәмежан. Мұндай шаруақор пысық, іскер әйелдер өмірде де бар. М. Әуезов әйелдер бейнесін жасау кезінде олардың сұлулығына, әдемілігіне бір жақты тоқталмайды. Әйелді жанымен де, тәнімен де сұлу ғана емес, ақыл-ойымен, парасатымен, үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты, отбасына сүйікті, сүйкімді келбетте кескіндейді.

Сүйіндік үйіндегі қонақасыға шақырылған Абай мен Тоғжанның кездесуі – романдағы тартымды эпизодтардың бірі. Тоғжанның портреттік суреттемесі – сұлулықты бейнелеудің озық үлгісі.

«Орташа келген қырлы мұрын енді анық көрінді. Қырынан карағанда бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа ғана толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап, таралған шашы қап-қара қалың өріммен ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кішіде емес, әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр». [40]

Автор Тоғжанның қыр мұрнының сүйкімділігін ерекшелейді де, нәзік бұғағын жұқа ғана толқынға теңейді. Толқын – ару келбетінің сұлулығын сипаттауда жазушы жиі қолданатын сөз. Және мұны Абай сүйген, ғашық болған қыздарды сипаттауға қолданады.

Тоғжанның шаш күтімі де оқырман назарын бірден өзіне тартады. Шаштың жылтырауы, таралуы, қалың өрімі дараланады. Нәзік мойнының аппақтығы да ажарын айшықтайды. Орташа үл-

гідегі әшекей сырғасының діріл қағып, дамылсыз сілкінуі қыздың ішкі сезімін, жандүниелік толқуын сездіртеді. Осылайша суреткер сырғаның динамикасымен арудың ой әлеміндегі, сезім сипатындағы психологиялық ерекшелікті үйлестіреді. Мұны Тоғжанның Абаймен жүздесуіне сабақтастырады да үнемі оған оралып отырады. Бұл М. Әуезовтің көркем шығарманың психологизмін дамытудағы өзіндік ізденісі.

Төсегіне жатқан Абайды жайғастырып болып, қайтып кеткен Тоғжанның кимыл-әрекетіндегі сүйкімділік наздылық, ішкі ғашықтық сезімі, сүйіспеншілігі бір ғана шолпы динамикасымен шынайы, әсерлі суреттеледі.

«Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда-санда бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады.

Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті» [40. 116.].

Абаймен жүздесіп, сұхбаттасып кайтқан Тоғжанды оның шолпысының әуелі жиі сылдырауы да ғашықтық сезімнің қуатын танытады. Шолпы сылдыры Абайдың тулаған жүрегінің дүрсілімен астасады. Алдымен анда-санда бір шылдыр етуі, ұзап бара жатқан жүрісін аңғартса, ең соңғы рет бір рет шылдыр етуі мүлде көзден тасаланған шағын білдіреді. Әдетте шолпының жасалу сәні, түрлі-түсті қымбат тастармен әшекейленуі, бағалылығы сипатталса, Абай көзіне ол өзгеше ыстық, қымбат болуы арадағы махабаттың қуәсі іспетті.

«Сүттей жарық, айлы түн, таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар жүрек таңы». [40. 115]

Абайдың Тоғжанмен тілдесуге асыққан сәтінің суреттелуі де – көркемдіктің бір кереметі. Сүттей жарық, айлы түн – ғашықтардың жүздесіп, армансыз сыр ақтаратын түні. Абайға бұл түн алыстау. Дәл қазір ол «әлдеқандай өзгеше таңды күтеді». Мұндағы «таң» ұғымы дидар, көркімен жан-жүректі баурап алған – Тоғжан. Автор мұны «күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар жүрек таңы» деп даралайды. Демек, бұл – ғашықтық азабы. Суреткер таңды асыға күткен, Абайдың дамылсыз шағын, алабұртқан көңілін, алуан толғанысты сезімін қалай әсерлі жеткізген!

«Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ мол сезім. Соны шалки түсіп, шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай секіреді». (40.115.)

Өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ мол сезім – бұл ғашықтық сезім. Шалки түсіп, шарықтауының көптігі – Абайдың Тоғжанмен жүздесіп, тілдесуінің тыншымай жалғаса беруі. «Кеуде толған сол сезімнің лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіруі де» ғашықтықтың ақын жан дүниесін мазалаған, өзіне тән нәзік сипаттары. М.Әуезовтің суреттеу тәсілінің керемет көркем тілмен ғашықтық сезімді, ой азабы мен арпалысын ғаламат бейнелеген. Адам жанының беймәлім сырларын қалай дәл жеткізген! Ғаламат сұлу, сыршыл лирика оқып отырғандай күй кешесіз. Көңіл-күйдің көркем тілмен кестеленген кереметтері!

М. Әуезовтың дүниетанымының кеңдігі, ойлау тереңдігі кез келген суреттемеден штрих, детальдан байкалып отырады. Әдетте адам жандүниесін, ішкі сезімін, көңіл-күй құбылыстарын бір-бірімен қарым-қатынасында, зат пен бұйымға қатыстыра және табиғатпен, айнала қоршаған орта жағдайына байланысты суреттеу, сипаттау әлемдік әдебиетте қалыптасқан үрдіс десек, ғұлама суреткердің психологиялық сипаттаулары бір-біріне ұқсамайды. Әр суреттеу, сипаттау өзгеше. Өз ерекшелігі бар.

«Үй іші жым-жырт. От әлі маздап жанып жатыр. Үлкен қазанның астын жалын дамыл алмай жалап тұр. Әуелде толтыра құйылған іркіт қазір бірер қайнап қалған екен. Кемерінен орта түсіп, шымыр-шымыр қайнайды. Жаңағы Байдалының ашулы сөздерінің, тұсында Абай көзі қазан бетіне түсіп еді. Қоюланып бара жатқан ыстық құрттың ортасы кей-кезде көпіршік атып, саңкылдап қайнайды. Сол көрініс тап Байдалы ашуындай. Қайнауы жеткен ашу-қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бұрк-бұрк етеді. Ол дағы осы елдегі әр жерден шап беріп жатқан Құлыншақ, Сүйіндік, Бөжейлердің ашулары сияқты [40. 158.].

Бір қарағанда қазақтың ұлттық тағамын әзірлеу үдерісін сипаттаған. Кемерінен орта түсіп, шымыр-шымыр қайнаған қазанға Абайдың көзі түседі бір сәт. Жай түспейді. Байдалының ашулы сөздері айтылған тұста түседі. Сонан кейін қоюланған ыстық құрттың ортасы кей кезде көпіршіп, саңкылдап қайнағаны сөз болады. Қазанның осы бір қайнауы Байдалы ашуына балаңады.

Адам ашуын сипаттаудың сан алуан амалдары бар. Автор қазандағы іркіттің түрлі қайнау ерекшелігін болыс-байлардың ашу-ызасына сәтті қолданған. Қазан бетінің әр тұстан бұрк-бұрк етуін Құлыншақ, Сүйіндік Бөжейлердің ашуына теңеген. Бір ғана қазанда құрт қайнатып, іркіт әзірлеудің технологиясы арқылы Абай көзімен Байдалы және басқа да ел жақсыларының ашу-ызасын сәтті теліген. Ешкімнің ойына келмес, көркемдік әлеміндегі өзгеше психологиялық суреттеу.

Көркем шығармада кейіпкер портреті, адамның өң-түсін, келбет-көркін сипаттау суреткерлік әрі суретшілік қабілетті, байқау, түйсіну, елестету т.б. психологиялық ерекшелікті талап етеді. Портреттік бейнелеулердің де түрлі тәсілдері бар. М. Әуезов кейіпкерлерінің түр-тұлғасын, бет-жүзін, ым-ишарасымен, емеурінімен, түрлі мимикалық және психологиялық, сезімдік сипаттарымен психологиялық шынайылықта бейнелеген. Және жай портреттік суреттеме ғана емес, белгілі бір іс-әрекетпен, ой-толғаныспен өзінен кейін қандай да бір үдеріске жалғасады. Керімбаланың портреттік сипаттамасына психологиялық мінездеу қатар алынған.

«Шошақтау боп біткен үлкен қой көзді, ақ қызыл жүзді, қалың шашты Керімбалада саналы қайрат бар, ұстамды, сырлы салмақ бар. Сонысымен ол әрі сәнді, әрі өзгеше біткен сұлу» [40.331.].

Жазушы Керімбала сұлулығын келбет-көркінен емес, адамгершілік қасиетімен танытады.

«Бар жиын, әсіресе, Базаралы, Жиренше, Абайдай аға жастар шіміркене түседі. Ақ қызғылт рең Керімбаланың да жүзіне бір толқын соғады. Ақырын ғана көркем сыңқыл әсем үнмен Әйгерім күліп, қызарады» [40.332.].

Керімбала сұлулығына Базаралы, Жиренше Абайдың құмартуы автор баяндауында Керімбаланың көркіне ақылының сай екендігін, бойындағы имандылық пен ибальлыққа білім-білігі үйлесім тапқанын аңғарамыз. Оны қатарлас жастар жанынан қоштау, қолдау буымен іштей ынтығып, ықыластануымен сабақтастырады. Керімбаланың ақ қызғылт реніндегі толқын – ақылдылықтың, ұстамдылықтың, саналылықтың нәзік ерекшеліктері. Әйгерімнің күліп, қызаруы да «көркем, сыңқыл әсем үнге» баланған.

Бұл психологиялық сипаттаудың соны үлгісі. Осынау поэтикалық, эстетикалық детальда этикалық, әдептік сипат бар.

Жастардың жарасымды сыйластығы, жаңа заманның лебін сезінуі, соған қатысты таным-түсінігі байқалады.

Портреттік бейнелеулер бір-бірінен берілу тәсілімен де, суреттелу мәнерімен де дараланады. Салтанаттың дидар, көркінің кескінделуі де суреткердің сезімталдық, байқампаздық қырын айқындайды.

«Салтанаттың жұқалаң қызғылт нұрлы ақша мандайы мен ұзынша қырлы мұрнында, ақ бұғақты жұп-жұмыр иегінде толқын білінді. Уыз жастық ажар бар. Жүзі қызыл шапақтап, күлімсірей реңденеді. Жылтырай таралған қалың шашы қызғылт реңді. Сәнді салмақпен, баяу төңкеріле қарайтын үлкен қой көздерінде назды, нәзік сүйкімділік бар. Аппақ жұмыр саусақты, үлпілдеген ақ білекті сұлудың алтынды білезіктері, көп жүзіктері де әсем. Құлақтағы шілтерлі алтын сырғалары тынымсыз жылтырайды. Күтімді таза сұлу шұғыласын ол да сәңдей түседі. Қыз аты Салтанат екенін білгенде, Ербол ішінен: «Салтанат десе Салтанат екен. Сырт сыпаты да, қасиеті де шын Салтанат қой» деп аса құрметтеп кетті» [40.406].

Жазушы ару ажарын, сұлулығын сипаттауда да толқын сөзін сәтті қолданады. Мұны Салтанаттың сұлулығын сипаттауға да пайдаланған, сонан соң түске, сын есімдеріне ерекше мән береді. Салтанаттың сұлулығын айқындап тұрған жүзінің қызылдығы, қызыл реңділігі, оның шапақтап, күлімсірей реңденуі де шырайының сұлулығын ерекшелей түседі. Көз қадасының өзгешелігі де ерекшеленеді. Яғни сәнді салмақпен, баяу төңкеріле қарауы да Салтанат сұлулығын айшықтайды. Көздеріндегі назды, нәзік сүйкімділік те келбет-көркі әсемділігіне, жандүние әдемілігіне еліктіріп әкеткендей. «Аппақ жұмыр саусақ, үлпілдеген ақ білек» – Салтанаттың сұлу сымбатын асыра түседі. Қыз көркінің жаршысындай алтынды білезіктері әсем жүзіктері, тынымсыз жылтыраған алтын сырғалары да сән-салтанатын әсепеттейді. Қыздың рең-көркі бір ғана күтімді таза сұлу шұғылаға теңестірілген. Автор Салтанаттың ақылы мен ажарына сай үйлескен дидар, дене сұлулығын бірде іс-әрекетпен бағалатса, бірде кейіпкерлер көзімен, ойымен бағалатады. Ерболдың «Салтанат десе Салтанат екен» деп сыртқы келбет-көркі мен ішкі ой дүниесіне адамгершілік қасиеттеріне таңданып, сүйсінуі де даралап тұрғандай.

«Аппак кесек ақ тістерін сұлу қызыл еріндері аша түсіп, қайта жасырып Балбала езу тартады» [40. 332.]. Балбаланың езу тартуы да сыртқы түр-тұлға сұлулығын ғана емес жандүниесінің сұлулығын да аша түскен. Әсем арудың езу тартуы аппак кесек ақ тістерін айқындаса әрі қызыл еріндерінің ашыла түсуі бейне бір гүл қауызымен астасқандай. Жас сәулелі жүзді ашып, ажарлап тұрған кішілеу кара көз – сұлулықтың, сүйкімділіктің айрықша сипаты.

М. Әуезов – адам жанының құпия тереңіне бойлай білетін, өте үлкен психолог, аса сезімтал суреткер. Бір ғана сөйлеммен Әйгерімнің дидарын сұлулығымен үйлескен кара көзін ерекшелесе, енді көзіндегі шұғыланың ерекшелігін сипаттайды.

Әйгерімнің аса нұрлы жүзіне көпшілік көңіл аударуын, жүз-көркіндегі бір ерекшелікті айқындап көрсетеді «Бұның жас сәулелі жүзінде кішілеу кара көзі, әсіресе, естен кетпестей.

Аса сыпайы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғыла бар. Жаңа жеткен жастық, тазалық шағында, ақ жүзді, ақ сұр жүзді, кара көз әйелдерде окта-текте кездесетін осы шұғыла кейде қоңырқай көлеңке ренденіп, көзінің астына ұялап тұрады» [41. 333.].

Шұғыланы Әйгерімнің ойлы, нұрлы көзімен аса сыпайы карауымен астастырады. Ақ жүзді, ақ сұр жүзді қаракөз әйелдерде ғана кездесетінін айқындап кетеді. Шұғыланың қоңырқай көлеңке рендей көзінің астына ұялап тұруы да Әйгерімнің ар, жан тазалығын, асыл адамгершілік қасиеттерінің молдығын, жаны мен ойының сұлулығын, мейірімділігі мен сыпайылығын, ақылдылығы мен алғырлығын танытқандай. Бірде ару жүзінен әлдебір толқын байқаса, бірде шұғыла көреді...

Кейіпкерді психологиялық мінездеуде оның келбет-көркі, өң-жүзінің барлық сипаты көрінуі тиіс. Алайда мұны керемет психолог суреткер ғана атқара алады. Бір ғана күлкімен ару жандүниесінің әдемілігін беру хас шеберге ғана тән. «Күлкісінің үні соншалық сыңғырлаған, сонша бір мөлдір, нәзік еді. Бұның күлген үні Тоғжан даусынан да әсерлірек. Құлақтан кетпестей ән тәрізді күлкі екен [41. 41.].

«М. Әуезов үшін портреттік сипаттау кейіпкердің жандүниесін айқындап, аша түсудің де құралы» деп А. Нұрқатов оны бір сарынды етіп алмай, алуан түрде қолданатынын айқындайды [7.194-199]. Портреттік сипаттау, мінездеу, кейіпкердің бет-жү-

зін, келбет-көркін бейнелеу жалаң сөздермен берілмейді. М. Әуезовтің портреттік бейнелеулерін оқи отырып, кейіпкердің түр-тұлғасын көзге бірден елестетесіз. Ол бейне өз алдында, көз алдыңызда бетпе-бет жүздесіп тұрғандай. Портреттік кескіндеулерде адамның жандүниесі мен сезімінің сырлы сипаты сезіледі. Кейіпкер ішкі әлемінің диалектикасын ашуда М. Әуезовке жетер қаламгер сирек.

Портреттің шынайы шығуы өмірлік байқаудың, поэтикалық байқаудың сезініп, түйсінудің тереңдігімен де байланысты. Екі жүздей кейіпкердің сыртқы тұлға-тұрпатын, бет-әлпетін қимыл-әрекеттегі қозғалыс ишарасының өзгеріп, құбылуын бейнелеуде көңіл көрегендігінен бөлек, терең таным керек. Аса қабілетті психологтық қасиет, портрет кескіндеу, сипаттауларында автордың ешкімге ұқсамас талант даралығын да көрсетеді. Эпопеядағы барлық портреттік мінездеу, сипаттауларды салыстыра сараптасаңыз, бір-біріне ұқсайтын кейіпкер болмыс-бітімін табар ма екенсіз. Бұл да бір сирек талантқа тән ерекшелік.

«Реалистік әдебиетте портреттің өзінен де адам мінезінің елеулі өзгешелігі аңғарылуы керек. Осы талап «Абай жолында» аса шебер орындалған. Мұнда кейіпкер түр-пішінін сипаттау түрлі үлгіде беріледі» деп жазады академик Р. Бердібай [16. 39.].

Көркем шығармада портреттік анықтау, мінездеулер кейіпкер жандүниесін, ой-ниетін, сезімін, көңіл-күйін көрсетуде өзіндік мәнге ие. Ал тарихи шығармада қиын. Өйткені өткен дәуірдің адамдарының келбет-көркін, ішкі дүниесін беру де сол тарихи ғасырдың болмысын, ерекшелігін егжей-тегжейлі білу керек. Бұл тұрғыда әлем әдебиетінде психологизм элементтерін көркем прозада Л. Н. Толстой шебер пайдаланса, М. Әуезов те сол биікте тұр. Зерттеуші ғалым «Абай жолында» мынадай ерекшелікті бөліп атайды: «Адамдарды мінездеуінің аса тиімді тәсілі – қаһарманды екінші бір кейіпкер көзімен көрсету. Европа, орыс әдебиетінде көптен қалыптасқан бұл әдісті қазақ әдебиетіне сіңіруде жазушы еңбегі зор» [16. 40.].

Әлем әдебиетін, мәдениетін, тарихын көп оқып, зердесіне тоқып қана қоймай, мол білімді қай салада да көрсете білген Мұхтар Омарханұлы көркем проза мен драмаға да жарқын жаңа үлгілер әкелумен бірге, өзіндік дара дүниелер де енгізді. Әсіресе «Абай жолы» эпопеясында кейіпкерлер галереясының молдығы

өз алдына, олардың жандүниесін, сыр-сипатын, мінезін, сезімін ашуда да тосын тәсілдер жасады. Бұл негізінен кейіпкердің психологиялық болмысын танытудан байқалып отырады.

Академик Р. Бердібай М. Әуезовтің портреттік мінездеулерін 4-ке бөледі. 1) «қаһарманның сырт келбетін толық келтіру», 2) «адамның бірер белгісін атап өту», 3) «адам портретін түрлі жағдайда қайталап, әрбір қырынынан толықтыра отыру», 4) «Қаһарманың бет-жүзіндегі, денесіндегі ерекшелікті екінші бір адамның көзімен бағалату» [16.167].

М. Әуезов шеберлігі адамның портреттік суреттемелерін, психологиялық мінездеулерін, эмоциональдық жағдайларын, ой, сезім құбылыстарын, көңіл-күй сипаттарын сыршылдықпен суреттеулерінен айқын байқалады. Суреткерлік сезімталдық пен көңіл көрегендігі, елестету кеңдігі мен түйсіну тереңдігі кез келген затты, дүниені, қоршаған ортаны алуан сипатында бейнелеумен бірге, оны көзбен көргендей, көз алдыда тұрғандай суреттейді.

«Қазір сол қаражал қос құла тершіместен ұзақ жортады. Жүргіншілерді қажытпай, көңілдендіріп жүреді. Көк жайқын, алкүрең бетеге арасында тыпырлай тықыр салып, жол үстінің қиыршық тасты, қызғылт керішіне ширақ басады» [41. 249.]

Абай мен Баймағамбеттің Семейге аттанысы үш сөйлеммен баяндалады. Әр сөз ақпараттық, коммуникативтік қызметін атқарып тұр.

Осынау сөйлемдерде табиғат аясындағы жүргіншілердің әрекеті кескінделген Алдымен қаражал қос құланың жүрісі, жүйріктігі, мініске төзімділігі, бабы айтылады. Жүргіншілерді қажытпай көңілдендіруі де – осы қасиеттерінде. Сонан осы жүрістің қарқын алуы, үдемелілігі, адамның көңіл-күйімен үйлесімділігі бедерленген. Бетеге түсі де берілген. Көк жайқын, алакүрен. Бетегенің ат тұяғынан жапырылып, қайта көтерілуі тыпырлай тықыр салған етістігімен бейнеленген. Жол үстінің қиыршық тасы, қызғылт керішіне жылқылардың ширақ басуы да қос аттылы азаматтың маңызды, аса бір қажет іске бет алғанын білдіреді. Жорту, тыпырлай тықыр салу, ширақ басу етістіктерінің қатар алынуы да қозғалыстың, әрекеттің динамикасын арттырады әрі сапардың мән-маңызын айғақтайды.

«Доғажал, кең сауыр, қояндай аппақ боз, аяңшыл аты кешке жақын лыпыл қағады. Қасына ешкімді ертпейді. Жалғыз өзі

ашқарак арлан бөрідей арлы-берлі сабылып, тыным ала алмайды. Ойда жүр.

Оразбайдың «мыңдарының» көбі қалың болатын. Жұртқа айдын, мақтан үшін бұл бай жазды, күзді күндер бие байлатқанда салқар ұзақ желі қакқызады. Жүзге жуық құлын байлатады. Барлығы да боз биелер тобы. Жылқысының ішіндегі көбі ат-айғыр, мама-биелер, дөнен, бестілер, өмірі жүген-құрық көрмеген шу асаулар болады. Сол жылқылары шетінен үркек, қашаған. Көп тағыдай жосып жүретін, айдынды асаулар.

Өз малының ортасында арнаулы мақсұтсыз сабылып жүрген Оразбай есеп ойлайды. Ақбозаттың тоқым-көпшігі де аппак. Өзі болса жеңіл ақ репстен кен жұқа шапан киген. Басында жұқа ғана аккоян бөркі бар. Үңірейіп семіп қалған соқыр көзін анда-санда бөркімен сығып, сүртіп тастап, өзін-өзі қамшылағандай, қиналып ойланады.

Ішінде қуаныш есебі де жүр. Ол мұны қыздырып, қоздыра түскендей. Жаулығы мен кегі бар Құнанбай емес, бұл күнде бір Абайға төніп қадалып алған» [41. 263]

Жазушы Оразбайды таныстырудан бұрын, мінген атының түр-түсін, жүрісін суреттейді. Мінген доғалжал, кең сауыр, боз аттының жүрістілігін, өзінің ашқарак арлан бөрідей ары-бері сабылып тыным алмай, ойлануын сипаттайды. Ақ ат, боз ат деп жүргенімізбен, боз аттын қояндай аппак түсі де оның өзгеше сәнін айғақтайды. Ат жалынын доғаға теңелуі де, екі жарылып, доғаша иіліп, төгіліп түскен келістілігін көрсетеді. Жалғыз ашқарак арлан бөрідей, арлы-берлі сабылып тыным алмай Оразбай мың-мыңдаған малына мез. Атымен әрі-бері жортып, сабылып, ешкімді ертпей оңаша ой кешуінің де есебі бар. Автор Оразбай «мыңдары» дегенде жылқының жалпы санын атамайды, неше мыңдаған мал екенін, бірақ көпшілігінің қылаң түстілігін атайды. Бұл – Оразбай малының бір ерекшелігі, екінші ерекшелігі жүзге жуық құлынды салқар, ұзақ желіге байлатып, осынша бие саууы, сол биелердің боз екендігі – осының бәрі де мақтан үшін, елге байлығын көрсету. Үшінші бір ерекшелігі, жылқының көбінің ат-айғыр, мама, биелер, дөнен, бестілер ғана емес, өмірі жүген-құрық көрмеген, шу асаулығы. Сол жылқылардың қашаған, үлкен, тағы болуы да ешкімге ештеңе бермеген сараңдығына куә етеді. Оразбай қалың жылқыны айналасындағы аға-

йын-туысқанның, жалшы-жақыбайларының, малшыларының қызығынан, қуанышынан аяйды. Осыншама малдың көптігінен өзінің байлық-дәулетінің айдынданып, асып-тасып жатқандығын аңғарамыз. Қалың жылқысының ортасында ешбір сылтау, мақсатсыз Оразбайдың келуінде де бір есеп бар. Бұл қуаныш есебі. Осы жолы ел жуандары бірігіп, Абайдың жолын кесіп көптен ішінде қыз-қыз қайнап жүрген кегін алмақ пиғылы бар. Осыдан Оразбайдың Абайға жасалар жаңа жауыздығын байқаймыз.

Автор алғашында Оразбайдың қояндай аппақ боз атының келбет-тұрқын, жүрісін сипаттаса, енді атының әбзелдерімен бірге киімін суреттейді және сол сәттегі қыймыл-әрекетіне, жандүниесіне психологиялық мінездеме береді. Ақ боз аттың тоқым-көпшігі аппақ болса, жеңіл ақ репстен тігілген жұқа шапан, ақ қоян бөркі де ат түсімен астасып, әдемілікті әрлейді. Алайда Оразбайдың ішкі әлемі аппақ емес, пиғылы қара, ниеті де зұлым жан. Мұны жазушы байдың семіп қалған соқыр көзін анда-санда ақ қоян бөркімен сығып, сүртіп тастап, өзін-өзі қамшылағандай, қиналып ойлауымен жеткізеді. Осы арқылы іштегі арамдық айқындалады.

Оразбайдың мыңғырған малының молдығын және олардың кілең ақ, боз түсті болып келуін суреттеу арқылы автор байлығы мен дәулеті асып-тасқан осындай озбыр байлардың тек қарақан басын ғана ойлап, халық тағдырын аяққа басатын залымдығын көрсетеді. Бір қарағанда кілең ақ, боз жылқыларды жинау әдемілікке, әсемдікке күштарлықты танытқанымен, Оразбай жанының, ойының қаралығы Абайға деген ыза-өшпенділіктің есесін алу. Оның атымен, қалың жылқысын аралап, әрі-бері сабылуы да – сол күннің жақындай түскендігі. Сөзін сөйлейтін сойыл соғарларын қайрап салып, кеудесінде қайнаған кегін алу. Ішкі есебі де осы. Қалай болар екен деп өзін-өзі қамшылап, қиналып ойлануы да бекер емес.

М. Әуезов – портрет бейнелеу шебері. Ол Абай және оның төңірегіндегі адамдардың әр істегі, әр жағдайдағы динамикалық, психологиялық мінездемелерін, сипаттауларын шебер береді. Осынау портреттік суреттемелерді оймен елестетсек, сол уақыттағы адамдардың сүйегінің ірілігі, дене бітімі т. б. ерекшеліктері көз алдыңызда тұрады.

Жылқы барымтасына баратын алты барымташы қалай сипатталған. Ірісі Олжайдан шыққан Бесбесбайдың портреттік

сипаттамасы: «Жасы қырықтың ішіне жаңа кіре берген, сакал-мұртында қылау жоқ, екі көзі бадырайған шығыңқы, от шашқан өткір, өзі шекелі, жалпақ бетті, қызыл сары Бесбесбай дене жағынан да өте кесек біткен адам. Бойы биік болмағанмен, жауырынды, жоталы, тортбақ келген. Ат үстіне, сол атына желімдеп тастағандай. Қорғасындай қиылған зіл-зәрлі, анық кара сойыл, кара шокпардың мойымас жауынгері» [41.454].

Портреттегі әрбір сөз адам тұлға-тұрпатымен, келбетімен сәйкесіп тұруы тиіс. Портреттік сипаттаудан осыны сеземіз. Барымташылардың басқаларын да жазушы қысқаша таныстырып өтеді.

«... Бұл топтың да Бесбесбайдың өзге көпшілігі аузына қарайтын, бір балғын азаматы бар. Ол – Бостан.

Мойын жотасы тұтасып біткен, жар қабақты, кеселеу, кесек мұрынды, шұңқыр көзді Бостан өте ер бітімді. Қара күшке атан түйедей. Әрі балуан әрі соғысқа берік жауынгер жігіт. Тегі Бостанның қолынан талай тобықтының жаман ұрысы басы жарылып, қолы сынып, әлденеше рет қуғын жеп, қолға түскен кездер болған-ды» [41. 459.].

Бұдан әрі Қонай, Құлжатай тұлға-тұрпаты да іс-әрекетінің ерекшелігімен кейіптелген. Автор барымташының өзгеше мінез-құлығы, тұр-тұлғасымен жауынгер сипатында көрсетеді. Барымта – бұл басты өлімге тігетін, қара күш пен айланы қажет ететін әрі табиғаттың ерекшелігін, құбылысын жақсы білетін табанды да төзімді, қайсар да қажымас жігіттердің сыны. Барымта көзсіз ерлікті қажет етеді. Оған сайдың тасындай нағыз мықтылар іріктелетінін автор портреттік мінездеуде сипаттай отырып, сол замандағы қазақ өміріндегі әлімжеттікті, қатыгездікті, өзара өшпенділікті, кек қайтаруды, өмірлік шындықты алға тартады.

М. Әуезов түрлі түсті, алуан бояуды табиғат көріністерін айшықтауда, кейіпкерлер келбет-жүзін психологиялық сипаттауда, сезімдік ерекшеліктерін бейнелеуде өте сәтті пайдаланады. Суреткердің сұлулық әлемін сезіну, түйсіну тереңдігі де өзгеше. Мықты талант, ірі класиктерге ғана тән дара дарындылық М. Әуезовтен табылады.

«...Қыздың ақ жүзіндегі әсем қызылы Әбіш күй тартып тұрған кезде сан толқығаны да байқалады. Біресе қоюлана түсіп, қызыл арай, бірде ақшыл қызылға айналады.

Әбіштің өзі де Мағрипаға қарай түскен шақтарында бір қызарып, бір ағарады. Мағрипаның қасында отырған Дәрмен бірауық:

– Күй жақсы ма? – деп сұраған еді.

Мағрипа сыпайы бұрылып, қызара күлді де, нұрлы сұрғылт көздерін Дәрменге аударды. Жігіт ішінен: «Не деген ғажайып, сәулелі көздер» деп Мағрипаға Дәрмен дәл соның ойының үстінен түскендей болып:

– Жігіт жақсы емес пе? – деп еді.

Мағрипа үлкен ақ жүзін Дәрменге шұғыл бұрғанда, екі беті қатты ду етті. Қастары да сәл-сәл шытынып қалды. Ұялатын сөз тастағанын және бұл сөзіне ешуақытта жауап ала алмайтынын енді аңғарған Дәрмен кеудесіне қолын қойып, басын қайта-қайта иіп, кешірім сұрағандай белгі жасады.

Қыз күлмей, томсарыңқырап жүзін бұрды. Енді Әбішке қарамауға тырысты. Ешбір жанға ашылып көрмеген үркек сұлу, жаңағы оқыс сұрақтан қысылып, тығылып қалған. Өз ішіндегі сондайлық сәл бүлінумен ол ендігі суық өзгерісін аңғармай да қалды. Қазір Әбіш қазақ әндерін тартып кеткен еді. Осы жылдар жаңа келген «Бурылтай» әнін әсем бұралтып, созып жөнелгенде, Әбіштің қасына барған Әлмағамбет әнші шырқап тұрып қосылып кетті.

Жиынға түсінікті қызық әні, әрі скрипкада, әрі өнерлі, жінішке, ашық үнді әншінің көмейінде ырғалғанда, жұрт жаңадан рахат тауып тамашалап отыр. Осыдан соң тағы бірнеше ескі әндерді тартып келіп, ақыры ауыл иесі Мұсабайдың өтініші бойынша Әбіш Абай әндеріне ауысты. Әлмағамбет «Тәңірі қосқан жар едің сен» деген өлеңі мен «Татьяна» назын толқытып жөнелді» [41. 142].

Әбіш пен Мағрипа арасындағы ғашықтық сезімді жігіттің скрипкамен күй тартудан алған әсерімен жеткізеді. Алғашында арудың ақ жүзіндегі әсем қызылы күй тартқан кезде сан толқығаны бейнеленеді. Жалпы қызыл түс ұнамды саналса да, жазушы әсем қызыл деп эпитетпен ерекшелейді. Әбіштің бет-жүзінің бір қызарып, бір ағаруы да қыз алдындағы ішкі толқу сезімін байқатады Мағрипаның сыпайы бұрылып қызара күлуі де жарасымды. Қызыл түсі қыздың иман, ибасының ғана емес, таза пәк, мөлдір ішкі жандүниесінің жүзге шарпылған шуағы

тәрізденеді. Қызара күліп, нұрлы сұрғылт көздерін Дәрменге аударғанда, Әбіш оны «не деген ғажайып, сәулелі көздер» деп тамсана бағалайды. Әбіш пен Мағрипаның сүйіспеншілік сезіміне дәнекер Дәрмен. Ол қыздың жігітке деген ғаламат сезімін орындаған күйге ынтық ықыласынан байқап, күйден алған әсерін сұрайды. Мағрипа ибамен сыпайы күлкісімен көрінсе, енді жауапты қызарған күлкісімен білдіреді. Осылайша жазушы қазақ қыздарының мәдениеттілік, әдептілік үлгісін өнегелейді.

Екінші бір күй тартқанда Әбіштен ұзақ көзін алмаған аруға Дәрмен «Жігіт жақсы емес пе?» – деп сауал тастайды. Дәрмен қыздың Әбішке ғашықтық сезімін байқап, екі жастың жүрек лүпілін жалғауға ұмтылады. Сүйіспеншіліктің нәзік арқауын сабақтастырады. Дәрмен сауалын ұяла, қысыла қабылдауы Мағрипаның екі беті қатты ду етуімен, қастарының сәл-сәл шытынап қалуынан аңғарылады. Дәрмен асығыстау әрі төтеден қойған қонымсыз сұрағына ыңғайсызданып, басын қайта-қайта иіп, кешірім сұрайды. Оның ару алдындағы айыбынан ақталу сияқтанады.

Аталған психологиялық сипаттауда жастық балаңдық, пәктік, адалдық, шыншылдық бар. Дәрменнің жанына тиген, ұялатын сөзінен кейінгі Мағрипаның жандүниесіндегі өзгерісті жазушы қыздың күлмей, томсарыңқырап, жүзін бұрып, Әбішке қарамауымен ұғындырады. Бойындағы бұйығылықты, биязылықты өте әсерлі берген: «Ешбір жанға ашылып көрмеген үркек сұлу жаңағы оқыс сұрақтан қысылып, тығылып қалған». Қысылып, тығылу қыздың манағы күлкісінен, көзін тікке қадаған қарасынан қаймығуын байқатады. Пәк, мөлдір сезім. Әбіштің қазақ әндерін скрипкада тартуы, «Бұрылтай» әнінің әуеніне қосылып Әлмағамбеттің ән шырқағаны, Абай әндері орындалғанда сөзін жарыса айтып жиналғандарды баурап алуы баяндалады. Жастардың өнер кешінде бас қосып, өзара сүйіспеншілік, сезімдерін білдіру сәті – әсерлі суреттеме. Жарасымды отырыстағы мәтіндегі басты концепт – скрипканың қазақ ауылында алғаш тартылуы, оған қосыла ән шырқалуы. Скрипка сазын шалғанда сызыла шыққан өзгеше нәзік үнін көпшіліктің сүйсіне қабылдауы Әбіш өнеріне деген ықыласты да көрсетеді.

3.2. Табиғат сұлулығының суреткері

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы пейзаждық суреттемелердің қай-қайсысы да кемеңгер классиктің бала шағынан көрген, көкейге түйген Семей өңірін өте жақсы білетінін байқатады. Әр табиғат көріністерінде суретшілік сезімталдық пен қиял, елес, суреткерлік ой-таныммен сәтті ұласқан. Әрине тарихи романда туған жердің табиғаты, оның мезгілдік өзгерістері бейнеленеді. Бұл әсіресе тарихи дастандарда айрықша орын алады. С. Сейфуллиннің «Көкшетау», М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», М. Айтбаевтың «Хан Абылай» дастандарындағы Көкше, Бурабай, Алтай табиғатының суреттелуі қандай бейнелі, көркем, келісті! Дәл бір қылқаламмен салынған сан түрлі бояулы суреттей әсем табиғат көз алдыңызда тұрады.

Әдетте табиғат жыршысы деп пейзаждық картиналарды салушы суретшіні ғана емес, табиғат туралы туындылар жазған қаламгерлерді де атайды. Мысалы М. Пришвин, К. Паустовский, М. Зверев т.б. Ал В. Скоттың тарихи романдарында табиғат көріністері үлкен шеберлікпен суреттелген. Американдық әдебиетінің таланты Ф. Купердің шығармаларында пейзаждық бейнелеулер әсерлі шыққан.

М. Әуезовтің «Абай жолындағы» қаншама соны сюжеттер мен тартымды эпизодтардағы табиғат суреттері де ерекше сыршылдықпен, сезімталдықпен кескінделген. Мұнда Шыңғыстаудың қыр-жотасы, сай-саласы, өзен-суы жинақтала қамтылған. Тағы бір ерекшелігі автор пейзажды сипаттауда әдемі сөздерге, тіркестерге динамика береді, көз алдыңызда кәдімгі табиғат тұнып тұрады. Қаламмен жазылған табиғат көріністері емес, күнделікті көзбен көріп, көңіл тоятпаған табиғатқа тап боласыз.

«Жүргіншілердің қарсы алдынан Шыңғыстың желі есті. Алыста, сахараның ғажайып ертегісіндей болып, сұлу сағым толқынданады. Неше алуан бейнелер, елестер шығып, бадырая түсіп, ереуілдеп қояды. Кейде олар көкмұнар ішінде қалқып, көтеріліп, жерден үзіліп, аспандап кетеді.

Айнала, бар дүниені ал қара көк бетеге мен шашақтанған алкүрен көде басыпты. Анда-санда жол жағасында түп-түп ши кездеседі. Теңселіп, ырғалып, тобыменен бір ғана нәзік, ызың үн салады» [41. 44].

Сағымның сипаттауы соншалықты әсерлі. Суреткер сұлулығын баяндап қана қоймай, неше алуан ертегі бейнелерін елестетіп, ереуілдетіп іс-әрекет динамизмін күшейте түседі. Сонан соң көкмұнар ішінде қалқып көтеріліп, жерден үзіліп, аспандап кетуі де адам ойын, қиялын тербеп, көңілін шарықтатады. Табиғат тамыршысы, зерделі суреткер өсімдіктер дүниесін де көкейіне зерделей білген. Түсін түстеп, түрін көзге елестетеді. Алқаракөк бетеге мен ал күрен, көделі қыр-даланы көру де бір ғанибет! Көз көрген көріністі көркем тілмен әдемі суреттеген. Желмен теңселіп ырғалған шидің тербелісіне де тамсанасыз. Өзіңізді де сол жүргіншінің біріндей сезінесіз. Сезіндіретін – даланың әсем көрінісі. Мұхтар Әуезов табиғатқа кең тыныс беріп, әрбір өсімдігінің тіршілік ырғағындағы қозғалыс әрекетін де керемет сезімталдықпен байқап, көңілге зерлеп отырған. Бала кезден көзге үйір көріністі суреткерлік таныммен, түйсікпен, ең бастысы көркемдік елестетумен ғажайып бейнелеген. Суреткер табиғатты адам сезімімен сәтті сәйкестіреді. Кейіпкер көңіл-күйінің әрбір мезетімен табиғат сырласып тұрғандай әсер қалдырады.

Әсіресе бұл Абайдың ғашықтық сезіміне қатысты эпизодтарда ерекшелене түседі. Абайдың Ерболмен бірге Тоғжанмен жүздесуге аттанған сәттегі табиғаттың суреттелуіне зер салайық.

«Аздан соң ай туып, аса бір тынық, жым-жырт, жайлы түн жылжып келді. Ақ дала, алыс адырлар жеңіл, көкшіл тұманға батып, түн жібегін оранғандай. Момын, сұрғылт, елсіз дүние мұңға бейім. Биік көк жапанда жалғыз жүзген жүдеу ренді жарты айға қарап, Абай күрсініп қояды. Тоғжанды ойласа, Абай көңілі де бұл шақта арылмас мұңмен жүдейді.

Тіршілік бұны жігіт етіп өсіріп, жастық дәуірінің таңы атқан шақта, сол аспанның асыл, әсем нұры бұл үшін Тоғжан боп танылып еді» [40. 208.].

Ай сәулесімен бірге тынық, жым-жырт, жайлы түннің жылжып келуі де динамикалы. Детальдардың әрқайсысы түн ерекшелігінде сезімдік рөлін ойнап тұр. Екінші сөйлемдегі ақ дала, алыс, адырларды жеңіл, көкшіл тұманға батып, түн жібегіне орануы да мезгілдің әлдебір тылсым шағынан елес береді. Момын, сұрғылт, елсіз дүниенің мұңға бейімі де белгілі. Өйткені жапан далада келе жатқан адамға айналадағының бәрі үрейлі, бәрі сұрқай дүние. Автордың психологиялық элементтерді кейіпкер жандүниесімен

астастыра білу шеберлігі сүйсіндіреді. Әдетте жапанды далаға телитініміз анық. Әуезов оны көкпен, кеңістікпен балама жасап, сөздің жаңа бір қолдану қырын ашқан. Көк жапандағы жалғыз жүзген жүдеу ренді жарты айға қарап, Абайдың күрсінуді де келесі сөйлемде айқындалады. Күрсініс сыры – Тоғжанды ойлауында. Жарты айдың жүдеуі – жалғыз жүзгенінде. Абай «көңілі арылмас мұнмен жүдейді. Өйткені ғашық жүрек «аспанның асыл, әсем нұры Тоғжанын» іздеп іштей сарсылып, сабырын сарқуда. Ғашықтық сыры әр жанның өзіне жұмбақ десек, ақын ғашықтығы өзгеше, ғаламат дүние. Ішкі сезім мен ойдың арпалысы өзара арбасып жатады.

«Абайдың мінгені ақ жал, сары жорға ат. Ерболдікі ақ сұр. Екеуінің шапан, тымақтары да сұрғылт түсті. Жеркылаң мінген, қылаңнан киген екі жігіт кешкі салқынмен есіп жүріп кеткенде, кер бетеге, боз көденің арасынан зорға көрінгендей» [40. 208.].

Абай мен Ерболдың аттанысын салыстырмалы түрде алайық. Үш сөйлем аясында не жоқ дейсіз. Портрет те, пейзажда, кейіпкерлердің психологиялық суреттемесі де өзара үйлесе кеткен. Атттардың түр-түсі қалай сипатталған?! Абайдыкі – ақ жал, сары жорға ат, Ерболдыкі – ақ сұр. Ақ, адал аттанысқа жылқы түсі де аастастырылған. Екеуінің үстіндегі киімі де, түсі де біркелкі. Сұрғылт түсті қылаң мінген қылаңнан киген екі жігіттің жылқысы мен киім түсі бетеге мен көденің түр-түсімен үйлестірілген.

Кер бетеге, боз көденің арасында жортып бара жатқан екі жігіттің жедел аттанысы соңғы сөйлемде суреттелген. «Кешкі салқынмен есіп жүріп кеткенде кер бетеге мен боз көденің арасынан зорға көрінгендей». Абай мен Ерболдың Қарашоқы бауырымен жүріп өтуі де осылай бір асығыс аттанысты көзге елестетеді. Ең бастысы кер бетеге мен боз көденің арасынан зорға көрінуі де дәл бір фольклорлық кейіпкерлерді бейнелеудегі көркемдік тәсілге ұқсайды. Әуезовтің суреткерлік, суретшілік сезіміне ақындық түйсік танымы, шабыты қосылып, фольклордың керемет зерттеушісі, асқан білгірі екенін де ойға салады.

Тоғжанмен табысып, жүздесіп, сүйісіп, көңілі бір толқыған Абайдың жаздың таңында Ерболмен қайтқан сәтіндегі табиғаттың суреттелуі қысқа да болса әсерлі. Көңіл күймен үйлесім тапқан.

«Аз ғана жүріп, қарсы қабақтан асты. Ай батқан, жұлдыздар да сиреп, бір-бірден сөніп жатыр. Боз көденің арасынан үркіп

ұшқан торғайлар аспандап ап, қалықтап тұрып сайрай бастады» [40.215].

Екі сөйлеммен таңғы табиғаттың тамаша көркі кескінделген. Боз көденің арасынан үркіп ұшқан торғайлардың аспанда қалықтап тұрып, сайрай бастауы да қабақтан асқан екі жігіттің көтеріңкі көңілінен сыр ашқандай.

Жазушы адам сезімі мен ой-ниетін суреттеуі үшін керемет психолог болуы керек. Адам жандүниесінің құпия қатпарларына тереңдей бойлап, ішкі әлемінің әрбір нәзік нюанстарын ашу суреткерлік сезімталдық пен байқағыштық қасиетті керек етеді. Бұл жағынан Әуезов әлемі әралуан. Мысалы, «ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ер-тоқымды сұлу ат мініп, ойда жоқта келген әсем жігіт қазір Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді» деп Абайдың ару ойын өзіне бұрған ерекшелігін бедерлі бейнелейді.

Абай мен Ербол тағы да тез келмек болып, Тоғжанның дегбірсіздене күткен шағы былай суреттеледі: «... Ақ жал аттың күлте құйрығы да ай астында күміс ағын төгілгендей жалт етті. Енді ирендей түсіп, бұлдырлап, ұзап барады. Тоғжан алтыбақанның бір ағашына кеп, үндемей сүйеніп, жым-жырт тұрып қапты» [40.215.]. Абайдың Тоғжанның жүрегін жаулап, сезімін баурап алған детальдарды қараңыз. Біріншіден ұнамды, ықшам киім киісі ерекшеленеді. Түр-түсін, мата сәнін, пошымын әдейі атамайды. Онда Тоғжанның көзқарасы көлеңкеленіп қалады. Әсем жігіттің күміс ер-тоқымды, сұлу аты да көзге даралана түседі. Әсем жігіттің тосыннан көзге көрінуі де ғашықтық сезімнің шоғын үрлеп, қызуын шарпи түскендей.

Мұндағы «ақ жал аттың күлте құйрығының ай астында күміс ағын төгілгендей жалт етуі» – көркем керемет деталь. Поэтикалық бөлек бітімді бейнелеу үлгісі. Көркемдіктің прозадағы кескінделген биік үлгісі. Мұндай әсерлі, әдемі суреттемелер кітапта шоғырлы жұлдыздай шашырап жатыр. Жылт етіп ойда жанады, көңілді баурап алады.

Қаламгер айлы түндегі табиғатты, ай сәулесіндегі адамдар сезімін жандүниесін жақсы аша білген. Мысалы, Салтанатпен жүздесіп, сырласып, ішкі ғашықтық аңсарынан арылған Абайдың көз алдындағы ару бейнесі ай жүзімен астастыра алынған.

«Ерте тұрған сарғыш жүзді, толық айдың сәулесі үйге түсіп, қыздың қызғылт жүзін таза, ашық ақ нұрмен сәулелендіріп

тұр. Абай өзі қыз қарсысында. Бұның да қырлы мұрнына, ажары ашық үлкен көзіне, жінішке, ұзын қастарына ай сәулесі түседі. Күнге күймеген, әлі әжімсіз жазық, ақшыл маңдайына ай сәулесі тұнжыраған майда нұр беріп тұр» [40].

Бояуы сан құлпырған, құбылған, сол сәтті көріп, әдемі бір суреттен көз алмай қызықтап қарап тұрғандайсыз. Ай сәулесінің қырлы мұрны, ажары ашық үлкен көзіне, жінішке ұзын қастарына түсуімен ару сұлулығын айшықтап, ажарлап, айқындап, айғақтап тұр. Тіпті «күнге күймеген әлі әжімсіз жазық, ақшыл маңдайына ай сәулесінің тұнжыраған майда нұр беруі де» – көркем поэтикалық әрі эстетикалық, лирикалық деталь. Тұнжыраған, майда нұр беруі ақ дидарлы, пәк сезімді сұлудың таза да, тұнық жан элементінен жасқану тәрізденеді. Пейзаж бен портреттік сипаттаулар өзара үндесіп, әсерге әсер қосады.

Айлы түнгі табиғаттың суреттелуіне қараңызшы. Тұнып тұрған поэзия. «Мөлдір сұлу өзені бар, шалқия төстиген кең көл өзен – Қаршығалы қазір ай астында сұлу сәулеге оранып, ақшыл тартады. Түс мекеніндей боп аппақ буға ораныпты. Өзеннен, шалғыннан шыққан түн буы кей ауылдарды орай қымтап, көзден тасалайды» [40].

Бұл пейзажды суреттеме сезімді баурап, ойды әсерлендіріп жібереді. «Мөлдір сұлу өзені бар, кең көк өзен Қаршығалының ай астында ақшыл тартуы» көзге үйреншікті көрініс деп қабылдасаңыз да, аппақ буға орануы түс мекеніндей әсерлене ойға ұялайды. Түстегі көрген дүниенің ақ сағымданып, ала толқындалып, ақ сүттеніп санада тұрады да, баяу сөніп қалады. Табиғаттың айлы түнгі шағы – шабытты ойдан туған көркемдік елестету мен суреткерлік сезімталдықтың ғажайып көрінісі.

Ақынның табиғат лирикаларының шынайылығы, сұлулығы, сипаттылығы өзгеше. Биік көркемдік эстетикалық әсерімен қызықтыра тартады. Ақынның табиғатпен оңаша сырласуы, айналаға көз тігіп, қиялға шолуы – дағдылы жай. Ақын жаны қай уақытта да оңашалықты, еркіндікті тілейді.

Алдымен авторлық баяндауда Абайдың үйдегі дос-жарандары әңгімеге берілген шақта оңашаланып, тысқа шығып жайлап биік сарғыш төбеге шыққаны, одан соң ұзақ аяндап, көп жүріп тағы бір шығып айналаға көз тігуі бейнеленеді. Туған жердің табиғатымен ақынның рахаттана сырласуы – әдемі суреттеме. Жазушы әдетте

мезгіл сипатындағы табиғат көріністерін бар бояуымен ажарлап, айқындап суреттейді. Мұнда да суреткерлік сезімталдық қасиеті дараланып тұрады.

«Қазір кеш тақау. Күн батуға арқан бойындай ғана қалған. Өртеннің сарша биігінен Абайға мәлім көп таулар, далалар, қыстау болған қалың қатпар адырлар жағалай көрінеді. Сол жақта, күншығыста Орда тауы, Тоқымтыққан, Бокай дейтін көкшіл мұнарға оранған қоңырқай таулар көрінеді. Одан әріде, шырқау ұзақ алыста, аспан мен жер мұнар боп, кілегей сұйық аккөк бояуға айналыпты. Көкжиегі көрінбей қосылып кеткен, кілегей мұнар ішінде Арқат тауы, Байжан тасы байқалады. Олар өзгеше ирек-телген қырлы жоталармен сәл-сәл ғана аңғарылады.

Жағалай оңтүстікке көз тастағанда шығыстан батысқа қарай алыс өңір, үлкен өлке қоршай түсіп, қатпар-қатпар қара көк адыр, қалың тау Шыңғыс жатыр. Абай көңіліне мәлім әр тайпа елімен және Абайға жас кезінен белгілі сай-салалары, қыстау, қоныстары көп биік шоқылары көрінеді. Шыңғыстың сондай бөліне көрінген биіктері – алыстағы Бөрлі, бертінде Қан, Қараша қойтасы, аты жақсы Түйеөркеш, Токпамбет, содан әрі өз ағайыны мекен еткен биік кеуделі Қарашоқы, бертінде Қыдыр, қатпар-қатпар қалыптарымен көлденең түсіп, көлбеп жатыр.

Шығыста Шұнайдың қос биігі, одан төменірек, бертін тұста жартасты сұлу тау – Доғалаң тұр. Бір кез, айнала үнсіз дүниені тамашалай қараған Абай көзіне Түйеөркештен, Қарауылдан төмен қарай созылған ақ дала түсті. Осы мол сардаланың жап-жазық бетінде Шұнай, Доғалаң, Орда сияқты таулар бір сәтте Абай көзіне тау емес, әлдебір ғажайып алып кеме тәрізденеді. Сары теңіз шексіз ұзақ жазық, толқынсыз тыныш теңіз тәрізденіп кетеді. Сол теңіздің бетінде күдір белімен кесіп алғандай боп бөлек-бөлек орнаған көк биіктер көк кемелердей.

Ертегі сипатты теңіздің ертегілік ескі заман кемесі. Сол ертегілерде жапанды кезген жалғыз жанға оқта-текте кезітетін тылысым буған дүние болатын. Қыбырсыз қатып тұрған ұшы-қиыры жоқ, жансыз бір меңіреу дүние мүлгіп тұрып кезітетін. Одан тас боп қалған адам, тас боп мелшиіп тұрып қалған жан-жануар көрінетін. Тырс еткен дыбыс, қыбыр еткен тірлігі жоқ, тағы да тас боп сілейіп қатып қалған қалалар бар-ды. Мынау Абай көзіне көрініп тұрған, кесіп алғандай боп саржазыққа оқшау-оқшау шөккен бө-

лекше тас биіктер, бейнебір сол тылсым дүниенің қатып тұрып қалған тылсым буған тас кемесіндей» [41. 514.].

Күн батуға таяған уақытта тауға шығып қарасаңыз, батып бара жатқан күн алауымен бірге бүкіл төңірек тегіс көз алдында құлпырып жайнап, әсем көркімен көз алдына жайылады.

Көгілдір жоталардың ақшыл көк мұнар жамылуы, ал соларда мұнардың қалындауы, ұялауы әдемі сәтті еріксіз елестеткізеді. Әдетте мұнар тұрды, мұнарланды дегенімізбен, мұнардың ұялауы тіркесі қандай әсерлі. Осының бәрі Әбіштердің қызықтап, тамашалауымен әдемі сабақтастырылады. Табиғаттың осынау сұлу шағы «аспан ренді сырлы қойынының тез тартуымен, өзінің лебімен сорғандай» болып жүргіншілерге соншалықты ұнағаны сипатталады.

Қазақ тілінің ғажайып қазынасы М.Әуезовте. Жүргіншілердің «сол жақтарынан сандық тастың, оқшау-оқшау көп қатар төбелі» керегетастың ілесуі де – табиғат әсемділігінің ерекшеліктері. Ілесу етістігінің өзі жансызға жан бітіру ұғымында алынған. Тау, жотаның, аттылы жолаушылардың арындап алға қарай жүруі мен ілесуі – динамикалық суреттеме. Қат – қабаттап биіктеген жоғарыдағы сандық тастардың арасындағы аласа аршаның көгеріп, тас бауырына жабыса өсуі де тамаша көріністі көзге тосады. Біз осынау сұлу суреттемелерді оқығанда сол табиғатта өзіміз жүргендей сезінеміз. Бір ғаламат құштарлық жаныңды баурайды. Туған жердің өсімдіктер әлемін бейнелей келіп, автор жануарлар әлеміне ауысады. Әрқайсысының ерекшелігін сипаттап береді. Ақ таңдақ, доңғалақ мүйіз арқардың жан беріп, жүйткіп тартуы, қорым тастар арасынан ұзынша қызыл түлкінің көрінуі де керемет. «Шұбалаң құйрық сақ сайқалдың бейне бір қызыл кесірткедей ирелендеп жүруі» – бейнелі бедердеу үлгісі. Осындағы «сақ сайқал» тіркесі назар аудартады.

Орда, Тоқымтыққан, Боқайды көкшіл мұнарға оранған қонырқай таулар деп сипаттаса, одан әрідегі алыстағы таулар Абай көзінде «аспан мен жер, кілегей сұйық ақкөк бояуға айналған» керемет көрініс. Жазушы енді кілегей сөзімен көкжиегі қосылып кеткен Арқат тауы мен Байжан тасындағы мұнарды айшықтайды. Кілегей мұнар қандай әдемі! Әсері де керемет. Кілегей – тәттілік ұғымы. Мұнармен ұтымды тіркесіп кешкі тау табиғатының сұлу келбетін көз алдыға әкеледі.

Егер олар «өзгеше иректелген қырлы жоталарымен сәл-сәл ғана аңғарылса», оңтүстіктегі Шыңғыс тауы «қатпар-қатпар қара көк адыр, қалың тау» сипатында бейнеленеді. Шыңғыстың бар сай-салалары, қыстау-қоныстары, төбе-шоқылары да «қатпар-қатпар қалыптарымен көлденең түсіп, көлбеп жатады». Енді бір сәт Абай көзіне Түйөркештен, Қарауылдан төмен қарай созылған ақ дала түссе, автор оны Шұнай, Доғалаң, Орда тауларының, сардаланың жазық бетінде тұрған ерекшелігін әспеттейді. Осы тауларды Абай ғажайып алып кемедей елестетеді. Шексіз ұзақ сары дала толқынсыз, тыныш теңізге теңелген. Сол теңіз бетіндегі көк биіктердің көк кемелерге ұқсауы да автор қиялының шалқарлығын, дүниетанымының кеңдігін, оқыған нәрсені тереңнен түйсіне санаға түйетін сезімталдығын, көркемдік қабылдау даралығын, ой әлемінің биіктігін көрсетеді.

Жазушының көреген көңілі, жүйрік қиялы, кемел ойы осынау көріністі жаңа бір өзгеше қырынан ашуында. «Ертегі сипатты теңіздің ертегілік ескі заман кемесі». Әдемі де әсерлі суреттеме. Абай кешкі туған жер табиғатын тамашалаумен бірге, қиял әлемімен мына тау-тастың, қыр-жота, сай-саланың сонау көз көрмеген алғашқы жаратылған шағына ой жібереді. Бір сәт ашық аспан астындағы керемет бір табиғат мұражайын тамашалап тұрғандайсыз. Абай көзімен «сары жазықтағы оқшау-оқшау шөккен бөлекше тас биіктер бейнебір тылсым дүниенің қатып тұрып қалған тылсым бұған тас кемесіне» теңелінеді. Осынау салыстырмалы суреттеме табиғаттың жайшылықта байқала бермейтін ерекшеліктерін танып-білуге құлшындырады. Оқып отырған оқырман бір сәт Абаймен бірге айналаны рахаттана шолып, тәтті әсерге қанығады. Мынадай керемет көркемдікті көзбен көруді аңсайсың.

Ұлы талант, данышпан ақын дүниеге келген, өскен туған өңірдің төскей, баурайы жазушылық сезімталдықпен, көркемдік елестетумен, эстетикалық таныммен тамаша кескінделген. Қаламмен жазылған күдіретті сөздердің кестелі тізбесімен Шыңғыс таулары мен басқа да таулардың табиғаты еріксіз «мені көр!» деп ынтықтыра түседі. Сол тауларды, биіктерді Абай көзімен алып кемеге және шағын кемелерге ұқсатуы да қиялдай білу, сезіну, көру, тану ұғымдарымен ұштастырады. Тамаша талант тебіренге де біледі, тамсанта да алады, қиялдата да алады!

Көз көрген туған жер көрінісін суреттеудегі «тас болып қалған адам, мелшиіп тұрып қалған жан-жануар, тас болып сілейіп қатып қалған қалалар» тіркестері көркемдік елестету немесе қиядан ғана туған жоқ. Сезіне білсек, кең байтақ қазақ жерінде осындай ғажап өңірлер барын еске салады. Мұнда ұлы суреткер атамекеннің қадір-қасиетін, қойнауы құт-қазына, көрніс-көркі асқан керемет бір әсемдік әлемі екенін танып, сезін, зертте деп меңзеу жасағандай. Дәл қазіргі уақыттағы мемлекетіміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы атамекенге сүйіспеншілікті, ел, жер тарихын тануды қозғап кеткендей көрінеді. Осының бәрі Абай қиялымен, таным, елестетуімен шынайы, әсерлі берілген.

Жазушы тілдік бояуды құлпырта қолданады, сөз сипатын сәнімен, мәнімен бере біледі. Сол таулардың, биіктердің аса бір жаңғыра жадырауы – қандай әспеттеу. Жаңғыру мен жадырау етістігі де олардың басқалардан өзгешеленіп, оқшауланып тұрғанын бір байқатса, «алтындай сары, ашық реңге ауысуы» – кешқұрым мезгілдің жан-жүректі баурап алар ғаламат көрінісі. Мұны кез келген адам аңғара қоймайды. Ақын ғана сезінеді, аңғарады, қиял құшағында тербеліп, ой толқынында тамашалайды. Әсер әлемінде балқиды, шабыт шуағында шалқиды. Мұхтардай ғұламаның ғажайып суреткерлік, ақындық ұлы таланты да бір сәт тамсанып, табынта түседі, таңдай қақтырады.

Табиғат суреткер танымында алуан жағдай да түрлі құбылыс, көріністермен, мезеттермен, көңіл-күй, сезім, шабыт, ой әлемінде сан түрлі бояуымен кескінделеді. Мұндай ғажайып, сұлу пейзаждық суреттемелер бейнелеу өнеріне деген құштарлыққа баулиды. Туған жердің қадір-қасиетіне жету ұғымын жүректе жалындатады.

Жазушының таным палитрасы бояуға бай. Романдағы пейзаждың суреттелу ерекшеліктерін саралай келгенде, табиғат көріністері – әсем де әдемі сурет қана емес, жан-сезімді еліктіріп алатын сұлу да сыршыл лирикалар. Мысалы, «Толық ай бұлтсыз аспанда ақ жарқын нұрын шашты» деген сөйлемді алайық [41. 220.]. Бір ғана сөйлем. Ал қаншама сурет, көрініс бар. Толған айдың бұлтсыз аспанда балқып тұрғаны – көзсуғарар көркем сурет. Әдетте ай айтылса сәулесі туралы сөз болады. Нұрдың ақжарқын сипаты да ұғынуға әсерлі. Әдетте ақ жарқынды көңілге түйеміз, ақ жарқын нұрдың шашылуы – тосын поэтикалық бейнелеу, эстетикалық әрі лирикалық бейнелеудің үздік үлгісі.

Семей, Шыңғыстау өңірінің табиғаты романда әр маусымдағы көрінісімен, әр жағдай, сәттегі сипатымен бейнеленсе, Әбіш пен Дәрменнің ел жата далаға шығып, Ералы жазығымен әңгімелесіп аяндап келе жатқандағы табиғат суреттемесі сырлы да сұлу.

«Жырақтау жерде қалың ауылдың кешкі оттары көрінді. Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген, сызды салқын бар. Толған ай, дәл төбеде биіктеп, нұрлана жарқырап тұр. Жұлдыздар да алыстан, ұзақ ұшқын шашылғандай сәл ғана жылт-жылт етеді. Бірақ аспан әлемі ерекше кеңейіп, шексіз жиһан барынша ғажайып, жайнап тұр. Көрмеге шыққан сиқыр ғалам, әлсіз адам ойымен, қиялымен ойнағандай. Көз шарасына, ақыл санасына симастай алып, барлық адам ойын осы бір тынып барлап тұрған ұлы тыныштығының өзімен де кішірейіп, тозаңдай елеусіз етіп, бағындырып тұр» [41.178].

Түнгі аспандағы толған айдың нұрлана жарқырап тұруын бейнелесе, жұлдыздардың ұзақ ұшқын шашылғандай сәл ғана жылт-жылт етуі көзге елестейді. Әсіресе аспан әлемінің ерекше кеңейіп кеткендей көрінуі, шексіз жиһанның барынша ғажайып, жайнап тұруы еріксіз жым-жырт түн тыныштығына тартады. Автор көз алдыда жайнап тұрған түнгі кеңістікті көрмеге шыққан сиқыр ғаламға балайды. Тамаша теңеу жасайды. «Әлсіз адам ойымен, қиялымен ойнауы да» ғарыш ғаламатын зерттеп, біл деген бір тәтті ойды туындатады. Мұны осынау түнгі шақты тамашалаған Әбіштің ойымен сабақтастырады.

«Жарық айлы түн дүниесі адамды әлсіз, болымсыз, қыбыр құрттай етіп, жүдетіп тонайды. Астрономиядан хабары мол Әбіш жұлдыздан планеталарды айырып қарап, әр жұлдыздың өзі бір күн системасындай өлшеу, мөлшер жеткісіз әлем екенін ойлай түсті. Сондай жұлдыздар миллиард болғанда, жер бір-ақ қат нүктедей. Ойлаған сайын біржола жердің өзі түк емес екенін еске алды. Ондағы адам ше? Әлдеқандай Тобықты ше!?» [41. 178.]. Автор астрономиямен таныс Әбіш ойымен керемет салыстыру жасайды. Жер бетіндегі адамдар мен жұлдыздардың санын саралап, адам ойы әлсіз ғана емес, жер де аспанмен салыстырғанда түк емес деген пайымдауға тіреледі.

Авторлық сипаттауда Арқа түнінің ерекшелігі сараланып, тіпті күннің түсі де Әбіш көзімен айқындалады. Яғни ол: «Арқаның түні көкшіл емес, қара көлеңкелі қараңғы болады. Бірақ дәл

бүгінгі түн олай емес. Өзінше біралуан көкшіл-бозғыл түн». Талантты суреткер адамды бүкіл болмыс бітімімен, жандүниесімен зерттесе, табиғатты да терең тани біледі. Бұл жазушыдан қаншама ғылымды жақсы білуді, астроном, суретші, акын, тарихшы, композитор, этнограф, философ, т.б. болуды міндеттейді.

Суреткер танымының кендігі, табиғаттың құпия сырларына жасынан қанықтығы әр суреттемесіндегі көркемдік әлемінен айқындалып отырады. Оны кез-келген детальды бейнелеу мәнерінен көз жеткіземіз.

«Жастар келе жатқан жазықтың шалғынды жері қара барқын тартса да, бетегелі, көделі көп аймағы қылаңытып тұр. Ай сәулесі астында ақ желеңдеп, күлді-бадамдап, айқындамай бұлың береді.

Тыныш түннің боз көделі даласы сыбдырсыз, үнсіз, құбылып толқып жатқандай. Ай астында ақшыл да қызусыз, жарықсыз бір бұлдыр сәуле сездіреді. Фосфор сәулесіндей еміс сәуле. Жусан, тарлау, қазотының иістері де ауық-ауық демді шалады» [41. 178.].

Түндегі әр нәрсенің, заттың көзге көріну ерекшелігін суреттеу табиғи шынайылықты бейнелеуді талап етеді. Қанша жерді шарлаған саяхатшы да көріп, сезінгенін қағаз бетінде дәл көркем бейнелеп жеткізе алмайды. Ал, Әуезов асқан білгірлікпен, сезімталдықпен бәрін айнытпай суреттей білген. Жазықтың шалғынды жерінің қара барқын тартуы, бетегелі, көделі тұстарының қылаңытып тұруы да өсімдіктердің түнгі көрнісін көзге елестетіп, көкейге керемет кескіндейді. Боз көденің күндізгі желдегі толқуын көрдіңіз бе, бейне ақ толқынды ақ айдында тыныққандай күй кешесіз. Айлы тынық түнде сыбырсыз, үнсіз, құбылып толқып жатуы да әдемі. Бір қараңғы, бір жарықтағы табиғаттың тосын көрнісі ойыңызға келеді. Айдың күндей қызуы бермегенімен, сәуле төгіп төніп тұратыны да анық. Жазушы ай астындағы даланың бұлдыр сәуле сездіретін ерекшелігін қалай аңғарған!? Оны фосфор сәулесімен салыстыруы да ғұлама жазушының озық ойлы оқымыстылығын айғақтайды.

«Жусан, тарлау, қазотының иісінің ауық-ауық дем алуы да» сүйсінтеді, яғни танауды жарған табиғи жұпарын кеуде кере жұтқандайсыз. Күндіз ғой құшырлана жұтып, құмарлана көз тігіп, кеудені кере хош иісімен сусындарыңыз анық. Ал түнде жұпар иісін тамсана сезіп білесіз. Табиғатқа құштар суретші талай ғажап сурет салар. Көріп тамсанып, таңданарсыз оған. Ал сөз-

бен салынған сұлу суретпен табиғат көрінісінің өзгешелігін ұлы талант қана жеткізе алады.

Адам табиғатпен оңаша тілдескенде, жайшылықта аңғара бермейтін қасиетін, өзгешелігін сезінеді. Төрткүл дүниенің қак ортасында тұрғандай, айналаға масайрай, мейірлене көз тігеді. Таңданады, тамсанады, сүйсінеді. Романда Абайдың табиғат аясындағы сәттері бірде көкірегіне жыр болып құйылса, бірде эн болып шарықтайды, бірде қиял құштарлығындағы ертегілік елеске айналады немесе бірінен-бірі асқан сырлы суреттері алуан бояуымен жайнап тұрады. Шыңғыстаудағы табиғатпен бетпе-бет жүздесу сәті, Абайдың әдемі әсері авторлық баяндаумен беріледі.

«Абай рахат бір әдемі жайлы әсер байқайды. Енді андаса, Шыңғыс жақтан асықпай соққан салқын самал тұлабойын шіміркендіріп, өзгеше бір тыныш рахатқа, қоңыр салқын майда бір лепке орағандай екен. Ішінен: «Түү, не деген рахат жел, қоңыр жел!» – дей түсіп, омырауы ашық кең көйлегінің бойын, шапаннан ашып, төсін сол желге төсей береді. Тамаша жайлы салқын самал бет, мойын, кеуде, қол барлығын қоршалай сипай орағанда, тағы бір шақта жел емес, әдемі мөлдір таза суға да ұқсайды. Адам бейнебір жайлы қоңыр, салқын суға шомылып тұрған тәрізденеді.

Күн төмендеген сайын айнала дүние әр алуан ауысып, өзгеріп барады. Қазір Қарауылдың биік шоқысы, Көлқайнардың көп төбелері, енді көлбеп түскен күн сәулесімен айқындала қапты. Дағдылы қарабарқын тау төбелер тәрізді емес, енді сол таулар, биіктер аса бір жаңғыра жадырап, алтындай сары, ашық ренге ауысыпты». [41. 515.]

Абай Шыңғыс жақтан асықпай соққан самалдан рахаттана әсер алады. Суреткер сезімталдығына, байқампаздығына, табиғаттың тынысын түйсіну ерекшелігіне танданбай қоймайсыз. М. Әуезов табиғат ерекшелігін, қасиетін керемет сезіндіреді. Салқын самалдың Абайдың тұлабойын шіміркендіріп, өзгеше бір рахатқа, қоңыр салқын майда бір лепке орауы да әсерге әсер үстейді. Абайдың тамсанып омырауы ашық кең көйлегінің бойын, шапанын ашып төсін желге төсей беруі де табиғаттың кереметтілігіне сүйсінуін аңғартады. Рахат сөзін жазушы үш рет қайталаған. Біріншіден әдемі жайлы әсерге рахат қосылып, әсерді асқақтатып тұр. Екіншісінде Шыңғыстан соққан салқын самал тұла бойын шіміркендіріп, өзгеше бір тыныш рахатқа бөлейді.

Үшіншісінде «түу не деген рахат жел...» деген Абайдың сүйсінуі, тамсануымен жетеді. Автор осылайша табиғаттың рахат шағы мен адамның рахат көңілкүйін әдемі үйлестірген. Суреткерлік сыршылдық пен сезіну, көру, байқау әлемінің, дүниетанымының кеңдігі осынау ерекшелікті айқындап тұр. Желдің салқындығын, қоңыр майда лебін суреттей келе, оның керемет әсерін «әдемі мөлдір таза суға ұксатады». Суға ұксатады да, сөйлемді қандай сезімдік әсерде аяқтайды. «Адам бейнебір жайлы қоңыр салқын суға шомылып тұрған тәрізденеді» деп әдемі бейнелейді. Табиғаттың сырын сезініп, түйсінген жанға табиғат көркін де, түсін де жайып салады. Жазушы желді қоңыр салқын десе, осынау желді суға ұксатып тағы да қоңыр, салқын су деп әспеттейді. Қоңыр түсі қазақтың өң-жүзінен бастап, бүкіл тұрмыс-тіршілігінің мінезінің, болмысының баламасындай. Ақ, көк түс әдетте ерекше әсер беретіні айқын. Осының бәрі де кең, тыныш жым-жырт өлкеге Абайдың ақындық ой көзімен қарауында сезіледі. Кештің батуы, ымырттың түсуі – әдемі көрініс. Күн төмендеген сайын айнала табиғаттың, тау-қырлардың, сай-саланың өзіндік өзгеріске, бояуға енуі тартымды да танымды. Қарауылдың тік шоқысы, Көлқайнардың көп төбелерінің күн сәулесімен айқындалуы да айшықты.

М. Әуезовтің суреткерлік шеберлігі табиғат құбылысын, көркем көріністі тілдің бар бояу нақышымен әдемі суреттей білуінде. Бір құбылысты бір құбылыспен салыстыра, астастыра бейнелейді. Оқып отырған сәтте, сол құбылыс, көріністі көз алдыға елестетесіз. Мысалы, саятқа шығар сәттегі көк қаршыға мен Абайдың жүздесу сәті айшықты, ажарлы, поэтикалық көркемдіктегі суреттеме.

«Абай қызарып, еңкейіп бара жатқан күн астында топшысы мен омырауы қызыл алтын буына жалатқандай жылт-жылт етіп тұрған көк қаршығаның реңіне қызыға қарады. Алтындай сапсары көздері күн шұғыласына қарсы қанқұмар қызыл от төгеді. Жалт етіп күнге шағылыса түсіп, қомағай қарайды» [41. 375.].

Абай алғаш қызарып, еңкейіп батып барып жатқан күнге, содан кейін көк қаршығаның реңіне қызыға қарайды. Көк қаршығаның реңінің қызыға қаратуы да топшы мен омырауының батып бара жатқан күннің қызыл алтын буына жалатқандай жылт-жылт етіп тұруында. Алтын алуан түсті. Сары, қызыл т.б. Қызыл алтын буына жалату – әдемі поэтикалық образ. Көркем кө-

ріністің керемет әсемдігі. Көз алдыңызда омырауы мен топшысы жылт-жылт етіп, құлпырған көк, қаршыға. Келесі сөйлемде де сол алтын тағы қайталанады. Бұл жолы «алтындай сап-сары көздері» әспеттеледі. Ал оның ерекшелігі алтындай сап-сарылығында емес, күн шұғыласына қарсы қанқұмар от төгуінде. Бұл саят құсының әбден бабына келіп, аң-құсқа салуға жарап тұрғанын айғақ етеді. Ендігі сәтте «алтындай сап-сары көздердің жалт етіп күнге шағылысып, қомағай қарауы да» «мен бәріне даярмын» деген кейпін танытады. Осы үш сөйлемде қанша сурет кескінделген. Қанша көрініс бар. Кейіпкердің көңіл-күйі де, көк қаршығаға психологиялық мінездеуі де қатар берілген. Қызарып етістігімен бірге, қызыл сын есімі де екі рет берілген. Қызарып батып бара жатқан күн, қызыл алтын бу, қаршыға көзіндегі қан құмар қызыл от. Қанның түсі де қызыл. Бұл қанқұмарлық әрі көзінен қызыл от төгу көк қаршығаның келісті бабын айғақтайды. Қарау етістігі де қайталанған. Алғашында Абайдың көк қаршығаның түріне, көркіне, көзіне қызыға қарауы, екіншісінде көк қаршығаның қомағай қарауы әсерлі берілген. «Қомағай қарау» тіркесі де тың. Тосын бейнелеу, топшысынан ұшырса құстың аң-құс алуға, ілуге әбден сақадай сайлануын сездіртеді. Осынау шағын суреттемеде қаншама образдылық, психологизм, іс-әрекет, жағдай жинақталған. Ұлы суреткер әр сөзді талғап, таңдап қолданумен бірге, оларды көркем детальдармен ұластырып, жайнатып жібереді. Әр құбылыс, көріністің табиғи ерекшелігін дәл, анық ашатындығы сондай, бәрі де қолмен қойып, көзбен көргендей шынайы сипатымен көрінеді. Әсері де ұзақ, көңілде тұнып қалады.

«...ол пейзажды өзінің авторлық идеясына сәйкестендіріп, үнемі құбылтып, құлпыртып отырып қолданады. Жазушы табиғат суреттерін көбіне кейіпкерлердің ой-сезімдері, солардың түйсінулері арқылы береді». А. Нұрқатов романдан пейзаждың классикалық үлгілерін табады [53. 204].

Тарихи туындылардың қай-қайсысыда табиғат көріністері көркемдік мазмұндауға өзіндік түр, ренк беруімен ерекшеленеді. Табиғат суреттерінің сан алуан сырларымен, құбылыстарымен, сұлулық сипатымен бейнеленуінен бөлек, ішкі нәзік өзгешеліктеріне дейін жеткізе білуде М. Әуезовтің танымы терең, қаламы қарымды. Әйгілі суреткердің көркемдік кеңістігінің кеңдігі, тіл бояуының айшықтығы айқын.

Абай мен Ерболдың айдалада адасып, тек аттарының мықтылығына, жүрістілігіне сеніп, жетер жерге асығып келе жатқандағы, кешқұрым сәттегі Шілікті табиғатының суреттелуі әдемі.

«Қатты жел тездеткен жауын Абайлар Шілікті кезенге тақай бергенде, жауып та кетті. Жылы жауын. Жел басылған. Орданың етбөктері алкүрең бетеге, жусанмен құлпырып тұр екен. Жас көктің жауын ішінде құлпыра түскен шат селін, жүргіншілер тақыр жолмен жарып өтіп келе жатқанда, айналасынан жас жусан иісі үзілмей толқып келіп отырды» [40.302].

Жылы жауындағы айналаның әсем көркіне зер салыңыз. Бетегенің түсі алкүрең. Шын мәнінде осылай жусан мен бетегенің қатарласа өсіп құлпырып тұруы да әдемі. Жас көктің жауын ішінде құлпыруын шат селге балаған. Жөңкіліп, жойқын ағыспен айналасын тас-талқан еткен селді көрсеңіз, ойыңызды үрей мен қорқыныш билейді. Шат сел көктің молдығына қатысты айтылған көркем тіркес. Көктің құлпырып, жайнап, айналаны шаттыққа шарпыған шағы көз алдыңызда тұрады. Жас жусан иісінің үзілмей толқып келіп отыруы да туған табиғатпен етене өскен, әрбір гүлі мен шөбінің биологиялық ерекшелігін бойына сіңірген ұғымтал, зерек, зерделі, суреткерлік таным сипаттары. Жас көктің шат селі, жусан иісінің толқып келуі көктемгі табиғаттың адам баласына сыйлар бір керемет тартуындай сезіледі. Бұлтты, жауынды күндегі кешқұрым, ымырт мезгілін сипаттау үшін де көркемдік елестету кеңдігі, таным тереңдігі керек. Өңірдің кешқұрым шағын суреттеуінде үлкен талантқа тән ерекшеліктері айқындалады.

«Бірақ жауын қатайып, бұлт тұтасты. Күн қай мезгілге жеткенін біліп болмайды. Батыс жақты жауын құрсап, күн көзін толық жасырған. Енді ымырт тақау сияқты. Сам жамырай бастағаны ма, жоқ батар күннің жауын бұлтты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көкжиек үстінде сарғыш мұнар сәуле бар. Сөнер үміт, үзілер тірліктей, жүдеп, талмаурап бара жатқан соңғы сәуле. Аздан соң ол да сұлдері азайып барып, бәсеңдей берді. Сарғыш сәуле сұрғылт тартты. Тағы бір сәттен соң күнгірттене барып, қарақошқыл қызғылт реңге кірді. Көгілдірленіп барып, мұнды, қоңыр аспанның түн мұнарына жол берді». [40.302.]

Көкжиек үстінде сарғыш мұнар сәуленің батар күннің жауын бұлтты арқылы себездегені де табиғат ерекшелігі. Жауынды күн

айналаны бұлт басқанда батыс жақтан көтерілген көкжиек, батар күн осылай сарғыштанып, сағым арасына сінгендей солғынданып көрінеді. М. Әуезов – түстің ерекшелігін әр бояудың мән-мәнісін жақсы білетін шебер бейнелеуші. Сарғыш сәуленің сұрғылт тартуы, одан күнгірттені барып, қарақошқыл қызғылт реңге енуі ымырттағы күн ұясына толық батуға таяп, сам жамырап шақты көзге елестетеді. Бұлтты, жауынды күндегі таулы табиғатқа мұқият зер салсаңыз, осынау түстердің тоғысуын, алмасуын анық байқайсыз. Сол сәуленің көгілдірленуі күннің толық батқан сәтімен жүздестіреді. Ымырт пен түннің алмасуы мезгіл көрнісі «мұңды, қоңыр аспанның түн мұнарына жол беруімен» келісті сипатталған.

Барар жерін шамалап, асығып келе жатқан Абай мен Ерболдың сол сәттегі көңіл-күйімен табиғатты ұтымды ұштастырады. Біз кешкі ымырт түскеннен кейінгі аспанды әдетте қарауытқан, кара көк түспен бейнелеген болар едік, бірақ, сол шақтағы аспанның қоңыр түсін көреген көңіл қалай сезінген, ә! Бір табиғат суреттемесінде сан алуан түс ұшыратасыз, сарғыш, күнгірт, сұрғылт, кара-қошқыл, қызғылт, көгілдір, қоңыр. Бұл күн батып бара жатқан шақтағы мезгілдің бір-бірімен алмасқан мезеттік бояулары. Жалпы, мықты суретші әсіресе натуралист-бейнелеуші болуы үшін де дәл осындай пейзаждық соны сипаттауларды оқу керемет сурет көрмесіне барғаннан кем емес-ау. М. Әуезовтің зерде, зейінінің мықтылығы, зеректігі, сезімталдығы сондай көргенді көңілге терең түйіп, түйсікте қайта түлетіп, қалам қуатымен жарқырата жайып салады. Әсіресе, пейзаждық суреттемелерге сүйсінетіңіз, табиғаттың аясында сол мезгілде тұрғандайсыз. Бар ой-қиялыңызбен әсем табиғатты тамашалап кетесіз. Көз көрмеген, аяқ баспаған өңір көңілге көркем көрнісімен ұялайды. Бір ғажап, ғаламат әсер толқынында тербеліп, тебіренесіз.

Мезгіл, маусым ерекшелігіндегі табиғат көрінісін берудегі суреткер шеберлігі күз айындағы Шар өзені мен сол өңірдегі табиғатты бейнелеуінен де көрінеді В. Паустовский туындысында суретшінің мынадай сөзі бар: «Орыс жерінде қаншама кереметтер бар. Мұның өзі барша суретшіге мың жылға жетер еді... Әйтсе де жердің сұлулығы қасиетті нәрсе, біздің әлеуметтік өміріміздің қасиетті дүниесі...!» [54] М. Әуезов табиғатты суреттегенде оны керемет суретші көзімен көреді де, ғаламат сурет-

керлік сезіммен сипаттайды. Мұны Шар өңірінің табиғатының бейнелеуінен аңғарамыз.

«Мезгіл кешке тақаған болса да сентябрь айының бүгін ерекше жылы болған ашық күні әлі де салқындаған жоқ. Атқа да, адамға да жайлы, баяу ескен қоңыр жел бар. Шардың жінішке өзені көп бұралып мөлдір суы үзілмей баяу ағады. Кей жері жарлауыт болса, көп ағысының бойында әдемі, майда, көкмайса шалғын бар. Өзен түбі таза құмайт, қатқыл керіш болғандықтан, су айнадай мөлдір боп сырғиды. Күзгі шөптің сәл сарғыш, буалдыр бойын жағалап, кейде майда жасыл шалғынды ақырын сілкіте тербетіп, бауырлай сылдырлайды. Бұл өлкенің далалары қоңырқай. Ұзақ жота, белдері қазір бозғылт тартқан. Бірақ шөп атаулы көкшіл реңінен мүлде айрылған емес. Күздің жауыны қайта жетіліп, боз көденің бауырына қайта қауындап шыққан ұсақ көк те бар. Әр түп көде, бозғыл-бурыл, кейде алкүрең боп көрінеді» [40. 259.].

Қырқүйектің ашық күні, баяу ескен қоңыр желдің атқа да, адамға да жайлылығы, содан соң Шар өзені сипатталады. Өзеннің мөлдір суының көп бұралып, үзілмей ағуы көңіліңізді табиғат аясына еріксіз тартады. Өзеннің айналасындағы табиғат әсемдігін көз алдыға тартады. Өзен арнасының жарлауыт болып келіп, көп ағысының әдемі, майда, көкмайса шалғынмен көмкерілгені баяндалады. «Көкмайса шалғын» деуі де шөптің биіктеп өскенін шалғыға ілінетінін айғақтайды. Алғашқысында судың мөлдірлігі сипатталса, өзен түбінің таза құмайт, қатқыл керіш болуымен судың мөлдіреген ағысы да ерекшеленеді. Су тұнықтығын айшықтап, айнадай мөлдірлігін әспеттейді. Мұндағы керіш сөзі су астының тілімденіп, қыртыстанып тұратын сипатын білдіреді. Нақтырақ айтсақ, керіш, топырақ, құм қатып қалған жер қыртысы. Географияда каньон деген термин бар. Бізде оны көбінше сол атауда қолданып жүр. Мұны Жетісу, Жаркент қазақтары керіш деп атайды. Жағалау, жартастардың кертіліп, тұратын көрнісіне қарата айтылса керек. М. Әуезов су түбінің керіштеніп тұратынын әдемі жеткізген.

Қырқүйек – күздің алғашқы айы. Жазушы осы маусымды сипаттай келе, күз деп айтпаса да шөптің сәл сарғыш, буалдыр түсімен жеткізеді. «Су ағысының жасыл шалғынды ақырын сілкінте тербетіп, бауырлай сылдырлауы да» жанға ерекше жарасым

дарытады. Қалам құдыреті қандай! Осынау пейзаждық көрініс көркем тілмен керемет суреттелген. Шар өзеніне еріксіз оймен саяхат шеккендейміз. Көз алдымызда – Шар өзенінің табиғаты. Су сылдыры құлаққа тұнғандай. Жандүниені бір әдемі, сырлы сезім билеп кетеді. Еріксіз сүйсінесіз. Қаламгер талантына тамсанасыз.

Суреткерлік көркемдік елестету, таным кеңдігі – Мұхтар Омарханұлы талантына тән өзгешелік. Ақын-жазушыға тән ерекшелік десек те, әркімге дари бермейтін ерекшелік. Бала шақтан көргенді еске сақтау, оны әрбір көрген сәтпен қайта бағалау әркімге қона бермейді. Сонан соң табиғат көрнісін суреттеуде әдемі де көркем тілдің өзі де аздық етеді, табиғат бояуын қылқалам шеберіндей келісті бейнелеумен бірге, оған динамика дарыту – дара дарын даралығы.

Дени Дидро «Адамның жаны неғұрлым таза болған сайын, неғұрлым ізденгіш және талғамы таза болған сайын, соғұрлым табиғатты жақсы біледі» деп атап көрсеткендей[55.], М. Әуезовтің талғамының және ой-сезімінің тазалығы, дүниетанымының кеңдігі, қиял шалқарлығы табиғатты суретеуден айқын аңғарылады. Табиғат жайлы суреттемені оқып тұрғанда сол өңірде жүргендісіз. Шар өзенін суреттеген автор оқырман ойын енді өзен төңірегіндегі табиғатқа аудартады. Дала көрінісінің қонырқай жота, белдерінің бозғылт тартуынан маусымның өлкеге енгізген ерекшелігін айқындайды. Алайда шөптің әлі де көкшіл түсін сақтауын күздің жауынымен астастырады. Осы жауынның әсерінен боз көденің бауырына қайта қауындап шыққан ұсақ көк те бар. Өдетте қауынды жеміс деп білсек, қауындап етістігінің қолданылу сипатына қараңыз. Жазушы әр түп көденің бозғыл-бурыл, кейде алқұрен болып көрінуі арқылы жаз бен күздің алмасар шағын еске салады. Табиғаттың әдемі көрінісінің көркем тілмен суреттелуі – терең ізденіс пен үлкен шеберлік жемісі. Осынау сұлу пейзаж адамды еріксіз баурап алады. Табиғат аясына тартады, бір сәт сұлу өзен сылдырымен, жұпар шөбімен тыныстатады. Күз табиғаты басқа маусым, мезгіл көрнісіндей романда белгілі бір жағдайда сюжетке арқау болып өрілген. Шығарманың «Абай аға» тарауындағы күз табиғатының суреттелуіне зер салайық.

«Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Тан салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып

солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айрылған тобылғы да құбыл ренді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғылт көде, жусан бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңадан атқан. Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына дейін суландырған» [40].

Ералының кең жазығындағы Абай бастаған әнші, ақын жастардың өзара әзілдесіп, арасында тақпақ өлең, шығарып, думандатып келе жатқан шағындағы күз айының табиғаты осылай суреттелген. Алдымен күздің күнгірт, бұлыңғыр аспаны, ауаның дымқыл сызы, күздің таңнан бастап суыта бастағаны әңгімеленеді. Қаламгер дүниетанымының шалқарлығы, ой тереңдігі, киял ұшқырлығы әрбір суреттемеден аңғарылады. Күздің сұрқай осы бір суық сәтін оқып отырып, дәл осы мезгіл табиғатында тұрғандайсыз Дененізді бір салқындық, суықтық дендегендей. Жазушы шеберлігі – әрбір өсімдіктің күздегі ерекшелігін, өзгерісін сипаттап беруінде.

Қызарып солған қурайлар, сарғайған селеу мен бозғылт көде, жусанның ұзарып тұруы – маңайдағы шөп атаулының қурап, тапталып, жапырыла бастауын білдіреді. Әдетте селеу ақ не боз түсте болса, күзде сарғаяды. Жазушы бұл тұста оның күзгі сипатын ғана берген. Сонан кейін олардың лебінен қалтырауы, бас шұлғып елбек қағуы да күзгі суыққа, мезгіл өзгерісіне еріксіз ырық беруін танытады. Қара жел қуған қаңбақтың күздің қара желіндегі әрекеті де ойыңызды күзгі көрніске тартады. Жазушы таңның атуын ғана емес, салқын түннің қалың шығының аттар тұяғын шашасына дейін жылтыратуы арқылы күздегі Ералы жазығының шөбі шүйгіндігін ерекшелеген. Бұдан әрі жастардың көңілдері жарасым табуы, ойын-сауық қызығына берілуі әсерлі баяндалады.

Суреткердің бала кезінен санасына сіңірген табиғаттың әрбір көрінісін, ерекшелігін жадына жақсы сақтағаны сондай, кәдімгі күздегі өңірдің бояу өзгерісімен бірге, әрбір өсімдік, шөп түрінің қозғалысына дейін айнытпай сипаттайды.

Көктем мен жаз, қыс пен күз табиғатының көріністері эпопеяда соншалықты керемет бейнелеген.

«Тіпті, қозы көш жер сайын бір қоныс! – деді Сүйіндік бұл жөнде Жігітепкен, әсіресе, мұндас.

– Кәке, қоныс болғанда қандай. Тұнып тұрған көкбастау, торғындай тұма, қасқа бұлақ, көк иірім көл». Күземге байланысты Бөжей үйіндегі Сүйіндік, Түсіп әңгімесінің өзегінде туған табиғаттың көркіне сүйсіну бар. Күздеудің табиғатының ерекшелігін, осындай шөбі шүйгін, малға жайлы қоныстың молдығын көрсетеді. Бұлақ, көлімен ғана қоныстың бар жайлылығы, табиғат әсемдігі сезіледі. Бастау, тұма, бұлақ – синоним сөздер. Ол көлбастау, торғын тұма, қасқа бұлақ болып эпитеттермен дамытылған. Көк иірім көл тіркесі аясында бұталы, қамысты, тұнық та нәзік тербелген айдын елестейді. Осының бәрі бір кейіпкер сөзі ғана емес, ақын ойынан өрбиді. Әсерлі, әдемі.

Ойқұдықтағы күздеудің суреттелуіне зер салыңыз.

«Ойқұдықта, Абай ауылының айналасына жиі қонысқан ауылдар бұл қоныстың әншейіндегі киіздей қалың бетегесін, жасыл шалғынын сар жұрт қылған. Бірақ ауыл маңы бар өлкеде тегіс тақырланса да, айналасындағы кен жайылыс оты, өріс оты тозған жоқ. Қоңыр күзде малдың тойыны күннен күнге асқындап барады.

Шаруа мұңын ойлаған ауылдар сол күйге сүйсіне түседі.

Күздің жауыны мен қара суық желінен мазасы кеткеніне карамай, шыдасып отырған» [40.].

Біріншіден, Абай ауылына жиі қоныстанған ауыл малының Ойқұдықтың киіздей қалың бетегесін, жасыл шалғынын жеп, тауысқаны баяндалған. Осының өзі тықырлап тастаған т.б. етістіктермен емес, тек белгілі бір шаруа, кәсіп иелері арасында қолданылатын «сары жұрт қылған» деген фразеологизммен сипатталған.

Сонан соң күздің жауыны мен қара суық желіне шыдасып отыруы – амалсыздықтың шарасы. Ақын поэзиясын түп-тереңіне дейін зерделеген зерек зерттеуші Абайдың «Күз» туралы өлеңіндегі өмір шындығын көркемдік шындықта өте сәтті жасаған.

Романда Әбіштің туған өңірдегі бір сапары – әсерлі суреттеме. Алдымен көгілдір жоталардың ақшыл көк мұнар жамылуы, ал соларда мұнардың қалыңдауы, ұялауы әдемі сәтті, еріксіз елестеткізеді. Әдетте мұнар тұрды, мұнарланды дегенімізбен, мұнардың ұялауы қандай әсерлі. Осының бәрі Әбіштердің қызықтап, тамашалап келе жатуымен әдемі сабақтастырады. Табиғат – ананың осынау сұлу шағы «аспан ренді сырлы қойыны-

ның тез тартуымен, өзінің лебімен сорғандай» болып жүргіншілерге соншалықты ұнағаны сипатталады. Қазақ тілінің ғажайып қазынасы М.Әуезовте. Жүргіншілердің «сол жақтарынан сандық тасты, окшау-окшау көп қатар төбелі, керегетастың ілесуі де» – табиғат әсемділігінің ерекшеліктері. Ілесу етістігінің өзі жансызға жан бітіру ұғымында алынған. Тау, жотаның, аттылы жолаушылардың арындап алға қарай жүруі мен ілесуі – динамикалы суреттеме. Қат-қабаттап биіктеген жоғарыдағы сандық тастардың арасындағы аласа аршаның көгеріп, тас бауырына жабыса өсуі де тағы бір тамаша көріністі көзге тосады. Біз осынау сырлы сұлу суреттемелерді оқығанда сол табиғатта өзіміз жүргендей сезінеміз. Жаныңды бір ғаламат құштарлық билеп әкетеді. туған жердің өсімдіктер әлемін бейнелей келіп, автор жануарлар әлеміне ауысады. Әрқайсысының ерекшелігін сипаттап береді. Ақ таңдақ, доңғалақ мүйіз арқардың жон беріп, жүйткіп тартуы, қорым тастар арасынан ұзынша қызыл түлкінің көрінуі де керемет. «Шұбалаң құйрық сак сайқалдың бейне бір қызыл кесірткедей ирелендеп жүруі» – бейнелі бедерлеу үлгісі. Осындағы «сак сайқал» тіркесі назар аудартады.

Тұрағұл Құнанбаевтың естелігінде ақынның жақсы қонысты тандап қонуға ерекше көңіл бөлетіндігі айтылған. Бұдан Абайдың шаруасының жайлы болуымен бірге, табиғаты көрікті, өзіне жайлы шұрайлы да шалғыны шүйгін, көркем өңірді жақсы көретіні сезіледі. Абайдың табиғат лирикаларының жазылуына осындай әдемі қоныс-жайлардың әсер еткені белгілі. М. Әуезов пейзаждық бейнелеулерінде де осы ерекшелік айқын аңғарылады.

3.3. Пейзаж бен психологиялық суреттемелер сабақтастығы

Б. Галанов табиғат суреттемелерін психологиялық, көңіл-күй және жандүние пейзажы деп үш түрге бөледі. Жақсы суреттелген пейзаж кейіпкерлердің сезімдік ерекшелігін айқындаумен бірге, оған эстетикалық, танымдық ықпал ету қуатын арттырады. Эпопеядағы пейзаждық суреттемелер кейде белгілі бір оқиғалардан алдын-ала хабар береді.

Пейжаз романда кейбір суреттемелерде кейіпкерлердің жандүниесімен, сезім-сырларымен астасып, өмірдің кайталанбас сәт-

терінің құндылығы болып ойға оралады. Пейзаж зерттеушісінің жоғарыдағы атаған үш түрі де эпопеядағы табиғат көріністерін бейнелеудің қай-қайсысында да ұшырасады. Табиғат пен адам мәңгілік байланыста. Ауа, жел, су, ағаш, өсімдік – жаратылыстың жер бетіндегі барлық дүниесі адам өмірімен, тіршілігімен біте қайнасып жатыр. Адамның табиғатты ішкі көңіл-күй сезімімен, яғни, психологиялық ерекшелігімен қабылдап, тануы, түйсініп, сүйсінуі де айырықша құбылыс.

Табиғатты адамның көңіл-күйімен, жандүниесімен астастыра, сабақтастыра сипаттау ақындық талант пен суретшілік танымды, психологиялық қабілетті қажет етеді.

Табиғат көрінісі шығармада өз уақытының сипатын, белгілерін білдіреді. Оқырман сол дәуірдегі табиғатпен, адамдардың ой-пиғылымен, іс-әрекетімен, заман шындығын тануы тиіс. Әрине табиғаттың бұзылмаған таза, тамаша көріністерін бүгінгі уақытпен салыстыра саралайсыз. Оқырман немесе сол өңірдің адамдары ата-бабаларымыздың қоршаған ортаға, жаратылыстың айналадағы құбылыс, қасиеттеріне қаншалықты, сүйіспеншілікпен мән бергеніне көз жеткізеді. Адам мен табиғат арасындағы нәзік байланысқа деген аса бір құрмет, ықылас-нышанын да романдағы пейзаждық көріністердің небір сырлы сұлу суреттелуінен айқын аңғарасыз. Айнала қоршаған дүниенің әсемдігіне таңданып, таңырқап жүрсеніз, романдағы табиғат пен адамның диалектикалық байланысының байқалмайтын қырларының ашылуы жаратылысқа жаңаша көзқараспен қарауды міндеттейді. Б. Галанов көркем әдебиеттегі табиғаттың бейнелену сипаттына мынадай ой білдіреді.

«Әдемі пейзаж бізге шебер портрет салушы біздің досымызды тануға көмектесетіні тәрізді табиғатты тануға көмектеседі. Табиғат сұлулығын сезімталдықпен суреттеуде жазушы ақындық көркемдік-бейнелеу елестетуімен, сан түрлі бояулы, әдемі тілмен жеткізеді» [43].

Әдемі табиғат суреті көз алдында айшықталып жайнап тұрса, көркем туындыдағы пейзаж сөз өнерінің ғажайып байлығы мен кереметтілігін танытып қана қоймай, «сөйлеп тұрған суреттей» жан сезіміңізбен сырласып кетеді.

«Жарқыраған май күні бір түрлі боп нұрланып, тамылжып тұр. Аспанда ұсақ қана ақ мамық бұлттар қалқиды. Айналадағы

жазык пен төбешіктің бәрі де алқара көк. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан...

Бөктер желі таңертең әрдайым Шыңғыс аса соғатын қоңыр салқын күйінде. Қазір де күн қызуын жеңілдетіп, майда қоңыр лептей үріп тұр. Бірақ бұл жарастық, бұл жастық кімдер үшін?

Әлдекімнің рахаты, әлдекімдердің қызығы, сайраны үшін болар. Жалғыз-ақ, мынау екі қаралылар үшін ол жоққа тән» [40. 28.].

Баласы Құтжанынан айрылып, шерменде көңіл Қодардың жарын жер қойына жөнелтіп жарым жан болған келіні Қамкамен бейіт басына баруы ел арасында атасы мен келініне қатысты әлдебір жаманшылықтың шығуына, жазаға тартылар алдындағы қасіретті тағдырына мамырдың мамыржай, тамылжыған тамаша күні салыстыра алынған. Жазушы жазық пен төбешіктің алқара көк түсімен маусымның керемет сәтін жақсы бейнелеген. Көктемнің енді ғана жандана бастаған көрінісі суреттеледі. Автор аласа, тықыр, тығыз бетегемен жайнатып қана қоймайды. Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешектің қызыл, сары, көкшіл түстерімен құлпыртып, жайнатады. Бетегенің жайнауына гүлдің құлпырып жайнауы қосылып, айналаның алқара көк көркі көңіл тербейді. Күн қызуын жеңілдетіп, майда қоңыр лептей үріп тұруы да, яғни, күннің түсін өзгерте бастауы да әлдебір жайға алаңдатады. Табиғат суретіне құштарланған оқырман ойын соңғы сөйлем күрт бұзады. Мынау өмірдің бір сәттік кереметі Қодар мен Қамка үшін енді көзден бұлбұл ұшады. Қандай аянышты десеңізші. Жандүниені толқытар аянышты көрініс. Өмірдің Біржандай сал-серілер соңына түсіп, Үмітеймен ғашықтық үмітін, інкәрлік үмітін үрлейтін шақ – ауыр көрініс .

«Таң аппақ атқан еді. Күздің күні ұзақ сұр дала мен құла тартқан адырлардың үстіне қып-қызыл шапақ атты. Қанды сәуле шашқандай. Осы шақта нәрлі шалдың үйіне Бізғұтты мен Әмір кеп кірді. Жас жігіттің өңі құп-қу боп ағарған, жағы солып, екі ұрты көлеңкеленіп тұр екен» [40. 448.]

Қаны қарайып, ашуланып отырған Құнанбай үйіне кіріп келген Әмірдің психологиялық сипаттамасы осылай бейнеленген. Автор бұған табиғат пен мезгілді сәтті сәйкестірген. Үмітей мен

Әмір арасындағы махаббат қасіретіне Құнанбайдың теріс бата беретін оқиғаны автор табиғат көрінісімен астастыра суреттейді. Адам мен табиғат арақатынасының диалектикалық заңдылығын суреткер туындыда тамаша тоғыстырған.

«М. Әуезов романында кейіпкерлердің әр кездегі ахуалына психологиялық жанама желі тәрізденіп, пейзаждық бояулар қатарласа келтіріледі. Бұл көркем тұлғаның әсерін, шыншылдығын арттырады» деп Р. Бердібай орынды бағалаған [16.42.]. Пейзаждық сипаттаулар кейіпкер көңіл-күйімен үйлесім табумен кейде болатын оқиғаның, жағдайдың елесі, нышаны сипатында да көрінеді.

Аппақ таңның сұр дала мен құла тартқан адырларға қызыл шапақ шашуы да – үйреншікті көрініс. Алайда жайшылықта құлпыра төгілетін қызыл шапақтың «қанды сәуле шашуы» – жаманшылық хабары. Ағарып атқан таңның түңілігі жабулы үйге көкшіл сәуле тартып кіруі бір сұмдық жасаларын сездіртеді.

Қыстың аязы мен қарлы боранында адасып жүрген жандардың қам– қарекеті, үміті мен күдігі романдағы адамның табиғаттың тосын жағдайымен бетпе-бет келуіндегі сюжеттен көрінеді. Қиыршықтап жауған қар саябырси бастаған кездегі: «Басылды, білем! Күн жарықтық бізге болысайын деді ме?» деген Шәкенің атты тынықтырып, ақылдаспақ ниеті де тығырықтан жол іздеу амалын аңғартады. Күн жарықтық деген ұғымның өзі халқымыздың ежелден. Күн тәңіріне табыну нышанын білдіреді. Қыстың қатты суық күнінде, боранды күнде адасу – азап сор. Мұнда үміт пен күдік қатар жүреді. Адамның ақыл, жігерін, төзімін шындайтын ауыр шақ. Осы бір қиын да қатал өмір сабағы шығармада шынайы да шебер бейнеленген.

«Бұл шақта қыстың қысқа күні батуға таяған еді. Күннің бұлыңғырынан ба, жоқ ымырт таяу ма, әйтеуір, айнала боран басылғанмен, болжап болмастай қою сұр мұнар қоршауында тұр.

Үмітшіл көздер ойда жоқ жерден қарауытқан қыстау көргендей болады. Немесе жақында шашпырап жайылған ірі қара мал сияқты бір нәрселер қарауытып, бадырая қалады. Бірақ осыны әрқайсысы жеке-жеке байқаса да, жолаушылар анық сенген үнмен айта алмайды.

– Әне біреу не?

– Мынау қарауытқан немене?

– Мына жағымызда бірдеңе қалып бара ма? – десіп, бірін-бірі алаң етісіп, әр жаққа аласұрып келеді»[40.473].

Авторлық баяндау мен диалогта айналаны қалың тұман басып, сұр бұлт қаптап, ненің не екенін болжау қиындығы нақ көрсетілген. Диалогта адамның айналаға алаңдап, әр нәрсеге үміттенуі нанымды сипатталған.

Табиғаттың алай-дүлей кезіндегі осы бір адасу, тығырықтан шығу сюжеттегі жағдай мен әрекеттің бояуын калыңдата түседі.

«Бұларды кеш мұнары, күн тұманы алдап қана жұбатқандай болады. Елді көксеп, дауылды даладан қажыған көңілдерге адам мекені соншалық ыстық болса да, амал жоқ. Қора-қыстау, мал-жан сияқты боп көрінгеннің бәрі де басқа нәрселер болып шығады. Кейде жақын төбенің, аппақ боп аспанмен тұтасып тұрған ұлы бейнесінде қарауытып көрінген болымсыз жақпар тас қора сияктанады екен. Қалың қар ішінен қылтанақ бойы зорға асып көрінген түбір-түбір, тал басы, шеңгел, қарағай, тобылғы бастары бұлардың көзін алдайды екен.

Жел тынып, бағанағы қатты суық саябырлағанмен, айналаны болжай алмаған жүргіншілер көңілге үміт ала алмай келеді. Өйткені әлі күнге жүріп келе жатқан жерлері қай тұс екенін дәлді білген, анық көңілі сенген ешқайсысы жоқ» [41.].

«Оңаша ауыл. Жайлауға барлай, елсіз жайқын Ералы мен Ойқұдықта қалған. Бұл күнде сарғайған, жым-жырт құлазыған далада, ұмыт қалған бір үзік – бір шоғыр ғана тірліктей. Өмір – байлықтың азғантай белгісіндей. Айнала қыбыр етпес, мәңгі үн қатпас иен дала, сар дала. Ол үнсіз даланың ертегісіндей боп, шыны емес, бұлдыр мұнар ертегісіндей боп, ашық ыстық күнде бұлың-бұлың етіп буалдыр ойнап тұратын көк сағымы бар. Қазірде Абай өзінің аулы отырған тұсы осы-ау деп, Ойқұдық даласына қараса, сол көк сағым неше түрлі құбылып, көзбен ойнайды. Сар даланы, «меніреу, ессіз жапан тұз, құла тұз» дегізбей, тірлікке, ғажайып заттарға толтырады. Жұмбақ жан иелеріне толы деп танытқандай... Сағым алдайды. Сағым – қиялдай. Жоқтан жұбаныш, алданыш тудырады. Біресе Ералы, Ойқұдықтар ұшы-қиыры жоқ көк күмбезді шаһарға толғандай. Бейне көк сарайлар орнағандай. Біресе, кейбір қара шоғыр жерден үзіліп, жұмырланып, көк аспанда мұғаллақ тіршілік еткендей. Мал ма, әлде қараған, шеңгел ме? Аса бір көп шашыранды шоғырлар,

сол алыс көк тұманды көкжиек ішінде ерсілі-қарсылы ұйтқи жүреді. Бұлаң салып, қараушыны өзіне тартып, «мұнда-мұнда лап» шақырғандай. Қадалып, қоймастан шақырғандай.

«Қиял деген, үміт, сағым деген осы-ау! Дәл соның көзге көрінген ойнамалы, айнымалы кескіні осы-ау!» дейді Абай. Елсіз жапанда жалғыз қалған жанның, сол жалғыздығымен ойнаған алданышты тамашалайды. Бірақ бұл жолы осынау жалған дүние ішінде, елсіз дала арасында жалғыз ауыл қалған – өзінің кішкене аулы. Ондағы кішкене балаларын, жалғыз жас жарын, аяулы, көрікті жарын Абай үлкен бір жанашырымен сағынып, аяп, еске алады» [41. 431.]

«Көк тұманды көкжиек ішінде ерсілі-қарсылы ұйытқи жүрген көк сағымның мен мұнда лап шақыруы да» Абайды жаңа ойға, жаңа іске бастағандай. Абай қиялы қандай кең, арманы қандай шексіз, арналы, үміті қандай зор. Ақын көзіне «Ералы мен Ойқұдықтар ұшы-қиыры жоқ көк күмбезді шаһарға толғандай, бейне кок сарайлар орнағандай» болып көрінуі қиял құштарлығынан туған ой ма, елес пе?! Осынау сырлы, сұлу суреттемелердің тереңіне бойлап қараңызшы. Жазушы Абайдың ой, арманы, қиялы арқылы тәуелсіздікті аңсап тұрған жоқ па?!

Құдыретті Мұхтар дана! Ойларың қандай шуақты болса, аңсар-мұратың қандай қуатты еді! Ойқұдық даласындағы көк сағым неше құбылып, көзбен ойнаса, бүгін сол Абай өсіп, есейген сол өңірден таралған көк сағым байтақ далаға тәуелсіздік сағымы болып кезіп кетті. Сар дала – Сарыарқада көк күмбезді шаһарың Астана тұр. Жан-жағына жараса шоғырланған көк сарайлы қаншама қала бар. Ұлы Әуезовтің кереметтілігі, көрегенділігі, көріпкелдігі осынау сырлы сюжеттерінде көрініп қана қоймай, дәйекті детальдармен алдағы көз көрмес дәуірмен дәнекерлесіп, қиялы шындыққа, елесі болмысқа айналғандай. Жазушы осы бір көк сағымды Абай, қиял, үмітімен астастыра келе, Абайдың жалғыз, көрікті жас жарын, кішкене балаларын Абай мен Әйгерім балаларына баруға әзірленіп, жолға шықпақ болғанда адырға кіріп ұзап кеткен екі атты әкелуге кеткенде Абайдың ызаланып күткен кезі табиғат көрінісімен салыстырыла алынған.

Әдетте жазушылар табиғаттың қандай да бір көрінісін суреттегенде өзі жақсы білетін, ой-қиялына берік ұялаған мезгілін, мезетін алады. М. Әуезов – табиғаттың тамыршысы, оның бар бояу

реңкін ғана емес, әрбір сәтін, көрінісін көзге, елестете, көңілге әсерлендіре сипаттайды. Мәңгі үн қатпас, қыбырсыз айнала, кең дала, сар дала құлазып қана қоймай, көңілді де жабырқатып жібереді. Бір қарағанда бұл сурет тәрізденеді. Абайдың Ойқұдық тұсына қарауымен неше құбылып, бұлың-бұлың етіп буалдыр ойнаған көк сағым осынау қозғалассыз әлемге жан бітіріп, динамика дарытқандай. Көзбен ойнаған көк сағым – суреткер түйсігіндегі қиял, арман, үміт дүниесінің бернелеу үлгісі сияқты. Көк сағым – Абайдың алыс болашаққа көз тігіуі, елінің ертенін ойлаған ғажайып қиялы, үзілмес үміті.

«Ұзарып өскен сарселеу оннан сокқан баяу жел астында тынымсыз қозғалады. Күміс толқын бетіндей боп, кейде жалтырай түсіп, сәл сыбырлай ғана, болымсыз жыбыр қағады. Көзге ілінер-ілінбес жиі толқын. Жаңа жібек жүзіндей, үнемі тынымсыз құбылған ақ теңіздің жүзі жатыр. Күз тақау болғандықтан, бетеге – бурыл, көде – сарғыш. Көктемде жасыл желек, көк шашак атқан сасыр, қурай да қазір қызара сарғайған. Семіп солған реңімен өтіп жатқан дәуренді, семіп қалған өмір-тілек дәрменсіздігін дәлелдейді» [41. 432.].

Ұзарып өскен сар селеудің оннан сокқан баяу жел астында тынымсыз қозғалуы, бетегенің буырыл көденің сарғыш тартуы күздің таяғанын байқатады. Осындағы «Көктемде жасыл желек, көк шашак атқан сасыр, қурай да қазір қызара сарғайған» деген сөйлемді алайық. Бір сөйлемде 4 бірдей түс бар. Табиғаттың үш мезгілінің түсі және сын есімдік сарғайған етістігімен аяқталған. Жазушы уақыттың өтпелілігін осылай түстердің өзгерісімен шебер кескіндейді. «Семіп солған реңімен өтіп жатқан дәуренді, семіп қалған өмір-тілек дәрменсіздігін дәлелдейді» деп Абайдың ой-қиялын табиғат көрінісімен әрі ішкі сезім толғанысымен сабақтастырады. Яғни «солған реңді дәурен», «өмір-тілек дәрменсіздігі» де халықтың өткен дәуреніне ой көзімен шолу тәрізді. Ендігі жаңа заман қандай өзгеріс әкелмек? Бұл Абай қиялымен жетеді, Абай аңсары болып ұшқындайды.

Сар селеудің оннан сокқан баяу жел астында күміс толқын бетіндей жылтырай түсіп жыбыр қағуы да тынық, тұнық айдыңның көркем көрінісін көзге елестетеді. Жаңа жібек жүзіне теңелуі қандай әдемі. Жібек сусып төгіліп, құлпырып жайнап тұрады. Ал

сол көріністің бір сәт «тынымсыз құбылған ақ теңіздің жүзіндей» болуы дала табиғатын теңіз көрінісімен ұтымды алмастырған соны суреттеме. Аңдай бермейтін нәзік бір әсемдік әлемі. Ол ақындық сезімге ғана көрінетін құбылыс. Есте қалған әсерлі сәтті көркемдік елестетумен қағаз бетіне түсіре білу керемет шеберлік! Абайдың Ойқұдықта Ералымен оңаша ой кешуі табиғат та, ішкі жандүниелік тартыс та, көңіл-күй көрінісі де авторлық сипаттаумен әрі монологпен әсерлі суреттеледі.

«Алыста қоңыр көкшіл тартып, бүк түсіп жатқан алыс адыр Шолақтерек көрінеді. Ойқұдықтың қала жақ алдындағы, қара жол асатын ұзын жота, ақ қайқан – Қасқабұлақ. Шолпан адырлары көрінеді. Бәрінде де елсіздік. Өлі дүниедей үнсіздік, сарылғандық бар. Абай өзінен-өзі жетімсіреп, жүдеулік сезеді.

Иен дүние, түл дүние сырына бой ұрсаң, шынайы жалғыздықты қатты ойлатады. Ол жалғыздық Абай осы орыннан аса бір терең, өткір түрде таныды. Жүрегін шанышқандай, қатты сезінді. Алдағы аулын, ондағы барлық жандарын тағы да, аяп, асығып кетті» [41. 432.].

Жазушы алдыңғы мәтінде Шолақтерек, Қасқабұлақ, Шолпан адырларындағы елсіздікке елегізіп, жетімсіреп, жүдеулік сезген Абайды таныстырады. Осынау кең дала, жота-адырлардың иесіз, елсіз кейпіне қарап, жалғыздықты сезінуі де көңілге бір түрлі мұң салады. Елсіздіктегі өлі дүниедей үнсіздік, сарылғандықпен қоса, осынау дала көрінісі мен қаяулы көңілі керемет суреттелген. Табиғат құбылыстары мен адамның ішкі жандүниесінің астасуы психологиялық толғаныспен берілген. Абайдың жүдеу-жадау көңіл-күйі, құлазыған жандүниесі табиғатпен ортақ арна тапқан. Оқу да ауыр. Абаймен бірге оқырман жаны да жабырқап, жалғыздықты бірге тартқандай күй кешеді. Осынау жалғыздық, күйзелу монологтарда айқындалады.

«Отырыста Абай бірталай ыстық сезімдерін қорытады. «Осындай иен, елсіз сахараны отан, мекен еткен қазақ халқының көрнегі жүдеу ғой! Үлкен елсіз дүние ішінде анадай аз ауыл, шарасыз жалғыз ауыл болып отырғаны мынау. Қазіргі қазақ жайылған жердің бәрі осы. Бәрінде ел аз, иесіздік мол. Іргелі мекен, өнерлі шаһар жоқ. Алты айлық құла тұз, құм сахаранда сараң қатынның кең дастарқанға шашып тастаған бір екі бауырсағындай шашылған панасыз ел ғой» дейді. [41. 432.]

Ақынның ішкі толғанысы осынау психологиялық иірімді толқын-толқын оймен таркатады. Ақын «жүрегiнiң шанышқыдай сезiмде болуы» – елсiз, кең даланы отан, мекен еткен халықтың болмыс-бiтiмiнiң, тұрмыс-тiршiлiгiнiң жұтандығы мен жүдеулiгi. Жалғыз-жалғыздан не болмаса шағын ауыл болып шашырап отыруы. Кең байтақ даланы мекендеген қазақтың аздығы. Кең далаға иелiк етер жұрттың жетiспеушiлiгi. Ең бастысы – «iргелi мекен, өнерлi шаһардың жоқтығы». Абайдың қабырғасын қайыстырып, жанын жабырқататын жай – халқының ауыр ахуалы. Тiршiлiгiнiң баянсыздығы. Тұрмысының төмендiгi. Өзге ұлттармен салыстырғанда өркениет әлемiнен кеш қалып қоюы. Жазушы осы тұста Абайдың парасатты азамат қана емес, ел келешегiне кемел көз тiгiп, ендi қалайда жұрттың iлгерi тартуға, көзiн ашып, көңiлiн оятуға деген ұмтылыс-ниет нышанын сездiредi. Автор ақынның тұлабойындағы қайраткерлiк сипаттарын танытады. Абайдың iшкi ой буырқанысынан жарып шыққан «Алты айлық құла түз, құм сахаранда сараң қатынның кең дастарханға шашып тастаған бiр-екi уыс бауырсағындай шашылған панасыз ел ғой» дегенi де ызалы ашу, долы тiлден шыққан жандүние жалыны, келер күндерге ұшқын атар үмiтi, көкейге келген арман-аңсары тәрiзденедi. Қаламгер Абайды қалың қазақтың қамын жеп, болашағы жолында батыл күреске бет бұрған ұлт күрескерi сипатында бейнелейдi.

Эпопеяда мезгiлдiк пейзаж кейiпкер көңiл-күйiмен, ой ниетiмен, iс-әрекетiмен ұштасып жатады. М. Әуезовтiң көркемдiк әлемi қандай кең, ойы қандай шалқар, тiлi қандай бай, әдеми де мәнерлi. Кестелi де көркем тiлмен бейнеленген табиғат көрiнiстерi сан бояулы, алуан ренктi, соншалықты терең сезiммен кең тыныстап окисың. Ол – үлкен психолог суреткер. Адам жанының нәзiк иiрiмдерiн, iшкi жандүниенiң қатпар-қалтарыстарын ой-таным сәулесiмен кезiп, әркiм байқай бермейтiн бiр құпия сырларын, мiнез бiтiмдерiн, қасиет ерекшелiгiн қапысыз тауып, анық аша бiледi. Жазушы адамның жандүниесiн сезiну, түйсiну, ойлау, толғану ерекшелiгiн, көңiл-күйiн табиғат көрiнiсiмен, мезгiл құбылыстарымен астастыра бiледi. Бұл – аса талантты, iрi жазушыларға тән өте сирек ерекшелiк. Абайдың туған жер төсiндегi кешкi шақтағы қырда сейiлдеуiн суреткер табиғаттың көрiнiсiмен, мезгiлдiк құбылыс сипаттарымен сабақтастыра

бейнелейді. Ұзақ та болса осынау авторлық баяндаудан кейіпкер ой толғанысы сезіледі.

«Ал сонымен қатар күнбатыс жақтағы Қыдырдың қоңыр адырлары, әсіресе Шұнайдың қазір көленке басқан теріскей беттері өзгеше бөтен бір дүние тәрізденеді. Қатпарлы қалың адырлардағы кеш көленкесі өмір кешіндей сезіледі. Салқындап, карауыта түсіп, өтіп кеткен ауыр дәурендей, сол өткен қазалы ауыр күндер ізін сақтағандай. Тек қана суық түсті өгейлік, нәрсіздік, өлімге бейім суық күйлер танытады. Өзгеше бір тұлдыр, тұнжыр өткен шақ бейнесі боп, елес етеді. Қазір күн астында жарқырап тұрған Қарауыл, Көкқайнар биіктеріне жанағы суық көленкелі быжырық бетті батыс жақтағы төбелер, күдік пен сұмдық баяндап тұрғандай.

Ол таулар тұтасымен сенімсіз күдік тауы сияқты. Енді бір сәтте жаңағы жарқыраған күнес күнгей беттері де аз-аздап жайылған, көленкелі ажымдар көрсете бастады. Бұдан да енді шұғылалы күнмен, қоңыр көлеңке көкшіл ажым кезектесіп таласыпты.

Сәтпен жаманат боп тайталаса бастаған. Енді біраз тұрғанда Абай көзі тағы да жылжып өтіп, әр сәтін айқын танытып бара жатқан бейуақ мезгілін аңғарады. Кеш жөніп келеді. Көленкелер тұтасып барады.

Абайдың бұрын бір шақта «Мұнды көңілім сырласар сұрғылт тартқан бейуаққа!» дейтін шағы келеді. Қазір сарғыш сәуле, жұқалаң алтын жалатқан қаймақ сары қабақта ғана сезілгендей. Бөлек ұсақ адыр да батыстағы қоңыр-көкшіл көленкелі таулардың реңіне ауысып келеді. Бейуақ дүниені қоңыр тарттырып, жүдете берді. Енді әлгі бір әзірдегі майда салқын самал да қоңыр салқын желге айнала бастады» [41.515].

Күн батқандағы, көленкелер ұзарып, кеш түсе бастағандағы Абайдың табиғат аясында сейілдеуін жазушы ішкі жандүниесімен астастыра бейнелеген. Өйткені, күнбатыс жақтағы Қыдырдың қоңыр адырларында, Шұнайдың көленке басқан теріскей беттерінің өзгеше дүние көрінуі Абайдың ой, сезім әлеміндегі өзгерісті, мазасыздықты, көңілсіздікті сездіртеді. Жазушы күнбатыс, көленке, кеш сөздерін тірліктің ақырғы шақтарындай ұғындырады «қатпарлы қалың адырлардағы кеш көленкесінің өмір кешіндей сезілуі де» көңіл-күйге әлдебір күйзелу, мұндану әкелгендей. Осынау сипаттауларда салқындап, карауыта түскен

өткен күндер елесі ойға оралады. Өйткені ол – қазалы ауыр күндер ізін сақтап қоймай, өлімге бейім суық күй танытумен де өткен ауыр шақ. Абай елесінде бір тұлдыр, тұндыр бейнесінде. Тіпті күн астында жарқырап тұрған Қарауыл, Көкқайнар биіктеріндегі батыс жақтағы төбелер де суық көлеңкелі, күдік пен сұмдық хабарындай. Осыған жазушы Абайдың көңіліндегі қаяу мен жан әлеміндегі шер-мұңды астастыра келіп, мына ауыр шақты ой таласына ұласқан кезекті жыр жазуға сабақтастырады. Шұғылалы күнмен, қоңыр көлеңке, көкшіл ажым кезектесіп таласуы да өгіп бара жатқан өмірдің енді нұрлы шағына қайта келмейтін өкінушілігін сездіргендей. Осынау сұрғылт та суық кешті жазушы нақты көркем детальмен түйіндейді: «Кеш жеңіп келеді», «Көлеңкелер тұтасып барады». Осының бәрі де ақынның «Мұңды көңілін сырласар сұрғылт тартқан бейуаққа!» деген шағымен үйлесім тапқан. Табиғаттың кешкі шақтағы осынау көңілсіз де күйкі көрінісін көңіл-күймен үйлестіру – керемет шеберлік. Бұл бір жағы пейзаж, бір жағы – психологиялық сипаттау. «С а р ғ ы ш сәуле, жұқалау алтын жалатқан қаймақтың сары қабақта сезілуі» батып бара жатқан күннің себезгілеп, сөне бастаған сәулесін еске салады. Бұдан кейінгі сөйлемде жазушы қоңыр сын есімін қайталаған. Бөлек ұсақ адырдың батыс жағы қоңыр-көкшіл көлеңкелі таулар реңінде ауысуында қолданылса, екіншісінде ымырт үйіріле бастаған шақты бейуақ дүниені қоңыр тарттырып, жүдете берген көрініске айналады. Тіпті осынау шақты соққан жел де Абай үшін өзгеше. Әзірде соққан майда салқын самалдың қоңыр салқын желге айнала бастауы – жандүние жабырқауын, өмірден түңілуді білдіреді. Айтушы ұғымында: Абайдың туған жермен сырласуы. Таулар да, қыр-жоталар да, сай-салаларда Абай көзіне ыстық, қуанышты елес береді. Ол өмірдің бірталай биік беліне шыққан да, өткен дәуреннің қайғы-қасіретін, мұң-наласын есіне түсірумен бірге, қуаныш-қызығын да бір сәт ойға алып, екіұдай көңіл-күй кешкендей.

Жазушы Абайдың туған жерімен үнсіз тілдесіп толғануын екі сөйлемге сыйғызған. «Абай осы сәтте бұл дүниені өзіне де бір соны болған жаңа оймен шолып, бағып, тұрған. Жер, туған жер, ең толық, ең мол сырлы өзгеше әңгімеші екен» деп тиянақтайды. Атамекенге туған жер төсіне сағына барған сәтте онымен үнсіз, тілсіз сырласып кеткендей сезімге енесіз. Әсіресе жас келген кез-

де әр тас, әр бұлақ, әр қыр, сай, күз-кия өткеннің елесін алдыға тартады. Қиял құштарлығымен қабылдайсың, жай елес емес, кимас, қымбат көрініс болып ойға тұнады, өткеннің әркім байқап білмейтін осы бір мезеттерін, табиғат пен адам арасындағы нәзік катынасты автор сезімталдықпен айқын ашады.

Абай, Баймағамбет, Шәке бастаған топтың қыстың суық күнінде ақ боранда, қатты аязда адасуы табиғаттың сан түрлі мінезін, мезгілдің, табиғаттың әралуан құбылыстарын көзбен көріп, көңілге берік түйген зерделі, зерек сөз зергерінің терең танымын байқатады. Жолаушылардың қатал табиғатпен бетпе-бет келгендегі әрекеті де, қиналып, қысылған мезеттегі ой елесі де соншалықты нанымды да танымды суреттелген. Қарлы дауылдағы, елсіз меніреу дала Абайды да қалың ой құшағына алады. «Құлаққа беймаза боп ысқыра сокқан жел көп бөрінің баспана іздеп, жас қан іздеп қосылып, ұлығанына» теңестірілген.

«Сондай ұлыған қарлы дауыл астында, елсіз меніреу дала, Абайдың өзі туып-өскен сахарасы болса да, қазірде соншалық мейірсіз, қатал, өгей анадай. Кеше ғана балалығы мен жігіттік жастығының жасыл шөбі сарғаймас алтын бесігіндей болса, сол қызықты қан жайлау қазір суық қабір ызғарындай, аздап, қырауытып тұрған тас табытындай» [41.472].

М. Әуезов табиғатты адам көңілімен, сезімімен, жан күйімен салыстыра суреттейді. Көңіл қуанышындағы, жан жадырауындағы табиғат әлемінің әсерін бейнелеуі де ерекше. Алайда айдалада адасып, суық пен аязда тонып, жабырқап, шаршап жүрген көңіл-күйдегі табиғатты көзбен көргендей, бастан кешкендей суреттеу онай емес. «Жастығының жасыл шөбі сарғаймас алтын бесігіндей, қызықты қан жайлаудың бір сәт суық қабір ызғарындай, аздап, қарауытып тұрған тас табытына» теңелуін оқу да, елестету де ауыр. Жазушы сол бір қиын-қыстау шақтың көрінісін қыстың осындай бір ауыр шағымен өзектестіре шынайы кескіндеген. Сол бір қатал табиғаттың аязды бұрқасын мен қатты суықта тонып, жүрісі өнбей, әбден қалжырап, шаршаған адам сезімін үлкен психологиялық ерекшелікпен суреттелген.

«Осы сәтте бұл ұзақ бейнетті ауыр шақтарда дүние деген бір-ақ уыс. Ұйытқыған қарлы боран ішінде, тек бір-ақ ауылдың қотанындай ғана. Дүние сонша бүрісіп, алай-түлей ішінде кішірейіп, тарылған, астаң-кестенге түскен. Бұл дүниеде аспан

деген, жер деген, тау-су деген, өлке-жота деген айырма да, бітім, жаратылыс та жоқ сияқты. Бұның Абай ұққан аты қазақша емес, орысша кітаптардан ұғынған екі сөзге дәл келеді. Бір – хаос, бірі – стихия. Әлдеқандай кітаптардың айтуында дүние пайда болғанда, ең алғаш осындай алай-түлейден туса керек. Ыстық судың қайнап ойнағанындай. Не тулаған теңізде тау толқынының көбігін аспан атып, шапшып құлағанындай. Сол толқын ішінде ажал жүзін сәт сайын күтіп келе жатқан кісіге де дүние осындай бір-ақ уыс болса керек»[40.472].

Ұйытқыған жан-жақтан қамап тықсырған алай-түлей борандағы бағыт таппай дағдарып, адасып, бейнеттеніп жүрген адамға дүниенің қусырылып тарылатыны да анық. Өйткені, қарыс қадам бассан, ақ-түтек боран көз аштырмайды, көз үйірген әсем өңірдің бар келбет-көркін жасырып, тұмшалап тастайды. Осы тұста жаратылыстың аласапыран сәтін, астан-кестең көрінісін Абай көзімен елестете отырып, автор оны кейіпкер көзқарасымен сараптайды. Ақынның орысша оқыған кітабындағы хаос пен стихия ұғымын қатар алу арқылы жазушы табиғатының қатал мінезімен бетпе-бет келген шақтағы ақынның дүниетанымын, ой тереңдігін алға шығарады. Бір-ақ уыс ұғымының мәнін тағы да тереңдете түседі. Мынау қоршаған ортаның алғаш алай түлей сұмдықтан кейін пайда болуын ойға салады. Жаратылыстану ғылымының заңдылықтарын негізге алып, судың қайнағанын, тулаған теңіздегі толқынның көбігін аспанға атып, жаншып құлаған жойқын шағын көзге елестетеді. Бәлкім осы бір пейзаждық-психологиялық суреттемені жазған кезде ғұлама ойына атақты теңіз табиғатын бейнелеуші Айвазовскийдің «Тоғызыншы бал» т.б. суреттері оралған болар. Бәлкім, талай оқыған кітаптарындағы табиғаттың қатал, қатыгез, қайырымсыз мінезінің адамзатқа аяқасты ажал апатын төндіретін тұрлаусыз сәтіне тереңдеп ой жіберді ме екен!

Абай бастаған топтың айдалада адасқан азапты, ауыр, аянышты шағын оқығанда жаныңыз жабырқап қалады. Қыстың қатулықаһарлы уақытындағы адасу оқиғасы романда бірнеше беттерді қамтыған. Бір ерекшелігі табиғат пен адамның қатерлі, қиын сәтте бір-бірімен арпалысқа түсуі соншалықты танымды, нанымды суреттелген. Әрбір сөйлемге мән бере қарасаныз, адам мен табиғат арасындағы үнсіз-тілсіз айкаста, тартыста, көпшіліктің

қажыр-қайраты, ақыл-ой қуаты, төзімділігі мен табандылығы, алғырлығы мен айлакерлігі сынға түседі. Дүлей табиғаттың ауыр да азапты шағын бастан өткерген жан дәп бір оқиға ортасында жүргендей сезінеді. Сезіндіретіні, иландыратыны – көркем тілмен шынайы баяндалған оқиғаның дәл суреттелуі ғана емес, соның ортасында жүргендейсің.

Табиғаттың тосын құбылыстарын, стихиясын суреттеу шеберлігінде шек жоқ. Айдалада адасып, әрбір қарауытқан «әсерге үміт артып, дәмеленіп келе жатқан топтың сол бір қиын-қысталаң шақтағы жағдайын шебер суреттеген. Табиғатты жақсы білетін, әр мезгілдегі ауа-райындағы өзгерісті, қоршаған ортаның тіршілік-тынысын, түрлі құбылыстарын ойға терең тоқыған, өз басынан өткерген суреткер соншалықты нанымды сипаттай алады. Абай бастаған топтың аязды, тұманды, суық күнде далада адасуы адам мен табиғаттың арасындағы толассыз күреске ұқсайды. Адам тағдыры сынға түскен, бір үміт пен бір күдік алмасып, табиғаттың тосын, тәкаппар мінезімен бетпе-бет келіп, қалайда тірі қалу үшін, тартыс айрықша суреткерлік танымды, үлкен психологтық қабілетті аңғартады.

«Еңісте» тарауының басталуы да табиғаттың бір тамаша мезгілі көктемнің келуімен сәйкестіріле суреттеледі. Көктемнің сәске кезіндегі бар көрінісі бояу, үні сыршыл суреткердің жүйрік қаламынан төгілген сөз өрнегі құдыретін танығысы келген әр адамға Әуезов әлемі алуан қырымен жарқырай ашылады. Изен, жусан, жас бетегенің қосылған жұпар исі бір мастандырса, шырылдап ұшқан бозторғайдың үні де көңілді елітіп, еркінді алады. Бозторғай үнінің аспанға ілінуі, қадалып қырық құбылуы да көктемгі көңілмен жарастық тапқан. «Дүниенің ең бір жазықсыз, аңқау ұнпазы өз жұбайын шақырам деп, кішкене сырын кең тау-тасқа паш етуі де» – сырлы суреттеме. Көкекті – ұнпаз деп ерекшелеу өз алдына, оның үздіксіз өз атын шақыруының адам баласы байқай біле бермейтін құпиясын жариялап тұрғандай. Үйректердің сыпсың қанат қағысы, сарала қаз бен итала қаздың үн салуы да кітап оқып отырған Абайдың көңіл көзіне ұялаған көктемнің керемет көрністері. Романда Абайдың осының бәрін көзбен көріп, күнделікті тамашалағаны да ойымен сипатталады.

Енді бір сәт жазушы жер жиһан жарасымдылығына жаңаша бір үнмен жарастық қосқан құстардың ән-әуезінен көңіл шатты-

ғын сездірсе, енді бірде ойды ойнақтап, үркектеп секіріп жүрген жас төлдерге бұрады. Қозы-лақтың болымсыз себептен үркіп, ұйытқып, безіп, әрі-бері топырлап жүгіруі де айналаның сәніне сән, әніне ән қосқан сипатта. «Жас буынның өз тірлігін үрке сүйі» де мал баласының жасқаншақ, алаңғасар, аңқау, аңғал болмысынан сыр ашады. Дүниеге пәк сезіммен, таза ниетпен қараудың бір үлгісін сездіреді.

Жамыраған қозылардай балалардан жаппай сауат ашып жатуы да мынау көктемгі тірліктің бір ерекшелігі болып сезіледі.

Кітап оқып отырып, әлсін-әлсін сондағы ойлы сөздерді санада сан сараптап, салмақтап анда-санда бір тәтті ойға берілген, айналасындағы дыбысқа да, жұпар иісіне де аса зер салмай, есіл-дерті кітапқа ауған Абай сипатталады Абайдың кітап оқып отыруы да жаңа тірліктің жаңалығындай сезіледі.

«Есігі түрулі, түндігі шалқия ашылған кең үйге көктем сәскесінің бар тынысы, бар үні мол кіріп тұр. Биік төсек жанында дөңгелек үстелге шынтақтап оңаша ғана отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлы.

Таласа, жарыса білінген изен, жусан, жас бетеге иістері де күншуақты салқын сәскенің қош лебіндей. Шырылдап ұшқан бозторғай үні бір кезек үй үстіндегі аспанға ілініп, қадалып, қырық құбылады.

Ақшоқының жақын сайларынан анда-санда үн қатып, көкек шақырады. Үнемі жауапсыз сұрағын қайталай қадалтып, сұңқ-сұңқ етеді. Дүниенің ең бір жазықсыз, аңқау үнпазы өз жұбайын шақырам деп, кішкене сырын кең тау-тасқа да паш етеді.

Кейде жақын жердегі кең жайылым – «Қорықтан» адырға қарай шеттей ұшқан топ үйректердің сыпсың қанат қағыстары естіледі. Ұяны сай тастан, інді моладан салып ап, жұп-жұбайлы күндерге жаңа ауысқан сарала қаз, итала қаздар үн салып өтеді. Абай кітап оқып отырса да, көктемнің осы сияқты көп алуан жаңа тірлігін үнемі қатар сезеді. Ойлай сезеді.

Үй жанынан кішкене, шымыр тұяқтарымен шапшан дүбірлеп, топыр салып, жас қозы-лақтар жүгіріп өтті. Бір болымсыз себептен үркіп, ұйытқып безгендей. Әлі өмір танымайтын жас буын өз тірлігін үрке сүйеді. Көрші үйдегі осы қозылардай, оқушы балалардың да жамыраған үні Абай құлағына оқтын-оқтын естіліп қалады. О да адам көктемнің жас төлді, балапанды тірлік үні.

Абай кітабын оқи отыра, даланың кей дыбыс, иістерін үстірт қана сезінсе, кейде оңай оралған қатар ойды жаңағыдай ойлай да отыр.

Еңсесі биік отаудың оң жақтағы тұскиіз, шымылдығына шаңырақтан түскен күн сәулесінде көктемдік, жаңа ашық рең бар. Таза сыпырылып, таза жиылған оңаша үй Абай көңілін көтеріңкі етеді. Өзіне-өзі тиген еркін шақта, жас жасау, жарастықты жана көктемді үйден, тыстан бірдей сезіп, өзінше бір қуанышпен тыныс алады» [41.364].

Алдымен шалқия ашылған кең үйге көктемнің түскі мезетінде дөңгелек үстелде шынтақтап оңаша отырған Абай таныстырылады. Көкте сәскесінің бар тыныс, бар үні мольнан кіруі де шалқия ашылған киіз үй алдынан айшықталып, ажарланып тұрған қыр табиғатын алдыға тартады. Есіктен кірген самалдың жайлы болуы, қоңыр салқын әрі хош иісті, жұпарлы қыр гүлдері мен шөптерінің иісін әкелуінде. Бұл изен, жусан, жас бетеге иістері. Және ол «салқын сәске қош лебі» болып ерекшеленеді. Сонан соң «шырылдап ұшқан бозторғай үні, бір кезек үй үстіндегі аспанға ілініп, қадалып, қырық құбылады» деген сөйлем де, суретте, әуез де бітім тапқандай. Бозторғай үнінің үй үстіндегі аспанға ілінуі де – керемет көркем бейнелеу. Аспанды, оны жақындату мағынасында, яғни, шаңырақ үстінен көру арқылы осылай сипатталған. Бозторғай үнінің қадалып, қырық құбылуы да сондай әсерлі поэтикалық деталь. Құйқылжып тынбай сайрап, үздіксіз әуен төгіп, шырылдаған бозторғай үніне еріксіз елтіп кетесіз. Тыңдаған сайын, тыңдай бергіңіз келеді. Әсем әуен құлаққа құйылып, жүрекке жайылып кете барады.

Үй жанынан кішкене шымыр тұяқтары мен шапшаң дүбірлеп, топыр салған жас козы-лақтардың жүгіріп өтуі де жарасымды. Бозторғайдың шырылдауы, көкектің шақыруы, үйректердің сыпсың қанат қағысы, сарала қаз, итала қаздардың үн салып өтуі – жазушы тұжырымында «көктемнің бар үні». Бұған қоса козы-лақтардың топырлап жүгіруі бар. Сабак оқып отырған оқушылардың жамыраған үні де жанға жайлы. Өйткені, ол да айтушы ұғымында: «адам көктемнің жас төлді, балапанды тірлік үні». Осынау айналадағы көркем көріністер де, құстар мен жас төлдердің үндері де Абайдың ой әлеміне ерекше бір әсер еткен. Еңселі биік отаудың оң жақтағы тұскиіз, шымылды-

ғына шаңырақтан түскен күн сәулесінде, көктемдік, жаңа ашық рең де кітап қызығына енген Абайдың шат көңіліне шадыман қуаныш ұялатқан. Абай оңаша отырған үйдің таза сыпырылып, таза жиналуы да шығармашылық адамына деген ерекше бір ықыласты танытқандай. Абайдың жас жасаулы, жарастықты жаңа көктемді үйден, тыстан бірдей сезінуі де жыл мезгілінің айнала гүлденіп, көркейіп, жайқалып, жайнап, құлпырып, нұр құйып, ажарланып, жұпар иіспен баурап алған тамаша шақты және акынның кітап оқып, оңаша отырған шабытты шағын көрсетеді. Абайдың табиғат пен үйдің ішіндегі жасау-жабдығының сәнсалтанаты көңіл күймен жарасым тапқан. Әсерлі сәті Абайдың өзінше бір қуанышпен тыныс алуымен түйінделеді. Авторлық баяндаумен «кең үйге мол кірген көктем сәскесінің бар тынысы» деп басталған әсерлі суреттемені оқыған сәтте шығармашылық шабытты шағына енген Абай жанында отырғандай ғажайып бір сезімге бөленесіз. Айналаның көктемдегі сұлулығы сәні, құстың сайраған үні, жас малдың сүйкімді даусы табиғаттың тамаша шағы бір керемет әсерге баурайды.

Жазушының терең танымы, мол білімі, өмірден көрген-түйгенін жадына сақтауы кітап жазуға көмектеседі. Ал тарихи туынды жазуда өзінен бұрынғы дәуірлердің тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін бейнелеуде неғұрлым нақтылық болу үшін сол замандардың шығармасын оқу немесе көне көздерден естіген әңгіме өз жәрдемін тигізеді. Қанша дегенмен барымташылардың түнгі әрекетін суреттеудегі жазушы байқампаздығы, сезімталдығы, қиял кендігі, таным тереңдігі бірден білінеді.

«Бұл сәтте сойыл, шоқпар, найзалар білекке, аякка сүйреткен күйде емес, қолтыққа қысылып, қолға алынған. Немесе ердің қасына көлденең салынған. Найза, айбалталар оң аяқтың үзеңгідегі басына түп жағымен қойылып, ұзын бойларына оң қолда тікке шаншылып аспанға қарап қалған.

Көп жігіттер соғыс үстінде әр дыбысты андай отыру үшін, тымақтарының құлағын ішіне жымыра байлап апты. Түстері суық, артық сөз жоқ. Ендігі ақырын, шолақ айтылатын сөздер бұйрық қана. Қалың қолдың алдына ақ боз атты, ақ шекпенді, ақ елтірі тымақты Бесбесбайдың өзі түскен» [40.456].

Алғашында барымташылардың қару-жарақтары хабарланады. Әрқайсысының ат үстінде отырғанда ұстау тәртібі, ыңғайы көрсе-

тілген. Келесі сөйлемдерде барымтадағы соғыс кезінде әр сыбысты аңдау үшін тымақтарынның құлағын ішіне жымыра байлап алғандығы әрі оларға психологиялық әрі ситуациялық мінездеу берілген. Түстерінің суықтығы, артық сөз айтпайтын бұйрықтың өзі шолақ айтылатын сөздер екені, яғни қысқа да нақты іс-әрекетке қажетті сөздер жеткізілген. Қалың қолды бастап келе жатқан Бесбесбайдың бірыңғай ақ киінуіде қазіргі әскери тілмен айтқанда маскировка екені белгілі. Барымта бара салып, табын жылқыны алға салып қуып бағыт тарту емес. Онда да қарулы жігіттер бар. Жайдан-жай алғызбайды. Шайқасады, соғысады. Бір-бірін аямай ұрып, өлтіруге барады. Барымта құрбандықсыз болмайды. Жазушының соғыс дегені сол сұмдық. Мұнда бұйрық та келте, сөз де қысқа. Бұдан кейін ымырттағы табиғат бейнеленеді.

«Қол алдына кештің қоңыр салқын лебі білінді. Күндізгі жүрісте омырау қолтығы, құлақ түбі, шабы терлеген, бусанған жарау сәйгүліктердің жүрісіне мынау салқын жел қарсылай соғып, жеңілдік жасап, желік қосқандай. Кеш батуға айналып келеді. Көкжиек қоңыр-көкшіл қалың күңгірт бояуға ауысқан. Тек батыс жақ, әлі кешкі шапақ қызыл-көк арайынан түгел арылып болған жоқ. Қарауыта қызарған сол шапақ көкжиекке төмендеп бата түсіп, таусылып барады. Қолдың дәл бет алдында, шексіз ұзақ алыста кең созылған биік жота бар. Ол да бұл шақта көк барқын мұнарға оранып, аспанмен ұласып араласып, бояу қосып тұтасып барады. Тек окта-текте сол алыс көк-жиекте өте бір жырақтағы, шоқ қара бұлт тұсында найзағай жалт етіп қалады. Үнсіз бір ұлы жарық лап етіп, сәт сөнеді.

Жақын дала, еніс өлке әуелде жасылданып созылса, ымырт көлеңкесі қоюланған сайын бозғылданып, қуаң тартады. Жусан, изен, жауылша, тарлау иістері мен кей шалғындарда сиыржуа иісі кезектеп келіп сахараның шаңсыз, мөлдір таза ауасын сан иіспен құбылтады» [41.456].

Осынау кешкі табиғат көрінісін сүйсіне, қызыға оқисыз. Қайталап оқисыз. Сол кешкі далада өзіңіз де серуендеп жүргендейсіз. Сезіндіретіні – суреткердің бейнелеу шеберлігі. Кешкі мезгілдің әр құбылысын зердесіне тоқып, кестелі көркем тілмен көрнекті суреттеген.

Кештің салқын қоңыр лебінің күндізгі жүрісте құлақ түбі, шабы терлеген, бусанған жарау сәйгүліктердің жүрісіне

мынау салқын жел қарсылай соғып, жеңілдік жасаған. Аттардың мұншама терлеп, бусануы – күндізгі жүрістің жылдамдығын тым арттыруы. Өйткені барымташылар межелі жерге жеткенше асығады. Сонан соң айналаны көзбен шолып барар бағытқа қарай ымыртта тез аттанады. Желдің желік қосуы да – терлеген тұлпарларды сергітіп, салқындатып, жүрісін үдетуге сеп болуы. Кеш батуға айналып, көз байланған шақтағы табиғат өзгерісі көз алдымызда тұрғандай. Көкжиектің қоңыр-көкшіл қалың күнгірт бояуға ауысып, тек батыс жақтың кешкі шапақ қызыл-көк аралынан арылып бітпегені де мезгілдің аралық өзгерісін байқатады.

Кешкі күн батардағы мезгіл өзгерісі әсерлі бейнеленген. Сүйсіне оқисыз. Тіпті кең созылған биік жотаның көк барқын мұнарға оранып, аспанмен ұласып, араласып, бояу қосып тұтасуында зерек, зейінді, аса сезімтал, байқағыш, көреген көңіл ғана сезе алады. Кешкі табиғаттың тамаша шағын жазушы әбден жадына тоқып алғанба дейсің. Сонан соң көркемдік елестету кеңдігіне көзіңіз жеткендей. Сол алыс көкжиектегі, алыс жырақтағы шок қара бұлт тұсында найзағайдың жалт етуі нанымды. Сондай бір көз көрген сәтті көңілге кескіндей қояды. Найзағайдың жарқырауын да бір ғана сөйлеммен поэтикалық көркемдікте әсерлі берген. Үнсіз, бір ұлы жарықтың лап етіп, сәт сөнугі – қандай айшықты, қандай көркем! Қап-қара бұлт түтеп, алып мұхитта қарауытқан, тулаған толқында арпалысып, бар үміті, жанары жағалауға жетуге асыққан кемедегілер алыстан бір жанып, бір өшіп тұрған маяқты (шамшырақты) көргенде бойы жеңілдеп қуанып сала беретіндей, жазушы найзағайдың осынау жалт етіп сөнген сәтін ұлы жарық деп сипаттайды. Ұлы жарық ұғымы қандай терең. Өйткені бұдан кейінгі тіршілік тас қараңғылықта қалатындықтан және қауіп пен өлім кез келген сәтте қатар төніп тұрғандықтан, мынау найзағай отының жарығы біреу үшін ақырғы жарық болуы да неғайбыл.

М. Әуезов табиғатты бейнелеуде сан алуан түстерді құбылтып, жайната біледі. Әр бояуды хас суретшідей бабымен, байыптап қолданады. Даланың әуелде жасылданып созылып барып, ымырт көлеңкесі қоюланған сайын бозғылданып, қуан тартуы да ғажап көрініс. Туған өлке табиғатының көркін, құбылыстарын бала шағынан ойға жаптап, бақылап, байқап көңілге ұялатқан. Сондай ақ жусан, изен, жауылша, тарлау және кей шалғындардағы сиыржуа иісінің

даланың шаңсыз, мөлдір таза ауасын нәрлі иіспен құбылтатыны да анық. Кешке қарай келе жатқанда ат тұяғына қағылып, сілкінген шөптердің иісі де танауды қытықтап, көкірекке жұпар лебін құяды. Мұны бала кезден гүл-шалғынды өлкеде мал баға жүріп талай байқадық. Кешкі табиғаттағы құстың әрекеті де, ымырт қараңғылығының түсуі де түннің таяп келе жатқанын байқатады.

«Ат тұяқтары тасырламай дүңкілдеп, жиі дүбір үн береді. Жол бойында кешкі мекенге жайғасқан бозторғай, қараторғай атаулы жер бауырлай, сасқалақтай ұшады. Тағы бір кезек қалың топ тарғақ қарала қанаттарын ымырт қараңғылығында ала құйындата, жарқылдата түсіп, қыркылдап үн салып, қарбаласа жөнелісті. Ымырт қараңғылығы қоюланған сайын жортуылшылар жүрісі қатая берді. Енді айсыз кеште біртіндеп жұлдыздар туа бастап еді» [41.457.].

Иә, жол бойында қонақтап отырған бозторғай, қараторғай дүбірден жер бауырлай сасқалақтай ұшады. Ал бір топ қалың тарғақтың қарала қанаттарын ала құйындата жарқылдата түсіп, қыркылдата үн салып қарбаласа жөнелуі де үйреншікті жай. Кешкі дала табиғатының өзіндік көрінісі. Кешкі табиғаттағы мезгіл өзгерісінің суреттелуі жазушының зоология, биология, астрономия, жаратылыстану ғылымын жетік білуіне, кез келген қазақы болмысқа тән, қоршаған табиғаттың сырларын, құбылыстарын жасынан жадына тоқығанына сүйсінтеді. Осынау әдемі суреттемені оқу және талдау барысында Шыңғыстау табиғатында жүргендей сезімге енесіз. Бәрі де көз алдында айшықталып тұрады. Барып, көрмесек те, ғажайып тілмен айшықты, анық суреттелген көріністен әсер алғандаймыз. Мұхтар Әуезовтің кеменгерлігінің, суреткерлігінің ұлылығы да, кереметтілігі де, шеберлігі де роман-эпопеяның тұтас мазмұндық-құрылымдық жүйесінен жарқырап көрініп тұрады. Алар әсеріңізде бай, көңілге ендірер, сәулендірер көркемдік танымыңыз да ғажап.

«Пейзаждық бейнелеуде сонымен бірге табиғатқа, отанға және өмірге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде өзінің басты ең басты қасиеттерін мүлде жоғалтпайды, өзінің айрықша құралдарымен адам жүрегінің жасырын әлемін, жанын тазартуға ықпал етеді, сұлулық, асқақтық сезімін дарытады» [43. 35.]. Б. Галановтың бұл пайымдауының нақты шындығын табиғат әлемін айнытпай көркемдік кереметтілігінде эпопеяда бейнелеуден табамыз.

«Нағыз шебер бізді ойлардың қуатымен және де көркемдік қабылдаудың қайталанбас қуатымен, таным тереңдігімен ойлары мен сезімдерін майда жеткізе білу қабілетімен де және бізді тегіс қоршап тұрған табиғат әлемі мен дүниедегі сан алуан нәрселермен баурап алады.» [43.335].

Әдетте табиғат көріністеріне көз суғарып, рахат сезімімен түйсініп, сүйсінсек, эпопеядағы пейзаждардың көркемдік танымдылығы мен эстетикалық тағылымы оқырманды әсемдік әлеміне құштар етеді. Мұндағы табиғат – тұнып тұрған тазалық, мөлдірлік, сұлулық.

Қоршаған ортаның біз білмейтін, байқап, сезе алмаған құпиялары мен жұмбақтары, бояу, нақыштары қаншама. Құдыретті өнер, әсіресе, бояулы тілмен сөйлейтін бейнелеу, суреттен бөлек, көркем шығарма бізге осылай қызмет етеді. Табиғатты тану бар да, оны танымдық сипатта сөз өнерімен сөйлету бар. М. Әуезовтің эпопеядағы пейзаждық суреттемелерін сүйсінбей, сезінбей оқу мүмкін емес. Табиғатпен бірге тыныстап, бірге араласып кеткендейсіз.

Пейзаждың көркем туындыларда кескінделуін тереңдеп зерттеген М. Н. Эпштейн оны идеалды, буырқанған, сұрқай, тыныш деп бөледі. Пейзаждың әр алуандығы бойынша эстетикалық мәні жағынан идеалды пейзажды бірінші орынға қояды. Ол антик әдебиеттен, Гомер, Феокрит, Вергилий, Овидийден бастау алып, көптеген ғасырлар бойы ортағасырлық қайта өрлеу әдебиетінде жасалынды. Антик және ортағасырлық Еуропа әдебиетінде бейнеленген идеалдық пейзаж элементтері: 1) желпіп ескен майда жел, нәзік жағымды жұпар иістер, 2) шөл қандырап салқын бұлақтар, 3) шұбалып жерді жауып жатқан гүлдер, 4) бұтақтарын салалана таратқан көлеңкесі саялы ағаштар, 5) бұтақтардағы сайраған құстар. Буырқанған пейзажда ең тұрақты дыбысқа мән беріледі, айқай-шу, су сарқырауы, түрлі аң-құс үндері, күн күркіреуі, т. б. [56.131].

М. Әуезов сурет, бейнелеу, мүсін өнерін, басқа муза түрлерін өте жақсы білген. Мұны Үндістан очерктерінде, ел өмірінің алуан суреттемелерінен аңғарамыз. Ал туған жердің тамаша табиғатын бала шағынан көңіл көзіне ұялатқандықтан да, бай да сұлу сырлы тілмен Шыңғыстау өңірінің табиғатын, тамсана, таңданта суреттейді. Көкірек көкжиегіне сыйдырған сан алуан табиғат

көріністері көркемдік әлемнің кереметі ғана емес, оқырманның эстетикалық талғамын да ұштайды. Идеалды пейзаждың жаңаша жетілдірілген, жинақталып, жаңартылған түрін М. Әуезов жасады десек, әспеттеу емес. Көңіл көзінен көшірілген көркем көріністерді оқыған сәтте тек соны көруге аңсарыңыз ауады. Қаламнан төгілген сөзді емес, сан бояулы қылқаламмен шебер салынған суретті көргендейсіз. Ол ол ма, сол табиғаттың аясында жүргендей сезімге бөленесіз. Нағыз ұлы туынды құдіреті бұл. Мұны оқу да, көңілге тоқу да бір бақыт!

Табиғат көрінісі бейнеленген кез келген өнер шығармасы – көңіл көркі мен көз қуанышы. Жандүниені жарасымға бөлеп, көкірек көзіне көркемдіктің қайталанбас кереметін ұсынады. М. Әуезовтің суреттеуінде кәдімгі табиғат көз алдында тұрады. Су сылдыры да естіледі, түрлі түсті гүлдердің жұпары аңқып танауды жарғандай. Құстар сайрап, айнала жайнап шыға келеді. Бармаған, аяқ баспаған өңірді тәтті қиялмен елестетіп, көруге құштарланасыз. Бұл да бір құдіреті сөз өнерінің,буырқанған бояулы бай тілдің кереметі.

ҰЛЫ ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМДАРЫ

4.1. Махаббат пен ғашықтық толғаныстары

Абайдың Тоғжанға деген ыстық ықыласы, ғашықтық іңкәрлігі романда оны алғаш көргенде қалай сипатталса, содан кейінгі әрбір жағдайда, әңгімеде де әр қырынан көрініп отырады. Қалыңдық айттыру жайын әркім әрқалай түсінеді, әркім өзінше қабылдайды. Жастық өмірдің тосын байламына көзқарас диалогта берілген.

«Үлкендердің осындай кеңестерінде бала атаулыдан жалғыз Құдайберді ғана барды. Өзге балалар кейін есітті.

Әрқайсысы өз басына арналған байлауды әртүрлі қарсы алған. Оспанға Айғыз бен Ызғұтты келіп отырып:

– Саған қалыңдық айттырдық! – дегенде, ол басында ұқпай қалып, қайта сұрап!

Қалыңдық деген не? Қатын ба? – деді.

Ызғұтты бұған ұғындырып кеп, қалай көретінін сұрағанда, Оспан бөгелместен

– Е алам... әкел! Маған қатын... керек! – деді.

Абай өзіне арналған хабарды үнсіз ғана аңырып тұрып тындады. Ішінен аса бір суық нәрсеге қақтыққандай, тіксініп қалды. Сол сәтте Тоғжан есіне түсіп, оның алдында қылмыс жасағалы тұрғандай сезініп еді» [40. 178.].

Ішін бір суық нәрсе қақтығы да, тіксінуі де – әйтеуір түбі бір болатын осынау рәсімнің жанына жайсыз тиюі. Ол үшін бұл дүниеде Тоғжаннан артық, содан қымбат ару жоқ. Өмірінің бар қуаныш, қызығы да сол. Басқа ешкімді көргісі де келмейді.

Қалыңдық алу, жар құшудың қандай қиын іс екенін жазушы осылай аңдатады. Өз жүрегімен сүймеген көңілі қаламаған әйел затымен қосылу өте қиын екенін түсіндіреді.

Оспанның қалыңдық жайлы ой-ұғымынан балалығы ғана емес, тентектігі, ақылының әлі толмағаны, мінез-қылығының қикарлығы көрінеді. Есер, қикар Оспанға Ызғұттының түсіндіруі де қарапайым. Ол оған төсек қатынасы ұғымында жеткізуге мәжбүр. Бұдан басқаша айту мүмкін емес. Оспан жетесіне қалыңдық ұғымы басқаша жете қоймайды. Ал Абайдың қыз айттырғанын қабылдауы да суық. Өйткені ол үшін үйлену, жар сүю, бала тәрбиелеу мәні өте үлкен, ең бастысы, сүйгеніңмен бас қосып, бақыт дәмін тату – өмірінің аса үлкен сыны.

Романда Абайдың Тоғжанға ғашықтық сезімі сыршылдықпен суреттелген. Адамның ішкі дүниесіндегі ғажайып, жұмбақ жан толқынысын, сезімінің нәзік иірімін жазушы шеберлікпен бере білген. Абайдың алғаш Сүйіндік үйінде Түйеөркеште көргені көңіл тұнығында әр еске алған сайын қайта толқып, ой-елесіне енгенімен, осынау асыл, ардақты ғашықтық ғаламаты оны түсте көруімен де жаңаша жалғастығын тапқан. Тоғжанды көргенде ажар-көркінен, келбет-бітімінен байқаған сұлулық ерекшеліктерін автор ұтымды суреттейді. Бұрынғы портреттік сипаттауды қайталамаған. Келбет-жүзін бейнелеу де сол бір детальдардан қажеттісін ғана алып, оны толықтыра түскен.

«Орта бойлы, дәл Тоғжанның өз бойындай. Бар мүсіні келіп тұр. Бет бітімі, ақ-қызылы, жаңа Ербол айтқандай, айнымаған Тоғжан. Бұның да жібек талды, қолаң қара шашы бар. Мұрынаузы да, бір қарағанға ма, дәл сол сағынышты ғашығының Абайға ерекше ыстық көрінетін аса сұлу, сүйкімді ауыз, мұрнындай. Аз көтеріңкі қырлы мұрны, үш жағына келгенде жұмырланыңқырап, өзгеше келісті біткен. Жұқалаң қызыл еріндеріне балалық, кінәсіздік лебіндей ыстық әсер демі бар. Айналасын қуантып, сүйсіндіргендей, жазықсыз, нәзік күлкі қуаныш бар. Анық Тоғжан жары осы. Бірақ жаңа түсінде көрген сияқты, ертерек күндегі үлбіреп тұрған жас Тоғжан. Ең алғаш сәт сағатта Сүйіндік үйінде, көктем кешінде, Түйеөркеште көрген сол сұлуы»[40.308].

Алдымен қолаң қара шашының әсемдігі әспеттеледі. Жібек талды шашты елестетіп көріңіз. Сусып, бұлықсып төгіліп, қараған жанды баурап алатын өзгеше шаш. Жұқалаң қызыл ернінен бұрын

сүйкімді аузын, өзгеше келісті біткен қырлы мұрнын сипаттайды. Жұқалаң қызыл ернінің өзгеше бір тартымдылығы – балалық пәктігі. «Кінәсіздік лебіндей ыстық әсер демінен» Тоғжан ернінің ерекшелігін даралайды. Жазықсыз нәзік күлкі қуанышының айналасын қуантып, сүйсінтіп тұруы да – парасатты перизаттың көркем келбетіне үйлескен ақыл-ой сұлулығы. Тоғжанның толық-сыған жүз-көркін жаңа туған айға теңейді.

«...Қайран, ғажап хал үстінде жаңа туған ай көрді. Бұрынғы сүйікті айдың, қайта жаңғырып, айнымаған тұлғасымен қайта айналып келіп, тірлік аспанынан, өзіне сай оқшау орнын алғандай».[40.309]

Ай болғанда да, сүйікті ай. Оны ғажап хал үстінде ғашықтық сезім сәтінде көруі әдемі бір лирикалық ағыспен құйылғандай. Бұдан кейін Тоғжанды көруі де түстің жалғасындай көркем көріністе ерекшеленеді.

«Ақыл-сезімнің осы сәтте қыз келіп орнына отырып болғанша, жұмбақ тұман мұнарға батты. Абай өзін де, айнала жұртты да тегіс ұмытыпты. Тек қана түс артынан болған жүрек құйынын аңғарады. Енді соған қосылған бар сыры жат көрініс, келіс мынау.

«Қасыңдамын. Міне, келдім!» деп еді ғой. Дегені рас, жалғаны, жаңсағы жоқ. Өзі, өзі келді. Уыздай таза боп, үлбіреген сезімтал күйде, нәзік жүрек толқынымен, дірілімен келді.» [40.309]

«Ақыл сезімнің жұмбақ тұман мұнарға батуы», «түс артынан болған жүрек құйыны» – Абайдың ғашықтық ой арпалысын, ішкі сезім тартысын керемет бейнелеу. Әдемі лириканың сезім жалынына жалқындаған образдылығы бірден өзіне тартып алады да, тамсанта түседі. Ішкі жандүниенің көзге көрінбес нәзік иірімдерін қалай тамаша айшықтаған. Поэтикалық детальдың нағыз көркемдік үлгісі. Оны жазу үшін де үлкен психологиялық қабілет, керемет ақындық талант керек. Дәл осы сипаттар Мұхтар Омарханұлы талантына тоғысқан.

Уыздай таза боп, үлбіреген сезімтал күйде, нәзік жүрек толқынымен, дірілімен келген Тоғжанның өнбойындағы сүйкімділік пен сұлулықты, албырт жастықтың жан-элементіндегі мөлдірлікті, пәктікті сезінгендейміз. Сол мөлдірлік, пәктікке көңіл тұнығын қосқан Абай сезімінің берілуі де ғашықтық дертінің азабы мен аңсарын айқын аңғартады.

«Жас қыз кірген кезде, қатып қарап қалған Абайдың реңі тіпті, жат еді. Екі көзі шарасынан шығып тесіле қадалып қапты. Қаны кашқан жүзінде аспаннан тағдыр жұлдызын күткендей жат ажар бар. Аңырған аң-таң дағдырыс бар да, ерні күбірлей түскен, үнсіз сыйыну бар.

Үйге кірген жұрт амандасып жатыр еді, Абай оны сезген жоқ. Ешкімді көрмей отыр. Жалғыз ғана бір жанға ынта бейілі ауған да құлаған.» [40.308]

Әйгерімді жүзбе-жүз көргендегі Абайдың танданысы екі көзі шарасынан шығып тесіле қадалуынан байқалады. «Аңыраған, аң-таң дағдарысы» – сұлулық пен сүйкімділік алдындағы ынтық, ыстық көңіл құштарлығы. Ерні күбірлей түсіп, үнсіз сыйынуы – «аспаннан күткен тағдыр жұлдызының» қолға кону сәтін аңсап, асыл арманына ақ күн туарына үміт артып, Тәңірден тілек тілеуі. Үйге кірген жұрттың амандасуын Абайдың сезбеуі де, ешкімді көрмеуі де, ынта-пейілінің Тоғжанға ауғандығында. Ғашықтық ғаламатының қалам құдіретімен қағаз бетіне төгілген сыршыл суреттемелерін оқи отырып, қаламгер құдіреттілігіне сүйсінесіз. Тоғжанның «нәзік жүрек толқынымен, дірілімен келуі» де – арудың Абаймен жүздесуінің бір әсерлі, әдемі сәттері.

Жазушы толқын сөзін бірде рең, жүзге, бірде сезімдік сипаттарға теңесе, енді бірде махаббат әлемінің бір келісті, көркем, психологиялық деталына айналдырған. Айдың көлдің тұнық, тынық бетінің жай ғана толқындап, дірілдеп тұрғанын, ондағы көктен төнген ай жүзінің бүлк-бүлк тербеліп, сол дірілмен бірге баяу толқығанын көңілге ұялатасыз.. Тоғжанның пәк, нәзік, адал, ақ сезім күйі осы мөлдірлікке баланған. «Абай жолының» осындай керемет суреттемелерін, сипаттауларын оқып отырғанда бір ғажайып поэзия әлемімен танысқандай күй кешесіз. Әсер толқыны сізді де өз кереметтілігіне жайлап тарта береді. Кеменгер кескіндеген көркемдік әлемінің бұл да бір кереметі шығар! Басқаша айту мүмкін емес. Окисыз, ойланасыз. Қиялға батасыз. Елестетесіз. Әсемдік пен әдемілік әсері баурап алады жаныңды. Өмірдің өзгеше бір қасиетін сезініп, ұққандайсыз.

Абайдың Тоғжанмен алғаш жүздескеннен кейінгі көрген түсін Ерболға айтып, сол түстің өңінде рас болуына көз жеткізуі де екі жастың арасындағы танданыс сезімін туғызады. Ерболдың мұны

түс қана емес, сәуегейлікке жорып Абайдың көріпкелдік қасиетін байқауы да өмір шындығы. Мұны автор өте ұтымды көрсеткен.

– Сонікі, мен де солай ойлаймын. Түсін көріп тұрып, тіпті сұрауды да керек емес деп білдім. Ал енді бұл не сиқыр, Абай-ау! Шырт ұйқыда жатып, сен қалай сездің? Тегі бір көріпкелің бар ма, жаным-ау? Түс демеймін, бұл сәуегейлік қой бір. Әлде, тіпті, екеуіміз де бірігіп ұйқыдан шатасып тұрмыз ба? – деп Ербол өзі де, шалық шалған кісідей бола бастады [40.307].

Абайдың Тоғжанды көруге деген құштарлығы да, ынтық, ансар көңілі де шығармада тартымды айшықталған. Тоғжандардың Шекей үйінен сыртқа шығуын далаға қызғылт сәуле түсті деп, әсерлі пейзаждық кескіндеумен сипаттаған. Ербол мен Абайдың үйге кіріп, төрге отырардағы, Ерболдың; «Жарығырақ босын, осы отқа кішкене қол тигізейінші» деп тезектің отын көсеп, қағыстыруы да жақсы бір ырымға баланады.

Ғашықтық сезімді сипаттауда жазушының тілі мәнерлі, көркемдеу, бейнелеу құралдары бай. Алғашында Тоғжанның басқа үйден шығуы қызғылт сәуленің түсуімен бейнеленсе, сәуле сөзі Тоғжан келбет-көркінің де символы тәрізденеді. Абайдың сәулеге ұмтылып, ұмсынуы да ғашықтық жалынның тұла бойын шарпығандығын, жан-жүрегін баурап алғандығын аңғартады. Өртеніп кетер от болса, талпынып барып құламақ ойы – арманына жетсем деген берік байламы.

Жүрек ұйғарымы, көңіл қалауы осыған нық ауған. Автор сәуле сөзін әрбір контексте соны мағыналық қуатпен дамытып отырады. Абайдың көзін алмай, сабыры қалмай Тоғжанды елегізе, елжірей күтуі де – ғашықтық ғаламатын бастан өткеру.

«Осы кезде киіз есік шалқасынан ашылып, келуші қонақтарға жол берді. Әуелі үйге екі жігіт кірді. Тымақ, шапандары жұпыны. Саптама етіктері бар, жүздері төменшік, ұяндау. Сәлем беріп, иба қып кірген күйеулер екен. Соларға ілесе ұсақ қыздар кіріп жатыр. Бір-екі келіншек кірді. Жиыны жеті-сегіз кісі. Абай көзін алмай, сабыры қалмай қадалып отыр. Енді аз бөгелістен соң басына сұрғылт шапан жамылған, бетінің жарымын бүркеңкірей түскен, орта бойлы бір қыз кірді. Мұрны қонқактау, қара торы көрінді. Шекей қызы – қалыңдық осы болу керек. Дәл осының артынан, шолпысы ақырын сылдырлап, ақ жүзіне жұқалау қызылы нұрдай жарасқан, анық Тоғжан өзі келеді екен. Сыпайы жымыып, күлің-

кіреп кірді. Мінсіз аппақ тістер қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы асығып күткен қызыл арай таңсәрідей.

Әлі де айықпаған ұяң сыпайылықпен қонақтарға қарап ақырын амандасқанда, реңіне шұғыл толқын кірді. Бет ұшындағы жұқалаң қызыл тұтасып, бар жүзіне ду етіп тарады. Үлбіреген, бала жастықтың аса қатты қысылған, қымсынған белгісі білінді. Оны ұялтқан Абай еді.» [40. 308.]

Шекей қызына портреттік мінездеу бере келе, автор Тоғжанды толық кескіндемейді. Шолпысының ақырын сылдырауымен аса ибалық болмысын байқатады. Ақ жүзіне жұқалай қызылының жарастығын «қызыл арай таңсәріне» теңеген. Осы бір нәзік те нақышты көркем детальдар Тоғжан сұлулығы мен сүйкімділігіне баланады.

Жазушы Тоғжанның айрықша адамгершілік қасиеттерін, тәрбиелі, көргенді, әдептілігін айқындайды. Сыпайы жымыяп, күліңкіреп кіруі ибалылығын ерекшелейді. Ұяң сыпайылықпен қонақтарға амандасуымен әдептілік имандылық келбетін даралайды. Амандасуының бөлекше белгісі де «реңіне шұғыл толқын кіруі» бет ұшындағы жұқалаң қызылдың тұтасып, жүзіне ду етіп тарауы– ибалық, сыпайылық, тазалық, пәктік ерекшеліктері. Сыпайылығы да ұяң сыпайылық деп дараланады. Осының бәрі – арудың ішкі психологиялық ерекшеліктері, табиғи келбет-көркінің ішкі мәдениеттілігінің сипаттары. Қыздың қысылып, қымсыну белгілерін сипаттай келе, жазушы ақын алдындағы Тоғжанның ажары мен ақылына сай бітімін, тәрбиелік, әдептілік, көрегенділік қасиеттерін, бойына тоғыстырған тектілігін тағылымдық өнегеде көрсетеді. Тоғжанның жандүние тазалығы мен сыртқы түр-келбеті, көркінің әсемдігі мен әдемілігі әрбір бет-жүз құбылысындағы ерекшеліктерімен, сұлулығы мен сүйкімділігін даралай түседі.

«Сүттей жарық, айлы түн, таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар, –жүрек таңы». [40.115] Абайдың Тоғжанмен тілдесуге асыққан сәтінің суреттелуі –көркемдіктің бір кереметі. Сүттей жарық, айлы түн – ғашықтардың жүздесіп, армансыз сыр ақтарар түні. Абайға бұл түн алыстау. Дәл қазір ол «әлдеқандай өзгеше таңды күтеді». Мұндағы «таң» ұғымы дидар, көркімен жан-жүректі баурап алған – Тоғжан. Автор

мұны «күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар жүрек таңы» деп даралайды. Демек, бұл – ғашықтың азабы. Суреткер таңды асыға күткен Абайдың дамылсыз шағын, алабұртқан көңілін, сан алуан толғаныстағы сезімін қалай әсерлі жеткізген! «Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ мол сезім. Соны шалқи түсіп, шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай секіреді.» [40.115]

Өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ мол сезім – ғашықтық сезім. Оның шалқи түсіп, шарықтауының көптігі – Абайдың Тоғжанмен жүздесіп, тілдесуінің тыншымай жалғасуы. «Кеуде толған сол сезімнің лапыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіруі де» ақын жан дүниесін мазалаған ғашықтық сипаттары. М.Әуезовтің суреттеу тәсілі керемет, ғашықтық сезімді, ой азабы мен арпалысын ғаламат бейнелейді. Адам жанының беймәлім сырларын қалай дәл жеткізген! Көркем тілмен сұлу, сыршыл лирика оқығандайсыз. Көңіл-күйдің көркем тілмен кестеленген кереметтері!

М. Әуезов роман-эпопеяда негізінен қазақ әйелдерінің үлгілі бейнесінің тұтастай галереясын жасаған. Ол – қыз, ару келіншек, әйел, ана, әже бейнелерін сомдау барысында, ең басты ерекшелігі ұлттық салт-дәстүрді, өнерді, тұрмыс-тіршілікті білумен бірге, отбасы жарастығы, сыйластық, балалар тәрбиесі тәрізді мәселелермен бірге, елдік маңызды істерде көрсеткен.

Күздің салқын жаңбырлы күндерінің бірінде Абайдың өлең жазып, кітап оқып отырған шығармашылық шағын суреттеген автор осы тұста ақынның жары ғана емес, тілеушісі, қамқоры ретінде Әйгерімді әр қырынан кейіпкерінің киім кию үлгісіне, оның сәнділігіне назар аудартады.

«Әйгерім отқа жақындап отырғандықтан, өңі ажарланып, балқығандай қызара түскен. Үстіндегі қалың қара жібекпен тысталған пұшпақ ішігінің айналасына жалпақ құндыз ұстатқан. Ішігінің сәнін бұрама күміс түймеге орнатылған үлкен кесек қызыл маржандар ерекше ажарлап тұр.

Басындағы кимешек шаршысы да ұқыпты сәнмен тартылған, кіршіксіз аппақ» [41. 19.].

Әйгерімнің қалың қара жібекпен тысталған пұшпақ ішігінің айналасындағы жалпақ құндыз сәні мен салтанатын айшықтаса, бұрама күміс түймеге орнатылған үлкен кесек қызыл маржандар

әдемілігін әспеттейді. Басындағы кимешек шаршысының ұқыпты, сәнмен тартылуы, кіршіксіз, аппақтығы Әйгерімнің мәдениеттілігін, ішкі жандүниесі мен сыртқы сымбатты сұлулығын танытады. Суреткер Әйгерімнің әдептілігін психологиялық сипаттамамен берген.

«Әйгерім Абайдың жүзіне күлімсіреп қарады да: – Абай-ау, жұт жылғы аязды күнді сұрағандай, таң атқаннан бері қайта-қайта күнді сұрай бергеніңіз қалай? – деп ақырын сыбырлап күлді.» [4. 19.].

Әйгерімнің Абай жүзіне күлімсіреп қарауы – ибалылығын, сыпайылығын білдірсе, оған наздана, әзілмен тіл қатуы көргенділігін, әдептілігін айқындайды, сыңғырлап күлуі сүйкімділігін байқатады Әйгерімді үнемі Абайдың шығармашылық шабытты шағында, қалам алып өлең жазып, не кітап оқып ой толғап отырған сәтінде бейнелейді.

Салтанат – сұлу да сүйкімді ару ғана емес, сана-сезімі биік, жаңа заманның көшіне ілескен асыл арулардың бірі. Оның ақылдылығы, білімділігі бәйбіше мен Мәкіш кепілге адам таппай қиналғанда, Абайға достық пейілін танытып Әлдекеновты кепілге салуды ұйғарады. Бұған Ербол аса ырза болып, жүректегі жылы лебізін төгеді.

– Қарағым, қарындасым, бұның ер-азамат айтпайтын асыл жауап болды. Ер басына азаттық әперетін достықтан озған не болды! Алғыс деген аз сөз! Оны мен айтып қайтемін. Құдай бұйырса, Абай аман-есен шықса, өз аузымен өзі айтсын. Мына хабарыңа мен тек қуанып қана қайтқалы отырмын! – деді.

Абай басына қауіп-қатер төнген кездегі, Салтанаттың ойлы да ақылды шешімін Ербол осылай бағалайды. Алғыстың Абай аузымен айтылуы да ару ақылдылығына, алғырлығына сүйсініс, шынайы ағалық жүрекжарды тілек. Салтанат Абай басына қауіп төнгенде батыл араласуымен қазақ қыздарының заман ағымын түсінетіндігін, озық ойлы азаматтарына қолдау білдіріп, қолынан келген қамқорлығын көрсетеді. Абай ісі – әділ. Қарапайым халқының жоғын жоқтаушы, мұңын мұндаушы, парасатты перзенті. Абай жанында жаңа заманның беталысын байқап, біліп, оған айқын бағдар жасап, түсініп пайымдаған өрелі, өркенді топтың шыңдала бастауын байыптаймыз.

Абайдың Тоғжанға деген адал, пәк сезімі, ішкі әлемін қызу жалынымен шарпыған сүйіспеншілігі мәңгілік сөнбейтін алау.

Тоғжанның болмыс-бітімі, ақыл-ой тереңдігі Абаймен әр кезде-суде әр қырынан, өнегелі, тәлімді, тектілік үлгісінде көрсетіледі.

Бөжейдің қаралы көшінде бес қыздың ортасында жібек жал ақ жорға мінген Тоғжанның сипатталуында да сол бір қайғының белгілері байқалады. «Судырған қара жібек бикасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара кәмшат бөрік. Мойнында әсемдеп, кең ораған құбылма түсті торғын шәлі. Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан Тоғжан, мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай» [40. 145.].

Тоғжанның осы бір қайғылы қазадан кейінгі келбет-көркі жайлы ештеңе айтылмайды. Қайғының көңілге қаяу, жүзге мұң, ойға ауырлық салатыны анық. Қаралы көштегі рең-жүзінің берілмеуі де авторлық ұстаным тұрғысынан да, көркемдік шешім тұрғысынан да ұтымды.

Біріншіден, үстіне судыраған қара жібек бикасаптан шапан киюі, екіншіден, басына жаңа қара кәмшат бөрік киюі. Мойнында кең ораған құбылма түсті торғын шәлісі де киім сәніне сән берген. Құлағында үлкен алтын сырғасының ырғалуы да киімінің сәнділігін ғана емес, келбет сымбаттылығын, көрік сұлулығын ажарлай айшықтайды. Қаралы көште кетіп бара жатқан Тоғжанның өзгешелігі осымен бітпейді. «Топ қыздың ортасында дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпанға» теңелген. Түнгі жұлдыздар шоғырында дараланып жанып тұрған жарық сәулесі жанарды тартатын Шолпанды құмарта, қызыға көрсеніз, Тоғжан болмысын түнгі мезгілдің ерекше бір көрнісімен салыстыра сипаттаған. Қаралы ортада да Тоғжанның келбет, көркін, даралығын шеберлікпен бейнелеген.

Жазушы ақынның махаббат, ғашықтық лирикалары негізінде өмірлік шындықты көрсетеді. Оның сүйіспеншілік сезімін, ғашықтық арман– аңсарын, жар сүйіп, өмір қызығы, бақытқа бөленуін, отбасы тірлігінің мағыналы сәттерін үлкен сезімталдықпен, сыршылдықпен бейнелеген. Абайдың Тоғжанға ғашықтық сезімі екі жастың бір-біріне көңілі, ықылас, құштарлығы заман шынайылығында шебер жеткізілген

Күйеуі соңғы рет келіп, алып кетердің алдында Тоғжанның Абайды іздеп келуі – адам жанын тебірентіп, көңілін толқытатын көрініс. Ғашық аруының өмірге, тағдырға өкініш, назасын айтып,

көз жасын төгіп, мұңдасуы, Абай мен Тоғжанның жүздесуі қос мұңлықтың киын тағдырын, сол кездегі тұрмыс-салттың қатаң қағидасын еске салады.

«Абай Тоғжанды жұбата алмай, ет жүрегі елжіреп қайтқан. Көз алдында жылап кетіп бара жатқан Тоғжан тұр. Басына жамылған қара жібек шапаны мен ақ көйлегінің етегі де есінде... Шапан астынан тұншыға сылдыраған шолпысының да мөлдір үні құлақта тұр. Әлі өшкен жоқ...

Абай тағы да бір күрсінді де:

Есіл Тоғжан, ұмытпаспын! – деді» [40. 240.].

Жылап кетіп бара жатқан Тоғжанды жұбата алмай ет жүрегі елжіреген Абай халі – оқырманның да жан-жүрегің жылататын, аянышты да ауыр көрініс. Сол бір соңғы сырласу, мұңдасу сәті Абай елесімен беріледі. Басына жамылған қара жібек шапаны мен ақ көйлегінің етегі де біржолата Абайдан айрылған Тоғжанды елестетеді. Абай үшін ұмытылмайтын бір ғана ырғақ бар. Шапан астынан тұншыға сылдыраған Тоғжан шолпысының мөлдір үні, дәл бір жүрек, сезім ырғағындай. Шолпының мөлдір үнінің тұншыға сылдырауы – сондай аянышты сәт. Жарасымды жастықтың, жалын атқан махаббаттың мәңгі оралмауын ойға салады. Абай күрсінісі – жүрегін жарып шыққан мұң-шері. Сүйікті сұлуына деген кимастық сезімінен ақтарылған асыл жырлармен ғана тарқалатындай. Қиялында да, елесінде де шолпы сылдыры. Жазушы шолпы сылдыры арқылы Абай мен Тоғжан арасындағы айрықша таза, нағыз адал махаббатты көркем бейнелейді. Шолпы сылдыры ғашықтық символы іспетті.

«Сол айтылған, жазылған жырлар әлі күнге Абайдың өзінде, өз бойында. Аталған, арналған жеріне бір де бірі жеткен жоқ. Үміт бар ма? О да жоқ! Тек жалғыз шерленіп, тебіренеді. Тек жалғыз қиял медеуі құлаққа кеп аты айқын соғып, бір жақындап, бір алыстап кететін шолпы сылдыры. Атқан таңның ақ, қызыл шапағындай, үлбіреген алқызыл шұғыласы. Көз алдынан сол жүз кетпейді. Ұмыттырмайды, тастамайды» [40. 219.].

Сүйіндік үйінен қайтарда Абай Тоғжанды алыстан көреді. Басына қара шапан жамылған, ақ көйлегінің етегі шұбала түскен, Тоғжан сияқты. Жаңа тұрған ғой – деп сипаттайды. Автор Тоғжанның жандүниесін Абай сезіміне бір ғана концептімен – шолпысының әрекетімен үйлестіреді.

«Абайдың көңіліне Тоғжанның шолпысы шылдыр-шылдыр етіп, ап-ашық естіліп бара жатқан сияқты. Өз жүрегінің лүп-лүп сокқан қатты толқын ырғағы» [40. 219.].

Алғашқы жүздескен шағындағы шолпының сылдырын, сыңғырын әрқилы сипаттаса, шылдыр-шылдыр етіп, ап-ашық естілуі – Тоғжанға деген ғашықтық сезім, керемет інкәрлік белгілері. Оның көңіліне, ой-елесіне Тоғжан әдемі дидарымен, сүйкімді, сыпайы келбетімен ғана елестемейді. Сол сұлулық пен сүйкімділіктің хабаршысындай шолпы үні көкейінен кетпейді.

Жазушы шолпы үнімен Абай жүрегінің лүп-лүп соғысын салыстыра суреттеген. Жігіттің аруға ғашықтық құштарлығын сәтті берген. Шолпының шылдырлап әдемі үн тартуы да Тоғжанның сымбат сұлулығын, сезім пәктігін, кіршіксіз ақ пейілін әрі назды қылығын байқатады Абайдың оны естіген сайын дегбірі қалмай, көруге, тілдесуге, жүздесуге асығуы ғашықтық сезім алауының жүрегін шарпуымен ұғындырылады. Шолпы шылдыры махаббат пен ынтық көңілдің көркем деталіне айналған.

4.2. Абай – ел ардағы, ар-намысы

Эпопеяда Абайдың әрбір ісіне демеу беріп, қолдап, қолдан келген көмегін аямайтын, қажет кезінде жанын да қиюға әзір кедей, жатақтардың ортасынан шыққан екі қадірлі тұлға бар. Бірі – ақылды да білімді, көреген көңіл, абыздай ардақты Дәркембай, екіншісі – өмірдің ыстық-суығын көрген, сөзі де, ісі де батыл, ел қайғысы мен мұңына күйетін, халқын шынайы сүйетін Базаралы. Жазушы осы екі қаһарманды басқа кейіпкерлерден даралап көрсетеді. Оларды әркез Абайдың қасынан табылатын жанашыр, жақын, сыйлы адамдар ұғымында бейнелейді.

Базаралы айдаудан елге қайтып оралып, бір айдай уақыт ішінде амандасып, қуанған ағайындары, аталас жақын ауылдары той жасау ниетін білдіргенде, үйінің, жақын туысының жағдайының нашарлығын көріп бас тартады. Бұдан Базаралының кісілік қасиеттің тағы бір қыры көрінеді. Жігітек, Бөкенші, Көкше т.б. туыстары да шақырып қуанышын бөліседі. Абайдың Базаралыға өзі барып амандасып, бір күн, бір түн қасында болуы да ел ағасына деген ізгі құрметі. Ырғызбай ауылынан тек Абай ауы-

лына ғана Базаралы он шақты адамымен қонаққа келуі «Кеш жолында» атты тарауда суреттеледі.

«Әйгерімнің кең, жылы үйінде Базаралыдай сый қонақты үлкен ықыласпен күткен ажар бар. Кілемдер тұтылып, әсем оюлы сырмақтар жазылыпты. Абай айналасындағы жас-жаранның бәрі де Базаралының әңгіме, әзіліне, қас-қабағына қарап құрақ ұшады. Сағынған достар бейілін танытады. Күндізгі түстік үстінде Абайдың сұрауы бойынша Базаралы үзік-үзік әңгімелер айтып отырды. Өзі көрген жерлерді, елдерді сөйлейді. Бірақ шеккен жаза, көрген азап жайын мына көптің алдына салмады. «Бейнет кештім, қажыдым» дейтін емес...» [41. 48.].

Автор үйдің ішкі көрнісін, сәндік ерекшелігін сипаттауымен Абайдың Базаралыға деген айрықша ықыласын сездіртеді. Базаралының тек Абайдың сұрауы бойынша үзік-үзік әңгіме айтуы өз алдына, шеккен жаза, көрген азабын көпшілікке жайып салмауы да көрегенділігін, ірілігін білдіреді. Қанша азап шегіп, қиналса да көргенін ішінде сақтады. Айтса, елді түнілдіреді. Базаралының тектілігі де осында. Артық әңгімеге бармайды. Абай да сонау алыстан елін аңсап келген ерине ерекше пейіл танытып, кәнігі әдетінше өнермен көңілін көтереді. Бұл Көкбай мен Базаралы диалогында әдемі баяндалған.

«Осыдан соң, Базаралы да жадырай түсіп, Көкбайға домбыра ұсынды. Көкбай домбыраны бөгелеңдеп ұстады.

– Базеке-ау, бүгінде мен әннен шығып қалғам. Және мына отырған Мұқа, Өлмағамбет деген әншілер қасында тегі әнді қор қылмайын деуші едім ғой! – деді.

– Жоға! Жаңа әншіні ести жатамыз да! – деп, Базаралы домбыраны еріксіз ұстатты.

Абай да Базаралыны қостады.

– Көкбай, бүгін Базекеңнің алдына алып шыққан шашу ән болсын!.. Бір сен емес, осы үйдегі өнерпаздың бәрі айтады. Бастай берсеңші! – деді.

Өзге әнші жастар «өнерпаздың бәрі айтады» дегенде Әйгерімге қарасты. Көптен онын әнін естімегендіктен сағынысқандай.

Енді аз уақытта Көкбай ән созып кетті. Сонда Біржан айтқан асыл ән... «Созады Біржан даусын қоңыр қаздай» деп, нақыстай берді.

Базаралы Көкбай тоқтағанда, қатты сергіп, көтеріліп қалғандай.

– Па-а деген! – деп, біраз қуана сүйсініп отырды. – Сонау бір жақсы басталған жазда... жарқыраған күндерде келген... болған екен-ау!.. – деп барып күрсініп қалды» [41. 49.].

Диалогта Абай үйінде отырғандардың бәрі де Базаралы көңілін аулап, ниеттерін өнермен білдіреді Көкбайдың орындауындағы Біржан әнінің әсері де көпшілікті толғандырғаны қайдам, Базаралыны тебіrentіп, толкытып жібереді. Бұл Біржан әнінің халық жүрегіне терең бойлаған әсер қуаты. Автор оны Абай үйіндегі отырыста тағы да қайталап өткен. Қонақтарға ерекше әсер еткен тағы бір әндер толқыны – Абай әуендері. Жазушы Мұқаның домбырамен «Айттым сәлем қаламқасты» қалай орындағанына тоқталады.

«Осы кезде домбыраны Мұқа алды да, үй ішін тегіс елең еткізіп, сергігердей боп, шырқап кетті. Ерекше таза, күшті, мөлдір үн анық әнші өнері келе жатқанын паш етіп тұр. Ол биік бастау соңынан, әсемдеп тұрып Абай өлеңі «Айттым сәлем қаламқасты» созады. Сөз Базаралы көңілін жаңағы кейістен алаң етерлік анық ынтық, ынтызар сөзі. Жалынды назға толы. Әнші үш қайырмасын айтып тоқтайын деп еді, Базаралы тоқтаттырмады.

– Айт, жаным, айт!.. Бәрі айт! – деп, бар өлеңді тегіс айтқызды.

Мұқадан соң Әлмағанбет те Абай өлеңі мен әнін созды. Ол: «Көзімнің қарасы». Бәрі де мына қоңыр жүдеу күзден маужыраған мамыр күніне, көңіл күншуағына созылады.

Базаралыға да сезімтал Абай қауымы ем тауып, сынығын сылап тұрғандай.

– Майдай жағып барады-ау!.. Көңіл жарасын қуғандай! Май сылаудай дәрім ғой мынау!.. Дәрменім ғой!.. – деп, Базаралы ынтыға тыңдап отыр. [41. 50.]

Авторлық сипаттау мен диалогта Базаралының Абай әніне деген ынтығы аңғарылады. Әнді үш қайырмасымен тоқтатпақ болғанда, Мұқа да Базаралының ынтызар ниетін қайтармай қайта жалғайды. Әлмағамбет жалғаған Абай әнінің әсері де көркем детальдармен келісті сипатталады. Әннің қоңыр жүдеу күзден маужыраған мамыр күніне, көңіл күншуағына созылуы да жарасымды жастықпен табыстырған махаббат әнінің кереметтілігін көрсетеді. Базаралы да «Майдай жағып барады майсылаудай дәрімдей» деп көңіл хошын сездіреді. Абай әнін әбден сағынған Базаралы оны Әйгерімнен естігісі келіп, еркеле-

тіп назын айтқанда, ол көптен ән салмаса да, сыйлы ел ағасының өтінішін жерге тастамайды. Диалогта Базаралының «Айт, сәулемшім!, Айт, айналайын!» деген сөздері де – сыпайылық пен сыйластық ерекшелігі. Әйгерімнің орындауындағы Татьяна әнін жиналғандардың қалай қабылдағаны тартымды баяндалған.

«Аздан соң Әйгерім «Татьяна әнін» айта жөнелді.

Әлі де сонау бір күндердей барынша сырлы нәзік, терең толқумен айтады екен. Үй іші жым-жырт қатып, ұйып тындады. Базаралы Абайдың бұл айтылған өлеңдерінің бәрін де білмеуші еді. Ол шетке кеткен соң туғандар екен. Қасындағы Көкбайдан жабыса сұрап, әр өлеңнің әнінің мәнін, жөнін ұғынып отыр. «Амал жоқ қайттім білдірмейді» Әйгерімге де түгел айтқызып шықты. Ешкім бұйырмаса да бүгінгі кеште Абай достары «е» дескендей тек қана Абай сөздері мен әндерін айтты.

Базаралыға анық үлкен соны сый. Ел жаңғырып, ел өнері түлеп өсіп, жаңарып кеткендей. Ол енді Абайға қарап:

– Япыро-ой, қалай өзгерген! Ән мен сөз қалай өзгерген! Сондай сырлы, соншалық жан-тамырымды солқылдатқан қандай сөздер!.. Түу!.. – деп, бас шұлғып, үндемей тамашалап барып: – Өлең мен ән ырысын тауыпты-ау, Абай!.. Өнеріңнен айналайын! – деді. Келесі бір кезеңде Мағаш, Дәрмен өлеңнің жайын сөз етті:

– Дәрмен Еңлік пен Кебек жайын біраз жерге әкелді ғой, аға! Соны бір тыңдаса болмас па? – деді.» [41. 50.]

Абай әнінің жаңа бір биігі сипатында бейнелеген тың әуенге, жаңа әнге деген ел ықыласы да соны тыңдауға ауған.

Алдымен Әйгерімнің ән салу мәнері сипатталады. Мұхтар Әуезов өнердің қай түрін болса да өте жақсы білген. Байқап, бағалап отырған. Егер де, Мұқаның әншілік өнерінде «таза, күшті, мөлдір үні» ерекшеленсе, Әйгерімнің ән салуы сонау бір күндердей барынша сырлы, нәзік, терең толқынмен дараланады. Ән өнерінің кереметтілігі де – «үй ішінің жым-жырт қатып, ұйып тыңдауында». Қанша шырқалып жүрсе де жұртты баурап алу кереметі әннің сұлу да сырлы әуенінде ғана емес, жүрекке жатталар көркем сөзінде. Базаралы сотталып кеткеннен кейін туған Абай әні ол үшін таңсық болса да, мына көпшілік қанша тыңдаса да сусап, шөлдегендей ынтық пейілмен берілуі – сөзінің көркем кестесіне әуенінің әрлі де әсем бітімде үйлесуі. Көкбайдың әнінің мәнін, жөнін, өлең сырын білген Базаралы «Амал жоқ қайттім

білдірмейді» Әйгерімге қайта айтқызады. Бұл әнге деген сүйіспеншілік, туған жерге, халық өнеріне деген сағыныш сипаты. Базаралы үшін бұдан асқан сый жоқ. «Ел жаңғырып, ел өнері түлеп, өсіп, жанарып кетуін» сезген Базаралы: «Сондай сырлы, соншалық жан-тамырымды солқылдатқан қандай сөздер!» – деп өлең мен әннің дөп қабысып, әдемі үйлесім тапқанына сүйсінеді. Базаралының Абайға ризашылығы «Өнеріңнен айналайын!» деген ізгі тілеумен түйінделеді. Мағаштың сұрауымен Дәрменнің «Еңлік-Кебек» дастанынан туындаған әнді айтуы жарасымды жалғасады. Осынау сағынышты да сүйсіністі бас косуда көңілді ортаның алауын маздатқан ән өнері. Әсіресе, Абай әндері. Ол осынау жиналған көпшілікті қанша тыңдаса да баурап алады, әсерге бөлейді.

Базаралыға өнермен құрмет көрсетуді місе тұтқан мейірбан Мағаштың тілегін орындар алдына Дәрмен әлі бұл шығарманың аяқталмағанын айтып, сыйлы қонаққа өнер кәдесін тартады.

«Дәрмен іркілген жоқ. Сұлу жүзді, қиылған қара мұртты, ақ сұр жігіт домбыраны шешен сарнатып отырып-отырып барып, жортып бастап кетті. Үлкен қара көздері сәл қанталай түсіп, шабыт отын маздатады. Ширақ, сергек қайратына ызалы жүрек оты араласқан, әділет жоқшысы туғандай. Жас, асқақ ақын жаңа сазға бой ұрған. Бұл, кәрі заманға жаңа буынның сынын айтатын, кекшіл қыран нәсіліндей. Бір жағы Абай ұясынан, тағы бір тегі әділ қазы – халықтан шыққан. Бар жылаулардың жаңа жоқшысы» [41. 51].

Жазушы әр әнді айту алдында оның мазмұнына, әуездік, әуендік табиғатына тоқтала келіп, әншінің ішкі сезімдік әзірлігіне де көңіл бөледі. Дәрменнің домбыраны шешен сарнатып, жортып бастауы да домбырашылық шеберлігін айғақтаса, үлкен қара көздерінің сәл қанталай түсуі, осынау махаббат дастанына өзек болған қиын тағдыр иелеріне аяушылықты сездіреді. Шабыт отынын маздауы ызалы жүрек отының ширақ, сергек қайратына араласуы да осынау жырдан сыр ашады. Асқақ ақынның жаңа сазға бой ұруы осынау екі тағдырдың сүйіспеншілік қасіретін жанаша толғауға бел буғанын байкатады. Дәрменнің дастанды жырлау шеберлігі де «әділет жоқшысы», «халықтан шыққан әділ қазы», «кәрі заманға жаңа буын сынын айтушы» жастардың мұнын мұңдаушы, қасірет-қайғысын жоқтаушы,

өткен заман зарын бүгінгі ұрпаққа ақиқатымен жеткізуші ұғымында бағаланады.

Абайдың өлеңі мен әндерінің халық арасына таралып, жатталып, көшірілуі де ақындық әрі композиторлық талантының шырдалу шағын көрсетеді. Ел арасындағы қадірін де биіктетеді. Халық тарапынан айтылған керемет лебіздер «алпыс екі тамырды шымырлатқан сөз...» деп бағаланады. Бұл Абайдың шешендігін бағалап, құрметтеу ғана емес, көпшіліктің көкейіндегі ойын дөп басып айтқан даналығына ризашылықты білдіреді. Абайға елдің құрметі, ықыласы оның сүйсіне тыңдайтын жырлары мен әндеріне ғана емес, асыл ұлының азаматтық асыл істеріне ризашылықтан көрінеді.

Абай – халық қамқоры, қолдаушысы. Осылайша ол елдік мүдде-мақсат жолындағы жігерлі күрескер, қайраткер бітімінде де тұлғалана түседі. Дәркембай тәрізді ел ақсақалдары да құптап, қолдап, қошеметтейді.

Қазақ баласы айтпағанды сен айтарсың, Абай!.. Асылым!.. Шөлімдегі жалғыз алтын терегім. Шөлден шүлен боп туған сергегім! – [40.587] лебізоған деген зор ықыласты айқын танытады. Абай тұлғасының шөлдегі жалғыз алтын терекке балануы халық сенімімен үмітіне ие болуының белгісі әрі елге тірек, ақылшы көретіндігі сезіледі. «Шөлден шүлен боп туған сергегі» деп дәріптелуі де – қалың елінің арқа сүйер ағасы, жанашыр, мейірбан панасы саналуы.

Дәркембайдың ағынан жарылған ризашылығы жалпы жұрттың көкейіне күндей ұялаған құрмет лебізі. Жазушы тандану, марапат, қоштау-қошеметтерге толы көпшілік сөздерін беруден гөрі, Дәркембай лебізінің көңілден, көкейден шығуын «сүйсінген жалынның атуына» ұтымды балайды.

Халық есінде қалған ескі әңгімелерде, жазушы жазып алған деректерде, естеліктерде Базаралыны Абаймен табыстырып, арасын жақындастырған оның өткір ойы, эзілқойлығы, тосыннан бар тапқырлығы, көпшілдігі. Базаралының сөзге жүйріктігі, өресінің кеңдігі Абай тарапынан «найза тілің барда, саған қамшысы түгел мылтығының оғы да өтпес-ау» – деген сүйсіністе бағаланады. Романда ол халықтың қамқоры, ақылшы ағасы сипатында ғана емес, халыққа тән ең жақсы қасиеттерді өз бойынан жинақтаған көпшілік мүддесі жолында күреске құлшына

шыққан» қайсар жан. Ол болыс-байлардың халыққа көрсеткен зұлымдығы мен қиянатына қарсы небір дау-тартыста, жігерлігімен, белсенділігімен, батылдығымен көзге түседі. Базаралы – ой санасы оянған, заманның қоғамының беталысын байқап білетін, алғыр да батыл тұлға. Елінің ертеңін ойлайды.

Айдаудан келген Базаралы: «Осы дүниеде кім қор, кім пенде? Дәл осы қалың қазақ баласы ғой. Өзге елдің салтын көрші! Бәрінің қазыналы қаласы, қордалы қорасы, тым құрыса тұрақты панасы бар. Сенің қалың кедей халқыңды ойлашы.. әйтеуір ең далам, иесіз шөлім кең деп ұйтқып жүрсің әлі күні..., Құйын қуған қанбақтай жөнкіліп жүргенің мынау...» – деп әбден жүдеп-жадап, ауыр тұрмыстың зардабын тартқан халқына күйінеді. Ол осыны бұрынғы дәстүр-салттың, әбден көнерген биліктің кесірі деп біледі. Сондықтан ел жағдайы жақсаруы үшін де қоғамның жаңаруын, әлдебір өзгеріс күтеді. Осылайша Базаралы санасы өскен, елді қорлап отырған билік иелеріне қарсы басын қосуға ұмтылған. Ләйла Мұхтарқызынша айтсақ, «саналы күресуге айналған» тұлға. «Бұл образда халықтың күші ержүрек характері, оның таланттылығы мен жан сұлулығы, жарқын болашаққа сенімі көркемдік жолмен жинақталған» [1.148.].

Елдің береке-бірлігі, татулығы, сыйластығы авторлық баяндауда, диалогта да қамтылған. Әсіресе, қарапайым халықтың, кедей, жатақтардың ынтымағы, ұйымшылдығы аңғарылады. Оның қызу ортасында Базарәлі, Дәркембай т.б. ел ұйытқысы, ақылшылары жиі жүреді. Базаралы болмысы айтушы ұғымында «Жұпыны киім ішінде болса да, халықтан шыққан Базаралы қасиет ұлындай» ардақталады [41. 14.].

Автор қасиет деген сөзді иман, әдеп, адамгершілік ұғымымен аастағыра келе, адам бойындағы ізгілікті осыған тоғыстырады. Адамгершілігін бәрінен биік қояды. Әйтсе де, Базаралының да кейде күйінетін жайы бар.

«Ұзын арқау, кең тұсау болғанда, қысқа жіп күрмеуге келмес» менмін! «Еңкейсе Ертісі, шалқайса Шыңғысы» дейтін бұлар болғанда қасында қанат тұтар жалғыз жәутік серігі де жоқ менмін! [41. 141.].

Базаралы сөзінде білімдарлық та, шешендік те байқалады. Өйткені басқалардай емес, ел көрген жер көрген, айдауда азапты күндерді бастан кешірген жан. Кейде осылай жұртына кейіп,

ренжитіні де жөн. Көкірек көзі ояу, көзі ашық Базаралының жан қиналысы да сезіледі. Кедей қауымның бір-біріне мейірім шапағаты, қамқорлығы Базаралы мен Дәркембай арасында достықтан көрінеді. Екеуі бір-бірінің қадір-қасиетіне жете білетін жандар.

«Тайлақпай құдығының қақ қасында Ұшқараның ащыкөлі бар. Соның сор батпағы жел науқасына мың да бір ем деген сөзді көп естіген Дәркембай, өзінің Базаралы досын жаз бойы астауға, батпаққа салып емдеген-ді»[40. 361.]. Мұнда Ұшқараның ащы көлінің сор батпағының жел науқасқа шипалылығы, оны емге пайдаланатыны хабарланады. Сол кездегі халық медицинасы да көрініс тапқан. Екіншіден, Дәркембай Базаралыны жаз бойы астауға салып емдеуімен досына деген шын жанашырлық сезімін, қамқорлық ниетін танытады. Бұл—зор адамгершілік өнегесі.

Базаралы: «... Сен берекелі диханшым. Елімнің диханшысы емессің бе? ... Жеміс күтіп нәр алатыны сенсің ғой. Тек бір-ақ қана тілегім сол-толып дами берсеңші. Еліңнің анық қалың көшін бастайтын жолың даңғыл болсын да...» деп ағалық ақ жүрегімен имандай сырын, туыстық тілегін жолдайды.

Абайды жеміс күтіп, нәр алатындай берекелі диханшы, ел диханшысына теңеу – шын жанашыр достың адал көңілінің ақжарқын тілеуі. Диханшы ұғымы бекерге алынбаған. Оның астарында халық қайраткері, елдің көсемі тұлғасы тұспалданып тұр. Өйткені «елінің анық қалың көшін бастайтын» кім? Ол – Абай. Жолының даңғыл болуын тілеген Базаралы пейілі қандай таза. Егер де жазушы оны басқаша сөзбен алмастырса, Базаралы тілегінің шынайылығы да, тереңдігі де көрінбес еді.

«Базаралы Абайды халық мұңының жоқшысы жыршысы деп бағаласа. Абай Базаралыны еңбекші бұқараның қорғаушысы ретінде таниды» [7. 156.]. А Нұрқатовтың бұл тұжырымы ел мүддесі, игілігі жолында арпалысқан азаматтардың бір-біріне шын тілеулес, нағыз қамқор, дос екендігін аңғартады.

«Ақын Базаралы сияқты адамдардан болашағы зор халықтық қасиет ұшқынын көреді. Қарапайым халық бір толқыса, зұлымдық ұяларын дауылдай шайқап, теңіздей төңкеріп кете алатындықтары романда бірнеше жерден айқын көрінеді» [16. 34]. Академик Р. Бердібай Базаралы бейнесінің сомдалуын осылай бағалайды. Абайдың ойын, жанын түсініп қана қоймай, қалың қауымның, қасіреті-

қайғысын жүрегімен сезініп, қалың елін азаптан арылту жолында жүрген Базаралы – қарапайым халық өкілі, тағдыр шындаған тағымды тұлға. Сол замандағы қоғамдық өмір, әлеуметтік тартысты түсінетін көкірегі сезімді, көңілі ояу адам.

Абайдың Семейден аман-есен оралуы да көптеген тілектес, ниеттес адамдардың көңіліндегі күдігін сейілттіп, жанына жақсылық әкелген қуанышқа бағаланады. Бұл халықтың қадірменді ұлы Базаралының бастауындағы шара ретінде түсіндіріледі.

«Базаралы жиын жұртқа «ойын-асыр салыңдар, осының өзі Абайдың амандықпен ортамызға жеткеніне арналған бір сауық, сайран болсын» деп еді. Сол арада жұрт екі топқа бөлініп, кесек денелі балуандарын шығарып, дағдылы тойдағыдай күрес салды. Аттар сыналсын деп көкпарға әзірленіп, бір топтар екшеліп жатты. Теңге алатын, аударысатын өнерпаз жігіттер де үлкен реттілікпен сайлана берді» [41. 282.].

Абайдың қатерлі, қауіпті сапардан ортаға аман келуі халық үшін тойға, сауық-сайранға ұласады. Палуандар күресі өтіп, көкпар тартылғаны, теңге ілу, аударыспақ сияқты ұлттық ойындарға кезек берілгені де ел-жұртының арқа сүйеп, ақылшы тұтқан азаматына деген түзу пейілі, кіршіксіз сезімі, ең бастысы – сыйластығы мен құрметі. Қарапайым халықтың Абайды қалай құрметтейтіні, жақсы көретіні осылай шын ықылас-пейілдері тойға ұласады.

Эпопеяда халықтың ортақ мүдде-мақсат жолындағы бірлігі, татулығы, табандылығы мен жігерлігі, батылдығы айқын көрініс тапқан. Елдің елдігін ойластырған аяулы, ардақты азаматтарын қадірлеу, құрметтеу ұғымы да айшықты сипатталған.

Павлов жатақтар мен Оразбайлардың арасындағы қактығыс кезінде ауру болса да Базаралының орнынан тұрып кедей ауылын қалай жұмылдырып, жігерлендіргенін Дәрмен мен Мағашқа жыр етіп жазуын өтінеді. Базаралының ақылдылығын, ерлігін ерекшелеп, осынау қасиеттерінен елінің болашағын көреді. Павловтың Базаралы туралы бағалауы Дәрменнің шабытын туындатады. Осылайша Базаралының ел басына түскен осы бір сында танытқан өжеттігін ертеңгі ұрпаққа өнегелеуді жөн көреді. Мұны Дәрмен Павловқа ерекше ықыласпен жеткізеді.

– Бір Базаралы емес, сонау жатақтағы бар кедеймен, есесіз бейнетқормен менің қаным да, жаным да бір емес пе?! Көп не

айтады? Азға істеген зорлығын айтады. Аз нені айтады? Көптен көрген қорлығын айтады. Базаралы мен жатақ көрген, өз көз алдымда өткен жауыздықтарды қозғай бастасам, менің алпыс екі тамырым түгел ереуілдеп туламас па! Осыны етпесем мен азамат та болмаспын!

Қазіргі сәтте Дәрмен алдыңғы шабытты күйінен, қызулы өнімді ой тауып, үдей түскендей. Халықтың ұлы, саналы ақыны сол халықтың ызасы, намысымен қатты ширыққандай. Алысуға шығып тұрған қайратты қайсардай, дүр сілкініп алғандай болды» [41. 241.].

Дәрменнің «Көп не айтады? Азға істеген зорлығын айтады. Аз нені айтады? Көптен көрген қорлығын айтады» деген сөзінде Абайдың даналық, шешендік мектебінің тәлімі байқалады. Базаралыны жазсам деген құштарлық, құлшынысы, сүйіспеншілігі көрінеді. Өйткені Базаралы – жатақтардың бас көтерер сауатты да саналы, ақылды да алғыр, табанды да турашыл азаматы. Базаралы жайлы сөз қозғалғанда алпыс екі тамырының тулауы – қалың жатақтың көрген қорлық-қиянаты, жауыздығының жанға батуы. Дәрменнің көкірегіндегі қайнаған ашу-ыза толқыны еріксіз ол туралы жазуға итермелейді. Дәрменнің «алдыңғы шабытты күйінен, қызулы өнімді ой тауып, үдей түсуі де» Базаралы туралы дастан жазу ықыласын байқатады. «Халықтың ызасымен, намысымен қатты ширығуы да» – шығармашылық ширығу, ішкі толғаныс сыры. «Алысуға шығып тұрған қайратты қайсардай дүр сілкініп алуы да» Базаралы туралы жыр жазуға деген шынайы ниеті, шабыт буырқанысы.

Осынау диалогтар мен авторлық сипаттауда Павловтың Дәрмен сияқты саналы халық ақынына ой тастауының мәні Базаралыдай халық жоқтаушысы, жанашыры, табанды, қайсар күрескерінің азаматтығын, ерлік келбетін жырлау, елге таныстыру. Мұның арғы астарында елдің қадірлі тұлғаларын көзі тірісінде құрметтеп жырлау, жазу, өнегелеу ұғымы тұр.

Ауырған адамның халін сұрап, көңілін жылы, жақсы сөздермен көтеру – әрбір мұсылман адамның парызы. Романда Абайдың Дәрменді ертіп ауырып жатқан Дәркембайға амандасып, хал жағдайын сұрап қайтуы – үлкен адамгершілігінің, асыл тектілігінің белгісі. Дәркембайға бұлардан бұрын Базаралы мен Ербол келгендігі, Абай келгенде қарт амандасып, орын бергені хабарланады.

«Кішкене қоңыр үйдің сол жағында қысылып жатқан адамның ескі төсегіне ентелеп, науқасқа үңіле қарасып отыр. Осы жандардың бейнесін көргенде, Абай мен Дәрмен бар күйді анық аңғарды. Бұларды енді ғана білген дені сау жандар тез серпіле берді. Абаймен ақырын амандасып, төр жақты босатып, орын беріп жатқан – Базаралы мен Ербол.

Әйел үнсіз жас төгумен отырған қалпынан көп ауысып, өзгерген жоқ. Абай бұл адамдармен ақыры, қысқа ғана амандық айтысты да, аурудың халін сұрады. Осы кезде ауруға телміріп отырған әйел науқастың ымдап жасаған белгісі бойынша еңкейіп үңілді де, жүзіне жүзін тақады. Сөйтті де қатты дабыстап:

– Келген Абай, Абай, Дәрмен! – деп, екі үш қайырды. Бетін Абайларға бұрды да: «Келген кім» – деді тілі қайта шешілгендей» [41. 402.].

Науқастың хал-жағдайын сипаттаудан гөрі, әйелінің Абай мен Дәрмен келгендерін жүзін тақап қатты дабыстап айтуы да артық мазаламауды, ауруға деген ілтипатты білдіреді. Ерболдың сөніп қалған отты құрғақ тезек салып қайта қоздандырып үрлей түсуі, лаулап тұрып, маздап жанған оттың Дәркембайға келгендерді анық көрсету әрекеті.

Дәркембайдың Абай мен Дәрменді танып, олармен жүздесуі – авторлық баяндаудағы соншалықты ауыр толғаныс.

«Дерт жеңген қарт, өзіне үңілген екі жүзге кезек қарап, сәл ғана езу тартқандай болды. Өте ақырын ғана дауыспен:

– Абай-мы-сың? – деді. Кірпігін ғана қозғап, өзіне қарай шақырғандай.

Абай оның не тілегенін аңғарып, аурудың сақалына бетін әкеп баса берді. Науқас бұнысын құптап, бас изегендей ишарат жасады да, Абайды құлағынан, самайынан, маңдайынан қоса иіскеп сүйгендей белгі етті. Көптен көзден шықпаған кесек тамшы, ыстық жастар Абайдың көзінен кәрі Дәркембайдың мұрнына, оң жақ бетіне сап-салқын тамшы боп қат-қат тамды.

– Қайран қартым-ай! – деп Абай, өзімен өзі сөйлескендей күрсініп, бір жалын атты. Демі дір-дір еткен өксік тәрізді ауыр күйініш қалпын байқатты. Үлкен адамдық пен мейірімді достық қасиеттерін жиған кең кеуде, аса ащы шерменен өзгеше күйзелгендей» [41. 402.].

Ауру қарттың сәл ғана езу тартуы, өте ақырын дауыспен Абайдың үзіп айтып есімін, кірпігін ғана қозғап өзіне шақырғандай ниет білдіруі де арадағы ажырамас сыйластықтың, ынтымақтың, ағалы-інілі жарасымның, жақсы туыстықтың соңғы бір нышаны тәрізді.

Романдағы кезекті бір қақтығыста қамауға түскен. Абайға оңайшылықпен каталашқаға кіргізбегенде, Дәркембайды әкесі деп көрсетіп, Ербол, Баймағанбеттердің бірге келуі сипатталады.

«Сақалы ақ болса да, әлі қапсағай денесі, қайратты жүзі кәрілікке мойымаған Дәркембай Абайға кең құлаш жайды. Дос бейлін шын бере түсіп:

– Айналайын, жалғызым, арысым! – деп қапсыра қысып, бетінен сүйді» [40.170.].

Дәркембайдың бұл ықыласы Абайдың патша ұлығы, әкімшілігіне сүйеніп, әрі өздерінің құлқын, пиғылын ойлап, халықты зар жылатқан болыс, атқамінерлердің түрлі жауыздықтарына қарсы батыл әрекетіне сүйсініс белгісі. Айналайын сөзінен Абайға риза көңілі, шынайы ықыласы, зор мейірі байқалса, «жалғызым» дегені айналасындағы әділетсіздік пен қиянат-қорлықпен аянбай бір өзі арпалысып жүрген Абайдың күрескерлік келбетін бағалау мағынасында. Ал арысым дегені – асыл азаматтың елі үшін еңіреген ер бітімін ерекшелееу. Дәркембайдың алдымен Абайға кең құлаш жайып құшақтап қапсыра қысып, бетінен сүюі және әлгіндей жүрекжарды сөздерін емірене айтуы да халық махаббаты, ыстық ықыласы.

Дәркембай – елдің арқа сүйер тірегі, ардақ тұтар ақсақалы. Осынау әсерлі, тебіреністі эпизодта Абай – ел перзенті, халық қамқоры болып көрінсе, Дәркембай – халықтың ақылшысы, әкесі іспетті. Абайға емірене, елжірей достық пейілін, әкелік махаббат мейірімін танытады. Екеуі де халық сүйген, сыйлаған, ардақтаған тұлғалар ұғымында бейнеленеді. «Мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың елдің болыс, байлардан көрген қорлық-зорлығына батыл қарсы шығуы, тайсалмай табандылық танытуы Дәркембайдай ел жанашыры, ақылшысы тарапынан биік бағаланады. Абайдың еліне жасаған жақсылығына, қамқорлығына ризашылық пейіл белгісі диалогтар да, кейде авторлық баяндауда берілген. Дәркембайдың Абайдың қай кезде қасынан табылуы, басына іс түскенде жан ұшыра жетуі – оған ниеттестігі, тілеулестігі.

Дәркембайдың кісілігі, қасиеттілігі дүниеден өтер алдында да ерекшеленеді. Ол үйге Ербол, Абай, Дәрмендер келгенін аңғарып, Абайға айтар ризашылық лебізін қиналса да, бар күш-қайратымен, шынайы ықыласпен жеткізеді. Осы эпизодты тебіренбей оқу мүмкін емес.

«Қасына жаңадан кімдер келгенін жақсы аңғарып жатқан науқас енді бар күшін, ес, санасын зорлықпен жинап алды. Тағы да қабағымен ишарат жасап, Дәрменді өзіне қарай тарта түсті. Жас жігіт қарт ағасының қиналған жүзіне жүзін тақап, етпеттей кеп еді. Дәркембай баяу салмақпен қозғалған кішкене көздерін сәтке Абайға аударды да, Дәрменге сөйледі. Сөзі сыбыр, бірақ анық естілді.

– Абай сенің.. қарызыңнан... құтылды! – деген сөздерді бөліп-бөліп, өте ақырын айтты. Аз күшін тартына жұмсап, тағы бір нәрселер айтып қалмақ тәрізді. Қуаты шақ болғанымен санасы сау, ойы сергек. Есті қарттың жаңағы сөзін естумен қатар, оны қоршай отырған бар достары да ендігі жайды жақсы аңғарды.

Ербол, Абай, Дәрмен – үшеуінің де есіне ерте кезде өткен, Дәркембай өзі араласқан бір шақ түскен еді. Ол – Құнанбайдың Меккеге жүргелі жатқан сағатында Тінібай қорасында, Семейде болған уақиға. Сол кезде көзіне көз ауру тиіп, кір орамалмен басы, бетін қиғаштай таңып алған он, он бір жасар бала Дәрменді Дәркембай Құнанбайдың алдына әкелген. Жетімнің Құнанбайда қарызы барын айтқан. Сонда Абай аузынан шыққан бір сөз бар еді. Жас бала Дәрменге қарап: «Әкем үшін мен қарыздармын» деген. Сондағы әділ адамның адамшылығы зор адамның аузымен айтылған ер серті есепті екен.» [41].

Романда ретоспекция сәтті қолданылған. Яғни белгілі оқиғаға, бұдан бұрын қайталанған жағдайға шегініс жасау арқылы автор сюжетті, эпизодты шиеленістіре дамыта түседі. Ербол, Абай, Дәрмендердің есіне Дәркембай өзі араласып, әрі ауру әрі жаны жаралы жетім Дәрменді қажылыққа барар алдында Құнанбай алдына әкелгенде, қарызын әкесі үшін Абай мойнына алған сол бір өткеннің ащы да ауыр шағын еске алады. Осы эпизодтан нені байқаймыз? Біріншіден, Абай, Ербол, Дәрмендердің Дәркембайдың халін сұрап барып, жүздесіп қайтады. Өзінің ажалды сәті таяғанын біліп Дәркембай Абайға деген жүрегіндегі алғысын көзінше айтады. Абайдың зор адамгершілік қасиетін, жақсы-

лықтарын, қайырым-қамқорлығын қарызынан құтылғанын, Дәркембай жүрегінен шыққан ризашылығын автор бәрінің ортақ қабылдап, түсінуімен жеткізеді. Дәрменнің өсіп, есейіп, ержетіп, білімді, саналы, ойлы, парасатты, ақылды азамат болуы – тікелей Абай тәрбиесі. Жетім-жесірлерге пана, нағыз ел қамқорының келбеті көз алдыға келеді. Абайға арналған ақсақалдың алғыс сезімі «зор адамның аузымен айтылған ер серті есебінде» пайымдалады. Ауру Дәркембайдың Абайдың атын атап өзіне шақыртып алуы, Абайдың қарт қамқорының сақалына бетін басып ілтипат білдіруі, Дәркембайдың да оның құлағынан, маңдайынан, самайынан иіскеуі – жарасымды сыйластықтың іні мен ағадай жақын жандардың тату-тәтті пейілі, бір-біріне ыстық ықыласы. Абыздай ақылшының мейірім-шапағатын, сүйіспеншілігін сезген Абай да бір сәт буыны босап, егіліп, еміреніп кетеді. «Қайран қартым-ай!.. Қадірлім-ай!» деп күрсініп, көкірегінің жалынуы, демінде дір-дір еткен өксік, күйініш кейпін танытуы – ақылшы, ардақты ағасына деген қимастық сезімі. Сағынышты, аңсар көңілдің соңғы бір мейірім шуағы. Талай жыл қатар жүрген, жүздескен асыл, сыйлас жанашыр жанмен ақтық жүздесуде Абай да толқып, тебіреніп, егіліп елжіреді. Жазушы сыйлас, қимас көңіл-ниеті, пейіл-тілегі ортақ екі аяулы ардақты, адамдардың ақтық бет көрінісуін «Үлкен адамдық пен мейірімді достық қасиеттерін жиған кең кеуде, аса ащы мейірімнен өзгеше күйзелгендей» деп психологиялық ерекше толғаныспен жеткізеді.

Романда ұрлық, барымта, тонаушылық – сол заманға тән қылмыс түрлері болғанымен, жазушы оған Базаралы және басқа да ағайындардың батыл әрекетін қарсы қояды. Мұндай заман зұлымдықтарымен бітіспес күресте халықтың ымырашылдығын көрсетеді.

Ұрлық істеген Далбай мен Дүйсеннің серт беріп, жалынған жағындағы эпизод романда қызықты оқылады. М. Әуезов осы эпизодты көркемдік қиялдан қосса да, өмірлік шындықпен сәйкес. Тұрағұл естелігінде: «Жалпы ұрылар айтады: «Абайдың алдына өтірік пен бара алмаймыз, жанымыз қалса шын сөзіміздің арқасында қалады», – деп: «Менің әкемнің ұрыдан алатұғын парасы шын сөзі еді» деп сондай бір ұрлық жасар Қабылай баласы деген кәрі-ұрының жылқы ұрлаған деп қыстың күні суық су құйып кинаса керек бетін басып. Басқа

сыбайластарынан күні бұрын ұрлығын сұрап біліп, мойындатқанын қызықты жазады».

Романдағы Базаралы бастаған жігіттердің жылқы ұрлаған ұрыларды мойындатуы да өмірлік шындықтың көркемдік әлемдегі көрнісі. Абайдың ұрыларға қарсы катал, рақымсыз көзқарасын байқатады. Ол тек естелікте ғана емес, Абай өлендерінде де орын алған. «Менің әкемнің ұрыдан алатұғын парасы – шын сөзі еді» – деп айтқан Тұрағұл. [44. 113].

Базаралы бастап, Әбді, Келден, Сержандардың екі ұрыны жауапқа алуы да ашық сот үдерісіндей әсер қалдырады. Мұндағы басты айыптаушы – Базаралы. Базаралының білімділігі де, тапқырлығы да Далбай мен Дүйсенге қойған сұрақтарынан ғана емес, ұрылардың бар қылмысын ашуға деген саналы әрекетінен де сезіледі.

«Базаралы асықпай көзін қысып отырып:

– Егер бұл жерде ант ішіп, онда барып шағым етіп, ертең осы араға ұрлықтың кәрін әкелсеңдер неғылайын?

– Жүзіқара болайық!

– Онбай кетейік.

– Онда екеуінді бүрсігүні түнде үйлерінде бауыздап өлтірте-йін бе?!

– Үйтіп ит болсақ, өлтіре бер!

– Ендеше қазір кеуделеріңе құран ұстап серт беріңдер, бересіңдер ме?!

– Берейік, ойбай!

– Дегенінді қылайық!

– Олай болса ең әуелі ауылдан «недоймке», «қарашығын» сұрап қайта келмейсіңдер. Бізді Шыңғыс асып көшіп кетіпті, жете алмадық деңдер! Екінші – осы көргенінді шағым етіп болыс, ұлық атаулыға ләм деп білдірмендер! Сөз, серт осы ма! – деп Базаралы Келденге қарап еді. Ол да Әбді де:

– Осы! Осы! – десті.

– Ал ендеше жанағы екі сертке сөз беріп, кеудеге құран ұрасыңдар ғой!? – деп Базаралы тағы ақырды. Әдейі сескентіп қатты ақырып сөйледі.

– Құран ұстайық!

– Әкел ендеше құранды! – деп Базаралы үй ішіне бұйрық етті.

– Құран болушы ма еді бұл ауылда? – деп Әбді мысқылдап

күңк етіп еді, Базаралы зекіп қойып, көз қысты:

– Неге болмасын құран, әне, ана тұр, әкел анау уықтың қарында тұрған құранды! – деді.

Сержан тап беріп, көп қағазды будыраған қалың кітапты Базаралыға ұстатты. Бұл кітап құран емес, Базаралы осы қыста көшіртіп алып, ауылдың барлық жас-кәрісіне естіртіп оқытып жүретін Абайдың өлеңдері болатын. Бірақ хат білмейтін Далбай, Базаралы ұсынған кітапты құран емес деп ойлаған жоқ. Дүйсен де жатқан бойында қол созып қалбақтай ұмтыла берді.

Базаралы кітаптың бетін ашып Далбайға:

– Сүй мына құранды, «осыдан жаңағы айтқан уәделеріңді бұзсам кәпір қауымында өтейін, қатын-балам жүзін көрмейін, арам кетейін» деп айт осыны! – деді.

Екі бүлік те осы анттарын айтып, құранды сүйіп ант суды ішті де, бас амандады» [41. 126.].

Базаралы екеуінің ұлыққа шағымданып, осынау қылмыстың одан әрі ұшынып кетпеуі үшін қорқытуға дейін барады. Мұны жай ғана жауабымен емес, Құран ұстатқызып, ант бергізіп мойындатуды көздейді. Ұлық атаулыға аузын ашып, бармауына серт еткізеді. Базаралы сескентіп, қатты ақырып, кеудесіне құран ұстатқызып, істі біржолата бітірмек ниет танытады. Құран әкелуін бұйырғанда Әбді мысқылдап, үйде құран жоқтығына күманданғанда Базаралы тапқырлық танытады. Ол уықтың қарында қыстырулы тұрған Абайдың өлеңдер кітабын құранға балап, әкелуін өтінеді. Сержан ұсынған будыраған қалың кітапты Базаралы қыста көшіріп алып, ауылдың үлкен-кішісіне оқып жүрген Абай өлеңдері екенін өзі білгенімен, хат танымайтын Далбай мен Дүйсен білмейтінін сезіп отыр. Өйткені ол араб әріптерімен жазылған.

Аталған эпизодтағы диалогта автордың тапқырлығы, көркемдік шешімінің келістілігі анық байқалады. Кеңестік идеологияда атеистік насихатпен дінге қарсылық жасалғанда, Базаралы үйінде құран бар деп көрсетуі, көпе-көрнеу әдебиеттің партиялық, таптық ағымына кереғар жай. Сондықтан осы бір қиын жағдайда Базаралы ойымен құран ұғымында. Абай өлеңдерін екі ұрының ант беруіне әдейі енгізген. Қарапайым ел адамдарының аңғалдығын әрі сауатсыздығын білдіретін деталь. Мұнда Далбай мен Дүйсенді уәдені бұзбауға ант ішкізіп, құранды сүй-

гізіп, бүлік істі ақылмен жөнге келтірген Базаралының ой-өресінің биіктігі, ақылдылығы, тапқырлығы, өмірлік тәжірибесінің молдығы көрінеді.

М. Әуезов талантының кереметтілігі тағы да алдан шығады. Неге дейсіз ғой. Базаралының тапқырлығы арқылы Абай өлеңдерін құран деп, қабылдатып, оны екі ұрыға сүйгізу арқылы осылайша кеңестік қатал саясат кезінде Абай поэзиясының құндылығын, қасиеттілігін түйсігі терең оқырманға сезінтеді. Қазіргі заман деңгейінде пайымдасак, зерттеулерде дәлелденгендей, Абай поэзиясы – шығыстың ұлы шайырларындай қасиетті Құран ілімдерімен нәрленген, құдіретті құндылықтардан негіз алған қуатты жырлар. Айқайлап айтуға қиын уақытта ұлы суреткер осылай абайлап жеткізген.

Беттерін қара жамылғымен жауып алып, Жұмағұлдардың почтасын талаған Әлімхандардың әрекеті де ел ішіндегі әділетсіздікке, қысастыққа қарсылық еді. Мұны Байдалы да коштайды.

«...Жаз бойы ұры аттандырды деп, өзіміз де Балағаздарды ұры-қары санап, қоса қуып келмедік пе? Бүгін ойлап, болжасам, сорлылар ұрлық емес, өжеттікке бастап жүр екен ғой. Ежелгі бір кеселге кекесін көрсеткен екен. Аш-арықтың ішінен бұларды қарғаған бір жан көрдің бе? Ұры демеймін! Өктем шыққан өз тәнім болыс-бауырым деймін!» деген Байдалы сөзіне де болыс-байлардың қарапайым халыққа деген ашу-ызасы көрсеткен қысым-киянатынан білінеді. Автор олардың осындай катерлі іске бет бұруының сырын ашады. Яғни халықты жеп, тонап, ойларына келгенін жасап отырған озбырлықтарына жасалған өжет іске бағалайды.

Халық арасында кейде осындай қиянат-қорлыққа қарсы әрекеттің алып қашпа әңгімелерімен түрліше таралуы да Байдалының көңіліне күдік ұялатқанымен, Балағаз, Әлімхандардың почта тонау ісінен елге көрсеткен жәбірге берілген жауап екенін білген кезде, көзқарасы біржола өзгереді. Әлдебір өсек-аян жаламен ұры деген жаман аттан олардың аулақ екеніне, өжеттік іс жасағанына көзі жетеді.

ЗАМАН ТАРТЫСЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕРЛІК МҰРАТТАР

5.1. Жастар жанашыры, ақылшы ұстазы

«Абай жолында» жастар өмірі, іс-әрекеттері кеңінен бейнеленген. Мұнда Абайдың өз ұрпағы, Әбдірахман, Мағаш бейнелері бір желіні құраса, екінші желіде – Дәрмен, Ербол, Баймағамбет, Мәкен тәрізді Абай жанынан жиі табылатын, ақылын алып, өнеге-тәлімін бойға дарытуға ниетті, өнер-білімге ынтық, ынталы, ықыласты топ. Эпопеяның кең тынысты мазмұндау әлемінде жастар мәселесі жиі қозғалады. Суреткер қоғамның беталысын байқайтын, елінің хал-ахуалын жүрегімен сезіп, соны қалай жақсартуды ойлайтын, елдің өмірі мен тұрмысын түзетудің амалдарын қарастырып, үнемі ойланып-толғанып жүрген Әбіш, Мағауия т.б. жігерлі, үмітті жастар шоғырына басымдық береді. Сонымен бірге байлық пен мансапты ғана ойлап, бір күндік дүниенің қызығына алданып жүрген Нығмет, Жәлел т.б. жастарды да көреміз. Абайды жастар арасында олардың ақылшы ағасы, ұлағатты ұстазы сипатында көрсетеді. Ол талант тәлімгері әрі ақыл-ойларына ізгілік отын жағушы, өмірдің мәнін, қоғамның бағыт-бағдарын түсіндіріп, ел ертеңін соларға үміт артушы, қамқор тұлға сипатында ерекшеленеді. Абай тәлімі тәрбиесі, өнегесі өсиет сөзімен ғана жеткен жоқ, үлгілі істерімен, асыл қасиеттерімен де жастар жүрегіне алау жақты. Ол жастар жанына өнердің, білімнің жарығын шашты. Адам баласына бауырмалдық пен туыстықты танытуы

жақсылық пен қайырымдылық жасауы жүректегі имандылықпен келетінін ұғындырды. Ұлағатты ұядан ұшқан ұрпақ ұлылықтан қуат алады. Дәрменнің, Иіс кемпірдің жетімдері Асан мен Үсенді бауырына басып тәрбиелеуі, Семейге апарып оқытуы – үлкен адамгершілік белгісі. Бұл – Абай жанында жүріп, ақылын, өнегелі өсиет сөздерін тыңдап, өжет, өр істерін көріп, асыл қасиеттерінен тәлім алуы. Изгіліктің ұрпақтан ұрпаққа ұласқан ұлағаты.

Романның алғашқы кітабында Абайдың Семейге оқуға барып, демалыста елге оралуындағы эпизодтарда қаншама адамгершілік қарым қатынас мәселелері қамтылған. Қалашылардың Құнанбай ауылына жақындауынан бастап, Абайдың қалай үйге түскені, алдымен анасы Ұлжанға қарай беттегенде, анасының әкесіне сәлем беруге жөн сілтегені баяндалады. Ал Әбдірахманның Петербургтен жазғы демалыста елге келуі – авторлық баяндаудағы өте әсерлі көрініс.

«Шымы тұтас жазықта дүрілдетіп шапқан көп аттар, барлық ағындағы тобымен Барлыбай өзенінің жағасындағы Абай ауылына келіп те қалды.

Қазір бұл ауылдың үстінде, бұрынғы барлық әбігер біткен де, енді қалың жиын, Абай мен Әйгерімнің үлкен үйінің сыртында, үнсіз қадалып, тосып тұр екен. Абай жиынның тап ортасында тұр. Үстінде ұзын, ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар. Жазғы жеңіл киім бұл күнде толған денесін аса айқын көрсетіп тұр. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей. Самай, мандай шаштары кейіндеп, бұрыл тартқан Абайдың бұл күндегі үлкен, кесек жүзі, ойлы, келбетті адамның жүзінде ашыла түскен. Кең жазық мандайында ажым аз. Жіңішке ұзын қастары әлі де қап-қара. Бетінде де ажым тіпті аз ғана. Селдірлеу боп жайыла біткен сақалы ұзара түскен, соңғы жылдар білінген буырыл талдар бар.

Абайдың айналасы қазір, көбінше, әйелдерге толы. Дәл қасында екі көзі жасаурап, өні ақ сұрланып Әйгерім тұр. Көп келіндер, жұмысшы, сауыншы, жылқышы, биешілер сияқты жұпыны жүзді, көрші-қолаң да көп. Үлкендерден қартаң шал көршілер болмаса, басқа бөгде адам аз» [41. 106 .].

Алдымен Барлыбай өзенінің жағасына тақап қалған, жазықта дүрілдете шапқан аттылар, жиналған көпшіліктің ортасында тұрған Абай суреттеледі. Автор оның жаздық үлгідегі бойға қо-

нымды, жарасымды киімдеріне сипаттау жасайды. Самай маңдай шаштарының буырыл тартуы, кең жазық маңдайы мен бетіндегі ажымының аздығы, селдіреу жайылған сакалының ұзара түсуі – Абайдың қазіргі жас шамасын емес, көрген бейнетінен хабар береді. Әйгерімнің екі көзі жасаурауы, өнінің ақ сұрлануы – сағыныш сезім сипаты. Абайдың айналасындағы жиынның көбісі әйелдер, жұмысшы, сауыншы, жылқышы, биешілер және жұпыны жүзді көрші-қолан екені де хабарланады. Осы тұста салт аттыларды тоқтатып, Әбіштің күймесін алға шығаруынан Дәрменнің парасаттылығы көрінеді. Ауылға атшабар, стражниктер сияқты қоқандап бармауды, тізгінді тартып алға Әбішті шығаруын айтады.

«Баймағамбет ауылдың іргесіне жеткенше нар құла атты басын ірікпестен, сар желдіріп әкелді. Күйме тоқтамастан, Абай бастаған жиын қарсы алдынан өздеріне қарай қозғалғанда, Әбіш тағы да тоқтап болмаған күймеден ытқып, секіріп түсіп, әкесіне қарай құшағын жайып, асыға жүгірді.

Абай да мол құшағын кең жайып, Әбішті бауырына алды. Соншалық қатты қысып, құшып тұрып, құлағынан, бетінен көзінен сүйіп, ұзақ уақытқа шейін өз бауырынан босатпады. Әке мен бала екеуінде, осындай сағынышты құшақтан басқа бір ауыз сөз болған жоқ. Әбішті көп уақыт жүрегіне басып тұрып, босатқанды Абайдың кара сұр жүзі аппақ сұр боп, өзгеше онып өзгергендей.

Айнала дүниені біраз уақыт аңғара алмай, есеңгіреп қалған жайы бар. Әбіш бұл кезде бала халінде болатын. Ақ гимнастеркаға жезді түйме таққан Әбіштің юнкер формасындағы погондары, қазіргі сәтте кезек-кезек құшақтаған аналар, жеңгелер, кемпір-шал көршілер арасында еміс-еміс көрінеді. Кокардасы бар картузын Әбіш бұл уақытта қолына алған. Сұйықтау қызыл қоңыр шашы жылтырай, жабыса таралған екен. Ертерек қасқа бола бастаған кең, биік маңдайы ашық көрінеді. Әбіштің бойы сұнғақ. Көрнекті, қырлы мұрны байқалады. Жұқа ерін, қызғылт жүзді, сәнді киінген жас жігіт өзгеше сұлу көрінеді. Көп қауышу, жылап амандасу арасында шешелер мен жеңгелерінің тілеулестігі айтылады. Балажан көрші, кемпір, шалдардың Әбішке айтып жатқан үзік-үзік мейір, шапағат сөздері естіледі» [41. 106.].

Дәрменнің сөзінен кейін Баймағанбеттің күйме жегілген пар құла атты сар желдіріп әкелуі – жастардың жаңа заман ағымын

түсінуін, озық мәдениетке бет бұруын байкатады. Әбіш күймеден секіріп түсіп, Абайға құшағын жая асыға жүтірген әрекетінде әке мен бала сағынышын білдіреді. Абай мен Әбіштің кездесуі әсерлі бейнеленген. Әке мен баланың сағынышты қауышуы да оқырманды селт еткізеді. Жазушының суреткерлік кереметтілігі де осынау эпизодта айқын көрінеді. Әбішті көп уақыт жүрегіне басып тұрып босатқан Абайдың кара сұр жүзі аппақ сұр боп өзгеше оңып өзгеруі де сағыныштың дидардағы жарқын белгілері. Әйгерімнің өңінің аксұрлануы да іштей ана махабатының айрықша сипаты. Абайдың айнала дүниені аңғара алмай, біраз есенгіреуі де сүйікті перзентіне деген әкелік мейірім, махаббаттын айғақтайды.

Автор алдымен Әбіштің әскери киім үлгісін, содан соң келбет, көркін сипаттайды. Осынау портреттік сипаттауда Әбіштің кокардасы бар кортузын қолға алуы да өзгеше тәрбие алғанын байкатады. Көрнекті қызғылт жүзді, сәнді киінген жігіттің сұлулығын айтуымен бірге, айтушы оның ішкі жандүниесінің сұлулығын да әсерлі сипаттайды. Әдетте, алыстан атамекенін аңсап келген ұлдың тілеулесі де, тілектесі де – көпшілік. Алдымен әке құшағымен қауышып, сағыныш мауқын басқан перзенті Әйгерімнен бұрын қаумалаған елдің мерейлі лебіздерін төгуі алыс жерден білім алған Әбішке құрмет.

– Жаным, есен жеттің бе?
 – Сәулем, ұзағынан сүйіндірсін!
 – Көп сағындырдың ғой қуатым! –
 – Айналайын, күнім!..–
 – Ата-ананды ұзағынан сүйсіңдірсін сапарың!
 – Сапарың құтты болсын, карағым!
 – Қош келіпсің, Әбішжан! – деген, сан тілеулес жүректен шыққан ыстық сөздер, Әбіш үйге кіргенше барлық жиын атаулының тұла бойын шымырлатқандай. [41.106].

«Жаным, сәулем, қуатым, айналайын, күнім, карағым» деген қаратпа сөздерде елдің ыстық сағынышы, аңсар тілегі ерекшеленеді. «Қош келіпсің, Әбішжан» деген сөзбен аяқталуы да жаңа заманның оқып тоқыған азаматына көңілінен шыққан тілеулестік тілек, де сағынышты сезімнің, жан-жүректің мейірлі шуағы.

Абайдың асыл мұраты – жастардың оқып-білім алуы. Білім алғанда, сол замандағы бас пайдасына қажетті тілмаш не адвокат

мамандығын емес, елдің игілігіне жарайтын, қараңғы халықтың сауатын ашып, өзге өркениетті елдердей ғылым жарығына ұмтылатын білім Әбішпен арадағы әңгімеде өрбиді.

– Әуелі бір нәрсенің басын аша сөйлейік, аға. Жаңағы сіз санаған көп жерде оқыған, көп қазақ жасы азғантай ғана оқып, ерте тоқтап қалып жүр...

– Рас... Рас, – деп, Абай Әбдірахманның сөзін бөле берді де: – тоқтап қалып жүрген жоқ. Тоқтап барып тілмаш, песір болып жүр. Көбі және песір де бола алмай, кесір боп жүр. «Қазақ жаманы орыс бола алмайды да, орыс жаманы қазақ бола алмайды» дегенді біздің халық соларды көріп айтқан. Бұл не деген сөз? Менің ұғуымша, терең сын. Яғни, әуелі жақсы қазақ болып алмай, жақсы орыс та бола алмайсың, яки, әуелі жақсы азамат болып, өз ортана, халқына адамшылық танытпасаң, өзге елдің адамы болып та жарытпайсың деген сөз. Ал біздің көп шала оқығандар жетістірген күнде, тәуір чиновник болады екен. Салтыков-Щедрин мен Толстой маскаралап, әшкерелеген қу-құрдым төрешік болғанша, болмай-ақ қал, деп ойлаймын.

– Білемін. Сіздің «Интернатта оқып жүр» деген өлеңіңізді маған Петербург пен Омскіде жатқа оқып беріп, қатты мақұлдаған жастар болған-ды.

– Мақұлдаса, оларың ойлы жас екен. Сын көтерер қымбатты болғаны ғой. Ал енді сол жастарың бар, өзің бар, жаңағы сөзіме не жауап айтар едіңдер?

– Жауабы әзірше біреу-ақ па деймін, аға... – деп, Әбіш ойланып, іркіліп сөйледі. – Жауабы: «оқу бітіреміз де, қызмет етеміз! Елге сол қызмет бабында пайдалы боламыз» дейді ғой [41. 107.].

Диалогта Әбдірахманның қазақтың көп жасы аз ғана білімге қанағаттанып әрі қарай оқи алмаған алаңдаушылығына Абай жауабын береді. Жастардың тілмаш, писарь болғанына қарсы емес, «песір бола алмай кесір болып жүр» дегені көбінесе ұлықтардың ынғайына жығылып, қарапайым халықты алдап, арбап, дұрыс ісін бұрмалап жүргеніне қапалы. Сондықтан да ол «әуелі жақсы азамат болып, өз ортана, халқына адамшылық танытпасаң, өзге елдің адамы болып та жарытпайсың» деген көкейдегі ойын жеткізеді. Ақын Салтыков-Щедрин мен Толстой, маскаралап, әжуалап, шенеп, мінеп жазған мансапқұмар болғаннан гөрі, елге пайдасын

тигізетін азамат болуын қалайды. Ақын жырларының ойы да, мұраты да осы. «Интернатта оқып жүр» өлеңін Петербург, Омбы жастарынан қызу қолдау тапқанын жеткізгенде, ақын өлеңнің мән-мағынасын түсінген ойлы жастарға іштей ризашылық білдіреді. Абай оқудағы мақсатының түпкі сырын ашпақ ниетін байқатқанда, парасатты, перзент «оқу бітіреміз де, қызмет етеміз! Елге сол қызмет бабында пайдалы боламыз!» деген көкейдегі ізгі мақсатын білдіреді. Бұл – жалғыз Әбдірахманның ғана емес, оқыған жастардың кесімді тілегі, жарқын мұраты. Абай мен Әбдірахманның әңгімесі заман, жастар, халық келешегі жайлы өрбігенімен, екі парасатты тұлғаның, екі уақыт өкілінің өткен мен бүгінді саралап сараптап, ертенге көзқарасына да ұласады.

– Қызмет бабы жандаралдың, ояздың соттың алды ма? Ондайларды көріп те жүрміз. Жаңа жол, өзге өріс тауып соны халқына, тобына таратып іс ету қайда? Немесе, орыс даналарындай халық қамын ойлап, өсиет таратып жүрген бар ма?

– Әй, ондай әлі жоқ қой... Ондайлық білімі толып, өнері асқан жоқ қой...

– Бәсе, сондай қазақ оқығанын көрмей жүрміз... Мен осыны тосқан әкенің, ағаның бірі едім!.. – деп Абай бұл әңгімеге қанағаттана алмай, үндемей қалды.

Әбіштің есіне енді бір жаңа нәрсе түсіп еді.

– Қазіргі оқығаннан сіз ойлаған адамды таппадым. Бірақ осындай көрнекті өріске қадам басқан бір-екі кісі қазақ оқығандарында болған екен. Естімесеніз соларды айтайын.

– Олар кім?

– Бұның бірі – осыдан жиырма бес жылдар бұрын, жастай қайтыс болған Шоқан Уәлиханов деседі. Екіншісі – Орынбор маңынан шыққан Ыбырай Алтынсарин! – деді. Абай Алтынсарин атын естіген, оны жақсы біледі екен. Шоқанды білмеді.

Әбіш солар жайын бірталай таратып, жақсы бейілмен айтып шықты. Шоқан турасында Сібірдің көп ірі адамынан қатты мақтаған сөз естігенін айтты [41. 107.].

Абай қазақтың көп оқығаны генерал, ояз, сот бола алмайтынын, тек солардың билігіндегі, қол астындағы қызметкерлікке жарайтындығын айтады. Жастардың білім алып халыққа жаңа жол, өзге өріс табу қажеттілігін ұсынады. Орыс даналарындай халық қамын ойлап, өсиет-өнеге таратқан ағарту-

шы ғалымдар жайлы сұрағанда, Әбіштің қазақ жерін біршама шарлап шыққанын, қазақ оқымыстыларының арасында көрнекті өріске қадам басқандар қатарында Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уәлихановтың аталуы да шығарманың көркемдік-идеялық мақсатын айқындайды.

Әке мен баланың сұқбаттасуы – болашаққа алаңдаған қалтқысыз көңілден шыққан шынайы ықыласты сөздер. Абай Әбдірахманның азаматтық биік болмысын осыдан-ақ байыптап, пайымдайды. Оған кейде қаталдау, кесек сауал тастағанда, елдің жай-күйіне, келешегіне алаңдаған шерлі, зарлы көңіл-күйді байқайды. Әбдірахманның Шоқанның қазақ халқының қамын ойлаған, көптеген өнегелі сөздер, ел әдебиеті, тарихы, тұрмыс-салты, діні, тілі туралы үлкен еңбектер жазып қалдырғанын баяндауы – заман шындығы. Құнанабай Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанды жақсы білген. Құнанбай істі болғанда Шыңғыс көмектескен. Кейін Шоқанды емдеуге келгенде Құнанбайды құрметтеп, сыйлап күткен. М.Әуезов мұны жақсы білсе де, дерекке сақтықпен қараған.

– Жалғыз-ақ, кітабына, қалдырған жазуларына кездеспедім. Өзі қазақ халқының қамын ойлауда көп ірі сөздер сөйлеп, жазып өткен кісі дегенді оны білген екінің бірі айтады! – деді.

Абай да, Әбіш те ол адамның әрі жастай кетіп, әрі жазғаны жоғалғанын өкініш етті.

– Ал Алтынсарин русско-киргизская школа ашқан. Өз білімін қазақ жасын оқытуға жұмсаған. Көп жерде школдар салдырып. Артына шәкірт қалдырған. Халық үшін іс те, өсиет те қалдырған, анық жемісті еңбекке берілген сол адам екен! – деді Әбіш.

Абай Алтынсаринді есіне алды. Орысша интернатты, школдарды қазақ үшін ашуда анық үлкен еңбек етіп келген қамқор азамат екенін түсінді. Сөз аяғында Әбішке қарап:

– Ал осы Алтынсариндей еңбек етсе олқы бола ма? Бір үлгі осы болмас па еді? Бұған не айтар едіңдер? – деді.

Дәркембайға соңғы кездескелі Әбіштің өз ойында жүрген бір ниет бар-ды. Қазір әкесіне соны айтты. Бағанадан бергі Абай қозғаған сөзге өз басының әзіргі жауабы осы болатындай етіп, сенімді сөйледі:

– Әрине, бұл үлкен үлгі. Егер бар оқыған, жақсы білім алған қазақ жастары, тіпті өзді-өз еліне, оязына барып, сонда Ал-

тынсарин ашқандай бір-бір орыс школын ашса, бүгінге, эзірге үлкен істің басы сол емес пе?

– Бәсе ... Бар мұқтажды бұл шешпес! Бірақ көп жоқшылығымыздың эзірге ең ауыры – жарық жоқтығы, білім өнерден какас қалған қараңғылығымыз ғой!

– Ендеше, тағы айтайын, аға, менің өз басымның алдағы күнге арналған байлауы осы! – дегенде, Абай үндемей, Әбішті белінен құшақтап, бейілденіп тыңдай бастады» [41. 109.].

Алтынсариннің орыс-қазақ мектептерін ашып, балалар оқытқанын, оларға арнап кітап, өлеңдер жазғанын, халық үшін қаншама қайырымды істер жасап, артына өнегелі өсиет сөздерін қалдырғанын қысқаша тұжырымдайды. Әбіштің русско-киргизская школа деп орысшалауы да сол уақыттың оқығандарының тілінде айтылғандықтан, автор кейіпкер сөзінің шынайылығын сақтаған. Ыбырай жайлы кең мағлұмат алған Абай Алтынсариннен үлгі алуға шақырады, елге жасаған игілігін бағалап, өнегелейді. Мұны Әбіш те қолдайды. Үлкен үлгі деп Абай ойына қосылады. Дәркембайға білдірген бір ниеті – жақсы білім алып, терең оқыған азаматтардың Алтынсариндей бір-бір орыс мектебін ашса деген ізгі мақсаты. Мұны Абай да жән-тәнімен қуаттап қостайды. «Көп жоқшылығымыздың эзірге ең ауыры» ретінде елде қазақ балаларын оқытатын мектептердің жоқтығын, білім, өнерден мақұрым халықтың сол қараңғылықты білім жарығымен сөйілтү тілегін қозғайды. Әбдірахманның алдағы күнге арналған бұл байлауына Абай да әкелік ықыласпен тіл қатады. Әбіштің Абайды аға деуі де жасынан дағдыға айналған қазақ отбасындағы әке мен бала арасындағы сыйластық, жарасымдылық өнегесі.

– Дәл осы Ералы, Ақшоқыға келіп, школ салдырып, сонда мына атыраптың бар баласын орысша оқытуға кіріссем деп жүрмін. Энеугүні Дәркембай: «білген білімінді қойныңа салып ап кетпе... Еліңе жарық әкел. Артыңда бауыр жеткіншегің, өренің бар. Соларды өзіндей орысша білімге жетілт» деді. Сонысы, бір Дәркембай сөзі емес, халық тілегі сияқты. Бүгіннің де, келешектің де менен тілейтін наразы есепті. Тіпті, шынды айтайын. Жаңа анау ақсақалдармен сөйлескенде түгел ашпадым. Анығында мен Оспан ағама арналған малды жұмсап, жатақ ортасына школ сала берсе, деген ойды ойлап ем... Осыған дәл биыл бекініп жүрмін, бұған не дер едініз? – деп Әбіш сөзін бітірді [41. 110.].

Дәркембайдың Әбдірахманға «Еліңе жарық әкел» деген тілегі – арттағы бауыр, жеткіншек өренінді орысша оқытып, білім беріп, көзін ашып, тәрбиеле деген ізгі аманаты. Диалогта білімді жастың Ералы, Ақшоқыға келіп мектеп салдырып, елдің бар баласын оқыту мұраты сезіледі. Автор осылайша Әбішті ойы озық, танымы терең, білімі биік, асыл арманды алғыр азаматы, елдің болашақ қайраткері бітімінде бейнелейді. Оның арыдан ойлайтын алғырлығы, елдің ертеңін ойлап жүретін қамқор пейілі Оспан ағасының жылына арналған малдан мектеп салуға жұмсау мақсатынан көрінеді. Жазушы школ, орыс мектебі, орысша оқыту тіркестерін Абайдың даналық ойларына әрі сол уақыт талабына негіздеп қолданған.

Абайдың Семейде мектепте медреседе оқып жүрген ауыл жастарымен кездесу мақсаты да – Павловтың берген кеңесі. Мұны жазушы орыс досымен кездесуден туындаған ой ұғымында білдіреді. Абайдың жастардың жай күйімен танысуы, жаңа мәселелерге көңіл аударуына себепші болады.

Абайдың Семейге келгенде оқып жатқан жастармен кездесіп, алдымен қала балаларының үй ішінің хал-ахуалын сұрауы да авторлық баяндаумен және өзара әңгімемен берілген. Абайдың мұндағы мақсаты – бала жүрегінде шындықпен жететін жағдайдың мән-жайын білу.

«Әуелі Абай Асқар, Максұт, Шәкет пен Мұрат төртеуінен кезектеп отырып, үйлерінің биылғы күйін сұраған. Сеиттің Әбен мен Сейілдің және кәрі шеше Дәмежан мен өз әкесі Жұмаштың ендігі қаракет-кәсібі туралы Мұраттан да сұраған еді. Бұл балалардың үйлері қазір аш емес пе, тамақтары тоқ па? Әкелері жұмыс жөнінен табыстан қалған жоқ па, соны сұрады. Абай жаңағы төрт баланың да өз үйлерінің тамағы нашар екенін, әкелерінде қазір табыс болмай тұрғанын және бар жатақта осы күнге қалада жұмыссыздан жүдеулік туып жатқанын естіді. Соны ести отыра Абай бұл балалардың қаншалық естияр боп қалғанын байқады. Сеиттің баласы Асқар тіпті Абайды таңырқатып сүйсіндірді.

– Биылғыдай ауыр жыл болмаған шығар. Менің әкемдей қайратты, ынталы жұмысшы да үйін асырайтын ақша таба алмай отыр. Мен стипендиямнан қарайласпасам шешем аш болармыз деп те қорқады! – деді.

Бұл бала сондай шыншыл. Жоқ-жітік, бейнетқор жандардың мұңына соншалық жақын. Ойымен, жанымен араласып, қосылып тұр. Анау үйде, биік төсекте сақылдап күлген, аң мінезді мырзасымақтар бір алуан болса, мыналардың кіндігі өздері шыққан ұясынан үзілмеген. Абай Асқарды, Максұт, Мұратты тындап отырып, оларға осылайша үй-жайының, жақын жұртының камын, мұңын, жай-жағдайын біліп жүру, ұғып, танып жүру үлкен қасиет деп мақтау айтты. «Ұдайы осылай біліп, ұғып жүріңдер!» – деп ағалық өсиетін сөйледі» [41. 564-565.].

Ақын ең алдымен олардың үй іштерінің хал-ахуалын, тамағы тоқтығын не аштығын, табысы, жұмысы барын білгісі келген. Олардың отбасылық өмірінен Абай жағдайдың мәз еместігіне көз жеткізеді. Балалардың шын жүректен берген жауабына риза болады. Бұл бір жағы олардың естиярлығын байқатады. Сеиттің баласы Асқардың сөзіне Абайдың сүйсіну себебі неде? Біріншіден, биылғы жылдың ауырлығын, әкесінің қайратты, ынталы жұмысшы болса да табысы жақсы жұмыс таба алмауы, анасын аш қалдырмас үшін степендиясынан қарайласқандығы. Яғни бұл «от басы – ошақ қасын» ойлап, әкесі мен шешесіне жаны ашу. Бұл естиярлық қана емес, көзі ашылғандығы, көкірегі – әлемді, айналаны сезінгендігі. Білімге ықыластана ден қоюы. Автор оның жоқ-жітікке, бейнеқор жандардың мұңына соншалықты жақындығын, туған ұясына тартып, олардың жағдайына алаңдаушылығын даралайды. Абай олардың үй ішінің, жақын-жұртының жай-күйін ұғып, оған алаңдап қоймай, қолдан келген қаракеттерін жасауына разылық білдіреді. Оны үлкен қасиет деп бағалайды. «Ұдайы осылай біліп, ұғып жүріңдер» деп ағалық лебізін айтуы да шәкірттерге деген сүйіспеншілік, ыстық ықыласының белгісі. Авторлық баяндауда «өздері шыққан ұясынан кіндігі үзілмеген Асқар, Максұт, Шәкет, Мұраттарды ел жағдайына жаны ашитындар мен келесі үйге биік төсекте сақылдап күлген ақ мінезді мырзасымақтарды қарсы қояды. Асқар сияқты қала жұмысшыларының баласы бір төбе болса, Жәлелдер бастаған бай балалары бір топ. Бірі елінің жағдайына елеңдеп, жаны ашыса, екіншісінің қаперіне мал-дәулеттен басқа ештеңе кірмейді.

Семейдегі оқып жүрген жастардың ортақ әңгімесі қаланың ауыр жағдайына бағытталады. Оны бастаған Рақым қалаға ішкі Ресейден Жетісуға, Сібірге қарай шаруалардың көптеп қоныс

аударғанын, Семейді «үлкен қала» деп қайта оралғанын, Семей жерінде Жетісудағыдай құрғақшылық болып, астық шықпағанын хабарлайды. Шаруалардың бала-шағасы аштыққа ұшыраған соң, қалада кез-келген үйге кіріп, байға және жұмыс табылған жерге арзанға жалданып күн көруін сөз етеді. Асан да өзінің көрген, білгенін тәпшітеп жеткізеді. Арзанға жалданған қарулы азаматтардың тек қана қара нанмен бір мезгіл ішетін сорпаға ғана қанағат етіп бұрынғы жұмысшыларын «қымбат ақы аласындар» деп жұмыстан шығарып жатқан сорақылығын да ортаға салады. Бұған Асқар, Максұт, Шәкеттердің әкелерінен естігендерін затондағы былғары, тері заводының бұрынғы жұмысшыларын шығарып жанадан келген шаруаларды алуын, бұл қауіптің өз үйлеріне, туыстарына төнгенін, аянышты ахуалды әңгімелегенде, Үсен де кедей ауылдарының ашаршылықтан, құрғақшылықтан қала жағалай бастағандығын, байларға тамақ үшін жалданып жатқанын да жеткізеді. Балалар тіліндегі переселен, крестьян, пристань, подрядчик, управляющий, грузчик сөздерді автор олардың орысша оқып, білім алуымен бірге, қала өміріне бейімделу мағынасында алған. Елдің басына төнген киын уақытта көзқарастары, ой-өрелерінің жетілгендігі аңғарылады. Қалың жатақтың ортасынан шыққан қарапайым малшы балаларының елдің, ағайын тірлігіне алаңдауы автор олардың халқына жанашырлық сезімін білдіреді.

Рахымның сөзін жалғастыруын қалап, Жәлелге сыртын бергенде, Жәлел де Абайға суық қарап, қабағын түкситіп шығып кетеді. Жәлелдің сөз таба алмай шығып кетуі Абайдың шешендігінен, білімділігінен ығысып, жасқануы іспетті. Абай Жәлелдің мінез-құлқына, сөзіне зер сала отырып, болашағынан түніледі. Ел игілігіне жарайтын азамат бола алмайтынына көзі жеткендіктен де, Дәрмен мен Баймағанбетке Кәкітайдың орысша жақсы оқуға ыңғайы бар басқа балаларын бермей Жәлелді беруін ұнатпайтынын ашық айтады. Абайдың кеш бойы аз сөйлеп, балаларды көбірек тыңдауында да мән бар. Ол – әр балаға ақылшы аға. Мұны Дәрмен де іштей сезеді. Абайдың балаларды іш тартып жақын әңгімелесуінен, ел-жұртының, қала тірлігінің жайын қозғауы, алдағы уақытқа алаңдауын байқатады. Халық тағдырына жаны ашитын, болашағын ойлап, қамын жейтін өнерлі, білімді, талапты, адал жастар өсе бастағанына іштей бір шүкір-

шілік етеді. Сондай-ақ Жәлелдің мінез-құлқынан, келеңсіз, әдепсіз қылықтарынан жиренеді. Жазушы Абайды жастар ортасында байыпты, байсалды ұстаз бітімінде бейнелейді. Ол әр жеткіншектің сөйлеген сөзінен, өзін-өзі ұстау мәдениетінен келешекте елге қызмет ететін саналы, тәрбиелі жастар толқынын көреді. Жәлелдей жат әдетті бойына сіңірген, өмірдің қызығын әке байлығымен ғана бағалап жүргендердің болашағына күдікпен қарайды.

Абай балалардың ақылшы ағасы, ұлағатты ұстазы, әділ сыншысы ұғымында кескінделген. Абай оқушы шәкірттермен емен-жарқын әңгімелесе келе, олардың білім-білігін, ой-танымын байқайды. Өз тарапынан олардың жағдайын біліп қандай да бір ақыл-кеңесін айтады. Балалардың елдің қазіргі ахуалына алаңдап, түсініктерінше талдап, саралауына да зейін салады. Мұраттың Семейдегі халықтың жағдайын жайлап түсіндіруі – романдағы тартымды эпизодтардың бірі.

«Үсен бұның үлкен кісідей баптап сөйлегеніне «қарашы өзін» деп сүйсіне мысқылдап қойды да күліп жіберді. Өзге балалар да біріне-бірі жалтақтап, қатты күлісті. Абайдан қысыла күлгендіктен, әсіресе, өздерін тез тоқтата алмағандары да бар. Мұрат болса сәл қызара түсіп, күлгендерге ызаланды да: «Неменеге күлесіңдер, өтірік пе?» – деді.

Ағы мен қарасы ап-айқын өткір көздерінде Абайға қарап, күлегеш құрбылары туралы шағым айтқан, көмек тілеген ажар білінеді. Абай бұны қостай сөйледі.

– Мұрат жақсы сөйлейді, балалар. Мен әлі қалада ешкімнен естімеген, білмеген хабарымды осы Мұраттан біліп отырмын! – деді.

Сонымен Мұратқа өз әкесі Жұмаш туралы, көршілері Бидайбай, Жабайқан, Шәрипа қатын сияқтылардың бәрінің жайынан әңгіме айтқызды» [41. 566.].

Мұраттың үлкен кісідей баптап сөйлеуі ой-өрісінің, дүние-танымының кеңдігін айғақтайды. Үсеннің сүйсіне мысқылдағанын, балалардың жалтақтап, қатты күлісуі де өзара жарасымдылығын, татулығын білдіреді. Осында күлу етістігі бес рет қайталанады. Алдында Үсен мысқылдап күліп жіберсе, балалардың бір-біріне жалтақтап, қатты күлуі оны қоштау ниетін сездіреді Мұраттың сәл қызара түсіп, күлгендерге ашуланып, күлу себебін білуге асығуы, әрі айтқанына күмәнданып отырма

деген ішкі қаупі – шынайы психологиялық суреттеме. Абайдан қысыла күлуі – балалардың үлкенді сыйлауы, аға алдында именуі. Осы артық емес пе деген ішкі тоқтам да бар, өздерін тез тоқтата алмай күлгендері де мінез өзгешелігінен сыр тартады. Мұраттың Абайдан күлегеш құрбыларының қылығына ренжігенде Абай да Мұратты құптап, жақсы сөйлегенін, қаладан ешкімнен естіп, білмеген хабарын жеткізгеніне сүйсініс білдіреді. Бір жағы бұл азаматтың өскеніне, оң-солын танығанына ризалық белгісіндей. Әрі елдің жағдайына аландап жүруі де – саналылығы. Абайдың әңгімені Мұраттың ойына бұруы да оның көрген-білгенін байсалды жеткізген сөйлеу мәдениетіне, таным-түсінігіне сүйіспеншілік сипаты. Білімге ден қойып, халық тіршілігі туралы ойлана бастауы дұрыс бағыт алып, жақсы азамат болып қалыптасуын сездіртеді. Үлкен пейіл-ниетін Рахым да білдіреді.

«Рахым білім құрап, халық туралы ой ойлап, жеткіншек екенін байқатады. Абай оған үлкен бейіл бөліп, бас изеп, ойлана тыңдады.

– Дұрыс айтасың, біліп айтасың, Рахым!.. – дей беріп еді, осы кезде ауыз үйде, төсек үстінде күліп сөйлесіп жатқан қос Құнанбаев гимназистер өзара әңгімесін тыйып, Рахымның жанағы, соңғы сөзін тыңдай қалған екен. Енді Жәлел төсектен атқып түсіп, сақылдап күліп, бергі бөлмеге келді. Екі қолын, ұзын мундірінің етектерін қайырып, шалбарының қалтасына салып тұрып, Рахымның тұсына келді де кекірленіп, мазақ ете сөйледі.

Рахым қазақша жауап айтайын деп еді, «довольно, тыңдағым да келмейді!» деп Жәлел қолын сілікті. Абай Жәлелдің мінезін жақтырмай теріс көрді де:

– Жоқ, Жәлел, олай емес, сен айтқандай емес, Рахымдыкі дұрыс. Патшалық өз халқының қалың көпшілігі апатқа ұрынып, аштыққа ұшырап жатса неге қысылмасын? Қысылмақ түгіл әр жайды ойлап, сескенуден де аман болмас! Сақтықта ойламай қалмас. Сенің ол жайды түсінуің үстірт екен, шырақ! – деді.» [41].

Абайдың «дұрыс айтасың, біліп айтасың» деп Рахымды қолдап, қолпаштауы да бар білген хабары арқылы елдің өміріне аландауын байқатады, екінші жағынан оларды бала деп қарамай есейген, есті азаматы деп санайды. Күлу етістігі балалардың ортақ әңгімесіндегі психологиялық кілт іспетті. Күлу етістігі олардың қарым-қатынасының ортақ ойталқысының деталі-

не айналған. Рахымның сөзін тыңдаған Жәлелдің сақылдап күлуі, орнынан атып тұрып, екі қолын ұзын мундирінің етектеріне қайырып, шалбарының қалтасына салуы, Рахымды кекірленіп, мазақ ете сөйлеуі мәдениетсіздігін, көргенсіздігін білдіреді. Рахымның жауабын естігісі келмей, тыңдауға құлқы жоқтығын, «довольно» орыс сөзін қосып айтуымен білдіреді. Қолын сілтеуі елдің жағдайына пысықрмайтын, әкесінің дәулет байлығының буына мастанып жүргендігін байқатады. Жәлелдің әдеби Абайға ұнамайды. Оның сөзін теріске шығарып, Рахымдікін дұрыс деп қолдайды. Ел жағдайы, орыс шаруаларының қоныс аударуы, қаладағы байырғы жұмысшыларды ығыстыруы, оған патшалықтың қалай да алаңдаушылығын талқыға салған пікірінің дұрыстығын өткір айтады. Жәлелдің мәдениетсіздігі, өркөкіректігі де Абайдың ренішін туғызады.

Бір жағынан, өркениетті елдерде діннің мәдениетке, әдебиетке, өнерге ықпалын, яғни қоғамдағы ролін атап көрсетеді. Мұнда Л.Н. Толстой тәрізді классиктердің өмір жолы мензеліп отырғаны да белгілі. Оны әдейі чиновник Сақып Сақпаевтың айтуында жеткізеді. Халықтың тағдырына алаңдамауы Абайдың ашу-ызасын туғызады. «Жаңа заманның соры болар қара таяқтары» деп айыптайды. Екіншіден, Абай осындай оқыған азаматтардың білімімен елге пайда тигізу орнына, қайдағы бір теріс түсініктермен елдің берекесін алуына қынжылады. Абай ұғымында «Жаңа буынның зоры» – еліне пайдасын тигізетін, елінің елдігін ойлап, ертеңіне қызмет ететін талапты жастар. Олар: Әбдірахман, Мағаш, ел жақсыларынан тәлім алған Дәрмен сияқты заман ағымын түсінген азаматтар.

Ақын өз мақсатына жеттім деп тыншымақ емес. Оны елдің ертеңі қатты алаңдатады, жастардың білімге ұмтылмауын уайымдайды. Ол Семейде білім алатын туыстарының балаларының оқу-тәрбиесін қалт жібермей қадағалайды. Ел тұтқасы болар буынның қамын жейді. Әдетте оқу адамды тәрбиелейді, мәдениеттілікке бағыттайды, жақсартады, жаңартады. Әркім баласын оқуға бергенде саналы да салиқалы азамат болып тәрбиеленіп шығуын мақсат етеді. Осы тұрғыдан келгенде Абайдың білім алу туралы ой-түсінігі өмірлік, маңызын жоймайтын қағида іспетті. Ол сауат ашып, білім алудың патшалық өкіметке емес, елдің мүдде-мақсатына жұмсалуды жөн көреді. Кәкітайдың оқуға

Дарханды бермей, Жәлелді бергеніне риза емес. «Бұның арының маңдайы жез» деген орыс жазушысының теңеуін келтіре сөйлеген Дәрмен сөзін күліп тыңдап, жауап қайтаруы да көзқарасын аңғартады.

– Кім білсін, оқу адамды қайта тудырады. Жақсылыққа қарай өзгертіп жіберсе ғажап емес. Ал енді Жаман шықса, тап осы Жәлелдіңнен «күндердің күнінде аса бір жауыз жаман адам шықпаса болар еді» деп қауіп қылам. Бұлар Құнанбайдың тұқымы. Қырдағы жуан, содыр, сотқар ауылдардың асқақ мырзасы болып, бұзылып өсуі де мүмкін ғой. Сонда барып сорға барып жүрмесе не қылсын! – деп тоқтады.

Жәлелді тәкаппар, зор көкірек, тентек тіл, боқтампаз мінезі үшін жөн көреді. Дәрмен мен Баймағамбет Абайдың сөзіне қатарынан деп қоя күлісті [41. 569.].

Оқудың адамды жақсылыққа қарай өзгертуі ұғымында автор адамгершілік мәселесін алға шығарады. Оқып, білім алып, тәрбиелі, өнерлі, өнегелі, өркенді азамат болып өсуіне тілеулес. Абай оқу адамды қайта тудырады деген пайымдау жасайды. Іс жүзінде мұнда оқудың, адамның рухани болмысын жетілдіріп, қайта жаңартатын құндылығы меңзелген. Абайдың Жәлелдің оқуынан түңілуі де бекер емес. Өйткені олар болыс ұрпағы, ата, әкелерінің, қалың елге жасаған қиянат, зорлығын, зұлымдығын көріп өскен балалар. Қазір жетістіріп оқып жүрмеген олар, күні ертең жуан, содыр, сотқарға айналарынан қауіптенеді. Жәлелдің тәкаппар, зор өркөкіректігі, боқтампаздығы – кісі жирендіретін жамандықтары. Дәрмен мен Баймағамбеттің Жәлелдің қылығына, мінезіне теңеу тауып, құлу себебі де осыдан.

Жәлелдің мінез-құлығын автор романда іс-әрекетінен көрсетеді. Желкілдеп өсіп келе жатқан желкендей жастар арасындағы аражік бар. Бірі – халықтың жағдайына назар аударып, соны қалай жеңілдету жайын ойлап жүргендер, екіншісі – байлық, дәулеттің дүбірінде думандап, білімге де атүсті қарап, өз билік күшіне сенетін даңғой, желөкпе, жыртақайлар. Жазушы жастардың қоғамда халыққа қандай қызмет ететінін айқындап көрсетеді. Білім-ғылымға талпынып, білсем, үйренсем деген ел үміті Мұрат, Рахым, Асан, Үсендермен қатар, оларды кекетіп-мұқатып, өз білгенімен жүретін жеңіл ойлы, теріс пиғылды Нығымет, Жәлелдер барын еске салады. Бір жағы бұл – сол кездегі қоғамға тән қалыпты құ-

былыс. Жазушы Дәрмен, Мағаш, Ербол, Мәкен т.б. жастарды бейнелей отырып, келешекте елдің бетке ұстар жанашырлары болу міндетін де жеткізеді. Әсіресе, бұл Дәрменмен екеуара сұхбатта ортақ арна тапқан. Бұлар кімдер? Бұлар: Жәлел мен Нығыметтер. Алдындағы эпизодта Асан, Үсен т.б. ауыл балаларымен әңгімелесуінде сол жылдың елге, Семей қаласының тұрғындарына ауыр боларын, Ресейдегі қиын жағдайға байланысты шаруалар, жұмысшылар ағылып қоныс аударып қалар деген қауіп айтылғанда, олардың мазаланған, алаңдаған сөздеріне келекелеп күлген Нығымет пен Жәлелге Дәрмен, Ерболдың кейіп ренжуіне Абай ойымен мінездеу жасалады.

«Себебі екеуі қай Құнанбаевтың үйіне келсе де өздерін еркелетіп, алақанға салып, әлпештеп алуды тілегені болмаса, қазір өздеріне бара-бар келетін, тең түсетін қыр қазағы бар деп білмейді. Киімі, отырыс-тұрысы, беті-жүзі Жәлел мен Нығыметтің өздерінің аталары, әкелерінен басқаша болмағандықтан, бұлар Абайды да сол қыр қазағының өздерінен төмен көбінің бірі тәрізді аңғарады.

Абай орысша ақындар атын, кітап атын атаса, өлең жайды айтса, олар көбінше күліп тыңдайды. Жасы ұлғайған соң оқу себепті кей сөзді Абайдың бұларша дәл орысша айта алмағанын екі гимназист кешірмейді. Білем деген талабын әурешілік тәрізді сезінетіндері де бар.

Бүгін Абайдың қонағы болып отырса да Нығымет пен Жәлел басқа туыстардың пәтер үйіне келгендегі әдеттеріне ауысты. Екеуі бастарына үлкен жастық салғызып, папиростарын ауыздарына тістеп, аяқтарын көсілте созып, қырларынан немесе шалқаларынан шімірікпей жатады да, өзара сыбырласа күбірлесіп, орысша сөйлейді. Айтысатындары өткен күндердегі таныс болған гимназистка жайы, немесе пәтерлерінде болған ойынсауық, сонда танысқан қыз бен жас дама жайларын айтады. Біресе пәтердегі жас хозайка, я болмаса, бойжеткен қыз бен өздерінің жай-жапсарын сыр ғып айтысады».

Абайдың әңгімесіне ықпалсыз, Жәлел мен Нығымет бүгін Абайдың қасынан екінші бөлмеге шығып, сондағы биік төсекке қатар сұлап, керіле жатып, өздерінің дағдылы көп күлкілі құпия сырларына кетті. [41. 564.]

Авторлық баяндауда Жәлел мен Нығыметке мінездеме

жасалған. Олардың ерке өскені, өз бетімен жүріп-тұруы, ой-пиғылын тәкаппарлық, менмендік дендеп алғандықтан, ешкімді өзіне тең көрмейтіні аңғарылады. Алайда, Абай олардың ой-өрісінің төмендігін сезеді. Аталары мен әкелеріне киім-киісі, отырыс-тұрысы, бет-жүзінің ұқсауы да түңілдіреді. Бұған Абай олармен әңгімелесуден көзі жетеді. Орыс ақындары атын, кітабын, өлең жайлы айтқанда олар күліп тыңдайды. Бұл әрекеті басқа тілдің құлаққа тосындау естілуіне таңырқап күлу емес, кітап оқуға, білмекке ниет жоқтығын танытады. Тіпті кейбір орыс сөздерін дәл айта алмауы әрі түсіну орнына, келемеждеп күлуінен акын олардың адамгершіліктен жұрдайлығын байқайды. Екеуінің бастарынан үлкен жастық салғызып, ауыздарына темекіні салып, аяқтарын көсілте созуы, әр қырынан аунауы, бірде шалқалап жатуы өзара сыбырласып орысша сөйлеуі де Абайға ұнамайды. Олардан елдің жағдайын, мүддесін ойлайтын азаматтар шықпайтынына Абай да күманданады. Оқып-білім алуға деген ниеттен гөрі қыз-қырқын туралы, ойын-сауықтарын, көңіл көтерістерін әңгімелейді. Олар үшін гимназияда оқу ойнап-күліп, уақытты текке өткізумен бірдей.

М. Әуезовтің суреткерлік ерекшелігі, шеберлігі – балалар тәрбиесіне жіті көңіл аударуы. Нығымет пен Жәлелдің темекі тартуына қатысты автор ұстанымы айқын. Шығармада оны папирос деп берген. Сонан соң гимназистка, жас дама, жас хозяйка деген орыс сөздерін де тектен-текке қолданбаған. Мұны қазақша баламамен, немесе соған сай ұғыммен беруге болар еді. Ғұлама суреткер сол замандағы тәрбие мәселесін өткір қозғай отырып, орыс бодандығын қабылдау. Ресей шаруаларының қоныстануын бірқатар кереғар сипаты жастардың таным-түсінігіне, тәрбиесіне тигізген зиянды ықпалы деп ұғындырады. Мұнда орыс деген бірде-бір сөз жоқ. Олай атау да мүмкін емес еді. Оның есесіне әлгіндей қолданыстағы орыс атауларын әдейі енгізген. Отаршылдық жүйенің жастар тәрбиесіне тигізген зиянын осылай астарлайды.

Абай жылағанды жұбатқан, қиналғанды демеген халықтың қамқоры ғана емес, өсіп келе жатқан жастардың ақылшы ағасы, ұлағат тұтар ұстазы, дала данышпаны. Ол өзінің өмірден көрген-білгендерін көңілде түйіп қана қоймай, ұрпағына, жақсылық жолын қуған жастарға беруден аянбайды. Романда Абай еккен жемістің көгеріп, көктеп, өсіп келе жатқаны баяндалады.

Соның бірі – келешегінен үміттенер ұрпағы Мағаш. Абайдың тәлім-тәрбиесін алған Мағаш та – ел мүддесін ойлайтын елдік істерге белсене араласып жүрген камкор жандардың бірі. Қаладағы көптеген жаннан естуінше сиязда белсенділік пен өткірлік танытқаны, «дауына дауа тауып кетіскенді келістіруі», «киюсыздың қисынын табуы», сөйтіп көпшіліктің көңілінен табылғаны бағаланады.

«Тобықтыда, қала берді ісі Семей дуанында, сондайлық кара үзіп жақсы аты мейілінше шығып тұрған кісі Мағаш болыпты». Бұдан әрі Әбдінің өз көз көргені сүйсініспен хабарланады.

Осы күндерде қырдың елі, ойдың елі болсын бәрі де үлкен дауын Мағыштың алдына әкеп салуға талпынатын болыпты» – деп Әбді Сүлейменнің үйіне барғанда есігінің, ауласының алдында Мағаштың Әділ есімді пікірін естуге Тобықты ғана емес, Бошал, Шақантай, Керей, Теріс таңбалы Матай, Сыбан елдерінен келуі де – оған деген халық ықыласының айғағы.» [41,557].

Мағашқа деген ел ризашылығы айтушы баяндауымен беріледі.

«Әділдігін танып, қолқаланып Мағашты іздеп келушінің көбі жоқ-жітік, жарлы-жақыбай екенін Әбді жақсы көріпті. Сондай жандар басып жатқан соң, Әбді, Мағашқа амандаса алмай кетіпті. Бірақ ішінен ырза боп қайтқан жайы бар. Бүгін Мұнда сонысын айтып берген. Абай бұл хабарды бар үй ішімен қуанып тыңдаған еді [41. 557].

Мағаш туралы ел мақтауы Абай құлағына қаладан келген Әлпейім арқылы да жетеді.

– Алты ояздан жиналған, бес-алты үйге тұтас орналған жүзге жуық би бар екен. Соның ішінде қаршығадай шағын ғана бойы бар, үйдей үлкен ойы бар алғыр, ақсұр Абай баласы – Мағаш кара үзіп, озып отыр. Ақты-бозды айқындап алға түсіп тұр! – деген сөзді қаланың халқынан да, сиязда ісі бар, дау-далбайы бар жұрттан да көп есіттім! – деді [41. 558].

Мағашқа деген көпшіліктің ілтипат лебізі алғыс сезімі кейіпкерлер әңгімесінде де, авторлық баяндауда да сабақтасып отырады.

Қалидың өзін қағытқан Буранын өзі құрбы бір биіне қайтарған жауабы Әлпейім әңгімесімен өрбиді.

– Бағы жоқ басқа жаудыраған көз бітеді, дуасы жоқ ауызға

саудыраған сөз бітеді, деп жиырма күннен бергі осында отырған кеңесте жыртылғанды жамаған, үзілгенді септеген берекелі сөзінді естімеп ем. Менің Мағаш інімнен көмек алған бір кезегімді ғана аңдып отыр екенсің ғой – деп жаңағы биді де сүрінтіп кетті. Өзі де қысылып қалған қиын жайынан қиялап шықты. Бұл да жүйрік кісі екен. Бірақ жасына қарамай, сол отырғанның бәрінен Мағаштың иығы асып, кең түсіп жатқанын көрдім! – деп Әлпейім өзін аяқтады [41. 559 .].

Мұндай лебіздер әртіраптан естіледі. Жазушы осылайша Мағаштың ел мүддесін қорғап, қандай қиын істе де кедейлерге қолдау білдіріп, қалың қауымның қамқор азаматына айналғандығын елдің сүйсінтер ісіне ыстық лебізі мен көпшіліктің көз көрген жайын, бір-бірінен естігендерін баяндайды. Мағаш сөзімен ғана емес, елге жанашырлық танытқан ісімен өзінің адамгершілік болмысын биіктетеді. Автор осы арқылы Абайдың ақылын алып, ел билігіне араласқанын айғақтайды.

Мағаш – жаңа заман бағытын жандүниесімен ұғатын ойлы да саналы азамат. Ол халқының болашағына алаңдайды. Елін озық мәдениет, білімге тартуға, жаңа заман өзгерістеріне бетбұруға ниеттенген Абайдың үмітті мұрагерлерінің бірі. Қанаты қатайып келе жатқан қайраткерлік қабілет иесін көргендей боламыз. Жазушы Мағаш болмыс-бітімінен қалың қазағының мұңын мұндаушы, жоғын жоқтаушы, жарлы-жақыбайлары мен еңбекшілерінің мүдесі мен құқығын қорғаушы қамқор бітімінде бейнелеген. Осының бәрі – Абайдың әкелік мейірімінің, білген-түйгенін оларға үйретіп, тәрбиелеп, жаңа заманға бағыттаған ұстаздық ұлағатының да жемісі. Абай жолын қуған, соңынан ерген талапты, көкірек көзі ояу, саналы жастардың шоғырлана бастауы да жақсылық хабаршысындай сезіледі. Мағаштың турашылдығы, адалдығы, алғырлығы әр ауылдың кедейлерінің ғана емес, туған-туыстары тарапынан да бағаланады.

«Мағаштың ол жиында ғана емес, кейін Шұбар мен Әзімбайға айтқан сын кекесін сөздерін де Кәкітай өзі құптай отырып жеткізген-ді. Абай Кәкітай әңгімесінің бәрін тыңдап шыққанда ең ырза болғаны Мағаш болды. Бұл мінезді ғана емес, есті және зор адамгерлік санасы бар азамат. Әсіресе, мұнда ар, адамгершілік деп Абай жазып өсиеттеп айтқан қасиеттер анық бар тәрізденеді» [41. 524.].

Білеубай кажы үйінде Шұбар мен Әзімбайдың қытығына тигенде әжуалап тойтарып тастауы әрі батыл сын айтуы Мағаштың батылдығын, мықтылығын көрсетеді. Абай Мағаштын ер мінезділігіне, ақылдылығына, зор адамгершілігіне, саналы азаматтық бітіміне қуанады. Ар-адамгершілік – Абай жазып, өсиеттеп кеткен қасиеттерінің жастар бойынан табылғандығы. Мағаштын білімділігі мен тәрбиелігі де оның келешегі зор елге тұтқа болар келбетін көрсетеді. Яғни Абайдың өлеңдері мен кара сөздерінің кейінгі буын жастарға өнегелік ықпалы тиюі деп білеміз. Жастардың өмірге жаңаша көзқарас қалыптастыруына себеп болғанда – Абай туындылары. Жазушы Абай шығармаларының құндылығын және ұрпақтардың оны ғибрат тұтып, қадірлеп қоймай, мән-мағынасынан тағлым алып, іс жүзіне ұластыруында деп біледі. Абай мұраларымен жастардың таныстығы өмірге, заманға басқаша көзқарас танытады.

Мағаштың жасап жүрген тірлігіне, азаматтық алуан істері көбінесе басқа адамдардың сөзімен сүйсініспен бағаланады. Жазушы, баяндау, сипаттаудың түрлі тәсілдерін қолданады. Самарбай мен Кәкітай көкірегінде жатталып қалған Мағаштың ойлы да терең танымды сөздері.

«Абай Мағаш айтты, – деген сөзді енді тамашалай тыңдайды. Самарбай мен Кәкітайға өмірдің сағатының қаншалық қажет, қаншалық қымбат екенін Мағаш және де сөйлеген екен. Сол шақта тағы бір қызық ойды соншалықты көрікті етіп, Самарбайдың көкейіне қондырып айтыпты: «Өмірдің әр демі сондай қымбат, деп келіп, – бірақ не шара! Созуға да, токтата тұруға да, «өтпе», «бітпе», деп өтінуге де жол-жок! Минут, сағаттың ақырын қозғалысының өзі ең жүйрік аттың, ең күшті шабысынан қуаттырақ... не шара!...» депті [41. 560-561.].

Мағаш өмір, уақыт туралы терең пайымдайды. Өмірдің әр сағатының қаншалықты қымбаттылығын айтуымен Самарбай көкейіне тың ой туындатады. Әдетте уақыт ағынының жүйріктігін тұлпарға, құсқа, суға т.б. теңесек те оны секунд, минут, сағат т.б. уақыт өлшемімен саралаймыз. Жазушының «өмірдің әр демі» деген тың тіркесінде тіршілік тірі жүргенде ғана құнды, қымбат деген және әрбір сәтін құр жібермей пайдалану қағидасын ойға салады. «Созуға, токтата тұруға, өтпе, бітпе» деп өтінуге жол жоқтығы да – философиялық астары те-

рең ой. Мұны Мағаштың айтуы да, көп оқып, көп тоқығандығын, өмірге деген көзқарасының өзгешелігін пайымдатады. Абайдың тамашалай тыңдауы – баласының ойлау дүниесінің кеңдігі мен тереңдігіне көз жеткізуі. Пәлсапалық пайымдауымен парасат биігінен табылады. Бұл – балаларға дарыған Абай ілімінің қуаттылығы.

«...Өте рақымды, мейірлі, аса бір кең мінезді Мағаш, құлқы жаман, қылығы сорақы атқамінерлер, даугерлер, арамқұлақ паракұмарлар туралы сөйлегенде әзілінде зіл сездіреді! Надандық, қараңғылық, білместік сияқты кемдіктерді себеп етіп, сынаған жандарын жауыз деуден гөрі сорлы жандар етіп сипаттайды» [41.56.].

Айтушы көзқарасында атқамінерлер, даугерлер, паракорлар туралы әзіл астарында қазақ еліне қатер болып төнген осынау кеселдердің қоғамды, ортаны шырмап алуы сезіледі. Ол аздай халықтың надандығы мен қараңғылығы, білместігі де алға басар кадамды тежеген. Халқының бұл да бір кемдігі. Авторлық баяндауда елінің жағдайына алаңдаған Мағаш дараланады.

«...Өзі ойлы-білімді, өз ішіндегі таразысы дәл біткен Мағаш енді қандай саналы, үлкен адаммен кездесе де тең түсердей» [41.562.].

Автор Мағаштың ойлылығы, білімділігімен бірге, парасаттылығын, адалдығын айқындайды. Зерделі, зейінді жастың қандай саналы үлкен адаммен кездесе тең түсуі ой-өресінің кеңдігін, білімділігі мен дүниетанымы тереңдігін көрсетеді. «Ішіндегі таразысының дәл бітуі» – авторлық тұрақты тіркес. Мағаштың ішкі жандүниесінің кеңдігі, турашылдығы, адамгершілік қасиеттерінің молдығы да сезіледі. Осының бәрі адалдығы, парасаттылығы, имандылығы Абайдың тәлім-тәрбиесінің жемісі.

Жазушы Абай жанында жүрген, ақылын тыңдап, асыл ойларын санасына сіңірген, тәлім-тәрбиесін көрген өсіп келе жатқан бір топ буынды нақты іс-әрекетте көрсетеді. Далбай сияқты сойыл соғарлардың сойқанын көзбен көрген Дәрмен әрекеті нанымды. Кедейлерді зар еңіретіп, бар малдарын тартып алып бара жатқан содырлардың жауыздығына шыдамаған Дәрмен Баймағамбетке қарамай алдымен шауып жетеді. Өйткені, Иістей кәрі әженің зарлап жылағаны жанына қатты батады. Осынау сюжетте Дәрменнің өжеттілігі мен өткірлігі айқын бейнеленеді.

Дәрмен Иістің бай малын бағып жүріп, қыстың қатты суығында қатып өлген Исадай ер азаматын жақсы біледі. Ашынған жандардың аянышты халін, көріп, біліп өскен саналы да ақылды тұлға. Абайдың айтуымен, Баймағамбет екеуі келіп жеткенде озбырлардың жауыздық қиянатына шыдай алмайды. Иістің зарлы даусына ғана емес, Асан мен Үсеннің өздеріне талғажу еткен көк сиырдың екі бүйірнен айрылғысы келмей жабысып, еңіреп жылағаны қабырғасына қатты батады. Сұмдықты көзбен көрген ол енді ештеңеден тайсалмайды, зұлымдыққа аянбай қарсы тұрады. Сиырын жіберуін талап еткеніне қың етпеген Далбай ақырып қамшы көтерсе де, тайсалмай пышағымен сиырды жетектеген бас жібін кеседі. Қабанқара Дәрменнің бетіне қамшымен салып жіберіп, бетінен қанын ағызған кезде жанына келген Баймағамбет Қабанқараға ұмтылғанымен, Өтеп пен Жақай бар, олардың күшінің басым екендігін сезіп, Абайға осынау жауыздықты жеткізбекке бекінеді. Сюжеттің даму динамикасы осынау зұлымдыққа Дәрмен, Әбіштің қызу атсалысуын, әділетсіздікке қарсылығын өткір көрсетеді. Беті қанаған Дәрменді аяқасты серуендеп жүріп көріп қалған Әбіш те мынау жауыздыққа жаны шыдамайды. Жазықсыз Иістей кейуананы қамшымен салып жіберген Сатиканның зұлымдылығына ашуланады. Құстай ұшып барып, атының ауыздығына жармасады. Дәрмен бастап, Әбіш қостаған осынау көзсіз ерліктің астарында жазықсыз жандарды жапа шектірген жауыздық әрекетке, озбырлыққа бірлесіп қарсы тұру әрекеті бар. Бұл— саналы да ойлы әрекет. Әділетсіздікке қарсы бас көтерудің кезекті қадамы. Автор ұғымы осыған саяды. Зорлықшыл жауыздардың халыққа көрсеткен қиянат-қорлығын шынайы көрсеткен осынау эпизод тіпті осы заманда кейбір әкімдердің елге көрсеткен жәбір-жапаларын да еске салады. Заман өзгергенімен, қоғам ауысқанымен, бәрібір зұлымдық пен зорлық, қиянат пен қорлық қала береді.

Авторлық баяндауда қаза тапқан Оспанның жылын өткізу жайы қозғалады. Онда жылына сойылатын мал мен шақырылатын адам сөз болады. Шақырылатын елдің көптігінен өз малынан басқа Құнанбай балаларынан, Өскембай, Ырғызбай ауылынан сойысқа мал берілетіні, бар ағайын «шығынға ортақ болуға» әзірлігі әңгімеленеді. Әбіш осыншама мол шығыннан, ас ішіп, ат шаптырып, балуан күрестіріп, басқа да сауық шараларын

жасаудан гөрі «қыруар малды орынды пайдаға, өнімді бір жақсылыққа» жұмсау туралы игі ұсыныс тастайды Тәкежан оны қабылдай қоймайды. Орысша өскендіктен, түсінбей отыр деп, осындай мол шығынның жұмсалуды шариғат заңына сай екендігін ойына салғысы келгенде, Әбіштің діни білімділігі де көрінеді.

– Шариғат құптағанда, кәрі-қасерге берілсін деп құптайды! – деп, Әбіш өзінің әр жайды біліп, ойланып сөйлеп отырғанын танытпақ болды.

– Өзі тоқ, қызықмасы жиынды қымызбен қыздырып, етпен кептей түс демейді. Мен білсем, осы жолы шығаратын мал түгел жұмсалсын, бірақ анық мұқтаж, нашарларға үлестіріліп берілсін... Өлген жанның артын солай күтсе мақтан үшін, атак үшін емес, игілік үшін күткен болар еді ғой! – деді. [41,214.]

Авторлық баяндауда мұндай молдықты Абайдың да қолдайтындығы аңғарылады. Абай қолдағанда да, мұншама малдың сойылғаннан гөрі атак шығару үшін емес, елге пайдасы тиюін ойлайды. Ойды Әбіш те мақұлдайды. Диалогта бұл әке мен баланың ортақ әңгімесіне айналады.

Әбіштің окшау ойларын Абайдың ұғына түскісі келді.

– Кімдерге беріп, қайда жұмсаса мақұл дер едің?

– Кім деріңіз бар ма? Жоқшылық жүдеткен ел аз ба, айналамызда? Ең алдымен мынау қалың жатаққа беріп, солардың жүдеу шаруасын аз да болса сүйеп кетуге болмас па еді. Олар болса шетінен осы ауылдың көп заманғы малшы, қосшы көршісі емес пе? Тіпті, шынға келсек, ата-аналарымен ұзақ еңбек еткен... Арқа-басы жауыр боп, тозып, азған күйлеріне тым құрса осындайда қарасса не етеді? Сіздердей ел кісілері, окта-текте осылай ойласа обал бола ма?

Сөзі Тәкежандарға жат көрінгенмен, дәлелді сияқты. Әбіштің өзі ойламаған түрде сөзі шешен боп айтылды. Абай осы жағын ғана аңдап, баласының байлауынан, жаңа буынның жаңа үнін естігендей болды. [41.215.]

Жылға сойылатын малдың біразын жоқшылық жүдеткен қалың жатаққа беруін көздеген Әбіш ойы Абай тарапынан ықыласты қолдау табады. Күні кешке дейін азапты тірлік кешіп, азып-тозып елге осындай аста төк молшылықта қарайласуды ұсынуымен Әбіштің елінің ертеңін ойлайтын озық ойлы парасатты тұлға болмысын пайымдатады. Оспанның жылын өткізу туралы ағайындар

кеңесінен Абай мен Әбіштің жаяулата ауылға қайтқан жолдағы әңгімесінен де елге қамқорлық, көмек ниеті аңғарылады. Диалогта бұл әке мен баланың емен-жарқын сырласуы болып беріледі.

«Кеш бата, кеңестің бар жағын шешкен ағайындар тарай берді.

Абай да Әбішті ертіп, өз ауылдарына қайтты. Атка мінбей, екеу ғана боп, ақырын жаяу басып, әңгімелесіп кетті.

Қазір Абай, Әбіштің иығына бір қолын асып келе жатып, оның жаңағы сөздерін еске алды.

– Сен дұрыс сөз айттың Әбіш... Жоқ-жітік, жатақ туралы айтқаныңның бәрі де жай сөз емес. Өнімді, өрелі сөз. Бірақ осыны кітаптан ұққан ойша айттың ба, жоқ, жатақ жайын білгендіктен айттың ба?

– Кітаптан ұққаным мен жатақтан көргенім екеуі дәл қосылған соң айттым.

– Жатаққа барып па едің? Әлде Дәркембайды көрдің бе?

– Дәркембайды да көрдім... Жатақтың әр үйінің өзіне де күнде жаяулап шыққанда, бас сұғып, байқап жүрмін [41. 215.].

Әбіштің жатақтың әр үйіне күнде бас сұғып, жаяу аралап шығуы кедей-кепшіктің жай-күйін көзбен көріп, білу ниетін аңғартады.

Әбіштің сөзі мен әрекетінің сабақтастығы сезіледі. Кез-келген ел басына келген адамның қалың қауыммен етене араласу қажеттігін, сол арқылы билікте елдің ықылас-мейіріміне бөленетіндігі меңзелген. Нағыз халық қамқоры бола білудің жөні нұсқалған. Шіркін, «Абай жолын» барлық билік басындағыларға, әкімдерге оқытып, сынақ алар ма еді. Сонда олардың санасына қазіргі айтылып жүрген басқару институты дегеннің дайын мысалы, мықты тәжірибе эпопеяда молынан табыларын сезінер еді.

Абай мен Әбіштің онаша сыр сұхбаттында тағы бір маңызды мәселе көтерілген. Ол – еңбекті, еңбек адамын бағалау. Дәркембайдай ақылшы аға, ауыл ардақтысының болмысын бағалау арқылы, халықтың мұн-мұқтажын, жағдайын сезіну диалогта берілген. Ол Әбіштің Дәркембайға қатысты пікірі мен Оспан жылына қатысты ойына Абайдың қолдау білдірген, оның ертеңіне үміт артқан толғанысымен тұжырымдалады.

– Оның жақсы екен, Әбішім... Ал Дәркембаймен сөйлескенің, тіпті дұрыс. Сен екеуміз кітаптан оқып білгеннің көбін, Дәркембай өмірден бақылап білген...

– Өз ауызымен татып та білген...

– Иә, рас, ащысын татып білген, ауырын арқалап білген. Тарқамас қу түйіннің көбін ақылды басымен ойлап, барлап білген, Онымен іштесіп сөйлессең анық халық үнін де, мұнын да ұғасын... Бірақ сенен тағы бір сөз сұрайын... Ал Оспанның «жылы» деп мал шығардық, соны себездеп көп жатаққа бір кара, жарым қарадан бөліп бердік. Рас, сен айтқан қызық-масыларға жіберген бос шығыннан бұл көп пайдалы. Әрбір нашар үйге жеке бір кара тисе бірер айға болса да, үлкен олжа. Уәләкин, халықтың сондай қалың көпшілігінің мол мұқтаждығы қайда? Оларға мынау істемек ісің не талшық болмақшы? Бұл бір шөкім ғана, зәредей ғана, тіпті болымсыз жақсылық қой... Ал сен қараңғы кедей жұртыңның ең алғашқы емшісі екенсің. Сенің сол қалың көпке, халқына арналған басқа ойың, мұратың, жәрдемің бар ма? – деп, Абай баласына барлап қараған [41. 215.].

Әбіштің Дәркембаймен сөйлескеніне ризашылық білдірген Абай: «Сен екеуіміз кітаптан оқып білгеннің көбін, Дәркембай өмірден бақылап білген» – деп биік бағалайды. Бұл – Дәркембайға ғана емес, жасы үлкен ел ағасын, ардақты ақсақалын қадірлеудің, үлкенін үлгілеудің, ата дәстүрін сыйлаудың тамаша өнегесі. Ақын аузынан айтылған ұлағатты сөз ғана емес, бүгінге де, ертеңге де жалғасар, ескірмес, мәңгілік сөнбес ғибраттық сөз. Әттең, ел арасында көкірегінде көненің небір кереметтері айтылмай, ашылмай қаншама қариялар дүниеден өтті. Бүгінде көрген-түйгенін зерек зейініне зерделеп, ақыл ағынын ағытатын, қателесіп адасқанда алдыңнан түнде ай туғандай, күндіз күн күлгендей бағыт-бағдар беретін жаны жайсан, жүрегі кен, білімі дария, айтары алуан көнекөздер азайып кетті, тыңдайтын құйма құлақ, көретін көкірек көзі көбімізде жетісе бермейді.

Көркем шығарманың тәрбиелік бір ерекшелігі кейіпкер аузындағы сөздің сананда жанғырып, өрісті ойға жетелейтіндігі. Абай ұғымында Дәркембай – өмірдің «ащысын татып, ауырын арқалаған» абырой иесі, «халық үні мен мұны». Қарттықты қадірлеудің, ақыл-ой қазынасын бағалаудың көркем сөздегі ғибраты қандай әдемі! Сүйсінтеді.

Абай ойы Оспан жылын өткізуге, Әбіш ойын толықтыруға ойысады. Ақын асқа арнап сойылатын көп малдан нашар үйге жеке бір қарадан беріп, бір ай болса да талғажу еткенін пайда кө-

реді. Қалың қауымның аз да болса мұқтаждығын азайтқан Әбіш ойы «болмашы ғана жақсылық» ұғымында бағаланады. Абай кең байтақ қазақ жерінде оқыған ел азаматтарының көбейе түсуін, жыл құсындай білім алған жастардың жаңа заманға көптеп келуін тіледі. Сонда халық надандығы жойылады. Қараңғылықтың түні келмеске кетеді. Сонда Әбіштің мына бір аз ғана жақсылығы молайып, зорайып, телегей теңізге айналады. Абай сөзінің түйіні осы. Тағылымды түйін. Романда мұндай данышпандық ойлар, ғибратты нақылдар Абайдың ғана емес, басқа да жүрегі еліне елжіреген жандар аузынан да айтылады.

Әбдірахманмен жүздесіп, сағыныштың мауқын басқан Абайдың да сонау алыс киырдағы Ресей қаласында оқып жатқан ұлына айтары да аз емес. Әке мен ұлдың екеуара оңаша кездесуінде ортақ әңгіме өрбіген.

«Абай әзіргі сөзін ұзаққа созған жоқ:

– Ғылымның жаманы жоқ. Біздей сусағанға қай ғылым болса да, соңынан түссе, алтын асыл қазынадай. Азаматтық құралынды мығым етіп берерлік оқу, тәрбие болса ата-ана одан өзге қолқа салмайды, қарағым! Халқына басшы болар талап соңына түссең, офицер боп жүріп жетесің бе, инженер болып, адвокат оқуын оқып жетесің бе, бәрі бір! Қай тұрғысына барсаң да еліңнің мұны мен мұқтажы мың батпан. Тек оқып өсе беруінде, саушылық қуатың ғана жетсе екен деп тілейміз! – деді.

Әбдірахманды тағы да құшақтап, бір қолымен бауырына қысып, ұзақ ұстап отырды» [41].

Диалогта Абай Әбішке қай ғылым болса да білімге енді ғана ұмтылған елі үшін маңызды екенін айтып, қадамын құптайды. Абай тілеуі – қандай ғылымды меңгерсе де, ең басты азаматтық парыз болмысын сақтау. Алдымен ел ардақтар, абыройлы азамат бол. Мейлі офицер, мейлі инженер, мейлі адвокат мамандығын меңгерсеңде, ел басшысына лайық ерекшелікті азаматтық тұлғаны таныту. Әкесі елінің мұны мен мұқтажының мың батпан екенін айтқанда, ел жағдайына аландаған ұлы халқына қызмет етуге берік мақсат қойған. Перзентінің денінің саулығына тілектес, тілеулес әке, саушылық қуаты жетсе, барлық мақсатына жетесің деген ізгі ниетін білдіреді. Абай осынау ұлағатты сөздерінде Әбдірахманға ғылымның қасиетін, маңыздылығын сезіндіреді. Ол ғылымды алтын асыл қазынаға теңейді. Халыққа камкор басшы болса де-

ген аңсары да бар. Әбдірахманға білім мен ғылымның азаматтық болмысы үшін ғана емес, талай заман езгі мен азаптағы халқын қиындықтан құтқарудың бірден-бір құралы деп түсіндіреді.

М. Әуезов 1943 жылы жазушы әрі аудармашы П. Кузнецовқа жазған хатында «Абай» романына материал жинау мақсатында шілдеде Абай ауданында бір айдай болып, барлық колхоздарға барғанын, қазір романмен жұмыс істеп жазғанын жеткізеді. Ол хатында:

«Халық Абай туралы өте көп естеліктер мен аңыздарды әлі есінде сақтап қалыпты. Айтайын дегеніміз, Қоңырәулиеде, үңгірде болдық, бәлкім сенің есінде өте сақталса керек. Сол жерде сені есіме алдым» дей келіп, үңгірді аралап, мол әсер алғанын білдіреді. «Былай қарағанда, бұл үңгір тек ішкі жағымен қызықты ғана емес. Сыртқы жағынан да, оның жанында көптеген шамалы бір уақытта тұрғызылған тас қорғандар да өте көп және де осынау қорғандардың көпшілігінде тас плиталарда бұрынғы қазақ руларының таңбалары қашалған.

Бәлкім, осындағы зираттардың бәрі қандай да бір қантөгіс шайқастың уақытына жатар, ұрыстан кейін туыстық тобы бойынша өлген адамдар жерленсе керек» – деген байламын да айтып қалады. [25.]

Міне, осыдан-ақ Қоңырәулиедегі көз көрген жайды сюжетке өзектестіре келе, жастардың назарын халқымыздың ежелгі тарихына қарай бұрады. Үңгірден алған әсерлерін бөліскен жастардың әңгімесі де бейнебір ғылыми пікірталасқа ұқсайды. Олар мұнда өздерінің ойларын ортаға салып, әсерін бөліседі. Жазушы осылайша романның тарихи негізіне қажетті деректерді, көзбен көрген жайды оқырманға халық өткенін, тарихын тарихи тұлғаларын біліп, тануды, елдік дүниетанымды қалыптастыруды көздеген.

Қоңырәулие үңгірін аралап шыққан жастардың үңгірдің ішіндегі шайтан, албасты туралы ой-ұғымдары – ескінің санада сіңіп қалған сарқыншақтары. Қоңырәулиеге бару, оны аралау туралы сюжетте жастардың жаңа заман қажеттігін ойға тоқуын, елінің бай тарихын, табиғат ерекшелігін, жерінің құпия құбылыстарын біліп, зерттеу мұратын да аңғартады.

«Көлдің сол жағындағы бір кең қалтарыста Әбіш бұларды тосып тұр екен. Шамымен бүйірде жатқан бір ұзын тастың бойын жағалай жарқыратып, қадала қарап тұр.

– Әулие мінеки! Мынау төсекше қашалған тасты, көріндер. Мынау бас, мынау иық кескін!.. Ұзын дене, бойы былай кетеді! – Кәкітай мен Мағаш тас мүсінге таңдана қарап, Әбіштің айтқанына илана бастады. Дәрмен де сұлап жатқан мүсінді анық аңғарғандығын айтты...» [41. 152.].

Диалогта Әбдірахманның тас мүсіннің өзгешелігін басқаларға талдап айтуында мән бар. М. Әуезов үнгірлерді зерттеп, көне сынатас, балбалтас, жазу, суреттерге, таңбаларға, тарихи ескерткіштерге, әдебиетке, этнографияларға жастардың ойын бұрып, ғылымның алуан түрін және елге аса қажет түрін меңгертуге деген құлшынысын оятуды көздеген. Тас мүсіннің бет-келбетін, бас, иығын көрсетіп, түсіндіру арқылы. Әбіш оларды өз жерінің осындай көзге елене бермейтін тарихи мұраларына қызықтыруды көздейді.

М. Әуезов Қоңырәулие сюжеті арқылы ондағы жер атауларының шығу тарихын, маңайдағы жұрт діни наным-сенімде қабылдайтын халықтық жәдігерлердің, ескерткіштердің сырын ашуға, ғылымды бағыттауға, ежелгі мұраларды зерттеп білуге ықылас алауын жаққандай көрінеді. Нақтылай айтсақ, қазіргі таңда мемлекеттік маңыздағы «Мәдени мұра» бағдарламасына негіз қалағандай.

5.2. Абай – ұлт күрескері, рухани қайраткер

Абай туралы мол құжаттар, деректерді ел ішінен жинап алғанымен, М. Әуезов бәрін түгел пайдаланған жоқ, пайдаланар еді-ау, кертартпа заманның ұлттық әдебиеттің өрісін тарылтқан, социалистік реализм заңдылықтарынан жүзеге аспады. Абайды сан қырлы талантымен, зор адамгершілік қасиеттерімен, халқына жасаған ерен істерімен көрсетті. Елінің ауыр тұрмыс-жағдайын, азапты тіршілігін жақсартуға жанталасқан, патшалық отарлау саясатының озбырлығына, халықты аяусыз қанап, тонап қиянатқорлығын жасаған болыс, атқамінерлердің зұлымдық, жауыздығына қарсы күрескен қажырлы да табанды ұлт күрескері, қайраткер бітімінде бейнеледі. Суреткердің саралаған көркемдік шешімі де, түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік заңдылықтағы әдебиет ықпалында Абайды ақындықтың ағасы, өлең өнерінің патшасы ұғымында ғана емес, халықтың қайсар азаматы, алғыр да адал

ақылшысы, ұлтының келешегі жолында ақыл-ойын, білімін, күш-қуатын сарп еткен ұлы ұстаз, заманының кемел көшбасшысы, нағыз патриот перзенті ретінде көрсету еді. Абайдың жасампаз жырлары мен өсиет сөздеріндегі ұлы мұраттарды жүзеге асыруды ұрпағына мензеді.

Семейден генерал-губернатордың қазақ ауылына келуі жазушы баяндауымен ғана емес, диалогтарда, кейіпкерлердің ішкі толғанысында, психологиялық суреттемелерде көркем, әсерлі мазмұндалады. Генералдың Қарамола жәрмеңкесіне келуі айтушы көзімен берілген

«Ұлы сәске кезінде Қарамола жәрмеңкесінің басы ың-шын, у-шу, әбігер қарбаласқа ауысқан. Шаңдатып шапқылаған, жүздеген аттылар жосыды. Қоңыраулары шылдырап, үлкен күймелер тройкалары лек-легімен келді» [40.270].

Авторлық баяндаудан маңызды, шені жоғары басшының келе жатқандығынан оқырман хабардар болады.

«Ұлықтардың айдын, айбатпен келіп түсіп жатқанын естігенде, өз басының кіріптарлығы жоқ, қайта ұлықпен астыртын жең ұшынан жалғасы бар болыс пен жуандар алыстан сүйсінеді.

Абай қоралай тұрған топтың орта тұсына кеп, алға таман шықты да, тыныш қана жүзбен, болашақ күйді тосып қалды.

Осының сәл алдында өз ісінің аңғарын байқамақ боп, бір таныс тілмаш арқылы жана келген Лосовскийге сәлем айтқан-ды. «Маған сәл уақытқа жолығып кетсе екен!» деп өтініш білдірген. Сонда Лосовский өзі түскен үйден жылмаң етіп шығып, салқын қабақ түйген бетте Абайдың алдына келіп, аса тұрпайы, жат мінез көрсетті» [41.270].

Одан әрі үш оязды (уезді) басқарған әскери генералға мінездеу жасалады. Жандаралдың салтанатпен, мықтап келістіріп жүретін жүрісі маңғаздығын, тәкәппарлығын, өзімшілдігін білдіреді. Қасындағы қошаметшілердің, пристав, урядник, стражник, полицейлердің, қысқасы қол астындағылардың көпшілігінің ілесе келуі – қыр халқына өзінше айбат көрсету. Жазушы мұны «бюрократтық, шеншіл шұбар топ» деп атайды.

Олардың Қарамолаға келуі «атырапты селдей басумен» сипатталса, күймелердің ұзындығы, «құнан шаптырым жерге үздік-создық созылуы» – патша ұлығының сес пен айбары. Осынау шенді, шенеуікті мансаптыларды жергілікті халықтың қандай

көңіл-күймен қарсы алуы психологиялық сипаттамада берілген. Ұлықпен астыртын жең ұшынан жалғасқан болыс-жуандардың алыстан сүйсінуі, олардың ештеңеге алаңдамайтын қаннен қаперсіз кейпін көрсетеді. Күтуші топтың ішінде Абайда бар. Жазушы болыстардың психологиясын өте нанымды берген. Мұны авторлық сипаттаудан анық аңғарамыз.

«Ынта, бейілдері тек жоғарғы ұлық жаққа ауып алған, өзге адамға көз де, көңіл де тоқтата алмай алақтаған болыстар Абайды байқаған жоқ.

Бірен-саран жақын жерден танығаны болмаса, онымен ерін ұшымен ғана амандасады, «ұлық», «ұлық», «жандарал», «ояз», біздің ояз», «әлгі біздің нашәндік» десіп, тыным ала алмай іштерінен пысып тұр» [41. 271.].

Мәтіннен болыс, байлардың жағымпаздығы, екі жүзділігі, озбырлығы, т.б. жат қылықтары байқалады. Жандаралды қарсы алуға шыққан болыстардың арасында жүріп, Абай олардың жанталаса безектеген күлкілі сәттерін көзбен көріп, көңілге түйеді. Әсіресе билер мен атқамінерлердің ұлыққа қошеметі, ала құйын көңілі диалогта қызықты берілген.

«Абай сәл тұрып жаңағыдай болыстар ажарын аңғарған кезде, ұлықтар үй жағында жиі қозғалған қарбалас басталды. Жез қылыштар; жаркырауық түймелер, оқалы погондар болыстардың көздеріне жарқ-жүрқ етіп, оттай ыстық боп басылды.

Бұндағы сапқа тұрған барлық қазақ болыстары шапшаң сыбырласып, шолақ-шолақ үндермен дабырлап, қожырап қалды.

– Ал келе жатыр!

– Ұлық келеді!

– Ояздар!

– Ал жандарал шығады!

– Пай-пай! Осы ұлықтың осындай бір айбаты ай!

– Қошаметші нөкерінің өзін қарашы!

– Көздің алмасын сорады ғой!?

– Қайтып ықтатып сескендірмесін!

– «Ұлықтың пысы басады» деген осы ғой! Тіпті арқама шейін тоназып кетті!– деп, өздері болыс болса да, бір жуанның шылауында қошаметші боп жүретін билер, атқамінерлер тыным ала алмай тұр» [41. 271.].

Жазушы ұлықтың киімінің сәнділігін, әшекейін, сыртқы бі-

тімін де сипаттаған. Ұлық соңынан ілескен полковник шеніндегі ояздың, басқа да штаттың кара фрак, сюртук киген, советник хат жүргізушілер баяндалады. Генералдың болыстардың тұсынан өтуі – психологиялық әрі сатиралық эпизод. Айқайлап, ашық, анық айта алмай, әйтеуір іштерінен әзер сыбырлап, үн қатысқан болыстардың қимыл-әрекеті де күлкілі. Олардың ішкі дүниесіндегі жағымпаздықты диалогтан оқи отырып, іштей езу тартасын.

«Жандарал! Жандарал!» десіп, болыстар қатары сусылдаған сыбырмен, үн берісіп қалды. Қамыс-құрақ басын ақырын жел желпіп, судырлатып өткендей қысқа сыбыр, казак тобын түгел айналып шықты.

– Жандарал!

– Ақ жандарал!

– «Ақ жандарал» десе дегендей!

– Өзі де аппак марқасқа ғой! Айбыны да, келбеті де келіскен екен!» [41. 272 .]

Болыстардың психологиясы айтушының көзқарасымен баяндалды. «Ұлыққа ең алғаш қол созған болыс «Керей – Рақыш еді. Ол шошак төбе, кара елтірі тымағын кеудесіне басқан. Өзі жотасынан оқ тигендей шұғыл бүгіліп, иіле қалыпты. Екі аяғы тыным таппай қозғалақтап, өбектеп кетті. Орта жасты адам болса да, әлі біткен кісідей. Буынын бекіте алмай қалбақтап, құрақ ұшты. Тілі де күрмеле берді. Бар аузына түскені «здәрәсти, таксыр!» деген сөз болды.

Одан кейінгі болыстың да ақыл токтатып, ес жиғаны болған жоқ. Бұлар да тыпырлап, тымақтарымен, немесе, бөріктерімен кеуделерін, қарындарын басады. Иіле бүгіліп, өбектеп, бишара боп қалды. Бейне бір іштері ауырған кісідей тыным-тыныштығынан айырылып, құдайына жазып, жорғақтап тұр. Олардың жағалай айтқаны сол Рақыштың бір сөзі «здәрәсти, таксыр! Здәрәсти, таксыр!» болды.

Жандаралдың артында келе жатқан суық түсті ояздар мұрт астынан жымияды. Жандарал казак тобын жағалап, орта тұсқа шейін келді. Әлі күнге «здәрәсти, таксырдан» басқа, жөні түзу сөз тапқан бір казак жоқ. Бір де біреуі жандаралға өздерінің аты-жөнін айтуға да жарамады» [41.272].

М. Әуезовтың үлкен психолог-суреткерлігі осы бір көріністен айқын танылады. Генералдың кеудесінде шен белгісі бар бо-

лыстардың жағалай амандасу әрекетін, көңіл-күйін, жандүниесін ащы, өткір мысқылмен бейнелеген. Рақыш болыстың шошақ кара елтірі тымағын кеудесіне басуы, жотасынан ок тигендей шұғыл бүгіліп, иілуі, екі аяғы тыным таппай қозғалақтап, өбектеуі – ұтымды психологиялық мінездеу. Жандүние арпалысы қорқақтық, ой таяздығы, бейшаралық, жағымпаздық, жасқаншақтық – бәрі осының астарында. Буынын бекіте алмай, қалбақтап, құрақ ұшып, тілі күрмеліп, «здрәсти тақсырдан» басқа аузына ештеңе түспеген бейшара тобырдың қылығы еріксіз күлкі шақырады. Аткамінерлер, болыстардың қылығын кекетіп көрсетуде ащы мысқыл, сарказм сарыны бар. Тымақтарымен немесе бөріктерімен кеуделерін, қарындарына басуы, иіліп, бүгіліп, өбсктеп, бишара боп қалуы – әрі аянышты, әрі күлкілі. Сол замандағы болыстарға психологиялық мінездеу.

Рақыштан ұққан жалғыз ауыз «Здрәсти, тақсырды» жағалай қайталауы арқылы ұлық алдында жандәрмені қалмай, жалынып құрақ ұшып, қоғаша иілген билік тобы әжуаланады. Ол аздай «Бейне бір іштері ауырған кісідей тыным-тыныштығынан айырылып, құдайына жазып, жорғалап тұруы» – сатиралық кейіптеу. Болыс, байлардың жағымпаздық жайын байқаған суық түсті ояздардың мұрт астынан жымиюы да олардың бейшара бітіміне кекесін танытуы. Автор генералдың топтың орта тұсына келгенше, олардың бір ғана «здрәсти, тақсыр» деп қол қусыра, бүгежектеп тұрған бейшара қылығын, ешқайсысының орыс дәстүрінде қалыптасқандай, аты-жөнін, қызмет-шенін айтып таныстыру ойына келмегенін шынайы жеткізген. Осылайша қуыс кеуде, санасы таяз, ештеңенің жөнін білмейтін, тек байлығы мен мансабына мастанып жүрген әулекі билік иелерін келемеждейді. Мұндай мәдениеттің қазақ даласына әлі жетпегенін аңғартады.

Генералдың Абай тұсына тақауымен, онымен жүздестіру арқылы осы таныстыру рәсіміне қатысты мәселеге жауап табады. Жазушы генералды алғаш оқырманға сыртқы киімдерінің сәнсалтанатымен таныстырса, Абаймен бетпе-бет кездескенде, киім үлгісін де, келбет-көркін де өзгеше көрсетеді.

«Енді бір кезекте жандарал Абайға тақап келіп еді. Оның мойнында знагы, үстінде оқалы шапаны жоқ. Бірақ қалаша, сыпайы сұлу тігілген ұзын бешпет, жұқа сұр шапаны бар. Келбетті жүзі, ойлы пішінді Абай бұнын қасына жандарал келгенде, еркін,

маңызды тұрған қалыппен, титей де өзгерген жоқ. Жандарал бар қазақтың тобынан басқарақ ажары, келбеті бар бұл қазаққа бір секундке таңырқағандай көз тастады. Абайға да бас иіп, қол созып амандаса берді. Сол кезде Абай да салмақты сыпайылықпен, тәрбиелі адамның қозғалысын жасап бас иіді:

– Здравствуйте, Ваше превосходительство! – деді. Және ілесе жандаралдың қолын қысып, амандасып жатып – Ибрагим Кунанбаев! – деп, өзін атап таныстырды.

Бұрын бөгелмей жүріп келе жатқан жандарал, енді Абайдан жарым адымдай кейін басты да, жалт қарады.

– Кунанбаев! А-а, әлгі ел бүлдіргіш Кунанбаев сіз бе? [41. 272.].

Абайдың жиналған атқамінерлерден, болыстардан өзгешелігі неде? Мойнында знагы, оқалы шапаны жоқтығында ғана емес. Қала үлгісіндегі ұзын бешбет, жұқа сұр шапаны, сыпайы, сұлу тігілуі сәндік түр ерекшелігін, биік мәдениеттілігін білдіреді. Басқалар жалпақтап, өбектеп, елпектеп жанұшырып жүргенде, Абай маңызды қалпынан титтей өзгермей, ойлы пішінде жандаралмен жүздеседі. Оның басқа қазақтардан ажарлылығы, көрікті келбеті дараланады. Осының бәрі Абайдың үлкен мәдениеттілігін, парасаттылығын, білімділігін танытады. Мұны генерал да байқайды. Абай сыпайылықпен бас иіп, олардың дәстүрінше амандасып, өзін таныстырады. Осылайша орыс мәдениетімен, әдет-ғұрпымен таныстығын байқатады. Әрі көп оқып, көп білетіндігін де сездіреді. Дәл осы тұста жазушы эпизодқа күрт өзгеріс енгізеді. Ибрагим Кунанбаев деп аты жөнін толық атауы генерал мен ақын арасындағы тартыс деталіне айналады. Оның фамилиясын екі рет қайталап айтуы аздай, «ел бүлдіргіш» деген кекесін Абайдың іс әрекетімен таныстығын аңғартады. Болыс, билердің жазған арыз шағымдарынан, оның үстіне ояздардың қосымша айтып жеткізуінен Абай атына жақсы қаныққан.

Авторлық сипаттау мен диалогта генерал мен Абайдың қақтығысы, ішкі тартыс өткір драмалық сипат алған. Мұндағы Абайдың ерекшелігі неде?

«Абаймен екеуі осыдан соң қарсы көз қадасып тұрып қалып, орысша жауаптасып кетті.

Абай тез жауап берді:

– Иә, сол менмін, Ваше превосходительство.

- А, сіз неге ондай болдыңыз?
- Мен алысамын! Себеп солай...
- Неге алысасыз?

– Алысу – тіршілік заңы. Дүниеде жанды, жансыз заттың бәрі де алысумен тіршілік етпей ме? Мен ғана емес, тіпті, сіздің өзіңіз де алысасыз, Ваше превосходительство.

Жандарал сәл ойланьп, тоқырап қалды. Тағы бір адым шегіне түсіп, Абайдың бас-аяғын сүзе барлап, сүзе қарап өтті. Ол бір сәт қатты ызаланғандай. Басының қасқасына дейін қып-қызыл болып кетті. Мына қалып қойған салтанатты шығысында, осынша жұрт алдында әлдеқандай сахаралық киргиз мұнымен қорғанбай, қысылмастан жауаптасады. Жауабы қандай!?. Жандарал өзіне белгілі кейбір шағым қағаздарға сүйеніп, «Бұл қыңыр киргизді ұстатып қойса неғылады?» деген ойға да келді.

Бірақ жаңағы сөзіне орай сөз, мінез таппай құр ұстату, мынау топ алдында шатақ, өрескелдік болуы да мүмкін. Сондықтан енді қатты зекіп сөйледі.

Тағы да қадалды:

- Сіз немен, кімге қарсы алысасыз?
- Мен жауыздықпен алысамын.
- Сізді неге көп жұрт жамандайды?
- О да ғажап емес... Тірлікте жауыздық көп пе? Жақсылық көп пе?

Менің білуімше, жауыздық пен жауыздар көбірек... Ендеше олардың үні молырақ болуы да заңды...» [41. 273.].

Абай генералдың атақ-шеніне, қызмет, мәртебесіне қарамай, ойын батыл, айқын, бүкпесіз, дәл жеткізеді. Біріншіден, Абайдың тез жауап беруі, тайсалмай бірден «сол менмін» деуі – ашық тартысқа бекем бел байлауы. Екіншіден, «Мен алысамын» деп қасарыса тіл қатуы. Генерал алысу мәнісін сұрағанда, Абай ойшылдығын, терең білімділігін көрсетеді, Алысудың тіршілік заңы екендігін, дүниедегі жанды, жансыз заттың алысуын, яғни, физиканың заңдылығын алға тарта келіп, «сіздің өзіңіз де алысасыз» деп төбесінен бір-ақ қойғандай, ойын жедел түйеді. Абай генерал сұрақтарына жауабында «Ваше превосходительство» деп дәрежесін жиі қайталап сыпайылық салтын байқатса, бірінші жақтан «Мен» деуімен батылдық болмысын білдіреді.

Мұның өзі генералдың шамына тиеді, қатты ызаланады.

Авторлық сипаттау мен ішкі монологта генералдың басының қаскасына дейін қызарып кетуі, дала қазағының күтпеген жерден қысылмай, қымтырылмай еркін жауаптасуы оны тайсалуға мәжбүрлейді. Абайдың білімдарлықпен өткір жауап беруі бір адым шегіне түсуіне мәжбүрлейді. Бұл – қадамдағы шегініс емес, ойдағы шегініс. Сол тұста генерал оны ұстау туралы да пасық ойға барады. Тереннен толғаған, ғылым-ілімге негіздеп айтқан жауабына сөз таппаған генералдың ұрдажық мінезі осы тұста байқалып қалады. Абайға қадала зекіп сөйлеп, «Сіз немен, кімге қарсы алысасыз» – дегенде ақын анық та айқын жауап береді. «Мен жауыздықпен алысамын». Мынадай тосын тұжырымнан генерал тағы да тайсалып қалады. Енді Абайдың өз басына, тиісіп, көп жұрт жамандайтынын айтып, бетін қайтарғысы келеді. Абайды бұл да жасыта алмайды. Ол өзінің атына жабылған қаншама жала, арыз барын біледі. Соны генерал есіне салады. Тірлікте жауыздық пен жақсылықтың қайсысының көбін ұлық санасына жеткізе отырып, себебін өзі ұғындырады. Жауыздық пен жауыздар көп болғандықтан, олардың «молырақ үні» арыз-шағым екенін білдіреді. Сонан соң жауыздық не екендігін қарапайым тілмен баяндайды Абайша айтқанда, ол: «ұрлық, өтірік, куәлік, талантараж, кісі өлтіру, үлкен шайқалар жасап, бір елден шығып, екінші елге барып мал талап қайту. Соның ар жағында, әрбір мықты адамдардың сүйеуі, жауызды жаманшылық танақтап алатыны, жалғанға приговор жасау, біреуді өтірікпен жалалау – осы істердің бәрінің үстінде үнемі жүретін пара, заңсыз теріс билік, көп елді, момын елді жем ету, шығынға батыру.» Оны істейтін қол астындағы болыстарды, кеңседегі әкімдерді, қызметшілерді ашық айыптайды. Олардың шексіз көп жауыздығынан әділдік таппай, зардап шегетін қарапайым халықтың жәбір-жапа, қиянат-қорлығын аямай айтады. Осынау диалог тартысынан ел мүддесін қорғайтын қайраткер, халық қамқоры Абайды көреміз.

Абайдың осындай өткір, өжет жауабы генералды ықтырып, әлдеқандай ойға салады. Бұл айтушының генералдың ішкі ойын, сезігін, күмәнін жеткізуден білінеді.

«Жандарал Абай сөздерін тындай отырып, бұл адамның «жай бір арыз, приговорларда жүретін, қатардағы айлакер емес» екенін аңғарды. Аңғарған сайын Абайға іштей жауығып, жатырқай қарады. Бұл киргиз – жандаралдың сахарада «кездестірем» деп

күтпеген адамы. «Халықтың қамқоры боламын, оның сөзін сөйлеп жоктаушы, алысушы боламын» деген кескін байқалады. Жандарал Абайдан іштей үркіп те қалды. Мынау айтып отырған сөздері әлі «азатшылдық», «халықшылдық», «социалистік» ойлармен жалғасатын программа емес пе екен?» деп те сескенеді.

Күдіктенсе де, «ол аталған заттар әлі сахарадан алыс болуы керек, мына сияқты қырдың киргизына ондай ойлар жетпеген болу керек» деп ойлайды. Осыдан кейін Абайды тағы да сөйлете түсіп, сырын ашқызуға бекінеді.

– Құнанбаев, не себепті сіздің жаңағы маған айтқан сөздеріңде жамандаған адамдарыңыздың барлығы біздің сайлап қойған судьялар, волостной управительдер және әр түрлі беделді, инабатты адамдар болып шығады? Сіз бұнымен кімді жамандап отырғаныңызды аңғарасыз ба? Біз киргиз даласына таңдап отырып, әкімдер сайлаймыз. Сіз оның бәрін жаман дейсіз, жауыз адамдар дейсіз. Оныңыз менің аңғаруым рас болса, сіздің өзгеден бөлек убеждениеңіз емес пе? – деді.

Абайға салқын қарап, сынап, торып сөйлеп отыр. Бұл сөздің артында «елдегі әкімдер жаман болса, оларды сайлап қойып отырған біз де жаман боламыз ғой! Айтпағың сол ма?» дегендей Абайды айыптауға бейім ажар көрсетті. [41. 278 .].

Қанша ел аралап жүрсе де, құрмет-қошеметке, сән-салтанатқа бөленген генералға мұндай терен білімді, өжет мінезді өр тұлғаның жолығуы тосын жай. Абай оның бұрын кездестірмеген, күтпеген адамы. Табанды да тегеурінді жауабы қайсар да тік мінезінен нағыз халық қамқорын, күрескерін байқайды. Абайға іштей жауығып, жатырқай қарауы – өзін әр жағынан мысын басқан жанның кездесуі. Ығына жығылып, алдына құлдық ұратын болыс, билерге көзі үйренген генерал бойын жиып бір сәт одан секемденіп, сезіктенеді.

Онын осыншалық біліміне, ғылымға жетік екеніне көзі жетеді. Сол кездегі орыс демократ-революционерлермен ымыраласу деп күмәнданады, бостандық жолында халықты күреске шақыратын «Социалистік ойлармен жалғас программа жасап алған ба» деп те секемденеді. Ол ойынан қайтып, ондай ой-мұраттар алыс қазақ даласына әлі жетпеген шығар деп те қалады.

Авторлық баяндауда генералдың ішкі күдігі, секемденуі Абайдан сырын білуге ұласады. Бұл сауалдан гөрі генералдың бо-

лыстар мен билерді қорғау, өз терісін аман сақтаудың айласы тәрізденеді. Абай сөзіндегі жауыз астарында болыс, билер, беделді, инабатты адамдар тұрғанын, өзі таңдап қойған әкімдерді жауыз деп жамандауға еш қақысы жоқтығын қатал айтады. Оларға қарсылық ұлыққа, одан әрі патшаға қарсылық деген арам пиғылына арандатпақ болғанда да, генералдың сұм ойының астарын Абай аңғара қояды. Тіпті райынан қайтармақ болған генералдың сұрағына да, «солай дейтінін», алған бетінен қайтпайтын алғырлығын, табандылығын танытады.

Диалогта генералдың Абайды үйге шақыруы арадағы тағы бір тартысты өрбітеді.

«Жандарал Абай қасында әлі қарап, әлі кетпей тұрып алды.

– Сіз солай дейсіз бе?

– Солай деймін, Ваше превосходительство!

– Осы айтқандарыңыздың дұрыстығын сөзбен, іспен бекіте аласыз ба?

– Бекіте аламын деп бек сенемін.

– Ну... көрейік! Менің соңыма еріңіз! – деп жандарал бұйыра сөйледі де, ілгері жағалап жүре берді. Абай бар қазақтың қатарынан шығып салмақпен басып, жандаралдың қасына ерді» [41. 273.].

Абайдың «салмақпен басып, жандаралдың қасына еруі» – өзіне деген іштей сенімділігі. Айтарын ірікпей, бүкпей, аяусыз айтқан ақылды, алғыр бітім иесі батыл байламға келіп, тәуекелге бел буады. Салмақпен басуы да – бойдағы батылдық, ойдағы шешімділік. Генералдың соңынан емес, қатарына еруі де оның атақ-шені ықпайынын, білім озықтығын білдіреді. Өз ісінің әділеттілігін жүрегімен түсінеді.

Адам баласының мінезі жиі өзгеріп отырады. Адам табиғаты жаратылыс әлемінде құбылмалы. Абай төңірегінде болыс, билердің теріс қылығынан, әрекетінен бір түнілсе, орыс ояздары мен әкімдерінің, советниктері мен тілмаштардың жауыздығынан жиренеді. Киіз үйдің алдында Лосовскиймен жолыққан кезде Абай оның бұрынғы қалпынан өзгергенін, жаңа қарым-қатынасын сезеді. Оңаша кездескенде мүлдем басқаша кейіпке енгенін бірден байқайды.

«Тайный советнигі – бұрынғы Лосовский емес. Абайдың үстінен түскен көп арызды оязға қосылып, Абайға қарсы қатал

түрде жұмсамақ ниеті бардай. Тек жандаралдың қандай байлау жасайтыны мәлім емес болғандықтан, Лосовский өз сырын тұпа-тура аша алмады. Бірақ сонда да Абайдың сұраған сөзіне жауап бермей, айтайын дегенін тыңдамай, бір-ақ қана қатал сөз тастаған:

– Ибрагим Кунанбаев, бүгінде сіздің ісіңіз жаман. Өте жаман. Неге жаман болғанын мен айтпаймын. Өйткені, сіз бар нәрсені білетін білімді, тәжірибелі адамсыз. Аса білімді адамсыз! Сол өте көп білгеннен, әсіресе, айыбыңыз үлкен болуға мүмкін. Осыдан басқа менің сізбен сөйлесетін сөзім жоқ. Көріскенше! – деген де, түксиген қабағын жадыратпастан, қайта айналып жүріп кеткен.

Абай осы кездесудің соңында, қасына ере барған Көкбай мен Дәрменге өзінің ісі бұл жолы жайсыз бола ма деген қауіп айтқан». [41.274.]

Лососовский бұрынғыдай Абаймен еркін сөйлесіп, ақылына ақыл қосатын жан емес. Оязға түскен қалың арыздан Абайға аяушылық болмасын түсінеді, қандай да бір қол ұшын берсе өзінің оңбайтындығын ұғынып, әрі генерал алдында, қызметін сақтап қалу үшін бойын аулақ салады. Абайдың сұрағына жауап бермей, сөйлейтін сөзін тыңдамауы тәкаппарлығы ғана емес, генералдан үрейленуі. Басына төніп тұрған ісінін қауіпті, соны жаман екенін, алатын айыбы да үлкен болуы мүмкін деген қатал болжамын, сұсты кесімін айтады. Бар нәрсені білетін, аса білімді, тәжірибелі адам деуі – Абай ақыл-ойын, парасатын тануы. «Үлкен білімді адамның болыс, билерге қарсы шығуын дұрыс көрмейді» деген Лососовскийдің генералды жақтаған сөзінен Абай өзіне төнген қауіпті сезеді.

«Абай далада жандаралды алғаш көргеннен, әлі оның жүзінен үміт белгі көрген жоқ еді. Мынау сөзде өзіне төнген анық қауіп барын аңғарды. Бірақ алысуға бекінген ниеті мынау сәтте де өзгерген жоқ. Сескену үрку емес, бойына қайсар ашу жиды. Бұған ұлық қазір тек ызалы көрінді де, ақылсыз, ұшқалақ тәрізденді. Мінезбен, ақылмен бойдағы адамдық қасиет қуатпен салысуға келгенде, қазір Абай өзін жандаралдан әлдеқайда биік, астам тұрғандай сезінді. Ол сабырмен ғана ығыспай жауап айтты» [41.273].

Бұдан нені байқаймыз? Абай елдің жағдайы мен мүддесі үшін ештеңеден аянбайды. Бұдан әрі шегінуге болмасын да бі-

леді. Тайсалмай, бойына қайсар ашу жиып, бәріне де тойтарыс беруге берік бекемге келген. Әңгімелесуші жандарал мен ақынды салыстыра сипаттай келе, ұлықтың ақылсыз, ұшқалақ бейнесін береді. Абаймен арадағы ой қақтығысында, яғни, ақылмен, мінезбен адамдық қасиет қуатын салыстыра келгенде Абайдың одан әлдеқайда биіктігін көрсетеді. Мұның өзі Абайдың қайраткерлік болмыс ерекшелігін танытады. Өйткені, өмірден көрген, білгені, оқыған-тоқығаны мол, парасаты зор Абай – елге ақылшы, камқор тұлға ғана емес, адамгершілігімен де, білім, ілімімен де дара-дана бітім. Сабырмен жауап беруі де өзіне деген сенімділікті аңғартады.

– Ваше превосходительство. Мен ол адамдармен сіздер әкім қойғандықтан алыспаймын, айттым ғой, олар жауыз болғандықтан алысамын.

Жандарал қатты тепсініп, столды саусағымен қатты ұрып тұрып:

– Ең әуелі сіз осы үшін жауап беріңіз! Әкім сайлаған адамдарды «жауыз» деуге қандай қақыңыз бар? [41.274].

Абай айтар ойын осылай батыл да өткір жеткізеді, тайсалмайды, қайтпайды. Қайсар қалпынан таймайды.

«Абай орысша сөйлеп, салмақпен үн қатып:

– Сабыр! Мен Уездный начальник мырзаға өтуім қажет! – деді.

Бірақ есік пен Абай арасына екі стражник тұрып қалған еді. Дәл осы уақытта оң жақта тұрған сыпайы, сұлу пішінді бір чиновник ілгері қозғалды. Абайдың орысша сөйлегеніне таңырқап, қызыққандай. Стражниктердің алдынан жанаса келді де, күлімсіреген пішінмен:

– Сіз кім едіңіз? Білуге рұқсат етіңіз! – деді.

Абай бұл кісінің сыпайы жүзіне өз тарапынан лайықты тағзым көрсетіп, тымағын алды. Өз қадірін жоймайтындай, тең тәрбиелі сыпайылықпен бас иіп:

– Мен Ибрагим Құнанбаевпын. Халықтан шыққан жұпыны кісімін, – деді. Төреге күлімсіреп, барлай қарап, тоқтап тұр. Абаймен сөйлескен төре бұрынғысынан да жадырап, жақындай сөйледі.

– А, сіз Ибрагим Құнанбаевсыз ба? Мен сізді білемін. Жақсы білемін. Маған сіздің досыңыз адвокат Андреев көп айтқан. Таныс болайық, мен советник Лосовскиймін! – деді.

Абай бұл кісімен таныса сала, алдыңғы үйді көрсетіп:

– Мұнда не хал болып жатыр? Бұның бәрі бізге – халыққа ренішті... дей берді.

Абайдың алдынан шыққан стражниктер бұл кезде Лосовскийдің қабағын байқап, орындарына қайтып келген еді». [41.275.]

Диалог пен авторлық баяндауда Абайдың оқымыстылығы, мәдениеттілігі, бойындағы ізгілік қасиеттері ерекшеленген. Абайдың салмақты сөйлеп, сабырлық танытып, әрі советник Лосовский алдында «өз қадірін жоймайтындай, тек тәрбиелі сыпайылықпен бас июі деп мәдениетілігін, парасатты болмысын айқындайды. Өзін «халықтан шыққан жұпыны кісімін» деп таныстыруы да – қарапайымдылығы. Бұл тұста жазушының осы сөзді сол кездегі идеология мүддесіне бейімдегені байқалады. Сыпайы да сынық мінезімен, салмақты да сабырлы сөзімен Лосовскийді тәнті еткен Абайдың елде дүрбелең туғызған жайға назар аудартуы да елінің мұңдасы, жоқтаушысы екенін еске салады. «Мұның бәрі бізге – халыққа ренішті» деген деталь акынның қалың халыққа қамқорлық пейілін көрсетеді. Зіркілдеп, аяғымен жер теуіп кәрлене сөйлеген Оразбай сөзін қысық көз, шолақ мұрын, семізше тілмаштың түгел жеткізуі орысша жақсы сөйлеген Абайдан да ыққандық. Бұлтарып, бұрмаласа, бассыздығын бетке басары анық. Абайдың білімділігі, адуындылығы, алғырлығы сескендіреді.

Ел ішіндегі болыс, байлардың жауыздығы, киянат-қорлығының шектен асқанына шыдамағандығын, іштей жүрек шешімін білдіріп отыр. Осы арада жандаралдың ой таяздығы, билік буына мастанып, тек айқайға басып күш көрсетуге тырысқан залым әрекеті сезіліп қалады. Оның қатты тенсініп, столды саусағымен қатты ұруы ақылының аздығы ғана емес, мінезінің де әлсіздігі. Патша әкімшілігі сайлаған адамдарды «жауыз» деп айыптағанға зілденуі де өкіметке қарсы шығу саналады. Алайда алғыр да табанды, қайсар да қажырлы Абай жандаралдан еш ығыспайды. Райынан қайтарғысы келіп, өктем сөзіне өткір де өжет жауап береді.

«Олардың шынын білсеңіз мен ғана емес, өзіңіз де, жауыз демек түгіл, көбін жазалар едіңіз» деп көкейдегі кесімді сөзін бірден айтып салады [41. 277]. Төңірегіндегі елдің билеушілерге қатысты әлдебір жақсы, жағымды пікірін білдірер деген ояз-

дың дәмесіне Абай жүрегіндегі ақиқатын аянбай ақтарып салады. «Өзіңіз де жауыз демек түгіл, көбін жазалар едінің» деп тура бетіне айтады. Оның батыл сөзінен болыс, байлардың жауыздығын, озбырлығын, қиянатын бетке басумен бірге, ұлықтың өзіне де айыптың бір ұшын тірегені аңғарылады. Ұлықтың жанындағы жандарал, ояз, атқамінерлерінің сұрқия, сұмпайы әрекетін әшкерлейді. Ұлық пен Абайдың бетпе-бет жүздесуі екі қарсы топ өкілінің өз мүддесін қорғаудағы ой тартысы ғана емес, білімділік пен парасаттылық сынына ұқсайды.

«Бұл ара арбасудың анық шетін, қатер жері. Абай айтарын айтты ар жағын қорыту, әкімнің өз міндеті» деп, ішінен ойлады да өзімшіл зорлықшыл ұлықпен бұдан ары шыншылдыққа басып, сыр ашысып сөйлескісі келмеді. Салмақпен қарады да күліп жіберді:

– Ваше превосходительство! Мен ғұмырда бірінші рет сіз сияқты үлкен әкімге кездескендіктен, сіз билеп жүрген сахарاداғы шын ауыр халдерді айту қажет қой деп білдім. Шынын айтсам, жаңағы мен айтқан көңілсіз халдер туралы бір мен емес, сұрастырсаңыз, барлық сахараның мол халқы да айтар еді. Сізге кездесуде менің өз басым үшін әділеттен басқа өтінетін еш нәрсем жоқ. Мен әкім боламын дейтін кісі емеспін. Сіз болсаңыз, зор әкімсіз. Қолыңызда көп құдірет күші бар. Жаманшылық, жауыздықты тыямын десеңіз, қолыңыздан көп нәрсе келеді. Ал сізге біздің сахарамыз турасындағы шындық халдің көбі мәлім емес деп білемін. Соның біразын болса да сіз біліп кетсе екен деп әдейі айттым! – деді. [41. 277].

Абайдың өзінен өресі төмен ұлықпен тәжікелесудің бекер екенін сезіп, көкейдегі ойын анық жеткізгісі келгені аңғарылады. Салмақпен қарап, сөзін күліп бастауы да орыс әкімінің сөзіне зейін аудару мақсаты. Елдегі түрлі зорлық-зомбылықтарды, қиянат-әділетсіздіктерді санасына терендеп бойлатудың бір тәсілі. Абай әкім болуға ұмтылмайтынын, бірақ елде дәл сол әкімдей беделге ие адамдар барын меңзейді. Ол елдегі бар шындықты жайып салғанда, мұның соңында қандай қауіп-қатер басына түсетінін біледі. Абай табандылығына да турашылдығынан танбайды. Ұлықты райынан қайтарып, зымияндығына сөзін нақтылап дәлелдеп, жеткізеді. Жауапкершілікті өзіне қарай бұрады. Ұлық алдында именіп, иіліп жүретін

қыр қазағынан мұндай әрекетті күтпеген жандарал да Абайдан қаймығады. Шындықтың жолында елінің тағдыры үшін алғыр ақыл иесі ойынан еш тайсақтамайды.

«Жандарал бұл сөзді ұнатпады. Қазақтың халқын тек топас жабайылықты білетін ұлыққа қараңғы қорқынышпен бағыну, табынуды ғана білетін, аса бір тағы ел деп ойлайтын түсінік бар еді. Ол ойының бәріне мынау сахара қазағы Ибрагим Құнанбаев өнеге бойымен сөйлеген сөз, ішкі нәр ойымен, түгелдей қарсы ажар танытып отыр. Орысша оқыған адамша сөйлейді. Жандаралдай ұлықтан жасқанбай, ақыл, тәрбиесі тең адамша кеңеседі. Үстіне киген бешбеті де сондай ұнамды түсті, қымбат сукнодан тігілген, онысын және қаланың тігіншісі тіккені көрініп тұр. Бұл белгісі де Абайды надан етпей тең адам еткен үшін жандаралды ыза қыла түседі» [41.278].

Авторлық сипаттау жандаралдың Абайдың тіктеп бетіне айтқан батыл да байсалды байламдарын қалай қабылдағанын көрсетеді. Абайдың «ұлықтан жасқанбай ақыл, тәрбиесі тең адамша сөйлесуі – білімділігін, парасаттылығын айғақтаса, «орысша оқыған адамша сөйлесуі» –өз бетінше орысша оқып, мәдениетімен терең таныстығын білдіреді. Үстіндегі тігілген бешпетінің қымбат шұғадан тігілуі және түсінің ұнамдылығы, оны қала тігіншісіне тіктіруі – Абайдың үлкен мәдениеттілігін танытады. Өйткені сөйлеген сөзінің тамтығы жоқ, үстіне киген киімі де қонымсыз бай, болыстарды талай көрген ұлыққа бұл тосын көрініс.

Автор Абай мен жандарал диалогын өткір тартысқа құрған. Сюжеттің даму динамикасы да Базаралы мен советниктің «темірдің қызған кезінде келуімен» сабақталады.

«Осы кезде Абайға суық қараған көзін жандарал есік жаққа аударып, қабағын түйді. Төрге қарсы отырған Абай да бұрылған еді.

Үйге кіріп, есік жанында тік тұрып, тымағын қолтығына қысқан Базаралы мен орта жасты, сұлу сақалды сыпайы ғана киінген орыс адамы тұр екен... Абай Базаралының бұл жерде шыққанына орасан танданды... Оның жанындағы орыс адамын да жаңа таныды. Бұл қазақшаға жүйрік Семейдің сағатшысы Савельев екен. Өзі үнемі қазақтың арызын жазып жүретін ояздық, болыстық бар кеңсені білетін жоғары, төмен ұлықтың бәрінің аты-жөнін білетін және, әсіресе, сол кеңселердің маңындағы стражник, урядник, хатшы, тілмаш – баршасымен жеке таныс та үйір адам болатын.

«Көп адвокаттан Савельевтің қолы жеңіл» деп қазақтың момын шаруасының барлығы да арызын осыған жаздырып, Савельевті жокшы етіп жүретін» [41, 279].

Базаралының тымағын қолтығына қысып, кіруі сыпайылық, әдеп үлгісі болса, тік тұруы өзіне деген сенімділікті байқатады. Абай Базаралының әркімнің қолы жетпейтін ұлыққа жол тауып кіруіне таңданады. Автор Савельевтің қазақ тіліне жүйріктігін, сыпайылығын, білімділігін сипаттаумен бірге, «көп адвокаттан қолы жеңіл» деп ерекшелейді. Қазақтардың оған арызын жазғызуды әділеттің жақтаушысы, қиянат пен қорлықтан қорғаушы, жұртшылыққа жанашырлығын танытады.

«Жандарал өз үстіне кірген көрнеу арызшыларға ызаланумен қатар, таңдана қарады. Бірі орыс, бірі қазақ – екеуінің де қолтықтары толы будаланған қалың қағаздар. Қазағы ұзын, сымбатты бойы бар... сұлу бурыл сақалды, аппақ кең маңдайлы, нұр жүзді, келбетті адам...

Бұлардың артында, есік алдында оннан аса жұпыны киімді момын жүзді арызшы жандар, үйге кірмей ашық есіктен бас иіп қана жандарал жүзіне қарасып тұр. Бәрі де үйге кірген Базаралы алуандас орта жасты, ұнамды түсті қазақ арызшылары:

– Бұл не?.. Кімдер? – дей берген жандаралға Савельев шапшаң ғана жай білдірді.

– Ваше превосходительство, бұл келгендер Семипалатинск уезінің әр болысының арызшы қазақтары. Қазір бәрі де сізге бір ғана өтінішпен келді. Бәрі де приговор әкеп тұр. Мына қағаздар солар. Мені «сізге арызымызды айтып бер!» деп сұрады. Өздері орысша білмеген соң...» [41,279].

Жазушы Абайдың таңданысымен бірге, салыстырмалы түрде генералдың да таңданысын жеткізген. Абай ұғымында Савельев «сұлу сақалды сыпайы киінген кісі», ал генерал танымындағы Базаралы: «ұзын, сымбатты бойлы сұлу бурыл сақалды, аппақ кең маңдайлы, нұр жүзді адам». Сонан соң еріп келген арызшылардың «Базарлы алуандас, орта жастағы әрі ұнамды жастағы адамдар» екендігі. Автор оларды кедей, малшы, түрлі кәсіп иесі деп жіктеп, бөлмеген. Арызшы, ортақ мақсаттағы адамдар деп біледі.

Арызшылардың бір сенетіні – Абай болса, екінші үміт артары – Савельев. Генералдың қызметшілерінің алдын орап Савельев олардың Семей уезі әр болысының арызбен келген қазақтары

екенін, өздері орысша білмеген соң, оны тілмаш етіп, бетке ұстағанын генерал алдында түсіндіреді. Әрі шапшан жауап беруі талай жерде ұлықтар алдында болғанын байқатады.

Абай арызшылардың көрген қиянат-қорлығын генерал алдына қағаз жүзінде айғақ етіп, сөздерін дәлелдегеніне риза. Мұны жазушы Дәрмен, Баймағамбет, Ерболды ертіп, Қарамоланың батысындағы сары жотаға шығып, жәрменкеде болатын сыязға көптеген болыстан момын көпшілікті көруімен ұштастырады.

«Бұлардың анық қалың ел атанған өңшен еңбек иесі жандар екені бар ажарларынан танылады. Ең әуелі мінген аттарының көпшілігі арық, күн қақты. Кейбірі шолақ, жалғыз-жалғыз тұғырлар. Олардың үстіндегі ертоқымы да ескі, жыртық көпшігімен немесе ортасынан жыртылған үзеңгілерімен, ескі қайыс жүгенімен және де жез, кара темір, әлде тіпті ағаш үзеңгілерімен де – бар жайларды мәлім етеді. Мұнда барқыт аткөрпе, күміс жүген, қарала күміс жаптырған құйысқан тартпа дегендер жоқ. Ескірген тоқымдардың арасында бірде-бір былғары қаптаған, сукномен ойылған тоқым-тұрман да жоқ.

Бұл елдің үстеріне киген киімдері де шетінен сұр түсті шекпен, не көнетоз шапан. Бастарындағы әр рудың үлгісін көрсететін тымақтары да тегіс ескі елтірі, ұзын сенсеңнен істелген. Ол тымақтардың тыстары арзан шыт, немесе жыртылған жүні шыққан реңсіз қуқыл шүберек.

Осындай анық кедей-кепшіктен, қалың бұқарадан шыққан халық, бүгін Абайды өз ұлындай масайрап тосқандай. Оны ортаға алып, қуана қоршап, даурыға амандасып шын бейлімен құтты болсын айтысты. Төбе басында Базаралы мен Байкөкше аттарынан түсіп, тосып отыр екен. Абай да аттан түскенде жанағы достары құшақтасып амандасты.

Абай Базаралыға қалжындап:

– Базеке, шыңыраудан алып шықтың ғой. Бұл жолы мен өз өнеріммен шырмала түспесем, құтыларым жоқ еді. Ал сенің бүгінгі сөзің бар ділмардан, бар жүйріктен, адвокаттан анағұрлым асып түсті-ау. Қалай айттың? Төбемді көкке жеткіздің ғой! – делі [41. 282 .].

Авторлық сипаттауда алдымен кедейлердің мінген аттарының тұрпаты, от әбзелдері сипатталады. Қарапайым еңбек адамдарының атқамінер, байлардың ат жабдықтарымен салыстырады.

Барқыт аткөрпе, күміс жүген, қарала күміс жаптырған құйысқан тартпа, шұғамен оюланған тоқым-тұрманының жоқтығымен кедейлер екенін білдіреді. Бұл жиналғандардың да мақсаты бар. Өйткені көптен бері іштегі арыз-армандарын арқатұтар Абай арқылы бір жеткізсе, Базаралыдай жол тапқыш жанашырларымен жазғандарын қағазға түсіртіп тапсырады. Кедей-кепшік, қалың бұқараның Абайды өз ұлындай масайрап күтуі де осыдан. Қалың жұртшылығының қаумалаған ортасында тұрған Абай Базаралы мен Байкөкшеге құшақтасып амандасуымен шын ықыласын білдірсе, Базаралының бүгінгі батылдығын жақсы лебізімен сүйсіне жеткізіп, ризашылық пейіл танытады. Шыныраудан алып шыққандай ерен ісін ерекшелеп кетеді, бүгінгі сөзінің бар ділмардан, бар жүйріктен, адвокаттан анағұрлым асып түскенін әзілдегенімен де, жүрегіндегі ризалық сипаты айқын. «Төбемді көкке жеткіздің ғой» деген шынайы бағалауы да Базаралы тапқырлығына, шешендігіне қылаусыз көңіл белгісі.

Көптен бері бас қоспаған малшы, жалшы, бейнет кешкен қауым бір сәт көңіл көтеріп, ойын-сауыққа ұластырып, Абай мен Базаралыны ортаға алып, дүрілдетіп тойлап жатқанда да Абайдың ризашылығы толастамайды. Диалогта оның мәнісі айқындалады.

«Осындай ойын-сауық басталғалы жатқанда Абай Базаралыдан:

– Қалай ғана жол таптың? Жандаралдың үстіне кім жіберді? Неғып кіргізді? – деп сұрап еді.

Базаралы:

– Ойбай, Сабелей екеуіміз ашпаған есік бар ма, Семей ұлығында! – Содан ары Абай анықтап сұрағанда, Базаралы нақтылы шынын айтты.

Расында жандаралдың үйіне мұны жіберу кімге де болса оңай емес-ті. Үстіне қырдың қазағы түгіл, ояз бен чиновниктердің көбін кіргізбей отырған жандаралға арыз иесі Базаралының жол тауып кіруі, ойда жоқ нәрсе, мүмкін емес еді. Бірақ Базаралының ендігі айтқан шыны бойынша, бұған жол ашып берген ақша-пара бопты.

Жандарал үйін күзеткен үлкен жандарм төресінің біріне Савельев дәл бір сағат сөйлесіп, екі аттың құнындай ақшаны алақанына бастырып, содан соң жол алғанын Базаралы енді білдірді» [41. 282 .].

Анау-мынау емес Семей әкімінің, генералдың алдына кіруге кейбіреуінің дәті бармаса, көпшілігінің дәрмені жетсе де, дәлелдеп айтар сөзі жетпейтіні анық. Авторлық баяндауда Базаралының мұның жөнін қалай тапқаны байыпталады. Қыр қазағының ішінде атқамінері тұрмақ, ояз бен чиновниктер алдына кіре алмайтын мұндай сәтте Базаралыны жолығысуға мүмкіндік тұғызған – патша әкімшілігі қызметкерлерінің пара алуы. Кеңестік кезеңде қатал коммунистік қоғамда пара алу тіркесі дәл бүгінгідей жиі айтыла бермейтін. Аракідік болса да «ақша жепті», қоғам қаржысын жымқырыпты», «мынадай сом пара алыпты» деп хабарланатын. Соңынан қолданылған шарасы да, берілген жазасы да мәлім етілетін. М. Әуезов Абай заманындағы патша ояздары мен шенеуніктерінің, адвокаттар мен тілмаштардың, болыстардың паракорлығын, озбырлығын анық көрсеткен. Жандарал үйін күзеткен жандарм төресінің біріне жөнін тауып, бір сағаттай сөйлескен Савельев екі аттың құнындай ақшамен амалын тауып кіргені баяндалады.

«Абай мен Базаралы сияқты егде адамдар тобында тұрып Байкөкше өзінің зор үнімен аса бір мағыналы сөз тастады.

– Иә, халайық, бұл бір асыл мереке болды, шын қуаныш, қалтқысы жоқ халық қуанышы. Солай болғанда бір жағынан Абай үшін қуанамыз. Ал осы қуаныштың екінші бір тарауы тағы бар. Ол өзіміздің елдігіміз үшін қуаныш, жақсылық үшін бірігіп, ынтымақ тілек қосып өз дегеніне жеткен адал, момын ел үшін қуанбасқа бола ма? Бұл анық елдік жол еді, әмісе осындай елдіктің жолы болсын, Әмин! – деді. Айнала жұрт бұл сөзге қатты сүйсінді. Қарт ақынды қостап дауыстап «Әмин, әмин!» десіп бет сипап. Мәз боп күлісіп, қатты қожырасып қалған көңілді дабырлар естілді» [41. 283.].

Автор заман шындығын дөп басуы арқылы патша әкімшілігінің шен құмарлығын, паракорлығын көрсеткен. Қазіргі дәуірде кейбір билік басындағылардың жең ұшынан жалғасқан осындай пайдакүнемдігін, жемқорлығын дөп басып көрсеткендей. Сонау бір ғасырда жазылған шығарманың осы бір детальдары бүгінгі күннің келбетін дәл, шынайы кескіндеп кеткендей көрінеді. Кеменгерлік кереметі де кемел көрегендікте ғой!

Алайда осынау думан Абай мен Базаралының ақыл қосқандай бірін-бірі толықтырып жалғап кеткен ерен істерінің қуаны-

шына ғана арналған. Айтушы Базаралы мен Савельевпен бірге он шақты жарлы-жақыбайдың жанына еріп баруын елдің ортақ мақсатқа жұмылуы, береке-бірлігінің белгісі деп біледі. Айтушы мұны Байкөкшенің азуынан жалпақ жұртқа алғысы ретінде жеткізеді. Байкөкше – сөзге шешен ділмар, көкейдегіні дөп ұғатын зерделі де зерек ел ардақтысы, сыйлы ақыны. Ол осынау тірлікте Абай мен Базаралының осыған ұйтқы болғанын көкірегі сезеді. Айтушы ұғымында бұл батыл қадам жалпақ жұртқа ортақ саналады. Байкөкше сөзінде «халық қуанышы, асыл мереке» ретінде бағаланса, осындай мерекені сыйлаған Абайға қуанады. Қуаныштың тағы бір тарауы елдіктің күшінде, жақсылық үшін бірігіп, ынтымақ тілек қосып, өз тілегіне жеткен адал, момын елінде деп ұғады. Ол қарапайым халқының бұл қуанышын елдіктің жолына балайды. Төңірегін үнемі осындай бірліктен көргісі келеді. Елдіктің жолының жемісі жалғануына оң батасын арнайды. Мұны жұртшылық та сүйсіне қостап, әмин деп бет сипап, қабыл алысады. «Мәз болып, қожырасып қалған көңілді дабырдың естілуі де» – елдің мейірімін, шаттанып, марқаюының айғағы. Байкөкшенің ақындық дарыны әрі бидей баптап, байыптап сөйлейтін шешендігі, байсалдылығы, әрбір жақсылық пен жамандықты таразыға тең тартып, жөнімен жеткізетін қазылық қарымы да байқалады. Халықтың осынау бірлігін байқап, сезініп, оны пайымдап жеткізе білген Байкөкшенің ақ жарқын лебізі адамды тануды, бағалауды көрсететін ұлағат тұжырымындай. Елді сүюдің, қадірлеудің жүректе маздаған айқын алауындай.

Абайды үнемі мазалап, ақыл-ойын он сан толғанып жүрген ащы жай – халқының патшалық билік қол астында отарлық езгіде бұйығы тірлік кешуі. Өзге елдер ұмтылып жатқан жақсылықтарға жуыр арада жақындай қоймайтын жұртты қалай бетбұрғызудың амалдарын қарастырып, жаны жай таппайды. Бұл көкірек көзі көреген Қадырбайдай түсінігі бар қартпен әңгімелесуде көрінеді.

«Қадырбай ел дегеннің бәрінің тірлігінде де тұрақсыздық бар екенін айтып, қазақ тірлігі өзгеден артық тірлік деп бағалады. Абай бұған да тоқтамады. Өзге елде өнер барын, өнер деген таусылмас азық, жұтамас байлық екенін айтып кеп:

– Ойлап, байқап қарасаңыз, осы дүниедегі бар жұртты біздің қазақ шала біледі. Бір елді бір ел жақсы білсе, жақсы өнегесін де алар еді. Сонау адам-ата заманынан бері қарай бір елдің өнегесі-

не бір ел ортақ болып келген. Біз болсақ, сол көп үлгіден кенде, көп өнерден кенже қалғамыз. Баяғы заманнан бері айықпаған жұт – сондай артта қалғандық салдарынан, – деді.

Қадырбай мен Қуандық мына сөздің тұсында бір-біріне қарасты да іштен ұғысқандай болды. Қадырбай өзге әкелердей емес. Баласына ақыл сала сөйлейтін және қыз бала демей Қуандыққа да сүйенетін тәрізді». [40.243]

Авторлық баяндау мен диалогта түйсікті қарт пен ойтанымы кең, білімді жас елдің келешегі жайлы ортақ ой бөліседі. Қадырбай ел атаулының тірлігінде тұрақсыздық барын айта келіп, қазақ тірлігін өзгеден артық деп бағалағанда өткен дәуір болмысымен санасады. Ал Абайдың көзқарасы басқаша. Өнер «таусылмас азық, жұтамас байлық» екеніне тоқталып, қазақты дүниедегі бар жұрттың шала білуін өзгелермен қарымқатынасының, араластығының аздығынан деп ой түйеді. Бір елдің бір елді жақсы білуімен бірге жақсы өнегесін алатынын, ғасырлар бойы бір елдің өнегесі бір елге ортақ болғанын, өзара байланыста тапқанын бойына жапсырып, яғни еліктеп, қызығып, үлгі етіп, дамып өскенін, ал қазақ халқының кемшілігі осы көп үлгіден кенде, көп өнерден кенже қалғанының салдары деп сезінеді. Өмірден көргені мол, ақылға бай болса да Қадырбай заманның алдын болжамдап, елдің ертеңгі өмірін тереңнен пайымдаған. Абай сөзін иланады. Ақылды қызы Қуандық та қонақ сөзінің дұрыстығына көзі жетеді. Диалогта елдік мәселе молынан қамтылады.

«Бұл кештегі ұзақ әңгіме мен кейбір жарыс сөздер ылғи ғана сол жанағы «ел», «елдік» деген жайдан болды. Сонда кәрі ақын жас жігіттен неге алуан соны сөз естіп кеп, іштей қатты толғанып қалды. Әншейінде қандай үлкендермен кездесе де оңай ұғысатын жайлар бар еді. Сол баяғыда шешіліп қойған, «айдан айқын» деген сөздің барлығына мына жігіт басқаша қарайды. Дау айтады. Айтқанда, тауып айтып, тізе көрсетіп тоқыратып кетеді.» [40.243]

Ел мәселесіне келгенде қарт ақын алдында дүниетанымын кеңдігін, ой-өрісінің биіктігін көрсеткен жас жігіттің толғандыруы да өзі біліп, ойлағаннан әлдеқандай ауқымды, арналы әңгіме өрбітуінде. Әшейінде үлкендермен кездескенде оңай ұғысқанымен, Абайдың қарт ақын ойлағанынан асып түсіп, кейбір тұста

қарсы пікірін де білдіріп, яғни тауып айтуы мол оқып білгендігі мен талай көзі ашық адамдармен пікірлес, мұраттас болуында.

Қадырбайдың ақыл сала сөйлейтін сүйеніші Қуандықта Абай ойының шынайылығына, өзектілігіне іштей риза болады. Әкесі мен Абайдың дауына арласпайды. Айтушы осы пікірталасты талдап байыптайды.

«Келесі күні кымыз үстіндегі мәжілістерінде осы әңгімелер және де сөйленді. Қуандық дауға араласқан жоқ. Бірақ бүгін ол Абай сөздерін көбірек қостайтын болды. Әкесінің кейбір дауларын қабыл алмай күледі де:

– Әке, қонақтың сөзі ұтымды ғой, – деп қояды. Тағы бір кезде «осы сөзге тоқтау керек – ау!» деп те қояды. Бұл тұс Абайдың кешеден бергі әңгімені екшеп кеп тоқыратқан жері болатын». [40.243]

Келесі күні кымыз үстіндегі мәжілісте Абай сөздерін көбірек қостауы, әкесінің кейбір дауларын қабыл алмай күлуі әрі «қонақтың сөзі ұтымды ғой» деп мақұлдауы – құптап-қолдауын білдіреді. Оның «осы сөзге тоқтау керек-ау» деген ұйғарымына, Абайдың да кешеден бергі әңгімені екшеп тұжырымдауы үйлесім табады. Ел болашағына аландап, қандай да бір жарқын ұмтылыстарды коштап, қуаттап қолдайтын алғыр ойлы, саналы, сауатты қыздар өсе бастағандығын сезіндіреді.

Абайға әкесі болыстықты ұсынғанда, саналы түрде бас тартады. Мұны ақылға салып шешеді. Өзінің бауыры Құдайбердімен ақылдасады. Құдайберді Абайдың болыстықтан, ұлықтықтан бас тартқанын қалайды. Тәкежанды лайық санайды.

«Құнанбай Абайдың қолынан, молынан келетін жұмыс санап, қайратына сенгенімен, Абай халықты білу үшін адам өзі кәметке жету керектігін, әзір еместігін ал түптің түбінде «халық керегіне жарайтын боп жете қалса және елге білдіреді пайдасы тиеріне көзі жетсе, ол күнде әкесі ұйғармай – ақ өзі сұрануға уағда береді». [40.264].

Абайдың болыстықтан бас тарту себебі осылай пайымдалады. Яғни, Абайға басты парыз – болыстық емес, халықтың мүдде-мақсатына қызмет ету. Сөйтіп өзіне ұсынылған болыстықты қабылдамайды. Біріншіден, «халықты білу үшін кәметке жету керек». Бұл кез-келген, билікке ұмытылатын жасқа қажет. Қазіргі уақытта қандай да бір лауазым, билік ұсынылса ойланбастан

жоғарғы жалақы немесе атақ-дәрежесіне қызығып барып, артынан опық жейтіндер аз ба? Ақын осындай көрсеқызарлықтан сақтандырады. Абайдың ең басты ұстанымы – «халық керегіне жарау және елге пайдасы тиеріне көзі жету». Бұл үшін біраз оқып, біліп, айналасындағы билік иелерінен тәжірибе жинақтап, әбден ел басқаруға қабілет– қарамы жеткенде бақ сынамақ.

Абайдың ақылдылығы, парасаттылығы да осында. Билікті ұсынды екен деп көне салмайды. Білім-білікті, тәжірибе толыстыруды жөн көреді. Авторлық пайымдаудан Абайдың азаматтық ұстанымы, білімділігі, көрегенділігі танылады.

5.3. Елдің елдігі – кемеңгер мүддесінде

Абайдың ерекше бір ерлік ісі – елде жұт жайлап, малшылар қатты қиындық көрген кезде жұртшылықтың ортасынан табылуы. Жазушы оны елдің мұңын мұндаушы, қасірет-қайғысына ортақтасушы жанашыр, қамқоршы тұлғасында даралайды. Тәкежанның шөбіне малы қаптағанда қарсылық көрсеткен Жұмағұлды соққыға жығып айбат көрсеткен оқиға Абай назарынан тыс қалмайды. Ондай қиянат-қорлыққа шыдамаған ақынның азаматтық келбеті еңселене түседі. «Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді».[41.291.]

Абай ел тірлігіне етене араласып, бұрындары көріп-біліп жүрген жұттың қарапайым халыққа қаншалықты қиындық әкелгенін көзбен көріп, көңіліне түйеді. Дәл осы қысталаң шақта азаматтық болмысы жаңа қырынан көрінеді.

«Малдарын күресіп қардың арасына тығып, қоянның кеудесіндей оптың ішін паналаған жандарға жаны ашыды.

Әрбір ауылдың үлкендеріне соңғы рет қайтадан соғып:

– Тоңғандарың мына тұс-тұсындағы ауылдарға барып, жылынып қайтындар. Бір-бір мезгіл ыстық ішіндер. Осы қорықтарда отырған ауылдардың бәрі де ағайын ғой, қумайды. Жасқанбаңдар... – деді» [41. 291.].

Біреу мал қайғысымен арпалысып жатқанда, Абай жан қайғысына түседі. Қолдан келген әрекетін жасайды Осылайша еңбекші елдің қалың ортасынан табылады. Жеке басының атақ-абыройы үшін емес, қара халықтың қамы үшін батыл байламға барады. Бай

ағайындары малының амандығын ойлап жатқанда, ол сол малды жұттан аман сақтауды амалдаған малшылар, койшыларға қандай да бір жәрдемін жасауға жанталасады. Дәркембай, Ерболдар жолға шыққанда, өздеріне мол ғып ет, азық әзірлеуді Ділдаға бұйырады. Ерболдан Тәкежанға «кумасын» – деп сәлем айтып, Дәркембайдың аз ғана малына жайылыс беруін талап етеді. Қалың елге төнген жұттың қасіреті бәріне ортақ. Сондықтан жұдырықтай жұмылып жігер танытуды, бір-біріне көмек қолын созуды талап етумен бірге, сол талаптың орындалу жауапкершілігін мойнына алады. Бірінші кітаптағы жұт лаңына қатысты сюжеттер мен эпизодтарда Абайдың елдің қамын ойлап, қаракет жасаған азаматтық келбетін байқаймыз. Бұл Абай күрескердің, Абай қайраткердің халқының тіршілігіне барынша жақын араласуы ғана емес, оның жоғын жоқтап, мұңын мұндай білгендігін де көрсетеді. Тіпті бай ағайындары арасынан әлдебір теріс әрекетті байқағанда да, айбарлы сөзбен, қайсар мінезбен қарсы шығады.

Қаражанның үйіне келген жалшыларды жолатқысы келмегенде, ашуға басады. Тәкежанның үйіне барып Қаражанға долданып, ақырып: – Ащ қалмақ түгіл, қырылып қал!.. Бересің! Бермей қырыстанып көр осыдан!

Қолынан алатын Тәкежан жоқ. Көзінді ашып қара! – деп жеңгесіне де қатал кесімін білдіреді. Дәркембай бастаған кедей-кепшіктің жалғыз сол үйден емес, басқа үйден де ас ішетінін қатал айтуы да – жұт пен жоқшылық тақсіретін тартқан халқына жаны ашығандық. Осындай батыл әрекеттерімен Абай жалпы жұртшылықты ел басына төнген қасіреттен құтқаруға атсалысады. Абайдың азаматтық тұлғасы осылайша ел басына ауыртпалық түскенде айрықша даралана түсті. Абайды қалың қауымның қасіретін жүрегімен сездіретін, ауыртпалықты аянбай көтере білетін, жанашыр, қамқор, қажымас жас күрескердің болмыс-бітімінде көреміз. Оған осынау қысталаң, қиын уақытта халқының амандығы, денсаулығы қымбат. Тыным таппай, қыстауларды аралап, малшылар жай-күйін көріп, қолдан келген жәрдемін жасауы да парасаттылық болмысын айқындайды.

«Абай жолы» эпопеясында ақын өмір сүрген дәуірдің шындығы бар болмысымен айқын ашылған. Сол замандағы ұрықары, тонаушылық, барымта, кісі өлтіру, бай-болыстардың кедей-кепшікке үстемдігі, жер дауы, жесір дауы, адам еңбегін қорлау,

балалар еңбегін қанау, тұрмыс ауыртпалығы, көрші елдің бір-біріне жасаған қастандықтары, зұлымдықтары, т.б. санамалап шықсақ, қаншама мәселелер қамтылған. Сол заманның рухын шынайы жеткізу үшін де қаншама деректер пайдаланған.

Кітаптың алғашқы бетінен-ақ ел ішіндегі ұрлық мәселесі өткір қозғалған. Оларды таныстыруы да Абайдың заманға, қоғамға көзқарасын қалыптастыру ұғымында берілген.

«Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті, ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті, сарытоқым ұры болған-ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын» [40, 7.].

Жазушы ұрылардың іс-әрекетінен, киімдері мен құрал-жабдықтарынан олардың ел ішінің адамдары екенін аңғарта келіп, оған Абайдың көзқарасын білдіреді.

Бұл заман шындығы Құнанбай болыстығына ғана емес, сол кездегі қазақ даласына да тән еді. Мұны Абай да өлеңдерінде өткір көтерген. Есембайдың жырасында ұры жататынын еске сала келе, жазушы Абайдың балалығы ұстап, ұры болып ойнағысы келетінін нанымды суреттеген. Абайдың шапан-бөркін айналдыра киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алып, ұрыларша даусын танытпай, мыңқылдап сөйлеп Жұмабайдың зәресін алуы автор шешімі ғана емес. Абай заманының елі дүрліккен оқиғаларын естіп, біліп, соны өз ұғымында, әшкерелейді. Әрине, балалық шақта кез-келген жеткіншектің жақсылықтан гөрі жамандықты тез қабылдап, еліктейтіні айқын. Абай әрекетінен айналасындағыларды сақтандыру сезілгенімен, Жұмабайдың зәресін алуымен оған деген іштей қарсылығы аңғарылады.

Романда заманнан заманға жалғасып келе жатқан паракорлық, жемқорлық, ұрлық тәрізді ел өміріндегі кесел – дерттер орынды көтерілген. Сондай бір ел арасындағы бітіспес дау-жанжалға айналған мәселе – барымташылық, тонаушылық, ұрлық. Үшінші томда Әбішпен арадағы дала еңбеккерлерінің тіршілігін қала халқының тірлігімен, салыстыра ой толғап, әңгімелесуден кейін автор осындай бір мәселені көлденең тартады.

Абай отырған үйге Әбіш кіргенде бөтен түсті үш кісінің әкесінің қарсысында отырғаны, төменгі жұпыны киімді жалаң бас кісіні Әбіш шырамытып, танып, ақырын амандасқанын, олардың ұрлық дауымен келуі авторлық баяндауда беріледі.

«Шеттен келген екі кісі Тарбағатайдағы Мұрын екен. Ал мынау төменгі отырған жігіт, осы ел ішіндегі тынымсыз, қаныпезер қатты ұрының бірі» – деп таныстырады. [40. 132]. Мұрынға барып, бір айғыр үйірін, тұтас қуып келген айыпкерді және «ақ адал малының сорабын тауып келген жолаушыларды» да сипаттап кетеді. «Мұның бірі – бурыл сақалдың кішілеу шегір көзді, ер мұрынды салмақты адам. Екіншісі – сорайған, ат жақты, көселеу келген, өткір жүзді, ұзын бойлы қара жігіт». [41. 133].

Әрине ұрланған малдың иелері оны даулап, қайтарып алумен тынбай, мынадай баукеспе ұрыға қатаң тыйым салуын Абайдан күтеді. Малын жоқтаушы екі кісінің шағымы хабарланады: «Олардың айтуынша, дәл осы отырған ұры, ісі Арғын, Наймандағы ең бір барып тұрған қаныпезер баукеспенің өзі. Және екі ел арасын бір осының кеселі сан рет барымтаға түсіріп, шарпыстырып жүр... Тарбағатайдағы Мұрынды, соңғы бес жылдың ішінде үш рет қан қақсатқан. «Осындай иттерге тоқтау болмаса, біз ертең елімізге айтып барайық. Тобықтының бұзаққысына тыйым жоқ. Жалғыз айла, тек қолдасып жылқы алысып, ел шабысқан екен деп, Блмайтын болса, мынадағы малымызды әперіңіз. Мұндайға тыйым салатын сіз ғой, Абай. Арыла келіп отырғанымыз бір сіздің басыңыз! Болмаса өзге көп жуан, мықты дегенді аралап өттік. Алдарына мұңымызды шағып арылып болдық. Тобықтының мынау сықылды сайтанына тыйым салып, ем табылар деген кісіні көрмедім деп, Абайға шегір шал мен шешен жігіт, кезектеп отырып, қатты салмақ салған.» (40.133).

Мұнда ұрының Арғын, Наймандағы қаныпезер, баукеспе екені, екі ел арасын сан рет барымталап, шиеленістіріп жүргені, соңғы бес жылда үш рет қан қақсатқаны сөз болады. Шағымданушылар талабы – малын қайтарып алу. Ал оған Абайдан басқа ешкім көмектесе алмайды. Сенері де, үміттенері де – Абай. Осынау эпизодтан Абайдың алдына кез-келген дау-тартыспен келгендерге қамқорлық ниеті сезіледі. Бұл – өмірлік шындық. М. Әуезов Абай өмірбаяны туралы мақалаларында осындай ерекшелігін көрсетеді.

Паракорлықтың өрістеуі, аға сұлтан, болыстардың ұлық, оязға сөздерін өткізіп, істерін амалдап шешуге түрткі болуы романда заман шындығы ретінде ашылады. Алдымен айтушы ұғымында «ел» деген сөздің сол уақыттағы мәні айқындалады.

«Ербол Балқыбектегі сиязға бұдан бұрын бір барып, аз күн жұрт аңғарын көріп қайтқан-ды. «Ел» деп, бұндайда қалың жиын халықты айтпайды. Атқа мінген, сөз сөйлеген, әмір – құдірет жүргізген болыс, биді және солардың айналасындағы қоршау – қамауды айтады. Балқыбекке қарай келе жатқан жолдың соңғы кезінде Абай мен Ербол өзге топтан кейіндеп, оңашалап қалып, екеуі ғана әңгімелесіп келе жатыр еді. Жанағы Құнанбай балалары турасындағы, жұрт аузындағы аңызды солай қып айтқан Ербол болатын. «Ел мінезін, жұрт сұрқын жақтыртпадым» деп, атқа мінер атаулыны сынап шенеген де Ербол еді». [41]

Балқыбектегі болыс сайлайтын съезге барып қайтқан Ербол біраз жайды көкейіне түйіп қайтады. Ондағы аз ғана топтың «ел» атын өз мақсаттарына пайдалануына көз жеткізеді. Ербол ұғымында «ел – атқа мінген, сөз сөйлеген, әмір-құдірет жүргізген болыс биді жақтайтын және солардың айналасындағы қоршау – қамау». Осындағы қос сөз түріндегі тіркес көңіл аудартады. Жазушы әмір-құдіретті неге алып отыр? Бұл – аз ел атын иеленіп, сол елге зорлық, қорлығын көрсетіп, бас пайдасын ғана ойлайтын, Құдайдан қорықпайтын зұлым топтар. «Қоршау – қамау» – солардың сойылын соғып, «барып кел, шауып – келмен жүрген» ұрдажық ұсақ тобыр. Ерболдың сол съезден «ел мінезін, жұрт сұрқын жақтырмауы да» билік иелерінің арам пиғылдары үшін бәріне баратыны түсіндіріледі. «Құнанбай балалары турасындағы жұрт аузындағы аңызды солай қып айту» нені аңғартады. Бұл олардың халықтың қолдаушысы, қамқоры екені, білімділігі, елге пайдасын тигізуі т.с.с. Автор мұны толық баяндамаған. Оқырман түсінігіне қалдырған. Ерболдың атқамінер атаулыны сынап, шенеуі де дәл осы паракорлық, жемқорлықтан туындағаны анық.

– Бәрінен жексұрыны – осы күнде не көп, пара мен жем көп. Не деген көмейлер, жемсаулар екенін білмеймін! «Түйені түгімен жұтады» деген, о бір сыпайы обырлық екен. Айғыр үйірлеп жылқы, жүздеп қой, матауымен түйе әкеліп жатқан дауларды да естідім. Онан соң қаланың ұлығы, начальнигі де, Құдай ұрып бадырайтып тұрып жейді екен. Осы жолғы Тәкежан Шұбардың

болыстығын, Қызыл Молаға Казанцев келісімен Ысқақ әзірлеген тәрізді. Жиырма жылқының ұзын ырғасын Казанцевке бір өзі өткізіпті дейді. Соның салдары болуы керек, Казанцев Тобықты шетіне ілінер – ілінбестен Тәкежанды аузынан тастамапты. Сүйтіп начальникке берген параның орайын, осы күнде болыстарың оң мен солдан қатар сыпалап, борсықтай сорып жатыр. Қызара бөртіп, жонданып алған. [41]

Ербол елді паракорлық пен жемқорлық жайлап кеткенін ашына айтады. Ол мұның көптігін ең жексұрын нәрсе деп түсінеді. Ол «түйені түгімен жұтуды» сыпайы обырлыққа балайды. Көмейлер мен жемсаулардың үйірлеп жылқы, жүздеп қой, матауымен түйе әкеп, дауларын шешіп қайтатынын, қаланың ұлы начальнигі де құдай ұрып көздібадырайтып тұрып жейтінін де Абайға түңіле әңгімелейді. Казанцевтің кім мол пара берсе, соның сөзін сөйлеп, қолдайтынын да айтып салады. Ал, ұлыққа, начальникке берген параның орнын болыстар оң-солынан толтырып алатыны, жұртты борсықтай соратыны ащы шындық. Болыстардың озбырлығын, жемқорлығын, паракорлығын, тойымсыздығын, аждаһадай аранын аяусыз сынайды. Олардың «қызара бөртіп, жонданып алуы да» – параға белшесінен батқан, құныққан құлқынын аңғартады. Осының бәрін Ербол аузынан естіген Абай егжей -тегжейіне жеткісі келеді. Көкейін мазалаған сауалдарын қояды. Абайдың ұялып, қысылуы да мынадай жайсыз көріністі өз ой–түйсігінде талқылап, жаны жай таппауында. Ол тіпті өз жұрты емес, сапарлап, ел аралап келген Шөже ақыннан да қысылады.

«Не деген ұят!» деп, Абай көңілі әсіресе Шөжеден ұялғандай болды. Жүргіншілер тағы да соқтырып, жүріп кетті. Абай желіп келеді. Бүгін бұлар Қарашоқыдағы Күнкенің ауылына да жетпек. Туған-туысқан баршасын осы кеште көреді. Бірақ көптен асықтырған сағыныштың өзі де Абайдың жаңағы ауыр сезімін айықтыра алмады». [41. 101].

Авторлық баяндаудан Абайдың көңілін әңгіменің мән жайы жиі мазалағаны байқалады. Жүргіншілер соқтырып жүріп кеткеннен кейін, Абайдың желіп жүруі әлдебір ойдың жандүниесін мазалауын аңғартады. Қарашоқыдағы Күнке ауылына жиналатын туған-туысқан, ағайынға асықпау себебін айтушы түсіндіреді. «Көптен асықтырған сағыныштың өзі де Абайдың жанындағы ауыр сезімін айықтыра алмады». Абай жанындағы ауыр сезім не? Ол – ел-

ді жайлаған паракорлық. Жас та болса, өмірден көрген-түйгені бар Абайға түсініксіз әрі санасын шырмаған сұркия көрініс.

Әлеуметтік өмірдің аса бір шиеленісті мәселесі – паракорлық. Ұлықтар мен жергілікті бай-болыстар, атқамінерлер арасында кезекті сайлау барысында, партияға бөлініп, жік-жік болуы аздай, ұлыққа сөзін өткізіп, билік тізгінін ұстауға талас романда тартысты сюжеттерді құрайды. Тіпті пара беру, алу – сол заманның ел билеудегі бұлжымас заңы тәрізденеді. Осыған байланысты бір отырыста Алшынбайдың «Пара деген бір сәрі ғой. Пара жемейтін ұлық бар ма тәйірі? Оң-солынан қабат алып, қабат қылғытып та қыбын тауып жүрмей ме?» деген сөзі – сол заманның бұлтартпас шындығы. Эпопеяның бір ерекшелігі ел арасына дендеп жайылған ұрлық, барымтамен бірге, паракорлықты өткір көрсетуі. Шығармада пара берудің түрлі жолдары және онсыз кез-келген істі шешудің қиындығы да сол кезеңнің кеселді көрінісі болып сипатталады. Кейде тіпті бүгінгі уақытта айнымай қайталанып жатқандығын сезінесіз. М. Әуезов осынау заманның зиянды жақтарын өткір көрсетуімен ащы сабақ алуға шақырғандай.

Тіпті ұлыққа, генерал-губернаторға кіру үшін де стражниктерге ақша беру де – сол замандағы шындық. Әсіресе болыстыққа сайлану кезінде партия болып жік-жікке бөлінуден бөлек, ұлыққа жағыну, мал-мүлікпен, ақшалай, басқа да қымбат зат-бұйымдармен паралау арқылы дегеніне жеткен пысықайлардың қара пиғылдары мен жауыздықтарын өткір әшкерлейді. Осыған байланысты руаралық кикілжіңдер мен қақтығыстарды да ашып көрсетеді.

Жазушы паракорлық сөзінің мән -мағынасын, себеп –салдарын сонау замандардан іздейді. «Паракорлық – кітап айтатын күнәнің үлкені... Паракорлық бұрынғы Кенгірбай сияқты атакты бидің де сүйегіне басылған таңба еді. Өшпес міні, кешпес сұмдығы сол болатын. Ол әсіресе қысылған жандардан, жазықсыз жұрттан түсетін жем. Көпшілікке айтқызсаң, Барлас, Шөжелерге айтқызсаң – ол ең бір кешірілмейтін күнә... Абырой, атак әперіп отырған «құдай үнінің» өзі де көптен – көп малдан салынбады ма екен?...». [41.101].

Бұрыннан бастау алғанын түсіндіреді. «Паракорлық – кітап айтатын күнәнің үлкені», біріншіден, жазушы мұнда әлдебір әде-

би немесе ғылыми кітапты айтпаған. Ойын жұмбақтап, астарлап жеткізген. Оның Қасиетті Құран аяттарында қайталанып айтылатыны, адамдарды бұзатын жағымсыз, жат нәрсе екені тұспалданған.

«Абай жолы» эпопеясы – Абайдың азаматтық, ақындық жолын суреттеуден бөлек, дарын-талантының шыңдалып, өскен, өрлеу белестерін де қамтыды. Абай – заманының күрескер тұлғасы. Ол айналасындағы жауыздық, аярлық, зұлымдық, қатыгездікпен батыл күреседі. Ең бастысы сауатсыздықпен, надандықпен, бай-болыстардың озбырлығымен ғана емес, орыс патшалығының, отарлық саясатымен күрес те астарлы берілген. Байыптап мазмұнын оқып, түсінсеңіз тәуелсіздік мұраты жолындағы ақынның күрескерлік болмысы ел мүддесіндегі әрбір істен шырыға түседі. Базаралы ісіне қатысты дауда Оразбай белсене араласып, Тәкежан болыстың бас араздықпен қисынсыз күйдіргені отырғанына наразылығы Абайға да ұнайды. Оразбайдың әрекеті, ояздың ояр, озбыр сөздеріне қайтарған ашу-ызасы іспетті, Абайдың бұл келісін Базаралы ерлікке балайды. Ақынның ойы – бұдан да әріректе – уездік бастыққа тікелей жолығу. Осы әрекет шығармада авторлық баяндаумен әрі диалогпен ұтымды берілген. Алдымен Абай Оразбайдың сөзін тілмаш қалай аударар екен деп көңіл аударуы да, осындай кесімді ойды кейде тілмаштардың бұрмалап тәржімелеп, ояздардың ығына жығылудан қауіптену аңғарылады. Тіпті, екі жақтағы күзетшілер Абайға қатты зекіп, ішіне кіргізбеуге тыйым салғанда да, абыржымайды.

Округ соты патша заңы бойынша бұрын төленген қалың малын даулап, Мәкенді зорлықпен алам деген Шалқар ұлы Дайырдың талабын теріске шығарып, қыз басына азаттық берген сюжетте сот пен қыздың сұрақ-жауабында Мәкеннің білімділігі, алғырлығы байқалып отырады. Осының бәріне де Абайдың ақыл-кеңесінің ықпалы тигені айқын.

Жазушы Абайдың Мәкен ісіне араласып, соттан оның басын арашалап, бас бостандығын беруіне көмектесуімен азаматтық болмысын биікке көтереді. Романда бұл авторлық баяндаумен әсерлі сипатталады.

«Қазіргі сәтте Абайдың ажарындағы ызғарлық оны жасартып, өзгеше бір жадыратқандай. Жүзінде күлкі ірені ағарғандай. Күйіс кеткен қас-қабағы жоғары көтеріле керіле түсіпті. Екі көзінің

айналасында нұрлана біткен, өзгеше бір сәуле бардай. Шат, игі сәуле! Қарасынан ағы молая түскен мұрт, сакалы едәуір егде жасты байқатса да, Абайдың езуіндегі күлкі, аксиған сұлу аппак қатар кесек тістері онын жасын да ұмыттырғандай. Қасындағы Кәкітайды, Дәрменді екі жақ қолтығына ала құшақтай түсіп, сот үйінен шыққанда, Абай өзгеше өркештеніп сонша бір кең тыныс алып, шоқтығы аса шықты» [41. 399.].

Психологиялық баяндаудан Абайдың мерейі үстем болғанын сезінеміз. Абайдың ажарындағы ызғарлық пен күлкі іренінің ағаруы да сот шешіміне ғана қатысты емес, Мәкеннің тағдыры жауапты шақта ақылдылығы мен алғырлығын танытуы. Жазушы Абайдың көңіл қуанышын, ішкі сезім сипатын екі көзінің айналасында нұрлана біткен «өзгеше бір сәуле, шат игі сәулемен» астастырады.

Адамға жақсылық жасаудан асқан бақыт жоқ. Мұнда автор Мәкеннің қандай сезімге бөленгенін сипаттаудан гөрі, осынау қиын істе жанына жанашыр, ақылшы Абайдың жан-дүниесінің жарқын шағын ерекшелейді. Абайдың езуіндегі күлкісінің, аңсаған сұлу аппак қатар кесек тістерінің аксиуы да, жасын ұмыттырғандай сезім дарытуы да даулы істің оңынан шешілуін аңғартады. Адам адамға жақсылығымен, қайырым-қамқорлығымен бір жасап, жадырап қалады.

Абайдың арқасынан үлкен бір жүк түскендей жеңілденіп қуанған шағы психологиялық суреттемеде берілген. Абайдың сот үстінен өзгеше өркештеніп, кең тыныс алып, көңілденіп шығуы да азаматтық болмысын биіктеді. Бұл – көңіл мейрамы.

Абайға деген елдің құрметі, ықыласы да оның сүйсіне тындайтын жырлары мен әндеріне ғана қатысты емес. Ел асыл ұлының азаматтық асыл істеріне де қанығады. Абай – халық қамқоры, қолдаушысы. Осылайша ол елдік мүдде-мақсат жолындағы жігерлі күрескер, қайраткер бітімінде де тұлғалана түседі. Мұны Дәркембай тәрізді ел ақсақалдары да құптап, қолдап, қошеметтейді.

Дәркембай аузынан қазақ баласы айтпағанды сен айтарсың, Абай!.. Асылым!.. Шөлімдегі жалғыз алтын терегім. Шөлден шүлен боп туған сергегім! –айтылған лебізді тілектер Абайға деген зор ықыласты айқын танытады. [40.587].

Абай тұлғасының шөлдегі жалғыз алтын терекке балануы халық сенімі мен үмітіне ие болуының белгісі әрі елінің тірегі, кө-

семіндей көретіндігі сезіледі. «Шөлден шүлен боп туған сергек» деп дәріптелуі де ақын, азаматтың қалың елінің арқа сүйер ағасы, жанашыр, мейірбан панасы болуының айғағы. Дәркембайдың ағынан жарылған ризашылық рауаны жалпы жұрттың көкейіне күндей ұялаған құрмет лебізі.

Тарихи шығармада белгілі бір дәуірдегі елдің өмірі мен тұрмысы, жағдайы, қоғамдық, элеуметтік өзгерістері, халықтың сүйініш-күйініші, тағдыр-ғалайы бейнеленді. Жазушы өткен дәуірлердің аясында қалмай, кейін көкейіндегі көптен сақталған ұлт тағдырына, қатысты ащы шындықты кейіпкер аузына салады. Не болмаса айтушы баяндауымен астарлап жеткізеді. Абай өз заманынан озық туған тарлан тұлға. Әрине алдағы ғасырларды көрегендікпен болжағандай, бүгінгі тірлігімізде пайдаға асатын, талай уақыттарда алдыдан оралып отыратын, еріксіз жүгіндіретін, небір ғаламат ойларын қалдырып кетті. М.Әуезов «Абай жолы» романын ұлы ақын өмір сүрген кезеңдердің тасасында қалдырған жоқ, бүгінді және болашақты болжағандай қаншама кемел ойларын шым–шымдап жеткізді. Сөзді сүзгіден өткізгендей сақ қарайтын кеңестік идеология замаында тұспалдап, астарлап аңдатты.

Романда Абай – ақын ғана емес, қалың елінің жайын ойлайтын қамқоры, жанашыры, абыройлы да ардақты азаматы. Сол кезеңдегі сан алуан күрделі жағдайлар мен тартысты оқиғалар ауқымында бейнелеген. Жастар жырын тыңдап, кітаптан оқыған әңгімесінің әсеріне қанықса, алдына келген ел адамдары, малшылары, жалшы-жақыбайлары ақыл сұрап, білімі мен парасаттылығына жүгінеді. Жазушы мұны әрбір эпизодта, сюжетте айқындап көрсетеді.

Әлмағамбеттің Мәкен сот есігіне кіргенде «Жасқанба, жалтақтама, Мәкен! Жокшың қасында, Абай ағаң да осында» – деп оның сеніммен айтуы да Абайдың халық арасындағы беделін көрсетеді. Абай бұған дейін де ел азаматтарының басына іс түскенде, бірде сөзімен демеу берсе, енді бірде іске өзі тікелей араласып, жанашырлық кейпін танытады. Әлмағамбеттің Мәкенге Абайға арқа сүйетіп ештеңеден қорықпай, қаймықпай, батыл жауап беруге шақыруы да оған деген зор сенімі.

Сот Мәкеннен Дәрменге қашан көңіл қосқанын, Дайырдан неге қашқанын нықтап сұрағанда, Мәкен аз сөзбен өте орнықты жауап береді. Өйткені Абайды медет тұтады.

Халық Абайымен арқаланады, Абайына үміт артады. Сенеді. Қандай іс болса да, оның тікелей араласуымен шешілерін біледі.

«Бірақ Абайдың орталық үйге бас сұға беруі-ақ сол еді. Оразбайдың жаңағы жауабын түгел естіп болған ояз ақырып, әмір етті. Базаралыны нұсқап, бұйрық беріп тұр. Екі стражник Базаралыны иығынан жұлқып жіберіп, шалқасынан бір түсіріп, сәтте етпегінен салып, қамшымен тартып-тартып жіберді. Абай осыны көре сала ақырып, айғай салып:

– Постой! Не смей! – деп қалып еді. Үйдің іші апыр-топыр. Орнынан жыландай ысқырып, атып тұрған ояз Абайға тақай бере:

– Сен кім? Сені кім шақырды? – деп қалды.

Ұзын мұрты қалтырап, көзі жиреніш отын шашып, Абайға тақап кеп, тік қарап тұр. Абай бойы ояз бойынан биік еді. Қаны қашқан, ызалы жүзі бар, екі көзі қанталап, ұлыққа жоғарыдан төмен шаншыла қарайды. Айыптап, кінәлағандай боп, қатты жауап берді.

– Ақырмаңыз! Мені жиылып тұрған халық жіберді! Токтатыңыз қазір, мынау бассыздықты!

Ояз ызадан қайнап кетіп, жаңа Абай араласқанда қамшыларын көтеріп тоқтап қалған стражниктерге «Сок!» деп қайта бұйрық етті де, Абайға саусағымен көзге шұқығандай нұсқады. Асқақ, ашулы ұлық оған да ақырып:

– Сені абақтыға жапқызамын! – деді» [41].

Оразбай жауабына ақырып әмір етуі. Базаралыны дүрелеп соғуға екі стражникке бұйрық беруі шектен шыққан әрекет. Байлаулы Базаралыны көзінше шалқасынан түсіріп, қамшымен сабай бастауы ақын жанына қатты батады. Елінің сыйлы азаматтарын істің анық-қанығына жетпей, бір сөзге бола сокқыға жығу Абайды ашуландырып, тоқтатуға мәжбүрлейді. Абайдың сабырлылығы, салмақтылығы, парасаттылығы, білімділігі – өзін халық атынан келгендігін, қалың бұқараның өкілі екендігін көрсетугінде. Ояздың озбырлығы, жауыздығы – Базаралыны соғуды тоқтатқан стражниктерге қайта бұйырып ұруды жалғастыруы ғана емес, Абайға өктемдік етуі.

Абайдың ұлықтардың зұлымдығына қарсы тұруы да көкірегінде көптен бері жиналған ашу-ызаның ызғары болатын. Ол ұлықтардың қарапайым халықты қорлауынан жергілікті бай, болыстардың жауыздығы мен қатыгездігін көріп, біліп, көкірегіне

сыйғыза алмаған жеккөрушілік сезімнен туындаған. Ел ішіндегі әділетсіздіктің, паракорлықтың, ынсапсыздықтың күшейіп кетуі Базаралыларды қарсы әрекет жасауға итермелегенін де біледі. Өзі де солардың тілекшісі, тілеулесі, ниеттесі.

«Абайдың «Ұрма! Тиме, тарт қолыңды!» деген қарсы айғайын елеген де, ұққан да жоқ. Базаралы үстіне қамшы жауып қалды. Енді ұлық Жиренше, Асылбектерге де, оқшау отырған Оразбайға да дүре соқпақ. Қолын қайта нұсқап, қасына жиылып қалған төрт-бес стражникке:

– Жиырма бес қамшы, отыз қамшы! Елу қамшы! – деп, ең соңғыны Базаралыға кесті. Абай дәл осы шақта жанып тұрған отқа түскендей. Көз жұмған өжет ерлікке басып еді. Енді ашу емес, ызасы күшті, тартыс қаны қайнағандай. Ұлыққа қарап:

– Енді бар нәрсеге сен жауап бересің! Помни, сам виноват! – деп есікке қарай ұмтыла берді. Ербол мен Абылғазыға айғай салып, катал әмір етті:

– Ұмтыл, қаптал елді! Ойран ет! – деп, есіктен өзі де жүгіре шықты. Тыстағы Дәркембайлар әлдеқайдан қысқа шокпар, дырау қамшылар тауып ап сақадай сайланып та қалған екен. Абай шыға бере:

– Құлат! Ойран ет! Талқанда, мынау үйлерін! – деуі-ақ мұң екен. Айналада сіресіп тұрған ел Дәркембайдың: «Қыр-жой!» деген жалғыз айғайымен үш үйдің үшеуіне де қамшы, шокпар ұрып, тозанын аспанға шығарды. Төрелер өз бастарына тиіп жатқан ызғарлы жаза соққысын көргендей. Ояз Жиренше, Асылбектерді ұр дегенмен, стражниктер оларға ұмтылған шақта, ауыз үйдегі чиновник Лосовский ақыра жүгіріп келген» [41].

Базаралыға дүре соғуға әмір берген ұлық Жиренше, Асылбектерді де стражниктерге қамшымен ұрғызбақ болғанда, мынадай жауыздыққа, каталдыққа Абай шыдай алмайды. Ол елді басынып отырған патша әкімшілігінің осынау озбырлығына аянбай қарсы тұрады. Елдегі бас көтерер азаматтарды қаралап жатқанына ары да, жаны да төзбейді. Абайдың осы тұста халқының тағдырына араша түскен, елі үшін етжүрегін берген елдік болмыс-бітімі өзгеше қырынан, батылдық пен өжеттілік ұғымында көрінеді.

«Ояздың бетіне бетін тақап, түгін атып, түкірігін шаша, қатты сөйлеген. Үй ортасындағы столды кен алақанымен сарт еткізіп ұрып қап:

– Жетті бассыздық! Доғарыңыз дереу! Сіз енді қайтып түзелмес кате еттіңіз! Тыйыңыз дүрені, шапшаң! – деп еді.

Чиновник Абайдың қандай ызамен қайнап кеткенін, қандай өрт қимылға бекінгенін жаңағы шыққан айғайлы жүзден анық танып кеп, осыны істеген-ді. Лосовскийдің әмірінен соң, үй іші аз уақыт жым-жырт еді. Көтерілген қамшылар да Жиренше, Асылбек, Базаралыға соғылудан тыйылып, бата алмаған қапында, асылып тұрып қалған». [41, 162.]

Абай алғаш «Ұрма! Тиме, тарт қолыңды!» деп айқайлап қарсылық білдіргенімен, оны елеп, ескермеген ұлықтар Базаралыны қамшымен сабап, тіпті 25, одан елу деп әмір бергеніне ғана емес, Жиренше, Асылбектерге де сілтемек пиғылын сезіп, батыл әрекетке бел буады. Абайдың осы бір қайсарлығы «Көз жұмған өжет ерлікке» балаңған. «Жанып тұрған отқа түсуі де!» – қалың елінің қолдаушысы, қамқоры болмысын байқатады. Абайдың тағы бір батылдығы – ұлықтардың кінәсін бетіне басып, жауапкершілікті мойнына жүктеуі. Ол елінің бетке ұстар азаматтарын қорлауына шыдамай, тәуекел деп бағытынан қайтпайды. Оның «Ұмтыл, қаптал елді! Ойран ет!» – деп Ербол мен Абылғазыға әмір етуі де зұлымдыққа деген өшпенділік ғана емес, қайнаған кек қуаты. Жалпақ жұрттың жұмыла жұдырық болып, ояз озбырлығына қарсы шығуының себебі Базаралының көз алдында дүрелеуін, ұлықтарға деген ашу-ыза, қайнаған қанның жойқын әрекеті. Бұл Абайдың әмірінен соң, тіпті үдеп, күшейе түскен еді.

«Барлық үйге сатырлап тиген қамшы-шоқпар уық-керегені шатырлата сындырып барады. Ұлықтар басындағы жұқа баспананы ышқына соққан халық ашуы жапырып, қиратып келе жатыр. Есі енді кіре бастаған урядник ең алдымен мылтығын суырып ап шаңыраққа атты. Осының жолымен тағы бірнеше стражник мылтығын атып қалып еді. Ояз оларға енді ақырып: «Тоқтат!», «Атпа!» деп әмір берді. Сырттағы жұрттың ішінде мылтық үнінен серпіліп, секіре кейін шыққан бірер шалдар болса да, көпшілік үш үйді сығымдаған шенгелінен шығармай тұрған. Ұлықтың үй ішінен ақырып: «Мылтық атпа! Тоқтат!» деген әмірін сыртта анық аңғарған Абай бар елге қатты айғайымен белгі берді:

– Сескенбеңдер! Енді ата алмайды!-деп жар салды.

Сол арада Ербол, Абылғазы, Дәркембайлардың үндері саналы ызамен екіленіп, бірлесе шықты:

– Құлат, мынау үйлерді! Жык! Домалат! Ал жұлып, баспанасын! – десті. Ауыздағы үйдің сол жақ қанатына барлық ел қаптап кеп иін тіресе, жабыла тұра қалды. Бұл қимылдың алдында жүрген көбінше жатақтар. Солар тобы қалың күшпен еңсере қайрат еткенде, ауыз үйдің уық-керегесі шықырлай сынды, сығылысып, ішке қарай жапырылды. Қабысып-қабысып барды да, ақыры шарт етіп құлап кетті» [41. 163.].

Ел азаматтарының патша әміршілеріне қарсы көзсіз әрекетін автор жай бас көтеру, ереуіл ғана емес, ызалы халық толқынын шарпыған қуатты қарсылық сипатында баяндайды. Бір ерекшелігі – осынау ашу-ызалы топтың жігерін жанып, қайратына қайрат қосқан Абайдың өжет те өткір әмірі, жарқын сөздері ғана емес, қарсылықтың бар салмағын өзіне аударып, түбі бір жамандыққа апаратын халық наразылығына басшылық етуі. Халықтың қолына қамшы, шоқпар алуы да қарулы көтерілістің бастапқы нышаны тәрізденеді. Урядниктің шаңыраққа мылтық атуы – дәрменсіздіктен, қауіптің қатерге ұласуынан сескенгендік. Стражниктердің мылтық атуына тиым салған ояз мына ашулы, қатал топтың біреуін оқ жазым етсе, аямасын сезіп қауіптенеді. Ұлықтың үй ішінен «Мылтық атпа! Тоқтат!» – деген әміріне Абай селт етпейді «Сескенбеңдер енді ата алмайды!» деп жар салуы – тиянақ таппайтын, тоқтамға келмейтін қайсарлықтың ызалы толқыны. Не де болса, ақырына дейін көрейік деген берік байлам бар. Сондықтан да Абайды ес көрген, демеу тұтқан халыққа оның әр сөзі жаңа әрекетке бастайтын бағыт-бағдардай көрінеді. Халықтың бас көтеруін де Абай – ақыл-ойы мен жүрегі, намысы мен қайрат-жігері ұғымында бейнеленген. Сондықтан да Ербол, Абылғазы, Дәркембайлардың екілене үйлерді құлатып, жығуы, шаңырағын ортасына түсіруі де, енді ештеңеден тайынбай, осынау әрекетті бір жаққа шығару ниетін байқатады. «Ауыз үйдің уық-керегесінің шықырлап сынып, қабысып барып, ақыры шарт етіп құлауы да» – патша үстемдігінің, отарлық үкіметтің құлап, қирауының алғашқы белгісі іспетті. Жатақтардың жаппай жабылған осынау қам-қаракетінің нысаны да патшалық билікке қарсылық әрі қарапайым халықтың алғашқы батыл бас көтеруін сездірткендей. Алайда ызалы қалың қауымды бір тоқтатса, Абай тоқтатары анық. Абай да мынау өршіген өрттей өшігіп, ерегіскен, екіленген жұрттың ен-

ді беті оңайлықпен қайтпасын біліп, осы бір саналы әрекет соңының жақсылыққа апармасын сезсе де, тоқтатуға асықпайды. Сондықтан ол ашулы топтың басы мен көзінде бар жайды бақылап қана қоймай, жұдырықтай жұмылған жұрттың бас көтеруін ақырына жеткізуге құлшынған сыңайлы.

Егер Базарбайларға болысқанын білдірсе, ақынды қалай айыптаудың амалын таппай тұрған ұлықтарға дайын дәлел болып табылатынын түйсінеді. Осының алдын аңдаған ақын батыл әрекетінің бар салмағы өзіне түсіп отырғанын әрі одан оңайлықпен құтылмасын сезгендіктен де, әр жауабының астарында өз тағдыры тұрғанын байыптап, Оразбайлар жағына бұра тартуы да әлсіздік, дәрменсіздік емес, қатерлі қауіптің аз да болса бағытын өзгерту амалы және кінәнің түпнегізін Кошкинге қарай біржолата бұру болатын. Табанды тұлға «Ондай оязды ел қадірлеуге міндетті емес» – деп тентек ояздың теріс қылығын бетіне басып, осынау халық наразылығының басты себепшісі де, солардың сорақы, қатыгез әрекеті екенін әшкерелейді.

«Алғаш Абайға келіп, ауылда болған халді білген сағатында Андреев

– Құтырып барған ұлықты соншалықты масқаралап, абыройсыз етуіңіз осал іс емес. Ол – әділ ашудың ісі. Бірақ бұл сіздің азаматтық бағаңызды ұлғайтқанымен, заң алдында әкімдердің ызасын келтіретін іс. Рұқсат етілмеген тентек, сотқар ашу! – деген.

Андреев осы жөнінде Абайға сөйлесуден бұрын, өзінің жақын таныс адамы Лосовскиймен де көп әңгімелесіп, барлық жайды біліп келген. Лосовский Андреевке Тентек ояз істерін мазактап, күлкі етіп айтатын. Ол Абайдың мінездерін намыскерлік деп бағалаған» [41. 167].

Абай – қалың елдің қайғы-мұңынан арылтушы, жоғын жоқтаушы, данасы да, панасы да.

Абайдың осы бір ерекшелігін амалсыз мойындаған Лосовский амалдап колдау білдіргісі де келеді.

– Сіздікі дұрыс. Сіздер ғана емес, ретті әкімшілік үшін де ренжірлік, топастық бар. Самодурство! – деді. Соңғы сөзін қып-қызыл боп, ашумен айтты.

Лосовский әкімшілікті сынап, ояздың өрескел озбыр әрекетін топастық, ақымақтық деп біледі. Әкімшіліктің қатардағы қызметкерлеріне қыр көрсеткендей болуы, Абайға ілтипат танытуы

да – оның білімін, адамгершілік болмысын, ел қамын ойлайтын жанашырлық ниетін білгендігі.

Абайдың ел ағаларын және бас көтерер азаматтарын тентек ояздың дүрелеп, соккылауына қарсы сазайын тартқызып эрекеті ұлықтар тарапынан осылай бағаланады. Андреевтің сөзінен бір жағы халық қарсылығынан ығып қалғаны байқалады. Алайда, билік қолында тұрғандықтан, қорқытып, сес көрсеткені де сезіледі. Абайды тергеуге жандарал кенесіне екі стражниктің алып келуі, Андреевке қарсы жақ шеттегі орындыққа отырған Лосовскииді байқамағанын баяндай келіп, айтушы тентек ояздың келуіне назар аудартады.

Ералыға барған шенді төренің суық түсі мен қыңыр кейпін көрсетіп кіруінен бөлек, тәкаппар жүзділігі, үй ішінде аяғын қатты басуы да ұлықтың қаталдығы мен өктемдігі, ешкімді де аямайтынын, зұлымдықтан тайынбайтынын танытады. Мұның бәрі Абайды ықтыра да, бұқтыра да алмайды. Тентек ояз Абай жауабында бір өзгеріс болар деп күтеді. Алайда мұны оның ойлағанындай емес, қайта керісінше Абайдың шындықты шырыға айтуымен тартысты жалғастырады.

«Жауапкер Ералыда болған халді түгелімен шолды. Тентек ояздың елді қорлаған, заңға қарсы қаракетін айтты. Дүре соғып, камшы жұмсағанын да іріккен жоқ. Тек іштей ойлаған тәсілмен, Абай енді Базаралыға болысканын айтқан жоқ. Оны әдейі ірікті де, өзін Оразбайлар үшін, қызмет адамдары үшін намыстанған кісі қып көрсетті. Үкіметтің өзі елмен бірге сайлап бекіткен «халық билерін» – Оразбайларды Кошкиннің ел көзінше дүрелеп сабағанын баса айтты. Барлық әлек содан болды деп баян етті. «Ондай оязды ел қадірлеуге міндетті емес еді...» [41. 177].

Абайдың Ералыдағы оқиғаның тентек ояздың кінәсінен болғанын, өте сақ, ұқыпты жеткізуі де заңды жақсы білетіндігін көрсетеді. Оразбайды Кошкиннің дүрелеп соғуын баса айтуы да халқының басқаруға сеніп, бекіткен ел ағаларын қорлау екенін айла-амалмен білдіреді. Базарбайлар үшін емес, Оразбайлар үшін намысқа тырысып осындай әрекетке барғанын әдейі айтуы да – төніп тұрған қауіп бұлтын сейілту.

Роман-эпопеядағы ең бір ауыр сюжет – Абайдың сокқыға ұшырауы. Оқиға – арадағы ағайын араздығының салдары. Абай Сәменнің Көкше, Манайға жасаған адам түршігер қорлығына

шыдамай батыл әрекетке кіріседі. Кезекті сайлауда Сәмен мен Әзімбайдай «Жеміт болыстарды орнынан түсіртіп» аз да болса, жұрт басына жеңілдік әпермек ниетімен Көшбикедегі сайлауға Кәкітай екеуі және жол-жөнекей сапарлас адамдармен келіп жетеді. Сайлауға жаңа келген оязға жолығарда түскен үйдегі сусын берген күтушілер Сәменнің жігіттері болып шығады. Абайдың оязға бармақ байлауын естіп, сырттағы бір адамына Сәменге тез айтуды тапсырады. Ұлыққа бір кірсе, Абайдың қандай да бір өзгеріс жасайтынын ұғынған зұлым Сәмен енді қандай бір әрекет жасамаса қапы қаларын біледі. Не істемек? Мұны алдағы эпизодтан анық көз жеткіземіз.

«Абай отырған үйге көрші үйлерде тығылып сайланып отырған, қандарын ішіне тартқан елу-алпыс атқамінер бар екен. Солардың тап алдына Сәмен түсіп алыпты. Бәрінің қолында қамшы ғана емес. Кейбіреулерінде қолшоқпар, тағы біреулерінің сапысы да бар. Абай отырған үйге осы топ беттей бергенде Есентай тап беріп Сәменді сәл тоқтатып қалды да, өз бойымен топтан тасалай шеттете берді. Бітік көздерін бұл жерде айқындап аша түсіп, тұқыра қарады.

– Сәмен, қол батыр болмай, жүрек батыл болмас... – деп, Сәменнің қолындағы жіңішке қамшыны алды да, өзінің сегіз өрме, бұзау тіс дырау қамшысын ұстатты.

– Еттен өтіп, сүйекке жеткен ызамыз бар-ды. Тапсырдым, Жөкең аруағына? Аяма да... Аянба!.. – деп Сәменді сөйлетпей жөнелтіп жіберді.

Өзәзіл қан тілегенін танытып қалды. Абайдың үстіне есікті шалқасынан аштырып, аттап, екпіндеп Сәмен кіргенде, қалған он-он бес кісі қатарынан қаруларын жасырмай иін тіресе, сұғына берді. Сәл сескеніп, үнсіз қарап қалған Абайға Сәмен тура басып, адымдап кеп, қатты сұмдық бір боқтық айтты. «Соңымнан қаласың ба, жоқпысың!» деп қамшымен бастан тартып жіберді» [41. 493.]

Елу-алпыс атқамінерді бастап жүрген Сәмен ештеңеден тайынбастан, зұлымдық пиғылын жүзеге асыруға жанталасады. Өлгі тобырдың қолдарына қамшы, тіпті кейбіреулері қолшоқпар, сапы алуы да – Абайға қарсы жасалар жамандық хабары. Сәменге сегіз өрме бұзау тіс қамшысын тапсырған Есентай да «Қол батыр болмай, жүрек батыл болмас» деп еттен өткен, сүйекке жеткен

ызасын алуға қайрауы да – жауыздыққа жанын салған берік байламы. Оның үстіне аруаққа тапсырып «Аяма да... Аянба!» – деп Сәменнің сөйлеуге мұршасын келтірмей, жеделдете аттандыруы да басқа амал жоқтығын аңғартады.

Жауыздық, зұлымдыққа еш бөгет жоқ. Арам ниет ойдағы жауыздығын істеп бір-ақ тынады. Эпизодта Абайдың үстіне Сәменнің есікті шалқасынан аштырып тура басып адымдап аттап екпіндеп кіріп келіп, қатты бір сұмдық боқтық айтуы да қатыгез, залымдығын білдіреді. Жазушы суреттеуіндегі оның әр кимылы, боқтық айтуы Абайдай ардақтыға қол жұмсаудан тайынбайтын арамзалығын айқындай түседі. «Соңымнан қаласың ба, жоқпысың!» деп қамшымен бастан тартып жіберуі де шектен шыққан жауыздығын, асқан қатыгездігін көрсетеді. Зұлымдыққа тосқауыл қоя алмайсың. Абайды соққылауы және Кәкітайдың кейінгі әрекеті – сюжеттің тартысты да, шиеленісті тұсы.

«Сол ақ екен, Абайдың үлкен денесі қозғалып тұруға да мұрша келмеді. Соққы жауып кетті. Кім екені белгісіз, жаңағы келген топтың ішінде, енді денесін бүркеп құлай кеткені де болды. Олар біреу емес, бірнеше адам. Осындай әбігер арасында Абайға қамшысы тимей қалғандар, Кәкітай мен қалған жігіттерді сабай жөнелді. Жан ұшырған Кәкітай қалай шыққаны белгісіз, жаңағы үйден жұлқынып шығып, соңынан қуған қамшы астында шырылдай айғай салып, орысшалап: – «Құтқарыңдар, көмек етіңдер!» – деп ояздың үйіне қарай жүгірді.

Бірталай уақыт өткенде, ояз үйінен шыға мылтық атқан стражниктердің әрекетін аңдап барып, жаңағы қаптаған жаулар жан-жаққа шашырап, тарап кетті. Бірақ Оразбайдай қара ниетті жаудың дегені болды. Өлімнен де аяйын деген ниетті жоқ. Сәменнің талайдан кескекті иттей ырылдап арсылдап, кіжініп жүрген тілегі болды. Жауыз дұшпандардың күндіз-түні, айлар бойы, жылдар бойы қамауында келе жатқан, талауын тосқан, бірақ тәуекел етіп, шыдап тосқан Абай, бүгін өлімнен бетер жаза шекті. Бұның басына тиген соққы, етіне түскен жара, бетінен аққан қан, беймезгіл заманның адал ұлын қасқырша талаған қас қимылдың айғағы еді. Ол соққы Абайға ғана тиген соққы емес, қазақтың халқының арына соққан сұмдық соққы болды.

Абай есінен танып қалған екен. Ол не болғанын аңдай бере, өз

ішінде жалғыз ғана удай ой ойлады. «Несіне тірі қалдым, өлсем етті!» – деді.

Ішінен сан рет қайталап айтқан арманы осы» [41. 493.].

Абайдың үстіне соққы жауып кеткенде тосыннан жасалған жауыздық әрекетіне қарсы тұрғандар – өзімен бірге келгендер. Қанішерлердің Абайды өлтіруден тайынбайтын түрін көрген соң, үстіне құлап, денесін жауып қамшымен сойыл соққысына тигізбей аман алып қалу – жанталас харекеті. Абайға қамшысы тимей қалды дегеннің өзінде, Сәмен соңына ерген басым көпшілігінің тек Абайға жабылып, соққыға алуды көздеген сорақы топтың зұлым әрекеті.

Кәкітайдың білімділігі, тапқырлығы осынау өлім мен өмір арпалысында амалын тауып тысқа шығуынан бір көрінсе екіншісі – орысшалап жауыздықтан құтқаруын, көмек беруін сұрап, ояз үйіне жүгіруі, Абайларға араша түсуі нағыз азаматтығын танытады. Қазақшалап айтқанымен, бәрібір ешкім де селт етпес еді. Және жауыздық аяғы тым ауыр болар еді. Өйткені ояз үйінен шыға стражниктер мылтық атқаннан кейін ғана, Сәменнің жауыз тобы жан-жаққа қашып, тарайды. Оразбайдай қара ниетті дұшпандардың Абайды өлімші етіп соққыға жығуы айтушы ұғымында беймезгіл заманның адал ұлын қасқырша талаған қас қимылдың айғағы еді. Аяусыз соққымен Оразбай, Сәмендер қара ниеттерін, «талайдан кескекті иттей ырылдап, арсылдап, кіжініп жүрген тілегін» жүзеге асырды.

Абай соққыға жығылды. Адал да ардақты ел ақылшысы, қамқоры жауыздықтың, өштіктің, қаскүнемдіктің соққысын алды. Автор түйіндеуінде – ол Абайға ғана тиген соққы емес, қазақ халқының арына соққан сұмдық соққы. Жанға, тәнге тиген соққыдан аман қалған Абай қайтеді? Жалғыздықтағы удай ойы: «Несіне тірі қалдым, өлсем етті!» Ол ендігі тірліктен күдер үзген. Барлық арман-үмітін Сәменнің сойыл соғарлары соққымен бірге жоғалтқандай. Жазушы Шақпақ ауылына келген Абайдың жағдайын, елмен жүздесуін қысқаша баяндайды.

«Абай Шақпақтағы ауылға кеше келген. Барлық ауылдың үлкен-кішісі, көрші-қолаңы, етбауыр жақыны – бәрі Абайдың жүзіне тура қарай алмайды. Бейнебір сондай ғазиз, ұлы жанның алдында өздері айыпты тәрізді. Бұл жараның атын атай да алмайды. Соққы Абайға емес, оны сүйген, оны қимаған, қадыр тұтқан жандардың

дәл өз бастарына тиген соққыдай. Халыққа тиген соққы, немесе жазығы жоқ, қасиетті қарт ананың бетіне соғылған қаскөй, сұм соққы тәрізді.

Әйгерім, Абайды құп-қу болған өнменен, екі көзі мөлтілдеп толған жаспен аттан түсіріп, өз қолымен есік ашып, қарсы алған еді. [41. 493.].

Абайға тиген соққы – халыққа да тиген соққы. Ауылдың барлық үлкен-кішісі, көрші-қоланы, етбауыр жақыны Абайдың жүзіне тура қарай алмай, өздерін ұятты, айыпты санайды. Абайдың бетіндегі жара, денесіндегі соққылар, аққан қан Оразбай сияқты озбырлардың жауыздығын танытады. Қанша ашуланып, ызаланса да, сол сұмдық соққы өз ағайындарынан, аталас жұртынан келді. Өздерін кінәлі, айыпты сезінуі де осыдан.

Ауыр да аянышты пайымдау. Айтушы Абайдың Оразбай, Сәмен тобырынан алған ауыр да сұмдық соққысын осылай сипаттайды. Бұл әркімнің жүрегіне тиген соққы. Автор мұны ақынның аяулысы Әйгерімнің қалай қабылдағанын, қалай жан-жүрегі жылағанын бір ғана сөйлеммен тұжырымдаған.

Романдағы басты кейіпкерлердің бірі – Оразбай. Оразбай қандай да бір жауыздықтың жуан ортасында жүретін, сөзіне мығым, ісіне шымыр, қиянат пен қаскүнемдіктің нағыз қолдаушысы. Әсіресе, Абайдың іс-әрекетіне қай кезде де қатты қарсылық көрсетеді. Озбырлық пен қатыгездіктің иесі. Алайда өмірдегі Оразбай басқаша.

Абай Оразбайдың жаманшылық жолына түскен, жауыздықтың адамы екенін, қандай әрекет жасаса да зұлымдықпен, арамдықпен істейтінін Айтқазыға айта келіп, келісті байлауын жеткізеді. Оразбай өз дегенінен қайтпайтын, қарақан басын ғана ойлайтын, Абай сияқты заман ағымын аңғарып, халықты жақтап, қолдаушыларды жазалауға, күш көрсетуге әзір тұрған қиянатшылдық пен жауыздықтың кейпінде көрінеді. Әрине кейбір оқиғалар, жағдайларға көркемдік қиял араласқанымен, қаламгер тарихи деректерді негізге алған.

Абайдың Оразбай тобының соққыға жығу оқиғасы өмірде болған жай. Нақты дерек бойынша Абайдың соққыға жығылу себебі Қадиша қыздың тағдыры шешілер тұста сотқа төбе би болып қатысып, қыздың бас бостандығын алуға араласуынан туған. «Жазушы бұл мәліметті ой-елегінен өткізіп, творчестволықпен пайдаланған. Абайға қастандық жасаудың терең тамырларын

ашып, ақынның өз тобы мен арасындағы әлеуметтік қайшылығын айқын көрсетуде көркемдік жинақтаудың зор шыңына жеткізе білген» деп Л.М. Әуезова мұны талдап көрсетеді [1. 195.].

Бұл оқиға 1897 жылы Көшбике деген жерден болыс жайлауы кезінде болған. Абайға қастандық осында жасалған. Жазушы жинаған деректердің бірінде «Оразбай – ауызды, қақсап отыратын, қара қабақ кісі еді» деген мінездеме берілген. Оның кескін-келбетінің қандай екенін көзі көргендерден жазып алған. «Оразбай – ақшыл, үлкен, Медеуге ұқсас, семізше, ақ көзі соқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі» [1. 199.].

Коммунистік идеологияның партиялық және таптық принциптері әдеби кейіпкерлерді ой, ұстаным, мақсат, мүдде тұрғысынан жікке бөлді, бай мен кедей тартысы көркем шығармада негізгі тартыс өзегі еді. Осы тұрғыдан келгенде, бірқатар кейіпкерлер іс-әрекеті бұрмаланып, өзгертілді. Тіршілікте тағлымды мінезімен, жарасымды ісімен халық есінде қалған адамдар көркем шығармада еріксіз жағымсыз мінезімен, кереғар істерімен қайшылықты сипатта бейнеленді. Сондай кейіпкерлердің бірі – Оразбай. Автор Оразбай портретін «алуан сыры бар шытырман адам, алысқан адамына көп тор құратын және айралы адам, жаулықта ешбір әдісті, шағым-жаланы талғамайтын қасқыр адам болуы керек» деп сипаттаған [40. 233.]. Бұл – авторлық ұстаным әрі кенестік тарихи роман шарттары.

Эпопеяда жалғыз Оразбай емес, бірқатар елге ісі ұнамды игі жақсылардың мінез-қылығы да, іс-әрекеттері де жағымсыз әсер қалдырады. Бұған авторды еш кінәлаудың қажеті де жоқ. Арадағы алауыздық қыз тағдырына катысты даудан өрбігенімен, абайтанушы ғалым Т. Жұртбай «Екеуінің бұрындары дос-жаран болғанын тіпті Абайды сабағаннан кейін де, 40 ақботаны айыбына алдына әкеп, кешірім сұрап татуласқанын, кейіннен бесік құда болғанын» әңгімелейді. [11].

Осыдан-ақ Оразбайдың қатал билік иесі болса да, кісілігімен заманында елге танылғаны айқындалады. Әдебиеттің партиялығы әрі таптығы қоғамдағы жіктелуді, таптық талас-тартыстарды көрсетуді басты бағыт ұстады. Ұлттық әдебиеттен осыны талап етті.

Абайдың елдің ар-намысы, тағдыр-талайы, болашағы үшін аянбай күрескені эпопеяда әр сюжет, эпизод, оқиғадан

айкындалады. Болыстар бас қосқан жиында жағымпаз, сұркиялық ұсқынын байқаған ақын айтарын ашық жеткізеді.

«Бәрінің сөзі әр тілмен айтылғанымен, бір ғана бояма, екіжүзді жағымпаздықты, жаман жорғалықты танытады.

Абай бұлардың ешқайсысымен де жылыұшырап сөйлескен жоқ. Қонақтарға қымыз ұсынылған кезде, өз ойымен тебіренгендей болып, толғауы терең сөздер сөйлеп кетті.

Ешкімнің бетіне қарамай келбетті, ойшыл жүзін жоғары көтеріңкіреп, сөйлеп отыр:

– Қазақ деген халықтың соры қалын ғой. Санап бітіргісіз жоқшылығы, мұны көп. Сол сорының бірі – өзін билеп отырған өншен зоры емес пе? Атқамінері, болысы, бек пен биі, хан мен төресі емес пе? Ойда ұлық қорласа, аяздай боп әкім қысса, үйден үрген итке ұксап ел ішінен бәлекор, паракор неше алуан мансапқоры шығады. Бір ғана өз басының, жалғыз өзінің, ата тегінің барлығы, әмір құдіретінен басқа халық қамын ойлайтын бірде-бір мансап иесі бармысың? – деді» [41. 284.].

Жазушы олардың сөйлеген сөзіндегі екіжүзділікті, жағымпаздықты Абайдың ұнатпауын «жылыұшырап сөйлеспеуімен» білдіреді. Ешкімнің бетіне қарамай, келбетті, ойшыл жүзін жоғары көтеруі де – тәкаппарлық, менмендік емес. Тебіренген ойда тербелген көкейдегі толғаулы сөздерді жеткізу амалы. Абай сөзінде қазақ халқының соры қалындығы, жоқшылық, мұнының көптігі, сол сорлы елді билеп отырған атқамінерлер, болыс, билері, ақсүйектеріне реніш сезіледі. Абайды ашындыратыны – солардың қарақан басын ғана ойлап, ата-тегінің дәулеті мен қолдағы байлығына мастанып, халық жайына алаңдамауы. Жанын аяздай қарып, жүрегін мұздай тондыратыны да осы. Мансап иесі деген сөзді қадап айтуында да мән бар.

«Қатты ызамен, үлкен намыспен ширықты. Жағалай отырған болыстардың барлығына ұрыскандай боп, жирене қарап өтті. Жүрегінде шабыт бар. Ашулы шабыт болатын. Соның ұшқындаған отынан, тамаша терең, ойшыл бір толғау туардай. Ақын атаулының ақындық, ыстық жалын үстінде күйдіріп айтатын қанатты сөзі. Ол мансап жайына арналған-ды:

– Мансаптың бәрі қорлық емес, игілік үшін өзін құрбан ететін мансап адамға қасиет бітірсе керек. Ондай мансапты сен адам болсаң ит қорлықпен, ұлықтың табанын жалап жүріп таппас

боларсың. Халқына кәдірің асқан жақсы болсаң сендей мансап өзінді өзі іздеп кеп тапса болар! – дей келіп, өлендей, үлкен даналық бар сөз айтты. – Биік мансап – биік жартас. Оның басына, екпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады! Міне осының қайсысы болдың, осы отырғандар? Қыран болмасаң, халқын үшін жылан болдың емес пе!? – деді де қабағын суық түйіп, өзге сөзден тыйылып отырып қалды.

Абайдың сөзі болыстардың барлығына, қамшымен қас бастан қасқайта тартқандай, ауыр сокқы болды. Бұны түсінбей қалған болыс жоқ. Астыртын жамандасуға айлақес, сырқынды болғанмен, мынадай үлкен әділ қазының алдында ашық шындыққа бара алмайтын арамза әкімдер, Абаймен жауаптаспай, тегіс томсарып үндемей қалды. Көбі сызданып, қабақпен өкпе көрсетіп, тым-тырыс отыр». [41. 284.].

Ақынның «қатты ызамен, үлкен намыспен ширығуы» – ашулы шабытттан тамаша терең, ойшыл толғау тудыруы – талайдан жүрегін тілгілеген, жанын жай таптырмаған елдік мүдде. Мансап туралы ой-толғамы: «Мансаптың бәрі қорлық емес, игілік үшін өзін құрбан ететін мансап адамға қасиет бітірсе керек» деген қанатты сөзге ұласады. Абай айтпаса да, қаламгердің киелі қаламынан төгілген қасиетті сөз кешеден бүгінге бағытталған қадірлі аманат. Ел билігін ұстаған, қызмет басында отырған кезкелген азаматтың қаперінде жүретін қастерлі қағида. «Игілік үшін өзін құрбан ететін мансап» – ел боламын деген халықтың әрбір саналы жасының жүрек түбінде мәңгі алаулайтын асыл ой. Бұл – бүгінгі тәуелсіздікке қана емес, мемлекеттік биліктегілерге арналған ұлағатты пайымдау. Ол билік тізгінін ұстағандардың «ит қорлықпен ұлықтың табанын жалап тапқан» арзан, сатулы мансабынан жиренеді. Халқына қадірі асып, жақсы болу арқылы мансап адамды өзі іздеп табатынын тұжырымдайды. Қанатты ой қарымы кең. Елдің мұң-тілегін жүрегіне бойлатқан, жанына түйген жан ғана абырой төріне өрмелейтінін пайымдатады.

Абайдың тағы бір асыл пайымдауы «Биік мансап – биік жартас. Оның басына екпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады». Мұны билік зорларына бағыттап келе, «халық үшін жылан болдың?» деп ақиқатын аяусыз айт-ады. Абайдың осындай ашулы толғамын жазушы «қылышымен қас бастан қасқайта тартқан ауыр сокқыға» теңейді. Өйткені

оның өнебойы шымырлап қайнаған ащы шындық, ыстық ыза буы еді. Болыстардың жауаптаспай, тегіс томсарып, үндемей көбінің сызданып қабағын түйіп, тым-тырыс қалуы да шын сөздің жанына ауыр тигендігін сездіреді. Абайдың осылайша жанға батыра ашу-ызамен айтқан ақиқат сөздері арқылы жазушы нағыз ұлт жанашыры, халық қамқоршысы болмысын алға шығарады. Осылай айтуы қалғып жатқан сананы сілкіп, түнектегі түйсікті түрткен шабыт шоғына баланады.

Абай әдеби мұраларының қасиетті құндылығын зерттеп, зерделеген суреткер поэзиясындағы жарқын да жасын ойларды данышпан ақынның халық қабылдаған даналық қағидалары сипатында шығармаға ұтымды пайдаланған. Дәуір шындығымен қабысып, халық сүйсіне тыңдап, мән-мағынасын ұғып, тәлім алған ұлағатты ойлар – өткеннің бүгінге жалғасқан жарқын өнегесі. Құдіретті сөздің тағылымдық қасиеті зор.

Романның 3-4 кітабында Абай – таланты кеңінен танымал ақын ғана емес, халықтың мұң-мүддесін қорғап, елінің қалың ортасында көрінетін сүйеніш тірегі, ақылшы, жүрегі. Ол – елінің арыз-арманына құлақ асумен бірге, орыс әкімшілігі мен шенеуніктердің, болыс, байлардың, атқамінерлердің қиянат-қорлықтарынан, жұртын әділетсіздіктер мен әлімжеттік зорлықтарынан бірден-бір қорғаушы, қамқор тұлға. Басқа да заңсыздықтардан жұртшылық мүддесін қорғап, ағайын арасындағы дау-жанжалды жөнге келтіреді. Автор Абайды осылайша қайраткер болмысында бейнелейді. Абайды ел ішіндегі қандайда бір оқиғаға, жағдайға қызу араласып, қалың елінің қамын ойлап, арыз-өтінішіне құлақ асып, тартыс-таласқа батыл араласқан жанашыр бітімінде көреміз. Әсіресе бұл Керей мен Тобықты арасындағы жер дауына қатысты мәселеде ерекше айқындала түседі. Абай туралы естелік, әңгімелерде данышпан ақынның сол кездегі жер дауына, жесір дауына әркез араласып, әділетті шешкені пайымдалады.

Жер дауына байланысты жиында ояз, болыс, байларға Абай ақиқатын айтады.

«Ағайын-жұрт, бір дуан елді бір араға шоқтай жиған әлек сөздің жөніне мені куәға тартпаңыздар. Мен сол куәлікті айтқалы келдім. Кесіп айтатын мен емес. Осында мансап иесі аса көп адам бас қосыпсыздар. Мансаппен адам қасиет таппайды. Адаммен мансап қасиет табады. Әділет жол тапсын, өріс алсын

деймін. Қаншалық ащы болса да, әлдекімге ауыр тисе де, жұрт жарасын емдейтін дәрі сол – әділет ғана. Ал дәрі ащы болса да дертті жазады. Осыны сіздер ойлар деп сенемін де, өзіме де соны арқау етемін. Қолымнан келсе, ақыл-парасатым жетсе өз кеудеме ақ көрінген әділетті айтқым келеді. Рас, бұл жөнде жеңілдік жоқ. Өйткені кейбір қыңыр көкіректер бар. Олар қаскөйлікпен, зорлықпен арамдықтың есебінен басқаны ойлап көрген емес, барлап барған емес» [41. 484-485.].

Ол алдымен жердің ежелгі иесі керейлер екенін, оны кезінде тобықтылардың күреспен басып алғанын, оған өзі куә болғанын айтудан бұрын, ел есінде сақталар, көңілінде жатталар ұлағатты ой айтады. Адамның мансапқа малданып, кісілігінен кетуінен гөрі сол мансапқа ақыл-ойымен, білімділігі мен қабілеті сай болуын, сонда ғана оның қасиеті артатынын санаға ұялатады. Ең алдымен әркімнің адам атына сай болу керектігін, мансаптың құлына айналмауын, адамның адамгершілік ары, адамдығы, әділдігі қымбат екенін ұғындырады.

Ол әділетті алға тартады. Осынау даулы таласта, тек әділет ғана екі елдің игі жақсыларының басын қосып, ортақ ойға келуіне бірден-бір ұйытқы боларын пайымдайды. Әрине, әділеттіліктің кесімі де, шешімі де қашанда қиын. Мұның соңы оңайлықпен біте қоймайды, сол үшін де бәрін ақылға салып, байсалды шешу қажет. Мұндайда арамдық, зорлық, қаскөйлік те жүретінін зердесіне түйген Абай осы тұста әділқазы, би рөлінде де көрінеді. Сөз мәнерінде шешендіктің үлгісі көрініп отырады. Сократтың соттағы жауап сөзі тәрізді әрбір ойының астары терең. Ең бастысы, жиналғандарға бұл мәселені билік-беделдің күшімен емес, ақыл-ойға салып, салмақпен саралап шешуді ұйғарды.

Абай алыстан сермеп, құлашын кеңге жазып, әр сөзін салмақтап, сабырмен санаға нық қадайды. Бұл – осынау үлкен дауға ара ағайындық жасап, ақиқатына жету мақсатын көздегені. Абайдың батылдығы – өз ағайынының күшпен иемденген жерін басқа руға, жердің байырғы иелеріне қайтарып беруге әрекеттенуі. Өзіне таяқтың ұшы қатты тисе де, әділет алдында аянып қалмайтын ақылшы, данышпан, адал, парасатты Абай дараланады. Қиын да болса, таласпен шешілген бұл дау халық тарапынан ризашылықпен мақұлданады. Бұған сол талас-тартыстың оң шешілуіне тікелей көзімен көрген Абай төңірегіндегі

жастар да жақсы лебізін жарыса жеткізеді. Автор енді қалай сүйсіне қолдағанына уақ, жатақ тобының арасындағы болған Дәрменді куә етеді. Абайдың ағайын арасындағы араздықтың сонау уақыттан басталғанын, әкесі Құнанбайдың әмірімен болғанын аянбай айғақ етеді. Дәрмен ойындағы «ата намысы» деген ұғым да осы даудағы Абай қолдаған ұлағатты сөз. Абай дау басы «зорлықшы, сотқар, қиянаткер, бүлік басы Тобықтыны» айыптап тіпті әкесін айыпкер студен де тайынбайды.

Жер дауына қатысты сюжет өмірлік шындықтан алынған. Бай, болыстардың зұлымдығы мен зымияндығына, жауыздығы мен арамзалығына қарсы Абай аянбай күрескен. Романда бұл диалогтармен де, монологпен де берілген. Абайдың ішкі толғанысындағы мына сөздер: «Күн артынан күн келеді. Бірақ жаңғырығар дүние жоқ. Елді жегідей жеп жатқандар анау. Қалың жұрттың қорлықта, зарда, иткешуде жатса, қасқырдай шауып, жауша тонап тойымсыз, тынымсыз бүліктер жүр...» деуі жаны ашығаннан айтқаны ғана емес, көкейін мазалап, жүрегін қан қылатқан уайымы, ел қасіреті. [41. 485].

Жауыздық атаулының жалпақ жұртын жаулап алып, жегідей жеуіне қиналады. Жүрегі жылайды. Соларды қомағай құлқынын, ашынған аранын қалай тыйсам деп аласұрады. Қалың жұртының қорлық пен зорлықта, иткешуде жүргеніне күмілжиді, күнкөрісін көріп көңілі ала құйын болады. Герцен «Не істеу керек?» деген сауалды орыс қоғамының алдына қойса, ақынды осындай сауал жиі толғандырады. Ал елдің болыс, байлары мен атқамінерлері, шенді-шекпенділері, шенеуніктері елді «қасқырдай шауып, жауша тонап жатқанда» қайтсем екен деген көңіл алаңдауын сезсіз.

Абай – дала демократиясының дара данышпаны. Ол – ақиқаттың жаршысы. Ол «жауыздық менің өзімнің де қойны-қонышымда отырғаны ма?» деп інісі Оспан болыстың кедейлердің малын шауып алған озбырлығын аямай бетіне басады. Өйткені, оның адал жүрегі тек шындықты ғана қалайды. Ақын жүрегінен тек өмір-заман ақиқаты жыр болып төгілсе, ол айналасына жіті қарап, ондағы жақсылықты жұртына паш етуге әзір. Ал жамандық пен жауыздық ол үшін мәңгілік бітіспес майдан. Туған інісі болса да Оспанның оспадар қылығын, ел алдында әшкере етеді. Абайдай дала данышпанының өткір ойларынан ел мүд-

десінжолында мұқалмас, жігерлі күрескер тұлғасын көреміз. Абайдың азаматтық ой-ұстаным тұрақтылығы мен дүниетаным қарымдылығын батыл жеткізеді. Тіпті, Абайдың «өзін-өзі аямау ақиқатын аяусыз ақтару» әрекеті бүгінгі уақытқа да сұранып тұрғандай. Әзімбайдың жылқышыларына жылқыны жатақтың пісіп тұрған егініне жайғызған жауыздығына кедейлердің Базаралы бұйрығымен алпыс үйдің екеуіне бір-бір аттан ұстатып алып, минуте беруі – жасаған қорлығына қайтарған қарымтасы. Болатын жанжалдан да олар тайсалмайды. Адал еңбекпен күн көріп отырған жатақтардың піскен, енді оратын егінін жылқы тұяғына таптатқан шектен шыққан озбырлыққа Абай аянбай қарсы тұрады. Кедейлер ұстап алған аттарын қайтаруға келген Әзімбай тобына Абайдың – Қайт арман, қоразданбай. Сен Ырғызбай болсаң, мұнда қалың ел!... Менің елім, менің туысым да досым! Шапқызбаймын, жөніңе көш! Болмаса, Құнанбай баласы алдымен менімен соғысасың – деген әмірлі сөзінде жауыздықтың жанын жеген ызасы бар. Кедейлерді қорлаған ағайындарының қаскүнемдігін аяусыз айыптайды. Шындық үшін жаны шырылдайды Абайдың айтқанынан қайтпай, ақыры отыз атты кедей ауылына қалдыруы да мынау жауыздыққа деген көкірек кесімі, әділетті де түбегейлі шешімі. Әрине өмірде болған оқиғаларды жазушы көркемдігін шешіммен тарихи романға ұтымды енгізген.

Ырғызбайға: «Мұнда қалың ел. Менің елім, туысым, досым!» деп кедейлерді шауып, малын қайтарып алмақ пиғылын өжет сөздерімен тежейді. Керек болса, «Құнанбай баласы менімен соғысасың» деп тәуекелге бас тігеді. Кедей ауылына жасаған қасақана киянатқа қабырғасы қайысқан қайсар азамат, сұмдық істің аяғына дейін олардың қасында болып, алып қалған аттарын күшпен, сойылмен қан жоса ғып қайтаруға келген Ырғызбай бастаған ызалы топты райынан қайтарады. Қайтарып қана қоймайды, қайта шаппастай сөзбен ондырмай соққы береді.

Романның 3-4 кітабында Абай кедей-кепшіктің мұң-мүддесін батыл қорғайтын қамқор, елағасы бітімінде дараланады. Қандай қиындық болса да бетпе-бет келіп, тайсалмай табандылықпен қарсы тұрады. Осылайша Абай ел күрескері, қайраткері, халықтың арқалы, абыройлы қадірлі тұлғасына, тілеулесі мен жанашырына айналады. Абай ел ішіндегі әділетсіздік, жауыздық, арамдықпен аянбай күреседі.

Абайдың көкірегін «аһ» ұрған күрсінісі, жан дүниесінің зары, қанша ашынып, аямай айтса да, арасында ептеп құлақ асқандары болмаса, көпшіліктің қаперге іле бермейтіндігі. «Осы дұрыс екен, көңілге қонымды екен, ақылға тоқтайық» деп уәжге тоқтаудың орнына, бас изеп, мақұлдап алып, артынан бәрінен безіп шыға келеді. Абайды ашындыратыны да, ашуландыратыны да, қабырғасын қайыстыратыны да – мынау.

Бұл қазақ халқының атам заманнан бері денесіне дендеп жайылған берекесіздік пен бет-бетімен кеткендік және төрткүл дүниенің өзгерістерінен мақұрым қалу «Ол надандық... Ол меңіреу зұлым қараңғылық...» [41. 352.].

Жазушы халқының қасіретін осылай түйіндейді. Оған деген Абай көзқарасы да ызғарлы. «Абайдың көзін ашқалы көріп келе жатқаны да: «Әрі сол сор, әлі сол қасірет!.. Сау ақыл, сергек жанды санадан солдырар қара дүлей».[41.352]

Абай осылайша заманының қасіретін алдыға тартады. Халықты надандықтан, қараңғылықтан арылту, өзге елдердің қатарына қосу – асыл арманы. Меңіреу, зұлым қараңғылықты қалың елдің шырмап алған қасірет-соры деп біледі. Семейдегі оба ауруы тараған кезде де осы қараңғылық алдан шығады. Халықты аурудан қалай айықтырудың, қалай сақтану орнына діндалардың ой-өрелерін шырмаған дүмбілездігі, жаппай қырғынға әкелу себебі де сол – «қара дүлей» қараңғылық.

Абай үшін ең қиын, сан түйінді мәселе де осы алдағы күрес мақсаты да осыған бағытталған. «Абай осы аз ғана жұмалар ішінде өзі кешкен қайғы мен өшкен жайын ойлап, жалын ата күреседі. Ел уайымы, ер зары еді» [41. 352.].

Абайды жалын ата күрсіндірген – елінің қайғысы, қасіреті. Көзбен көріп жүрген қасіретке жаны ауырады. Күндіз-түні де мазалап, аландап, уайымдайтыны ел зары, қараңғылық, надандық, сауатсыздық. Елінің жапа шегіп жатқанын біліп, көріп жүріп, Абай осынау қалың қасіреттен қалай құтқарсам деп шарқ ұрады. Абайдың Семейдегі оба ауруынан елді құтқарудағы жанталас әрекеті азаматтық алғыр ойының, қайраткерлік қарымының қуаттылығы.

«Амалсыздық, айласыздық, діңкені құртқан тәрізді. Қырдағы сорақы жыртқыштың бір алуаны болса, қаланы қаптаған қараңғы надандық, қыңыр дүлей зорлық күштің меңіреулігі де өзгеше»

[41. 350.]. Бұл – ішкі жандүниесінің тебіреніс-толғанысы ғана емес, ой-санасын мазалаған сол заманның өткір де өзекті мәселесі. Бұл – Абай тәрізді көп оқып, көп білген оқымысты, алғыр ел қамын тереңінен ойлайтын ұлт жанашырларына тән ерекшелік. Әркім күнделікті тіршілік, күнкөрісімен мәз болғанымен, басқа халықтардай жұмылып, мақсатты іске бетбұру қаперіне келмеген кезде, ақын санасынан арылмайтын азапты мұң осы еді. Ол жауыздық, зорлық, қорлық, қиянат, паракорлық, зымияндық, надандыққа және еңсені езіп жатқан езгіге қарсы тұрды. Халықтың кайғы-мұңын қалтқысыз ұғынып, қайтсек өркенді елдер қатарына теңелеміз деген кемел ой еді.

– Сен осы сайда саны, құмда ізі жоқ қайдағы бір құнсыздарды «ел», «жұрт», «көп» дегенді қашан қоясың?

– Ешқашан да қоймаймын, өйткені қалың елім қазағым, халқым дегенім – сол жоқ-жітік, ол – көпшілік... Сендей Тәкежандар біреу болса, олар бір байға он бес-жиырмадан келеді. Жылаған сол, сорлаған сол халық. Анық жәрдем күткен сол. Онымен болмай, кіммен болайын? [41. 127.].

Бұл – Тәкежанмен Абай арасындағы ашық тартыс. Тәкежан оның көпшілдігіне, қарапайым халыққа жанашырлығына және елінің жағдайына үнемі алаңдап, уайымдап жүретініне іштей реніш білдіреді. Абайдың азаматтығы да, табандылығы да осында. Бұл Абайдың «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген елге бағытталған қағидалы өлеңіндегі күрескер ақынның табанды тұжырымы, ұлағатты ұстанымы.

Абай Семейде Сейіт, Дәмежан, Сейіл, Әбен сияқты қала халқымен бас қосқан сәтінде болашақ туралы толғамын білдіреді.

– Қанша заман өтер екен!.. Жылдар ма, көп жылдар ма, оны болжау өз басыма оңай емес. Менен артық білгендер, алысты көретіндер, орыс қауымының шын жақсы дана адамдары бәлкім жыл мөлшерін де айтар ма еді. Әйтеуір бір болжайтынымыз бар!

Неғылса осы өздерін біліп, көріп тұрған дүние асты-үстіне келіп, астаң-кестең бір өзгереді де жаңғырады. Одан арғы заман, сендердің ата-бабаң, арғы-бергі аруағың андап болжап білмеген бір өзгеше заман болады! – деп Абай тоқтағанда, үйде бұрыннан отырған қонақтар өзгеше таңырқап, аныра қарап қалыпты. Олардың кейіске, ренішке толы ажымды жүздерінде қазір бір сәтке ашық сәуле түскендей, қуанышка сүйсінген елес білінеді [41.].

Абай – кеменгер ақын ғана емес, кемел көріпкел. Жалпы көріпкелдік, болжампаздық ұлы ақындарға ғана тән ерекше қасиет. Мұны Абай туралы естеліктерден де көз жеткіземіз. Дінге және осындай сәуегейлік сезім-ойларға кенестік идеология қатаң тыйым салған кезде, М. Әуезов Абай ойымен алдағы заманды болжамдатады. Мына дүниенің түбі асты үстіне түсіп астан-кестен өзгеріп, жаңғыруын еске салады. Міне бұл – Қазан революциясы. Мұны орыстың дана, көреген тұлғаларының пайымдауларына сүйеніп болжамдағанын да жасырмайды. Одан арғы заманның ата-баба, арғы бергі аруақ аңдап, болжап білмеген заман, жаңа қоғамның орнауына бір сәт қиял көзімен қарағандай болады.

Абайдың осынау көреген көңіл тілегі Дәрмен тарапынан биік бағаланады?

«Бұ да бірталайдан кемел кеудесіне жиылып келген қасиетті ойы екен-ау, оқтын-оқтын айналаның, әр сананың тұманын айықтырып, білмесін білдіріп, көрмесін көргізіп, осындай нұр сәулетін төгетінің бар-ау, қайран Абай аға!» деді.

Бұл Дәрмен түсінігінде – Абайдың даналық, көреген ойын бағалау. Абай әрбір адамның санасындағы тұманды айықтырып, сауатын ашып, білмесін білгізеді көкірек көзін оятады, даналық ойларымен көңілдерін тербетеді, алдағы болашақтан үміттендіреді. Абайдың әр ақыл-өсиеті, өнегелі сөздері – халық жүрегіне төгілген нұр сәуле. М. Әуезов нұр сәуле тіркесін ару жүзінің әдемілігін айшықтауда ғана емес, кейіпкер ойының әдемілігін, сөздерінің әсерлілігін суреттеуде ұтымды пайдаланады. Осы тіркес бірде эстетикалық, бірде философиялық ұғымда қолданылады.

Абай – ел қамқоры, жанашыры ақылшысы, аяулысы. Оның ерен істері, өткір де әділетті сөздері, парасатты пайымдаулары батыл да байыпты болжамдары халық тарапынан лайықты бағаланады. Көп жағдайда Дәрмен, Әбіш, Базаралы тәрізді өзімен жақын араласатын, қалың қауымның көзі ашық, саналы азаматтары атынан айтылады. Абайдың осынау көңілге сәуле төккен көреген ойын көкірегіне сіңірген Дәрменнің оның қайраткерлік тұлғасына білдірген тебіреністі толғанысына ұласады.

Абайдың Павловпен әңгімеде патшалық әкімшіліктің әлсіреп, революцияның таяп келе жатқанын естігеннен кейін, қиялға шомып, келешекке үміт артады. Мұны автор монологтық түрде баяндайды.

«Әлі дала меніреу, әлі бұл білген дүние ауыр қараңғылық ішінде. Бұнда туған сәуле жоқ десе де болардай. Сондықтан және де өзін манағы бір түпсіз, шексіз суық дүние, ылай суда жүзіп келе жатқан жан түрінде аңғара береді. Бірақ қарағыда қайда барарын, қалай құлаш сермерін білмеген шағында енді алдынан бір жиек жаға көрінгендей болады.

Көлбей жатқан бел ме, бұны күтіп тұрған жағасы жайлау жақсы жаңа дүние ме?...

Әйтеуір алдында енді мақсат ететін өріс бардай. Сол бұған «бері тарт» деп қол бұлғардай, атой бердей байқалады. Тағы бір шақта сол түн мұнары қоршап тұрған қарабарқын, бірақ, айқын белдің аржағынан сібірлеп ақ шапақ білінеді, тез өзгеріп, түн жиегін түре серпіп, тамаша ашық мамыр айының аспаны білінгендей. Сүттей таза аспанды, кең әлемді таң шапағы сәл қызғылт сәуле нұрлантип келе жатқандай...» [41. 574.].

Абай ұғымында мешеу тірлік, берекесіз бейнет кешіп жатқан халық ой-санасы ғана қапас қараңғылық тұманында емес, күллі дала меніреу күйде. Қараңғылық болғанда сейілетін түн қараңғылығы емес, еңсені езген, есті тұмшалаған надандық қараңғылығы. Өзін шексіз суық дүние, лай суда жүзіп келе жатқандай сезінуі де заманның озбырлығы мен ойран-топан сұмдығы. Оны жаңа бір тұнық ағын келіп тұнытарын кім білсін, қараңғыда жаға таппай қайда барарын шарқ ұрып іздеген үмітсіз жандай көреді өзін. Алдағы болжап, білмес дүниені көлбей жатқан бел не жағасы жайлау жақсы дүние ретінде елестетеді. Абай көз алдына мұнары қоршап тұрған қарабарқын айқын белдің аржағында сібірлеп білінген ақ шапақ алаулайды. Және де түн жиегін түре серпіген тамаша ашық мамыр айының аспаны білінгендей елестейді көзіне. Автор ақын қиялын «сүттей таза аспанды, кең әлемді таң шапағы сәл қызғылт сәуле нұрлантип келе жатқан шаққа» балайды. М. Әуезовтің дүниетанымы – кең, ойы шалқар. Абайдың болашақ жаңа заманды елестетуін табиғатпен үйлестіре әсерлі жеткізеді. Автор Абай Чикагодағы әйгілі мамыр ереуілін, кейіннен еңбекшілердің ынтымақ мерекесіне айналған айтулы мерекені еске салады. Чикагодағы наразылық үні жер жүзіндегі жаңа буырқаныстарға бастағанын санада жаңғыртады.

Абайдың ойшылдық, даналық даралығы ақындық дарындылығымен табиғи үйлесім тапқан. Абайдың ғұламалығы мен

көрегендігі – поэзиясындағы астарлыойларында «Көк тұман – алдындағы келер заман, үмітті сәуле етіп көз көп қадалған» деп келер заманның кейпін болжағандай үмітті сәуле етіп, көзді көп қадауы да – алдағы заманның жұртқа бір жақсылық әкелеріне сезіндіртеді.

Абайдың болашақ жайлы ішкі монологы жандүниесіндегі ой-толғанысын, арман-аңсарын айқындайды. Семейге барғанында қыстың қаттылығына байланысты халықтың ауыр жағдайына алаңдаған Абай қаланың ашаршылыққа ұшырауынан қауіптенеді. Тіпті Ресейден переселендердің қалың сел болып ағылуынан да секемденеді. Ресейде егін шықпауынан, қала халқының жұмыссыздықтан қазақ жеріне қоныс аударуын құптамайды. Сырттан келгендердің жергілікті жұмысшыларды ығыстырып шығаруымен, жұмыссыз қалғандардың арзан еңбек күшіне айналу қаупін, әрі аштықтың онсызда ауыр тұрмыстағы қала халқына қиын тиетінін жүрегімен ұғынады. Аштық салдарынан ауру көбейіп кетуінен де сезіктенеді. Абай отырықшылық өмірдің заңдылықтарын білетін, қала мен дала тірлігінің, әдет-салтының ерекшеліктерін, айырмасын пайымдайтын, парасатты, қайраткерлік бітімде бейнеленеді. Семей жұртшылығының жайына алаңдауы да – қалың елі, қазағының қамын жеуден туған күрескерлік рух нышаны.

Абай – арыдан ойлайтын алғыр, болашақты да болжамдап, заман желінің қалай соғарын аңдаған, сергек, сезімтал, көреген тұлға. Алдағы заманның тынысын сезе келіп, бүкіл саналы тірлігін таразылап, салмақтап, келешекке кемел көз тастайды. Сонынан ілескен талапты да білімді, өнерлі жастардың жарқын болашағына сенеді, ертеңіне үмітпен қарайды. Оларға көкірегіндегі ыстық мейірбан тілегін, батадай бәтуелі сөздерін ақ жүрегінен алаулатады.

Абайдың Дәрменге қарата айтқан ой-толғанысы – ағалық ақ пейіл сипаты «... Мен ұшқаннан арыға ұшар болшы! Мен танығаннан арғыны танышы, кейінгі елдің көрер ырыс-қонысты барлашы! Ол сол, сен бүгінгі шыншыл жүреппен таныған өрісте!» [41. 292.].

Бұл сөздер – Абайдың ақындық, ойшылдық, ғұламалық ғибраты ғана емес, парасаттылық пен имандылық, ұлылық тоғысқан ұлы жүректің асыл ағыны. «Мен ұшқаннан арыға ұшар болшы! Мен танығаннан арғыны танышы!» деген сөздерде

қаншама тілеулестік, шынайы пейіл шаттығы шарпылады. «Кейінгі ел көрер ырыс-қонысты барла» ұғымы қандай терең, қандай астарлы! Кеңестік жылдарда әйгілі шығарманы оқыған оқырман социализм заманын айтып отыр деуі мүмкін. Көбісі қазір де солай ойлайды! Алайда социализмнің қазақ халқын қалай қан қақсатып, қаншама қорлық-қиянат көрсетіп, аштық пен сталиндік жазалаудың зобаланын тартқан жұрт сол дәуірді «ырыс-қонысы» дей алмаса керек. Автор астарлы түрде елдің түптің түбінде азаттық алуын болжамдап, байыптаған тәрізді.

Абайдың Ерболға шаққан мұңында халқына деген аяушылық сезімі аңғарылады.

– Халқым, қазағым жұртым сол. Соның күйі қалың сор ... Соған мен не көмек, не басшылық еттім?... – деп, біраз үндемей қалды. Шарасынан шыға жаздап үлкейе түскен ойлы, мұнды көздері, бет алдына қадалып қапты [41. 130.].

Автор осылайша Абайдың жан толғанысын жеткізеді. Халқының тағдыры, бақыты үшін жан-жүрегімен арпалысқан ұлы күрескер бітімінде көрсетеді. Ақын айнала жауыздық пен зорлық-зомбылықтан қорлық көрген, маңдай соры қалың халқының ауыр халіне налиды. Оны жеңілдетер, өзгертер көмек жасай алмауын уайымдайды.

– Жас шақтан әр кезде, әр атаның ұлындай жаманшылықтармен алысқан болдық. Бірақ нені жеңдік? Не жақсылық орнаттық? Кеткен өмір, өткен бейнет жемісі қайсы? Еліме жол тапсам етті. Мен болсам, өзіме де тауып жеткем жоқ. «Мақсұт алыс, өмір шак» деп өзінің бұрынғы бір осындай уайымдар тұсында жазған сөзін еске алды. [41. 130].

Абайдың ішкі толғанысында елім деп еңіреген, елжіреген, кемелдік, көсемдік үні естіледі. Қажыр-қуатымен жаманшылық, жауыздықпен арпалысқан ақын жасаған істеріне, тірлігіне, өміріне шегініс жасайды. Мынау өлшеулі өмірдің демде өтіп кеткеніне, жасынан армандаған мақсат, тілегіне жете алмағанына, көкейдегі көп көксегенінің орындалмауына қапаланады. Абайды толғандырып, жанын мазалаған жай – халқының тағдыры, болашағы, бостандығы. Алайда ол – қым-қуыт, шым-шытырық заманда бір Абайдың қолынан келе қоймайтын тірлік. Абай осынау ішкі сезімдік тебіренісінде халық жанашырының, оны ізгі арман-тілегіне жеткізуге талпынған қайраткерлік бітімінде байқалады.

Абайдың елі үшін жасаған игіліктері де аз емес. Халықтың бақыты, болашағы, теңдігі жолында аянып қалмады. Автор Абай голғаныстарында өзіне-өзі риза болуды, атқарған алуан істеріне мақтануды көрсетпеген, керісінше, Абайды үнемі жұртының тағдырына күйіп жүрген арпалыс азабында көрсетеді. Абай жыры ел жүрегінде қалай жатталса, ісі де ұмытылмақ емес.

«Абай халық тағдыры үшін алысады. Халық Абайдың қуатты қорғаны. Соған сенеді, үміт артады. «Анық-ақ жолымен алысқан қайрат сапары осы болады. Бұдан артық игі жолда алысқан сахара қазағын білген емес!» – деп ауылдың кедей-кепшігі алдында Базаралы өзінің көкейге түйген ізгі ойын ашып салады» [41. 258.].

Бұл – Базаралы байламы әрі қалың жұрттың айта алмаған, бірақ көкірегінде ұялаған ұлағатты бағалауы.

Күрес жолын сезініп, білген елі де шүберекке жанын түйіп, оны қорғауға да, қолдауға да әзір. Мұны Дәркембайдың Базаралыға аманаттап айтқан мына сөздері де дәлелдейді.

– Қырда – қаракөңіл қазақ жуаны бол, қалада – парашыл төре, ұлық жуаны болып, бәрі қосылып, Абайды қамағалы тұр. Сен осы жолы қасына ер. Есебін тауып Абайға қанат бітір, қайрат бер! Дәл осы күні өзгенің сөзі емес, сен екеуміз дем беруіміз керек. Жалғыз Абайды сүйейтін күніміз жетіп тұр, – деген [41. 269.].

Осылайша атқамінерлер мен парашыл қала төре, ұлықтары, болыстар ел басына қатер төндірген шағында, ол сөзімен жанына қуат болар жанды жібереді. Абайдың қасында болып, қалайда қанат бітіріп, қайрат беруге шақырады. Өйткені оқығаны да, тоқығаны да мол Дәркембай мен Базаралыдан басқа Абайдың жалынды, жігерлі ойын, батыл мақсатын түсінетіндерде санаулы. Абайдың жалғыздығын білдірмей, жанына демеу болуды жөн көреді.

Абайдың кемеңгерлік асыл ойлары санасын нұрландырған Дәрмен «Сол айтқан заманыңыз қашан болатын заман? Біз болмасақ, тымқұрса мынау қазіргі жеткіншек бала-буындар соны көре ме, жоқ па?» деп көкейін мазалаған сауалын қояды. Абайдың сәл ойлана қайтарған жауабы:

– Бала буын ол заманды әлбетте көреді.

Ал бүгінгі ел білген үлкенді алсам тағы бірнеше жандар жетер. Оған жақсы да жетер, жаман да жетер, бәлкім! Әрине, жақсы жақсылығымен, жаман өзінің жамандығымен жету себепті, әрқайсысы өзіне тиісті орайын алар. Мен айтсам, сен сол заманға

жетсең екен деп тілер едім. Тымқұрыса сен жетер болармысың! – деп соңғы сөздерін әлденеден қалтыраған үнімен айтты». [41.575.].

Кеңестік кезенді көрген көзіқаракты оқырмандар мұны бірден сезеді. Автор Абайға алдағы Қазан революциясын, кедейлерге теңдік әкелетінін, байларды қудалап, жазалайтын совет үкіметінің орнауын меңзеді дер еді. Шын мәнінде жазушы социализм заманын меңзеп отырғаны анық. Алайда Абайдың ой-толғамының астарында елдің патшалық отарлықтан азаттығы, бостандығы ғана емес, дербестігінің де нышаны сезіледі.

Авторлық сипаттауда Дәрмен Абайдың жүзінен «саналы көздерін алға қарай ашық қадап отырған өз ағаның екі көзі мөлтілдеген жасқа толы екенін» байқайды. «Бұл сәтте мынау жүзде, Дәрмен жасты да, қасіретті де және жарқын сәуле нұрландырған елесті де аңғарды» деп жазушы Абай толғанысының сырын ашады. [41. 576.].

Көздегі жас, көңілдегі қасірет бұл өз заманына деген іштей ашу-ызаның, мұң-шердің белгісі тәрізденсе, «жарқын сәуле нұрландырған елес» – халықтың надандық, қараңғылық түнегінен құтылып, хат танып, сауаттанып, білім, ғылымға, өнерге ұмтылатын алдағы жарқын жаңа заманның бет-бейнесін елестетеді.

«Абай да бір шөл сахараның диханшысы өмір бойы дән көміп, жақсылық, жарық ұрығын көміп келеді. Рас онысынан да бұл күнде не зәулім тоғай, не қалың нәубет жеміс, бидай өсіп-өніп тұрмаған-ақ шығар. Бірақ сонда да сан жерде, талай жүздеген, мыңдаған кеуделерде асыл өсиеттерің қалып жатыр-ау, өз аға! Артында қалар ұрығың мен ұрпағың сол осы мынау отырған жұрттай әркімнің жүрегіне, санасына егіп кеткен дәннің болар-ау» –деп ойланды» [40. 575.].

Дәрмен пайымдауында шөл сахараға жақсылық ұрығын көміп келуі де халқының санасын оятар, ойына сәуле шашып, қалың ұйқыдан арылтып, ізгілікке бастар Абайдың өлмес өлеңі мен асыл сөздері, өнегелі өсиеттері меңзеледі. Абайдың өнегелі өсиеті мен өлең-жырының тарала бастауының, үлкеннің де, жастың да кеуделеріне сәулелене бастауының айғағы.

Осылайша асыл ойлары мен құнды сөздерін жүрегіне жаттап, ақынның асыл тұлғасынан, адамгершілік қасиетінен өнеге алған

ұрпақтың көбейіп а және болашақта да арта беретініне үлкен сенім білдіреді.

Дәрмен сөздері – Абай шығармашылығын ұрпақ көзімен бағалап, байыптау. Абайдың ересектермен, жолы үлкендермен сұхбаты елдің жай-күйінен өрбиді немесе басқа да қозғалған ортақ әңгімеден тың арна табады. Жастармен әңгімесінде елдің ертеңі, оқу, білім, өнер үйрену, т.б. сол кездегі қазақ қоғамын толғандыратын түйінді ойлар жарқырайды. Әсіресе, Әбішпен екеуара әңгімесі әке мен баланың ашық сырласуына ұқсайды, онда елдік мәселелер қызу пікірталасқа да айналады.

«Неше алуан жауыздық пен қиянат атаулы мені қатты қинайды-ау қарағым, Әбіш.. Бірақ менің сыбағам осы болып кеткені ғой! – дей түсті де, бар жастарға қарап жаңа бір көз тастады: – Ал сендердің замандарың басқаша болар деп сенемін. Мен ескінің арты боп, сендер жаңаның алды болсаңдар екен, тым құрыса! – деді» [41, 160.].

Абайдың жандүниесін мазалаған өткір мәселе – орыс ұлықтарынан бастап, болыс, атқамінерлердің елді езіп-жаншуы, түрлі жауыздығы мен қиянат-қорлығы. Бұл поэзиясындағы ойларымен де үндеседі.

Ақынның «менің сыбағам осы болып кеткені ғой!» деген зілді сөзінде заманына, заманы аздырған ел билігіндегілерге реніші байқалады. Ол өз уақытының ауырлығы мен азабын арқалағанына киналса да, болашақ заманының жақсы боларына үміт артады. Заманының ескіліктің шырмауынан шыға алмауына қынжылады. Жаңаға ұмтылыстың жоқтығы. Осыны пайымдай келе, өзі өткен заманның арты болса, жаңа уақыт алды Әбіштер болса деген ізгі ниетте. Бұл – Абайдың ұрпаққа аманаты ғана емес, асыл арманы, аңсар тілегі.

Халық өзін сүйетін, өзіне күйетін перзенттерін қашанда құрметтеп, сыйлаған. Эпопеяда Абай халқының қамын жеп, қайғымұңының ортасынан табылып, жігерін жаныған қамқор, жанашыр тұлға сипатында сомдалады.

Дәрменнің: «Өттең, Абай аға, қадірінді білер халқың аз, қайтейін! Көзім жаңа жетті ғой! «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деп өсиет айтушы ең. Қысыр кеңесің емес, хан қажарғандай, хан қазынаңдай асылың шының, шын иманың екен ғой! Садағаң кетейін жақсы жан әз аға! – деп ағынан жарыс-

луы – Абайдай асыл ардағына шексіз құрмет. Абай – шын мәніндегі адамдық болмыстың биігі де ұлысы Адамдық ұлағаттан адамзаттың ұлы тұлғасына айналған асыл перзенті. Дәрменнің «жақсы жан әз аға» деген ықыласты тілектері Абай жасаған ізгі істерге, қамқорлыққа, жақсылыққа – інілік ілтипат, ізетті бағалау.

Мұндай ақ пейілден ақтарылған ризашылық лебіздер аз емес. Көбінесе Абайдың халқына жасаған алуан игі істерін жинақтап, адамгершілік қасиеттерін бағалау бітімінде келеді.

Көкеннің жігіті Құлжатай: «Елдің ұлы», «елдің ері» дейтін осы-ақта. Шын жақсыны көргенім де осы болар! – деп Дәрмен лебізін құптап, Абайға шын ықыласын білдіреді.

Абайдың зор адамгершілік істерін, мейірім-шапағатын сол өңір адамдары ғана емес, басқалардың да сүйсіне айтуы халық сүйген тұлғаның абыройға бөленуін білдіреді. Абай араласқан қандай іс оң шешімін табады. Кедейлердің, жалшылардың, малшы, жұмысшылардың аузында Абай есімі ардақтала айтылады. Автор Абайды халқының көсемі келбетінде дәріптейді.

Абайдың болмысына, елі үшін атқарған ерен істеріне сүйіспеншілік зор. Бегештің асылымыз, ардақтымыз деп мадақтауы да Абайдың халық сүйіспеншілігіне бөлену сипатын аңғартады. Бір жағы елге жасаған жақсылықтары бағаланады. Орта жүздің төрт арысының басын қосқан Білеубай қажыға ризашылық пейілін де танытады. Бегештің сөзге шешендігі өз алдына, ойын жүйелеп, әр нәрсені байыбымен, көкейге түйіп, сараптай білетіндігінде. Біріншіден Білеубай қажының осынау игі жақсыларды, алғыр ақыл-ой иелерінің басын қосқан дастарханның қасиетін ұғынады, екіншіден, жайшылықта басы қосыла бермейтін қазақтың әр руының өкілдері табысуын қазақтың жиналуы деп пайымдайды. Абай туралы артық-кемі жоқ, қарапайым лебізге уақыттың сөзуар орамды адамы Серке де серпіле сөйлейді. Абайдың қадір-қасиетін асыра түседі. Абайды «Тобықты ғана емес, исі Орта жүзден орасан, ойқастап озған жүйрікке» балайды.

– Кім еді Абай, ол Тобықтының ғана Абайы ма еді? Жоқ, исі Орта жүзден орасан, ойқастап озған жүйрігім болатын! – деп келіп, тағы бір Абайды көтере атаған тұсында «ол кім еді?» – деп өзі сұрап барды да тақпақтай жөнелді.

– Ол қоңыраулы бұйра нарындай, көпке пайда көп еткен көктемдегі жауындай жақсымыз болатын! – дегенде тағы осындай құрмет, мадақтау сөзді Серке де іле жөнелді.

– Тілі бұлбұл, аяғы дүлдүл дейтініміз Абай еді! – деп Серке енді бір кезек сөзді мақсатқа қарай бұра тартады.

– Көштің байсал тапқаны, көкорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны, төрешіге барғаны! – деп, құбажондатып, айтқалы отырған жайларын тұспалдап өтті. Тағы да Абайдың қасиетіне мақтау айтып орағытып келді.

– Отқа салып ерітсең де алтын сірә жез болмас, аяққа шұлғау қылсаң да, асыл жібек бөз болмас! Біз Абайдың қасиетін қор етер жайымыз жоқ! – деп бір тоқтай берді.

Сол кезде Айтқазы да ой мен қырдың қалың топ елінің аңғарын танытып, Абай бейнет көрсе де, халқының қамқоры екенін атап кетті. Халық қамын жеген жақсының жолы оңай болмайды. Ер басына ол қымбатқа түсетін ауыр салмақ екенін шешендікпен қоса ақылды сөйлеп келіп, өзінше бір ойлы түйін тастады.

– Қорғасындай толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсаң, мақсатты тура табарсың! – дегендей, Абай өзі үшін емес, ел үшін іздену мен киналуда еді. Оның түскен оты ел қамының оты еді! – деп енді өзгелер айтпаған тағы бір жайды орай келген» [41. 519.].

Абай атын айтқанда тау суындай таза, мөлдір көңіл мейірлене шаттанады. Абайды тақпақтата төккен бағалауы: «қоңыраулы бұйра нарындай, көпке пайда көп еткен көктемгі жауындай жақсымыз». Қоңыраулы бұйра нар керуен көшті бастайды. Тапқыр ой өзегінде – Абай ел бастаған көсемдік тұлға. Көпке пайдалы көктемдегі жауындай жақсылығының молдығы, ел үшін еткен ерен істері, көктемгі жауын жерді ылғалдандырып, көкті жетілдіреді, жемістерді гүлдендіріп, ағаштарды бүрлендіреді, мал құрсағы тойынып, төлдер аяқтанып, айнала жайқалып, жасарып, жасанады. Елге жасаған қамқорлығы, жақсылығы дәріптеледі. Демек, Абай – халықтың қамқор, қормалы, еліне үлкен пайда келтірген, талайларға киналғанда қол ұшын берген парасатты тұлға. Абайдың зор адамгершілік қасиеттерін, асыл істерін, жақсылықтарын бағалау мұнымен аяқталмайды, «тілі бұлбұл, аяғы дүлдүл» деп Серке көңіл кесімін жеткізеді. «Тілі бұлбұлы» – Абайдың шешендігі, ақындығы, ойшылдығы, сөзге жүйріктігі, алғырлығы. «Аяғы дүлдүл» дегені қай уақытта да қандай ауыртпалық қиындықта

халықтың қалың ортасынан табылуы. «Даудың байсал тапқаны, төрешіге барғаны» – Абайдың әрбір істің анық-қанығына жетіп, жасаған адал шешімі, батыл кесімі нағыз тура биге тән шыншылдығы дәріптеледі. Тағы да Серкенің «Отқа салып ерітсең де, алтын сірә жез болмас, аяққа шұлғау кылсаң да, асыл жібек бөз болмас!» деп Абайдың қасиет-қадірін даралаған алғыр байламы да ақынның азаматтық асыл болмысын жоғары бағалау.

Абайдың қасиетін білмейтіндер – болыстар, атқамінерлер мен жуандар. Оның бейнет көрсе де, жасымай, жігері мұқалмай халқына қамқорлығын Айтқазы да айырықша атайды. Серке, Бегеш, Айтқазының Абай туралы ой-толғамдары шешендік тапқырлығымен ерекшеленеді. Абайдың көрген бейнетін, қиянат-қорлығын Айтқазы тұспалдап «Оның түскен оты ел қамының оты еді!» дегені халық үшін жанын шүберекке түйген ер екенін ерекшелеу және де «қорғасындай толқып балқысаң, бейнет көріп алқынсаң, мақсатты тура табарсың!» деген ойы – қандай терең, мағыналы даналық. Абайдың азапты, ауыр өмір жолын аңғартады.

Қанша қиналып, қапаланса да, елінің келешегіне бәрібір үміт артады. Сол болашақ үшін біраз уақыт жоғалып барып, қайтадан сол кезеңнің жанданған, жаңарған шағын бір сәтке болса да көзбен көру үміті қандай зор. Ол сол бұлдыр болашақты ыстық қиялмен қызықтап қана қоймай, өмірден өтсе де жалғыз көзбен қараса да сығалап көргісі келеді. Абайдың болашақ заман, оның адамдары туралы ой-толғамдарын автор философиялық ойлары тұнған жырлары мен қара сөздеріне сүйеніп жеткізеді. Кейде тіпті ғұлама Мұхтар өзінің заманы арқылы тәуелсіздікті, азаттықты аңсаған арман-тілегімен меңзеп тұрғанын да байыптап байқайсыз.

Абайдың дүние, заман, қоғам, адам туралы пайымдаулары – жан толғанысынан актарылған сыры.

«Дүние, жаратылыс рас осы тұрған Шұнайымен, Шыңғысымен, Қарауыл, Балпаң, Ақадыр, Ордабасымен ол заманға баратыны даусыз. Ал бүгінгі халықтан, осы қауымнан, осы заман адамынан сол жақсы заман қалпына таман керекке жарап барар бұйым бар ма?.. Халықтан халыққа жетер қасиет бар ма?!..» – деп тағы бір ойға түйіле бергенде, Абай сүйсініп жадырай түсті. Езюінде сәл ырзалық белгісі пайда болды. Оның есіне бағанадан жүрек түбінде жатқандай, Дәрмен айтып келген жайлар келді.

Жауын да бар бұл күнде, қара борандатқан дауыл да бар. Бірақ бүгін күні тумаса да, туар күнге атой беріп жатқан қауым да бар. Мынау Базаралы айтқан «Армансызбын» деген жалынды сөз, жан сөзі ғой. Ал ол ұран тастаған қалың ел ше?..

Дүние, жаратылыс өзгермейді. Мынау туып-өскен жер табиғи қалпымен сол заманға ауыса салады. Абайдың бұған көзі анық жеткенімен, қапаландыратыны қатты уайымдайтыны – қалың елі қазағының тағдыры, ертеңі. Бүгінгі халықтан, осы заманның адамдарынан жақсы заманға не алып баруға болады? Жарқын келешектің керегіне барар бұйымы – «халықтан халыққа жетер қасиет». [41. 536]

Осынау тұңғық ойлардан акынның ел қамын жеген, болашағын ойлаған қайраткерлік болмысын айқын көреміз. Бұл ақындық ой-толғаныс, тебіреніс, шабыттану, яғни шығармашылық үдеріс. Әр жазушы оны өз ұғымында, танымында сипаттайды. Романда Абайдың алдағы заман жайлы болжамы, жан толғанысында көрініс табады. Автор оны акынның ішкі дүниесімен сырласуы, оңаша ой кешуі іспетінде көрсетеді.

«Егер ол заман адамымен тілдесер болса, қандай, нендей жайларын Абай өзі ең алдымен айтуға тырысар еді. Әрине, ол заман адамына бұл тұтас тұрған жұмбақ қой! Ол адам көп ойланбаса, жүрегінің түбіне терең бойламаса. Абайды түсіну оңай бола ма?.. Соқтықпалы соқпақсыз заманда өскен мендей жанды жақын тану, жан тарту арзанға түсе ме?! Тас қараңғы далада үйірлі наданмен жалғыз алысқан ем. Әлсіз қолда жансыз жалғыз ғана шырақ ұстаған ем. Мендей ізденушіні қабылдаушы, оңай ұғып біле қояр ма!..

Көптен көп айтары бар, жылап та айтпайды, жасып та сөйлемейді, өтініш те етпейді, тек қана «түсін мені, таны мені» дегісі ғана келеді» [41. 537].

Жазушы тұжырымында Абайды білу, шығармаларын оқумен ғана бітпейді. Әр өлең жолын, сөзін тереңнен пайымдап, жүрегінің түбіне терең бойлап, яғни ақынның дүниетанымын, мұрат-мақсатын, ізгілік-өнегесін тұтас танып, білген жөн. Соқтықпалы, соқпақсыз заманның бір құпиясын, сырларын зерттеп білу керек. Абай сонда ғана жанға жақын тартылады. Айтушы пайымдауында Абай осының бәрін «жылап та айтпайды, жазып та сөйлемейді, өтініш те етпейді». Бір ғана тілегі – «түсін мені, таны мені» дегісі келер емеуріні.

Абайды мазалаған ойлардың қағаз бетіне түсуі авторлық баяндауда жалғастық тапқан.

«Көңілді бұрып билеген бір қызу толқын, ыстық ойлар зор кеудені шарпып тулатты. Абай асығып үйге кіріп, Әйгерімге «шам жақшы» деп тез бір тілек айтты да, төсектің бас жағындағы сүйектеген кітап шкабының ішінен қағаз, қарындаш алды. Үлкен дөңгелек стол қасына құлай бере, асығып кеп отыра қалды. Жарығы мол Әйгерімнің лампасы стол үстіне кеп орнағанда Абайдың асыға қимылдаған, жүрдек қолы астынан, өзгеше бір тың туысты өлең жолы созыла берді. Дәл осы сәт кешінде анық ақындықтың үлкен биігіне ой сезімімен өрлеп шыққан зор өнерпаздың өзгеше бір өлеңі туып еді: болашақпен өз заманын өзгеше бір халде жарастыра табыстырғандай. Шақ қана үн қатып, иек қаққан белгі атқан еді.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!..
Өзі ермей, ерік бермей жұрт қор етті;
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!..

Осылайша «Өлсем орным қара жер» дейтін өлеңмен Абай ең алғаш рет өлімді аузына алды [41. 517].

Әйгерімге шам жақтырып, қағаз-қаламын алып, үлкен дөңгелек столда осынау көкейдегі ойларын жазады. Ақынның осы бір шабытты шақтағы заманымен мұңдасып, келешекпен сырласқан «Өлсем орным қара жер» жырының жазылу жайын әңгімелейді. Оны автор бір ғана сөйлеммен тұжырымдайды: «Дәл осы сәт кешінде анық ақындықтың үлкен биігіне ой сезімімен өрлеп шыққан зор өнерпаздың өзгеше бір өлеңі туып еді: болашақпен өз заманын өзгеше бір халде жарыстыра табыстырғандай». Жазушы Абай өлеңінің осындай ұзақ толғаныстан, терең тебіреністен туындап барып, соншама сапырылысқан ойлардың сарапталып қағаз бетіне тізіле түсуін шығармашылық еңбектің азапты шағы деп ұғындырады. Осындағы «зор өнерпаз» тіркесі – Абайдың сан қырлы дарынына, теңдессіз талантына салыстырмалы балама. Сол замандағы адамдардың ұғынып-түсінуіне лайықталып алынған. Ұлы талант, зор дарын десе де болар еді. Бірақ, Абай таланты

мен ойшылдығы, керемет шығармашылығы, дүниеден өткен соң ғана халқына танылғаны айқын. Әр сөзге, тіркеске зерек зейінмен қарап, зерделеп, зергерше еңбектенген ғой, ұлы Мұхтар бабамыз! Үздіксіз үйрену мектебі бұл. Сөз өнерінің керемет мектебі! Нағыз дарынды шындап түлетіп, ұшыратын шығармашылық қызметінің мектебі. Бір ғана сөзбен дәуірдің рухани болмысы, ақын өміріне жаңаша көзқарас өзгеретінін сезінген.

Осынау өлеңінің жазылу жайын, туындау себебін ақынның ұзақ ой-толғаныстарымен байланыстыра өзіндік бағалау жасайды. «Өлмес күшті құптау мен ұзаққа жолдау бар. Бұл – күніренген кәрінің, көрге үнілген зарлауын, айтқан өлім жайы емес. Дүниедегі, халықтардағы, замандардағы барлық бір өлмес күштер, мәңгі тірліктер барына барынша сенген жүректен туған, өлім атынан айтылған, өмір жыры еді» [41. 518].

Айтушы пайымдауында Абай жыры түнілдіретін, күрсіндіретін, қайғыландыратын жыр емес, дүниенің, заманның жалғаса беретін, халықтардың мәңгілік тірлігін айғақ еткен шын жүректен туған өмір жыры болып дәріптеледі. Авторлық толғаныста кезекті өлеңін жазып біткен Абайдың домбырамен шат көңілді күй тартуы сипатталады. Бұл ақынның жүрегінен шыққан шабытты жырына ризашылық белгісі.

Әйгерімнің Зылиқаға қабақпен белгі етіп, жерошақ басында көптен қайнап, талай рет тобылғының шоғымен демделген үлкен самауырды келтіруі де ақынға сыйластық сезімін байқатады. Әйгерімнің қабақпен белгі беруі де – ақын жанын, жүрегін тереңнен ұғынуды білдіреді. Самауырдың көптен қайнап, талай рет демделуі де ақын шабытына, ойына кедергі келтірмеуді байқатады. Ақынға деген құрмет, сүйіспеншілік осы бір көркем детальдардан аңғарылады. Абай мен Әйгерім арасындағы үлкен махаббат, өнегелі сыйластық айқындалады.

Павловтың азаматтық, теңдік туралы аңсарлы тілегі Абайды да толғандырады. Бұл ішкі монологында Абайдың жандүниесімен сырласып, сол заманды аңсап, армандауынан сезіледі.

«Абай көңіліне осы оймен қатар, қызықты ыстық хиялдай тағы бұлдыр тілек келе берді. Сол дүниені, сол заманды көрер ме еді!.. Тым құрыса ұзақ тірлік кешпесе де, әлдебір жайдан қандай бір сәтінде, жалғыз көзбен сығалап қараса да, сол заман, сол дәуірді көрсе!.. – деген арман, хиял Абайдың көңілін шалды.

Соны ойлаумен қатар, «ал сол айтылған болашаққа, бұл дүние, бұл дәуреннен не баруға, жетуге болар еді!» Ол күлгін күн, жарқын заманның керегіне бұл шақтан не жарар еді? – деп те бір ойлап кетті. Әрине, мынау тұл заманның тусып тұрған дүниесі ол шаққа да осы қалпымен барады да өзгереді. Ал адамнан ше? Бүгінгі қауым, бүгінгі жандардан ше!.. Бұл жайды бөгеліп тұрып ойлағанда, Абай қабағы түйіліп, жүрек жирене қысылып, өне бойымен түршігіп бір дір еткендей болды.

Соқтықпалы соқпақсыз заманда өмір кешкен азғантай халқы бар. Оның бүгінгі тірлігі – қорлық. Ол қараңғы, надан, оны билеген күш-қуат қара албасты, қара түнек күштері. Бұны ойласа Абай бір сәт шұғыл, қатал бір ойға ауысады. «Бұл өмірден кетер ме еді? Өліп өшіп, жоғалып, сол болашақ дүние үшін кетсе, қайта бір ояну үшін, бір сәтке болса да қайтадан жандану үшін өлсе... Болашақта аз тірлікке қайта бір келу үшін солай болса» – деп те қиялдайды» [41. 516.].

Абайдың аңсар-тілегі, ыстық қиялы – сол заманды көру. Ыстық қиялдың қызықты болуы, тәтті елестің белгісі – заманның жай-күйі. Қандай жақсылық әкеледі. Сан сауалдар Абай ойын мазалайды. Абайдың арман-қиялы сондай кең. Тағдыр жазса, сол заманның игілігіне көппен бірге кенелсем, қалайда соның басталуын көрсем деген іңкәр үмітте. Болашақты қиял-елесімен шола отырып, сол жарқын заманға бүгінгі күннен не жарамды деген үлкен елдік мәселеге ой жібереді. Абайдың бұл – кемеңгерлік кемелдену кезеңі. Суреткер адамзаттық ауқымды мәселені алдыға қояды. Заманның өзгереріне күмәні жоқ. Жанын мазалайтыны – халқының ахуалы, адамдарының жайы. Дәл осы білімсіз надан, жауыздық, қиянатшыл, паракор, зұлым, зымиян, екі жүзді, жағымпаз күйінде қала берсе, «заманның тусып тұрған дүниесінің өзгергенінен» не пайда? Абайды ойландыратын да сол, ойынан жиренетіні де осы. Ол қараңғы, надан халқы билеп-төстеп отырған озбыр, оңбаған патшалық билік жандайшаптары осы қалпында сол заман тізгініне жармасатынын ойлап түңіледі. Жазушы мұны «қара албасты, қара түнек күштері» деп сипаттайды.

«Абай мен Павловтың жүректеріндегі сезімдері үндесіп, тілектері қабысып, ойлары қатарласа дамиды, бірінің пікірін бірі толықтырып отырады. Адал достық негізінде екеуінде көзқарас бірлігі туады». [57. 65.]. «Кейіпкердің ұлттық келбеті» атты зерт-

теу еңбегінде белгілі әдебиетші Н.Ғабдуллин романдағы Абай мен Павловтың әңгімелесуінің мән-мәнісін осылай талдап түсіндіреді. Осылайша, озық ойлы оқымысты тұлғалардың қоғам, елдің жай-күйі, әлеуметтік тұрмыстық ахуалы, келешегі туралы ой-пікірлеріндегі ұқсастықты, Абайдың халқының камкор жанашыр тұлғасы екенін айқындап көрсетеді.

Павловпен әр жүздесу Абайдың ойын бүкпесіз ақтарған шын жүректі шүйіркелесу әрі көкейіндегі мұратына жаңа жол ашқан, жаңа біліммен бәсекелестіктегі ой толғауы. Осындай оңаша бір отырыста Павловтың демократиялық ой-тұжырымындарына қаныққан Абай оның алдағы болашақ жайлы болжамдарына да көз жеткізеді.

«Қазақтар көп айтатын анау сегіз санат, министрлер, жандаралдар, мынау ояздар тіпті, анау сіздердің болыстарыңызға шейін бар билік, әмір-құдірет күл-талқаны шығып, жоқ болады. Соның орнына халықтың тілегіне сай келетін жаңа дүние орнайды. Міне, ол болашақ туралы менің барлық айтарым осы ғана! Бұны мен ғана – осындағы қиялшыл Павлов қана айтты деп білмеңіз. Айтылып та, жазылып та, бекіліп жол болып, талай ер қауымды бастап келе жатқан арман мен тілек осындай. Бұған сеніңіз! – деп әңгімесін аяқтап еді.

Павловтың айтқандарынан Абай ерекше бір сәулелі күн нұрын шалып қалғандай, кеудесі ашыла түсті. Сондықтан өзінше өлшеу, мөлшер болжағысы келеді. Еңсесі көтеріле беріп: «Енді тым құрыса сол жақсылық біздің баламыздың тұсында туар деп мөлшерлеуге бола ма, жоқ па?» – деп сұраған [41. 524.].

Патшалық өкімет те, елдегі болыс билігі де, жарлық заңдары да күл талқаны шығып, халық тілегі, арман-аңсарындай жаңа дүние орнайтындығын жеткізген Павлов мұның өз қиялынан тұмағанын, бұрыннан талай заман жазылып, айтылып жүрген күрескерлердің ой-тілегі, мақсатымен сабақтастығын жасырмайды. Автор Абайдың қалай қабылдағанын ерекше бір сәулелі күн нұрын шалып қалғандай, кеудесі ашыла түскен ұғымда әсерлі бейнелейді. Мына заманның зұлымдық пен жауыздығынан құтылар бір жақсы уақыттың жақындағанын ақынның көреген көңілі сезеді. Еңсесі көтерілген Абайдың сол жақсылыққа балаларының жеткенін, сол заманның бақытына кенелгенін қалайды. «Мөлшерлеуге бола ма, жоқ па?» дегені де – сол арманға тілеулестік пейілін сездіреді.

Абай арманы – халқының теңдікке жетер, өзге елдер көрген игілік, жақсылыққа кенелер заман. Қиял, үміті де – сол сәуелі, еркін заманмен ұрпағының қауышуы. Абайдың сол заманды аңсай күтуі де – елге әкелер жақсылығы. Халқын қараңғылықтан құтқарып білім, мәдениет, ғылым жарығын шашар шақ. Суреткер Абайдың осы ішкі толғаныстарын жазғанда, түптің түбінде заман өзгеріп, қоғам жаңара қалса, әрбір басшы, әрбір адам осыны мүқият санасына сіңірсе деген ізгі ниет сезіледі. Абайдың халқынан қасиет табардай сүйсінер сәл ырзалық белгісі, шүкірлік етері – төңірегіне Дәрмен сияқты ел ертеңін ойлайтын, жанашыр, жалынды жастардың шоғырлана бастауы. Ол қараңғылықты, наландықты еңсерер жаңа заманның беталысына бағытталар, халқының жайын ойлап, көкірегінде ұялаған ізгі армандарына сәуле шашар осындай саналы жастардың көбейе бастауына қуанады. Соларға үміт артады.

Роман-эпопеяның «Өкініште» тарауында ел өмірі, келешегі жайлы ойлар Абай мен Әбіш арасында өрбиді. Әбіштің «Сахарадағы тұрмыс қалаға қарағанда адымды мол бейқамдыққа, салғырттыққа тартады-ау. Мұнда жалқау болып кету оп-оңай» – деген сөзіне Абай күле жауап қайтарады.

«Әбіш пен Абай сан рет кеңес құрып, сахара адамымен оның ісі туралы неше алуан ойлар толғауы» да үлкен мәселе көтерілгенін байқатады.

– Анығында, мұнда ешнәрсе сағатпен, мезгілмен өлшенбейді. Барлық тіршілік мерзімді өлшеуден сырт жатыр, өзімен өзі. Түйелі көштің жүрісіндей, қоралы қойдың жайылуындай, басқаша. Кейде тіпті дүниенің бұл бұрышында уақыт тоқталып, «сағат», «сутки», деген өлшеулер дағдыдан, қажеттіктен шығарып тасталған сияқты. Сахара сағаты бейне-бір тоқталып тұрған сияқты!

Әбіш құптай сөйледі:

– Мұнда сағат қана емес, тарихтың өзі де жылжымай, жатып алғандай ғой. Тіпті ғасырлар бойы осы емес пе?! [41.131]

Таңнан түнге дейін тынымсыз тіршіліктен босамайтын халық өмірінің шындығы айқындалып тұр. Дала еңбегі елінің сағатпен, мезгілмен өлшенбейтіні, басқалардың күнделікті тірлігін де белгілі бір шектеулерден тұратын «Сағат», «Сутки» уақыт өлшеулері дағдыдан, қажеттіктен шығарылып тастауы қазақ халқының патшалық отарлау жүйесіндегі, совет үкіме-

ті кезіндегі де азапты, ауыр тірлігін аңдатады. Дүниенің бір бұрышында уақыт тоқталуы немесе сахара сағатының бейне тоқталып тұрғандай болуы жайдан жай айтылмаған. Жұртының осынау қиын еңбегін қалай жеңілдету жолын іздестіру байқалады. «Мұнда сағат қана емес, тарихтың өзі де жылжымай, жатып алғандай ғой» деген Әбіштің сөзі ел еңбегінің ғасырлар бойы өзгермеуін аңғартады. Бұл – халықтың малмен көз ашып, басқа кәсіп түрлеріне бейімделмеуі, ғасырлар бойы мешеулікте қалуы. Қоғамдық құрылысты өзгертіп, адамдар сана-сезімін жаңа бағытқа бұру ойы туындайды. Тіршіліктің мерзімді өлшеуден сырт жатуы, ел өмірінің, түйелі көштің жүрісіне, я, қоралы қойдың жайылуына тенеуі де бекер емес. Жайбарақат, алаңсыз, дағдылы кәсіппен айналысып, өзімен-өзі қоңырқай тірлігін кешкен елінің марғаулығы, момындығы ақынды алаңдатады. Үлкен қаладан білім алып келген Әбішпен көкейіндегі мазалаған ойларын бөліседі.

«Абай қырдағы тірлікпен еңбекке басқаша мән беріп сөйлейді.

– Еңбексіздік туралы айттың. Мал баққан, көшпелі ауылдың тіршілігінде еңбек ұғымды отырықшы қала тірлігіндегі еңбектен басқарақ емес пе? Мысалы, осындағы мал айналасындағы адамдарды алайық. Ол қойшы, жылқышы, түйеші, күзетші, сауыншы, мал суарушы сияқтылар болса, олардың еңбегі аса көп дер едім. Және сағатпен өлшенбейтін еңбек. Мысалы, қойшы қоймен бірге өріп, қоймен бірге жусайды. Күннің ұзақтығы қанша болса, оның еңбек сағаттары соншалық. Жылқышы, күзетші дегендер де ұзақ уақыт баққан малының қамынан, оған тиісті үнемі ойлайтын сақтықтан, қауіппен қатерден бір уақыт бос болмайды. Малдың күтіміндегі еңбекте тыным жоқ, үзілісте жоқ, ол ауыр еңбек. Рас, ерекше жалқаулық, бейнетсіздікте күн кешетін жандар да қыр тұрмысында көп кездеседі. Ал сен демалыста жатқан адам болғандықтан, ол соңғылардың қатарына өзімізді қоспайық. Кел, өзінді аяй тұр, Әбіш! –деп күліп барып Абай сөзін тоқтатты». [41. 331].

Абай мал баққан елдің тіршілігімен отырықшы қала тірлігі айырмасын саралайды. Алғашында «сағат», «сутки» деген уақыт өлшеулерінің қазақ өміріне жүрмеу себебіне тоқталады. Қазақша сөтке атауы болса да, орысша «суткиді» алу арқылы кімдердің ел билігінде үстемдігін білдіреді. Содан кейін ол малмен айналысып,

қойшы, жылқышы, түйеші, күзетші, сауыншы, диханшы сияқты еңбек түрлеріне тоқталып «олардың еңбегі аса көп дер едім» деп ерекшелейді. Аса көп еңбекті «сағатпен өлшенбейтін еңбек» деп оны толықтыра түседі. Яғни, қойшының күннің ұзақтығына қарамай, күні бойы қоймен бірге жүретінін, шопандық кәсіптің ауырлығын қозғайды. Әлбетте жаз жайлауда таң ерте атып, күн ерте шығып, кеш батады. Ондайда қойды таң ата өргізіп, кешкі 8-9-дарда бір-ақ қоралайтыны белгілі. Одан басқа жылқышының жылқыны түнгі күзетуін кім ескерді?..

Сағатпен санаспай, мезгілге мойын ұсынып, күнкөріс қамымен еңбек ету кеңестік кезеңде де орын алды. Байқап отырсақ, М. Әуезов төрт түлік малмен таң атырып, кеш батырып, азапты тірлік кешетінін және ауыр еңбекке қарай тиісті төлемін ала алмайтынын, басқа кәсіп иелері сияқты еңбек демалысын пайдаланбайтынын, бұл берілмеген жағдайда да ақшасын да алмауын, т.б. жеңілдіктерден құралақан қалғанын тұспалдаған. Абай заманы шындығы ретінде тұспалданса да түсінігі барлар осынау ой астарынан кеңестік биліктің қазақ ұлтына қатысты қандай саясат ұстануының ащы ақиқатын аңдайды.

М. Әуезов – халқына қажымай-талмай қызмет еткен жанкешті жарқын болмыс. Ол Абай аузына телінген сөздерді шама – шарқынша іске асырды. Биік мінбелерден малшы еңбегінің азаптылығын, ауырлығын қозғады. Малшы балаларына қаладан, ауылдық жерлерден интернат ашқызды. Қолынан келген қамқорлығын қалтқысыз көрсетті. Ұлы ойларын ұлағатты істеріне ұластырды.

Мәтін мағынасында автор социалистік қоғамның таптаурын жүйесіне көзқарасын байыптап білдіргендей. Яғни қоғамға, ел өміріне бір өзгеріс қажеттілігі де астарланады.

Филология ғылымдарының докторы Б. Майтанов академик С. Зиманов мұрағатынан тапқан бір дерекке сүйеніп жазған мақаласында Абайдың ел арасындағы дау-жанжал, тартыстарға батыл араласып, өзінің әділ кесімін, шынайы шешімін айтқанын дәлелдейді. «Абай өзі қанша ұнатпағанымен, халық арасындағы дау-шарды шешуден бас тартпаған. Тумысынан адал, болмысы бөлек ақынға әділдік сұрап келушілер көп болған. Көбінесе өзіне жау жақтың өкілдері арыз-мұң айтып, кесігін Абайдан естуге құмартқан. Бұл Тобықты елінде бұрын-соңды болмаған оқиға еді.

Дұрысын айтуға келгенде ол туғанына бұрмаған. Көкейіндегісін жасырмаған. Мұны әкесі Құнанбай да құптаған.

Абай өз елі ғана емес, «Көршілес керей, найман елдерінің жер мен жесір дауын шешкенде де әрдайым парасат биігінен табылған».[59].

Абайдың ақыл-ойының тереңдігін, көп оқып, көп білетіндігін ғалым бір жағдайда әкесінің шешімін өзгертуімен ұластырады.

«Бірде топты жан күні бойы қуып соға алмаған тұлкіні кешқұрым Шыңғыс бөктерінде кездейсоқ аңшы қанжығасына байлайды. Билік сұрап әкесіне келген даугерлерге Құнанбай олжа иесі – соңғы адам деп ұйғарым түйген. Абай кейін кеп әкесіне еңбек алғашқылардікі екенін айқындаған соң, Құнанбай қонақтарды қайта шақырып, баласының билігін дұрыс санайды». [59]

Осылайша Абай ел арасындағы дау-дамай, жанжалдарды әділ шешіп, батыл байламын білдіріп отырған. Би,болыс, ағайын, жақыным екен деп бұра тартпаған, алаламаған. Дауласушы екі жақтың да сөзін мұқият тындап, нақты кесімін айтқан. Абай атының халық арасында адалдықты, шыншылдықты жақтаушы ретінде танылуы осындай әділқазылық, турабилік қасиеттерімен байланысты. М.Әуезов Абайды осындай тартысты жайларға батыл, белсенді араласқан, ақ сөйлейтін, ақиқатшыл адал тұлға сипатында сомдайды.

«Жау үлкені – елдің дауы, дау үлкені жердің дауы» деп бір баурайды» деген Абай сөзі де жерді пайдаланудың үлкен мәселе екенін көрсетеді. «Абай жолында» жер дауы рулық сипат алғанымен, бұл бүгінде адамзаттық ірі мәселеге айналып отыр. Жазушы мал дауы, жесір дауы т.б. ел арасындағы ғасырлардан жалғасып келе жатқан маңызды жайларға ден қояды. «Қазақ қазақ болғалы іргелі дауының үлкені – жер дауы емес пе? – дейді Оразбай [41.450-451.]. Осылайша жер дауының атам заманнан ағайын, еларалық бітіспес күреске айналғанын аңғартады. Романдағы «Жер ашуы – жан ашуы» деген сөздің өзінде үлкен мән жатыр. Жер – қашанда халық игілігі. Оны қызғыштай қорғау мәселесі, сол заманда да билігі күшті, асып-тасқан бай-болыстардың жақсы, жайлы жерлерді иемденуі өткір көтерілген. Бұл жағынан алғанда, эпопея өткен уақыттың ауқымды, аса маңызды мәселесін қозғаған. Бүгінгі күн тұрғысынан да, ел болашағы үшін аса ауқымды мәселе көтерген.

Б. Майтанов «Абай жолындағы» үлкен дау-жанжалдың ру көлемінен шығып «суреткер шеберлігінің арқасында ұлттық-әлеуметтік мәні зор тартыс тарихын сараптайтын көркем суреттерге айналады» [60. 52.] деп талдап көрсеткендей, эпопеядағы әлеуметтік жағдайдың бейнеленуі – сол кездегі қазақ қоғамына тән кеселді көрініс. Оқи отырып, сол кездегі қауымның түрлі дау-тартыстарын, алауыздығын, араздығын айқын аңғарасыз.

Жазушы «XIX ғасырдың II-жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастарының негізгі ерекшеліктерін ашып берумен қатар, сол кездегі қоғамдық өндірістің негізгі саласы – көшпелі мал шаруашылығын жан-жақты көрсеткен» [1. 83.]. Бұдан басқа қазақ даласындағы отарлық ықпалы да назардан тыс қалмады.

Бұл жылдар Қазақстанның Россияға қосылған кезеңі ретінде тарихтан белгілі. Сонымен қатар патша әкімшілігі қазақ даласын билеп-төстеудің түрлі тәсілдерін, амал-айлаларын кеңінен жүргізіп, ел ішіндегі рулық тартыстарды, алауыздықтарды өз мақсатына пайдаланғаны да аян.

Жер мәселесі, жайылымды бөлісу, жерді пайдалану тәртібі, жалға алу жайы, сол заманның өмір шындығы эпопеяда өткір бейнеленген. Сондай-ақ егіншілікпен айналысқан қазақ шаруаларының жерін күшпен тартып алу, жер дауы өткір де өзекті мәселе ретінде көрінеді.

М. Әуезовтің «Абай жолында» халықтың тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығымен айналысуы т.б. ерекшеліктері бейнеленген. Мұнда еңбектің ұлт өміріндегі рөлі, еңбектің адамдарды ортақ мақсатқа біріктірудегі дәнекерлік ықпалы, адам – қоғам – еңбек қатынасында айқындалады. Мұнда дене еңбегінің ерекшелігі көрсетілген. Эпопеяда жұттан малды аман алып қалудың қиындығы мен амалдары да көшпелі қазақ өміріне тән ауыр қасіретті апатпен күресу ұғымында баяндалады. Табиғаттың тосын мінезімен, қатал қыста төндірген қаупіне малшы қауымының қарсы әрекеті сондай аянышты суреттеледі. Тарихи деректе Семей әкімшілігінде қазақтар қардың сіресіп қатып қалуынан малдарын жылдағы қыстауларынан алысқа айдап апарған, тіпті Балқаш Шу өңіріне қарай көшкені де мәлім [1. 87.].

Осының бәрі халықтың күнкөріс әрекетіндегі жанкештілігін көрсетеді. Талай адамның аштан қырылуы, күнкөріс қамы, тіршілік

үшін басқа өңірге, қалаға кетуі, арзан жұмысқа жалдануы, қайыршылық, тіленшілікке ұшырауы – заман шындығы. Ащы шындық. Тарихи дерек бойынша Абай аз ғана малы бар байларға тиісті ақы төлеуге уәде беріп, олардан қар астында қалған мол тебіні бар жайылымның бір бөлігіне мал жаюға рұқсат сұраған. Сөйтіп қатал қыстың қаһарында ауыр азап көрген халқына қалтқысыз қамқорлық жасаған тарихи құжаттар мен деректердің шындығы эпопеяда айқын байқалады. Елдік мүддеден Абайдың азаматтық болмысы биіктен көрінеді. Ол – елінің мүдде-мақсаты, бірлігі жолында жан аямай арпалысқан, халқының қабырғасына батқан қиындықтарда үнемі қасынан табылған қамқор да қормал тұлғасы.

Архив құжаттарында «Абайдың қазақ халқының арасында егіншілікті дамытуға тікелей белсене қатысқандығы, осыған байланысты патша өкіметінің қоныстандыру саясатына орай шұрайлы жерлерді тартып алуды әдет қылған патшаның әкімшілік орындарына егіншінің жеріне тимеу жөнінде» жасаған өтініші бар [1. 189.]. Абайдың егіншілікті, диханшылықты дамытудағы істері де ежелден, сонау хандық дәуірлерден, Абылай заманынан кең өріс алған қазақты отырықшыландырудағы ізгі қадамдары. Шұрайлы жерлерді тартып алып, қарапайым халықты тасты, тақыр, сусыз, нусыз жерге күштеп ығыстырған патша әкімшілігіне қарсы шығуы да қайраткерлік келбетінің өнегелі сипаты. Кемеңгер Абай жайланып, көсіліп отырып өлеңін жазып немесе үнемі қыр кезіп, қызық қуған жоқ. Халқының мұн-мұқтажын көріп-біліп, күн сайын күшейіп келе жатқан отаршылық биліктің қаупін де аңғарған. Қайтсем елімді өзге өркениетті халықтар қатарына қосам деп үміттенді.

Абай өмірінің ең соңғы сәттерін эпопеядан оқу – ауыр әрі қиын. Ұлы ақын тағдырының бар түйіні де көбінесе кейіпкердің ішкі толғанысымен және айтушы баяндауымен алмасып отырады.

«Абай осылайша бар асыл жандарынан айрылғанын көріп күніреніп болды да, ұғымсыз бір дертке түсті. «Күнім санаулы, мен де жоқпын, дауа жоқ!» – деген екен Баймағамбетке. Қасындағы Кәкітай, Ақылбай сияқты іні-бала, жақындар «доктор алғызамыз» дегенде Абай суық қана түйіліп, бас шайқаған. Мүлде керек етпейтінін білдірген. Бұнда енді түні бойы титтей көз шырымын алар ұйқы жоқ. Күндіз жалғыз-жарым оқыс айтып қалған сөзден бөтен тіл де жоқ...

«Не болды», «сізге не болды, Абай жаным!» деп үй онашада беті-жүзін ыстық жасымен жуып, үш рет, үш күндей онаша оралып келген Әйгерімге де Абай жауап қатпады. Басын шайқап, Әйгерімді арқасынан сипап, басынан, бетінен аялап қояды. Үшінші рет қана Әйгерімнің жас тамшысы түйіліп тұрған оң көзінен бір рет сүйді. Сөйтті де алақанымен «басқа жайды айтпа!» дегендей ым жасады.

Абай үшін қазір дүние жыртылып, бұзылып, құлап, тозып бара жатқандай. Бұл білген жақын дүние дәл солай» [41. 597].

Абайдың күңіреніп, жан азабына, ұғымсыз дертке түсуінің де себебі бар. Ол – жанында мұндасы, сырласы, ақылшысы, жанашыры, сыйласы, қимасы болып жүрген талай аяулы, ардақты адамдарынан айырылуы. Еске алған сайын әжесі Зере, анасы Ұлжанның өмірдегі орны бір бөлек екенін сезінеді, тағы да егіле қиналатыны – Мағаш, Базаралы, Ербол, Әбіш ардақтыларының арадан кеткені. Енді міне өзі де тірліктен күдер үзіп, «Күнім санаулы, мен де жоқпын» деген қатал жүрек кесімін Баймағамбетке жеткізуге мәжбүр. Дәрігер шақыртуға да көнбейді. Ұйқыдан айырылып, көкірегінде шалқар ойды айналасына құштарлықпен тарататын төгіліп тұрған тіл де тежеле бастаған. Тек күндіз анда-санда ғана сөйлегені болмаса, сөзге де әл-дәрмені шектеліп қалғандай.

Абайдың өмірінің соңғы сәттері эпопеяда қандай аянышты, ауыр суреттелген. Әйгерімнің айналып-толғанып, жаны қалмай жүргені де Абайға түк те әсер етпейді. Тек бар болғаны аяулы жарына, сүйікті, сырлас, сыпайы сыңарына деген махаббатының соңғы белгілерін білдіріп, арқасынан сипап, басынан, бетінен аялаудан басқа амалы жоқ. Үшінші келгенде ғана жас тамшысы түйілген оң көзінен бір рет сүюі де ерлі-зайыптылардың мәңгілікке қоштасуының ақтық белгісі тәрізденеді. Алақанымен «басқа жайды айтпа!» – деп ым қағуы, ештеңені тындауға құлқының жоқтығы. Тындаса да, айтар сөзін сарнатып емес, санатып жеткізердей. Абай үшін дүниенің жыртылып, бұзылып құлап тозып бара жатуы да – ақтық сапардың жақындауы.

Абайдың өмірінің ақтық сәттерін эпопеядан оқып отырып, акынның жан толғанысын, көкірек күрсінісін, ішкі арыз-арманын терең сезінесіз. Сезінтетін – Әуезовтің құдіретті таланты және қалам құдіреті. Абайдың Кәкітайға айтқан жүрек зары қандай

аянышты. Суреткер оны ой-қиялдан туындатпаған. Ақын өміріне негіздеп, соның түйінін алып, тағдырына тұжырым жасайды.

– Құп-қу болып, жапа-жалғыз қалыппын! Баксының мола-сындай жапа жалғыз қалыппын. Кімім қалды, нем қалды!? – деп өзімен өзі сыбырлай күбірлеп сөйлеп кетеді.

– ...Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!.. Жүрегімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар? Көп көргеннің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма?! – деп біраз отырып барып, тағы да бір ауық уланған оймен оянғандай болады [41. 598.].

Баксының моласындай жалғыз қалу жанындағы жақын сырлас, сыйлас, мұңдас, ақылдастарының, қолдап демеп, сүйеушілерінің жоқтығы. Олар: Базаралы, Мағаш, Әбіш, Дәркембай. Ақын жүрегі сол аяулыларын, асылдарын іздеп аласұрады. Енді бір сәт заманға айтар зарын жеткізеді. «Менен аяған қай қастығың қалды!..» деп көкірегін кернеген өкінішін өксікке ұластырады. «Мен ішпеген у бар ма!» деп тағдырының ауыртпалығына, басынан кешкен тірліктің небір қиянат-қорлығына налиды. Жүрегі жаралы. Осыншама азап шегетіндей не жазық, айыбым бар. деп тағдырына кінә артады. Бәрінен көңілі қалған шерлі кеуде аурумен арпалыс та ажал ғана азабынан құтқарардай, дәрменсіз, шарасыз халде. Оқисыз да ақынмен бірге жаның егіледі, жасыңыз төгіледі, тірліктің ащы-тұщысын татқан талайлы таланттың, кеменгер тұлғаның бар өмірін көз алдынан өткізіп, соңғы татар дәмінің бітер шағына таяғанын сезінесіз де... «ей, өмір-ай» деп еріксіз күрсінесіз.

«Зарына шыдамаған Кәкітай егіліп жылап жіберіп, көз жасын көрсетпейін деп үйден шығып кеткен еді. Дертті жанның, оған қала қарап әр қыбырын баққан жалғыз ғана Дәрмен қапты. Соған Абай тағы біраз сыр, шер тастап еді.

– ... Жапан түз, елсіз, жолсыз сар далада жалғыз түп ағаш өсіпті.

Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Әрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып гүлін атыпты... Талай жылдар өтіпті. Әр жылының гүлдері мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпті де жайрапты. Бар

бұтақтан, гүл жапырақтан, дән нәрден айрылыпты, ажырапты... Қурап, шошайып қалған жалғыз ғана қу ағаш көк аспанға тіл қатыпты. Не жазып ем, не сұмдық, не зұлымдық етіп ем?! Біттім міне, тек, көк аспан, қуәм едің, сенен ғана сұраймын. Сорымның да куәсі, көгерген гүл атқан шағымның да куәсі сен едің, кең көк аспан! Сен ғана бір айтшы... Мен өлейін, бірақ сол сан жылдарда сенің желдерің қуып әкеткен гүлдерім, дәндерімнен ұрпақ, нәсіл қалар ма?.. Шанда біреу, санда бір сайда болса да жас жапырағын көкке созып, гүл жемісін жер жүзіне берер ме?! Әлде бір-бір өлкеде, тағы бір замандарда сол гүлдердің бір тобынан саялы тоғай, мәуелі бақ өсер ме!.. Бұтақтарында өнген-өскенді мадақтап құмар бұлбұл сайрар ма! Саясында жас өмір, жаңа дәурен мекендер ме! – деп өзімен-өзі шын бір ұлы шабыт, ақын шабытымен шарықтап бір барды да, содан соң үні өшті». [41.599].

Абайдың жан-жүрегінің зарына Кәкітай да шыдамайды. Шыдамдысы Дәрмен ғана. Абайдың оған көңіл сырын, жүрек шерін актаруы да бекер емес. Ақын жанын, адам жанын түсінетін, Абайдың өлмес өлендері мен өнегелі өсиет сөздерінің қадірін ұғып, қасиеттеп ертеңге жалғап, жаңа тыныс беретін үміткердің біреуі Абайдың оған шаққан мұң-шері қандай толғанысты, тебіреністі. Ақынның жапан түз, елсіз, жолсыз сар далада өскен жалғыз түп ағашы – өз өмірі, арманы. Әр көктемдегі шат қуаты жапырағын жарып гүлін атқан ұрпағы, тілеулес, тілектес, қолдаушы қауымы. Жалғыз ағашқа жай түсіп, бар бұтақтай, гүл жапырақтан, дән нәрден айырып, ажырауы да қандай аянышты көрініс. Асыл мұраларын алдағы ғасырларға апарар аманаттарын замандарға жеткізер, ұғынар ұрпақтың қалмауына қапаланады Ақын жанын мазалайтын да, жүрегін қинайтыны да сол. Енді сорының да, көгерген гүл, атқан шағының куәсі аспанға соңғы үмітін артқандай, содан ғана медет күткендей. Жел қуып жеткен гүлдері дәндерден нәсіл, тұқым қалып, қайта көктеп шыға ма?! Жас жапырағын көкке созып, гүл жемісін жер жүзіне берер ме, сол гүлдердің бір тобынан саялы тоғай, мәуелі бәйтерек өсе ме деген іңкәр үмітін үзбейді. Сонан соң мәуелі бақ, саялы тоғай бұтақтарында өнген-өскенді мадактаса, құмыр бұлбұлдың сайрауы – саясында жас өмір, жаңа дәуірдің орнығуы.

Бұл – Абайдың алдағы заманға айтқан ақтық арыз-арманы, соңғы аманат, тілегі.

Автор Абайдың осынау жүрек шерін, ішкі жан сырын, көңілін тербеген толқын-толқын ойларын суреткерлік керемет көрегендікпен, терең тебіреніспен, ақындық алғыр сезіммен, психологиялық толғаныста шебер жеткізе білген. Абай оңаша ой кешіп отырған сәтте, мынау жалған тірліктің өткіншілігін саралап, пайымдаумен бірге, ертеңгі болашаққа да көз жібереді. Келер заманның келбетін болжамдап, көкірек көзімен көре біледі. Заманынан гөрі адамдарына айтар назы басым. Автор Абай тағдырының ақтық сәттерін сондай психологиялық сипаттаулармен ширектіріп, жан толғанысын толқыта, тебіреніп суреттейді.

Абайдың дүниеден өтуі қалың қауым үшін үлкен қасірет. Қабырғасын қайыстырған қайғы-қасірет ауырлығы халық жүрегіне зіл-батпан салмақ салғандай. Әркім көңілінде – Абай тұлғасы, жақсылығы, дарындылығы, өнері, өнегесі асыл қасиеттері. Ұмытылмайтын, еске алса күрсіндіретін, өзегін өкіндіретін өлім, қайғы. Арқалы, ақылшы азаматын жоғалтып жылайды жүректері. Солардың бірі – асыл болмысты ақынның сүйікті жары, аяулы аңсары, сүйіктісі – Әйгерім. Әйгерім жоқтауы роман шарықтау шегінде авторлық баяндауда өзгеше көркемдік шешіммен көрінеді.

«Тағы бір кезек Зейнеп үні басыла бере, өзгеше сұлу, салқын, бірақ сондай биік шырқап, тамаша қалқып сорғалаған бір дауыс кетті. Ол жылаған Әйгерім еді. Абай өмір бойы сүйіп өткен, тамашалап сүйіп өткен саналы сұлу жар. Көп заманнан тыйылып, тоқталып қалған ғажайып әнші өнерін, енді айтып болмас арманы мен зарына арнапты.

Бұл жоқтаудың осы отырған халайық естіп көрмеген, болжап білмеген санасы да, қаралы сәні де басқаша. Айтылып жатқан соны сөз де өзгеше».[41.599.].

Әйгерімнің Абайды жоқтап жылауы жырмен жетеді. Жоқтау жырды жазған Дәрмен. Жоқтаудың ерекшелігі айтушы ұғымында «халық естіп көрмеген, болжап білмеген қаралы сәнінде». Сөзінің саналығында, өзгешелігінде. Және оны жүрегімен жылап жырлаған, әуендеткен», «тамаша қалқып сорғалатқан» – «Абай өмір бойы сүйіп өткен, тамашалап сүйіп өткен саналы сұлу жар» – Әйгерім. Жазушы саналы сұлу жар деп Әйгерімге мінездеу жасаса, жоқтау жырында «санасы да, қаралы сәні де басқаша!» деп сипаттайды. Күнделікті, жаттанды жоқтау емес. Айтушы пайымдауында.«Ұлы өнер данасына күйлі саздың шебері келген.

Жүрекпен туысқан бір туғаны келіп, өзгеше бір ескерткіш орната отырғандай». [41]

Абай туралы әлі күнге қазақ баласы айтпаған сөздің сонылығы, қымбаттылығы авторлық баяндауда сауал сабақтастығын кұрайды.

«Әйгерім айтқан сөз бұл өңірде, бұл шаққа шейін Абай жөнінде әлі күнге қазақ баласы айтпаған сөз. Асыл жардың аузымен, халық ұлы Дәрмен Абайға халық атынан үн қатады. Несімен қымбат! Қандай қадірлісі еді халықтың Абай! Оның тілімен зарлы, шерлі аналар жылап еді. Саналы ата, ойлы азамат ой таратып еді. Оның үні мен өрісі бар, үміті бар жас буын жамандықтан жиренгенін, жақсы күнді көксегенін таратып айтып еді. Сол үшін Абай өлген жоқ бүгін.

«Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!» –

деген өзіңсің, Абай аға!»

Алтын терек, арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды!.. Алдың жарқын, өзің солай сеніп ең... Ана жұртың сені өлді демейді!» [41.600]

«Дәрменнің Абайға халық атынан үн қатуы да» – ардақты тұлға аруағына құрмет. Абай – халық перзенті, қадір-қасиеті де биік ұлы тұлға. Халқына жасаған жасампаз еңбегі зор. Қалдырған өлең-жыры қымбат. Өйткені үлкен мен кіші, барша ел жүрегіне жаттап, көңілін ән-әуен етіп шырқап, өнегелі сөздерін өсиеттеп айтады. Абайдың есімі ел жүрегінде мәңгілік жаңғырады. Абай – ғасырлар жасай беретін, дәуірде жаңа қырынан жарқырап, ұлылығына табындыра беретін кемеңгер тұлға. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған Абайды өлді деуге келмейді. Автордың айтпағы да ұлылықтың мәңгілік қасиеттілігімен халық жүрегінде сәулеленіп қалатындығы. Айтушының тебірене, толғанған жүрекжарды сөздерінде. «Алтын терек арсыға құлаш ұрған ардақ азамат» – ұлы Абай.

Абай – елін өркениетке, жаңа қоғамдық мәдениетке тартып, халқына болашақтың жарқын жолын нұсқаған дала данышпаны.

Жидебайда Ши қорықта шырылдап дүниеге келгенде бауырына алған анасы енді жер бесікте де «ақ құшағы, адал мейірімімен бауырына басты».

Ұмтылмас ұл өмірге әкелген ана да – мәңгілік өлмейтін аяулы тұлға. Ұлы перзентімен ел мақтанады, данққа бөленеді, қадір тұтады, пір санайды. Абай – ұлы талант, халқының камқор, қайраткер тұлғасы, данышпан, ойшыл, ақын, ардақты асыл азамат, мәңгілік өлмес, жасампаз, ғибратты болмыс. Автор ойы осыны аңғартады. Жүрекке мәңгілік жатталар, құштарлықпен құрметтеле айтылар есім деп ерекшелейді. Осынау ұлағатты пайымдаулар мен бағалаулар халық атынан, халық өкілі Дәрмен атынан жыр болып төгіліп, Әйгерімнің жоқтау әуеніне айналады. Осының бәрі ұлы Абайдың мәңгі ел құрметіне бөлену айғағы. Абай өз заманы ғана емес, талай заман заңғарында да асқақтап тұрады.

Абай дүниеден өткеннен кейін де, халық оның жақсылықтарын, ізгілікті істерін, асыл қасиеттерін қастерлеп еске алып, ұлы тұлғасын ардақтап, аруағын құрметтеді. Әйгерімнің жоқтау жырын өлең үлгісінде бермегенімен, айтушы оның мағынасын қысқаша мазмұндап, Абайды «өлім де жеңбес жан» деп даралайды. Шыңғыстау өңірінде өмірден өткендердің ішінде өлімді жеңбес жалғыз жан болса, ол өзі деп біледі Абайдың ұлы тұлғасын, асыл істерін, ізгілік өнегелерін сүйіспеншілікпен дәріптейді.

Әйгерімнің ғажайып үнімен, соншалық өзгеше шыққан жоқтау жырының ерекшелігі «Сөздің сұлулығы, биіктігі күмбездей!...» деп бағаланады. Әйгерімнің жүрек жалынымен шыққан өшпес, тозбас сөздерімен жеткен Абайға ақтық арнауы көркем, поэтикалық мәтіндермен өрілген. Әдемі де мәнерлі жырдай жүрекке жылы тиеді.

«Көкпеңбек түпсіз биік аспанда қалықтаған аққудың аппақ таза қанаты күн шұғыласына малына алтғындай жарқырамас па еді!.. Қасиетті құс ақ қанатын қақпастан қалқып, баяу ғана сұңқылдап толқып, тамаша бір үн салмаушы ма еді!...» [41. 600]

Аққудың сұңқылдап, толқыған үні тебіреністі көңілді баураған сұлу көрік естен кетпестей көкейге қонады. Әйгерімнің Абаймен қосқан күй-шері ең соңғы жыры, ең соңғы үні. Үсен, Мұрат, Шәкет сияқты Абайдың жас шәкірттерінің ортасында отырған Дәрмен Әйгерімнің күй шері, жыр-жоқтауына ойын білдіреді.

Авторлық баяндау мен монолог арқылы Абай аруағына тағзым, аруағын қастерлеу, армандарын жүзеге асыратын ой – серт сипатында түсіндіріледі.

«Сақтармын, қойнымдағы алтынымдай сақтармын сіз қалдырған дәндерді... асыл ұрықтарыңды... – деген ой келгенде, Дәрменнің есіне Абайдың ең соңғы терең бір арман шері келді.

Ол кең аспаннан сол дәндерінің болашақ тағдырын білмек боп еді. Енді Дәрмен ойласа сыр тереңі, арман зары сол екен... Әйгерімді тыңдай отыра Дәрмен өз ішінен Абай сұрауларына жауап іздейді.

– Абай аға, қадірлім! Ол дәндерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен дүм тоғай болмасын. Үлкен бақ боп тұрмасын... Бірақ ең дала мол сахараның бар бойында ол дәндерің өсіп келеді... Көп өсіп, көктей өсіп келеді... Өсе бермек күн санап та жыл санап... Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын, ағажан! – дей берді.

Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Әйгерімнің әні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған әннен бастап Абай жаңа туысқа ауысқан». [41. 602]

Дәрмен жауабындағы «Еккен дәндерінің бір араға біткен дүм тоғай, үлкен бақ болмаса да, ең дала мол сахараның бар бойында өсіп келе жатқандығы» – Абайдың өлмес, өшпес жырларының, ғибратты қара сөздерінің, асыл ойларының, құнды мұраларының елден елге, ұрпақтан-ұрпаққа таралып, шалқар далаға жайылып, қалың қауымның игілігіне жарауы. Оның күн санап та, жыл санапта өсе беретініне сенімді. «Сол үшін де өз өмірінде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын, ағажан!» деп ақын аруағы алдында мәңгілік серт береді. Абайдың жыр-дастандары, қара сөздері, аудармалары халықтың қастерлі құндылығы болып мәңгілікке қалатындығын айғақтайды. Ол туралы жырланар жыр, шырқалар ән, жазылар шығармаларды болашақ үлесіне аманаттауы да ғибратты ғұмырының мәңгілік екендігі. Бұл Абайдың өнегелі өмірінің, өркен жайған өсиеттерінің, халқы бойтұмардай сақтар мұраларының өміршеңдігін білдіреді.

Ұлы ақынның дүниеден озуы туралы жазушы көз көрген жандардан, көне көздерден естіген болар. Бірақ оны сол күйінде жеткізу көркем шығармада қиындау. Кейде көркемдік қиял қо-

сылады. Абайдың өмірден өтуін жазушы астарлы әрі көркем түрде тебіреністі суреттейді.

«Өзін тағы суық, түпсіз, лай реңді толқынды судың ішінде сезді, ол жүзген болады. Бірақ жақында жетерлік жаға жоқ. Тек алыста, көз ұшында, қияда ғана әзір бергі бетін түн түнегі басқан, биік қоңыр бел бар. Соның ар жағынан, алтын арай, жақын таң, түн түнегін аздай серпілтіп, баяу көтеріп жеңіп келе жатқандай. Абай бар ойы-бойымен сол асыл арай алыс таңға қыбласындай бой ұруда. Ал жақын дүние суық, лай, түпсіз тұңғық боп тарта берсе бұл өше берді, сөніп, семе берді». [41. 598.]

Бұл – Абайдың ой-елесі. Өмір мен өлімді бөліп жатқан тіршілік ағынындағы соңғы уақыт көрнісі. «Суық, түпсіз, лай реңді толқынды судың ішінде жүзгендей болғанымен, шығатын жағаның жоғы» да – енді тағдырдың бұйырғанына мойынсынудан басқа амал қалмағаны. «Алыстағы бетін түн түнегі басқан, биік қоңыр бел» – басқа дүниенің елесі. Оның ар жағынан, алтын арай, жақын таң түнегін аздай серпілтіп, баяу көтеріп жеңіл келе жатуы да – ақынның өлмес өнегелі жаңа өмірінің басталуы.

Тәтті өмірдің таусылмас қызығынан мәңгіліктен бакилыққа ауысуы жақын дүниенің суық, лай, түпсіз тұңғық болып тарта беруі, өліп, сөніп, сене беруі де – шіркін ғұмырдың таусылар сәті. Жазушы Абайдың дүниеден өту сәтін осылай тұспалды, астарлы, философиялық, поэтикалық ұғымында сипаттаған.

Ажалды әркім ойымен әрқилы елестетеді. Абайдың ой-қиялында – жұмбақ жай, буалдыр, бұлдыр елес, бұлыңғыр көрініс. Абай өмірінің, заманының мән-мағынасын суреткер қалай тебіреністі жеткізген.

«Бір күйге сайған жаңағы жұмбақ жай, оның ең соңғы деміне дейін ой, қиялынан, көз алдынан кеткен жоқ. Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде, ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қыркын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай, игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шыққан зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті» [41. 598.].

Абайдың айналасы айықпаған, сұр тұман, суық заман ішінде дүниеден өтуі – аумалы-төкпелі заманында азапты да ауыр дәурен кешкені әрі бір жұмбақ, түсініксіз дәурен болған аян. Сол заман

ішінде Ұлы жан дүниеден көшті. Ұлы жан, ұлы адам – Абай. Жазушы оған түрлі тенеулер, айшықтаулар қосып, данышпан ойшыл т. б. қырларын ерекшелеп көрсетуге ұмтылмаған.

Ол өз заманына ақындыктан бұрын үлкен адамгершілігімен, халықтың қамқор, жанашыр парасатты тұлғасы сипатында танылған еді. Кейін алғашқы жинағы шыққаннан кейін Абайдың зор таланты, ақындық даңқы әрі ойшылдық болмысы ел санасында зерделене түсті. Жазушы бірде ұлы жан десе, «ұлы кеуде» деп кемеңгерлік, дарындылық қасиетін ерекшелейді. Шөл даланы жарып аққан дарияға теңелуі де – осынау ұлы да ұлағатты ғұмырды өлшеусіз бағалау. Игілік өмір деуі – жақсылықпен, ізгілікпен халқының қадіріне бөлену сипатын қастерлеу сезімі. Ұлы кеуденің ыстық демінің тоқтауы, игілік өмірдің үзілуі – халқының жанына түскен қасірет. Абай тұлғасы тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шыққан зәулім өскен алып шынарға баланады. Айналасы дау мен тартыстан, қым-қиғаш қақтығыстан бір тыншып көрмеген, жұмбағы да, түйін, күрмеу де мол, қиын заманда «Мыңмен жалғыз алысып», қайтсем халқымның басын біріктіріп, берекелі, білімді-ілімді ел етем деп аласұрған алып тұлға заңғарлана түседі.

Зәулім өскен алып шынардай даралануы да ұлы тұлғаның болмысын әділ де дәл бағалау. Өйткені сол заманда «қалың елі қазағының» қамын жеп, қайғы-қасіретіне ортақтасқан бірден-бір дара тұлға Абай еді. «Өмірден Абай кетті» деп автор ойын тәмамдайды. Абай өмірден кетті деп халқы аһ ұрып, қайғыға салына бермейді. Жаңа өмір тынысын сезген Абай шәкірттерінің ақын рухын жаңа биікке көтеруге ұмтылысы ұшқындайды.

5.4. Ғұлама талантының асыл қырлары

Абай үшін әр мезгілдің өзіндік ерекшелігі бар. Қолы қалт етіп босай қалса, дамылдауды білмейтін ақын шығармашылықпен қызыға, құлшына айналысады. Оқиды, ой толғайды, әсерін айналасындағылармен бөліседі. Орыс классиктерінің туындыларын тәржімалайды. Жазушы Абайдың күзгі шығармашылық шағын тартымды бейнелей келе, шабытты шағын Әйгерімнің бірге бөлісуін әңгімелейді. Авторлық баяндауда Абай жазған шығармаларды Әйгерім мен Мәкеннің қалай көңіл қуанышы етіп қабылдауын аңғарамыз.

«Абай үшін бұл күз айрықша бір шабытты еңбек күзіне айналып келеді. Кей түнде, немесе таңертең ерте шақта Абайдың оңаша отырып, жазып тастаған қағаздары ең алдыман Әйгерімнің қолына жинала беретін. Кішкене, аппақ ажымсыз саусағымен Абайдың соңғы, бүгін таңертең жазған бір өлеңін, күндегі әдеті бойынша Әйгерім және де Мәкенге әкеліп оқуға бұйырды. Мәкен хатқа жүйрік, Абай сөздерін бұдан бірнеше жыл бұрын да Мағышпен бірге жаттап өскен. Өзі көшіріп алуды да дағды еткен. Жарым табақ қағаздың бетіне жазылған сөзді Әйгерімнің әкелуін казіргі шақта Мәкен күн санап күте жүретін.

Қарындашпен кесек жазылған, оқуға өте оңай, ірі, сұлу Абай жазуы әр шақта, ең алғаш Әйгерім қолымен бұған әкеліп берілгенде, Мәкенді ұдайы асықтыра, қуанта әсер етеді» [41. 411.].

Күз айында ақынның шабыттанған шағында, кейде түнде, кейде таңертең шығармаларын жазып тастағаннан кейін, Әйгерімнің жинап алатыны, хатқа жүйрік, сауатты Мәкенге оқытуы да, өз жүрегінен шыққан дүниенің әдемі дауыспен келісті естілуі де ләззат, әсерге бөлейді. Мұнда Мәкеннің Абай өлеңдеріне, өсиет сөздеріне сүйіспеншілігі, құрметі сезіледі. Мағышпен бірге жаттап алғаны өз алдына, оны көшіріп, сақтап қайталап оқуы да білімге, әдебиетке ынтызарлығын аңғартады. Әйгерімнің Абайдың әр жазған сөздерін әкелуге жұмсауы – Мәкенге үлкен қуаныш. Өйткені Абай шабытынан, ой тереңінен шыққан сөздерді оқып беру, мән-мағынасын ойға тоқу – рахат дүние. Оқуға ұдайы асығып, қуанатын себебі – өлеңді құштарлана, ынта-ықыласпен ұғынуында. Абайдың жазуының кесек болуы, оқуға өте оңайлығы, ықыласын арттырады. Абайдың қарындашпен өте әдемі жазған сөздерін Мәкен шабыттана оқиды, шаттана әсер алады.

«Бейне бір өзіне арналған аға, әке сәлем хатындай көреді. Кейде қоңырқай, сұрғылт жүзіне сәл толқын қызғылт нұр шығады. Қобалжытқан қуанышын жасыра алмайды. Әйгерім Абай хатын ұсына тұра, әрдайым Мәкеннің жүзіне қарайды. Қиылған жіңішке қастары сәл ғана діріл ете, қозғала түсіп, Мәкен әдемі, кішілеу, ойлы қара көзін қағазға үңілтеді. Сол сәтте толықша, кішкене аузы сәл ашыла түсіп, сол жақ езуі үнсіз ғана жымиғаны білінеді. Мәкеннің көзі тура қарағанда кішілеу көрінгенмен, ұзын болып біткен. Өзгеше бір келісімі бар, адамға айрықша тартымды, ыстық, отты көздер» [41. 411.].

Абайдың осынау азапты шығармашылық еңбегінің жемісін бірге бөлісу – Мәкенге зор мақтаныш, үлкен бақыт. Абай сөздерін аға, әке сәлем хатындай көреді. Автор сол сөздерді алып оқудағы Мәкеннің жандүниесіндегі кобалжып, қуану сәтін «кейде қонырқай, сұрғылт жүзіне сәл толқын қызғылт нұр шығуымен» психологиялық сипаттама жасайды. Мұны Абай көзімен емес, Әйгерім көзімен береді. Қиылған жіңішке қастарының сәл ғана діріл қактыра, қозғала түсіп, әдемі, кішілеу ойлы қара көзін қағазға қадауы да, толықша, кішкене аузының сәл ашыла түсіп, сол жақ езуінің үнсіз ғана жымыюы да – осынау шығармашылық шабытты шақтың әсерлері. Өзіне артылған сенімге, ықыласқа ризашылық және Абайдай ағасының асыл сөздерінің алғашқы оқушысы да, тыңдаушысы да, тілеулесі де болу бақытына бөленуі. Мәкеннің көзінің тура қарағанда кішілеу көрінгенімен, ұзын боп бітуі, өзгеше бір келісімі бар, адамға айрықша тартымды, ыстық, оттылығы да дидарының сұлулығын, сүйкімділігін білдіреді. Дәл осындай отты, тартымды ыстық, келісімді көздердің Абай сөздеріне терең бойлап, мәнерлі, әдемі, нақышты, ырғақты оқуы да сөз өнеріне деген сүйіспеншілігінің белгісі. Сөздің салмағын, мағынасын асқақтата түседі. Осылайша жазушы сөз өнерінің жазылу қиындығымен бірге, оның тыңдаушы көңілінде бағалану сипатын көрсетеді. Мәкеннің өз жазғанын оқып беруі – Абай үшін аса қуаныш, аса бір керемет сәт. Жазушы Абайдың шығармашылық шағын осылай психологиялық толғаныспен бейнелей келе, қандай дүние жазғанын тәпінштеп, нақтылап жатпайды. Сөздер деп қана түйіндеп қояды. Мұның өзі де әдебиеттің сол кездегі баламасы тәрізденеді.

Абай өлеңдерінің ел ішіне таралуы, әсіресе, жана аударманың жастар қызығушылығын туғызу романда жиын-сауықтардағы бас қосуда әңгімеленеді. Абайдың А.С. Пушкиннен аударған «Евгений Онегин» романындағы үзінділер де сөзінің әсерлі, әдемілігімен бірге, әуенінің тартымдылығымен де жастар жүрегін баурап алған ұғымда көрсетіледі. Дәрмен мен Мағрипа диалогында Абай аудармашылығы ерекше сүйсінген, құштарлықпен әңгімеленеді.

«Дәрмен осы тұста Мағрипаға «бұны кім айтқан?» деп барлау сұрақ берді.

Мағрипа тағы да сыпайы жүзін бұрып, күлкісіз шыншыл ажармен «Татьянаның Онегинге жазған екінші хаты» деп біл-

дiрдi. Өзi бұл өлеңдi бiлетiн. Дәрмен кыздың не айтқанын естi-гiсi кеп:

– Кiм сөзi? – деп сұрап едi.

– Мағрипа ақынның айтса да, соншалық күйлi үнмен жауап қатты.

– Пушкин сөзi. Абай ағам аударған!

Дәрмен:

– Сiз оны да бiледi екенсiз ғой! – дегенде Мағрипа күлдi де, Әбiшке қарап отырып бас изеп, сынғырлаған әдемі үнiмен тағы жауап қатты.

– Бiлемiн. Менде Абай ағамның кiтабы бар. Бар сөзiн бiле-мiн! – дедi.

Дәрмен iшiнен Абай үшiн ырза бола түскендей. Бұл сахарада Абайдың тыңдаушысы емес, тәрбиелi оқушы кыздары бар екенiн де еске алды». [41. 143].

Абай шығармалары көзi ашық жастардың жанына жақын, олар оны жаттап алып, мәнepлеп айтып бiр әсер алса, сұлу сыр-шыл әуенiмен әндетiп, әуендiк нақышымен әсерге әсер қосады. Мағрипаның Абай аудармасының тақырыбына дейiн бiлгенi аздай, үйiнде ақын кiтабының бар екенiн айтуы әрi әр өлеңiне дейiн сөзiн жаттап алғанын сүйсiнiспен бiлдiруi де – ұлы поэзияға үлкен махаббаты.

Айтушы ұғымында ол Абайдың тәрбиелi оқырмандарының бiрiнен бағаланады. Мағрипаның Абай өлеңдерiне құштарлығы Әбiшпен арадағы сүйiспеншiлiк сезiмдi жақындата түседi. Автор мұны Әбiштiң өзен жағасында сейiлдеп оңаша ой кешуiмен ұштастырады.

«Күн бойы отырған сауықшыл топ Мұсабай үйiне таң кылаңдап келе жатқанда ғана тараған-ды.

Жатарда тысқа, сейiлге шыққан Әбiш ауылдан ұзап, өзен жағалап, жалғыз кеттi. Оған бiраз ерiп барған Дәрмен кейiндеп, өзен жағасындағы бiр таста тосып отыр.

Мөлдiр салқын сулы жiңiшке өзен жағасында оқта-текте, кi-шiлеу жас тал-теректер көрiнедi. Аласа ақшыл жас қайың, қызыл мойыл кездеседi. Өзеннiң Әбiш келе жатқан жағы, ұзақ созылған жасыл белдiң етегiн жағалап отырады. Екiншi жағада ноғай ауылының, жәрмеңкеге тiгiлгендей көп үйлерi, мол болып шұбатылып, iлесiп келедi. Кей үйлердiң тұсынан таң ата тыным

алған иттер жалқау, керенау ғана үріп қояды. Таң атуымен бірге ерте тұрған лак, козының маңыраған үндері келеді.

Әбіш осындай үздік-үздік тіршілік тыныстарын, үндерін шала ғана естиді. Көңілінде әзірше ойсыз, астаусыз болса да үлкен құбылыс бар. Жас жанына өзгеріс салғандай бір жаналықтың енгенін аңғарады. Бұл не? Әлі тілекке айналған, арман боп та өспеген, бірақ енді қайтып ұмытылмастай, өшпестей, атсыз бір сезім! Көзі ашық келе жатса да, алдындағы дүниені көрмейді. Бар жүрегі, зейінімен Мағрипаның ақ жүзін ғана, қоңырқай қолаң шашын ғана көргендей. Аппақ сүйрік, ұзынша саусақтарын біртіндеп көз алдынан өткергендей. Біресе, кең ашылатын үлкен шұғылалы сұрғылт көздері, бір сәт қып-қызыл еріндері, немесе сыңғырлап күлген сылдыраған үні мен бірлі жарым тіл қатқан сөздері құлағына келгендей болды.

Осымен қатар, Әбіштің ішінде бір алысу да бар» [41. 143].

Алдымен өзен жағалауының таңғы табиғаты суреттелінеді. Малды ауылдың тіршілік тынысы көз алдыңызға келеді. Алайда Әбіштің жас жанын мазалап тұрған өзгеше бір жай бар. Автор алдымен сауал тастайды. Айтушы оның сырын ашуға ұмтылады. «Көзі ашық келе жатса да алдындағы дүниені көрмейтін» сезім. Бұл өшпестей атсыз сезім – өлердей ғашықтық сезімі. Әбіштің Мағрипаға деген ынтық сезімі. Таң арайына шарпылатын ғашықтық ғаламаты. Бірде ол Мағрипаның ақ жүзін, қоңырқай қолаң шашын көргендей елеске енсе, бір сәт аппақ сүйрік, ұзынша саусақтарын есіне алса, енді бар ойы көзіне, қып-қызыл еріндеріне ауады. Әбішті Мағрипаның көздері «кең ашылатын үлкен шұғылалы сұрғылт көздері» баурайды. Жас Әбіштің көзінен кетпейтін осы бір ерекшелік арқылы ғашықтық, сезім сипаты берілсе, сыңғырлап күлген сылдыраған үні мен бірлі-жарым тіл қатқан сөздерін естігендей болуы да – ынтық көңілдің жүректе тулаған нәзік толқындары.

Ғұлама суреткердің адамның бүкіл болмыс сезімін алуан қырларымен тану қабілеті керемет. Білікті маман психологтай адамның ішкі жандүниесіне терең үңіліп, сезіміндегі ерекше нәзік сипаттарды дөп басып көрсетеді. Жазушының түйіндеуі де өзгеше. Әбіштің ішкі әлемінде бір арпалыс барын сездіртеді. Жас жігіттің жандүниесіндегі алысу – ғашықтық сезімінің бойды шарпыған өрті. Айтушы ойының астарында «ғашықтық дерт, ғашықтың тілі

– тілсіз тіл» деген тамаша сүйіспеншілік толғамдары аңғарылды. М. Әуезов кемеңгерлігі керемет, көркемдік әлемі көз жетпейтін көкжиекке ұқсайды. Шеберлігі де шексіз кеңістік іспетті.

«Кейде топта, кейде оңашада Мәкендер өздері де аса көп қайталай айтатыны – Абайдың сырлы сезім жырлары. Неліктен екені белгісіз, Мәкен отырған шақтарда Дәрмен «Көзімнің карасы» деп жырласа, «Айттым сәлем, қалам қас» – деп, ыстық сәлем жолдаса, немесе «Қор болды, жаным» – деп, наза-наласын толғаса, кейде бір сирек қана «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» – деп бастап, ойлы, нұрлы көзін Мәкен жүзіне тастаса, бар жасқа мәлім осы жырлар, дәл осы шақта Дәрменнің аузынан шыққанда бұрын айтылмаған сөздей болады. Тіпті мүлде ашылмаған сырдай, соншалық балқып, жаңа бір туыстай қалықтап ырғалатын» [41. 365.].

«Сырлы сезім жырлары» – қайталанбас ғажап әуенді Абай әндері. Автор акын өлеңдерінің өз жүрегінен шыққан әуендей жетіп, жаңа өрім ашқанын көрсетеді, «екі жас махаббатын тудыратын шарт-шаралар арасында өзгеше көп әсері бар» сезім дәнекерлестігіне баланады. Дәрменнің жан сезімімен беріле «соншалық балқып, ашылмаған сырдай» жеткізуі де – Мәкенге деген ғашықтық көңілдің белгісі. «Жаңа бір туыс» ұғымы да Абай әндерінің айрықша әсерлілігін, өзгеше соны, сұлу сарынды әуен-ырғағын аңғартады. Жазушы жырдың жастардың ішкі сезімін ашатын сырлы, нұрлы сөздерге толы ерекшелігін, қуатын көрсетеді.

Абай жырларының сыр әуені, әсем әндер де тыңдаған жанды ынтық етіп, еліктіріп, өзіне тартып әкетеді. Бұл әндер ғашық жандардың үлпілдеген нәзік сезімдерін білдірудің бір бөлек белгісі сияқтанады. Ыстық сезімнің ыстық сәлеміндей болып жүректерге жол тауып, ғашық көңілді қауыштырады.

Жазушы Абайдың әрбір шығармасының жазылу жайын, себеп-салдарынан гөрі, оның халық арасына таралуына, көпшіліктің қалай қабылдауына ықылас аудартады. Абайдың аудармашылығы, қандай еңбектер аударғаны көбінесе бірінші жақтан емес, үшінші жақтан айтылып отырады. Абайдың кімді аударғаны туралы әңгіме Шұбар, Әзімхандар арасында өтеді. Акынның жырлары, аудармалары халықтың қызығушылығын туғызғаны баяндалады.

«Бірақ бұл ойлағандай емес, Әзімхан Абайдың кейбір жайын білетін тәрізді. Ол туралап: «Абай Пушкин, Лермонтовты аударып, өлең шығара ма, сол рас па?» – деп те сұрап қалды.

Шұбар мынау төренің Абай жөнінен нақтылы білетін дерегі барын аңдап қалды. Сондықтан да оған біраз шынды айтуға тура келді.

– Рас, Абай аударады, Аударғаны рас! – деп қысқа болсада, дәл жауап берді».[41].

Абайдың шығармашылығынан хабардар Әзімханның Пушкин, Лермонтов поэзиясын аударуына қатысты білгісі келеді. Шұбар Абайдың орыс ақындарынан аударғанын растайды. Мұнда Әзімханның Абай шығармаларына ынта-ықыласы сезіледі. Автор Әзімханның шешендігі болмаса да, кейбір сөздерді бұзып айтудағы өзінің ерекшелігін жеткізеді. Әзімханның Абайды Пушкин, Лермонтовтан қазақша жазғанын білгісі келуінің мәні неде? Абайдың өмір тарихын ғана емес, бүкіл шығармашылық жолын зерттеген қаламгер ретінде М. Әуезов Абайдың аудару өнерін, аудармашылығын таныстырады. Пушкиннің «Евгений Онегин» өлең-романы мен М. Лермонтовтың «Вадимін» қазақшалап, өзінше мазмұндап шыққанын әңгімелейді. Әзімхан төре осы тұста Абайдың жаңа туындыларымен танысу ықыласын білдіреді. Мұндағы Шұбар-Шәкәрім бейнесінде алынған. Ш.Құдайбердіұлы өз жазбасында Абайдың сан салалы әдеби әлемі туралы әрі өздерін әдебиетке баулығаны жайлы кеңінен баяндайды.

Ақынның шығармашылық өмірі жайлы романда Абайдың өлең жазуы, оған себеп жағдайлар мазмұндалуы заңды. Абайдың кітап әлеміне құштарлығы, оқу мәдениеті елге кітап оқып беруі де оларды білімге тарту ниетін білдіреді. Сонымен қатар Абайдың кітап жиюы, қалаға барған әр сапарында кітап алып қайтуы да білімге, ғылымға құштарлығын танытады.

«Шай жасала бергенде тыстан кірген Баймағамбет үйге үлкен бір сандық пен екі басы толған қоржын кіргіздіртті. Абай ол жүктерді нұсқап, Құрмашқа енді жай ғана бір сөз айтты.

– Мынау әкеліп жатқаны, өзің білесің, менің кітаптарым. Баймағамбет екеуімізге жазға жетерлік осы сандық пен қоржын толы кітап ала қайтпақпыз! Қалашы, базаршы болғанда бұл екеуіміздің басты шаруамыз сол! – деген» [41. 538.].

Үлкен бір сандықпен екі басы кітап толған қоржын Абайдың кітапты қаншалықты көп оқитындығын байкатады. Абайдың кітап құмарлығының айналасына қалай әсер еткендігі сипатталады:

«Құрмаш мұсылманша оқыған адам. Абайдың өлеңдерін кейде көшіртіп алып, кітапша кылып үйінде сақтайтын» [41]

Жазушы Құрмаштың орыс әрпінде жазылған кітапты арапша әріпке түсіріп оқуын көрсеткен. Сол кездегі кеңестік саясаттағы «қазақ халқының екі-ақ пайызы сауатты болған» деген сыңаржақ пікірге заман шындығын қарсы қояды. Ел ішінде арабша білім алып, ежелгі шығыс хикаяларын, жырларын жатқа айтып жүрген небір білімді азаматтар барын еске салады. Тек орысша оқығандарды сауаттылар қатарына санаған солақай түсінікке осылайша сокқы береді. Абай заманында елдің көпшілігінің сауатты, білімді болғанын дәлелдейді.

Баймағамбетке оңашада өтініп, ертегі айтқызуы да Құрмаштың кітапқа ғана емес, жаңа заман біліміне ықыласын көрсетеді. Абай, Баймағамбетпен жақындаса жүріп әдебиет әлеміне бетбұрады. «Орыстың бір үлкен ойшылы жазған кітап екен. Абай осыны жақында әңгіме етіп беріп еді» деп «Күміс князь» хикаясын, Алексей Толстойдың «Князь Серебрянский» романынан естігенін айтып беруі – осының айғағы.

Жазушы романының «Еңісте» тарауында Абайдың кітапқа қызығушылығын, кітапқұмарлық қасиетін ерекшелеп көрсетеді.

«Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтамен үніледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы тіпті бөлек. Ол ықылас – кітап пен оқушы Абай арасында туған жақсы бір ұғынысудан. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Таза, сара, ашық өткелдей. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп, тырмысып созылған, арманды жағасына шығаратын өткел» [41].

Абайдың кітапқа ықыласының арту себебі орыс тілін жақсы меңгеруімен түсіндіріледі. Оның орыс тіліндегі ұзақ әңгімені еркін ұғып, басқа тілдегі шығарманы ұғынып, ерекшелігін сезінуі көп жылдан бергі арманының бірі болса, жазушы мұны «бірінші өткел», «таза, сара ашық өткел», «арманды жағасына шығаратын өткел» деп тіл білумен қол жеткізуін аастастырады. Әңгімеде кімнің туындысы, қандай туындысы екені қысқаша сипатталады.

«Биылғы өткен қыс бойы Абай неше алуан «тәпсірлерді» серік етіп, жалғыз табандап қадалғаны – орыс кітабы еді. Аяғында осы көктемде, жаңа дүние саңылауы шын жарқырап ашыла бастағандай болған соң Пушкинге ауысқан. Қара сөзінен

басталған. Қазірдегі өздігінен оқып, ұғып келе жатқаны – Пушкиннің ұзақ әңгімесі «Дубровский». Тілін берген «Дубровский» хикаясы, өзегін де берді.

Осы таңертеңгі оңаша отырыста Абайдың бар дүниені, үй-мекенді, кең тынысты көктемді өзгеше шат, жарқын көңілмен сезуінің себебі де сол жаңа тыныс, жақын дос болған, қызық кітаптан ауысқан әсер еді. Көптен бұндай қуанған да емес сияқты» [41.550].

Абайдың өткен қыстан бері орысша кітаптарды оқуға ден қойғаны, А.С. Пушкиннің поэзиясынан бастамай, ұзақ әңгіме «Дубровский» атты ұзақ әңгімесін қызыға оқығаны сөз болады. Осынау шығарманы құштарлықпен меңгеруі «Тілін берген «Дубровский» хикаясы, өзегін де берді» деп түйінделген. Алғашында автор көктемгі табиғатты айналадағы бар көрік-көрінісімен және үй ішінің әсемдік әлемімен әсем сипаттай келе, сол көктемді «өзгеше шат, жарқын көңілмен» өткізуінің сырын кітаптан алған әсермен сабақтастырады. Абайдың кітап әлеміне ерекше ынта-ықыласы осынау Пушкин әңгімесінің мазмұнын көңіліне қондыруы ғана емес, қиын да болса тілін түсініп, ақынның көркемдік кеңістігіне еркін көз тігуінде.

Абай орыс классикасымен танысумен бірге, басқа да шет ел әдебиетіне құлшына ден қойып, шығармашылық ізденісін жетілдіріп отырған. Әдебиеттің озық үлгілерін оқып қана қоймай, оның мазмұнын, жазылу тәсілдерін, басқа да ерекшеліктерін көкейге түйген.

Тұрағұлдың «Шаруа жағына көзін сирек салады. Күндіз-түні босатпайтын елдің жұмысынан қолы да тимейді» дегені де – өмірлік шындық. Абай кітап оқудан, не жазудан қолы босаған уақытын шаруасын айтып келген қарапайым халықтың өтініш-тілегіне, тіршілік мәселесіне бөлген. Абайдың халқына айрықша құрметі, сүйіспеншілігі олардың мұң-мұқтажына батыл араласуынан көрінеді.

Абайдың кітапқұмарлығы бір кітапқа кіріссе, ештеңеге аландамай, бітіргенше тынбаған Тұрағұл Құнанбаев «Түн болғанда біреуге ертегі айтқызып, иә өзі айтып отыру әдеті барын, әбден айтып болған соң айтушының адасқан жері болса, айтып түзеп беретінін» еске алады. Ол «Жас кезінде: парсы жұртының ертегілерін «Жәмшит», «Қаһарман» сықылды кітаптарын

көп оқығанын, елді алғаш «Мың бір түнмен» таныстырғанын, онымен қоймай орысша жазылған «Густав әмір» және басқа да әдеби кітаптарды оқып бергенін ризашылықпен айтады. Бұл Абайдың кейінгі буынды кітапқа баулығанын, шығыс әдебиетін қандай терең білсе, орыс әдебиетін де жетік білуін көрсетеді. Романда Абайдың кітап оқу ерекшелігі, оқығанын отбасына, ауылдастарына, әсіресе жастарға кейбір тұстарын өз ойымен мазмұндап таныстыруы өмірлік шындыққа сай баяндалған.

Абайдың кітап құмарлығы, кітап оқу мәдениеті жайлы нақты деректер де бар. Абайдың бәйбішесі Ділдәнің Қатпа Құрманжановка айтып берген естелігінде. «Абайдың айналасы кітап болады дейді: үйде отырғанда оқып отырады, көзіне очки киеді. Немесе кітап үстіне лупа жүргізіп отырады» деп жазылған. [44] Демек, Абай кітапты өте көп оқыған. Талғап-таңдап оқыған. Өзіне қажетті әдебиеттерді, философиялық еңбектерді қарастырған. Мұның бәрі де орыс тілін жақсы білгендігі.

Семей әскери губернаторының хабарламасында балаларының бәрі орысша оқып, жаза білетіндігі, оларға орысша үйретіп, сауатын ашқан әкесі Абай екендігі мәлімделген. «Құнанбаев орыс әдебиетімен өте күшті шұғылданады, кітап, газет, журналдар жазып алдырып тұрады» делінген. Абай орыс, батыс көркем әдебиетін көп оқып, философиялық, этикалық, педагогикалық ойларымен сусындаған.

М. Әуезов романдағы басты ұстанымы «Абайдың ақындық творчествосының қоғамдық-тарихи, философиялық, өмірді көрсететін негіздерін ашып көрсету» депті. Бұл тұрғыда Абайдың Пушкин мұрасына аса ықылас қойғанына тоқталады. Абай шығыс әдебиетінің ешкімді теңдестірмейтін ерекшелігін жете сезінумен бірге, орыс тілі, әдебиеті арқылы Батыстың көркем сөз өнеріне, философиясы мен эстетикасына айырықша ден қойды. Шығыс пен Батыс мәдениетінің өзгешеліктері мен өнегелі тұстарын көкірек көзінде сараптап, ешкімге ұқсасмас дара, сара жолын іздеді. Іздеді де тапты!

Әйгерім отауы – Абайдың шығармашылық үйі. Жазушы Абайдың жыр жазған, кітаптар оқып, аударма жасаған шағын, көбінесе Әйгерім отауымен сабақтастырады.

«Әйгерім қыстауы Ақшоқыдағы қыстауға ұқсас. Бұнда да асты-үсті тақтайлы, үлкен терезелі, кең де жақсы қонақжай бөл-

мелер» – деп сипаттау арқылы автор оның кең де жайлы екенін, акын үшін өлең-жырларын жазуға да, кітап оқуына да, демалып, тынығуына да қолайлы екенін айқындайды.

«Абай осы қыстауда биыл бірнеше ай бойында оңаша тыныштықта үнемі кітап оқып, Әйгерім мен ауылдағы жастарға, қолы бос көршілерге сол оқыған кітаптарын қызық, көркем әңгіме етіп айтып беретін» [41. 551.].

Әйгерім қыстауының басқалардан гөрі тыныштықта болуы да ақынның оңаша отырып ой толғап, жыр жазуына ыңғайлы екенін байқатады. Абайдың бір өзгешелігі оқыған кітаптарының әсерін алдымен Әйгеріммен бөліседі, сонан соң көршілерге әңгімелеп береді. Жай ғана мазмұндап қоймай, қызықты, көркем етіп әңгімелеуі де, оларды әдебиетке тарту ұғымын білдіреді. Бұл – елдің көзін ашу, әрі оқу-білімге тарту, кітапқа құштарлық сезімін ояту мақсатындағы ақынның құлшынысты қадамы. Абайдың жастарға оқыған кітаптарын әңгімелеуі берік дәстүрге айналған ізгілікті бетбұрыс саналады. Мұны біз әр сюжеттен, эпизодтан көз жеткіземіз. Әйгерім – Абайдың сүйікті жары ғана емес, рухани қолдаушысы, қанаттасы десе де болады. Әйгерімнің Абайдың жазумен айналысуына қандай қамқор болғанын қаламгер қысқа ғана әңгімелеген.

«Кіріс-шығыстың – бәрінің тұсында үнемі кітап ұстап отырған ерін көрген Әйгерім бөгде еш нәрсе сезген жоқ. Көп жылғы үйреншікті дағдысы бойынша Абай соңғы екі түнді окшау отырысында бірнеше рет қағаз, қарындаш сұрап алды. Ол тың өлең туды деген белгі...» [41.128.]

Абайдың жандүниесін, ойын тереңнен түсінген, сезімтал да сыпайы, акын жанашыры тілеулесі Әйгерім сипатталған. Бірде жүзімен жылылық шуағын шарпып, бірде күлкісімен көңіл көкжиегін нұрландырып, бірде тәтті қылығымен баурап, бірде ақылды, алғыр сөзімен ой кеңістігіне парасат шұғыласын шашқан назды да нұрлы Әйгерім – шын мәнінде үлгілі тұлға.

Әйгерімнің ақынның шығармашылық ниеттесі, жарқын жанашыр, ілтипатты да ізетті серіктесі екенін мына эпизодтан аңғарамыз.

«Көркем мінез иесі Әйгерім ендігі тірлігінде Абайдың осылайша мұның өз қасында, оңаша ой еңбек үстінде отырғанын өзгеше қадірлейді. Ерінің оңашалық шағын бұзбас үшін Әйгерім

бүгіндер көп бөгде кісіні бұл үйге кіргізбеген. Жастарға да «қағаз жазып отыр» – деп, мәжілістерін Абайдан бөлек айтқызу жайын сездірген» [41. 128].

Автор алдымен Әйгерімнің өзгеше болмыс-бітімін, көркем мінезін дәріптейді. Көркем мінез – Құранда жиі айтылады. Пайғамбарларға тән мінез өнегесі. Мінез бітімінің биік үлгісі. Жазушы осындай биік үлгіні Әйгерімге теңеген. Әйгерімнің игі тілегі – Абайдың алаңсыз ой еңбегімен айналысуы. Әйгерім үшін де бұдан асқан бақыт жоқ. Өйткені ол Абай еңбегінің жемісінің шырынды дәмін татқан. Абай есімі қалың жұртына жайылған жырларымен, өнегесі өшпес сөздерімен, байыпты батыл байламдармен танымал екендігіне көзі жеткен. Өлең өнегесінен тәлім алған түлектерінің қатары көбейе бастағанын да көңілі сезеді. Абай – өзінің шын сүйгені, жанашыр, жақын жолдасы сыйлы жары ғана емес, ел қамқоры. Сондықтан да Абайды аса қадірлейді. Ерінің осынау оңаша шағында ой кешіп, жазудың азабына берілгенін тереңнен түсінген асыл ару келгендерді үйге кіргізбей, жөнін айтып, жолығар уақытын да білдіріп отырған. Дәрмен бастаған жастар Абайды ортаға алып, ой талқысын, ән-жыр думанын өткізгісі келгенін сезсе де, шабытты шағына кедергі жасамау камын ойлаған. Бұл арқылы жазушы Абайдың нағыз шығармашылық тұлғаға лайық жар таңдап алғанын пайымдайды.

Әйгерімді ерекшелеп көрсету арқылы жазушы «ақын жары – міне осындай болса керек!» деген өнегені алға тартады. Абай мен Әйгерімнің жүздесуінде автор қалыңдығының күлкісіне, дидарының дара бітіміне ғана емес, оның Абайға деген ізгі ілтипатын, жарасымды көңілін, шынайы махаббатын көрсетеді.

«Абай Әйгерімге жалт етіп қарады да, сүйсініп тамашалағандай боп қалды. Әйгерімнің жүзі қазіргі сәтте ағы – ақ, қызылы – қызыл боп, нұрлана балқып тұр. Күміс қоңыраудай күлкісі де күн күйінен, көңіл кірбінінен аулақ. Мамырдың ашық-жарқын көктем тағындай екен».[41.128]

Әйгерімнің «ағы – ақ, қызылы – қызыл боп нұрланып балқуы да» ақын мен жарының бір ықыласты көңіл-күйі болып сипатталады.

Күлкісінің күміс қоңырауға теңелуі де сүйкімділігі мен сұлулығын даралайды. Мамырдың ашық жарқын көктем тағына те-

нелуі де Әйгерімнің көрікті келбетінің аса ұнамдылығын, өзгешелігін көрсетеді. Мамыр айында айнала көкпенбек болып, ағаш бүрлеп, жер гүлдеп әдемі көрніске енетіні айқын. Ал оның таңын тамашалау – табиғаттың керемет көркімен жүздесу. Абай Ерболға карап әзілдеп «Тыс қанша көріксіз болса да, қоңыр үйдің өз күні балқып тұр екен ғой! Шұғыла атып тұрғанын карашы, Ербол!» деп сүйсініп, Әйгерімге ризалығын білдіреді. Мұны ел жанын түсінетін, сырын мен жырын бөлісетін жан досына жайылып салған Әйгерім өнінің бұрынғыдан да қысыла қызарып, сыпайы, ұян, үнді күлкісін баяндау арқылы автор тектілігін, жаратылыс ерекшелігін, тәрбиелілігін сездіртеді. Әйгерімнің күлімдеп, күлімсіреп, күлгендегі көрікті жүзінің әр құбылысыме табиғаттың тамаша көріністерін, мезгіл-мезеттерін үйлестіру арқылы автор әдеміліктің әйел сезіміндегі, жанындағы, әдетіндегі, жүзіндегі ерекшелігін бейнелейді.

Абайдың Ойқұдықтағы күздеудегі қоныс жайынын суреттелуі де жазушының мықты этнограф екенін дәлелдейді. Әдетте қандай да бір мекен-жай ғимаратының сыртқы сәні мен ішкі құрылысы, жиһаз, жабдықтары қатар бейнеленеді.

«Көп ауылдың күзгі әдеті бойынша, Абай аулы да жаз тігетін үйлерін жығып, жинап қойып, оның орнына қоңырқай, кішілеу үйлер тіккен. Әйгерім отауы да қазір басқаша.

Кішілеу, шағын үйдің ішіне айнала текемет, тұскиіз кілем ұсталған. Биік төсек орнына қалың салынған көрпесі, құс төсегі, жастық, бөстегі көп жер төсек орнаған. Абай мен Әйгерім отырған төсек алды қалың жүнді арқар терісімен жабылған. Төрде отырған қонақ болса, олардың астына ұзын қара сеңсеннен мол етіп құрап тіккен кең бөстек жайылған. Шағын үйдің ортасын қазан-ошак алғандықтан, бұл күнде Абай кітабын дөңгелек үстел үстіне салып оқымайды. Көбінше жер төсек үстінде үйіле жиналған көрпе – жастыққа арқасын сүйеп, қолға ұстап отырып оқиды» [41.238.].

Қоңырқай, кішілеу, шағын отаудың ішкі жиһаздары, оның сәні мен түрі, материалдық ерекшелігі сипатталған. Отау ішінде отырған Абай мен Әйгерімнің үйшілік киімдерінің үлгісі, матасының түрі, ұлттық пішін үлгісі қоса берілген.

«Алдағы қысқа арнап тігілген мол саптамасы бар. Үстіне бешбет, шалбар, сыртынан ұнамды күрең шұғамен тысталып

жеңіл, жылы, кең күпі киген. Қасында төменірек отырған Әйгерім де пұшпақ ішікті бешпетше қып, жұқа, жеңіл етіп тіккізіп апты. Омырау етегіне жағалай жана құндыз ұстатқан. Екі өңірдегі ілгек түймелеріне үлкен қызыл коралл орнатқан. Қазақ зергері әдейілеп соққан, бұрама күміс түймелер. Әйгерім көбінше кесте тігеді. Тәрде Ербол мен Баймағамбет күзгі ақ қымызды асықпай, ұзақ ішіп отырып, тоғызқұмалақ ойнайды» [41. 238-239.].

Әйгерімнің бешпетшесіне жағалай жана құндыз ұстатуы, ілгек түймелеріне қызыл коралл орнатуы, зергерлер соққан бұрама күміс түймелер киім сәнділігіне деген үлкен талғамын білдіреді.

Абай ауылында әркімнің қандай да бір колөнер түрімен, кәсіптірлігімен айналысуын көрсетеді. Әйгерімнің кесте тігуі, Ербол мен Баймағамбеттің тоғызқұмалақ ойнауы, уақытты босқа өткізбеу, пайдалы іске жұмсауын аңғартады. Абайдың таңертеннен бас алмай бір қыбыр етпей, үздіксіз оқып отыруы кітапқұмарлығын танытады. Әйгерім жана сойылған семіз құлын еті пісіп қалғанда ғана шетке қояды. Күздің жауынды, суық күніндегі тыста тірлік-тен бөлек, үй ішіндегі тірлік мазмұндалған.

Тұрағұлдың әкесі туралы естеліктерінде Абайдың тоғызқұмалақ ойынына құмарлығы, таңертенгі шайынан кейін «басында тақиясы, бауырында ақ жастығын басып» білетін адамдармен құмарлыққа қызу кірісетіні, «кезек тимегендер, ойнай алмайтын балалары өз алдына дойбы не карта ойнайтыны әңгімелейді. Бұл – бір жағынан ойды дамыту болса, екінші жағынан уақытты пайдалы өткізу нышаны. Әрине, карта ойыны қазіргідей ақшаға немесе құмар ойынына айналмаған. Абайдың уақытты аса қадірлеп, оны текке жібермеуге дағдыланғаны да өмір өнегесіндей дәріптеледі.

Жазушы Абайдың қысқы мекені Ақшоқыдағы тірлігін, шығармашылық жұмысын суреттеп қана қоймайды, сондағы жақын адамдарының қандай кәсіппен, өнермен айналысқандарын баяндайды.

«Қыстың басы тақау болғанымен, әлі қар түсе қойған жоқ. Бірақ қара суық мезі қылғандықтан, Ақшоқыдағы ауыл бұл күнде тегіс жылы тамға кірген. Әрі үйде күн аралатып пеш жағылатын. Өзінің бөлек тамына, Баймағамбетпен бір қорадағы оңаша отырып, соңғы он шақты күннен бері кітапқа, қағазға күндіз де,

кеш те үніліп енбек етеді. Түкпір үйде, Мағаш пен Кәкітай да өз алдарына кітап оқып ізденуде.

Оның екеуі де бұл күндерде орысша кітаптарды, әсіресе жеңіл тілмен жазылған қызықты романдарды көп оқитын. Өз мәжілістерінде сол оқығандарын ауызша әңгіме, ертегі қып айтысып отырады.

Соңғы күндерде Дәрмен де оңашалығын сүйеді. Жылы, жайлы бөлмеде ол безілдетіп домбыра тартады. Өзімен өзі күңірене қосылып, кейде қысқа қайырып, кейде өндіріп жосылта жөнеліп, жаңаша туған бір соңғы жырларын еспелей береді. Мәкенді күндіз Әйгерім өз қасына алады. Ол екеуі, тамға кіре бере қолдарына алған бір үлкен шебер, көркем істің соңына сарылады. Бұлар қазір әр түсті манатқа кесте шегеді.

Осыдан бірнеше күн бұрын екеуі қолдарына қағаз, қарындаш алып, өздерінше ою, өрнек түрлерін аса көп сызған. Мәкен өнерлі, ісмер, кесте мен оюға әсіресе шебер екен. Шешесі берген үлгі, тәрбиенің оған аса бір жақсы қонған жағы, осы кестесі және тігіншілік, үлгі тапқыш шеберлік зейінділігі болатын. Қазіргі күнде Әйгерім ғана емес, Мағаш, Кәкітай, Әлмағамбеттер де Мәкеннің оюларын, жаңадан пішкен тымақ үлгілерін, жақ өрнектерін әрдайым мақтай түсіп, бағалап жүрісетін.

Бұлар ғана емес, Абайдың өзі де оның қағазға сызған үлкен-кішілі ою, кесте нақыстарын, гүлдерін, шеберлеп қиыстырған «қошқар мүйіздерін», «үшкілдерін», «қазтабан», «қарлығаш қанатшасын» қызық көріп, көп үніліп қарайтын.

Әйгерімнен қай оюдың қандай орынға келетінін сұрастыра отырып, Абай кейде әлдебір өрнектерге жұмсайтын түйін жіптің түрлерін, бояуын да өзі бірге тандасады. Екі шебер әйел осылайша, қыстауға қона бере бастаған үлкен істеріне, ауылдағы үлкенді-кішілі ерлерді де қызықтырып, араластыра жүрді» [41. 410].

Алдымен авторлық баяндауда қыс тақағанымен, Ақшоқыға әлі қар түсе қоймағандығын, қара суық мазалаған ауылдың пеш жағып отырғандығын білеміз. Абай өз үйінде оңаша отырып бірде кітап оқып, бірде жазу жазса, түкпір үйде Мағаш пен Кәкітай да кітап оқып, ізденіп жатқаны хабарланады.

Қыс айында әркім өз тірлігін жасап, бос отырмағанын аңғарамыз. Мағаш пен Кәкітайдың орысша кітаптар оқуы, яғни

жеңіл тілмен жазылған романдарды көп оқуы – Абайдың талап-тілегімен, ақылымен жүзеге асқан ізгілікті іс. Алдымен жеңіл тілмен жазылған кітапты оқып, содан соң күрделісіне ден қоюы – Абай ақылы. Өздері бас қосқан кезде оларды ауызша әңгіме, ертегі ғып айтып беруі де – оқығандарын қаншалықты түсінгендері ғана емес, ойды тереңдету, тілді ұштау. Бұл – бүгінгі уақытта аса зәру мәселе – кітап бетін ашпайтын жастарға үлгі боларлық жай. Абайдың балаларын кітап оқуға тартуында білімге, ғылымға ұмтылдыру талабы аңғарылады.

Баймағамбетпен бір ауладағы оңаша тамға кірген Дәрмен мен Мәкеннің өз тірлігі бар. Дәрменнің оңашалықты сүйюі, жылы, жайлы бөлмеде домбыра тартып, соның әуен-ырғағымен жаңаша жырлар туындатуы – өнердегі ізденіс нышаны. Дәрменнің де шығармашылықпен айналысуы Абай өнегесі екенін сезінеміз. Ал Мәкен ше? Мәкенді күндіз қасына алған Әйгерім бір үлкен шебер, көркем іске ден қойғаны яғни әр түсті манатқа кесте шегетіні айтылады. Жазушы қазақтың байырғы сөздерін баппен пайдалана білген. Әдетте тілдік қолданыста кесте тігу тіркесі бар, ал қаламгер шегеді деген етістікпен береді. Ара тұра жергілікті қолданыстағы диалектіні де енгізеді. Қора сөзі– Семей өңірінде аула ұғымын берсе, Жетісу т.б. жерде тек малдың қысқы, көктемгі қоныс тұрағы.

Мәкеннің өнерлі ісмер, кесте мен оюға шеберлігі – шешесінің берген тәлім-тәрбиесінің ықпалы. Демек, қазақтың «шешесін көр де, қызын ал» деген қағидасын еске салады. Кесте тігушілік, тігіншілік, үлгі тапқыш шеберлігі (дизайн ұғымы – Ә.Т.) көрсетіледі. Мәкеннің оюларын, жақында пішкен тымақ үлгілерін, жақ өрнектері (яғни кимешек және басқа киім өрнектері болса керек) Әйгерім ғана емес Мағаш, Кәкітай, Әлмағамбеттер тарапынан әрдайым мақталып, бағалануы де өнерлі, ісмерлік қабілетін дәлелдей түседі. Абайдың да оның қағазға сызған үлкен-кішілі ою, кесте нақыстарын, гүлдерін, шеберлеп қиыстырған өрнек үлгілерін қызыға, көп үңіле қарауы – шеберлікке сүйсіну белгісі.

Абайдың Әйгерімнен қай кесте, қай оюдың, қандай орынға келетінін сұрастырып, кейбір өрнектерге қолданатын түйін жіптің түрлерін, бояуын таңдауы да – үлкен өнерді құрметтеп, қаншалықты ой-таныммен, ізденіспен келетіндігін байқап, бағалауы. Әйгерім мен Мәкеннің өнері Абайды ғана емес, ауылдағы үлкенді-

кішілі ерлерді қызықтыра араластыруы өнер ғана емес үлкен іс деп пайымдалады. Екеуінің шеберлігі абысын-ажындық татулығының, ынтымағының күнделікті қарым-қатынастан бөлек, осылайша өнерде нығаюын көрсетеді.

Маталар мен түрлі-түсті жіптер Әйгерімнің жаздан ойластырып, қалашылардан түрлі қымбат алғызып, үлкен іске ертеден әзірленіп кіріскені айтушы әнгімелеуінде сипатталады.

«Әйгерімнің жаздан бергі қалашыларға әдейілеп тапсырып, алғызып жүрген манаттары, мәутілері, мақпалы мен дүриясы, түстері мол түйін жіптері қазір түгелімен керекке жарап жатыр. Биыл Әйгерім мен Мәкен бір жақсы, үлкен тұскиіз оюлап, кестелеуге кіріскен. Осылайша Ақшоқыдағы ауылдың екі қорасында, әр бөлмесінде әр алуан еңбекке берілген, адал еңбек адамдарының күндері өтіп жатқан-ды» [41. 411.].

Ақшоқыдағы қыстап шыққан ауылдың кәсіпшілікпен, өнермен айналысып жатқаны, осының бәрі Абай мен Әйгерімнің де өнегесі ретінде ерекшеленеді. Ең бастысы Абайдың жазу ісі мен кітап оқуды қатар алып жүргені де – шығармашылыққа мықтап ден қою белгісі. Бұған Мағыш пен Кәкітайды баулуы да – осынау өркенді, өнегелі үрдістің ұрпаққа ұштасуы. Осылайша автор Абай ауылының өнері мен мәдениетінің тынысын сездіреді.

Абайдың Әйгерімнен қағазға сызған ою, кесте-нақыстарын білуге қызығушылығы, қай кесте, қай оюдың қандай орынға келетінін, өрнектерге жұмсайтын түйін жіп түрлерін, бояуын тандасуы да үлкен өнерге деген ықылас, пейілін танытады. Бір жағынан, білмекке құмарлық сезімін де байқатады.

Эпопеяда Абай шығармаларын түсіну, түйсіну, талдау, ой таныммен таразылау, сараптау, бағалау – бәрі-бәрі жазу өнерінің үлгі істері сипатында сабақтасқан. Алғашқы 1-2 томда Абай әндерінің халыққа таралуы, көпшіліктің ықылас-пейілі әнгімеленеді. Ақын жырлары мен аудармаларының елдің мейірім-махаббатына бөленуі – көп оқып, іздену айғағы.

Екінші кітапта Абайдың қара сөздерінің құндылығы сараланады. Кейде ол қабылдаушы жұртшылық тарапынан мақұлданып, қоштау тапса, кей жағдайда айтушы баяндауымен беріледі.

«Ұлы жүрек түбіндегі ең соңғы бір кенже, таусыншық асыл туыс па екен! Қара сөзбен айтқаны болмаса, жаңағы Дәрмен-

нің өзі қайталап айтқан Абай сөздері соншалық бір терең, көркем! Бар өлеңнен де өктем бір окшау өлең ғой! Толысып, туғалы тұрған терең сырлы сымбат қой. Толқыған теңіз түбімен атылып шығатын меруерттей кесек қымбат дүние ғой!.. Осы және Абай өткен шабытты ақын өмірінің, еңбекке толы азамат ойының, ойға толы өмірінің екшеліп келген, сараланған жиын жайы екен» [41. 596].

Абайдың қара сөздерін Дәрменнің бағалауы да – тәлімдік, тағылымдық ықпалының нәтижесі. Қара сөздерінің терең де көркем ой-тұжырымын ерекшелей келе, «бар өлеңнен де өктем бір окшау өлең ғой!» деп айқындап, даралайды. Абайдың қара сөзбен жазылған философиялық ойларының поэзия тіліндей әдемі де, әсерлі жазылғанын атап көрсетеді. Алған жерін поэтикалық көркем бейнелеумен биіктете түседі. «Толысып, туғалы тұрған терең сырлы сымбат қой. Толқыған теңіз түбінен атылып шығатын меруерттей кесек қымбат дүние ғой!» деп қасиеті құндылығын арттырады, өміршендегін өнегелейді.

«Дәрмен ойы ұзай түсті. Кең шабытпен байқап шолып аңдаса, Абай өзін: ұзақ өмір бойында сол сахараға гүлдер шашқан, асыл ұрықтар таратқан бәйтерекке теңепті. Сонысы дәл ғой. Айнымас әділ, анық шын ғой. Осыны және қай кезде айтыпты? Жай түсіп соңғы бұтақтары сынып, қу түбірдей жалғыз қалған, жайрап қалған күнінде тағдырына арыз-айып еткендей, өкім айтып өтіпті. Бұл зәулім шынардың ең соңғы қалған үш-төрт жемісті балғын бұтақтары бар еді. Оның бірі – Мағаш. Бірі халқының қадірлісі – Базаралы. Тағы бірі – Абайдың бала, бозбала шағынан осы күнге дейін өмірде бір рет, бір де бір, сәл ғана қабақ шытындырып көрмеген айнымас досы, бар туғаннан да жақын туған, өмір серік жан досы Ербол еді. Осының үшеуі бірдей сынып құлап түскен күні жаңағыдай жан жалынын атқан екен асыл көкірек!

Дәрмен енді ойласа: «Базаралыға, Ерболға, Мағашқа Абайдың айтқан «кош-кошы» да достық, аталық «арыз-қошы» осы. Жаны жылап тудырған жоқтауы да осы екен-ау!..» [41. 596].

Абайдың дара болмыс-бітімін, зор адамгершілік қасиетін, талант-қабілетін ерекшелеп, пайымдап бағалайды. «Ұзақ өмір бойында сол сахараға гүлдер шашқан, асыл ұрықтар таратқан бәйтерекке» теңейді. Бұл – Дәрменнің Абайдың өмірі мен шығармашылығына берген бағалауы ғана емес, кемең-

гер тұлғасына, керемет поэзиясы мен ғажайып кара сөздеріне білдірген пайымдауы. Бұл кітап сөзі ғана емес, автор ұстанымы, тереңнен талданып, сараланған тарихи тұжырым. Ол бүгін де, ертең де өз мәнін жоғалтпай, қадір-құрметіне бөлей береді. Жазушы сөзімен тұжырымдасақ, «Айнымас әділ, анық шын, дәл» пайымдау. Данышпан даналығын даралаудың жүрек тереңіндегі керемет кесімі. Жемісті де гүлді бәйтеректің, саялы балғын бұтақтары санатында Мағаш, Базаралы, Ербол есімдері аталады. Қадірлі де кимас жандардың, жұртшылық жанашырларының жоқтап, азалы көкіректен шыққан күрсіністі үні ретінде сезіледі. Жүрегі мен жаны жылап олардың асыл болмысын көзбен іздеп, енді мәңгі бақи таба алмасын сезінген шерлі көңілдің тебіреніс толғанысы – асыл сөздің ардақтысымен кимай қоштасқан ақтық байламы.

Абай балаларға «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін оқып береді де, Көкбай өлеңі деп таныстырып, оның атынан өнегелік өсиет айтады. «...Адам болам деп оқыңдар. Аймағыма жақсылығым жетеді, адал азамат болам деп, халықтың камқоры, болам деп оқыңдар!» – деген осы өсиетте оқу-білімнің мән-мақсаты айқындалады, елдің ертеңі жастарды жаңа заманға бейімделуге шақырған өмірлік ұстанымы сипатында аңғарылады. Абайдың келешек жастарға айтар тілегі, аманат-өсиеті: біріншіден, адам болып қалу. Оқу-білімді меңгерумен бірге адамгершілік, имандылықты бойда қалыптастыру, туған еліне, өскен өңіріне пайдасын тигізу, қызмет ету. Нағыз адам болумен бірге, адал азаматтық тұлғаға айналу өнегесін ұсынады. Бұл – екі. Үшіншісі, оқуды талап етуі – халыққа камқорлық жасау. Бұл – бәрінен биік, бәрінен зор талап. Оқуды өз мүдде-мақсатына, кара басынның қамына пайдаланба, халқының мұң-мұқтажына көмектес, елінің елдігіне қызмет ет, білім-қажырыңды жұртыңның игілігіне жұмса деген ғибрат айтады. Абайдың осынау ұлағатты ойлары адамзаттың ұлы ойшылдары мен ғұламаларының асыл мұратымен де үндес. Абай өлеңінің мағынасын, мән-маңызын ғибратты пайымдауларымен айқындап ашуы арқылы автор бұл қағидаттардың мәңгілік құндылығын өнегелейді. Тереңдей түйсінсек, бүгінгі күнмен де сабақтасады. Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқып алып, елден безіп, жат жерді кезіп жүргендерге бағытталғандай.

Л. Әуезова «Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қакқанға, Шелтірейтіп орысың, шенді шекпен жапқанға» деген жыр жолдарының эпопеядағы Қарамола төтенше съезіне келген генерал-губернатордың алдында болыстардың құрдай жорғалау оқиғасымен салыстырып, өленді шығармаға пайдаланғандығын атап өтеді [1. 211.].

Романдағы қазақ даласындағы отарлық биліктің ықпалы болыс-байлардың орыс әкімшілігіне, шенеуніктеріне қызмет ету, жағыну психологиясын көрсететін сюжеттер қызықты оқылады.

Абай жырларының, әндерінің ел сүйіспеншілігіне бөленуі диалогтармен де, авторлық сипаттаумен де беріледі.

«Осы қалада қыз ұзатылса, келін түссе, шілдехана болса, айт пен той, ойын-жиын жасалса Абайдың сөзі, әндері көп жерде-ақ айтыла, атала жүретін» [41. 500.].

Абайдың өлеңі мен әндерінің халық арасына таралып, жатталып, көшірілуі де ақындық әрі композиторлық талантының шындалу шағын көрсетеді. Ел арасындағы қадірін де биіктетеді. Халық тарапынан айтылған керемет лебіздердің бірі, «алпыс екі тамырды шымырлатқан сөз...» деп бағаланады. Бұл Абайдың шешендігін бағалап, құрметтеу ғана емес, көпшіліктің көкейіндегі ойын дөп басуын білдіреді.

Абай өлеңдері мен әндері дала жұртшылығының қандай ыстық ықыласына бөленсе, қала халқы да ойын-сауықты той-думанда сүйсіне орындауынан бөлек, қасиетті айт мерекелерінде де айтады. Автор осылайша Абай жырлары мен әндерінің жұртшылыққа кеңінен таныла бастауын, әндерге деген елінің құштарлық, ықыласын да қоса көрсетеді.

М. Әуезов роман-эпопеяның екінші кітабында Абай шығармаларының ел арасына таралуын, халықтың өлең-жырлары мен қарасөздерін ұғынып, талдауына көңіл бөлген. Ақын қарасөздерін оқыған көзі ашық, көңілі ояу адам тағылымдық ой қуатынан, өнегелік мағынасынан қандай да бір әсер, ғибрат алады. Кейде сол қара сөздегі ойға автор өз түсінігін, байламын жеткізеді. Мұны Айтқазының кезекті жиында Абай қарасөзінен мысал келтіре сөйлеуінен аңғарамыз.

«Ендігі бір кезек сөзді Айтқазы іліп әкетіп еді. Ол: «Жақсы адамды қарқ қылатын өмір жоқ, есер-есірік болмасаң тіршіліктен пайда жоқ» деген Абайдың өз сөзін еске алып өтті. Және

де Абай өлеңін, қарасөзін ұғып жүрген, жадында сақтап жүрген кісі екенін байқатып, бүгінгі тірлікте саналы адамға қуаныштан қайғы көп екенін де ескертті. Сөйте келіп ол епті, шеберлікпен өз ойына оралды. Жаман да болса өз елі, надан да болса өз ортасы. Жақсының ортасына кешірімі болмаса дүние дүние бола ма? – деген бір ойды да түйген еді. Осы жайды аяқтай келіп ол: «Абай аға, өзіңіздің өсиеттеріңізден менің бір тағы да аңдағаным бар еді. «Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі» деген бір ақылыңызды ұққан тәрізді едім. Сізге сол жөнде «ерім» деп кеп отырған жоқ па, мынау халқың!» – деді.[41]

Айтқазының қарасөздерді тілге тиек ете сөйлеуі, өмірде қуаныштан қайғы көп екенін көпшілікке ескертуі, ойға тоқыған тағыллымы. Ақын жырларын, қара сөздерін үнемі оқып, өзін рухани жетілдіріп жүреді. Елді қанша жаман, надан десе де, өз ортасына айтылған өнегелі сөздер деп жақсының ортасына кешірімшіл болу қажеттілігін білдіреді. Тіпті Абайдың «Жақсылыққа жақсылық әркімнің ісі, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі» деген ғибратты тұжырымының астарына мән береді. Абайды ел еріне балайтынын меңзеп, Оразбай жайын алға тартқанын, өзінің қарасөзінен өзіне жауап іздеп отырғанын ғұлама да сезеді. Айтқазының ойлары ақылды, шешімді, орамды болғанымен, әрбір сөздің өз орны, жөні барын еске алуы да ақынның арыдан ойлап, тереңнен толғайтын данышпандығын көрсетеді.

Шығармада Абай ақындығымен бірге, данышпандығы, ойшылдылығы ғана көрініп қоймайды, ақын-жырауларымен араласуы арқылы халық поэзиясын бағалауы да байқалады. Абай ел ішінің өнерпаздарын да, сөздің майын тамызып сөйлейтін шешендігіне де үнемі назар аударып отырады. Романда Абайдың орта жүздің төрт белді руынан келген сөзге жүйрік мықтыларының бас қосуында осы қырын алға шығарады.

«Осының артынан бір күннен соң Абайға «сәлем береміз» деп бір топ адам келді. Бұлар – Керейдің Бегеші, Уақтың Серкесі, Найман, Сыбанның Қамбары, Қаракесектің Ақпаны, қысқасы энеугі «төрт арыс, Орта жүздің тобы» деген қауымынан әдейі-леп келген кісілер. Жаңағы төртеуіне қосылып қарағай ішіндегі Белағаштың бүгінгі пысық, жүйрік дейтін адамы, сүйегі Тобықты – Айтқазы ілесе келген. Ол Абаймен қонағасы араласы

бар болғандықтан, әлгі кісілер әдейі шақырып, қастарына ертіп алысқан.

Абайға келгенде де алғашқы сөзді Бегеш бастады. Ол өзінің алыстан орағытқан, үйіршікті құбажондатаып келетін шешендігін Абайдың алдында да іріккен жоқ. Үйреншікті машығынан өзгермеді. Сөзінің арасына әуелі Абайдың білімді жақсы екенін бір қосты. Сол тұста: білім бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ әлдекімнің азығы деп кестелей бір орап кетті. Сонда Абайдай жақсыны, надан елін жақсылыққа бастап отыратын қалпынан ауса не болмақ!? Халық ұстазынан айрылса не таппақ? Ел не? Ел – жақсымен ел. Басшысы болмаған елде елдік бар ма? Сағымдай құбылып сабындай бұзылып іріп-шіріп өте барады да? Жақсы деген оңай ма, ол жиі кездесе ме? Кездеспейді. Талай жан бар, аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды! – деп тыңдаушының санасына қонарлық аса бір өтімді сөздер айта бастады.

Абай бұл тұста Бегештің шешендігін бағалай отырып, сәл ғана бір ауыр ойдың ащы шындығын сол Бегештің өзінің шешендігіне сай етіп, оның айтқан кестелі тіліне мегзей сөйлеп, қысқа қайырды.

– Ай, Бегеш-ай, бұл айтқан сөзіңнің бәрі дұрыс болғанда, қалып жатқан қасірет тағы бар ғой. Қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабаны бол! Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол десе не дейсің!? – деп Бегешті біраз аңырттып, тоқтатып қалды» [41. 525].

Олардың әдейілеп келгені, сол пысық, жүйріктерінің қатарында Тобықты елінің Абаймен бұрыннан аралас-құралас Айтқазының болуы баяндалады. Алғашқы сөзді бастаған Бегештің Абайды мақтауының да себебі бар. Надан елін жақсылыққа бастап отырғанын сөз ете келіп, Абайға қарата лекілдете ойын төгіп тастайды. Бегештің «білім бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ әлдекімнің азығы», «Ел – жақсымен ел. Басшысы болмаған елді бар ма? Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып іріп-шіріп өте барады» деуі, немесе «Талай жан бар аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды» деген нақыл сөздерінің мәні де терең, ойы да шалқар. Жазушы Бегеш ойлары арқылы халықтың шешендік өнерінің мықтылығын, талай ғасырдан жалғасқан дәстүрін есіне салады. Осынау мағыналы да толғанысты байламдар қарасөзден дес бермейтін, көзі ашық, саналы,

алғыр ақылшыларының елдің ішінде аз еместігін білдіреді. Бегеш – Абай заманында өмір сүрген, керей руының сөзге шешен, алғыр ойлы игі жақсыларының бірі. Ақын оны көз тірісінде құрметтеп қадірлеген.

Айтушы мұны «тоқтаушының санасына қонарлық аса бір өтімді сөздер» деп бағалайды. Абай да мұндай кестелі тілге өз пайымдауын жеткізеді. Бегештің өзіне қарата сөйлеген ащы шындығына даналық тағылымын жолдайды. Бегеш сөзінің дұрыстығын, шешендік ой-танымын бағалайды. Оған деген жүрегінің ақиқатын алға тартады. «Қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабағы бол! Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол!» деген ғибраттық ғақлиялар шешендік сөзге сай тапқыр да тағлымды жауап қайтару ғана емес, Абайдың астарлы ойдың сырын терең түсініп, оған өз байлауын бүкпесіз жеткізе білген зор білімдарлығы, данышпандығы айқын аңғарылады. Абай шешендік сөзді бағалап, оның мағынасын тереңнен пайымдап, парасатты пайымдау білдіреді, көпшіліктің ойымен санасып, ықыласты пейілін жеткізеді.

Әзімхан төренің «Қазақтың ең жақсы ақыны Бұқар жырау болатын!», – деп әйгілі жырауды төре, болыстардың, ел жақсыларының аузынан бағалатады. Мұны автор Бұқар жырау және Шортанбай, Мұрат, Дулат сияқты ақындарды ескі заманды жырлады, орысқа қосылуды құптады деген сан түрлі жаламен, шығармашылығын зерттеген ғалымдар басына қара бұлт үйірілген кезде, қалайда тарих, ұрпақ кешірімесін сезгендей жазып отыр. Айтпауға да болар еді, қалайда амалын тауып көрсеткен. Өйткені Бұқар жырау – Абылай ханның ақылшы-кеңесшісі, ханның зор қайраткерлік қызметін, ерлік істерін жеңісті шайқастарын шынайы әрі орыс отарлаушының елге қандай қасірет әкелгенін жырлаған абыз ақын. Коммунистік идеология Абылай, Кенесары туралы тарихи тұлғаларға ғана емес, халық ауыз әдебиетіне, ақын-жыраулар мұраларына көпе-көрнеу қиянат жасап, тарихи тұлғалар мен дәуірді жоққа шығаруға тырысқанда, оларды атау да қиын болатын. Көреген Мұхтар Әуезов мұның да жолын таба білген, ашық айту абырой әкелмесін пайымдап, абайлап айтқан. Хан, төрелердің жоғын жоқтаушы жырау сипатында көрсетеді. Онымен қоймай, Абайдың Бұқар жырау, Шортанбай, Дулатқа қатысты белгілі шумағына негіздеп,

Бұқар мен Абайдың шығармашылығын сараптап, салмақтайды. Бұған Шұбардың жауабын береді.

– Сіз Бұқарды жақсы дедіңіз ғой. Ал біздің Абай сол Бұқар жыраумен де шайқасып, мүйізін іле кеткен бір жері бар! – деп Абайдың белгілі өлеңін айтты. Қабақ түйе, жақтырмай тындап отырған төренің құлағына әдейі көтеріңкі үнмен естірте сөйлеп:

«Шортанбай Дулат пенен Бұқар жырау өлені бірі жамау, бірі құрау!» – дей түсіп, төреге қабақ қағып, иек көтерді.

Әзімхан төре (Әлихан – Ә.Т.) осыдан әрі Абай сөзін тыңдағанды тоқтатып қойды. «Ол қазақтың хандарын дұрыс мақтаған, өз заманындағы қазақтың кемел ақыны! – деп Бұқарды өзінің дәл бүгінгі ханшыл, жуаншыл, бишіл ойымен әбден туысы жақын, ниеті түзу ақын етіп көтеріп, сөйлеп кетті» [41. 475.].

Бір қарағанда Абайды Бұқарға қарсы қойған тәрізденеді. Әйтсе де Әзімхан төре оған көкейкесті пікірін нақ пайымдайды. Оның ұстанымында «Бұқар – қазақ хандарын дұрыс мақтаған кемел ақын». Осынау сөздермен-ақ суреткер сол қилы да қиын заманда ел ардақтыларын кеңестік идеология нақақтан қаралап, шығармаларын орынсыз айыптаған уақыт та түбінде ақиқат анықталарын аңғарып, Әзімхан пікірімен бағалаған.

Ауылдың алты аузын Базаралы бастаған соң домбыра Көкбайға ұсынылады. Бұл эпизодта Көкбайдың Абылайды жырлауы баяндалады.

«Көкбай бірталай уақыт жырлағанда, Абылайды мадақтап сөйлеген. Енді самауыр қайта кіргенде, Абылайдың нәсілдеріне ауысып соларды қошеметтей бастап еді. Дәл осы уақытта Базаралы Көкбайды санынан қақты да, «тоқташы» дегендей белгі етті. Көкбай Абайға қарап еді, көптен салқын қабақпен тындап отырған Абай да, тоқтағанын мақұл көргендей екен». [41]

Алайда Көкбайдың алдымен Абылайды, одан кейін даңқты ханның ұрпақтарын жырлауын Базаралы ұнатпай тоқтатады. Мұны салқын қабақпен тындап отырған Абайдың мақұлдағаны Базаралыны қолдағанын сездіреді.

Базаралының Көкбайға салқын қарап, Абылайды жырлауы көңіліне жақпағанын айтуында мән бар. Мұны Абай да қостап, Көкбай жырын сынға алу себебі неде?.

Көкбайдың «алдияр асыл ханым», «әруағыңнан айналайын» – деп Абылай ханды, оның ерлік істерін, елге сіңірген қайраткерлік

қызметін мадақтауына қарсылық білдіреді. «Осы хан, сұлтанды көкसेп, маңырап талай надан ақын баяғының өзінде тоздырып болмады ма» – деп кекесінді мысқылымен Абайды сөзге тартуы да – жазушының сол кезеңдегі идеологияның талап-шарттарымен амалсыз санасуы. Сол жылдарда хан, сұлтандарды тарихта қаралап, фольклорда дәріптеген ақын-жырауларды феодалдық дәуірді көкसेген деп, шығармаларын таптық, партиялық әдебиет ағымында теріске шығарған уақытта қалайда бір нәрсені құрбан етіп, екіншісін сақтап қалудың көркем өнердегі бір айласы еді. Арғы бабалары Абылайдың қол астында соғысып келгені және көне көздерден көкірегіне сіндірген, ұлы хан жорықтарын, ауызша тарихтың ақиқаттарын ойына сақтап, Көкбайға ұзақ баяндап беріп, дастан жаздырып, оны құштарлықпен тыңдаған Абай ұлы ханды өле-өлгенше ардақтаған. Абылай, Кеңесары есімдерін коммунистік идеология ұлт тарихынан мүлдем өшіріп, хандарды дәріптеді деп оңсыз да әрбір сөзден саяси қателік іздеген зұлым пиғылдарға бір айласын табу қажет еді. Абылай жайлы алғашқы кітаптағы ақиқаттарын амалсыз өзгертуге мәжбүрлеген кеңестік идеологияда романды жарыққа шығару үшін әдейі жасалған әрекет болатын. Мұны түсінгендер түсінді. Түсінбегендер ұлы жазушы қалай даңқты тарихи тұлғаларға қарсы шықты деп айыптамасы анық еді. Абылай тұлғасын, ерлігін жырлаған Көкбайдың дастаны «көкейіне қонбай, көңіліне жақпаған» кезде соңғы байлауды Абай айтады. Онда Абылайды жырлау сын екенін, Наурызбайлардың көпті сорлатып, қатал сойқандары үшін әділ жазалаған, көпті қырған бүлік содырлар т.с.с. айыптауы да, Базаралының пікірін адал сөзге балауы да – сол кезеңдегі коммунистік партияның ұлттық тарихи тұлғаларды қаралаған қаулысының салдары. Қазақтың қамқоры орысты қырған ханды Әзіретәліге теңеді десе, халықты сатқан азғын топ – хан-сұлтанның қамқоры болған, қазақты орысқа өшіктіруші деп қатал айыптауы да – қағазға қиналыспен түсті. Мұны жазбасқа жазушыда ешқандай шара қалмаған еді. Кеңестік әдебиет партиялық талаппен, таптық жіктеумен, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» қатаң жүйеде ең қиыны, ең сорақысы Абылай, Кеңесары, Наурызбай және қазақтың хан, сұлтан, би-батырларын ұлттық санадан өшіріп, қиянатшыл қаулымен жоққа шығаруға тырысқанда өз басындағы қауіп бұлттын ысырып тастап, Абайға тиер сокқыдан да арашалауға жанын

салды. Сол заманның сұм саясатының сойылын сілтеп, көзі ашық білімділерді құртқан жауыздарға мұндай айыптаулар қажеттілігін жазушы жақсы білді. Кенесары жайлы пьесасы үшін қаншама қиянат-қорлық көрді. Күндердің күні ұлы тұлғаларын халқы ақтап алатынын, көреген көкірек сезген де шығар.

Көкбай Абылайдың жорығы туралы көп әңгіменің бірі ретінде Қабанбайдың «Дарабоз» атануына себеп болған аңыздағы ерлік оқиғасын баяндауы жастардың ойын өткен тарихқа, тарихи тұлғаға аудару мақсатынан туғаны белгілі. Одан кейін Абылай шабуылының атақтылары «Шанды шабуыл», «Қоржын қаққан» және ең үлкен бітім «Қандыжап» жайлы мәлімет беріледі. Мұнда қазақтың жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысын айтумен Абылайдай ұлы ханның, тарихи қайраткердің қолбасшылық саясаткерлік, дипломатиялық талантына құрмет байқалады. М. Әуезов роман-эпопеяны жазған кезде арнайы қаулы шығып, Абылай, Кенесары және басқа да хандар мен би, батырларды дәріптеуге тыйым салынды. Ұлт әдебиеті идеологияның катал қысымын көрді. Романның алғашқы нұсқасында Абылайды дәріптеді деп сынға ұшыраған жазушы амалсыз көзқарасын өзгертуді жөн көрді.

Көкбайдан қалың бейіттегі Орта жүздің әр руларының таңбасы бар тастарды көріп, мәнісін сұрап, одан кейін, орта тұсына тоқтап, жүгініп отырып, «сүниәтәні» мақамдап созып, құран оқып, бата қылуы да қазақ жерінің әр бұрышында өткен дәуірдің ұмтылмас белгілерін еске алу ұғымын білдіреді. Құран оқып, бата қылу – ата-бабалар аруағына тағзым. Мұны ұлы суреткер осылай астарлы жеткізген. Әрі тарихи өңірлерді, әйгілі тарихи тұлғаларды еске алып, қастерлеуді пайымдайды.

Өз елінің салт-дәстүрін, әдеби мұраларын құрметте, тарих ескерткіштерін зертте, біл, жердің елдің тарихын, тарихи орындарын сақтап, оны халық игілігіне пайдалан, ұрпақ санасына ұялат деген ұлы ұғым ұшқындайды.

Көкбайдың «... Енді мен Абылайды жазамын, жазғанда үлкен дастан етіп бар қазақтың баласы Абылайдың аруағынан айналатын етіп жазамын» деуі де Абылайға деген керемет сүйіспеншілік және даңқты хан ерлік істерін заманға, келер ұрпаққа ұлағаттау сезіледі.

«Абылай тұсында, оны қанша мақтап көтерсем де Абай ағам теріс демейді, демеске керек. Өйткені қазақтың бұдан артық

әулиесі болмаған» деп Көкбайдың Абылай аруағын аспандатып, оны әулиеге тенеуі де өмірлік шындық [41. 153]. Жазушы осы тұста саясат шырғауына ілігіп қалмау үшін, еріксіз Абылайды даңқты хан, қазақтың артық әулиесі деп мадақтауды Көкбай аузына салған. Нақты деректерге сүйенсек, Абылай туралы ғибратты әңгімелерді Абай Көкбайға әңгімелеп беріп, әйгілі хан туралы бір жақсы дастан жазуын өтінген. Коммунистік идеология жүйесінде әдебиетте тарихи шындыққа жүгіну мүмкін емес еді. Алайда М. Әуезов «Ақындар ағасы» романында алғашында осылай жасады да. Бірақ әдебиетті қатаң коммунистік идеология шартына бағынышты еткен үкімет дәл осы батыл қадамы үшін роман авторын айыптады да. Ұлы суреткер Абылай даңқына, ерлігіне құрметті қалайда шығармадан алып тастауды құп көрмеді. Сөйтіп мұның да бір амалын тапты. Көкбайды Абылайды жақтаушы, қолдаушы етіп көрсетті. Тіпті мұнысы Дәрмен бастаған жастар тарапынан қарсылық табады. Мұны Көкбай мен Дәрменнің диалогтағы қақтығысынан аңғарамыз.

«Дәрмен Көкбайдың бір жаққа лағып кеткен қыңырлығын ұнатпай,

– Әулиесі дейсіз, біз Абай ағамның тәрбиесі, өсиеті бойынша келер әулие-әнбиені де сынап, талдап алатын болмап па ек?»

Бір карағанда Абылай туралы Абай көзқарасы теріс дегенге саяды. Бұған Көкбай да өз ұйғарымын білдіреді.

– Қой, шырағым, бүйтіп асқақтама!

Абылай – Қазақтың ұлы ханы, оған тіл тигізгенді көтере алмаймын» [41. 154.].

Көкбайдың аузымен Абылай – қазақтың ұлы ханы деген тарихи маңызы зор тұжырымды жеткізеді. Абылайға қарсылық білдіргендерге табанды тойтарыс береді. Диалог соңы Дәрменнің: «Бетіңізден жарылғасын, хан-төренің кілеміне түсіп, адыра қалған дәуреннің шашпауын көтермек болыпсыз» – деп кекетуі де амалсыз идеологиялық талап-шартынан айналып өтудің амалы еді.

Жазушы Көкбай мен Дәрмен әңгімесінде Абылайдың қайраткерлік, хандық даңқ дәрежесін, ерлік істерін талқыға салу арқылы қазақ қоғамында әдебиетші, тарихшы ғалымдардың сол кездегі саяси тартысынан хабар береді. Дәрменді даптаушы, Көкбайды жақтаушы етіп карама-қарсы қояды. Сөйтіп сол кездегі зиялы қауымның басына қатер төндірген Абылай, Кенесары

ісіне қатысты саяси мәселелердің өнін айналдырып, көпшіліктен қолдау таппаған мағынада береді. М. Әуезов советтік сұмпайы саясат бөгет жасамағанда Абылай туралы ғаламат бір тарихи роман жазар еді ау. Жазушының Абылай хан дәуірі мен тұлғасы туралы көзқарасына, ұстанымына тарихи-әдеби монографиямызда нақтылы тоқталғанбыз. [58]

Абайдың ақын, жыршылармен, өнерпаздармен ойын-сауық, той-думанда бас қосуы өнер мерекесіндей әсерлендірсе, ел арасындағы шешендермен отырысы салиқалы, салмақты ойлы сөздерді сабырмен, сүйсіне тындаудан бөлек, кейде пайымды, танымды пікірталасқа ұласып кетеді. Кейде ұтымды ұлағатты ойтұжырымдарды бағалауға да ұштасады. Мұны Серке, Қалимен отырыстағы Абайдың жүйрік тіл, өткір ойдан төгілген сөздеріне жақсы лебізін білдіруінен байқаймыз. Диалогта сөз көрігін қыздырған Абай ерекшеленеді.

– Жаңағы сен айтқан сөздің орнына бұл тұста басқа бір ой орай емес пе? Жауызға айтқан жақсы сөз – суға жазған сертпен тең емес пе? – деп, мынау отырған төрт-бес кісіні, тапқыр ойының жалт еткен бір көркімен таң қалдырды.

Серке Абайды тындауды әр кезде жақсы көретін. Әсіресе, былтырғы Арқаттың шербешнайында өз елінің жуандарын Уақтың көп момын еліне жығып берген куәлігінен кейін, ол Абайды сырттай мақтай жүретін. Қазір жаңағы Абай сөзін Серке қуана күліп, қатты сүйсініп қарсы алды.

– Обалы сенгір қабақтай, көлеңкесі дарактай! – деп, Абай мырза қазақ баласынан біреуді ауызға алар болса-ақ айтатынымыз өзіңіз емес пе! Сізді сақтай алмасақ, бұл орта жүз болып елдіктен кетпейміз бе? Сол қасиетіңді жоқтап кеп отырмыз ғой! – деген еді.

Абай бұған да онша емексіген жоқ. «Қасиет деген сақтаса қасиет, былғаса, таптаса, тұнығын ылайлап қорласа, немесе сындырса ол қасиет қайда кетті, соны ойлау керек қой!» – дегендей ойды айта отырып, ендігі сөзін бір жақсының айтқан көрікті ойымен дәлелдемек болды.

– Атақты Шайхы-Сағди: «Бадахшының лағыл тасын сындыру онай, бірақ сындырғаныңды жамап көрші» дегені қане! – деп тағы да тоқтап қалды.

Осы топтың ішінде Қаракесектен келген Абайға көптен таныс, сан рет мәжілістес, дастархандас болған қаланың бір ше-

шен қазағы Қали болатын. Бұны «Қали Ақбасов» деп қала мекендеген қазақ, ноғайдың бәрі білгір адам қатарында санайтын. Ол жаңағы Абай айтқан сөзге өзі білген үлгілі бір сөзді қоса сөйледі.

– Дән көтерген құмырсқа тимеші, алысқаны өмір ғой. Өмір сондай абзал ғой! – деген еді ғой Фердауси. Есіңізде шығар, Абай мырза. Сенің жоқшың болғанда, сол елінің дәнін көтерген құмырсқа деп жоқтағым келеді ғой. Бұл үшін мен айыпты болмасам керек. Мынау келген ағайынның аралық сөзді бос қысыр кенес қып бастаған жоқ. Айтыла берсе сөз көп емес пе! Бірақ дәл осы тұста «ауыз – дарбаза, сөз – самал!» – деп қиуасызды қисындырайық деп отырғанымыз жоқ. Ақылымыз жетсе, қолымыздан келсе бір жағынды жақсылық деп тани отырып-ақ, сол жақсылық пен жамандықты еселестіргіміз келеді. Орта жүздің баласы боп жиылып осы тұста елдігімізді өзімізді сынап көргіміз келеді. Сөз түйіні осы ғой! – деді [41. 526].

«Жауызға айтқан жақсы сөз – суға жазған сертпен тең» деген Абайдың тосын да тапқыр даналық тұжырымына таңданған кісілердің біреуі – Серке. Айтушы Серкенің Абайды не үшін жақсы көретіндігін атап көрсетеді. Абайдың сөздерін тыңдауды ұнататыны – шындықты бет-жүзге қарамай айтуы, әділдігі, турашылдығы. Арқаттың черезвычайный жиынында өз елінің болыс, атқамінерлерін Уақтың момын елі алдында айыптап, қиянатын бетіне басып, маскара етуі. Абайдың тапқыр да тыннан туындатқан сөзін Серке сүйсіне тыңдап, сүйсінген күлкісін тоқтатпай, шын пейілімен мадақтауын білдіреді.

Абаймен жүру айтушы ұғымында – адам жанына олжа табу, ойына ақыл нәрін дарыту. Серкенің мадақтауына онша емексімейді. Авторлық баяндауда Абайдың мақтан сүймейтіндігі, халқына елдің мұң-тілегі үшін аянбай күресуі, қамқорлығы пайымдалады. Оның «қасиет деген сақталса қасиет, былғаса, таптаса, тұнығын ылайлап қорласа, немесе сындырса ол қасиет қайда кетті» – деп қасиетті сақтауды өнегелеуі де адамгершілік пен имандылықтың бір ізгі қағидасындай маңызды. Ақын тұжырымында – адам адамдық қасиетін әркез таза сақтаумен, адамгершілік асыл болмысын биіктетеді. Тыңдаушылардың санасына осыны салмақтап жеткізеді. Сонан соң Сағдидың «Бадахшының лағыл тасын сындыру оңай, бірақ сындырғаныңды жамап көрші» деген даналық

пайымдауын ортаға тастауымен қатысушылардың білімділігін, ой тереңдігін сынға салады. Әрине мұндай астарлы ойға жауап беру оңай емес. Сөз астарын ұққанмен, оған білім, іліммен мысал келтіре жауап қайтару керек. Айтушы осы тұста Абаймен сан рет дастархандас болған, талай жиын-мәжіліске қатысқан Семейдің танымал шешені Қаракесек Қали Ақбасовтың жауабын жеткізеді. Қалидың білімділігі, көп оқитыны Абай сөзіне лайықты жауап қайтаруында ғана емес, Фердауси пайымдауындағы «дән көтерген құмырсқаға» Абайды теңейді. Абайдың елінің мұң-қайғысын, бар ауыртпалығын көтеріп жүрген қажымас қажырлылығын, қамқор болмысын биіктетеді. Бұл Абайға деген заманның бағалауы тәрізденеді. Ол «ауыз – дарбаза, сөз – самал!» деген бос сөзден гөрі жақсылық пен жамандықты таразылап қайсысы басым деген ойға тоқталады. Елдікті сынау мәселесі ортаға салынады.

Абай «сөздің шешендерімен» бас қосқанда ойдан-ой туындап «тапқырлық өнері қозғалып, шалқып шыққан айшықты, қызық ойлы сөздерді» көкейінен еркін ақтарады. Осынау сөзге жүйрік, ойы алғыр адамдармен жаны жарасып, тілегі қабысып, бір ықыласты, әдемі сыр-сұхбат Абай жанына шуақты сезім, әдемі эсер дарытады. Автор бұрыннан дәстүрге айналған шешендік өнерінің Абай заманында жаңаша өріс тапқанын көрсете келіп, талай дау-жанжалдарды, арағайындық араздықта бітімге келтірген шешендік сөз өнерінің қасиеті деп ұғынады. Эпопеяда халықтың сөз өнерінің қасиеті, сөзге тоқтау, құндылығын қастерлеу, сол дәуірдегі шешен, билердің бедел-абыройы да көрінеді. Абай туралы естелік-әңгімелерінде оның әділ шешендерді сыйлап, құрметтеуі жан-жақты баяндалған.

5.5. Тарихи туынды және талант ұлылығы

Жазушының айырықша бір шеберлігі кейіпкерлерді сомдауда түрлі әдеби тәсілдер қолдануынан көрінеді. Өзінен бұрынғы дәуірді суреттеуде Абай төңірегіндегі қаншама кейіпкерлерді шығарманың композициясына өзектестіруі ерекше сезімталдықты, терең танымды қажет етеді.

Кез келген оқиғалар мен жағдайларды ақиқаттан ауытқымай, романда көркем бейнелеуімен заман шындығын өткір көрсетті.

Өмір шындығына неғұрлым терең бойлау арқылы кейіпкерлерді тарихи заман болмысында суреттеді.

М. Әуезов өз алдындағы заманды, оның адамдарын, қоғамды шынайы суреттеді. Қандай кейіпкер болмасын шығармада психологиялық, этикалық, рухани т.б. қырынан суреттеуді қажет етеді. Ал романда бір халықтың классик ақынының өмір жолы шығармашылық кезеңдерімен, сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік құбылыстың барлық сатыларында бейнеленді. Көз көрмеген заманның кейбір көрінісін, бала кезінде елесінде сақталған ұлы акын тұлғасын өмір шындығында суреттеу үлкен білімділікті, сезімталдықты, түйсіктілікті, терең танымдылықты қажет етеді. Шығарма көркемдік шындығымен өмірдің қатқабат кезеңдерін, сан алуан сәттерін кеңінен қармап, сол дәуірдің қалың қатпарларына, тіпті тарихи тұрғыдан жігі ашылмаған қатпарларына бойлатады. Шығарманың өмір шындығын шымыр бейнелеуі Абай тұлғасының сомдалуында ғана емес, акын айналасына топтасқан қаншама адамның тіпті әр сюжетте, эпизодта, штрих, детальдарда бейнеленуі өз алдына, тұтасқан бір дәуір болмысын аша білуінде.

Роман-эпопеяның дара бір қыры – Абай заманының барлық қайшылық-тартыстарымен, жақсылық-жамандықтарымен, мақсат-мұраттарымен айқын көрінуінде. Кеңестік коммунистік жүйенің әдебиетті партиялық, таптық жікке бөлуі туындының композициялық құрылымын, авторлық идея мен көркемдік шешімін өзгерткені анық. Алайда қалам еркіндігі, ой еркіндігі бұғауланған кезеңде осындай асыл туынды жазу үлкен ерлік еді. Бір дәуірдің келбетін, қоғам тынысын жан-жақты бейнелеуде жазушының биік көркемдік елестетуі мен терең түйсігі, батыл болжампаздығы мен көңіл көрегендігі, қиял кеңдігі, әрине, шалқар білімі алып шықты. Мұның өзі әркімге дари бермейтін ерекшелік.

Түйсік фантаст жазушыларға ғана емес әсіресе тарихи шығармалар жазатын қаламгерлерге аса қажет. Өткен ғасырлардағы өмір шындығын жеткізуде, адамдардың тіршілігі мен ой-мақсатын, сезімі мен жандүниесін бейнелеуде сол уақыттың ағынымен, жалпы бұқараның таным-түсінігімен үндесе білу терең түйсік қуатынан туындайды. Мәселен А. Пушкин Испанияда, Англияда болмаса да, испан тақырыбында керемет жырлар

жазды. «Тас мейман», «Чума кезіндегі думан» туындыларында орта ғасырлық Англияны сол жерде тіршілік кешкендей нанымды бейнелеген. К. Паустовский бұл шығармалардың көркемдік шынайылығы тұманды елдің тумалары В. Скотт пен Р. Бернс туындыларынан кем түспейтінін атап кетеді.

М. Әуезов Абайдың шығармашылық өмір жолын суреттеп ғана қойған жоқ, бір дәуірдегі халықтың тарихын, этнографиясын, әдеп нормаларын, өмір сүру үлгісін, эстетикасын, білімге беталысын, өнерін, мәдениетін, кәсібін, тұрмысын, адамдардың мінез-қылығын, таным-түсінігін, табиғатын, әр ортаның сөйлеу сипатын, қысқасы заманның барлық қыр-сырын жан-жақты кескіндеп берді. Кескіндеп берді деу де келіспес, бір дәуірдің болмысын құдіретті қалам қуатымен көз алдына жайып салды. Шығарманы басынан аяғына дейін оқи отырып, композициялық бітімінің беріктігіне, сюжеттерінің тартыстылығы мен оқиғаларының тартымдылығына, шиеленістілігіне, әр жағдайдың, құбылыстың іс-әрекеттің динамикалылығына айқын көз жеткіземіз. Әр оқиға, әр жағдай, әр көрініс, әр сәт көз алдыңызда елес береді. Сол заман тынысымен тыныстатқандай күй кешесіз.

Ұлы даланың ұланғайыр тіршілік-кәсібі, адамдардың заман өзгерісіне көзқарасы, үміт-елестері мен арман-қиялдары да шынайы сипатталған. Бір оқиғадан бір оқиға қызықтырып әкетеді, сол қайшылықты жағдайларға, дау-тартыстарға өзін де араласып кеткендейсің. Бірде ызаланып, ызбарлансаң, бірде аяйсың, бірден іштен тынасың. Абай төңірегіндегі халықтың қалың шоғырына қосылған тілеулес ниеттес, мүдделес көпшіліктің біріндейсің. Ұлы шығарманың адам тәрбиелейтін тәлімдік кереметтілігі де осында.

К. Кодуэл ұғымында: «Ұлы деп қалайда ұсақ та емес, үлкен іспен орындалған, тіпті онда ажал да ұлылықта болатын біз одан өз өмірімізді көре алатын романды атай аламыз. Ұлы полотно біз өмірді қалай көргіміз келсе, оның өзінен де айқынырақ, сезімдік бояуларға толы өмірді көрсете алатындығы. Ұлы музыка болса, ол біздегі бәріміздің ниетімізбен үндесетін эмоцияны қозғай алатын, белсенді мақсаткерлік пен ұлағатты міндеттерді орындай алатындығы» [334-335].

М. Әуезовтің ұлылығы – бір ғасыр бұрынғы заманды барлық қайшылық, тартыстарымен, әлеуметтік жағдайларының күрделі-

лігімен, халық тұрмыс-тіршілігінің небір шиеленісті мәселелерімен шынайы жеткізе білгендігі. Сіз оны оқып, керемет әсерленіп қана қоймайсыз, Абайдың дәуіріне бірге еніп кетесіз. «Сезімдік бояуларға толы өмір» астарына сол заманның қатпарлы қиындықтарымен бірге, қоғамдық, әлеуметтік, саяси, мәдени өмірдің қат-қабат үрдісі де, адамгершілік-рухани ұмтылыстар да, ескінің етектен алған сарқыншықтары да, жаңа уақыт беталысы да керемет тоғысқан.

Коммунистік партия ықпалындағы социалистік реализм әдісіндегі әдебиетте таптық жүйедегі белгілі бір ағымынан шықпау талабы қойылған кезде заман шындығын кең тыныста беру үлкен ізденісті, шеберлікті, асқан білімділікті керек етті. «Анық терең шындық болмаған күйде, адам жаны бар түкпірімен түгел ашылмаған халде, анық шабытты жазылған шынайы көркем роман да, драма да тұмайды...» деп М. Әуезов өте дәл айтқан. Ғұлама суреткер мұны әдебиетте айқын ұстанды. «Абай жолындағы» әр кейіпкерді психологиялық мінездеуімен, портреттік суреттеуімен, диалогтық, монологтық, авторлық баяндау, сипаттау алуандығымен бір ғасырдағы халық тарихын, қайшылық-тартыстарын жан-жақты шебер аша білді. Кейіпкерлердің сөйлеу тілі де өткен заманның шындығын алға тартады. Әр қаһарманның тілді қолдану сипаты өзіндік таным-түсінігіне, кәсібіне, тәрбиелік ықпалына сай берілген. «Әуезов диалогтарының психологиялық қуаты мол, олар персонаж ойы мен сезім қозғалыстарын бедерлейді. Кейіпкер сөзі дараланған, характеріне сай және сонымен бірге нақты бір жағдайдағы көңіл-күйлер сипатын береді» деп академик З. Ахметов кейіпкерлер сөйлеу тілінде өмір құбылыстарына деген әралуан көзқарасын беретін ерекшелігін анықтайды [12. 80.].

Бұл романдағы кейіпкерлер сөздерінің берілу ерекшеліктерінен де байқалады. Әр адамның өзіндік ой-мақсаты, білім-танымы диалогтарда кімнің кім екендігін қапысыз аңғартады. Ойымызды әдебиеттанушы А. Нұркатов байламы толықтыра түседі:

«М. Әуезовтің реалистік суретшілік шеберлігі оның шығарма кейіпкерлеріне сөздік сипаттама (речевая характеристика) беруінен де байқалады. Жазушының қолдануында сөздік сипаттау кейіпкерлерді өзара даралап, бір-бірінен ажыратудың ғана құралы емес, М. Әуезов геройларының сөздерінен олардың ішкі

дүниелері ашылып, өрістері танылып отырады» [53. 202 .]. Мұны өзі де үлкен суреткерлік таным даралығы.

«Диалог деген оқиға желісін әрі қарай шиеленістіретін себептер... «Абай романындағы диалогтар оқиғаны әрі дамытып отырады.

Жазушы кейіпкердің сөзін бастан аяқ тәптіштеп қағаз бетіне түсіре бермейді. Ең жанды жерін береді де сөз жалғасын автор өз атынан, мазмұнын ғана баяндайды» [3. 203.]. З. Шашкин «Абай» романындағы көркемдік ерекшеліктер» мақаласында эпопеядағы диалогтардың қолданылу ерекшелігін айқындайды. М. Әуезовтің тағы бір ерекшелігі – кейіпкерлердің болмысын шынайы көрсете білуінде. Авторлық баяндау, сипаттау да диалогтардағы ойды толықтырып отырады. Шығарманың мазмұндық құрылымы композициялық тұтастықты сабақтастыруға қызмет етеді.

«Жазушы кейіпкерлердің жан диалектикасын» шынайы әрі мол аша алған. Автор Абайдың іс-әрекетінің алуан үлгілерін заман шындығынан, сол дәуірдің даму жолындағы туған қажетінен іздейді» [53. 194 .]. А. Нұркатовтың бұл тұжырымын эпопеяның композициялық бітімінен таба аламыз. Қаншама кейіпкерлер бейнеленген, оларға тән сөйлеу ерекшелігі, іс-әрекеті, мінезі, қарым-қатынасы ұқсап немесе қайталанып кетпейді. Әр бейне өз болмысымен бағалы, өз ерекшелігімен мәнді. Тұтасып жатқан тіршіліктегі ел әрекеті сенімді де нақты.

Эпопеяның сан-салалы мәселелерді ғылым, білім, өнерді қамтуы, қоғамдық өмірдегі халық мәдениетін, тұрмыс-жайын, кәсіп түрлерін кеңінен мазмұндауы – тарихи туындының тәрбиелік, тәлімдік өнегесі. Киіз үйдің құрылысы, жабдықталуы, жиһаздары сол өңірдегі халықтың мезгілдік-маусымға сай киім-кешектері, сәндік үлгілері, кәсіптік құрал-жабдықтары, саймандары, т.б. материалдың болмысы шынайы суреттелген. Сонымен қатар қол өнер, қолданбалы өнер, ұсталық зергерлік кәсіп, қайыс өру, тері илеу, былғары жасау, кесте тоқу, алаша, кілем тоқу т.б. ұлттық кәсіп ерекшеліктері көрсетілген. Ұлттық ойын түрлері нақты бір оқиғамен сабақтастырыла баяндалады.

Абайдың тоғызқұмалақ ойынына әуестігін де халықтың ежелгі дәстүрін құрметтеумен ұштастырады. Абайдың халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қол өнері мен түрлі кәсіпшілігіне араласып, оны қолдап-қуаттауы арқылы ұлт өнерінің білікті білгірі, нағыз

жанашыры бейнесінде суреттейді. Эпопеяда білім, өнер-ғылым, мәдениет, денсаулық, еңбек т.б. сол замандағы қазақ халқының өмір, тұрмыс қажеттіліктері шынайы жазылған.

«М. Әуезовтің шығармашылығында тарихшының мол білімі мен суреткердің данышпандық іштей сезімі етене ұштасады. Осының арқасында оның шығармасы зор танымдық және тәрбиелік құндылыққа ие болып отыр» деп армян әдебиетшісі Наири Зарьян қаламгердің кітаптарының өзгешелігін болмыс ерекшелігімен үйлестіреді. [3]

Тарихи романның тәрбиелік, танымдық, тағылымдық қуаты зор. Ұлы тұлғаның заманның сан алуан мәселелеріне аянбай арпалысып, елдің мұраты мен елдігі жолында қажымай күресуі, адамзаттық ауқымды мәселелер көтеруімен дараланады. М. Әуезов Абай тұлғасын сомдауда, оны ең басты үш қырынан ашуға ұмтылды. Бұл туралы жазушы «Абай – көреген көз, Абай – қайырымды жүрек, Абай – халық данасы – менің қарастыруым да тұтас алғанда осылай, халық сезімінің, ерік қарқындылығының, оның жандүниесінің, оның бойындағы бүкіл асыл дүниенің жүзеге асуы болып табылады. Абай образын мен осылай игілікті ойды іске асыру үшін алдым» – деп жазды [10. 239.].

М. Әуезов Абай бейнесін үлкен көркемдік жинақтаудан өткізген. Ұлы ақын туралы жинаған қыруар материалдың шашауын шығармай, керектісін екшеп алған, кейбір кереғар, қайшылықты жайларды салмақтап, санада сараптаған. Әлемдік тарихи роман шеберлерінің құжаттар мен деректер көзімен жұмыс істеу тәжірибесімен терең танысқан. Қалай пайдалану қажеттігін жан-жақты пайымдаған.

Л. Әуезова «Абайдың тұрмыстағы мінез-құлқының кейбір жақтарын, оның жеке өмірінің кейбір кезеңдерін ашып көрсететін едәуір мол материалды романда пайдаланбағанын айта келіп, өз інісі Оспанның жесірі Еркежанға үйленуі романда көрінбеуін көлденең тартады. Жазушы «Абай өмірбаянын тұтастай туындыда бейнелеуді міндет етпеген. Бір жағынан тарихи шығармада мұның қажеттілігі де шамалы, «творчество адамы туралы роман» болғандықтан, Абай өмір жолының құндылығы – «... істеген ісінде. Ол тұтас алғандағы өмірбаянымен құнды емес, оның құндылығы өмірбаянының біз үшін, болашақ үшін ардақтылығында» [1].

М. Әуезов тарихи шындықты көркем шындыққа өте ұқыпты, шебер пайдаланған. Әрбір деталіне айырықша мән берген, терең талдап саралаған. Мұны «Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер)» кітабындағы «Мен «Абай» және «Абай жолы» романдарын қалай жаздым» деген зерттеулерінен таба аламыз.[61]

Тарихи шығарманың жазылу шартына сай, ең басты міндет – тарихи тұлға өміріне қатысты материалдар жинау. Бұған сонау 1930 жылдардан бастап кіріскен. Абайды жақсы білетін немесе ол жөнінде өз әкелерінен, жақындарынан және ақынның замандастарынан естіген әңгімелерді жазып алған. Осыншама қыруар материалдан өзіне керектісін сұрыптап алған, «кейбір жекеленген, мейлінше сараң жазылған естеліктердің жұпыны да деген үздік-үздік қысқаша мәліметтердің өзінен терең мазмұн таба алған, әр құбылыстардың өзіне жеке-жеке дұрыс баға берген» [1.59-62]. Жекелеген ұсақ детальдардың өзін тарихи нақты құжатқа сүйеніп отырып жазған. Осыдан-ақ эпопеяның композициялық құрылымының тарихи негізінің мықтылығын аңғарамыз.

1917 жылдың жазында жастарға арналған «Абай» атты ғылыми-көпшілік журналы шығарып, оған редактор әрі басылым авторы болып белсене араласқан. Данышпан ақын шығармашылығына ерекше құштарлығынан бөлек, болашақ қазақ әдебиетін дамыту бағытында алғашқы қадам жасаған. Өйткені, 1923 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты монографиясының жарық көруі де аса маңызды елдік парыздың ауқымды бір бөлігі. Ж.Аймауытовпен бірігіп шығарған «Абай» журналы Абай туралы ғаламдық ғаламат туындының жазылуына бастаған бір соны соқпақ болғанға ұқсайды.

Л.М. Әуезова: «Абай жолы» эпопеясының тарихилығы – дәуірдің шынайы көріністерін оның нақты көрсете білуінде, әлеуметтік қарама-қайшылықтар мен ішкі процестерді ашуға ұмтылуында» деп ой түйіндеген [1. 252].

«М. Әуезов Абай бейнесін кең көлемде жинақтап жасады, оның бойына қазақ халқының ең жақсы ұлттық қасиеттерін молынан сыйғыза білді. Кейіпкердің күнделікті әрі жан-жақты ұлттық сипатын көрсету нәтижесінде оның халқының ұлттық ерекшелігі ашыла түседі» – деп әйгілі эпопеяның ұлттық ерекшелігі Абайдың ұлы тұлғасын және ұлттық мінез-бітімін, психологиясын жан-жақты шынайы бейнелеу шеберлігімен ұштастырады [1. 253].

«Қазақ халқын Абай арқылы әлемге танытқан М. Әуезов болса, Әуезовті аспанға көтерген Абайдың тамаша тұлғасы...» Академик Ш. Сәтбаева пайымдауы – романға берілген жоғары бағалау. [3] Шындығында да, М. Әуезов Абайды ақындық өнердің биігінде ғана емес, халықтың арқа тұтар азаматы, нағыз ұлт жанашыры, қайсар да қажырлы қайраткері, елінің елдігін ойлап, келешегі жолында тайсалмай, табанды күрескен патриоты рухында бейнеледі. Абайдың бойындағы алуан асыл адамгершілік қасиеттерін халықпен қарым-қатынастарда, ел мүдесіндегі небір-манызды істерде көрсете білді. Абайдың зор адамгершілік қасиеттерімен бірге, халықтың небір тамаша ұл-қыздарының, дарынды, өнерлі, білімді жастарының жиынтық бейнесі де көрініс береді. Эпопеядағы бас қаһарман Абай болғандықтан да, ұлы ақынның үлгілі болмыс-бітімі, өшпес өсиет сөздері, өмірлік өркенді істері де шынайы берілген.

М. Әуезов жақын ағайын-туыстарынан жазып алған естеліктерде, оның ашық та турашылдығы, мырзалығы, қонақжайлылығы, қайырымдылығы және қажырлылығы ерекшеленеді. Бірде өзі сүймеген адамға күйеуге шығуға қарсылық білдіріп, сүйген жігітіне тиген қыздың басына болыс-билер қатер төндіргенде, өжет аруды алып қашып, жасырынған жігітке қамқорлық көрсеткен екі ғашықтың інкәр жүрегі мәңгі табысуына дәнекерлескен. Абайдың Шәкей, Зағипа деген қыздың өз сүйгендеріне қосылуына және Нүрке қызы мен Айтқазыға, Бәтиқа мен Мұқаға да қамқорлық танытқаны Әрхам естелігінде бар. Абай жаңа заман беталысын аңғарған, жастар жанашыры, ақылшы ағасы.

Ләйла Мұхтарқызы Абай өмірінен кенінен суреттеуде Дәрмен, Дәркембай, бақташы Асан және т.б. кейіпкерлерді «көркемдік қиял арқылы ойлап тапқанын» тиянақтай келіп, «Бұл арада автордың қиялы Абайдың халық мүддесін көздейтін, сол халықпен тығыз байланысты екенін көрсету үшін қызмет етті» – деп анықтайды [1. 196.]. «Романдағы адамдар, бірен-сараны болмаса, документте бар тарихи адамдар...» деп көрсеткендей, М. Әуезов Абай заманындағы адамдарды барынша өмір салтымен қамтыған. Дәуірдің тарихилығына терең бойлап, кейіпкерлерді өмірлік шындықта бейнелеген.

Әр кейіпкердің мінез бітімі, таным-түсінігі, дүниетанымы, сөйлеген сөздері де, іс-әрекеті де заман рухымен үндес. Басы

артық кейіпкерлер таба алмайсыз. Әрқайсысы заманының болмысына сай сомдалған.

«Абай жолы» халық тілінің байлығы мен асыл жауһарларының эпопеяның мазмұнында жарқырай көрінуімен айрықша құнды. М. Әуезовтің тіл шеберлігі мен байлығы, сұлулығы мен мәнерлігі керемет. Бояулы да бедерлі бейнелеулер, айшықты орамдар мен тамаша теңеулер, әсерлі де әдемі суреттеулер мен көркем сипаттаулар, баяндаудың бөлекше бітімі – бәрі де ғажайып туындының ғаламат ерекшеліктері. Мұны өз кезінде тіл мамандары, әдебиеттанушылар да байыптап бағалаған. Р. Бердібай «Тіл мәдениеті мен талғамдылығы жағынан «Абай жолы» роман-эпопеясы әдебиетіміздегі соны биік, үлкен асу...Түрлі қаһарманның өзге сөз өрнегі қосылып, шығарманың сан бояулы құлпырған кілем түсіндей тіл кестесін құрайды» деп сүйсіне тұжырымдайды [16. 43.]. Расында да, өрнекті ой, көрнекті тіл кестесі эпопеяның көркемдік кереметтілігін айқындай түседі. Классик суреткер жасынан зертесіне түйген ұлттық тіл байлығын үздіксіз жетілдіріп отырған. М. Әуезов қаламы араласпаған әдебиет жанрлары сирек.

Халық тілінің қымбат асыл қазынасы қашанда – фольклор. М. Әуезов, қазақ фольклорымен қоса әлемнің ірі эпостарын оқыған. Қырғыздың «Манасындай» мазмұны мен тілі бай атақты жырларын зерттеумен шығармашылығына қаншалықты пайдасы тигені белгілі. Р. Бердібай пайымдауынша: «М. Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы» [16. 3.].

«Абай жолының» өміршеңдігі – шығарманың өмір шындығына құрылуында, мықты композициялық құрылымы, сюжеттердің берік сабақтастығында, оқиғаларды нақты баяндауында, әдеби тілдің байлығы мен бейнелеу үлгілерінің молдығында. Бір өкініштісі талайды сүйсіндірген ұлттық туындымыздың тамаша табиғи тілінің тәржімесінің тартымсыздығы бір себептен М. Әуезовтің тіл кенін жете зерттеп, түйсіне білмеуден, яки бай, сұлу, керемет тілді жүрекпен сезінбеуден. Әдеби тілдің көркемдік биігінде аударылған шығармалар сирек. Өйткені қазақ тілінің алуан айшықтарын айқын аңғарып, сөздің сан-салалы сыр сипатын ашу ұзақ ізденісті талап етеді.

«М. Әуезов романдарының көркемдік қуатының ең негізгі тамырларының бірі – оныңтіл шеберлігінде... Қазақтың ғасырлар бойы жасалып, молығып келген тіл байлығын жазушы жете игерген және... романдарында мейлінше мол әрі шебер пайдаланған. Яғни, ол туған тілінің бойынан бейнелілік мол қуат тапты» [7. 218.]. А. Нұрқатов жазушының тіл орамдылығы мен көркемділігінің авторлық баяндауда, кейіпкерлер сөзінде, портреттік сипаттауларда әдемі қолдануын үлгі етеді

Сонымен бірге қолданыстан қалып бара жатқан сөздерді аршып, екшеп пайдаланғанын немесе жайшылықта айтылып жүрген сөздерге тың мағына, жаңа бітім беріп, жайнатқанын анықтайды. Әйгілі суреткер көне сөздерге көрік берген, тыңнан тосын тіркестер туындатқан, ойлы орамдарды, сұлу, соны сөйлемдерді кесте өрнегіндеі құпыртқан.

Әлем әдебиетінің классиктерінің мұраларымен танысу барысында, олардың тілдік байлығынан, сөздерді қолдану амалдарынан үйреніп, ұлттық тіл қазынасының асылын айқындап пайдалануда өзіндік тың бағыт тапқан. Фольклорлық айшықты бейнелеу үлгілерін, шешендік ой орамдарды, өткір де тапқыр даналық накылдарды зейініне зерделеп, көркем шығарманың тілдік өрнегін ажарлаған. М. Әуезов әңгіме, повестерінде де өрнекті көркем тілі өрісін жаяды. Драмаларынан ұлттық тіл байлығы мен халық ауыз әдебиетінің алуан үлгілері айқындалса, аудармалары да майда, әдемі тілмен мәнерлі. «Абай жолындағы» диалогтар мен авторлық баяндаулар, сипаттаулар, пейзаждық суреттемелер мен портреттік мінездеулердегі тіл табиғатының тосын құбылыстары ойына лағыл шашып, жүрегіне жаһұт жайнатады. Әсемдік әлеміне, алуан түсті асыл тастардың шоғырына көз суғарып, жалқын-жарқылына шаттана шарпыласың.

М. Әуезов тілінің синтаксистік құрылысы күрделі, алуан түрлі. Ол суреткер ойының кендігі, тереңдігі сөйлем құрылысын құбылтып, құпыртып қолдануынан да айқындалады. «Жазушы күрделі синтаксиске, құрмалас сөйлемге көп ұмтылады. Бұл оның өмір шындығын, құбылысты, кейіпкерлердің психологиясын терең толық күйінде суреттеп беру тілегінен туады» деп А. Нұрқатов стилдік, тілдік сипатын нақты саралайды [7. 221]. М. Әуезовте етістіктің түрлері алуан айшығымен көрінеді. Аудармашылардың

кібіртіктеп, қиналу себебі де – күрделі де құрмалас сөйлемдердің, етістіктердің молдығында.

М. Әуезовтің шалқар шабытынан шашылып түскен сөз асылдары еріксіз өзінің сұлулығына, сыршылдығына, суреттілігіне, сонылығына тартады. Зерттеушілер Гомер жырларында етістік түрлерінің бай екенін айтады. Ежелгі әдеби мұраларды оқып, білу өз алдына, оның тілдік құбылыстарына бойлау зерделі зерттеуді қажет етеді. Андре Стилль «Ал стиль айқындылығы, сөз құбылысы Гомерді еске түсіреді» деген дәл қорытынды жасайды. [3. 42.]. Бұл – асыра айту емес, әлем әдебиетінің небір асыл туындыларын саралаудан туған салмақты ой, байыпты бағалау.

М. Әуезов тілі – құдіретті, қуатты тіл! Қазақ тілінің сарқылмас қазынасынан көсіп алынған ғажайып байлығы. Бағалы байлық. Қазіргі уақытта «мен мықтымын» деген қаламгерлердің сөзді қолданудағы олқылықтарын, сөйлем құраудағы шалағайлықтарын дәлелдеп жазған сындар аз емес. М. Әуезовтің кітабын баспаға әзірлегендер қыртысты, қатпары бұзылмайтын қатаң құрылымдық жүйедегі көркем мәтіндеріне талай сүйсінген шығар.

М. Әуезовтің «Абай жолының» тілі – ұлттық сөз өнеріміздің өркен жаяр өнегесі. Нағыз құнды, қасиетті туындының биік болмыс-бітімін айқындап тұратын кеменгерлік көркемдігінің кереметі. Тілді меңгерудің, тіл байлығын ұқыпты, орынды пайдаланудың, тілдің мәдениеттілігін сақтаудың, тіл шеберлігінен үйренудің айрықша академиясы – М. Әуезовтің туындылары. Бір ақиқат акын-жазушы болу арманы көкейіне ұялаған талапты жасқа М. Әуезовтің шығармаларын бастан-аяқ оқып, мазмұндау, баяндау, суреттеу сонылығын, тілдік көркемдігін, сұлулығын, мағыналық нақышын көңілге тоқып, зейінге зерделей білсе – соның өзі үйрену, шеберлік шыңдау дәрістері мен тәжірибелері. Ол – даналық дәрістері, тереңдік танымындағы тәлімгерлік өнегесі, сөз өнерінің құпия-сырын сезініп, білетін, қадірлеп жүретін қасиетті құт қазына.

«Абай жолының» тілі – түйдектете төгіліп түсетін төкпе тіл, майда бүлкілмен жаныңа жаймашуақ дарытар жорға тіл, теңеу, салыстырулары, айшықтау, ажарлаулары, айқын, алуан бояулы бейнелі тіл, құштарлана, қызыға оқыған сайын құмарта, құлшындыратын ұлағатты, құдіретті тіл. М. Әуезовтің тілі – халықтың бай қазынасынан, асыл мұраларынан нәр алған дәмі балдай, шырынды жемістей. Дәл бір емдік қасиеті мол арасан суын тамсана таңдайға

татып отырғандайсыз, әр сөзде қазақтың даналығы, даралығы айқындала береді. Әрбір сөйлем жанжүрегінің жалынымен жазылған. Әсерлі де әрлі. Әдемі де мәнді. Сөзді құбылтып ойнатады, құлпыртып жайнатады. «Онда да саралап, екшеп, талғаммен қолданады. Сөйлемдерінде әр сөз өзінің орнында тұрады, оны басқа жерге қоюға болмайды» деп А. Нұрқатов жазушының тіл мәдениетіне сүйсінеді. [7.22] Сондай-ақ «тілінің синтаксистік құрылысының күрделі, алуан түрлі болып келуін» ойының кеңдігін, тереңділігіне қарай құбылтып өзгерту шеберлігіне, күрделі синтаксиске, құрмалас сөйлемдерге құмарлығын даралайды.

Небір тың тіркестер, тосын сөйлемдер өзіндік нақыш өрнегін жайып салады. Сонан соң суреткер кейіпкерлер тіліне аса мән береді. Әр кейіпкердің өз жасына, дүниетанымына, білім, кәсібіне сай сөйлеу ерекшелігін де ескерген. Қазіргі әдебиеттануда жиі талданып жүрген диалог үлгілері диалог-қайшылық, диалог-жинақтау, диалог-тартыс, диалог-дау, диалог-түсінісу, диалог-үндестік т.б. үлгілері де молынан ұшырасады. Диалогтар әр кейіпкердің кім екендігін танытып ерекшелеп тұрады. Ең бастысы кейіпкерлер тілі өз дәуірінің, білім-түсінігін ашып отырады. Күдік-күмән туғызбайды.

Тіл табиғаты – өмір шындығымен өзектес. А. Нұрқатов «М. Әуезов романының көркемдік қуатының ең негізгі тамырларының бірі – оның тіл шеберлігінде» деп, «туған тілінің бойынан бейнелілік мол қуат тапқанын» даралайды. Сонымен бірге эпопеядағы тілдік қолданыстың өзгеше бір қырын жарқырата көрсетеді. «Халық тілінің сөздік қорын, лексикалық байлығын жете игерген жазушы көп реттерде қолданудан бекер ұмыт болып, ескерусіз қалып бара жатқан сөздерді аршып, екшеп пайдаланады немесе жайшылықта айтылып жүрген сөздерге тың мағына, жаңа бітім беріп, жаңғырықтыра, жайната қолданады» [7. 219].

Шын мәнінде М. Әуезовтің тіл байлығы мен бейнелілігі, сұлулығы мен сипаттылығы – өзгеше бір әлем. Бұл тек қазақ әдебиеті деңгейінде ғана емес, әлемдік әдебиеттің дәрежесінде салыстыра сараптау қорытындысы. Көркем шығарма тілінің шұрайлы, шырынды болуы ақын-жазушының тіл байлығымен, сөздік қорының молдығынан және тілді жетілдірудегі ұдайы ізденісінен аңғарылады. К. Паустовский «Ботаниктерде алуан шөпті деген термин бар. Ол әдетте гүл жайқалған шалғынға қатысты Алуан

шөп – бұл жүздеген әралуан және көл жағалай өзенді қаумалаған жан-жаққа таралған, жайнаған гүлдердің өрімі. Пришвиннің тілін толық, заңдылықта орыс тілінің алуан шөбі деп атауға болады. Пришвин сөздері гүлдеп, жайнап тұрады» деген ғой. [34].

Әрине М. Пришвин орыс көркем прозасында табиғат тақырыбындағы туындыларымен танымал. Табиғат прозасы табиғаттың өзіндей керемет, көркем, бейнелі, бояулы тілдермен мәнерленеді. М. Әуезовтің эпопеясы тарихи шығарма жанры болғанымен, мейлі табиғат суреттері, мейлі авторлық баяндау болсын тілдік бояуы құлпырып, айрықша ажарланып айшықталады. М. Әуезовтің эпопеядағы сұлу да сырлы тілі қыр-жотасы, сай-саласы сан алуан гүлмен көмкерілген, бұтақ-ағашына дейін гүлдеп, жемісін төккен миуалы бақ иісін құшырлана жұтқандай әсер қалдырады. Әдемі, әсем тілді сүйсіне оқып, әсемдік әлемінің көз жаулар көркемдік көкжиегіне бойлап кетесіз. Бояулы тілдің бояуы бар сәнін еркін жаяды.

Тембр – сөздікте алғашқы сөздің айтылуынан бастап, көкейге қонымды қабылданатын, тыңдаушының соған сәйкес әрекетін туғызатын және ырықсыз ерекшелікке ие интонациялық элементтердің бірі. М. Әуезов сөйлемдерінің синтаксистік құрылымы тұтастығы ой желісі үздіксіз сабақтасып жатады. Әр сөйлемнің көркем мазмұнды баяндап, бейнелеудегі сипаты да айрықша. Әр мәтіндегі ой ырғағы, әуезі, әуені, сөздердің тембрі сезіммен үйлеседі. Әр сөздің әуездік-интонациялық үндестігі де бейне бір поэтикалық ойдың нәзік нақыштары іспетті.

Талантты ақын, аудармашы А. Блок сөз өнерін «... оның өзі (ұлы өнер) мәңгілік екі музыканың өзара әрекетінен туындайды және шығармашылық музыкасы және халық жанының, бұқараның жанының тереңінде төгілетін музыка» деп бағалапты [62].

М. Әуезовтің «Абай жолын» оқығанда осы ерекшелікті айқын сезінесіз. Эпопеяның мазмұнынан бір әдемі, әсерлі әуез төгіліп тұрады. Бұл әуен шығарманың композициясынан бастап әр деталына дейін тұнған. Анық та айқын дыбыстық тербеліс, ырғақты, үнді, буырқанған тіркестер әлемі, сырлы, сұлу сөйлемдер автор ойының тереңдігі мен талант кемелділігін де білдіреді. Суреткердің кең ауқымды ойлау дүниесі, ұстаным биіктігі, бейнелеу шеберлігі, тілді көркем меңгеру мәдениеті қосылып, шығармашылық ғаламат әуенге еріксіз еліктіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуші Т. Жұртбай «... Жалпы, ұлы, дана адам – мәңгілікқұпия. Ал ұлылар ғана даналар ойының астарын түсінеді. Мысалы, Әуезов – ұлы жазушы. Өйткені, дана Абай ойының жұмбақтарын, астарын түсінген» деген пайымдауы әйгілі классик суреткердің ғажайып эпопеясының көркемдік көкжиегіндегі кереметтерді танып, түйсініп, рухтану әсерінен туса керек [63]. «Жұмбақ адамның» жандүниесі де, сыры да, жыры да жұмбақ, ашылмаған бір құпия тәрізді. Ұлылардың, даналар ойының астарын түсіну, заманының жақсылық, жамандықтарын зерттеу, өмірінің өнегесі мен өкініштерін сараптап, шығармашылық ой-мұратын білуге, жандүниесін, ой-сырын айқын ашуға ықпал етеді. Абайды ақын, азамат, ойшыл, күрескер болмысында танып, білуде бүкіл шығармашылық әлемінің қыр-сырын, түп-тамырына дейін көкейге ұялату керек. Бұл жағынан келгенде ғұлама Әуезов өзінің ғажайып еңбекқорлығын, қажымас ізденісін көрсетті.

Ш. Айтматов М. Әуезовтің «Абай жолы» балалық шағынан керемет әсер еткенін, өмірде жақсы адамға жолыққандай, жақсы кітаптың да әсері мол екенін 1967 жылғы «Правдадағы» мақаласында жазыпты. Жүрек тереңінен туындаған ұлы ұстазының ұлағатты қазынасына білдірген бұл пайымдауы қашанда құнды. «Я вспоминаю, каким ярким внутренним озарением явилась для меня когда-то встреча с книгами Мухтара Ауэзова. Все, что меня окружало, с тех пор приобрело словно другой смысл. С упоением и удивлением я сделал открытие: ...литература

о жизни наших народов может звучать такой же отрадной, душевной, близкой всему земному люду песней, как и произведения русских писателей. Мне кажется, на формирование современной среднеазиатской художественной мысли и всей духовной жизни наших соседствующих народов Ауэзов оказал такое же влияние, как в свое время Пушкин на развитие русской литературы.

Удивительной силой обладают книги большого художника. Ты открываешь их, а они – тебя...»[64].

«Абай» романын оқудан жандүниесін баураған шаттық сезімін жеткізе келіп, М. Әуезовті Орта Азия әдебиетінің көшбасшысы деп біледі. Орыс әдебиетінің қалыптасу кезеңіндегі поэзия классигі А.С. Пушкиннің жарқ еткен құбылыстай ықпалы қандай болса, Орта Азия халықтарына сондай ықпал жасады деп пайымдайды. Онымен бірге, «үлкен суреткердің кітаптары ғаламат күшке ие. Сен оларды ашасың, ал олар сені ашадь» деп өзінің көркем прозаға қадам басуына батыл бағыт, соны серпін бергенін ерекшелейді. Расында да Ш. Айтматов М. Әуезовтің шығармаларын сонау 1947 жылғы студенттік кездерден бастап оқып, ғажайып құндылықтың өнегелі, ой-толғамдарына, сұлу сырларына қанықты. Өзі де әдебиет әлеміне құлшынды. М. Әуезов өз шәкіртінің зор болашағын бірден байқап, сол кездегі Одақтың бас әдеби басылымы «Литературная газетада» (1958, 23 октябрь) шығармашылық қадамына жарқын жол ашты.

Құдыретті Алланың мейірім-шапағатының нұрына бөленген ұлылар ғана бір-біріне ұлықтап, ұлағаттап, өзінен кейінгі ғасырларға, ұрпақтарға үлгі етеді. Шыңғыстаудың шуағынан нұрланған қос данышпан Абай мен Әуезов – көркем сөз өнерінің керемет кеменгерлері. Өздерінің мәңгі өшпес, жарқырап сөнбес жұлдызды ғажап мұраларымен адамзат мәдениетінің кең көкжиегіне мәңгі жанып тұрады. Қазақтың мақтанышы, мәртебе, мерейі Абай адамзат поэзиясының алыбына айналды. Әуезов – әлемнің әйгілі ғұлама суреткері. Абай өмір сүрген қазақ қоғамының барлық жай-жапсарын, патшалық Ресейдің қазақ даласындағы отаршылдық жүйесінің күшейген кезін, халықтың басынан өткен небір қиындықтарын тарихи шындықпен көрсетті. Сол дәуірде дүниеге келген Абайдай ұлт ақынының азаматтық, ақындық, күрескерлік болмысын, поэзиясы мен қарасөздерінің, аудармасының, ән-күйлерінің қалың елге, жастарға тигізген әсе-

рін, талант табиғатының шындалу шақтарын, уақыт-дәуір, қоғам-тарих аясында, көркемдік көкжиегінде шеберлікпен бейнеледі.

А. Нұрқатов «Орыстың басқа классиктерінен гөрі Лев Толстойдың көркемдік әсері М. Әуезов шығармашылығында әсіресе айқын сезіледі» деп Толстоймен тамырластықты тап басып таниды [7.226]. Толстойға тән «кейіпкерлерін психологиялық жағынан терең сипаттаудағы, типтік характерлер жасаудағы шеберлігін, тарихи шындықты және өмірдің тарихи дамуының заңдарын жете білуге ұмтылушылықты» атап өтеді. «Автордың өз тарапынан берілетін, бірақ геройлардың ішкі монологына немесе диалогына ауысып кететін мінездеу әдісін де М. Әуезовтің мол қолдану» ерекшелігін көрсетеді. Толстой шығармаларынан меңгерген шеберліктің, көркемдік әдістің қыр-сырларын айқындайды.

М. Әуезов жалғыз Л. Толстоймен тиянақталып қалған жоқ. Әлемдік класикалық құндылықтарды жетік меңгерумен бірге, әдебиеттің үздік үлгілерінен үйренді, нағыз мықты, таланттардың жазу шеберлігінен тағылым алды. Әлемдік фольклордың бар байлығын бойына сіңірді. Ондағы көркемдік бейнелеудің небір тәсілдерін және де тілдің байлығы мен сөздің қасиетін, ғаламат құпиясын ұғынды. Ұғынды да, сол асыл қазынаға қосылған қазақ тілінің сұлулығы мен байлығын, ойының шалымдылығы мен қиялының қарымдылығын ғажайып туындыда тоғыстырды. Ғаламдағы көркемдік құндылықтың бір қасиеттісі, бір қадірлісі болса – осы «Абай жолы». Ғаламның ғаламат ғажайыбы, сөз өнерінің құдырет қазынасы!

М. Мағауин жазушы тілінің байлығына байланысты «Сөздік қор тұрғысынан алғанда, бірме-бірге сайса, «Война и мирдегі» Толстой тілінен «Абай жолындағы» Әуезов тілі бай. Әуезовтің артықшылығы емес, қазақ тілінің артықшылығы» деген пайымдауын білдіреді. [65] Әрине қазақтың көл-көсір байлығындай осыншама қыруар сөз қорын 4-томдық шығармаға еркін пайдаланған М. Әуезовтің таланты да, шеберлігі де шексіз. Тарихи жанрдағы шығарма жазудың соны үлгісін көрсетті. Халық тілінің асыл қазынасын талғап, тандап қолданып, мол сөздік қорымен классикалық шығарманың көркемдік құндылығын арттырды.

Кезінде кеңестік әдебиетте тарихи шығармалардың тілі бай, әдемі болу қажеттілігі де жиі қозғалды. Бірақ шығарма тілінің өз дәуірінің шегінен шықпау талабы қойылды. Абай заманындағы

кейіпкерлер тілінің бейнелі де, әдемі сипатталуы М. Әуезовтің сөздік қорының молдығы әрі тілді шебер пайдалануы еді.

Абай поэзиясы, аудармалары және ойшылдық әлемі, шығармашылық байланыстары туралы зерттеуге кіріскенімде, кенеттен М. Әуезовтің «Абай жолын» қайта оқу құштарлығы туды. Бұрындары сюжет, оқиға, эпизод қуалап оқырман көзімен оқысақ, енді әрбір сөйлемге, тіркеске, детальға мән бере зерттеушілік көзқараспен қарап сараптадық. Сұлу да сырлы сөздер, нақышты да нұрлы сөйлемдер оқыған сайын өзіне тарта берді. Жаратқан ием жар болып, «Абай жолын» зерттеуге өзіндік пайымдауға, бағалауға аңсарымыз ауды.

Әр сөзді салмақтап, саралап, әр сөйлемнің құпиясына үңілгіміз келді. Шынын айтайын, Мұхтар Омарханұлының рухы қолдаған болар, эпопеяға деген қатты қызығушылық бойымды кернеп кетті. Бұл да бір құдіретті кітаптың қасиетті сөздерінің қуат-күші шығар.

«Бірде біз Райымбек даңғылының бойындағы зиратқа барып, ұлы Мұханның – Мұхтар Әуезовтің қабірінің басында отырып құран оқыдық.

Жо-жоқ. Сіздерге өтірік айта алмаймын. Мұхан ол жерде жоқ сияқты. Сонда... ұлы суреткердің рухы қайда болуы мүмкін?..

«Ол – «Абай жолы» эпопеясында!» дейді іштегі бір жұмбақ дауыс» деп жазыпты белгілі жазушы Н. Ораз «Рух» атты ой-толғамында [66].

М. Әуезовтің әлемдік әдебиеттегі әйгілі кітабындағы ұлы суреткердің эпопеядағы көркемдік әлемін бейнелеу шеберлігін, ізденіс қырларын бір зерттеуде толық қамту мүмкін емес. Мұхтар Әуезовтің дүние жүзі мәдениетіндегі аты да, атағы да, абыройы да асқақ ұлы кітабының кереметтілігін өзімізше пайымдап, бағаладық. Бұрынғы айтылған тұжырымдарды да негізге ала сараладық. Ғаламдық ғаламат кітаптың құпиясын түгел қармау да қиын. Хал-қадерімізше байқап-білгендерімізді таным тереңінде талдадық. Ең бастысы мұны ғалымдар үшін емес, оқырмандарға арнадық.

Әр уақыттың өткенге өзіндік көзқарасы, салмақтап, саралар бағалауы бар. Заманында «Абай жолына» қаншама зерттеулер, мақалалар, монографиялар жазылды. Мақсатымыз – әлемдік мәдениетте ойып тұрып алдыңғы ондықтан орын алатын атакты

эпопеяның тарихи-танымдық табиғатын таразылып, көркемдік, поэтикалық, эстетикалық, этикалық әлемін, ғажайып сөздері мен, сұлу да сиқырлы сөйлемдерімен сараптап талдап, салмақтап пайымдау еді. Ұзақ ойлана келе, кітапты «Кемеңгерлік кереметіндегі көркемдік» деп атадық. М. Әуезовтей ұлы дала данышпанының даналығы мен талант даралығы, суреткерлік сонылығы, шеберлік қырлары эпопеяның көркемдік көкжиегінде жарқырап тұр. Қасиетті де қастерлі, құнды да нұрлы кітаптың әр сөзі, сөйлемі кемеңгерлік ойлары шуақтана сәулеленіп, көңіл көкжиегінде құбыла, құлпыра жайнайды. Ұзақ жайнап, жарқырап тұра береді. Көркемдік әлемінің кемеңгерлік бір кереметі-ау.

Зерттеу нәтижесіндегі жаңалықтар әлемдік әдебиеттің заңғар биігіндегі ғажайып шығарманы қайта оқуға құлшыныс, қызығушылық туғызары айқын.

Қазақ әдебиетінің мәңгі бағы, қастерлі де қасиетті құндылыққа құштарлық ғасырдан ғасырға жалындай берері анық. М. Әуезовтің «Абай жолы» – ұлт әдебиетін мәңгі зор ұмтылысқа, ұлылыққа шақырар шуақты шырқау шыңы. Әдебиет әлемінің мәңгілік рухани асыл қазынасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары: жоғары оқу орындары студенттеріне көмекші құрал. – Алматы: Мектеп, 1977. – 272 б.
2. Бельгер Г. Из дневниковых записей // Простор декабрь, №12.2010-66-108с.
3. М. Әуезов тағылымы. Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
4. Омаров І. Әдеби толғаныстар. Сын мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 386 б.
5. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.
6. Вальтер Скотт. «Айвенго» роман. Чебоксары. Чувашское книжное изд. 1988. – 479 с.
7. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. Шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы, 2012. – 248 б.
8. Жұртбай Т. Абай сынды адам Құнанбайдай әкеге қарсы шыға ма? // Айқын. 21 шілде, 2012.
9. Әкім Т. «Ақын ағадан – Абай жолына» дейін. Мұхтар Әуезов шығармашылығының кейбір сырларына үңілесек... // Түркістан, 11 қазан, бейсенбі, 2012 ж.
10. Күзембаев Е., Күзембаев Ұ., Күзембаев Ж. Мұхтартану: оқу құралы. Толық. 2-бас. – Алматы: Экономика, 2007. – 358 б.
11. Жұртбай Т. Өмір шындығы мен көркем шындық //Қазақ әдебиеті. 30.12.2011.

12. Ахметов З. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории и создания. – Алматы: Наука, 1984. – 288 с.
13. «Менің қаламыма жармаспандар». – Ақиқат. №7. 2003. (Алғы-сөзін жазып орысшадан аударған С. Ақтаев). 44-50 бб.
14. Әуезов Мұхтар туралы естеліктер (Құраст. Ж. Аупбаев). – Алматы: «Жазушы», 1997. – 604 б.
15. Ергөбек Қ. Қазақ поэзиясының суреткері. // Қазақ әдебиеті. 08.06.2012, 15.06.2012
16. Бердібай Р. Мұхтар шыны. – Алматы. Ғылым, 1997. – 208 б.
17. Ким А. Гомер, Сервантес, Толстой қатарындағы көшпенді өркениеттің көркем шежіресі. // Әдебиет айдыны, 27.09.2007.
18. Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті. Екінші халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 1999. – 322 б.
19. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай: монография. – Алматы: «Қазақстан», 1996. – 272 б.
20. Писатели Англии о литературе XIX-XX вв.: сборник статей. – М. изд. «Прогресс», 1981. – 410 с.
21. Мұрат Әуезов. «Ол қайталанбас роман...» // Қазақ әдебиеті 30.12.2011.
22. Мұрат Әуезов. Біздің келбетімізден болашақтың тынысын сезгендей. // Айқын. 30.12.2010.
23. Әлімбаев М. Көңіл күнделігі. Эсселер. – Алматы: Жалын, 1996. – 288 б.
24. Қирабаев С. Арғымақты сынаған жұрт, асыл сөзді безбендейді. // Қазақ әдебиеті 8.06.2012.
25. Неизвестные в наследии Мухтара Ауэзова. – Алматы: Издательский дом. «Библиотека Олжаса», 2013. – 400 с.
26. Кекілбаев Ә. Әуезов әлемі. // Қазақ әдебиеті. 30 желтоқсан – 6 қаңтар, жұма, 2011.
27. Пушкин А.С. Собрание сочинений в 6-ти томах. Т-5. – М.: Правда. – 600 с.
28. Марченко А..... Вопросы литературы. №9. 1971.
29. Нұрпейісов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы». 4-том. 1987.
30. Кәкішұлы Т. Сын мен сыншы. Жанр жайлауы: оқу құралы. 1-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 462 б.
31. Мұстафин Ғ. Өмір белестері. – Алматы: «Ана тілі», 2012.
32. Озеров Л.А. Мастерство и волшебство. Книга статей, писем, от-

- рывок из дневников. – М.: Современник, 1978. – 272 с.
33. Қалдыбай М. Серке. Мұхтар Әуезов туралы Баукең шерткен сыр // – ЕҚ. 24 қыркүйек, 2012.
 34. Паустовский К. Рассказы. Очерки. Статьи. – М.: Худож.лит. 1972. – 526 с.
 35. Белинский В.Т. Собрание сочинения в 9-ти томах. Т-2. Статьи, рецензии и заметки. – М.:Худож.лит., 1977. – 651 с.
 36. Садуақасов Н. Абай мен М. Әуезов үздік жүздікке неге енгізілмеген? //Қазақ әдебиеті. 15.11.2013.
 37. Маданова М.Г. Абай и его литературные наследники во Франции. – Алматы: Санат, 1995.
 38. Анастасьев Н.А. Мухтар Ауэзов. – М.: Молодая гвардия, 2006. – 449. -15-ти их ЖЗЛ. Серии биограф. Вып. 1006.
 39. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т-5-4, 64 б. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007.
 40. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы. Бірінші кітап. 1998. – 608 б.
 41. Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы. Екінші кітап. 2003. – 616 б.
 42. Ордалиева Ж. Созвучие Г. Мүсірепов и музыка. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 128 с.
 43. Галанов Б. Живопись словом. – М.: Советский писатель, 1974. – 344 с.
 44. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Т-1. – Алматы: «Қазақ университеті», 2015. – 210 б.
 45. Абайтану. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
 46. Ахат Шәкәрімұлы. Менің әкем халық ұлы. Шәкәрім. (91-179 бб). Ш. Құдайбердіұлы. Үзілмеген үміт. Мақалалар, естеліктер, зерттеулер. – Алматы: Халықаралық Абай клубы. Шығармаларының үш томдық жинағы. 2008. Т-3. – 664 б.
 47. Қауғабай О. Тағдыр.шежіре-дерек. // ЕҚ. 25 қыркүйек, 2012.
 48. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер, көркем шығармалары. Мақалалар. – Алматы: //Ел шежіре. 2013. Т-1. – 384 б.
 49. Құттықожаев Ы. Құнанбай. //Жас қазақ, 3 маусым, 2011.
 50. Жақсылық екен алғыс орады. // ЕҚ.17.10.2007.
 51. Чернышевский Н.Г. Избранные статьи. М.: Сов. Россия. 1978. – 568.

52. Толстой Л.Н. Литература, искусство. – М.: «Современник», 1978 – 272 с.
53. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. Зерттеулер, мақалалар. Шығармалар жинағы. 4 т. //Ел өмірінің айнасы. 94-2516.
54. Дидро Д. Эстетика и литературная критика. – М.: Худолит., 1980.
55. Эпштейн М.Н. «Природа, мир тайник вселенной» Система пейзаж образцов в рус поэзии. – М.: Высший школа, 1990. – 302 с.
56. Ғабдуллин Н. Уақыт сыры. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 232 б.
57. Құдайбердіұлы Ш. Үзілмеген үміт. Мақалалар, естеліктер, зерттеулер. – Алматы: Халықаралық Абай клубы. Шығармаларының үш томдық жинағы. 2008. Т-3. – 664 б.
58. Тарак Ә. Абылай хан. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2014. – 496 б.
59. Майтанов Б. Абайдың билігі және С. Зиманов мұрағатындағы бір дерек // Қазақ әдебиеті 24.06.2011 №25 (3241)
60. Майтанов Б. Қазақ романы және талдау: оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1996. – 336 б.
61. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2011. – 472 б.
62. Блок А. О литературе. – М.: «Художник», 1980. – 350 с.
63. Жұртбай Т. Қазақты бөлетін емес, біріктіретін идеяда жұмыс істеу керек // Алматы ақшамы. 15 желтоқсан, 2011.
64. Айтматов Ч. Ответь тебе. (Художник и время) // Правда. 1967. 5 августа.
65. Мағауин М. Толық шығармалар жинағы. Т. 13. – Алматы: «Қанағат FMO» баспасы. 2014. – 315 б.
66. Ораз Н. «Былтырғы қар мен биылғы қар» // Алматы ақшамы, 28 қаңтар, 2012.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-тарау	
«Абай жолының» азапты жолы	6
2-тарау	
Тарихи туындының тәлімдік қырлары	57
2.1. Сыйластық пен әдеп әлемі	57
2.2. Өнер өнегесі – өмір өнегесі	67
2.3. Дәстүр– салт, ұлттық ерекшеліктер	83
2.4. «Қақтығыста» тарауының тұспалды тұстары	103
2.5. Дін жолындағы берік бағыт	113
2.6. Құнанбай бейнесінің беймәлім сырлары	128
3-тарау	
Суреткердің көркемдік әлемі (шығармадағы психологиялық, пейзаждық бейнелеулер)	143
3.1. Портреттік суреттемелер сонылығы	145
3.2. Табиғат сұлулығының суреткері	160
3.3. Пейзаж бен психологиялық суреттемелер сабақтастығы	180
4-тарау	
Ұлы тұлға тағылымдары	202
4.1. Махаббат пен ғашықтық толғаныстары	202
4.2. Абай – ел ардағы, ар-намысы	212
5-тарау	
Заман тартысындағы күрескерлік мұраттар	229
5.1. Жастар жанашыры, ақылшы ұстазы	229
5.2. Абай – ұлт күрескері, рухани қайраткер	256
5.3. Елдің елдігі – кемеңгер мүддесінде	278
5.4. Ғұлама талантының асыл қырлары	336
5.5. Тарихи туынды және талант ұлылығы	365
Қорытынды	378
Пайдаланылған әдебиеттер	383

Ғылыми басылым

Әнуар Тараков

**КЕМЕҢГЕРЛІК
КЕРЕМЕТІНДЕГІ КӨРКЕМДІК**

*(М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының
құндылықтарын жаңаша пайымдау)*

Монография

Шығарушы редакторы *А. Хасанқызы*

Компьютерде беттеген және

мұқабасын безендірген *А. Қалиева*

Мұқабadaғы сурет фотограф Т. Асановтың архивынан алынды.

ИБ №12609

Басуға 20.06.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.

Көлемі 24,25 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4034.

Таралымы 78 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.